«Мағжан» бөбекжайы МКҚК

2022-2023 жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Ересек «Маулен» тобы

Тәрбиешілер: Асемова А.Мирбекова Ұ.

2022-2023 ж

2023 жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) Мағжан бөбекжайы
Топ: ересек топ Маулен
Балалардың жасы: 4 жастан.
Жоспардың құрылу кезеңі: маусым айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	**Ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Маусым	Дене шынықтыру	- дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту; - негізгі қимыл түрлері: домалату, лақтыру, қағып алу дағдыларын жетілдіру; - мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; - қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, - дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу; - денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын:ептілік пен шапшаңдықты дамыту; - құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу; - спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. **Спорттық жаттығулар.** Жүзу және гидроаэробика элементтері. Суға түсу, жүгіру, ойнау, суда билеу. Жүзуді үйрету (тиісті жағдайлар болған кезде).

		Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. **Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.** Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.** Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.

	Сөйлеуді дамыту	- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу; - дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту; - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу; **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. **Сөздік қор** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. **Байланыстырып сөйлеу.** Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.
	Көркем әдебиет	- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу; Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.

	Қазақ тілі	- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу; - дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту. **Тілдік дамытушы орта.** Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. **Сөздік қор.** Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.
	Математика негіздері	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету; - заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу; - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту.

	Қоршаған ортамен таныстыру	- балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету; - отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу; - еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; - тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту; - табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу); - құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау); - табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу.
	Құрастыру	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.
	Сурет салу	- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды пысықтау. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының

		шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен
	Мүсіндеу	- бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).
	Жапсыру	- бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.
	Музыка	- музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. **Музыка тыңдау.** Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ) дыбысталуын ажырата білуді пысықтау. **Ән айту.** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.** Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.



2023 жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) Мағжан бөбекжайы
Топ: ересек топ Маулен
Балалардың жасы: 4 жастан.
Жоспардың құрылу кезеңі: шілде айы, 2023 жыл.

Айы	**Ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Шілде	Дене шынықтыру	- дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту; - негізгі қимыл түрлері: ырғақты жаттығулар дағдыларын жетілдіру; - мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; - қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, - дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу; - денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын:ептілік пен шапшаңдықты дамыту; - құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу; - спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.** Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-

		құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. **Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.** Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.** Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.

	Сөйлеуді дамыту	- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу; - дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту; - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу; **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. **Сөздік қор** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (бейбітшілік қорғанында, табиғаттың гүлденуі, көктемгі егістік, жаз мезгілі) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.
	Қазақ тілі	- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу; - дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту. **Тілдік дамытушы орта.** Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен

		әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. **Сөздік қор.** Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап беруді үйретеді.
	Көркем әдебиет	- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу; Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.
	Математика негіздері	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, - олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;

		- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне - сенімділікке баулу; - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. **Уақытты бағдарлау.** Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.
	Қоршаған ортамен таныстыру	- балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету; - отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу; - еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; - тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту; - табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу); - құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау); - табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу.
	Құрастыру	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулуды пысықтау.

	Сурет салу	- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулуды пысықтау.
	Мүсіндеу	- бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулуды пысықтау.
	Жапсыру	- бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулуды пысықтау.
	Музыка	- музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. **Музыка тыңдау.** Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйретуді пысықтау. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауды пысықтау. **Ән айту.** Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтауды пысықтау. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**

		Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

2023 жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) Мағжан бөбекжайы
Топ: ересек топ Маулен
Балалардың жасы: 4 жастан.
Жоспардың құрылу кезеңі: тамыз айы, 2023 жыл.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Тамыз	Дене шынықтыру	- балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру; - дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру; - негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру; - дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; - әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу; - ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** ***Кеудеге арналған жаттығулар.*** Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен

		айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. **Спорттық жаттығулар.** ***Велосипед тебу:*** екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу. ***Жүзу:*** суға түсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну. **Қимылды ойындар.** Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. **Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.** Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.

		Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.
	Сөйлеуді дамыту	- балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу; - баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). **Байланыстырып сөйлеу.** Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар

		әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.
	Көркем әдебиет	- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту; - балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.
	Қазақ тілі	- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; - Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту. **Тілдік дамытушы орта.** Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдану. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор.** Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.

		Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.
	Математика негіздері	- заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; - танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу; - сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; - сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету; - эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту; тірі және өлі табиғат объектілеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.
	Сурет салу	- қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу; - түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.

	Жапсыру	- қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту; - өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.
	Мүсіндеу	- өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем-эстетикалық талғамды дамыту; - өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.
	Музыка	- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. **Музыка тыңдау.** Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен). **Ән айту.** Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс

		алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). **Музыкалық-ырғақты қимылдар.** Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.** Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Сазсырнайда әуендерді ойнау. **Билер.** Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.
	Құрастыру	- балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.

	Қоршаған ортамен танысу	- ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін кеңейту; - отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу; - құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу; - туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу; - тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту; - танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру; табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру; қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтау. **Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.** Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.

«Мағжан» бөбекжайы МКҚК

2022-2023 оқу жылының жазғы сауықтыру циклограммасы

Ересек «Маулен» тобы

Тәрбиешілер: Асемова А.Мирбекова Ұ.

2022-2023 ж

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжай-бақшасы				
Топ/сынып	**Ересек топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Маулен»				
Балалардың жасы	**4 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Асемова А.Мирзабекова Ұ				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**29.05 - 02.06.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***

Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.50	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)				**"Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп).** Мақсат-міндеттер: балаларды киім-кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауға үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сөрелерді сүртіп, киімдерді қайта орнына тиянақты жинау.	**"Кірлеген орамалдарды ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу.

				Тәртіпке бағынуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұжымдағы ұйымшыл еңбекке үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**(еңбек дағдылары)**
				"Текшелер" құрастырғышымен ойындар. Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Балалар құрылыс материалдардан балабақша құрастырады. Құралдары: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар. **(құрастыру)**	**"Дойбы" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; байқампаздыққа тәрбиелеу. Ойын мақсаты. Қарсыластың фигураларын толық жою немесе жүру жолын бұғаттау. "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ

				"Балабақша" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: мәтіннің мәніне, ырғағына сай қозғалуға ынталандыру; дене мүшелерін жетілдіру, жағымды эмоцияларды дамыту; балабақшада ұйымшыл болуға баулу. - Балабақша, балабақша (Орнында марш басу, қолдармен сермеу) Біздің ортақ үйіміз. Бізбен бірге, бізбен бірге (Орнында жүріп, шапалақтау) Ойыншықтар, достарымыз.	жаттығуы. Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)

				Ойнап-күліп, ойнап-күліп, (Орнында секіру, қолдармен жоғары шапалақтау) Бізбен бірге қоймайды, Қолды бұлғап, қолды бұлғап, (Орнында жүріп, қолдармен алдыда бұрмалау) Кейіпкерді сомдайды. Отырады да тұрады, (Қолдар белде, аяқтарды бүгіп, тік тұру) Теңселеді жан-жаққа, (Қолдар белде, оң-сол жақтарға теңселу) Оңға-солға бұрылады, (Қолдар белде, оң-солға бұрылу) Жүреді болашаққа. (Орнында марш басу,	Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Ақымақ қасқыр"ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегіні оқып беру, мазмұнын әңгімелеуге үйрету; ертегі кейіпкерлерінің рөліне еніп, сөздерін айтқызу арқылы байланыстырып сөйлеуге, кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін дәл тауып, сипаттауға үйрету;

				қолдарды жоғары көтеру) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	сөздік қорларын молайтып, тіл байлықтарын дамыту; достыққа, бірлікке тәрбиелеу.
Таңертеңгі жаттығу 8.40-9.10	Ояныңдар, тұрыңдар! Мұнда мойын бұрыңдар, Жаттығулар жасайық, Терезені ашайық. Таза ауа пайдалы, Қане, биге басайық. Шынықса жас денеміз, Жылдам өсе береміз. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас 9.10-9.30	**Гигиеналық дағдылар** Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасығы мен шай қасығын, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Міне — қасық, міне — ас. Еш нәрсені қалмас.				

	Осы сөздерден кейін, балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында, тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Егер бала орындықта дұрыс отырмаса, жанына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық				**"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру. Жау, жау, жаңбыр, селдетіп, Күткеніміз сең едің. Жас егін де ер жетіп, Желкілдетсін желегін. Жау, жау, жаңбыр, тағы да, Дала, тауға көрік бер. менің еккен бағымда,	**«Кім не істейді?" сөздік ойыны.** Мақсат-міндеттер: көрсетілген объектінің, құбылыстың суретіне қарап немесе атауын естіп, оның не істейтінін айтуға машықтандыру; сөздік қорды молайту: ойлау, есте жаңғырту қабілетін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

				Өссін жүзім, өріктер. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.30-10.25				**Музыкадан ойын-жаттығу** "Қош келдің, жаз!" Мақсаты: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір- бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу. **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Жазғы кемпірқосақ" Мақсат-міндеттер: Балалардың жыл мезгілінің табиғи	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Қос кемпірқосақ" Мақсат-міндеттер: Балаларды сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұруға; 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу іскерліктерін жетілдіру; дене шынықтыру жаттығуларын орындауға

				құбылыстары, ай аттары, апта күндері жайындағы білімдерін бекіту; таң, күн, кеш, түн мезгілдерінің атауы мен ауысуы туралы түсініктерді тиянақтау; сөздік қорын молайту, логикалық ойлауын, қолдың қимыл қозғалыс моторикасын дамыту; аңғарымпаздыққа, жан-жақтылыққа тәрбиелеу. **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Қала аспанындағы кемпірқосақ" Мақсат-міндеттер: Балаларды әр түрлі құралдардың	қызығушылықтарын ояту. **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Түрлі-түсті ертегі әлеміне саяхат" Мақсат-міндеттер: Балалардың түстер туралы білімдерін бекіту (қызыл, сарғыш, сары, жасыл, көк, көгілдір, күлгін). Сөйлеу, есте сақтау, ойлау, зейін,қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Топтағы өзара достық қарым-қатынасқа белсенділікке, тәуелсіздікке, өзіне деген сенімділікке

				көмегімен әдемі табиғи құбылыстар жайлы түсініктерін шығармашылық түрде жеткізе білуге, негізгі түстерді тануды, саусақпен сурет салуды үйретуді жалғастыру; балалардың түстерді қабылдау, түсті таңдау біліктілігін дамыту; зейіндерін тұрақтандыру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; тиянақтылыққа, табиғатты аялауға, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	тәрбиелеу.
Серуенге дайындық 10.25-10.40	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен				**Өрмекшіні бақылау.**	**Күн-жылу мен**

10.40-12.10				**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: өрмекшілер олардың ерекшеліктері, тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейтуді жалғастыру; қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыру. **Зерттеу.** Ұлғайтқыш әйнек арқылы үлкен өрмекшіні бақылау (өрмекшінің көзі мен ауызы басында, ал кеудесі төрт аяғына тірелген). **Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:**	**жарық көзі.** **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: күн-жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу. **Зерттеу.** Күнге қарап, сұрақтарға жауап беруді ұсыну. - Күнге қарағанда, өзіңді қалай сезінесің? - Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме? Педагог балаларға екі

				гүлзарда гүлдеп тұрған өсімдікті (барқыт гүлді) топқа ауыстыру. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: гүлдің айналасын ұқыпты қазуды үйретуді жалғастыру; гүлдерді топырағымен бірге құмыраға ұқыпты ауыстыруды үйрету; өсімдіктерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды	тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды. Біраз уақыттан кейін, балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді. Күн көзінде зат қызатынына қорытынды жасау. **Еңбек тапсырмалары:** кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер:

				жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық,	жасы кішіге көмектесуге ұмтылуға үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Ойын мақсат-міндеттері: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып,

				Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бір,**	балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне

				екі", "Үнсіз адымда". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: дұрыс жүру дағдысын, қозғалыс координациясын меңгерту; төзімділікке тәрбиелеу. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар:** баяу қарқында ұзақ жүгіру. **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ептілікті, төзімділікті, дұрыс тыныс алуды дамыту.	қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Жабдығы: ақ сүйек. **"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту. Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар. **"Шеңберді дәлде". (дене шынықтыру)**

					Мақсат-міндеттер: нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру.
Серуеннен оралу 12.10-12.25	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас 12.25-13.10	**Гигиеналық дағдылар** Балаларға қолын жуар алдында жеңдерін түруді, суды жан-жағына шашыратпай бетін жууды үйрету; дәретханадан кейін және қажет болғанда қолды жууды үйрету. *Көркемсөз* Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз, кешке де, Жуын күндіз, түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар алдында, Жуын ақ таң атқанда. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы 13.10-15.30	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру	Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында деңсаулық жолдарымен жүргізу. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.				

шаралары **15.30-15.50**	"Мөлдір су" ойын жаттығуы. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас **15.50-16.10**	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.10-16.40				**"Не жасырылған" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін, қиялдарын, байланыстыра сөйлеуін дамыту; заттардың қасиеттерін танып, білуге деген қызығушылықтарын арттыру. Барысы. Алдымен педагог, кейін балалар кезектесіп, жүргізуші рөлін атқарады. Жүргізуші сөзбен	**"Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау" дамытушылық жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балаларды жұмылу көзбен, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибуляр аппараттарын, көру қабілеттерін дамыту. Барысы. Орындарынан тұру, қолдарын екі жаққа созу; екі аяқпен кезек-кезек тепе-теңдікті сақтай отырып, тұру.

				балалар жасырған (ойыншықты, құбылысты, жан-жануарды, құсты, өсімдікті) затты суреттейді, бірақ атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады. Алдымен педагог балаларға заттың қарапайым, анық сипаттамасын береді, кейін тапсырма күрделенеді. Мысалы. "Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, үшбұрыш пішінді болып келеді"; "Бұл жиһаз, пластиктан ғана емес, сондай-ақ ағаштан да жасалады, адамның	Жаттығудың алғашқы үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдік ұзақтығын реттеу қажет. Театрландырылған қойылым. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** **"Алма" ертегісі** Мақсат-міндеттер: балалар жадында ертегі мазмұнын қайта жаңғырту, есте сақтау, ойлау, эмоциялық, ым-ишаралық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту. Керекті құрал-

				тынығуына жағымды әсер етеді". **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын.** "Балабақша". Мақсат-міндеттер: балалардың балабақшадағы негізгі қызмет түрлері мен жұмыс атқаратын мамандар жайлы жалпы түсініктерін бекіту; өзара өнімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту. Керекті құрал-жабдықтар. Балабақшада жұмыс атқаратын медбикеге,	жабдықтар. Алма пішіні, костюмдер, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері (қоян, қарға, аю, кірпі). Барысы. Педагог балаларға "Алма" ертегісінің мазмұнын қайталатады. Балалар өз қалауы бойынша кейіпкерлерді таңдайды, кейін кейіпкерлер костюмдарын киіп, өз орындарына барады. Басынан автор рөлін педагог өзі алады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады,

				тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, аула сыпырушыға қажетті құрал-жабдықтар. Барысы. Балалар алдымен балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар, өздеріне қажет құрал-жабдықтарды тандап, белгіленген бұрышқа жинайды. Балалар мен мамандардың рөлін ойнайтындар өзара кімнің қайда баратының және не істейтінің кеңесіп, жоспарлайды.	көрермендерге кім ненің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс-балалар, көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мадақтауларға ие болады. Соңында педагог балалардан, шығарманың олай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетін қысқаша талдап береді. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**

				Педагог диалогтар мен қарым-қатынастарды бекітуге ықпал етеді, қосымша сұрақтар қояды, анықтайды, қандай қимыл-әрекет қабылдап, не істеу керектігін, балалардың ауысуына бағыттайды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**	
Балалармен жеке жұмыс				**"Ғажайып қап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: ойыншық атауларымен сөздік қорларын арттыру. Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау	**"Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорларын, жақын туыстық атауларды білдіретін жаңа сөздермен

				жаттығуы. Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа деген қызығушылықты арттыру. "Мысығым". Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады, Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады. Қасымнан қалмайды, Көзін қысып алдайды. Ойнатсам да күнімен, Ойыны бір қанбайды. Н. Арынова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	толықтыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**
Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				

16.40-16.50					
Серуен **16.50-17.50**				**Кемпірқосақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: кемпірқосақ - жансыз табиғаттың бөлігі екені жайлы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; спектр түстерін бекіту; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Бұл күні жаңбыр болмай жатса, кемпірқосақты су бүркеудің нәтижесінде арнайы жасауға болады.	**Желді бақылау.** Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға жапырақ, жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады. Балалар

				Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Кемпірқосақ". Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Суретші екен табиғат, Бояуларын дайындап, Түр-түсін дәл тауыпты, Кемпірқосақ салыпты. Ш. Әлдибекұлы. **Еңбек әрекеті:** ойын жабындысын жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер:	желді қатты соғып не баяу есіп тұрғанын айтады. **"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту. Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасау.** Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктердің жапырақтарын тиянақты, ұқыпты сүрте білуді пысықтау. **(еңбек дағдылары)**	**Аквариумдағы балықтарды тамақтандыру.** Мақсат-міндеттер: зейінді, балықтарға күтім жасау ниеттерін дамыту, тіршілік иелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Қуыршақтың киімін жуу".** Мақсат-міндеттер: балаларға тәрбиешіге қуыршақтың киімдерін, төсек орын жабындыларын жууға көмектесуге үйрету, еңбек біліктіліктері мен дағдыларын дамыту, басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Біз көмекшіміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды тамақтан кейін ыдыстарды үстел үстінен жинауды, шамасына қарай ересектерге көмектесуді, жұмыс барысында мәдени-гигиеналық талаптарды сақтай білуді жетілдіру. **(еңбек дағдылары)**	**Балалармен бірге аквариумды тазалау.** Мақсат-міндеттер: қармақпен ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, зейінді дамыту; қарапайым еңбек дағдыларын жетілдіру. **(еңбек дағдылары)**
	"Менің аулам" дидактикалық ойыны.	**"Айналамыздағы геометриялық пішіндер"**	**"Есіне сақта да, қайтала" дидактикалық**	**"Дене мүшелері" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер:	**"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.**

	Мақсат-міндеттер: суретті пайдаланып сөйлем құрауға дағдыландыру; байланыстырып сөйлеуге бейімдеу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** **"Қажет киімді тап" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда қысқы және жазғы киімдерді ажырату біліктілігіне тәрбиелеу, есте сақтау мен логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, зейінділікке тәрбиелеу. **(танымдық**	**дамытушылық ойыны (заттар).** Мақсат-міндеттер: балалардың қоршаған заттар, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; геометриялық пішіндерге ұқсас заттардың кескіндері. - Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер?	**ойыны.** Мақсат-міндеттер: көзбен қабылдауды, қиялды дамыту, кеңістік пен жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту. **(математика негіздері)** **Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың достық туралы ұғымдарын тиянақтау; көркем сөзге деген қызығушылықтарын арттыру; мәнерлеп оқуға ынтасын жетілдіру	балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақату; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кеудеге қою) Бәрі осыдан басталған. Мынау – басым ақылды, (Екі алақанды басқа қою, сипау) Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары) Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек - кезек екі жаққа сермеу Мынау – сол қолым.	Мақсат-міндеттер: саналы логикалық есте сақтауды және зейін бөлуді қалыптастыру. Құралдар: түрлі ойыншықтар топтамасы. **(танымдық дағдылар)** **"Үш торай" ойын-санамағы.** Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты ырғаққа сай мәнерлеп айтуға машықтандыру; ертегілер әлеміне деген қызығушылықты арттыру. Үш торай, үш торай, Қандай жасыл

	дағдылар) **"Кім спортшы?" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Кім спортшы? Тек алға! (Орында адымдау) Жаттығуда адымда. Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру) Бір-екі, бір-екі. Денемізді иеміз, (Алдыға еңкею)	(Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш). - Алдарыңдағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар заттарды атайды) - Оларды қандай бір сөздермен біріктіреміз? (Жиһаз, ойыншықтар, ыдыс-аяқ, киімдер.) - Суреттегі заттарды өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар. **(математика негіздері)** **"Моншақтарды жинаймыз"**	"Достық деген не?" Педагог асықпай, өленді мәнерлеп оқиды Топ ішінде бірге ойнаған, Достарыммен біргемін. Бөлісіп бар ойыншықпен, Жан сырын да білгенмін. Достарменен бірге жүрсең, Жақсы әуен тынбасын. Қара бұлтта сейіледі, Дос жүрегін тыңдасаң. Достарменен қол ұстассаң, Ешқашан қор	Барлық істі басқарған. (Шапалақтап) **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Жабдығы: асық. Ойынды санамақ	алаңқай! Үш торай, үш торай, Үйі олардың алаңқай Ең үлкені енбекқор, Інілеріне қамқор. Аты оның ... - Ниф-Ниф! Ең үлкені енбекқор, Інілеріне қамқор. Аты оның... - Ниф-Ниф! Ортаншысы саналы, Тез салуды қалады. Аты оның... - Нуф-Нуф! Ортаншысы саналы, Тез салуды қалады. Аты оның... -Нуф-Нуф! Ең кенжесі ойнайды, Ойынға бір тоймайды Аты оның... - Наф-Наф!

	Бір-екі, бір-екі. Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру) Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу) Аяқты алшақ, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру) Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау) Бізде бәрі тамаша! Спортшы болсаң, шаршама! (Қол шапалақтау) Аударған А. Кокенова. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	**дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндерді екі қасиеті бойынша (түсі мен пішіні, көлемі мен пішіні, көлемі мен пішіні) топтастыру біліктіліктерін қалыптастыру, пішіндердің кезектесуіндегі қарапайым заңдылықтарды көру. **(математика негіздері)**	болмайсың. Ұқсағың кеп жан досыңа, "Кең мұнара" салғайсың. Д. Бұланбаева. **(көркем әдебиет)** **"Домино" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс ататқызып, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін,	арқылы таңдалған, қолында асығы бар бала бастайды. Асық қолға түскеннен кейін, бала, көп ұзамай, шеберде отырған кез-келген балаға қарай лақтырады. Асық лақтырылған кезде асық ұстаған бала: "Мен менің сол (оң) жағымда (немесе қарама-қарсы) отырған Дастанға (есімі белгілі балаға) лақтырамын. Асықты алатын бала, асықтың қандай қалыпта жатқанын да айтып, содан соң асықты кімге және қай жаққа лақтыратынын	Ең кенжесі ойнайды, Ойынға бір тоймайды Аты оның... Наф-Наф! Қанша торай? Санашы ... Бір, екі, үш! Бір, екі, үш! Санадым ба? Қарашы... Бір, екі, үш! Бір, екі, үш! **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**

			ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желітдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. **(танымдық дағдылар)**	таңдайды. Ойын осы бағытта жалғасады. Ескерту: асықтың түсетін қалыптары - бүк, шік, омпы, сомпы, тәйке, алшы. **(дене шынықтыру, танымдық дағдылар)**	
Таңертеңгі жаттығу	Балалардың деңсаулығының нығаюына ықпал ету, күнделікті дене шынықтыру жаттығуларын жасау әдебін				

8.40-9.10	тәрбиелеу. Кешенді жаттығу. Сағаттың тіліндей Иіліп оңға бір, Сағаттың тіліндей Иіліп солға бір, Оң аяқ, сол аяқ Жаттығу оңай-ақ. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **9.10-9.30**	**Гигиеналық дағдылар** Балаларды орамалды ұқыпты қолдана білуді тәрбиелеу, сиқырлы сөздерді пайдаланып (рахмет, өтінем), дұрыс өтініш айтуды, үйретуді жалғастыру. *Көркем сөз* Дастарханның басында, Өзіңді жақсы ұста! Дұрыс отыр! Асыңды іш! Денене көп жина күш. Тойып үйге қайтайық, Апайға "рақмет" айтайық. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**"Достарымызды кешіруді үйренеміз" дидактикалық**	**"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық**	**"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық**	**"Айнаға қара, біз қалай ұқыпты киінгенбіз" ойын**	**"Фант" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың белгілі

	ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға бір-біріне ренжімеуді үйрету; абайсызда немесе қасақана жасалған әрекет екенін ажырату және сәйкесінше әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.	**ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың суреттері. Мысалы. Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді. Құрт - жорлағайды, жатады. Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.	**ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу. Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көкөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады. Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек. Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам.	**жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: киімдегі ұқыпсыздықты көріп, сол уақытта түзетуді үйрету, таза жүруге тәрбиелеу.	тақырып бойынша түсініктерін нақтылылау, сол тақырып бойынша тақпақты, жаңылтпашты, мақалды, санамақта, жұмбақты еске түсіріп айтуға ынталандыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар, шеңберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты сөздерді кезегімен айтып жатады. Егер біреу ойланып, тоқтап қалса немесе алдында айтылған

		Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады. Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді. Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды. Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді. Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды.			сөзді қайталаса, осы тақырыпқа байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Жазғы ойындар" Мақсат-міндеттер:	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Аралықтан аралыққа	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқалар"	**Сурет салудан ойын-жаттығу** «Аулада ойнайтын жазғы ойындардың спорттық құрал-	**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** «Епті, мықты, батылмыз»

9.30-10.25	Жаздың ерекшеліктерін, құбылыстарын пысықтау. Балаларды сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру. Байланыстырып сөйлеу тілін, ұсақ қол қимылын, қабылдауын, зейінін дамыту. Салауатты өмір салтын ұстануға, денсаулығын сақтауға тәрбиелеу.	өрмелейміз" Мақсат-міндеттер: Балаларды шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру; гимнастикалық қабырға бойынша аралықтан аралыққа өрмелеу дағдыларын дамыту; балаларда қатарға бір-бірден сапқа тұру дағдыларын дамыту; бой түзулігін дұрыс сақтау.	ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларды кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету;мазмұнды эмоционалды қабылдай білу қабілеттерін дамыту; сұраққа жауап беруге және дәнді дақылдар, егістік туралы білімдерін кеңейту.	жабдықтары» Мақсат-міндеттер: Балаларды жазғы аулада ойнайтын ойындардың құрал-жабдықтары-доптың, обручтың, секіртпенің (қалауы бойынша) суретін салуды үйрету; балауыз мел мен түрлі-түсті қарындаштарды қолдану техникасын жетілдіру; қағаз бетінде сюжетті орналастыруға үйрету; эстетикалық қабылдауларын, қиялдарын дамыту; спортқа деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. *Жеке сүйемелдеумен*	Мақсат-міндеттер: Балаларды жабайы және бақша гүлдерімен таныстыру; өсімдіктер тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; жабайы және бақша гүлдері өсетін жер туралы түсінік беру; өсімдіктердің өсу шарттары (жарық, су, жылу, топырақ) туралы білімдерін бекіту.

				дербес әрекет. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Біз өмірдің гүліміз" Мақсат-міндеттер: Балалардың мұғаліммен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Белсенділікке, ынтымақтастық қабілеттілікке, музыкалық және шығармашылық ойын шараларына белсенді қатысуға деген ұмтылысқа тәрбиелеу.	

Серуенге дайындық 10.25-10.40	Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу.				
Серуен 10.40-12.10	**Ағашты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсаты: туған өлкенің ағаштары жайлы білімдерін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру, балалардың жазғы құбылыстар туралы білімдерін бекіту, жағымды эмоциялар ояту, табиғатты аялауға тәрбиелеу. Балаларға ағаштар түрлерін ажыратуға ұсыну. балалар терек, қайын, қарағаш,	**Табиғатты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: жаз жайлы түсініктерін мезгілге тән ерекшеліктері бойынша жалпылау және тереңдету; балалардың қоршаған ортаға деген эстетикалық көзқарастарын қалыптастыру, табиғатты аялау. **Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы.**	**Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды табиғат құбылысы-жаңбырмен таныстыруды жалғастыру. Жаңбырдың өсімдіктердің өсуіне тигізетін ықпалы жайлы айту. Балаларды сөйлеу барысында жаңбырды сипаттайтын сын есімдерді қолдануды	**Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру. "Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы. Педагог әрбір	**Жерге құрап түскен жапырақтарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балалардың жапырақтар жайлы білімдерін бекіту; сұрақ-жауап негізінде сөздік қорларын кеңейту; ойлау қабілеттерін, қиялдарын дамыту; табиғат сұлулығын сезінуді тәрбиелеу. **Еңбек әрекеті: қураған жапырақтарды,**

	үйеңкі ағаштарын діңдеріне, жапырақтарының пішіндеріне қарап ажырату мүмкін. **"Бұл қандай ағаштың жапырағы?" дамытушы жаттығуы.** Мақсаты: балалардың ағаштар туралы білімдерін пысықтау; жапырақтарға қарап, ағаштарды ажыратуға дағдыландыру; зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдары: терек, шырша, емен, үйеңкі, қайын ның суреттері, жапырақтарының	Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Бота, түйе, Құлын, бие, Торай,шошқа, Қозы, қошқар, Қодық,құлан, Көжек, қоян, Бақа,шаян, Торғай,шымшық... Сен, қал! Сен, шық! Қадыр Мырза Али. **Еңбек әрекеті:** жолдар мен орындықтарды құмнан тазалау. Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, өзара	үйрету. Балалармен жазғы жаңбырды бақылау. **"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-	баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді. - Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз. - Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер. - Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер. **Еңбек әрекеті: балабақшаның ойын алаңын жинау.**	**солып қалған гүлдерді жинау, тұқымдарын келесі жылға жинау.** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қағаз қалташаларын қолдану. **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң

	кескіндері. - Балалар, сендер қандай ағаштарды білесіңдер? (Терек, шырша, емен, үйеңкі, қайын). - Осы жапырақтарды тауып, қандай ағаштан түскенін анықтайық. **Еңбек әрекеті: құрап түскен жапырақтарды жинау.** Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. **"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке,	достық көмек. **"Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; ойын желісіне белсенді қатысуға бейімдеу, басқарушы және ойыншы рөлдерін ойнай білуге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту. Алаңның бір жағында көмегімен қой қора қоршалады. Ойнаушылар санамақ	тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) **Еңбек әрекеті:** ойын алаңын ретке келтіру. Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс істеу біліктіліктерін дамыту. **"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Ойын мақсат-міндеттері: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке,	Мақсат-міндеттер: орындалған жұмыстан өздеріне және басқа балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлауға үйрету, экологиялық мәдениетті тәрбиелеу. **"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды	жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Педагог барлық

	дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. Педагог ойынды бастайды: - Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында. "Аңшылар",	арқылы "қойшыны" таңдалып алады; қалғандары – "қойларды" сомдайды. "Қойшының" көзін байланады. Балалардың біреуі (алғашында педагог) "қойшыдан сұрайды: "Қойшы, қойшы, маған қанша қадам бересің?". "Қойшы" өз санын (онға дейін) айтады. Осы қашықтықтан "қойшы": «Менің табыным қайда?", - деп сұрайды. "Қойлар" (балалар): "Мә-мә-мә..", - деп дауыстайды да үндемей қалады. Қойшы оларды іздей	қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған	үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып	балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. **"Шеңберден шеңберге" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер:

	қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: - Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін	бастайды. Балалар жүргізушіден қашып құтылмақшы болады. Егер "қойшы" балалардың бірін түртіп қалса, сұрайды: "Қойым, қойым, өзіңді ата!" Ал ойнаушы, "қой": "Мә-мә-мә", - деп дауысын шығарады. "Қойшы" баланы дауысынан танып қойса, ұсталған - "қойшыға" айналады. Жаңа ойын басталады. Егер бала танылмай жатса, осы "қойшымен" ойын жалғасады. **Қимыл-қозғалыс ойыны: "Нысанаға тигіз". (дене**	бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақ сүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Жабдығы: ақ сүйек. **"Нысанаға кім бірінші жетеді?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер:	тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. **"Тиіп кетпе" қимылды ойын-жаттығуы (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жіптен15—20 см биіктікте секіруді, ойынды жинақтай білуді үйрету. **Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар,**	балаларды бағыттарды өзгетіп, алға екі аяқпен жылжи отырып, секіруге даңдыландыру; күш-қуатын, дамыту, дене мүшелерін жетілдіру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. **Өз бетінше еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.

	"аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды. **"Кегльді қағып ал" жаттығуы.** Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді	**шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: көзбен мөлшерлеу мен лақтыру күшін дамыту. **Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау.** Мақсат-міндеттер: ракетканы дұрыс ұстауға машықтандыру.	қимыл-қозғалыс жылдамдығын, алғырлықты дамыту. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	**қимыл-қозғалысты дамыту нысанаға лақтыру.** Мақсат-міндеттер: қозғалыс координациясын дамыту.	

	қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. **Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, "Секірмек".** Мақсаты: оң және сол аяқпен секіру біліктілігін дамыту.				
Серуеннен оралу 12.10-12.25	Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу.				
Түскі ас 12.25-13.10	**Гигиеналық дағдылар** Балаларды орамалды ұқыпты қолдана білуді тәрбиелеу, сиқырлы сөздерді пайдаланып (рахмет, өтінем), дұрыс өтініш айтуды, үйретуді жалғастыру. *Көркем сөз* Дастарханның басында, Өзіңді жақсы ұста!				

	Дұрыс отыр! Асыңды іш! Денене көп жина күш. Тойып үйге қайтайық, Апайға "рақмет" айтайық. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы 13.10-15.30	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	Балаларды біртіндеп оятып, тұрғызу. Балалардың естеріне ұйқыдан тұрған соң киіну реттілігін түсіру. Көзге арналған жаттығу. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.50-16.10	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.10-16.40	**"Балық, құс, аң" дидактикалық ойыны** Мақсат-міндеттер: балалардың тірі табиғат өкілдері жайлы білімдерін бекіту; зеректілікті дамыту. Ойын шартын жеткізу	**"Жұмыс үшін кімге не қажет?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың мамандақтар туралы түсініктерін дамыту. Аталған мамандық иесіне қажет, еңбек	**"Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда сөйлеу белсенділігін, ой ұшқырлығын дамыту. Ойын барысы. Допты лақтырып, қағып алу.	**"Қатені түзе"дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: әрекеттердің дұрыс реттілігін орнатуға үйрету. Ойын барысы: баланың алдына суреттер жиынтығы	**"Керісінше" дидактикалық ойын.** Мақсат-міндеттер: балаларда зеректікті, ойлау жылдамдығын дамыту. Ойын барысы. Тек қана қарама-қарсы мағыналы сөздерді

	үшін, бірінші кезеңде жүргізуші рөлін тәрбиешінің өзі орындауы мүмкін. Балалар шеңбер бойымен орналасады. Жүргізуші допты кезекпен әр балаға лақтырады да - "балық", "құс", "аң" сөздерінің бірін айтады. Допты ұстап алған бала, белгі сөзге сәйкес балық, құс, аң атын тауып айтады. Егер балалардың бірі қиналса, қалғандары көмектеседі. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын.**	құралдары мен материалдарын табуды үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын "Медициналық емхана"** Мақсат-міндеттер: дәрігер, медбике мамандығына қызығушылықтарын ояту; балалардың медицина қызметкерлерінің міндеттері жайлы білімдерін кеңейту; сауалнама жүргізу біліктіліктерін дамыту; жанашырлыққа, басқаларға	Аяқталған сөйлем шығатындай сөз тауып, айту керек. Бір сөз ғана қосу керек. Тәрбиеші бірнеше сөз айтады. ал балалар оны жаңа сөзбен, аяқталған сөйлем шығатындай толықтыру қажет, мысалы: "Анам ... - …кітаптар, дәптерлер, сөмке сатып алды", - деп балалар жалғастырады**. (сөйлеуді дамыту)** **Сюжетті-рөлдік ойын "Ғарышкерлер".** Мақсат-міндеттер: мектепке дейінгілердің әскери-	жатады, бірақ суреттердің бірі өз орнында жатқан жоқ. Бала қатені тауып, суретті өз орнына орналастырады да, кейін өзінің суреттер жиынтығы бойынша әңгіме құрастырады. **(танымдық дағдылар)** **Сюжетті-рөлдік ойын "Орманда".** Мақсат-міндеттер: әртүрлі өсімдіктер, дәндер, саңырауқұлақ атауларын бекіту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікпен қызығушылықтарын тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойын	атау. Балалар мен тәрбиеші шеңбер құрып орындықтарға отырады. Тәрбиеші бір сөз айтып, допты балалардың біріне лақтырады, бала допты ұстап алып, қарама-қарсы мағыналы сөз айтып, допты қайта тәрбиешіге лақтыру керек. Мысалы: Тәрбиеші: "Алға!"- десе, бала: "Артқа!" - деп жауап береді, (оңға - солға, жоғары - төмен, алыс - жақын, т. б). Үстеуді ғана емес, сонымен сын есімдерді, етістіктерді: астыңғы-үстіңгі. Егер допты алған бала,

	"Ветеринарлық емхана". Мақсат-міндеттер: балалардың жан-жануарлар дәрігері, медбикелер, күтушілер, ветеринарлық емхананың қызмет көрсетушісі жайлы түсініктерін бекіту; емханада медициналық жұмысшылар қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Барысы.Тәрбиеші балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде	қамқорлық танытуға, көмек көрсетуге талпынуға тәрбиелеу. Барысы. Ойынның барлық қатысушылары өз бетінше рөлдерге бөлініп, әрқайсысының міндеттерін талқылайды: дәрігер (науқасты қарайды, шағымын тыңдайды, емдеуді тағайындайды), медбике (алғашқы көмек көрсетеді, емдеу шараларын жүргізеді), науқастар (аурудың белгілерін бейнелейді). Арнайы киімдерді қолдануды ұмытпау керек. Балалар ойын	патриоттық дайындығына ықпал ету, дене шынықтыру дайындығын жетілдіру. Ойын сюжетін өз бетінше дамытуға үйрету. Ойын барысы. Ойынға қызығушылықтарын дамыту үшін, тәрбиеші балаларға "Ғарышкерлер" ашық хат жиынтығын қарастыруды ұсынады. Олармен ғарыш мамандары, ғарышкер қандай қасиеттерге ие болу керектігі жайлы әңгімелеседі. Тәрбиеші балалармен ғарышкер-адамдардың мінезін	алдында тәрбиеші ата-аналармен бірге, жақын маңайдағы саябаққа экскурсия ұйымдастырады. Өсімдіктер мен ағаштардың атауларымен таныстырады. Назарларын ондағы тіршілік етушілерге: жәндіктер, құстар және т. б.(орман тұрғындары) аударады. Балалар құстардың дауыстарын естиді. Тәрбиеші алдын-ала рөлдерге бөледі: бірнеше адамды орман иелерінің рөліне алады, қалғандары орман қонақтары. Орман	жауап беруге қиналса, балалар тәрбиешінің ұсынысы бойынша топпен жауап береді. **(танымдық дағдылар)** **Сюжетті-рөлдік ойын "Балалар кітапханасы".** Мақсат-міндеттер: кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты

	ветеринардың жұмысы жайлы фотосуреттер қарастыру керек, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін оқып, еске түсіру, сонымен қатар ветеринарлық емхана жайлы әңгімелесу. Балалар аңдар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтінін ғана емес, сондай-ақ қандай құралдарды қолданатындарын, ветеринарға қандай сұрақтар қою керектігін талқылау керек. Балалар өзара ветеринарлық емханада кімдер,	барысында, өздерінің дәрігерге қараланған сәтін көрсете алады. Тәрбиешіге назарын балалардың науқастардың жағдайына жанашырлық танытып, қамқорлық көрсетуіне аударуы керек. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**	талқылайды. Одан кейін тәрбиеші балалармен бірге, "Ғарышқа ұшу" ойын сюжетінің шамалы жоспарын белгілейді, ол келесі тармақтарды қамтуы мүмкін: ғарышкерлерді жаттықтыру, ұшуға дайындығына емтихан тапсыру, дәрігердің қарауы, зымыранға отыру, кемені қосу, ғарыштағы жұмыс, кеме бортынан хабарлау, жерден ұшуды басқару, жерге қону, жерде кездесу, медициналық тексеріс, ұшудан	иелері тәрбиешінің басшылығымен қонақтарға арналған ойындар үшін материал таңдайды. Тәрбиеші айтады: "Балалар, бүгін сендерге орман кілтін табу керек болады. Кілтті тапқан адам ешқашан орман ішінде адасып кетпейді, ол құстардың тілін түсініп, жердегі жан-жануарлардың ізін танитын болады. Бірақ кілтті табу оңай емес. Ол үшін сендерді орманда күтіп тұрған, барлық тапсырмаларды орындау керек". Балалардың қайсысы	ұстауға тәрбиелеу. Барысы. Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: кітапханашы оқырман формулярларын рәсімдейді, өтінім қабылдайды, картотекамен жұмыс, кітап береді, оқу залында кітапханашы қажет кітапты таңдауға көмектеседі, оқырмандармен оқылған кітаптары жайлы әңгімелеседі, оқырмандар өзара әсерлерімен бөліседі. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі,**

	қандай қызметкерлер болатынын таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Тәрбиеші диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. Соңында тәрбиеші балармен бірге қорытынды жасайды: адам жанында тіршілік ететін аңдар мен құстардың денсаулығы мен тірі табиғаттағы		кейін ғарышкерлердің тынығуы. Одан кейін тәрбиеші балаларға құрылыс материалынан зымыран құрастыруды ұсынуы мүмкін. Зымыранды құрастыру барысында оның бөліктерін атау (тұмсығы, люктер, иллюминаторлар, басқару тетігі). Дербес ойында тәрбиеші балаларды адамдардың жауапты тапсырманы орындауға бағытталған қарым-қатынасын (еңбек және жеке) модельдеуге	барлық тапсырмаларды бірінші орындап және сұрақтарға дұрыс жауап берсе, кілтке ие болып, орман шеруін бірінші бастауға құқылы. Тәрбиеші карнавалға дайындалуға белгі береді. Орман карнавал ортақ шеруден басталады,кейін балалар алдын-ала дайындалған орман тұрғындарының биін көрсетеді орман, құстар жайлы ән айтып, өлең оқиды, жұмбақ жасырады. Карнавал орман көгалында орман сыйымен —	**қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**

	жануарлардың қауіпсіздігіне жауапты екенін. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**		шақырады. Мысалы, тәрбиеші балаларға хабарлайды, кейбір адамдар кеме жасаса, ал басқалары оларды сынап, ұшуға дайындайды, үшіншілері - ұшу мен қонуды қамтамасыз етеді. Әр ойыннан кейін тәрбиеші балаларды ойын жағдаяттарын талдауға тартады. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**	жидектермен, тәтті салмасы бар бәліштермен, шай ішумен аяқталады. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**	
Балалармен жеке жұмыс	**Ойын-тапсырма: "Ою қиямыз".** Мақсат-міндеттер: қайшымен жұмыс	**Ойын-жаттығу: "Сипаттамасы бойынша таны".** Мақсат-міндеттер:	**Ойын-жаттығу: "Қызықты штрихтеу".** Мақсаты: штрихтеуді	**"Пазлдарды жинаймыз" жаттығуы.** Мақсаты: ұсақ қол	Ойын жаттығу: "Ненің дыбысы?" Мақсаты: есту зейінділігін дамыту,

	істеуді жалғастыру. **(жапсыру)**	геометриялық пішіндерді ерекшеліктері бойынша бөлу (жақтарының, бұрыштарының саны). **(математика негіздері)**	дұрыс жасай білуді бекіту.	моторикасын, шыдамдылықты дамыту. "Біздің үйдегі көмекшілер" жаттығуы. Мақсаты: балалардың тұрмыстық техникамен қолдану қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.	қоршаған объектілер туралы білімдерін тиянақтау..
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау.				
Серуен 16.50-17.50	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)**				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30	Әңгімелесу: "Мектеп жасына дейінгілер және күн тәртібі".	Кеңес: "Сіздің балаңыз серуенде".	Әңгімелесу: "Сіздің балаңыздың тәртібі".	Кеңес: "Спорт және бала".	Әңгімелесу: "Мектеп жасына дейінгілердің сұрақтары".

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжай-бақшасы				
Топ/сынып	**Ересек топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Маулен»				
Балалардың жасы	**4 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Асемова А.Мирзабекова Ұ				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**14.08. - 18.08.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				

8.00-8.50	**(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Бөлме өсімдіктерінің топырағын қопсыту.** Мақсат-міндеттер: құралдармен ұқыпты жұмыс жасау біліктіліктерін дамыту; зеректілікке, байқампаздық танытуға бейімдеу. **(еңбек дағдылары)**	**Аквариумдағы суды ауыстыру.** Мақсат-міндеттер: өз жұмысының нәтижесінен алатын жағымды эмоцияларды дамыту, суды ұқыпты қолдану ережелерін еске түсіріп, қарапайым еңбек дағдыларын жетілдіру. **(еңбек дағдылары)**	**"Ойыншықтарды әдемі орналастырамыз".** Мақсат-міндеттер: өз бетінше топтағы тазалықты қолдау, тазалық жүргізу біліктіліктерін жетілдіру; эстетикалық талғамдарын, өзгелердің игілігі үшін еңбектенуді тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Терезе алдымен жиһаздарды сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: шүберекті сулап, шайып, қысып, терезе алдын, сөрелерді сүртуге қатысты еңбек дағдыларын жетілдіру; бастаған істі аяғына дейін жеткізуге машықтандыру. **(еңбек дағдылары)**	**Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасау.** Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктер жапырағын тиянақты сүртуді үйрету; еңбекті ұқыпты болуға бейімдеу. **(еңбек дағдылары)**
	"Туған өлкеде не өседі?" дамытушылық ойыны.	**"Жазғы көгал" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер:	**"Не дөңгелек болады?" дамытушылық ойыны.**	**"Ойлан да тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер:	"Лото: "Үй жануарлары"" үстел үсті ойыны. Мақсаты:

	Мақсат-міндеттер: ағаштар жайлы білімдерін бекіту, сөздік қорын қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық танытуға тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа деген қызығушылықты арттыру. "Мысығым".	балаларды сын есім мен зат есімдерді байланыстыруға жаттықтыру; сөздік қорларын молайту. **(сөйлеуді дамыту)** **"Иттің үйшігі" құрылыс ойындары.** Мақсат-міндеттер: балалардың қиялын, зейіндерін, жануарларға деген сүйіспеншілігін дамыту. Ойын жабдықтары. "Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйлерін құрастыруды ұсынады. **(құрастыру)**	Мақсат-міндеттер: ой-өрістерін, зеректікті, қиялдарын дамыту, білімдерін бекіту. **(танымдық дағдылар)** **"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін,	балаларды сипаттау әңгімелерін құрастыруға жаттықтыру, құрдастарын мұқият тыңдау біліктіліктерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** **"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын	балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды, үй жануарларын, топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу. Түстер бойынша карточкаларды таңдау. "Еркелетіп ата" ойын-жаттығуы. Мақсаты: Құралдары: "Үй жануарлары мен төлдері" суреттері. - Балалар, білесіңдер ме, үй жануарларының төлдерін еркелетіп

	Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады, Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады. Қасымнан қалмайды, Көзін қысып алдайды. Ойнатсам да күнімен, Ойыны бір қанбайды. Н. Арынова. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	**Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Бота, түйе, Құлын, бие, Торай,шошқа, Қозы, қошқар, Қодық,құлан, Көжек, қоян, Бақа,шаян, Торғай,шымшық... Сен, қал! Сен, шық! Қадыр Мырза Али. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	ой-қиялын дамыту. - Балалар, қазір сендер әуенді тыңдап, жан-жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктейсіңдер. Мен болсам, фотоаппаратты қолда ұстап тұрамын. "Стоп-кадр!" - деген белгіні естісеңдер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың керек. Алдын-ала жұмыста балаларға түрлі жан-жануарды, құсты, жәндіктерді көрсетуге болады. Құралдары: әуенді қосу құралы, әуендер жинағы, фотоаппарат	дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың суреттері. Мысалы. Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді. Құрт - жорғалайды, жатады. Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады. Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады. Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді. Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды.	атасақ, шулағанын қояды екен. Еске түсіріп айтайық: - Құлын - құлыншақ. - Бұзау - бұзауқан. - Қозы - қошақан. - Бота - ботақан. - Мысық - марғау. - Ит - күшік. - Ешкі - лақ.

			немесе смартфон. **(дене шынықтыру)**	Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді. Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	
Таңертеңгі жаттығу **8.40-9.10**	Күнделікті дене шынықтыру жаттығуларын жасау әдебін тәрбиелеу. Кешенді жаттығу. Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Артқа қарай бір адым, Алға қарай бір адым, Жоғары, төмен қарайық, Жаттығу жасайық. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **9.10-9.30**	**Гигиеналық дағдылар** Асхана құралдары мен майлықты дұрыс қолдануды үйрету. Үлкен, кесек тамақты, Ұсақ етіп бөліп ал!				

	Стақандағы сусынды, Төгіп алмай ішіп ал! **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Әңгімелесу: "Көгал иесінде қонақта".** Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктердің түрлері жайлы ұғымдарын кеңейту. Жәндіктердің дене құрылымы жайлы білімдерін бекіту.	**"Ұқсайды, ұқсамайды" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды салыстыруға, түсі , пішіні, көлемі, жасалған материалы бойынша ұқсастығын анықтай білуге дағдыландыру.	**"Ал одан кейін не?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту, логикалық ойлауларын дамыту. **"Мысық қалай қимылдайды?"саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды саусақ жаттығуын көрсетіп, сөзбен сүйемелдеуге машықтандыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Құралдары: саусақтарға	**Әңгімелеу: "Менің сүйікті жануарым".** Мақсат-міндеттер: балалардың сөйлеуінде сәйкес түсініктерді белсендету, байланысқан әңгіме құрастыру біліктіліктерін қалыптастыру, диалогқа қатысу.	**"Жұбын тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауын дамыту; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.

			тағылатын мысықтың маскалары. Мысық қалай қимылдайды? (Қолдар үсте бетінде сол мен оң жаққа сермеп қозғалады) Көрсетейік осындайда. Ақырын аяқ басады, (Үстел бетімен саусақтар ұштарымен кезек жүргізу) Күшіктер қуса - қашады. ("Жүгірту") Орнынан, шап, секіріп, (Орнынан алға сермеп бір орнынан жылжыту) Төбеге ытқып шығады. (Шапалақтау) Мысыққа жылуда, жарықта (Алақандар		

			үстелде, саусақтар созулы) Болу өте қызықты: Күнге көзін жұмып-ашып, (Саусақтарды орындарынан кезек көтеріп-орнына түсіру) Созылып тыныш жатады. Д. Ахметова.		
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет **9.30-10.25**	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Қасқыр мен қоян" ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларда кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалау дағдыларын дамыту; оқу	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Мысық" Мақсат-міндеттер: Балаларға қарапайым пішіндерді қағаздан жасауға, бүктемелерді диагональмен дұрыс бүктеуді үйрету; шығармашылық қабілеттерін және қолдың ұсақ	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Менің сүйікті үй жануарым" Мақсат-міндеттер: Балаларды жүппен түрлі бағытта жүгіру; заттарды алысқа дәлдеп сол қолмен лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес) дағдыларын дамыту;	**Жапсырудан ойын-жаттығу** "Менің қалаған үй жануарым" Мақсаты: Бұрын үйренген білімдер мен дағдыларды қолдана отырып, балаларды өз жұмысының мазмұнын өз бетінше таңдауға және жоспарлаған	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Тотықұс" Мақсат-міндеттер: Сәндік құстардың сыртқы құрылымының ерекшеліктерін нақтылау, құстардың сұлулығына назар аударту, құстарға күтім жасау

	қызметіне қызығушылықтарын ояту; сұрақтарға толық жауап беруде талап ету; сөздік қорларын молайту; жабайы жануарлар туралы білімдерін толықтыру.	моторикасын дамыту; үй жануарларына деген ұқыпты және қамқор қатынасты тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Қасқыр" әні Мақсат-міндеттер: Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу.	балаларда қозғалыс бағытын өзгертіп, қосымша қадаммен алға; бытырап жүру; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүгіру іскерліктерін дамыту.	жұмысты орындауға үйрету; жапсырудың әртүрлі техникаларын бекіту; шығармашылық белсенділігін арттыру; тәуелсіздікке тәрбиелеу.	ережелерімен таныстыру; байланыстырып сөйлеуді, логикалық ойлауды дамыту; балаларды құстарға деген сүйіспеншілікке, құстарға қамқорлық жасауға және қорғауға тәрбиелеу.
Серуенге дайындық 10.25-10.40	Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу.				

Серуен 10.40-12.10	**"Жаңғырықты" бақылау (тыңдау). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балалардың табиғат құбылысы (жаңғырықпен) таныстығын кеңейту, ой-өрістерін, байқампаздықтарын дамыту; айналасын қоршаған әлемді, құбылыстарды танып, білуге деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. Балаларға әртүрлі ортаға барып, дауыстарын шығаруды ұсыну.	**Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға, деген қызығушылыққа, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. "Мысық". Үстінде үйдің	**Көшеде өткен итті бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды жануарлардың қимылына, сыртқы келбетіне қызығушылықты арттыру; ит жануарының көп түрі болатыны туралы түсініктерін тиянақтау. **Педагог балаларға Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді	**Араны бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: араны өзге жәндіктерден ажыратып, таныс жәндіктерді атай білуге дағдыландыру; олардың басты ерекшеліктерін нақтылау; тіршілік иелерін танып-білуге деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. "Ара". Қызғалдақтың қасына Қойып едім	**Бақ-бақты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: емдік өсімдіктер, оларды жинау және қолдану ережелері жайлы ұғымдарын қалыптастыру үрдісінде, танымдық белсенділіктерін дамыту. Баланың тәрбиешімен және достарымен түрлі әсерлерімен бөлісу ынтасын қолдау. Өсімдіктерді, жан-жануарды күтіп-баптайтын орындарда, тағы басқа маман

	Кең аулада, залда, ашық жерде дауыстың соңынан тағы бір қайталанып, бәсеңделіп естілетін дауыстар тізбегі туралы айту. Бұл ауада ерекше жағдайда пайда болатын құбылысты "жаңғырып" деп атау. **Еңбек әрекеті:** құмды құмсалғышқа жинау. Мақсат-міндеттер: еңбек етуге ниеттерін тәрбиелеу. **"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай,	Тұр еді мысық. Қасына келді Бір торғай ұшып. Бассалмақ болып, Ыршыды мысық. Жалт берді торғай, Пыр етіп ұшып. Биіктен жерге Топ ете түсіп, Мысықтың қалды Жамбасы ісіп. Б. Соқпақбаев Балаларға арыстан, жолбарыс сияқты жануарлардың мысық тектес екені туралы баяндау. Оларды сурет бойынша мысықпен салыстыруды, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды ұсыну. **Еңбек әрекеті:** ойын	мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Бота, түйе, Құлын, бие, Торай,шошқа, Қозы, қошқар, Қодық,құлан, Көжек, қоян, Бақа,шаян, Торғай,шымшық... Сен, қал! Сен, шық! Қ. Мырзалиев **Еңбек әрекеті:** ұсақ бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттер: тазалықты сақтау ниетін дамыту. **"Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**	қондырмай, Бізін сұғып басыма, Шақты ара оңдырмай. Енді тимен оған мен, Ісіп кетті бас, шекем. Балы тәтті болғанмен, Тілі өзінің ащы екен! Қ. Мырзалиев. Балаларға араның қауіпі мен пайдасы туралы айту. Балалар араның әрекетіне бөгет болмау керектігін түсіндіру. Сонда шағудан құтылуға болады. Араның бал өнімін жасай білу қабілетін түсініп, адам араларға арнайы бағып-баптау	адамдардың еңбегі өте зор екендігі туралы баяндау. Көркем сөз. "Санамақ". Жиналған соң достары, Қаздай өзі басқарды, Қызықты ойын басталды: Бір болды бақшашы, Екіншісі - егінші, Үшіншісі - бақташы, Төртіншісі - теңізші. Бесіншісі - балташы, Алтыншысы - аспазшы. Жетіншісі - жылқышы, Сегізінші - сырнайшы, Тоғызыншы - тігінші, Оныншысы - орманшы.

	белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң	алаңын жинау бойынша тапсырмалар. Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс жасап, нәтижесіне қуана білуге тәрбиелеу. **"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға	Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; ойын желісіне белсенді қатысуға бейімдеу, басқарушы және ойыншы рөлдерін ойнай білуге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту. Алаңның бір жағында көмегімен қой қора қоршалады. Ойнаушылар санамақ арқылы "қойшыны" таңдалып алады; қалғандары – "қойларды" сомдайды.	бақшаларын жасайтыны туралы әңгімелеу. **Еңбек әрекеті: балалармен бірге сәбилер тобының ойын алаңын жинау.** Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс жасау, бастаған ісін аяғына дейін жеткізу. **"Қарға мен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: белгі бойынша , бір-біріне соғылмай, әртүрлі бағытта жүгіру біліктіліктерін дамыту; ойын шартын бұзбауға дағдыландыру;	Е.Өтетілеуіов Балаларға айтылған мамандардың қайсысын білетінін сұрау. **Еңбек әрекеті:** тәрбиешімен бірге гүлзар ішіндегі құрап қалған гүлдерді тазалау. Мақсат-міндеттер: орындалған жұмыстан қуаныш сезімін алуды үйрету; экологиялық мәдениеттілікті тәрбиелеу. **"Бақшадағы тауықтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: орташа қарқында жүгіруді

				"Кемпірқосақта қонақта" Мақсат-міндеттер: Табиғат құбылысы - кемпірқосақпен таныстыру; қоршаған әлемнің түстерінің әртүрлілігіне эмоционалдық сезім тудыру; түс атауы (қызыл, сары, жасыл, көк) туралы білімдерін бекіту; сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту; табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін, табиғат сұлулығын көре білу табиғатты құрметтей білуге тәрбиелеу.	
Серуенге дайындық 10.15-10.30	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.30-11.50				**Көшеде кетіп бара жатқан көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру,**	**Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртқы түрінің ерекшеліктері

				сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балаларға жеңіл және жүк көлігін ажырата білуге үйрету, байқағыштықты дамыту, өз ойларын дұрыс жеткізе білу. Балалармен көшеде кетіп бара жатқан көліктерді қарастыру, оларды жүк, жеңіл көліктерге жіктеуді үйрену. Жұмбақ жасыру. Кеудесінде жаны жоқ, Тамырында қаны жоқ: Май жейді,су ішеді. Бұл не екен балалар? (Көлік.) **Еңбек әрекеті:** учаскені ұсақ бұтақтар мен тастардан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу.	туралы білімді тереңдету, балалардың назарын және есте сақтауын дамыту. Балаларға сұрақтар: - Балалар, торғай қандай? - Ол немен қоректенеді? Шоқиды ма, жейді ме? Неге? - Қалай дыбыстайды? Торғай – кең далада тіршілік ететін әнші құс. Денесі сопақша, басы дөңгелек, тұмсығы үшбұрышты, қанаты ұзын, сұрғылт, боз түсті болып келеді. Тақпақ. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі бұлтиып, Шық-шық етіп отырмақ. **Еңбек әрекеті:** учаскедегі гүлзарларды тазалау. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: еңбекке дағдыландыру; ересектерге көмек көрсетуге ынталандыру. **"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан,

				"Көліктердің дыбысын ажырат" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілетін дамыта отырып, есте сақтау қабілетін арттыру, байқампаздыққа баулу. Әр түрлі көліктердің дыбыстарын тәрбиеші балаларға тыңдатқызады. Балалар ажыратуға тырысады. **"Көлік пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке,	шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру;ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - создері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады. Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.

				кеңістікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бір	**Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыс. (** Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлауды дамыту (бір-біріне итерместен жүгіру). **Балалардың еркін ойыны.**

				бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. **Балалардың еркін ойыны.**	
Серуеннен оралу 11.50-12.00	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас 12.00-13.00	Балалардың назарын тамаққа аудару; тамақтану мәдениетін қалыптастыру, үстел үстіндегі өз-өзін ұстау ережелерін үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы 13.00-15.30	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар. Әдемі ирек жолдармен, Лақтарша біз ойнақтап, Тастан - тасқа секіріп, Жалаң аяқ жүреміз. Табанымызды уқалаймыз. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.50-16.10	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу				**"Кім қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер:	**"Тәртіпке келтір" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды "орнына қою", "орнына апару"етістіктерін қолдана

әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40**				сөйлеуді дамыту, сөздерді дұрыс пайдалануға үйрету. Құрал-жабдықтар: жануарлардың ойыншықтары: әтеш, торай, балапан, мысық, күшік. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға аудиожазба арқылы жануарлардың дауыстарын тыңдатқызады. Тәрбиеші: - Кукареку! Бұл не? Қандай дыбыс шығарып тұр. Бұл әтеш. - Хрю-хрю-хрю... Бұл не? Торай. Ол қандай? жалқау. - Шиқ-шиқ... Бұл не? Балапан.Ол не істейді? Шиқылдайды. - Мияу-мияу... Бұл не? Мысық. Ол не істейді? Мяулайды. - Ав-ав... Бұл не? Ол не істейді? Үреді. **(сөйлеуді дамыту)**	отырып сөйлем құруға үйрету. Құралдар: түрлі-түсті текшелер жиынтығы (әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс) және 4 кішкентай түрлі-түсті қораптар. Ойын барысы: Тәрбиеші балалардың назарын текшелерге аударады және олардың қандай түс екенін сұрайды. - Енді сендер қуыршақтың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз (үстелге түрлі-түсті қораптар қойылады) - Қуыршаққа қараңыз, ол не істейді?(қуыршақ қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады) " - - Ия, ол қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады. Бұны қуыршақ жасады? -Сары текшелерді қай қорапқа салу керек? Сары қорапқа дұрыс айтасыңдар. - Сол сияқты, көк текшені көк қорапқа, жасыл текшені жасыл қорапқа салады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**

				"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды жалпы белгілер бойынша жіктеуге үйретуді жалғастыру, диалогтық сөйлеуді дамыту, өзара көмек сезіміне тәрбиелеу, балалардың сөздік қорын кеңейту, сенімділіктерін арттыру. Құрал-жабдықтар: дүкенде сатып алуға болатын барлық ойыншықтар, сөрелер, сөмкелер, ақша. Тәрбиеші балаларға ойыншықтар дүкенін ыңғайлы жерде орналастыруды ұсынады. Сатушы тәрбиешінің өзі, сатып алушы балалар болады. Сатып алушылар	**"Аурухана"сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**

				дүкенге ойыншықтар үшін келеді, таңдайды, төлейді. Ойын барысында тәрбиеші балалардың дүкендегі мінез-құлықтың негізгі ережелерін білуіне назар аударуы керек. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен 16.50-17.50				**Көліктерді бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың назарын кешке балабақшаға келетін көліктерге аудару; байқағыштыққа тәрбиелеу. Бұл көліктердің	**Торғайды бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: торғай туралы түсініктерді жетілдіру; зеректікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды.

				көпшілігі -жеңіл көліктер. Жеңіл көліктер жайлы мәлімет беру. **"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай	Таспен атып торғайды Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. **"Мысық пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Алғашында "мысық" рөлін педагог атқарып, кейін балалар арасынан таңдалады. "Торғайлар" белгілі жерге жиналады немесе орындықтарға отырады; бұл жер "торғайлардың ұясы". Педагогтің: "Торғайлар, ұшыңдар! Жемді шоқыңдар!" деген нұсқау-белгісі бойынша балалар жүгіріп келіп, топғайлардың қимылдарына еліктеп, "ұшып жүргенін, отырып, жемді шоқығанын" көрсетіп, ойнайды. Педагогтің: "Абайлаңдар, мысық ыршып алмасың! (дегенге - балалар бастапқы орындарына, бір-біріне

				болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар. **"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру	соғылмай жүгіреді. Балалардың белгілі орынға жүгіру барысында, олардың арасынан қолмен ақырын түртіп, "ұстап алуға" болады. Бұндай әрекетті "мысық" болған бала да жасай алады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Құралдары: "мысыққа" - маска, "торғайларға" медальондар. **Еңбек тапсырмасы:** құмды құмсалғыштың шетінен құмды ішке қарай сыпыру. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.

				керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар. **Еңбек тапсырмасы:** қураған жапырақтарды жинау. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30**				Ата-аналарды "Серуендеуге арналған ойыншықтар" науқанына қатысуға шақыруды ұсыну.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтау туралы ата-аналармен әңгіме.

Тексерілді

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Ботақан» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі : 05.06. - 09.06.2023ж.

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**05.06. - 09.06.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	05.06.2023	**06.06.2023**	**07.06.2023**	**08.06.2023**	**09.06.2023**
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.45	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау	**Аквариумдағы балықты қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: тапсырылған іске қамқорлық, жауапкершілік	**Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарықтандыру мен ылғалға деген қажеттіліктері	**"Топтың ішін ретке келтір".** Мақсат-міндеттер: балаларды шкафтарды, ойыншықтарды тазалауда	**"Кітап бұрышын тәртіпке келтір".** Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа, тәртіпке деген ұмтылыстарын	**Ойыншықтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан

және тағы басқа әрекеттер)	сезімін дамыту. **(еңбек дағдылары)**	туралы білімдерін кеңейту. Сумен және өсімдіктермен жұмыс жасау кезінде ұқыптылықты, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға бейімдеу. **(еңбек дағдылары)**	ересектерге көмектесуге тарту (орындықтарды қатарға қою); еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)**	құптау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)**	кейін орнына қоюға дағдыландыру; еңбексүйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**
	"Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны. ("Үйшік" ертегісі желісімен") Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Пойыз келе**	**Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бас бармақ – атам, Балан үйрек - әжем, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкентай бөбек – мен, Міне, менің барлық отбасым. Құралдары:	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын маған ұнайды, Көп ойнауға болмайды. Күні бойы доп қусаң, Ақыл-білім қонбайды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Үйге мықты қабырға керек, Адамға жылы үй керек. Жылы үйде тоңбайсың, Ойнайсың да ұйықтайсың. Көп шаруа тындырасың Қонақты да	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Менің үйім осындай, Кең, жарық та қонақжай. Шақырамын, келіңдер! Көмектесіп жіберіңдер. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

	жатыр" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Пойыз келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ, Тоқ-тақ-тоқ. (Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату) Жылдам келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ, тоқ-тоқ. (Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату) Барлық бала күтіп	саусақтарға кигізілетін маскалар. Көркем сөз. Достарды жинайық, Мұнараны құрайық. Үлкені үстіне орташасын, Оның үстіне кішкентай данасын, Қоямыз да Дананы қуантамыз. **(сөйлеуді дамыту)** **Пирамидаларды құру жаттығулары.** Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана. Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту. **(танымдық дағдылар)**	**"Лото" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды. Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар. **(танымдық дағдылар)**	шақырасың. **(сөйлеуді дамыту)** **"Суретті жина" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету. Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер. **(математика негіздері)**	**"Үй салу" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды үлгіге қарап, үйді құрастыруға машықтандыру; қиялды, зейінді дамыту; ұсақ моторикасын дамыту. Ойын құралдары. "Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Тәрбиеші өз ойларынан үйлер құрастыруды ұсыну мүмкін. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**

	қалды: Алақан, алақан! (Алақандарды жайып, өзара уқалау) Қуанышпен қарсы алады: - Алақай! Алақай! (Алақандармен шапалақтау) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**				
Таңертеңгі жаттығу **8.45-8.55**	**Таңғы жаттығу: "Достық".** Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос, (Қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес, (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес, Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіру, босаңсыту) **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **8.55-09.30**	**Гигиеналық дағдылар** "Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Кесе, шыны, пияла. Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.30-10.15	**"Біздің көшедегі үйлер" тақырыбындағы суреттерді қарау.** Мақсат-міндеттер: балаларды әңгіме құрастыруға дағдыландыру, сөздік қорларын дамыту, өз ойларын толық жеткізуге үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**	**"Біз қайда болдық - айтпаймыз..." ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, есте сақтауын, қиялдық ойлауын дамыту. Балалар таңдаған жүргізуші есіктен шығады, ал қалған балалар мұғаліммен бірге кімді немесе нені бейнелейтінін келіседі. Содан кейін жүргізуші кіріп: "Бізге қай жерде болғаныңызды айтыңыз, не істедіңіз?" Балалар жауап береді: "Біз қайда болғанымызды айтпаймыз, бірақ не істегенімізді көрсетеміз" (егер олар акцияны бейнелеуге келіскен болса) немесе "біз кімді көргенімізді көрсетеміз" (егер олар жануарды	**"Үйді салғым келеді" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Үйді салғым келеді, (Шапалақтау) Қабырғасы керегі, (Шапалақтау) Қабат-қабат кірпіштер (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру) Қатар-қатар кезегі. (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру) Шатыр болса төбесі, (Қос алақандар ұштарын	**"Қалпақ және кішкене таяқша" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды мұқияттылыққа, ептілікке тәрбиелеу. Ойнаушылар шеңбер жасай тұрады. Ойын бастаушы белгіленеді, ол кішкене таяқшаны алады да шеңбердің ортасында тұрады. Тәрбиеші оның басына қалпақ кигізеді. Қалпақ баланың мұрнына дейін кигізіледі, көздеріне тимей-ақ, оның көзін жабады. Балалар қолдарын ұстасып, шеңбер бойымен жүгіреді де: «Бір, екі, үш, төрт бес — кішкене таяқша тықылдайтын болады» - дейді. Бұл уақытта ойын басқарушы жүресінен отырып	**Құрылыс туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздерді жаттау.** Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сауқтау, ойлау қабілеттерін дамыту. 1. Ер қадірін ер білер, Зер қадірін зергер білер. 2. Жігіт адамға жетпіс өнер де аз. 3. Қазаншының өз еркі Қайдан құлақ шығарса. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

		бейнелесе) және т.б. Ойын барысында мұғалім балаларға жануарлардың немесе заттардың өзіне тән белгілерін табуға және оларды мәнерлі жеткізуге көмектеседі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою) Ұшбұрыштай жебесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою) Терезелер - көзайна. (Көздерді ашып-жұму) Мен ғой - үйдің иесі. (Алақандарды өз кеудесіне салу) Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	кішкене таяқшамен еденді тақылдатады. Балалар соңғы сөзбен тоқталады, ал ойын басқарушы кішкене таяқшасын балалар жаққа сілтейді. Кішкене таяқша кімді нұсқаса, сол кішкене таяқшаның ұшынан ұстайды да, ойын басқарушының атын атайды, ал ойын басқарушы кім оны атады, соны табуы керек. Жаңа ойын бастаушымен ойын қайталанады. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.15	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Менің қалам" Мақсат-міндеттер: Балаларға қала туралы түсінік беру,қаланың құрылысы туралы әңгімелеу,құрылыс шылар туралы айту.	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Құммен ойнаймыз" Мақсат-міндеттер: Балаларды еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту;	**Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Туған қалам" түрлі-түсті тұзды қамырдан тақырыптық мүсіндеу. Мақсат-міндеттер: Қаламызда әр-түрлі үйлер, көшелер, дүкендер,	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Құм қалашығы" Мақсат-міндеттер: Балалардың құм туралы білімдерін бекіту,құммен қарапайым тәжірибе жасай білу; қолдың ұсақ моторикасын	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Біздің әсем қала" Мақсат-міндеттер: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын

		алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын жетілдіру; қораз туралы білімдерін толықтыра отырып, қораздың дыбысталуын тыңдату; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту.	дәріханалар, кинотеатрлар бар екендігі туралы елестетулерді дамыту; тұзды қамырдан төртбұрышты, тікбұрышты, үшбұрышты заттар (дүкен, үйлер, кеңселер, кмнотеатрлар) жасауды үйрену; мүсіндеу тәсілдерін бекіту (тарту, тегістеу); үлгіні елестетуді, қиялдауды дамыту; өз қаласына деген оң көзқарас тудыруға, өз қаласына деген мақтаныш сезімімен қарауға тәрбиелеу.	дамыту, қиял мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету; табиғатқа ұқыпты қарауға, қоршаған ортаға қызығушылық танытуға тәрбиелеу.	арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу.
Серуенге дайындық 10.15-10.30	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.30-11.50	**Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру,**	**Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	**Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру,**	**Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған**	**Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**

	сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру. **Бақылау барысы.** Тәрбиеші көшеде кетіп бара жатқан көліктерге қарауды талап етеді. Жеңіл көлік қай жерде жүреді. (Жерде.) Бізге көлік не үшін керек? (Жұмысқа, қонаққа, мектепке бару.) Балалар, көліктер әр түрлі болады. Көшеде біз көптеген көліктерді көреміз, көліктер ұзақ жол бойымен ағылып кетіп жатады. **Еңбек әрекеті:** құрғақ бұтақтарды жинау, ауланы	Мақсат-міндеттер: балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін бақат; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін,мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге болады. Жұмбақ. Көзі жасты – жылауық, келе	**сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: құстар (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) туралы жалпы мағлұматтар беру; жылы жаққа ұшып кететін құстар (қарлығаш, көкек, бұлбұл) туралы түсінікті тиянақтау. - Балалар, қандай құстарды білесіңдер? - Құстар немен қоректенеді? - Жылы жаққа ұшып кететін құстарды білесіңдер ме? - Құстардың жазғы тіршілігі қандай? - Құстардың қандай түрлерін білесіңдер? - Құстар қандай дыбыс шығарады? Тақпақ. Бөдене, бөдене, Бұғып қалып көдеге, Ұстатпайды қусам	**ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап бере білуге баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу. - Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме? - Ендеше бүгін біз сендермен ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз. - Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді. Сонымен жазда қоқыстарды жинап аула сыпырса, ал қыста басқаша. Қыста қар күрейді. **"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды	Мақсат-міндеттер: ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту. Желдің нашар, күшті жақтарын ажырата білуге үйрету; қандай белгілері бойынша желдің күштілігін анықтау қажет екенін түсіндіре білу: ағаш қозғалса күшті жел, шөп тербелсе әлсіз жел. Жазғы желді қысқы желмен салыстыра білуге үйрету. Жұмбақ. Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қонады. (Жел.) Тақпақ. Желдет, желдет! Баласын жылат, Жетіқара, дауылдат! Тайтерісін қалтырат, Өрісін құлат, Науа-астауын жылтырат!

	сыпыру. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке үйрету; бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. **"Түрлі-түсті көліктер" ойыны.** Мақсат-міндеттер: заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. Құралдары: балалардың кеуделеріне ілінетін таңбалар (түрлі-түсті машинар), рөлдер. **"Тауық пен түлкі" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту. **Дене тәрбиесі**	жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.) Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. **"Не жөнінде айтылады?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: сипатты белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). **"Дөңгелек лапта" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер:	да, Тойғызар ем бедеге. **"Ұшты - ұшты" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуге үйрету. Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды. Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді. Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды. Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады. Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты –	шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы	**"Қол ұстасып жүру" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай бір жағына); ұжымдық сезімге тәрбиелеу. **Еңбек әрекеті:** үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен). **(еңбек дағдылары)** Үй өсімдігін отырғызуды бақылау. Мақсат-міндеттер: жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауға үйрету. **"Ойлан, асықпа" ойыны.** Мақсат-міндеттер: зеректікке, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.

	бойынша жекелей жаттығулар. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: екі аяқпен бір орында секіру, дұрыс қозғалу. **Балалардың еркін ойыны.**	екі топқа бөліне білуге үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту. **Еңбек әрекеті:** құрап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс. **Балалардың еркін ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.	десе, қолдарын қимылдатады. Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды. **"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды.	бала өзі жалғастырады. **Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу. **"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжуда мұқиятты болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Құралдары: үш-төрт шеңбер. **Балалардың еркін**	Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне - айқын, ыстық,жарық...; «аспан» сөзіне - бұлт, көгілдір, жаңбыр сәйкес келетін сөз табу. Тапсырма. Су бойынша желдің күштілігін анықтау. **"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер. **Балалардың еркін ойыны.** Ойында балалардың өз бетінше бір бірімен араласа білуін, өзінің іс әрекетімен

			Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар. **Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету. **Балалардың еркін ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.	**ойыны.** Мақсат-міндеттер: өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау; ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу.	қылығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе алмайтынын көрсетуге үйрету.
Серуеннен оралу 11.50-12.00	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				

Түскі ас **12.00-13.00**	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз! Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз! Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**				
Күндізгі ұйқы **13.00-15.30**	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары **15.30-15.50**	Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Ұйқымызды ашайық "Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф". "Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу. "Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас **15.50-16.10**	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40**	**"Сөз ойла, тез ойла" ойыны.** Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру, тілдерін дамыту. Көрнекі құралдар: әртүрлі дыбыстар жазылған үнтаспа,	**"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-	**"Қуыршақты серуенге шығарайық" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау.	**"Не өзгерді?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікті бағдарлауды дамыту, есте сақтауды, қиялды дамыту. Құрал-жабдықтар:	**"Ою саламыз" саусақ жыттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету

	дыбыстар иелерінің суреттері Ойын барысы. Тәрбиеші бір дыбысты тыңдатады. Балалар сол дыбысты және ненің дыбысы екенін ажырату қажет. **(сөйлеуді дамыту)** **"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.** Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу. Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, ойыншықтар, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер. Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатуға	қиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы). Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі. **(сөйлеуді дамыту,**	Сөздік қорларын байыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Мозаика", "Басқатырғыш" үстел ойындары.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(танымдық дағдылар)** **""Қысқы және жазғы ойын-сауықтар" лотосы" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жазғы және қысқы ойын-сауықтар жайындағы түсініктерін нығайту; екі топқа бөлуге дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту. Құралдары: жазғы	"Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы. Ойын барысы: Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға қарауға ұсынады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші балалардан көздерін жұмуларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып, жасырып қояды. Балалардан көздерін ашуды сұрап, не өзгергенін сұрайды. Балалар жауап береді. Ойын осылай жалғаса береді. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** **"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер:	қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу) Оюды саламыз: Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау) Дөңгелек, (Шеңбер салу) Ирек, (Толқындар жасау) Қанат, (Қос қолмен бұлғау) Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету) Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау) Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **"Өз үйіңді тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: Балаларды биік-

	болады. Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары сатып алушылар. Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді. Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру)** **"Үйшік" ертегісі бойынша үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ертегіні мұқият тыңдап, көруге үйрету, кейіпкерлерді тануға, ертегіге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	және қысқы ойын-сауықтар туралы сурет-карточкалар. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы. "Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады. Педагог алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді. Педагог балаларды	аласа, үлкен-кіші, оң жақта, сол жақта - деген ұғымдарды айтуға, бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Қажетті құралдар: «Ағаштардың бейнесі». Үйлердің суреттері. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе “үйін” тағайындайды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағаштың сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады. Ойынның соңында әр топтың

				автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші автобусты "жүргізеді". Педагог аялдамаларды жариялап жатады. жолаушылар кіріп, шығып жатады. Үлкендерге орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	балаларын мадақтап отырады. **(танымдық дағдылар)**
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен 16.50-17.50	**Кешкі серуен кезінде көліктерді бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен**	**Аспан мен бұлттарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен**	**Құстарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру,**	**Гүлдейтін өсімдіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру,**	**Желді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**

	таныстыру) Мақсат-міндеттер: көліктің адамды, жүкті тасымалдау үшін керектігін түсіндіріп, түрлі көліктердің атауын жатқа білуге ынталандыру. Көліктердің алуан түріне назар аударту. Адамдарға арналған көліктердің маңыздылығы туралы білімдерін бекіту. **"Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне кедергі келтірмей, әртүрлі бағытта жүгіруге үйрету; оларды белгіні мұқият тыңдауға және ауызша белгі бойынша қозғалысты бастауға үйрету.	**таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: аспанның ашық не бұлтты болғанын, бұлттардың аспанда ұшатынын байқауға бейімдеу; зияткерлікке тәрбиелеу. Әр түрлі табиғи құбылыстармен танысуды жалғастыру. Ауа-райының қандай екенін ажыратуға үйрету (ашық, бұлтты бұлттар, жаңбыр). **"Қимыл ойлап табу" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ой-қиялды, вестибуляр аппаратын дамыту. Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ол	**сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: жаздағы құстардың тіршілігі туралы түсініктерді толықтыру; құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу. Аудағы жаңадан ұшып келген құстарды байқау, атау, ерекшеліктерін салыстыру. **"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір	**сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге ұқыпты қарауға үйрету, гүлзардағы өсімдіктерге күтім жасау дағдыларын бекіту. **"Кім жылдам?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу. Құралдары: белбеу. Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі ойыншы бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан соң ойын жүргізуші екеуінің аяғының арасына ұзыннан ұзақ белбеу тастайды да "бір,	Мақсат-міндеттер: "жел"ұғымын бекіту; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Желді күні қандай өзгерістер болатындығына назар аударту. Балалар жалауларға қарап, желдің қай жаққа есетінін бақылайды. Жел соғады бетімізге, Тербеледі ағаштар. Тыныш - тыныш отырыңдар, Биік - биік ағаштар. **"Жел көбік" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: шеңберде ойына білу қабілетін, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге

	"Кегльді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. **Еңбек әрекеті:** құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді. Әдемі шеңберде, Билейік кең жерде. Қолдармен ұстасып, Бәріміз жұптасып. Бірігіп достасып, Бір орында ұстасып, Осылай етіп істейік. Мәтінді айтып бітер кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушыны ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді.	қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "-шығалар" немесе "-лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын	екі, үш" деп санайды. "Үш" деген де кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені. Бұл адамның өз денесін еркін меңгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа ойыншылар шығады. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс болады. Ең соңында жеңген екі ойыншы қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады. **"Қандай гүл екенін ойлап тап?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды сипаттама бойынша гүлдерді ойлап табуға; гүлдерді айыра білулерін бекіту.	қосылып олар мына өлеңді айтады. Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрып, қайтадан шеңберге тұрады, ойын қайтадан басталады. **"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын

		"Бағбан мен гүлдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ептілік пен шапшаңдықты дамыту, алаңның қарсы бөлігіне қуғыншыдан асқан ептілікпен қашып өтуге үйрену. **Дене тәрбиесі бойынша жекелей жұмыс:** кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар. **(дене шынықтыру) Еңбек әрекеті:** ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	көп қосып алса, сол топ жеңеді. **Құралдары:** екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар. **Еңбек әрекеті:** құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. **"Себетке допты лақтыр" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты	**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. **Еңбек әрекеті:** құм салғыштың бетін ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп,

			жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар. Балалардың еркін ойындары.		үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. **"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: Биік емес бөрене үстімен жүріп,екі аяқты бүге отыра секіруге үйрету. **Еңбек әрекеті:** ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа тәрбиелеу.

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30**	Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру.	"Отбасындағы еңбек тәрбиесі"тақырыбында ата-аналармен әңгіме.	Ата-аналарға арналған "Дұрыс сөйлеуді үйрету" жаднамалары.	"Балаларға - ойыншықтар" науқанын өткізу	"Демалыс күндері баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру"тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Ботақан» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі : 12.06. - 16.06.2023ж.

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**12.06. - 16.06.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	12.06.2023	**13.06.2023**	**14.06.2023**	**15.06.2023**	**16.06.2023**
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.45	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Бөлме өсімдіктерін күту.** Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу,	**Аквариумдағы балықты қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап,	**Бөлме өсімдіктері жапырақтарының шаңын сүрту.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауға	**Кітаптарды кітап бұрышындағы сөрелерге дұрыс орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін	**Ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, қолынан келгенше көмек көрсетуге дағдыландыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**

	күтуге деген қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолқабыс танытуға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	балықтарға жемді үгітіп, шашып, қамқорлық жасау ниеттерін туғызу. **(еңбек дағдылары)**	машықтандыру; аспидистра, фикустің жалпақ жапырақтарын сүлгімен сүрту техникасына жаттықтыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	бағалауға, кітаптарды қатарға ретпен қоюға ынталандыру; еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	
	Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы. Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ". Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты. Жердің екі бетіне Жеті жеңін жауыпты. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Баулар" үстел үсті ойыны.**	**"Қандай ойыншық жасырынған?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. Балалар бөлменің бұрышында тұрады. Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады. Балалар теріс қарап көзін жұмады,тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да "болды", деген де балалар жалаушаны іздейді.	**"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. Тәрбиеші қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрайды. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады. **(танымдық**	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты мәнерлеп айтуға деген қызығушылығын арттыру; артикуляцияны, сөйлеу қабілетін дамыту. "Бақа туралы". Жап-жарық жылы күнде, Жап-жасыл шөп үстінде, Жап-жасыл көйлек киген Бақа бізге былай деген: - Бадырақпын, Бақылдаймын.	**"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. Тәрбиеші қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрайды. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **"Жел көбік" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету. Балалар бір-бірінің қолынан

Балаларды қабылдау 8.00-8.45	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	"Жаз және балалардың қауіпсіздігі" атты кеңес.				
Балалардың дербес	**Үстелдердің**	**Құрылыс**		**Ойыншықтарды**	**Кітап бұрышын**

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**жанына орындықтарды қою.** Мақсат-міндеттер: орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалына игерту; балаларды еңбекке дағдыландыру, ересектерге көмектесуге үйрету. **(еңбек дағдылар)**	**материалдарын контейнерлерге жинап, салу.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. **(еңбек дағдылар)**		**сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылар)**	**тазалау** Мақсат-міндеттер: құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, реттікті орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету. **(еңбек дағдылар)**
	Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы. Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. **"Күнім, күнім..."** Күнім, күнім, қайдасың? Түннен бері шығасың.	**Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту. Күн денесін құрайық, (Алақандарды жоғары көтеріп, оңға-солға бұраңдау) Қолды жайып бұрайық, Саусақтармен жыбырлап,		**Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; артикуляцияны, есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. **Көркем сөз. "Зымыран".** Биік-биік көк аспан, Көк аспанда сұр қыран.	**Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ". Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты. Жердің екі бетіне Жеті жеңін жауыпты.

	Сенімен бірге оянамын, Жылы нұрыңа шомыламын. Оянамын, жаттығамын, Балабақшаға барамын. Нұрыңа толған алаңға Достарымды шақырамын. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Жел көбік" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап,	(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу) Сәулелерді шашайық. Саусақтармен жыбырлап, (Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу) Сәулелерді шашайық. Шапалақты қағайық, (Шапалақ қағу) Көңілді болайық. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер".** Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру,		Сұр қыраннан озады Ғарыштағы зымыран. Басы үшкір, бұрыштай, Жылтырайды қылыштай, Күміс құстай зуылдап, Ұшып кетті зымыран. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **Үстел үсті ойыны: "Түстерін тап"** Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту. Үстелге түрлі-түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары	Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Жел көбік" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады: Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді

	жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады: Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп	ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету. Тәрбиеші балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**		қаратып қою. Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады. **(танымдық дағдылар)**	кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады. **(дене шынықтыру)**

	тұрады, ойын қайта басталады. **(дене шынықтыру)**				
Таңертеңгі жаттығу **8.45-8.55**	**"Достық" жаттығуы.** Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (Қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес. (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес. Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **8.55-9.30**	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Балаларға тамақтану ережелерін еске түсіру арқылы, ас ішу дағдыларын қалыптастыру. Асты толық дұрыс шайнауға үйрету. *Көркем сөз* Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық **09.30-10.15**	**"Күн" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға	**Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.** Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату,		**"Жұбыңды тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыш, шапшаң болуға, кеңістікті бағдарлауға баулу.	**"Сыпайы бол" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту)**

	дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Алақанды ашамыз, Жарқын күнге қараймыз. (Балалар алақандарын алға созады, және ырғақпен жоғары-төмен бұрады) Бізге жылу бере ғой, Күш, қуатым тасысын. (Өздеріне шақырғандай саусақтарын қимылдатады) Саусақтарым жатпайды, Ешбір тыным таппайды.(Саусақтарын бүгіп, қайта ашады) Тук-тук, балғалар, (Еңкейіп, кезек-кезек жұдырықтарымен тізелерін ұрады) Хлоп-хлоп,	аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету. **(музыка)** **"Шапалақты тыңда" ойыны.** Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау. Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады. - Қанша дыбыс естідіңдер? **(дене шынықтыру)**		Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек. Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар. Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады. **(танымдық дағдылар)**	**"Ою саламыз" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу) Оюды саламыз: Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау) Дөңгелек, (Шеңбер салу) Ирек, (Толқындар жасау) Қанат, (Қос қолмен бұлғау) Гүлдер, (Алақандарды

	алақандар, (Тізелерін алақандарымен қағады) Оп-оп, секіреді қояндай, (Бүгілген саусақтарымен тізелерін қағады). **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**				жайып, тігінен көрсету) Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау) Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-.10.15	**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Шуақты күн" Мақсат-міндеттер: Күн сәулесінің барлық жер жүзін жылытатыны туралы білімдерін кеңейту; күннің сәулесісіз тіршілігі жоқ екенін түсіндіру; балалардың сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту; күннің жер бетіндегі тіршілікке қажет екендігі туралы түсінік	**Дене шынықтыру** "Тепе-теңдікті сақтайық" Мақсаты: Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу		**Сурет салу** "Орманға жидек теруге барамыз" Мақсаты: Балаларды жидектері бар бұталар бейнеленген үйлесімді композиция құруға үйрету; бейнелейтін заттың орналасу мағынасын түсінуді меңгерту; кеңістікті бағдарлау дағдыларын, көру қабілеттерін дамыту; Табиғатты аялауға, тиянақтылыққа тәрбиелеу. *Жеке сүйемелдеумен*	**Музыка** "Күнбағыс" Мақсаты: Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті дамыту; өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті қабылдауды дамыту. *"Күннің көзі және бұлт" дидактикалық ойыны.*

	қалыптастыру.	дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын, гимнастикалық орындықтың үстімен жүру техникаларын жетілдіру.		*дербес әрекет.* **"Көркем әдебиет ""Мақтаншақ қоян"" ертегісі Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнын түсініп, тыңдай білуге, ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз қылықтарын көрсете алуды түсіндіру; ертегіні мазмұндай алуға, рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету; ойын, қиялын, тілін, сөздік қорын дамыту; тазалыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: ""Не жақсы, не жаман?""."**	
Серуенге дайындық 10.15-10.30	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				

Серуен **10.30-11.50**	**Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. Күн терезен қарайды, Бізге шуақ шашады, Біз шапалақ соғайық, Күнді қарсы алайық!	**Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік өсімдіктерді қоректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ"		**Жаңбырдың жауғанын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: жаңбырдың пайда болу құбылысын түсінуге мүмкіндіктер жасау; бақылағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру; оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көрсету. - Балалар, ақ жауын мен нөсер жауын бірдей ме? Жұмбақ шешуге үйрету. Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын.	**Ақ қайыңды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: қайынның белгілерін атай білу, басқа ағаштардан айырмашылығын ажырата білу, қайынның әдемілігін айту. Ересектермен бірлескен жұмыс түрлері. Бақшадағы көкеністерді бақылау және қарау. Мақсаты: Топтық жұмысқа үйрету және дағдыларын қалыптастыру. **"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке,

	Еңбек әрекеті: құм салғышты құммен толықтыру. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: кішкене шелектермен таза құмды құмсалғышқа төгу әрекетіне тарту; қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу. **"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа,	деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады. Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі. **Еңбек әрекеті:** майда қиыршық тастарды жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру. **"Түсін тап" ойыны. (танымдық**		Биіктен қайта түскенде, Өңі кірер даланың. **Көркем сөз.** Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр. Арық суы мол болсын. Өсімдіктер көп болсын. Жауған жерің шөп болсын Еңбек әрекеті: ауладағы қағаз,қоқыстарды жинау. **"Түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда зейінді дамыту, түстерді ажырата білу, белгі бойынша әрекет ету. Жүгіру, жүру жаттығулары. Балалар 3-4 түсті жалаушаларды алады	ұйымшылдыққа баулу. Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың

	ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып	**дағдылар)** Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру. Дене тәрбиесіндегі арналған ойын: балаларда екі аяғымен алға қарай секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру. **"Аттар"қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін,		және бөлменің әртүрлі бұрыштарында 4-6 адамнан тұрады, әр бұрыштқа тәрбиеші түрлі-түсті жалауша қояды. Тәрбиешінің белгісі бойынша "Серуендеуге барамыз!" балалар жан-жаққа тарайды. "Өз түстерінді тап!" - деген белгіні естігенде, балалар тиісті тудың жанына жиналады. Тәрбиеші қай топтың тез жиналғанын айтады. Ереже. Тудың қасынан белгі бойынша ғана шығу."Серуендеуге барамыз!". Тиісті түсті жалаушаның жанына жүгіру және жиналу "Өз түстерінді тап!" **Дене тәрбиесіне арналған ойын:**	туына шабуыл жасалады. Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландару. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. **Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштан түскен ұсақ бұтақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа,

	құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. Педагог балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. **"Жалаушаға жүгір" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісіне сәйкес іс-әрекеттерді орындау қабілеттерін дамыту, назар аударту, түстерді ажырата білу. Жүгіру және жүру жаттығулары. Дене тәрбиесіне арналған ойын: Балалардың қимыл-қозғалыстарын белгі	байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту. Балалар екі бірдей топқа бөлінеді. Біреулері – аттар болады, басқалары – шабарман болады. Шабарманның қолында -ауыздық. Аланның басқа жағында - аттар жайылатын жер, бұнда аттар тұрады, басқа жағында шабармендар. Тәрбиеші: "Шабармандар, тұрыңдар, тезірек аттарды дайындаңдар!" - дегенде шабармандар аттан түсіп, аттарды жайылымға жіберіп, өздерінің орындарына барады. "Шабармандар, аттарыңды ұстаңдар",- дегенде		балалардың алға қарай екі аяғымен секіруін дамыту. Белгі бойынша әрекет етіңіз, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру. **Балалардың еркін ойыны.**	бірлікке баулу. **Балалардың еркін әрекеті.**

	бойынша орындауын, әр түрлі бағытта жүгіру қабілеттерін дамыту. **Балалардың еркін ойыны.**	әрқайсысы өздерінің аттарын ұстайды. "Аттарыңды ат қораға апарыңдар",- дегенде апарады. Ойын 3-4 рет қайталанады. **Балалардың еркін ойыны.**			
Серуеннен оралу 11.50-12.00	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас 12.00-13.00	Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы 13.00-15.50	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	Оянайық бәріміз. Тәрбиешінің айтқанын орындайды. Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымиыңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер, Іштеріңді тартыңдар, Көңіл күй көтерілді, Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар, Жұдырықты қысыңдар,				

	Енді біраз ашыңдар, Керіліңдер, созылыңдар, Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас **15.50-16.10**	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40**	**"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар,	**"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ой-қиялын дамыту. Жүргізуші. 1 нұсқа. Тәрбиеші жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді. 2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды		**"Скафандр киеміз" кимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтін мәніне, ырғағына сай қимылдауға жаттықтыру; дене мүшелерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Арманшыл баламыз, (Бас бармақтар жоғары көтеру) Ғарышкер боламыз. (Қолдарды жұдырықтарға жинау, шынтақтарды бүгу) Бір аяқты өткізіп, (Қол белде, аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру)	**"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту. Жүргізуші. 1 нұсқа. Тәрбиеші жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді. 2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды

	лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). Педагог балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады. Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер"сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы	қайталайды. 3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту; коммуникативті біліктерді дамыту. Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары. Тәрбиеші балаларға: "Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей		Екіншіні саламыз. (Қол белде, екінші аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру Қолды жеңге өткізіп, (Бір қолды шынтақта бүгіп созу) Солды жеңге өткізіп, (Екінші қолды шынтақта бүгіп созу) Сыдырманы жүргізіп, (Бір қолмен сыдырманы жүргізген болы қимылдату: төменнен жоғарыға жүргізу) Киеміз скафандрды. (Екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне қойып, екі бетті екі алақанмен жауып, баспен шайқау) Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, балақай! Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, балақай! **(сөйлеуді дамыту,**	қайталайды. 3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек. **(дене шынықтыру)** **"Киімді тазалау үйі" сюжет-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: киімді күту амалдарынмен таныстыру; балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбекке баулу; киімді жуу немесе тазалау, кептіру, үтіктеу, бүктеп салу әрекеттеріне дағдыландыру. Құралдары: щеткалар, үтіктегіш, үтіктер, киімдер үлгілері, сөрелер,

	құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Біз естиміз-жасаймыз"ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтін бойынша естіген сөздерді, қимылмен көрсету дағдыларын дамыту. **(дене шынықтыру)**	тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік", - дейді. Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы, балалардан сұрайды. Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ онда тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар сипаттап, айтып береді. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**		**дене шынықтыру)** **"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**	пластик тегештер, қыр қысқыштар, киімді ілетін жіп. Үтіктейміз киімді, Қыртыстарын жазамыз. Кірлеп қалса киімдер, Кір жуу машинасына саламыз. Г. Кужагулова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен 16.50-17.50	Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру.				

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30**	"Баланың ауыстыратын киімі" туралы ата-аналармен әңгімелесу.	"Абайлаңыз, жәндіктер!" атты ата-аналарға арналған жаднамалар.		"Абайлаңыз, қолымызды таза ұстайық" атты ата-аналарға арналған жаднамалар.	"Баланың демалыс күндері" атты әңгіме.

Тексерілді

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Ботақан» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі : 01, 03.07. - 07.07.2023ж.

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**01, 03.07. - 07.07.2023ж.**					
Апта күндері	***Сенбі***	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	01.07.2023	**02.07.2023**	**03.07.2023**	**07.07.2023**		
Күн тәртібі						
Балаларды қабылдау 08.00-08.45	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**					
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарды толғандырып жүрген сұрақтарына жауап беру.					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасай білу қабілетін дамыту;	**"Топтың ішін ретке келтір".** Мақсат-міндеттер: балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафта тұрған	**Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу.** Мақсат-міндеттер: балаларды құралдарды жинауда	**Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын		

	аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту. **(еңбек дағдылары)**	ойыншықтар мен құралдарды реттеп, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)**	үнемшілдік тәртібін сақтауға тарту; басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру; балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. **(еңбек дағдылары)**		
	"Қарама-қайшылық" ойыны. Мақсат-міндеттер: сөздік қорларын кеңейту, қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолдануға үйрету. Ойын құралы: доп. Тәрбиеші белегілі бір сөзді айтады: мысалы - "ауыр" деген сөзді	**"Кім сені шақырды, тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: басқа адамды дауысынан тануды үйрету. Күрделенген нұсқасы: дауыстарды тануға шыққан баланың басына шляпа кигізу, қалған балаларға оны шақырту.	**"Не өзгерді?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: зейінді, ойлауды дамыту. Бір топ бала жиналып, қолдарына түскен әр түрлі заттарды үстел үстіне жайып тастайды. Олардың саны аса көп болмауы қажет. Ойын жүргізуші ол	**"Кім сені шақырды, тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: басқа адамды дауысынан танып үйрету. Құрал: арнайы құрал керек емес. Ойын барысы: Балалар шеңбер жасап тұрады. Біреуі ортаға турып көзін жұмады.		

	айтады да бір балаға допты лақтырады. Допты қағып алған бала, ауыр затты айту қажет. Жауап бергеннен кейін допты, қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді. Мысалы: ауыр - тас, жүк; шыны - ыдыс, әйнек, т.с.с.. **(сөйлеуді дамыту)** **"Өрмекші" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды санамақ мәтінінің мәніне сай қимылдар жасауға дағдыландыру;	Құрал: арнайы құрал керек емес. Ойын барысы. Балалар шеңбер жасап тұрады. Біреуі ортаға турып көзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада турған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге турады – шақырған бала ортаға турады. **(дене шынықтыру)** **"Қарақат" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың қол	заттардың аттарын атап шығады. Ал ойыншыларға сол заттардың қайсысы ненің қасында ненің қасында және қандай қалыпта жатқанын, олардың түр-түстері қандай екенін көріп алуға 5-10 секунд уақыт беріледі. Осыдан кейін ойыншылар бөлмеден шығарылады немесе теріс қарап отырады. Осы кезде ойын жүргізуші бірнеше заттың орнын тез-тез ауыстырып, кейбіреуін тығып қояды. "Үстелдің үстіне қандай	Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада турған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге турады – шақырған бала ортаға турады. **(дене шынықтыру)** **"Орманшы" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діңі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы білімдерін бекіту.		

	есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Күні бойы еңбекпен (Оң қолдың бас бармағы мен сол қолдың сұқ саусағының ұштарын түйістіреді, керісінше қайталайды; сол қолдың бас бармағы мен оң қолдың сұқ саусағы), Өрмекші өрмек тоқиды (Саусақтарын сыртылдатады), Нөсер тек кенет селдеткен (Оң алақанмен сол қол алақаның үстінен	ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Өлең мазмұнына сай қимыл жасау. Қалсам егер тығылып, Қалың шөптің астында. Таба алар деп кім біліп, Жұрт көзінен қаштың ба? Торсиған бал уызға Кіп-кішкентай қарақат. Салып қояр ауызға, Болса егер бала тап. (С. Мәуленов) **(сенсорика, сөйлеуді дамыту)**	өзгерістер болды?" - деген сұраққа кім дұрыс әрі толық жауап берсе, сол ойын жүргізуші болып, әрі қарай жалғастырады. **(сөйлеуді дамыту)** **"Жел көбік" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберде жүріп, бірлесіп ойнауға, сөздерге сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; ұйымшалдыққа тәрбиелеу. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене	Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады. **(қоршаған ортамен таныстыру)**		

	тез «сырғанап түседі), Еңбегін оның жоқ қылды (Барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақандарына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді «күн» жасайды), Күн шықты қайта жарқырап (Екі қол алақандарын беттестіре жоғары көтеріп біресе оңға, біресе солға иіледі), Құрғады тез-ақ төңірек (Барлық саусақтардың ұштарын түйістіре, тез-тез кезектестіре бір-біріне соғады), Өрмекші өрмек тоқуға		тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өленді айтады. Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өленді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді			

	Кірісті, дереу, тезірек. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**		ұсынады: балалар орындарынан тұрып, қайтадан шеңберге тұрады, ойын қайтадан басталады. **(дене шынықтыру)**			
Таңертеңгі жаттығу 8.45-8.55	Тәрбиешінің артынан шеңбер бойында жай жүру, Аяқтың ұшымен жүру. БҚ – аяқты алшақ қойып, қолды төменде, 1- қолды алға созамыз. 2- қолды жоғары көтереміз. 3- бірінші қалыпқа келеміз. (3-4 рет) БҚ – аяқты алшақ, қолды белге қойып, "Сағаттың тілі". 1- оңға иілеміз 2- солға иілеміз Бірнеше рет қайталаймыз.(5-6 рет) БҚ – аяқты алшақ, қолды төмен басымызбен оңға, солға иілу. (4-5 рет) "Қарлығаш" болып ұшамыз "Қоян" сияқты секіреміз. Жай жүру, дем алу. **(дене шынықтыру)**					
Таңғы ас 8.55-09.30	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.					

	Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар рақмет айтып тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.30-10.15	**Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. "Күнім, күнім..." Күнім, күнім, қайдасың? Түннен бері шығасың. Сенімен бірге оянамын,	**"Қатып қал" ойыны.** Мақсат-міндеттер: еркін қозғалыстарды дамыту. Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактіне қозғалады. Кенеттен әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін әуен қайта	**"Мұқият бол" ойыны.** Мақсат-міндеттер: мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. Тәрбиеші шеңбердің жанында тұрады, оны барлық балалар көреді. Оның қолында 3 сурет: балық, тастар және балдырлар. Тәрбиешінің белгісі бойынша	**"Ақ шамшық" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың		

	Жылы нұрыңа шомыламын. Оянамын, жаттығамын, Балабақшаға барамын. Нұрыңа толған алаңға Достарымды шақырамын. Д. Ахметова. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады. **(дене шынықтыру)**	(ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. Педагог кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсетеді: 1. Балықты көрсеткен кезде, балалар шеңбер бойымен қолдарын сермеп баяу жүгіреді. 2. Тастарды көрсеткенде, балалар тізелерін құшақтап отырады. 3. Балдырларды көрсеткенде, балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі. Қай бала	алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәт сақина тас алған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды. **(дене шынықтыру)**		

			қателеседі, сол бала ойыннан шығып қалады. **(сөйлеуді дамыту)**			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.15	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Орман жидектерін теремiз" Мақсат-міндеттер: Орманда өсетін және орман өсімдіктері туралы білімдерін бекіту. Жидектер туралы сөздік қорларын белсенділендіру, нақтылау.	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Дәмді тосаптар" Мақсат-міндеттер: Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру; бөренеңің үстімен тез адымдап жүру дағдыларын дамыту; жидектерден жасалатын тосаптар туралы білімдерін арттыру; оқу қызметіне қызығушылықтар	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Тосапты неден қайнатамыз?" Мақсат-міндеттер: Балалардың жидектер туралы, олардың сыртқы түрінің ерекшеліктері, өсу орындары туралы, олардың түрлерімен, адам өміріндегі пайдасымен таныстыру; жидектер мен олардан жасалатын өнімдердің атауларына	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Ән салған кім?" Мақсат-міндеттер: Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды		

		ын ояту.	байланысты сөздік қорларын байыту, "жидектер" туралы жалпылама түсініктерін қалыптастыру; еске сақтау, байланыстырып сөйлеу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Жидегі бар себет" Мақсат-міндеттер: Есу әдісі арқылы ермексаздың кішкене бөлшектерінен жидектер, себет мүсіндеуді үйрену; сөйлеуді,	қабылдаудың тұтастығын дамыту.		

			логикалық ойлауды, зейін қоюды, жұмбақ шешуді үйрету; ермексазбен жұмыс кезінде ұқыптылыққа тәрбиелеу.			
Серуенге дайындық 10.15-10.30	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**					
Серуен 10.30-11.50	**Күннің көзін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларға күн туралы мағлұматтарын кеңейту. Балаларға күннің сәулесі, жылуы туралы айту. Көркем сөз: Күн шыққанда: Алақай, алақай! Күн шықты күн	**Аспанды және бұлтты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды аспанды бақылауға баулу, аспанды "бұлтсыз" немесе "бұлтты" деп ажыратуға дағдыландыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға	**Шие ағашын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: шие ағашымен таныстыру (құрылымын, гүлденуін бақылау); өсімдіктерге деген қызығушылықты арттыру. Бақылау барысы: Бақ ішінде шиелер,	**Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау (ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау) (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен		

	шықты! Жер үстінде нұр шықты! **"Күн - түн" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша қимылдауға дағдыландыру; тәулік ерешекліктері жайындағы түсініктері пысықтау; ұйымшылдықпен ойнай білуге баулу. Балалар көңілді шеңбер жасап тұрады. Жүргізуші: "Күн" - десе балалар қозғалып жүреді, қимылдайды. "Түн" - десе балалар	аспанның әсемдігін көруге үйрету; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін айту керек. Бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту. Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге болады. Табиғаттың	Бар жемісі бағалы Көрген адам таңданар, Көздің жауын алады - Балалар, бұл шие ағашы. **Еңбек әрекеті: құрғақ бұтақтар мен құс шие гүлдерін жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларды еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге тәрбиелеу. **"Қоңызды (көбелекті) гүлге қондыр" ойыны.** Мақсаты: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу қабілеттерін жетілдіру;	айырмашылықтарын анықтау. Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік өсімдіктерді қоректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады.		

	қимылсыз, ұйқыға кеткендей қатып қалады. Осы сәтте бір бала ойын шартын бұзса, ойыннан шығарылады. Дұрыс ойнаған балалармен ойын жалғасын табады. **"Қасқыр мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын желісі, шарты бойынша баулу, белгі бойынша бір аймаққа жиналып және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа, зеректікке тәрбиелеу.	әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. **"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа,	кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. Құралдары: түрлі түсті гүлдердің және дәндіктердің кескіндері (ламинадталған). Педагог алдын-ала түрлі түсті гүлдердің кескіндерін алаңға шашыратып жайып салады. Балалар өздеріне ұнаған қоңызды, көбелекті алып, белгі бойынша түсі бірдей гүлге жүгіріп барып, жәндікті гүлдің үстіне қондырады. Ойынды бірнеше рет қайталауға болады. **"Қапты көлденең нысанға лақтыру"**	Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі. **Еңбек әрекеті: майда қиыршық тастарды жинау.** Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру. **"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай,		

	Педагог балалармен бірге "қасқырды" таңдайды. Қалған балалар "қояндар" болады. Педагог белгісінен кейін "қояндар" әртүрлі бағыттарда жүгіріп, қасқырдан қашады. "Қасқыр" ұстап алған "қояндар" саны 5-6-ға жеткенде, "қасқыр" ауысады. Құралдары: "қояндарға" медальондар, "қасқырға" маска. **Еңбек әрекеті:** ауладағы қураған жапырақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа,	жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады. - Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек?	**жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: дәлдікке, епті"кке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру. Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар. Балалардың еркін ойындары. **Еңбек әрекеті: ауладағы қураған жапырақтарды жинақтау.** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу. **Балалардың еркін әрекеті.**	тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді.		

	бірлікке баулу. **Балалардың еркін әрекеті.**	Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қаіупсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс. **"Көбелекті ұстап алу" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**		Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, оларды қуалап, ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша		

		Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша орнында секіру қимылдарына дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, жигер-күшін, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. ойын барысында педагог балаларды бір затты (көбелекті) ұстап алу мақсатында жоғары секіруге жаттықтырады. Педагог нұсқауларында секіріп, орнына қайта түсуде тепе-теңдікті сақтап, құлап қалмауды ескеру керек. **"Не жөнінде**		баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады. **"Түсін тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру. Дене тәрбиесіндегі арналған ойын: балаларда екі аяғымен алға қарай секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру. **Балалардың**		

		айтылады" дидактикалық ойыны. Сипатты белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білу (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). Балалардың еркін ойыны. Балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. **Еңбек әрекеті: ағаштан түскен қураған ұсақ бұтақтарды жинақтау.** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу. **Балалардың еркін әрекеті.**		**еркін әрекеті.**		

Серуеннен оралу 11.50-12.00	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.					
Түскі ас 12.00-13.00	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар рақмет айтып тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**					
Күндізгі ұйқы 13.00-15.50	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.					
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	Бойымызды жазайық Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық Ұйқымызды ашайық! **(дене шынықтыру)**					
Бесін ас 15.50-16.10	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа	**"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікті	**"Қапшықта не бар?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың	**"Қуыршақты серуенге даярлайық" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер:	**Дамытушы ойын. "Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз".**		

әрекеттер) **16.10-16.40**	бағдарлай алуға үйрету, есте сақтауды, қиялды дамыту. Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы. Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға мұқият қарауды талап етеді. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші сұрайды балалардан көздерін жұмып, артқа қарауларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды.Балаларға сұрақ қояды. Қандай өзгерісті байқап тұрсыңдар	сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сөйлеуді дамыту, балалардың сөздік қорын байыту. Құрал-жабдықтар: ойыншықтар. Тәрбиеші балалардың кез-келгенінен көздерін жұмуды немесе жабуды сұрайды және қапшыққа балаларға таныс ойыншық немесе зат салады. Ойыншылар тәрбиешінің не салғанын көреді, бірақ үндемеуі керек. Олар көзі жұмулы досына жасырынған затты сипаттап берулері тиіс. Бала қолын қапшыққа салып,	балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту және толықтыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Үстел үсті ойындары: "Басқатырғыш", "Құрастырғыш" .** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)** **"Айырмашылықты тап" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер:	Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту. Жүргізуші. 1- нұсқа. Тәрбиеші жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды. 3-нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек. **(қоршаған**		

	деп?». Балалар жауап береді. Ойын ары-қарай жалғаса береді. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Үстел үсті театры "Бауырсақ" ертегісі.** Мақсат-міндеттер: балаларды ертегіні мұқият тыңдауға және көруге, кейіпкерлердің жақсы қасиеттерін көруге, ертегілерге деген сүйіспеншілікті арттыру. **(көркем әдебиет)**	ойыншықты сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса, бала оны өзіне алады, егер жоқ болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **"Бауырсақ" ертегісі.** Мақсат-міндеттер: ертегі мазмұның балалардың естеріне түсіріп,сұрақтарға толық жауап берулерін қадағалау. Тіл байлықтарын дамыту. Артистік өнерге машықтандыру, дауыс ырғағын	ұқсас жұп заттарды, суреттерді салыстырып, олардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу қабілеттерін, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Барысы. Салыстыруға бірінші зат немесе сурет балаларға біраз уақыт көрсетеді. Содан кейін екінші зат не суретке көңіл аударылады. Басты міндет - заттардың не суреттердің несімен ұқсамайтынын айту. **(қоршаған ортамен**	**ортамен таныстыру)** **"Жидек теремiз" рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жидекке шығу, шөп, бұта арасынан іздеу, теру, себепке салу әрекеттеріне машықтандыру; жидекті теру үшін еңбек керектігін түсіндіру; коммуникативті қабілеттерді дамыту. Құралдары: себеттер, жидектердің нақпішіндері. Ойын аула жағдайында ұйымдастырылса, алдын-ала шығып, бұтақтарға жұмсақ қызыл		

		өзгерте отырып, кейіпкерлердің дауысына сала білуге үйрету. Ойын барысы: Автор: Ерте-ерте-ертеде шал мен кемпір тұрыпты. Бір күні шал кемпіріне айтады. Шал (1-бала): Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берші. Кемпір(2-бала): Неден пісірейін? Ұн жоқ қой. Шал: Әй, кемпір, қойманың түбін қырып көрсең. Бір бауырсақ пісіретін үн табылар. Автор: Кемпір солай істеді. Қойма түбін қырып-қырып екі уыс ұн табады да. Қаймақ қосып,	**таныстыру)**	түсті қағаздан шиыршықтарды (жидектерді) жапсырып, шөп арасына шашыратып қоюға болады. **(қоршаған ортамен таныстыру)**		

		қамыр илейді. Бауырсақты майға пісіріп, терезе алдына суытуға қояды. Жата-жата жалыққан бауырсақ терезе алдынан домалап түсіп, жолға шығып, домалап кетеді. Жолда домалап келе жатса, алдынан қоян шығады. Қоян (3-бала): Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! Бауырсақ (4-бала): Жоқ, сен мені жеме, қоян, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші. Әже қойма қырнаған, Екі уыс ұн жинаған, Қаймаққа илеген,				

		Майға пісірген, Терезе алдына суытқан, Бауырсақпын домалақ! Атадан кеттім, Әжеден кеттім, Қоян сенен де кетемін! Автор: Бауырсақ алға қарай домалап кетеді, қоян қалып қояды. Бауырсақ орман ішіиен домалап келе жатқанда, алдынан қасқыр шығады. Қасқыр (5-бала): Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! Бауырсақ: Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші. Бауырсақтың әні.				

		Автор: Бауырсақ домалап кетеді. Қарсы алдынан қорбандап аю шығады. Аю(6-бала): Әй, бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! Бауырсақ: Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші. Бауырсақтың әні. Автор: Бауырсақ домалап кетеді, аю қалып қояды. Бауырсақ зымырап келе жатса, алдынан түлкі шыға келеді. Түлкі (7-бала): Амансың ба, бауырсақ! Көргендерге ұнайсың, қандай әдемісін! Автор: Бауырсақ				

		қуанып, өлеңін айта бастайды. Түлкі болса тыңдаған болып, білдірмей бауырсаққа жақындап отырады. Бауырсақ: Әже қойма қырнаған, Екі уыс ұн жинаған, Қаймаққа илеген, Майға пісірген, Терезе алдына суытқан, Бауырсақпын домалақ! Атадан кеттім, Әжеден кеттім, Қоян сенен де кетемін! Түлкі: Әдемі өлең екен! Айналайын, бауырсақ, мен қартайдым, құлағым естімейді ғой. Кәне, менің тұмсығыма				

		отырып, өленді тағы бір айтып берші. Автор: Бауырсақ мақтағанға мәз болып, түлкінің тұмсығына шығып, өленін айта бастағанда, түлкі бауырсақты «ап!» деп жеп қояды. **(көркем әдебиет)**				
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.					
Серуен 16.50-17.50	Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру.					
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30**	"Жазғы кезеңдегі балалардың қауіпсіздігі" тақырыбында кеңес беру.	"Бірге жаттайық" жаднама.	"Халық шығармашылығы " жоба жасау.	"Балалардың демалыс күндерін дұрыс ұйымдастыру" кеңес беру.		

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Ботақан» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі :10.07. - 14.07.2023ж.

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**10.07. - 14.07.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	10.07.2023	**11.07.2023**	**12.07.2023**	**13.07.2023**	**14.07.2023**
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 08.00-08.45	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті	**Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттер: балаларға	**Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.** Мақсат-міндеттер:	**"Топтың ішін ретке келтір".** Мақсат-міндеттер: балаларды	**Бөлме өсімдіктерін күту.** Мақсат-міндеттер: балаларды	**Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.** Мақсат-міндеттер:

ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге байқап құю, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға үйрету.	балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру.	ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафта тұрған ойыншықтар мен құралдарды ретттеп, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.	өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу (құрап қалған жапырақтарды алып тастау), күтуге деген қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолқабыс танытуға тәрбиелеу.	балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту.
	"Көлікті жүргіземіз" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тақпақта айтылған сөздердің мәніне, ырғағына сай қимылдауға бейімдеу; артикуляцияны, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Біздің арман көрікті - Жүргіземіз көлікті.	**"Зат неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны** Мақсат-міндеттер: геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту. Тәрбиеші геометриялық	**"Жайлы үй" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды үйдегі әртүрлі заттармен таныстыру, оларды жалпы белгілері бойынша жіктеуге үйрету; Ойынға 30 суретті карточка кіреді. Олардың 25-інде әртүрлі заттар бейнеленген. 5 карточка жалпылама болып табылады,	**"Саусақтар-ойыншықтар" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Саусақтарым, ойыншықтарым	**"Үлкен - кіші" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін, зейінін дамыту. Балалар 2 топқа бөлінеді. 1 – ұлдар (текшенің ең кішкентайынан үлкеніне қарай), ал 2 – қыздар командасы (керісінше, доптың ең үлкенінен кішісіне қарай рет-ретімен қояды). Керісінше:

	"У-у-у!" - деп, мотор дыбыстайды, "У-у-у!" - деп, тоқтамайды. Рөлді мықты ұстаймыз, Аяқпен басып, газдаймыз. "Ту-ту-у!", шығамыз жолға, "Ту-ту- у!", бәрі алда. Д. Ахметова. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** **«Үшіншісі артық» ойыны.** Мақсат-міндеттер: басқаларына сәйкес келмейтін затты (геометриялық пішінді) алып тастау немесе боямау керек және топты жалпылама сөзбен атау қажет. Есту арқылы жұмыс	пішінді немесе геометриялық денені балаларға көрсетеді, ал балалар оның қоршаған ортадағы қандай затқа ұқсайтындығын табады немесе естеріне түсіреді. Тәрбиешінің үстелінің үстінде геометриялық пішіндерді немесе заттар мен суреттер жатыр. Бала суретті не затты таңдай отырып, оның қандай пішінге ұқсайтындығын айтады. Өзінің жауабын түсіндіреді. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** **"Ою саламыз" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер:	олардың әрқайсысы заттардың өз тобын анықтайды: киім, аяқ киім, ыдыс-аяқ, жиһаз, ойыншықтар. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** **Санамақты мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Екі көз бен қос құлақ, Бір бас пенен бір мұрын. Нешеу болды қос шырақ,	(Саусақтарды керіп, алақандарды көрсету) Ойнап-ойнап қалады, (Саусақтармен кезектеп жыбырлау) Шапалақтап, шапалақтап, (Шапалақ қағу) Жасырынып қалады. (Жұдырықтарға жұму) - Қане, шық жұдырықтан! (Жұдырықтарды босатып ашу, саусақтарды көрсету) Қане, тұр түзу сапқа! (Алақанды жаю, саусақтарды бір тік жинау) Ойнап болдық, тамаша! (Шапалақтау) Іс жасайық жаңаша! (Сұқ саусақты бұлғау) **(сөйлеуді дамыту)**	Үлкен текшеге – кішкентай көлікті қою керек. Кішкентай текшеге – үлкен көлік қою керек. **Көркем сөз.** Достарды жинайық, Мұнараны құрайық. Үлкені үстіне орташасын, Оның үстіне кішкентай данасын, Қоямыз да Дананы қуантамыз. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **Пирамидаларды құру жаттығулары.** Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана. Мақсат-міндеттер: ұсақ қол

	жасау: тәрбиеші сөздер айтады да, солардың ішінде басқаларға сәйкес келмейтінді бөліп көрсетуді сұрайды, мысалы: 2 шеңбер, 1 төртбұрыш (пішін бойынша), 2 қызыл пішін және 1 жасыл пішін (түс бойынша). **(танымдық дағдылар)**	балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу) Оюды саламыз: Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау) Дөңгелек, (Шеңбер салу) Ирек, (Толқындар жасау) Қанат, (Қос қолмен бұлғау) Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету) Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау) Д. Ахметова.	Санап шығар кім бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің ... Нешеу болды қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! Сұқ саусағым суға барды, Ортаң қолым орақ орды. Аты жоғым ағаш жарды, Жұмсамапты алақаным, Тек шынашақ-балапанын. (М. Қуанышбеков) **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**	**"Лото" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға суреттер тізбегін жинау. Жүргізуші таңдалады. Қалған балалар аяқ киім,киім және т. б. бейнеленген суреттерді таңдайды. Қалған суреттерді араластырып, қалтаға салып қояды. Жүргізуші бір суретті алып, оны басқа балаларға көрсетеді. Қай бала бірінші болып жинап, өз тізбегін құрайды, сол бала жеңіске жетеді. **(танымдық дағдылар)**	моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту. **(сенсорика)**

		(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)			
Таңертеңгі жаттығу 8.45-8.55	1. Көлбең-көлбең, көлеңкем. Көлбеңдеген көлеңкем. Аю қалай жүреді? Кім көрсете біледі? Аю былай, жүреді оны бәрі біледі. Бір қатармен жүру, аяқтың екі шетіне басып, аю сияқты қорбаңдап жүру. (1 мин) а) Көлбең-көлбең, көлеңкем. Көлбеңдеген көлеңкем. Түлкі қалай жүреді? Кім көрсете біледі? Түлкі былай, жүреді оны бәрі біледі. Бір қатармен жүру, түлкі сияқты бұлаңдап жүру (1 мин) б) Көлбең-көлбең, көлеңкем. Көлбеңдеген көлеңкем. Қоян қалай жүреді? Кім көрсете біледі? Қоян былай, жүреді оны бәрі біледі. Біт қатармен жүру, қоян сияқты секіру. (1 мин) 2. Б.қ: тұрып аяқ арасы ашық иықпен 1- оң қолды көтеру, 2-сол қолды көтеру, 3-оң қолды жоғары көтеру, 4- сол қолды, 5- оң қолды жанға созу, 6-сол сияқты сол қолды, 7-төмен түсіру оң қолды, 8- сол қолды төмен түсіру. 6-8 рет. 3. Иілеміз оңға, иілеміз солға. Отырамыз, тұрамыз. Құс болып қанат қағамыз. (3-4) **(дене шынықтыру)**			
Таңғы ас 8.55-09.30	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз,				

	Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.30-10.15	**"Толқиды теңіз" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Балалар ойын алаңында айналып жүріп: "Толқиды теңіз бір, Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, Толқиды теңіз төрт" - сөз жолдарын айтады. Тәрбиеші белгісі бойынша: Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек. **(дене шынықтыру)**	**"Қарама-қайшылық" ойыны.** Мақсат-міндеттер: сөздік қорларын кеңейту, қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолдануға үйрету. Ойын құралы: доп. Тәрбиеші белгілі бір сөзді айтады: мысалы - "ауыр" деген сөзді айтады да бір балаға допты лақтырады. Допты қағып алған бала, ауыр затты айту қажет. Жауап бергеннен кейін допты, қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Ойын осылай жалғаса	**"Қимыл ойлап табу" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ой-қиялын, зейінін, қабылдау, пантомималық қабілеттерін дамыту. Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін бастаушы етіп тағайындайды. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді. Әдемі шеңберде, Билейік кең жерде. Қолдармен ұстасып,	**"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бұлттар құстай ұшады, (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Құстар бұлттай	**"Түймеше" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым, Соққылайды томпағым. Түймешені, түймешені, Басып, басып таппадым. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту,**

	"Зат неге ұқсайды?" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалар бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету. Құралдары: геометриялық пішіндерге ұқсайтын заттардың сурет-карточкалары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	береді. Мысалы: ауыр - тас, жүк; шыны - ыдыс, әйнек, т.с.с. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	Бәріміз жұптасып. Бірігіп достасып, Бір орында ұстасып, Осылай етіп істейік. Мәтінді айтып бітер кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушыны ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді. **(дене шынықтыру)**	ұшады, Көк аспанда, биікте, (Аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау) Қанат жайып, ұшады. Бұлттар құстай болмайды, (Саусақпен бұлғау) Құстар бұлттай болмайды. Бұлттар құстай бұтаға (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Қанат жайып қонбайды. (Саусақпен бұлғау) Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**көркем әдебиет)**
Білім беру ұйымының кестесі	**Құрастырудан ойын-жаттығу**	**Дене шынықтырудан**	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**	**Сурет салудан ойын-жаттығу**	**Музыкадан ойын-жаттығу**

бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.15	"Көгөністер арналған себеттер" Мақсат-міндеттер: Балаларды санау таяқшаларын пайдаланып, үлгі бойынша құрастыруды үйрету, көгөністер туралы білімдерін кеңейту, үлгі бойынша жұмыс істеу қабілетін дамыту, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу.	**ойын-жаттығу** "Қуырмаш" саусақ ойынын ойнаймыз Мақсат-міндеттер: Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүруге үйрету; бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру.	В. Маяковский "Жақсы деген немене, жаман деген немене?" Мақсат-міндеттер: Балаларға өмірдегі жақсы мен жаман қасиеттерді айыра білуге үйрету; тілдік қорларын молайту; ойлау қабілеттерін дамыту; жаман қылықтардан алшақ жүруге, жақсы игі істерге жақын болуға баулу, тәрбиелеу.	"Дәрумендер қайда жасырылған?" Мақсат-міндеттер: Балаларды сурет салу техникасы - штампингпен (мөр басу) таныстыру; бейнеленетін затқа сәйкес түстерді таңдай білу, бейнені берілген жазықтықта орналастыра білу біліктілігін қалыптастыруды жалғастыру; жемістер жайлы олардың пішіні, түсі жайлы білімдерін бекіту; алма мен алмұрт бақшада, ағашта өсетіні жайлы білімдерін терендету; ұқыптылыққа тәрбиелеу.	"Кел, би билейік!" Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.
Серуенге дайындық 10.15-10.30	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.30-11.50	**Ағаштар мен бұталарды бақылау.**	**Шырша ағашын бақылау. (қоршаған**	**Құстарды бақылау (торғай, көгершін).**	**Бұталарды бақылау (жұпаргүл,**	**Жәндіктерді бақылау. (қоршаған**

	(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту табиғатты қорғауға тәрбиелеу Ағаштарды бұтағын, жапырақтарын қарау; кейбір ағаштар жапырақтарының пішіндері ұқсамайтынын байқату, қай ағашқа жататынын анықтату. **Еңбек әрекеті: балабақша ауласындағы сынған бұтақтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: тазалыққа, қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Педагог қауіпсіздік ережелері жайында	**ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: шырша ағашы туралы жалпы түсініктерін тиянақтау; балалардың сөздік қорын толықтыру; ағаштар әлеміне деген қызығушылықты арттыру. Балаларды шыршаға жақын апарып, ол туралы тақпақ, жұмбақтарын еске түсіріп айту. Басқа ағаштар қыста жалаңаш тұрғанда, ал шырша қысты күні ерекше сұлу екендігін аңғарту. Шыршаны қашан болмасын тамашалап қарауға болады. Себебі ол әрқашан жап жасыл. Шырша	**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Көркем сөз Торғай, торғай тоқылдақ, Жерден тары шоқып-ап Бөтегесі томпиып Шиқ-шиқ етіп отырар. Торғай-торғай тоқтаған, Торғайды торғай мақтаған. Бір торғай ұшса боранда, Бәрі жабылып жоқтаған. Бақылау. Құстар немен қоректенеді, қайда мекендейді, пайдасы қандай туралы білімдерін толықтыру. **"Құстар және түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**	**итмұрын, қара жемісті шетен, мойыл). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: бұталар жайында түсініктерді кеңейту, оларды атауға машықтандыру; ағаштар мен бұталардың негізгі айырмашылығын көруге бейімдеу. Көркем сөз Табиғат ол анамыз, Табиғатқа баламыз. Құшағында ойнаймыз, Шаттық әнге саламыз. Жазда аралап тауын да, Барамыз біз бауына. Өзеніне шомылып, Жүгіреміз жауында. Аулада өсетін бұталарды тани білу,	**ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: жәндіктер әлеміне деген қызығушылықты арттыру; шыбынның тіршілігі жайында мәлімет беруде, оның адамға жасайтын зиянын түсіндіру. Жұмбақ Шидім, шидім, шидім құс, Ши басына қонған құс. Қарқаралы қара құс, Хан басына қонған құс. (Шыбын) Жаз мезгілінде шыбын-шіркейлерлің өмір сүруін, олардың тастар мен жапырақтардың астына тығылуын бақылау, қорытынды жасау. Шыбын даладағы

	ескерту керек. **"Өз ағашыңды тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: табиғатты аялауға тәрбиелеу; ағаштарды ажыратуға бейімдеу. **"Менің сүйікті ағашым" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың өздерінің сүйікті ағаштарын есте сақтап, суретін салып әңгімелеуге үйрету. Балалардың еркін ойыны. **"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-	өте пайдалы ағаш, ол ауаны тазартып, денеміздің сау болуына көмектеседі. Жасыл желек жамылған Міне,сұлу шыршамыз Инелері тағылған Қандай сұлу шыршамыз! **Еңбек әрекеті: ауланы ағаштардан құрап түскен жапырақтардан тазарту.** Мақсат-міндеттер: тәрбиешіге көмектесуге тәрбиелеу; бастаған істі аяғына дейін жеткізуге бейімдеу. **"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша	Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір жерге жиналуға дағдыландыру; ойын барысында кейіпкерлердің рөлін аяғына шейін сомдауға, бір-біріне соғылмай қимылдауға, ережені бұзбауға жаттықтыру; достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Түлкіні" педагог тағайындайды. Ойын барысында балалардың алаңда секіру, жүгіруді мүмкіндіктері қадағаланады. **Еңбек әрекеті: құстарды тамақтандыру.** Мақсат-міндеттер:	яғни 2-3 түрлі: жапырағына, діңіне қарап, бұталарды ажырату, ерекшеліктерін айта білу (бұталардың бойы төмен, діңі жіңішке), атауларын; өсетін орнын (орман, жазық дала, бақ). Балаларға бұталардың жанынан өткен кезде, қауіпсізді сақтау ережелерін түсіндіру. **"Тығылмақ" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды аулада тығылмақ ойнауға, шыдамдылыққа тәрбиелеу; ойын ережелерін бұзбай, өз бетінше ойнату. **"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**	заттарға қонып, адамның үйіндегі ыдысқа қона жүретінін көрсету. Соның нәтижесінде іш құрылысына зиян келтіру мүмкін. Басты ереже: шыбынды үйге кіргізбеу, ыдыс-аяқ мен тағамдарды жабық жерге қою, жеміс-көкөніс, жидектерді жуу. Ауа райының салқындауы байланысты жәндіктер жоғалатынын айту. **"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, үлкен

	жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар. **Балалардың еркін ойындары.**	ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады. - Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар	құстарға деген қамқоршылыққа тәрбиелеу. Педагог кепкен нанды үгітіп, табаққа дайындап қояды. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. Балалардың еркін ойыны. Ойыншық-тербеткіш, әткеншекте. Басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен	Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер. **Еңбек әрекеті: ауладағы жұмыс.** Мақсат-міндеттер: өз бетінше талдарды суаруға дағдыландыру; өсімдікке деген қамқорлыққа тәрбиелеу, үлкендерге көмек беру. **Балалардың еркін ойыны: құммен ойнау.** Мақсат-міндеттер: құммен ойнауға жағдай жасау, балалардың қызығушылығын арттыру.	шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан

		ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс. **"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүге отыра секіруге үйрету. **Балалардың еркін ойындары.**	татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойындары.**		бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. Педагог балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. **"Көбелекті ұстап алу" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бір затты (көбелекті) ұстап алу мақсатында жоғары секіруге дағдыландыру; тепе-

					теңдікті сақтауға бейімдеу; достарымен жақсы қарым-қатынаста болуға, тәрбиелеу. **Еңбек әрекеті: гүлзардағы гүлдерді суару.** Мақсат-міндеттер: өз міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға тәрбиелеу; өсімдіктерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Құралдары: су құйғыш. **Балалардың еркін ойыны: балалар жақсы көретін ойыншықтармен ойна.** Мақсат-міндеттер: ойын бойынша жолдастарымен бірігіп ойнауға бейімдеу.
Серуеннен оралу	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің				

11.50-12.00	түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас **12.00-13.00**	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы **13.00-15.50**	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары **15.30-15.50**	Ояндық па бәріміз? Бір-бірімізге қараймыз. Күлімдейміз бәріміз. Керіліп созылып, Ақырын қане тұрамыз. Орнымызда жүреміз, Енді доп болып секіреміз. Адымдап жүреміз. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас **15.50-16.10**	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	**"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны.**	**"Матрешкаға қонаққа бару" ойыны.**	**"Менің дауысы?" дидактикалық ойыны.**	**"Сиқырлы қапшық" дидактикалық**	**"Өз үйіңді тап" дидактикалық ойыны.**

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40**	Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікті бағдарлай алуға үйрету, есте сақтауды, қиялды дамыту. Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы. Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға мұқият қарауды талап етеді. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші сұрайды балалардан көздерін жұмып, артқа қарауларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды.Балаларға сұрақ қояды. Қандай өзгерісті байқап тұрсыңдар деп?».	Мақсат-міндеттер: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. Қарапайым сюжетке біріктірілген әртүрлі ойыншықтармен әрекеттердің үлгісін беру. **(танымдық дағдылар)** **"Дәрігерге не керек?" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы түсініктерін тиянақтау, қолданатын құралдарды айтқызып, сөздік қорды жетілдіру; есте сақтау, ойлау, сөйлеуді қабілеттерін дамыту. Құралдары: дәрігер және басқа манадар	Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, оларды сөздерді нақты айтуға үйрету, екпінді дұрыс қою. Тәрбиеші жануарлардың дауыстарын салады.Балалар ненің даусы екенін анықтау керек. Мысалы, тәрбиеші "ква-ква-ква" деп қатты дауыстап: "Бұл не? "Балалар" бақа " деп жауап береді. Содан кейін тәрбиеші сол дыбысты ақырын айтады. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** **"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың	**ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды қолмен ұстап, сипап-сезу қабілетін дамыту. Тәрбиеші балалардың ортасына «Сиқырлы қапшық» әкеледі. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын «сиқырлы қапшыққа» салып, кез келген затты таңдап алып, қолын «сиқырлы қапшықтан» шығармаған бойы сол затты сипаттайды. Қалтадан қолын шығарып, затты көрсетеді. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	Мақсат-міндеттер: балаларды тапсырма бойынша өз үйлерін табуға үйрету; жылдамдыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Қажетті құралдар: ағаштардың бейнесі; үйлердің суреттері. Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе “үйін” тағайындайды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағаштың сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады. Ойынның соңында әр

	Балалар жауап береді. Ойын ары-қарай жалғаса береді. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **"Кімді тазалау үйі" сюжетт-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: киімді күту амалдарынмен таныстыру; балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбекке баулу; киімді жуу немесе тазалау, кептіру, үтіктеу, бүктеп салу әрекеттеріне дағдыландыру. Құралдары: щеткалар, үтіктегіш, үтіктер, киімдер үлгілері, сөрелер, пластик тегештер, қыр қысқыштар, киімді ілетін жіп.	қолданатын құрал-заттар немесе кесілген суреттер. Балалар дәрігерге қажет құралдарды іріктеп, атайды, не үшін қажет екендігін түсіндіруге тырысады. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). Педагог балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады. Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге"	**"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы. "Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады. Педагог алдын-ала автобуста жүру	топтың балаларын мадақтап отырады. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** **"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың үй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-құиялын даиыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар

	Үтіктейміз киімді, Қыртыстарын жазамыз. Кірлеп қалса киімдер, Кір жуу машинасына саламыз. **(қоршаған ортамен таныстыру)**		әкеледі, "шеберлер"сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	ережелерімен таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді. Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші автобусты "жүргізеді". Педагог аялдамаларды жариялап жатады. жолаушылар кіріп, шығып жатады. Үлкендерге орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	(балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі: кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы туралы. Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**

Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен 16.50-17.50	Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30**	"Балалардың жас ерекшелігіне сай ойындар" тақырыбындағы жаднамалар.	"Балалармен бірге ойнаймыз" тақырыбында кеңес беру.	"Ойнаймыз да ойлаймыз!" тақырыбында жаднама.	Ата-аналардың сұраныстары бойынша кеңестер.	"Демалыс күндеріндегі күн тәртібі" тақырыбында сұхбат.

Тексерілді

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы

Топ: «Ботақан» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі : 17.07. - 21.07.2023ж.

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**17.07. - 21.07.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	17.07.2023	**18.07.2023**	**19.07.2023**	**20.07.2023**	**21.07.2023**
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.45	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті	**Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттер: балаларға	**Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттер: балаларға	**Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.** Мақсат-міндеттер:	**Асхана бойынша кезекшілік. (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)**	**Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.** Мақсат-міндеттер:

ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге байқап құю, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға үйрету. **(еңбек дағдылары)**	ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. **(еңбек дағдылары)**	Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру. **(еңбек дағдылары)**	балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту. **(еңбек дағдылары)**
	"Сыпайы бол" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту)** **"Кемпірқосақ" ойыны.** Мақсат-міндеттер: ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар ортаға шығып түстерді	**"Лото" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көгөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атату. Ойын шарты: көгөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді –	**Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. "Күнім, күнім..." Күнім, күнім, қайдасың? Түннен бері шығасың.	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; көркем сөз үлгілеріне, ересектің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру. М. Әлімқұлов, "Аспаз". Біздің гүл бақшада,	**"Лото" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: жемістер мен көкөністерді топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету; зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: жемістер, көкөністердің

	айтады. Бір бала қарамай тұрып, қайсысы қандай түс айтқанын айтып береді. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	гүлзарларға орналастыру. Үш үлкен карточка-бақша, бау, гүлзар бейнеленген, көлімдері 8×8см карточкалар және көгөністер, жемістер, гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар. **(қоршаған ортамен таныстыру, танымдық дағдылар)**	Сенімен бірге оянамын, Жылы нұрыңа шомыламын. Оянамын, жаттығамын, Балабақшаға барамын. Нұрыңа толған алаңға Достарымды шақырамын. Д. Ахметова. **(көркем әдебиет)** **"Суретті құрастыр" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас бөлік құрауға үйрету. **(танымдық дағдылар)**	Бар әсем асхана. Бар онда аспазшы, Аққөңіл жақсы аға. Әлде, май құймақ па? Көже ме, сорпа ма? Әлде, бал қаймақ па, Тұрады ортада. Тәп-тәтті тамағы, Ағай – ас маманы. Пісіре білгенге, Астың жоқ маманы. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Бір сөзбен ата" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға көгөністерді, жемістерді жалпылауға және оларды бір сөзбен атауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**	суреттері бойынша. **(танымдық дағдылар)** **"Айырмашылықты тап" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер: ұқсас жұп заттарды, суреттерді салыстырып, олардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу қабілеттерін, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Барысы. Салыстыруға бірінші зат немесе сурет балаларға біраз уақыт көрсетеді. Содан кейін екінші зат не суретке көңіл аударылады. Басты міндет - заттардың не суреттердің несімен ұқсамайтынын айту.

					(танымдық дағдылар)
Таңертеңгі жаттығу 8.45-8.55	Таңғы жаттығу кешені 1. "Тартыламыз" ойыны. Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында Орындалуы: қолды жоғары көтеру, түсіру. Қайталануы: 4 рет 2. "Иілеміз" ойыны. Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде Орындалуы: алға иілу, қолды еденге тигізу, тіктелу Қайталануы: 4-5 рет 3. "Секір" ойыны. Б.қ.: еркін тұру Орындалуы: бір орында секіру Қайталануы: 6-8 рет, жүрумен алмастыру. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас 8.55-09.30	**Гигиеналық дағдылар** Балалардың беті мен қолын жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс ұстауды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.30-10.15	**Дамытушы ойын "Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз".** Мақсат-міндеттер:	**"Ақ шамшық" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа	**"Біз құсты іздейміз" ойыны.** Мақсат-міндеттер: бақылау, кеңістіктегі бағдарлауды дамыту. Тәрбиешінің қолында	**"Кім сені шақырды, тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: басқа баланың дауысынан танып үйрету.	**"Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды

	балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту. Жүргізуші. 1 нұсқа. Тәрбиеші жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді. 2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды. 3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	тәрбиелеу. Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәт сақина тас алған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	кішкентайдың құстың ойыншығы бар. Тәрбиеші құсты жасырады. Ал балалар оны іздеулері қажет. - Қанекей, ойынды бастаймыз. Көзімізді жұмамыз. Мен ойыншықты жасырамын. - Енді, іздеп, табыңдар. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	Құрал: арнайы құрал керек емес. Балалар шеңбер жасап тұрады. Біреуі ортаға тұрып көзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада тұрған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге турады – шақырған бала ортаға турады. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	қолмен ұстап, сипап-сезу қабілетін дамыту. Тәрбиеші балалардың ортасына "Сиқырлы қапшық" әкеледі. Қапшықта жемістер, көкөністер салынған. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын "сиқырлы қапшыққа" салып, кез келген затты таңдап алып, қолын "сиқырлы қапшықтан" шығармаған бойы сол затты сипаттайды. Түрін, түсін, дәмін барлығын айтып береді. Қалтадан қолын шығарып, затты көрсетеді. **(қоршаған ортамен таныстыру,**

					сөйлеуді дамыту)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.15	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** «Көгөністерден көже жасау» (дидактикалық ойын) Мақсат-міндеттер: Көгөністердің атауларымен таныстыру. Көгөністерді дұрыс айтуға үйрету. Көгөністердің аттарын жеке атап, жалпылау түсінігін қалыптастыру.	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Бірінші байлық-денсаулық" Мақсат-міндеттер: Балаларда гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту.	**Жапсырудан ойын-жаттығу** "Себеттегі көгөністер" Мақсат-міндеттер: Балаларды шаршы мен сопақшаның бұрыштарын дөңгелете кесуге үйрету; балалардың қайшыны дұрыс ұстау және шығармашылық жұмыстар жасау қабілеттерін нығайту; дүкен туралы түсінік беру; жапсыруға арналған бөлшектерді параққа өз бетімен жабыстыру қабілетін дамыту; ауызша нұсқауларды нақты орындау қабілетін дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту;	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Біздің көгөністер" Мақсат-міндеттер: Балалардың көгөністер туралы білімдерін бекіту, олардың атауларын нақтылау, түсін, пішінін, түр сипатынан ажырата білуге үйрету; байқағыштық пен қызығушылықтарын, байланыстырып сөйлеулерін дамыту; тірі табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Сиқырлы дәрумендер" Мақсат-міндеттер: Вокалдық, музыкалық және ритмикалық дағдыларды жетілдіру; шығармашылық белсенділікті дамыту. Музыкалық ойын барысында кейіпкердің мінезін қимыл-қозғалыс арқылы жеткізе білу, музыкалық аспаптарда қатты және тыныш дыбыстарды ажыратып ойнау қабілеттерін қалыптастыру.

			ұқыптылыққа, жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.		
Серуенге дайындық 10.15-10.30	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.30-11.50	**Бақшадағы көгөністерді бақылау (қызанақ). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды көгөністер туралы көп білуге ынталандыру; қызанақтың сыртқы ерекшеліктерін байқауға, атауға машықтандыру; көгөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсетінін, ағзаға аса пайдалы екенідігіне көз жеткізу. Қызанақтың тұқымын көрсетіп,	**Бақшадағы көкөністерді бақылау (қияр). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды көкөністер туралы көп білуге ынталандыру; қиярдың сыртқы ерекшеліктерін байқауға, атауға машықтандыру; көкөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсетінін, ағзаға аса пайдалы екенін түсіндіру. Қиярдың тұқымын көктемде ыдыстағы	**Күн шұғыласын (сәулесі) бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: күн туралы түсініктерді жетілдіру. Тәрбиеші өзінің жанына бір топ балаларды жинап, айнаның көмегімен күн шұғыласын қабырғаға түсіреді де: Қабырғаға елбеңдеп, Ойнайды сәуле құбылып. Ымдасаң болды «кел» деп, Жетеді демде	**"Қайда не өседі?" жаттығуы. Жеміс-жидектің өсетінін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларға бау-бақша мен бақшада өсіп жатқан жемістер мен көкөністерді байқап, ажыратуға дағдыландыру; жеміс-көкөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсіп, пісетінін түсіндіре отырып, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу. Балаларға жемістердің көбі	**Бақшадағы көгөністерді бақылау (сәбіз). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды көкөністер туралы көп білуге ынталандыру; сәбіздің сыртқы ерекшеліктерін байқауға, атауға машықтандыру; көкөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсетінін, ағзаға аса пайдалы екендігіне көз жеткізу. Сәбіздің ұсақ

	көктемде ыдыстағы топыраққа алдын-ала егіп, содан соң өскінін бақшадағы топыраққа салып, су құйып, суықта үстін пленкамен жауып, баптайтыны туралы айту. Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету. Балаларға сұрақтар қойып, түсін, пішінін, өзегі мен жапырақтарының ерекшелігін байқап атуға, ұстауда қандай әсер қалдыратытын анықтау. Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру. **Еңбек әрекеті: учаскедегі құрғақ**	топыраққа алдын-ала егіп, содан соң өскінін бақшадағы топыраққа салып, су құйып, суықта үстін пленкамен жауып, баптайтыны туралы айту. Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету. Балаларға сұрақтар қойып, түсін, пішінін, өзегі мен жапырақтарының ерекшелігін байқап атуға, ұстауда қандай әсер қалдыратынын анықтау. Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру. **Еңбек әрекеті:** ойын алаңын ағаштардан түскен құрғақ	жүгіріп. Сәл үзіліс жасайды да: "Сәулені ұстаңдар", - деген белгі береді. Балалар қабырғаға жүгіріп, қолға тұрмай жалтаңдап тұрған күн сәулесін ұстауға тырысады. **"Күн қояны" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсаты: тыныштандыру және елестетулерін дамыту - Күн қояны сенің көзіңе тура қарады деп елестетіңдер. Көздеріңді жұмыңдар. Күн қояны ары қарай жүгіріп өтті, алақандарыңмен ақырындап: маңдайларыңды, мұрындарыңды, ауыздарыңды, беттеріңді, иектеріңді	ағашта өсетінін, жидектер жерде өсетінін айту. Алма, алмұрт, шие, жүзім ағашта, бүлдірген, қарақат жерде өсетінін айту. Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру. Көркем сөз. Мен шиемін шиемін, Күннің көзін сүйемін. Мен өрікпін өрікпін, Айналаға көрікпін. Жеке жұмыс: жемістердің иісін, дәмін білуді ұғындыру, сұрау. **Еңбек әрекеті: бақшадағы көкөністерді суаруға баулу.** Мақсат-міндеттер:	тұқымын көрсетіп, көктемде ыдыстағы топыраққа алдын-ала егіп, содан соң өскінін бақшадағы топыраққа салып, су құйып баптайтыны туралы айту. Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету. Сәбіз суықтан қорықпайтынына көңіл аудару, күзге дейін өсетінін айту. Балаларға сұрақтар қойып, түсін, пішінін, жапырақтарының ерекшелігін байқап атуға, ұстауда қандай әсер қалдыратынын анықтау. Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға

	бұтақ-қоқыстарды жинау. Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге тәрбиелеу. **"Маған жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге баулу. Ойынды бастамас бұрын, педагог балаларды екі бағанға тізіп; алаңның бір шетіне тұрып, белгі бойынша екі баланы жарысып жүгіруге шақырады. Ойын аяқталғаннан кейін, балалардан кім жылдам жүгіргенін	бұтақтардан жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге үйрету. **"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа,ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің	сипаңдар. Оны шошытып алмай ұқыптап басты, ішті, қол, аяқты сипалаймыз. Күн қояны ол тентек емес, ол сендерді өте жақсы көреді және еркелетеді, оны құшақтаңдар. Балалар екі қолдарымен өздерін құшақтайды» Педагог: енді 1,2,3 деген кезде көздеріңді ашыңдар-дейді. Балалар көздерін ашады. Осы жақсы сезімдеріңді күні бойы сақтаңдар. **"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне	қарапайым еңбек дағдыларын дамыту. Құралдары: балаларға су құйғыштар. **"Қайсысы жеміс, қайсысы көкөніс?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: жеміс пен көкөністерді ажырата білуді пысықтау; іздемпаздыққа тәрбиелеу. Құралдары: себеттер, көкөністер мен жемістердің нақпішіндері. **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту;	қосатынын еске түсіру. **"Шеңберге дәл түсір" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Балалар ортада жатқан диаметрі 1-1,5 м үлкен шеңберден немесе дөңгелектен (жіптен немесе еденге сызылған) 2-3адам жерде дөңгелектеніп тұрады. Балалардың қолында құм салынған кішкене қапшықтар бар. Тәрбиешінің "Лақтыр!"- деген белгісі бойынша балалардың бәрі қапшықтарын шеңберге лақтырады. Одан кейін тәрбиеші: "Қапшықтарыңды көтеріңдер!" — дейді. Балалар қапшықтарын

	сұрауға, барлығын мақтауға болады. **"Бұлақтардан аттап өтейік" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: бір бағытта жүруде, аяқтарды жоғары көтеріп, тепе-теңдікті сақтап, кедергілерден аттап өтуге дағдыландыру; ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу. "Бұлақтарды" жерге көлденең сызып немесе жіптерді төсеп қоюға болады. **Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар:** жылдамдықты дамыту, бір-бірін итермей алаңда жүгіру. **Балалардың еркін ойыны.**	нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.	соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. " Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді.	ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдап жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен	көтереді де, орындарына барып тұрады. Ойын 4-6 рет қайталанады. **"Тышқан мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылдыққа үйрету. Бұл ойынға топ балалары бәрі тегіс қатыса алады. Балаларды дөңгелене тұрғызып,ортаға тәрбиеші көмегімен тышқанмен мысық сайланады. Мысық тышқанды қуып ұстап алуы керек. Дөңгелене тұрған балалар тышқанды яғни мысықтан құтқару үшін, қақпадан тышқанды шығарып жіберіп

		Педагог балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. **"Бұлақтан секіріп өтеміз" жаттығуы. (** Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан алға екі аяқпен секіре білу қабілетін дамыту; дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру, күш-жігерін дамыту. **Балалардың еркін ойындары.**	Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, оларды қуалап, ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады. **Еңбек әрекеті: жас ағаштар мен бұталарды суару, суару әдісін көрсету.** Мақсаты: қарайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. **Балалардың еркін ойыны.**	жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. **"Ұзын жол" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: бел бұлшық еттерін жаттықтыру; еңкеюде мұқияттылыққа тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойыны.**	мысықты шығармауға тырысады. Мысық тышқанды ұстау үшін шапшаңдық керек. Мысық тышқанды ұстап алса, ойынға келесі жаңа балалар қатыса отырып алмаса береді. **Еңбек әрекеті: ойын алаңымызды жинастыру.** Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын дамыту. **Балалардың еркін ойыны.**

Серуеннен оралу 11.50-12.00	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас 12.00-13.00	**Гигиеналық дағдылар** Балалардың беті мен қолын жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс ұстауды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы 13.00-15.50	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	Тәрбиешінің айтқанын орындайды. Көздеріңді ашыңдар, Беттеріңді сипаңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрыңдар, Іштеріңді тартыңдар, Алақанды сипаңдар, Жұдырықты жұмыңдар, Енді біраз ашыңдар, Керіл, созыл. Енді оян. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.50-16.10	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	**"Көліктер" сөздік ойыны.** Мақсат-міндеттер: жеке сөздерді қатты және ақырын	**"Матрешкаға қонаққа бару" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың	**"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді	**"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда	**"Өз үйіңді тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды тапсырма бойынша өз үйлерін

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40**				**"Кім қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: сөйлеуді дамыту, сөздерді дұрыс пайдалануға үйрету. Құрал-жабдықтар: жануарлардың ойыншықтары: әтеш, торай, балапан, мысық, күшік. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға аудиожазба арқылы жануарлардың дауыстарын тыңдатқызады. Тәрбиеші: - Кукареку! Бұл не? Қандай дыбыс	**"Тәртіпке келтір" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды "орнына қою", "орнына апару"етістіктерін қолдана отырып сөйлем құруға үйрету. Құралдар: түрлі-түсті текшелер жиынтығы (әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс) және 4 кішкентай түрлі-түсті қораптар. Ойын барысы: Тәрбиеші балалардың назарын текшелерге аударады және олардың қандай түс екенін сұрайды. - Енді сендер қуыршақтың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз (үстелге түрлі-түсті қораптар қойылады) - Қуыршаққа қараңыз, ол не

				шығарып тұр. Бұл әтеш. - Хрю-хрю-хрю... Бұл не? Торай. Ол қандай? жалқау. - Шиқ-шиқ... Бұл не? Балапан.Ол не істейді? Шиқылдайды. - Мияу-мияу... Бұл не? Мысық. Ол не істейді? Мяулайды. - Ав-ав... Бұл не? Ол не істейді? Үреді. **(сөйлеуді дамыту)** **"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды жалпы белгілер бойынша жіктеуге үйретуді жалғастыру, диалогтық сөйлеуді дамыту, өзара көмек сезіміне тәрбиелеу, балалардың сөздік қорын кеңейту, сенімділіктерін арттыру. Құрал-жабдықтар: дүкенде сатып алуға болатын барлық	істейді?(қуыршақ қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады) " - - Ия, ол қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады. Бұны қуыршақ жасады? -Сары текшелерді қай қорапқа салу керек? Сары қорапқа дұрыс айтасыңдар. - Сол сияқты, көк текшені көк қорапқа, жасыл текшені жасыл қорапқа салады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **"Аурухана"сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**

				ойыншықтар, сөрелер, сөмкелер, ақша. Тәрбиеші балаларға ойыншықтар дүкенін ыңғайлы жерде орналастыруды ұсынады. Сатушы тәрбиешінің өзі, сатып алушы балалар болады. Сатып алушылар дүкенге ойыншықтар үшін келеді, таңдайды, төлейді. Ойын барысында тәрбиеші балалардың дүкендегі мінез-құлықтың негізгі ережелерін білуіне назар аударуы керек. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен 16.50-17.50				**Көліктерді бақылауды жалғастыру.**	**Торғайды бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,**

				(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: балалардың назарын кешке балабақшаға келетін көліктерге аудару; байқағыштыққа тәрбиелеу. Бұл көліктердің көпшілігі -жеңіл көліктер. Жеңіл көліктер жайлы мәлімет беру. **"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог	**қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: торғай туралы түсініктерді жетілдіру; зеректікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. **"Мысық пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Алғашында "мысық" рөлін педагог атқарып, кейін балалар арасынан таңдалады. "Торғайлар" белгілі жерге жиналады немесе орындықтарға отырады; бұл жер "торғайлардың ұясы". Педагогтің: "Торғайлар, ұшыңдар! Жемді шоқыңдар!" деген нұсқау-белгісі бойынша

				"көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар. **"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды	балалар жүгіріп келіп, топғайлардың қимылдарына еліктеп, "ұшып жүргенін, отырып, жемді шоқығанын" көрсетіп, ойнайды. Педагогтің: "Абайлаңдар, мысық ыршып алмасың! (дегенге - балалар бастапқы орындарына, бір-біріне соғылмай жүгіреді. Балалардың белгілі орынға жүгіру барысында, олардың арасынан қолмен ақырын түртіп, "ұстап алуға" болады. Бұндай әрекетті "мысық" болған бала да жасай алады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Құралдары: "мысыққа" - маска, "торғайларға" медальондар. **Еңбек тапсырмасы:** құмды құмсалғыштың шетінен құмды ішке қарай сыпыру. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.

				екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар. **Еңбек тапсырмасы:** құраған жапырақтарды жинау. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30**				Ата-аналарды "Серуендеуге арналған ойыншықтар" науқанына қатысуға шақыруды ұсыну.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтау туралы ата-аналармен әңгіме.

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Қошақан» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі : 05.06. - 09.06.2023ж.

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**05.06. - 09.06.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	05.06.2023	**06.06.2023**	**07.06.2023**	**08.06.2023**	**09.06.2023**
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.45	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды	**Аквариумдағы балықты қоректендіру.**	**Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттер:	**"Топтың ішін ретке келтір".** Мақсат-міндеттер:	**"Кітап бұрышын тәртіпке келтір".** Мақсат-міндеттер:	**Ойыншықтарды жинау.** Мақсат-міндеттер:

ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Мақсат-міндеттер: тапсырылған іске қамқорлық, жауапкершілік сезімін дамыту. **(еңбек дағдылары)**	өсімдіктердің жарықтандыру мен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту. Сумен және өсімдіктермен жұмыс жасау кезінде ұқыптылықты, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға бейімдеу. **(еңбек дағдылары)**	балаларды шкафтарды, ойыншықтарды тазалауда ересектерге көмектесуге тарту (орындықтарды қатарға қою); еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)**	балалардың тазалыққа, тәртіпке деген ұмтылыстарын құптау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)**	балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан кейін орнына қоюға дағдыландыру; еңбексүйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**
	"Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны. ("Үйшік" ертегісі желісімен") Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бас бармақ – атам, Балан үйрек - әжем, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкентай бөбек – мен, Міне, менің барлық	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын маған ұнайды, Көп ойнауға болмайды. Күні бойы доп қусаң, Ақыл-білім қонбайды. **(сөйлеуді дамыту,**	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Үйге мықты қабырға керек, Адамға жылы үй керек. Жылы үйде тоңбайсың, Ойнайсың да ұйықтайсың. Көп шаруа	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Менің үйім осындай, Кең, жарық та қонақжай. Шақырамын, келіңдер! Көмектесіп жіберіңдер. Д. Ахметова.

	"Пойыз келе жатыр" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Пойыз келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ, Тоқ-тақ-тоқ. (Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату) Жылдам келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ, тоқ-тоқ. (Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату) Барлық бала күтіп	отбасым. Құралдары: саусақтарға кигізілетін маскалар. Көркем сөз. Достарды жинайық, Мұнараны құрайық. Үлкені үстіне орташасын, Оның үстіне кішкентай данасын, Қоямыз да Дананы қуантамыз. **(сөйлеуді дамыту)** **Пирамидаларды құру жаттығулары.** Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана. Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту. **(танымдық дағдылар)**	**көркем әдебиет)** **"Лото" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды. Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар. **(танымдық дағдылар)**	тындырасың Қонақты да шақырасың. **(сөйлеуді дамыту)** **"Суретті жина" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету. Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер. **(математика негіздері)**	**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Үй салу" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды үлгіге қарап, үйді құрастыруға машықтандыру; қиялды, зейінді дамыту; ұсақ моторикасын дамыту. Ойын құралдары. "Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Тәрбиеші өз ойларынан үйлер құрастыруды ұсыну мүмкін. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**

	қалды: Алақан, алақан! (Алақандарды жайып, өзара уқалау) Қуанышпен қарсы алады: - Алақай! Алақай! (Алақандармен шапалақтау) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**				
Таңертеңгі жаттығу **8.45-8.55**	**Таңғы жаттығу: "Достық".** Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос, (Қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес, (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес, Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіру, босаңсыту) **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **8.55-09.30**	**Гигиеналық дағдылар** "Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Кесе, шыны, пияла. Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке	**"Біздің көшедегі үйлер"**	**"Біз қайда болдық - айтпаймыз..."**	**"Үйді салғым келеді" саусақ**	**"Қалпақ және кішкене таяқша"**	**Құрылыс туралы мақал-мәтелдер,**

дайындық 09.30-10.15	**тақырыбындағы суреттерді қарау.** Мақсат-міндеттер: балаларды әңгіме құрастыруға дағдыландыру, сөздік қорларын дамыту, өз ойларын толық жеткізуге үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**	**ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, есте сақтауын, қиялдық ойлауын дамыту. Балалар таңдаған жүргізуші есіктен шығады, ал қалған балалар мұғаліммен бірге кімді немесе нені бейнелейтінін келіседі. Содан кейін жүргізуші кіріп: "Бізге қай жерде болғаныңызды айтыңыз, не істедіңіз?" Балалар жауап береді: "Біз қайда болғанымызды айтпаймыз, бірақ не істегенімізді көрсетеміз" (егер олар акцияны бейнелеуге келіскен болса) немесе "біз кімді көргенімізді көрсетеміз" (егер олар жануарды бейнелесе) және т.б. Ойын барысында мұғалім балаларға жануарлардың	**жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Үйді салғым келеді, (Шапалақтау) Қабырғасы керегі, (Шапалақтау) Қабат-қабат кірпіштер (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру) Қатар-қатар кезегі. (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру) Шатыр болса төбесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою) Ұшбұрыштай	**жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды мұқияттылыққа, ептілікке тәрбиелеу. Ойнаушылар шеңбер жасай тұрады. Ойын бастаушы белгіленеді, ол кішкене таяқшаны алады да шеңбердің ортасында тұрады. Тәрбиеші оның басына қалпақ кигізеді. Қалпақ баланың мұрнына дейін кигізіледі, көздеріне тимей-ақ, оның көзін жабады. Балалар қолдарын ұстасып, шеңбер бойымен жүгіреді де: «Бір, екі, үш, төрт бес — кішкене таяқша тықылдайтын болады» - дейді. Бұл уақытта ойын басқарушы жүресінен отырып кішкене таяқшамен еденді тақылдатады. Балалар соңғы сөзбен тоқталады,	**нақыл сөздерді жаттау.** Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сауқтау, ойлау қабілеттерін дамыту. 1. Ер қадірін ер білер, Зер қадірін зергер білер. 2. Жігіт адамға жетпіс өнер де аз. 3. Қазаншының өз еркі Қайдан құлақ шығарса. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

		немесе заттардың өзіне тән белгілерін табуға және оларды мәнерлі жеткізуге көмектеседі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	жебесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою) Терезелер - көзайна. (Көздерді ашып-жұму) Мен ғой - үйдің иесі. (Алақандарды өз кеудесіне салу) Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	ал ойын басқарушы кішкене таяқшасын балалар жаққа сілтейді. Кішкене таяқша кімді нұсқаса, сол кішкене таяқшаның ұшынан ұстайды да, ойын басқарушының атын атайды, ал ойын басқарушы кім оны атады, соны табуы керек. Жаңа ойын бастаушымен ойын қайталанады. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.15	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Менің қалам" Мақсат-міндеттер: Балаларға қала туралы түсінік беру,қаланың құрылысы туралы әңгімелеу,құрылыс шылар туралы айту.	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Құммен ойнаймыз" Мақсат-міндеттер: Балаларды еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын жетілдіру; қораз туралы білімдерін толықтыра отырып,	**Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Туған қалам" түрлі-түсті тұзды қамырдан тақырыптық мүсіндеу. Мақсат-міндеттер: Қаламызда әр-түрлі үйлер, көшелер, дүкендер, дәріханалар, кинотеатрлар бар екендігі туралы елестетулерді дамыту; тұзды қамырдан	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Құм қалашығы" Мақсат-міндеттер: Балалардың құм туралы білімдерін бекіту,құммен қарапайым тәжірибе жасай білу; қолдың ұсақ моторикасын дамыту, қиял мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету; табиғатқа ұқыпты қарауға,	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Біздің әсем қала" Мақсат-міндеттер: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер

		қораздың дыбысталуын тыңдату; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту.	төртбұрышты, тікбұрышты, үшбұрышты заттар (дүкен, үйлер, кеңселер, кмнотеатрлар) жасауды үйрену; мүсіндеу тәсілдерін бекіту (тарту, тегістеу); үлгіні елестетуді, қиялдауды дамыту; өз қаласына деген оң көзқарас тудыруға, өз қаласына деген мақтаныш сезімімен қарауға тәрбиелеу.	қоршаған ортаға қызығушылық танытуға тәрбиелеу.	туралы түсініктерін жетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу.
Серуенге дайындық 10.15-10.30	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.30-11.50	**Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына	**Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін бақат;	**Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: құстар (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) туралы жалпы мағлұматтар беру; жылы жаққа ұшып кететін	**Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап бере білуге	**Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту. Желдің нашар, күшті жақтарын ажырата білуге

	қызығушылықтарын қалыптастыру. **Бақылау барысы.** Тәрбиеші көшеде кетіп бара жатқан көліктерге қарауды талап етеді. Жеңіл көлік қай жерде жүреді. (Жерде.) Бізге көлік не үшін керек? (Жұмысқа, қонаққа, мектепке бару.) Балалар, көліктер әр түрлі болады. Көшеде біз көптеген көліктерді көреміз, көліктер ұзақ жол бойымен ағылып кетіп жатады. **Еңбек әрекеті:** құрғақ бұтақтарды жинау, ауланы сыпыру. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке үйрету; бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. **"Түрлі-түсті көліктер" ойыны.** Мақсат-міндеттер:	бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін,мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге болады. Жұмбақ. Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.) Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер	құстар (қарлығаш, көкек, бұлбұл) туралы түсінікті тиянақтау. - Балалар, қандай құстарды білесіңдер? - Құстар немен қоректенеді? - Жылы жаққа ұшып кететін құстарды білесіңдер ме? - Құстардың жазғы тіршілігі қандай? - Құстардың қандай түрлерін білесіңдер? - Құстар қандай дыбыс шығарады? Тақпақ. Бөдене, бөдене, Бұғып қалып көдеге, Ұстатпайды қусам да, Тойғызар ем бедеге. **"Ұшты - ұшты" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуге үйрету.	баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу. - Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме? - Ендеше бүгін біз сендермен ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз. - Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді. Сонымен жазда қоқыстарды жинап аула сыпырса, ал қыста басқаша. Қыста қар күрейді. **"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер	үйрету; қандай белгілері бойынша желдің күштілігін анықтау қажет екенін түсіндіре білу: ағаш қозғалса күшті жел, шөп тербелсе әлсіз жел. Жазғы желді қысқы желмен салыстыра білуге үйрету. Жұмбақ. Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қонады. (Жел.) Тақпақ. Желдет, желдет! Баласын жылат, Жетіқара, дауылдат! Тайтерісін қалтырат, Өрісін құлат, Науа-астауын жылтырат! **"Қол ұстасып жүру" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама қарсы жаққа айналады, қолдарын

	заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. Құралдары: балалардың кеуделеріне ілінетін таңбалар (түрлі-түсті машинар), рөлдер. **"Тауық пен түлкі" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту. **Дене тәрбиесі бойынша жекелей жаттығулар. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: екі аяқпен бір орында секіру, дұрыс қозғалу. **Балалардың еркін ойыны.**	төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. **"Не жөнінде айтылады?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: сипатты белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). **"Дөңгелек лапта" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: екі топқа бөліне білуге үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту. **Еңбек әрекеті:** құрап қалған шөптерді жинау	Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды. Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді. Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды. Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады. Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады. Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды. **"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ойын шарты	бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. **Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.	ұстамай бір жағына); ұжымдық сезімге тәрбиелеу. **Еңбек әрекеті:** үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен). **(еңбек дағдылары)** Үй өсімдігін отырғызуды бақылау. Мақсат-міндеттер: жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауға үйрету. **"Ойлан, асықпа" ойыны.** Мақсат-міндеттер: зеректікке, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне - айқын, ыстық,жарық...; «аспан» сөзіне - бұлт, көгілдір, жаңбыр сәйкес келетін сөз табу. Тапсырма. Су бойынша желдің

		(тәрбиешінің көмегімен). Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс. **Балалардың еркін ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.	бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль;	**"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжуда мұқиятты болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Құралдары: үш-төрт шеңбер. **Балалардың еркін ойыны.** Мақсат-міндеттер: өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау; ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу.	күштілігін анықтау. **"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер. **Балалардың еркін ойыны.** Ойында балалардың өз бетінше бір бірімен араласа білуін, өзінің іс әрекетімен қылығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе алмайтынын көрсетуге үйрету.

			"торғайларға" медальондар. **Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету. **Балалардың еркін ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.		
Серуеннен оралу 11.50-12.00	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас 12.00-13.00	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз! Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз! Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**				
Күндізгі ұйқы 13.00-15.30	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Ұйқымызды ашайық				

15.30-15.50	"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф". "Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу. "Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас **15.50-16.10**	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40**	**"Сөз ойла, тез ойла" ойыны.** Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру, тілдерін дамыту. Көрнекі құралдар: әртүрлі дыбыстар жазылған үнтаспа, дыбыстар иелерінің суреттері Ойын барысы. Тәрбиеші бір дыбысты тыңдатады. Балалар сол дыбысты және ненің дыбысы екенін ажырату қажет. **(сөйлеуді дамыту)** **"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.** Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей	**"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-қиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Педагог балалармен құрылысқа	**"Қуыршақты серуенге шығарайық" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Мозаика", "Басқатырғыш" үстел ойындары.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(танымдық дағдылар)** **""Қысқы және жазғы ойын-**	**"Не өзгерді?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікті бағдарлауды дамыту, есте сақтауды, қиялды дамыту. Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы. Ойын барысы: Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға қарауға ұсынады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші балалардан көздерін жұмуларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып, жасырып қояды.	**"Ою саламыз" саусақ жыттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу) Оюды саламыз: Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау) Дөңгелек, (Шеңбер салу) Ирек, (Толқындар жасау) Қанат, (Қос қолмен бұлғау)

	білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу. Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, ойыншықтар, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер. Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатуға болады. Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары сатып алушылар. Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», -	қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы). Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі. **(сөйлеуді дамыту, құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру)** **"Үйшік" ертегісі бойынша үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ертегіні мұқият тыңдап, көруге үйрету, кейіпкерлерді тануға, ертегіге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**сауықтар" лотосы" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жазғы және қысқы ойын-сауықтар жайындағы түсініктерін нығайту; екі топқа бөлуге дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту. Құралдары: жазғы және қысқы ойын-сауықтар туралы сурет-карточкалар. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	Балалардан көздерін ашуды сұрап, не өзгергенін сұрайды. Балалар жауап береді. Ойын осылай жалғаса береді. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** **"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы. "Жүргізушіні" рөліне қалаған бала	Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету) Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау) Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **"Өз үйіңді тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: Балаларды биік-аласа, үлкен-кіші, оң жақта, сол жақта - деген ұғымдарды айтуға, бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Қажетті құралдар: «Ағаштардың бейнесі». Үйлердің суреттері. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе “үйін” тағайындайды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсетеді де

	деп ілтипат білдіреді. Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**			шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады. Педагог алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді. Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші автобусты "жүргізеді". Педагог аялдамаларды жариялап жатады. жолаушылар кіріп, шығып жатады. Үлкендерге орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен**	1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағаштың сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады. Ойынның соңында әр топтың балаларын мадақтап отырады. **(танымдық дағдылар)**

				таныстыру)	
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен 16.50-17.50	**Кешкі серуен кезінде көліктерді бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: көліктің адамды, жүкті тасымалдау үшін керектігін түсіндіріп, түрлі көліктердің атауын жатқа білуге ынталандыру. Көліктердің алуан түріне назар аударту. Адамдарға арналған көліктердің маңыздылығы туралы білімдерін бекіту. **"Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне кедергі	**Аспан мен бұлттарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: аспанның ашық не бұлтты болғанын, бұлттардың аспанда ұшатынын байқауға бейімдеу; зияткерлікке тәрбиелеу. Әр түрлі табиғи құбылыстармен танысуды жалғастыру. Ауа-райының қандай екенін ажыратуға үйрету (ашық, бұлтты бұлттар, жаңбыр). **"Қимыл ойлап табу" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер:	**Құстарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: жаздағы құстардың тіршілігі туралы түсініктерді толықтыру; құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу. Аудағы жаңадан ұшып келген құстарды байқау, атау, ерекшеліктерін салыстыру. **"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай,	**Гүлдейтін өсімдіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге ұқыпты қарауға үйрету, гүлзардағы өсімдіктерге күтім жасау дағдыларын бекіту. **"Кім жылдам?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу. Құралдары: белбеу. Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі ойыншы бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады.	**Желді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: "жел"ұғымын бекіту; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Желді күні қандай өзгерістер болатындығына назар аударту. Балалар жалауларға қарап, желдің қай жаққа есетінін бақылайды. Жел соғады бетімізге, Тербеледі ағаштар. Тыныш - тыныш отырыңдар, Биік - биік ағаштар. **"Жел көбік" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер:

	келтірмей, әртүрлі бағытта жүгіруге үйрету; оларды белгіні мұқият тыңдауға және ауызша белгі бойынша қозғалысты бастауға үйрету. **"Кегльді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. **Еңбек әрекеті:** құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	ой-қиялды, вестибуляр аппаратын дамыту. Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді. Әдемі шеңберде, Билейік кең жерде. Қолдармен ұстасып, Бәріміз жұптасып. Бірігіп достасып, Бір орында ұстасып, Осылай етіп істейік. Мәтінді айтып бітер кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші	белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "-шығалар" немесе "-лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті -	Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан соң ойын жүргізуші екеуінің аяғының арасына ұзыннан ұзақ белбеу тастайды да "бір, екі, үш" деп санайды. "Үш" деген де кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені. Бұл адамның өз денесін еркін меңгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа ойыншылар шығады. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс болады. Ең соңында жеңген екі ойыншы қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады. **"Қандай гүл екенін ойлап тап?" дидактикалық ойыны.**	шеңберде ойына білу қабілетін, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады. Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрып, қайтадан шеңберге тұрады,

		ойын бастаушыны ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді. **"Бағбан мен гүлдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ептілік пен шапшаңдықты дамыту, алаңның қарсы бөлігіне қуғыншыдан асқан ептілікпен қашып өтуге үйрену. **Дене тәрбиесі бойынша жекелей жұмыс:** кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар. **(дене шынықтыру) Еңбек әрекеті:** ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды	қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. **Құралдары:** екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар. **Еңбек әрекеті:** құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. **"Себетке допты лақтыр" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.	Мақсат-міндеттер: балаларды сипаттама бойынша гүлдерді ойлап табуға; гүлдерді айыра білулерін бекіту. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. **Еңбек әрекеті:** құм салғыштың бетін ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін	ойын қайтадан басталады. **"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.

		тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар. Балалардың еркін ойындары.	ойындары.	Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. **"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: Биік емес бөрене үстімен жүріп,екі аяқты бүге отыра секіруге үйрету. **Еңбек әрекеті:** ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер:

					балаларды тазалыққа тәрбиелеу.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30**	Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру.	"Отбасындағы еңбек тәрбиесі"тақырыбында ата-аналармен әңгіме.	Ата-аналарға арналған "Дұрыс сөйлеуді үйрету" жаднамалары.	"Балаларға - ойыншықтар" науқанын өткізу	"Демалыс күндері баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру"тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Қошақан» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі : 12.06. - 16.06.2023ж.

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**12.06. - 16.06.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	12.06.2023	**13.06.2023**	**14.06.2023**	**15.06.2023**	**16.06.2023**
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.45	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Бөлме өсімдіктерін күту.** Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу, күтуге деген	**Аквариумдағы балықты қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, балықтарға жемді	**Бөлме өсімдіктері жапырақтарының шаңын сүрту.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауға машықтандыру;	**Кітаптарды кітап бұрышындағы сөрелерге дұрыс орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бағалауға,	**Ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, қолынан келгенше көмек көрсетуге дағдыландыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**

	қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолқабыс танытуға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	үгітіп, шашып, қамқорлық жасау ниеттерін туғызу. **(еңбек дағдылары)**	аспидистра, фикустің жалпақ жапырақтарын сүлгімен сүрту техникасына жаттықтыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	кітаптарды қатарға ретпен қоюға ынталандыру; еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	
	Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы. Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ". Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты. Жердің екі бетіне Жеті жеңін жауыпты. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Баулар" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын	**"Қандай ойыншық жасырынған?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. Балалар бөлменің бұрышында тұрады. Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады. Балалар теріс қарап көзін жұмады,тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да "болды", деген де балалар жалаушаны іздейді. Тапқан бала жалаушаны тығады. Ойын 2-3 рет	**"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. Тәрбиеші қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрайды. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады. **(танымдық дағдылар)** **"Пішіндерді**	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты мәнерлеп айтуға деген қызығушылығын арттыру; артикуляцияны, сөйлеу қабілетін дамыту. "Бақа туралы". Жап-жарық жылы күнде, Жап-жасыл шөп үстінде, Жап-жасыл көйлек киген Бақа бізге былай деген: - Бадырақпын, Бақылдаймын. Достарымды Шақырамын. Бақ-бақ!	**"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. Тәрбиеші қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрайды. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **"Жел көбік" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.

	дамыту; ойлау, түйсік қабілеттерін жетілдіру. **(танымдық дағдылар)**	қайталанады. **(дене шынықтыру)** **"Жел көбік" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберде ойнай білуге дағдыландыру; белгі бойынша қимылдауға баулу. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады. Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен	**құрастыр" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту. Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру. **(танымдық дағдылар)**	Қайдасыңдар?! Бақ-бақ! Неге шықпайсыңдар?! Д. Ахметова **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** **"Қимыл ойлап табу" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтай білуге машықтандыру, вестибуляр аппаратын, ой-қимылын, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін бастаушы етіп тағайындайды. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді. Әдемі шеңберде, Билейік кең жерде. Қолдармен ұстасып, Бәріміз жұптасып.	Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**

		"Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрып, қайтадан шеңберге тұрады, ойын қайтадан басталады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**		Бірігіп достасып, Бір орында ұстасып, Осылай етіп істейік. Мәтінді айтып бітер кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушыны ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді. **(дене шынықтыру)**	
Таңертеңгі жаттығу 8.45-8.55	**"Қуыршақпен ойнаймыз".** Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде, 1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет). 3-4 б.қ. Аяқ алшақ, қуыршақ алда, 1-2 денені оңға, солға бұру, б.қ. келу. Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау, 1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді". 5-6 б.қ. келу (3рет). Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою. 3-4 тік тұру, Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен). **(дене шынықтыру)**				

Таңғы ас **8.55-09.30**	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық **09.30-10.15**	**"Қуырмаш"саусақ қа арналған жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Қуыр-қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш. Бас бармақ, Балан үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. Сен тұр – қошақанға бар!	**"Жұбыңды тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: зейінділікке, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу. Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең	**"Кішкене өзен арқылы" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтап, белгілі нұсқаулар бойынша бағыттауға,ептілікке баулу; зеректікке тәрбиелеу. Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – "өзен", - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: "Көпір арқылы жүруді үйренейік", - деп ұсынады.	**"Мұқият бол" ойыны.** Мақсат-міндеттер: мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. Тәрбиеші шеңбердің жанында тұрады, оны барлық балалар көреді. Оның қолында 3 сурет: балық, тастар және балдырлар. Тәрбиешінің белгісі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. Педагог кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсетеді:	**"Қатып қал" ойыны.** Мақсат-міндеттер: еркін қозғалыстарды, ой-қиялды, дене тепе-теңдігін дамыту. Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактісіне қозғалады. Кенеттен әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады. **(дене шынықтыру)**

	Сен тұр – құлыншаққа бар! Сен тұр – лаққа бар! Сен тұр – бұзауқанға бар! Сен тұр – ботаңа бар! Ал сен алаңдамай, Қазан түбін жалап, үйде жат! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек. Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар. Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады. **(дене шынықтыру, танымдық дағдылар)**	Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді. **(дене шынықтыру)**	1. Балықты көрсеткен кезде, балалар шеңбер бойымен қолдарын сермеп баяу жүгіреді. 2. Тастарды көрсеткенде, балалар тізелерін құшақтап отырады. 3. Балдырларды көрсеткенде, балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі. Қай бала қателеседі, сол бала ойыннан шығып қалады. **(дене шынықтыру)**	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет **09.30-10.15**	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Үй құстарына арналған қоршау" Мақсат-міндеттер: Құрылыс материалының формаларын атау және біріктіру қабілетін қалыптастыру, өз жобалары бойынша құрылыс	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Су - тіршілік көзі" Мақсат-міндеттер: Балаларда гимнастикалық таяқтың астынан төрт тағандап еңбектеп өту және алға жылжи отырып екі аяқпен бір орында жеңіл секіру	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Әтеш пен Тоты" украин халық ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегінің мазмұнын толық өз ойларын жеткізіп айтуға; байланыстыра сөйлеуге үйрету; балалардың бойына	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Құстар қанатын жайды" Мақсат-міндеттер: Алақанмен басу техникасымен таныстыру; бояуды алақанға жылдам жағып, құстың қанатын алақанды бастыру арқылы салуды үйрету;	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Бұлақтың сылдыры" Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу.

	жасауға деген ұмтылысты дамыту, қоршаған әлемге құрметпен қарауды тәрбиелеу.	техникасын бекіту; бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын жетілдіру; оқу қызметін пысықтау; көлік түрлері туралы білімдерін толықтыру.	ертегі мазмұнын түсіндіріп, адамгершілік, мейірімділік, досқа адал болу сезімін сіңіру; ертегі кейіпкерлерімен бірге қуану, ренжу сезімдерін ояту; өздерінің құрбы-құрдастарымен адал, тату ойнауға дағдыландыру; сөздік қорын молайту.	түстердің атауын нақтылау және бекіту; құстардың тіршілік ету ортасын түсіңңп, бейнелеуге деген ұмтылыстарын қолдау; сурет салуға деген құштарлықтарын арттыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу.	
Серуенге дайындық 10.15-10.30	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.30-11.50	**Теректі бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру. **Тақпақ.** Жақсылықты қолдаймыз, Табиғатты қорғаймыз.	**Суды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балалармен суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру. Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір	**Қанқызды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: қанқызы қоңызы туралы түсініктерді беру, жетілдіру; жәндіктер әлеміне деген қығығушылықты арттыру. - Балалар, біз серуен кезінде қандай	**Суды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қыығушылықты арттыру. Іс-тәжірибеде: құйылатыны, төгілетіні, ыдыста, шалшықта	**Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру. Күнің сәулесі туралы айту. Тақпақ. Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! **"Көк ту" ойыны.** Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.

	Терек егеміз бақтарға, Айналасын қоршаймыз. - Балалар, бұл терек ағашы. Оған жақындату. - Терек-тез өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы - жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті. Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңіл, одан қағаз, сіріңке, ойыншықтар жасайды.	заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады. Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету.Үлкен балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау. **Еңбек әрекеті:**	жәндіктерге бақылау жасадық? - Иә, бұл қанқыз. Қанқыз – қызыл түсті, үстінде жеті нүктесі бар кішкентай жәндік. Ол кішкентай болса да ештеңеден қорықпайды. Неліктен? - Егер де оны қолыңа алып, басып қалсаң, олар сап-сары жағымсыз иісі бар уын шығарады. Сол себепті оған құстартиіспейді. Тіпті қызыл түсті нүктелі зат көрсе болғаны, олар жоламауға тырысады. Міне, қанқыз осылайша қорғанады екен. Қорғанудың тағы бір түрі, оларды ұстап алсаң, ол өлген сияқты болып қатып қалады да, қауіп төнбегенін байқаған уақытта қайтадан өзінің ісімен айналыса береді.	қозғалмай тұратынын - анықтау. Салқын, жылы, ыстықта кеуіп кетеді дегенді айтқызу. Іс-тәжірибеде судың адамның, өсімдіктердің тіршілігіне ықпалына көңіл аудару. Гүлзарды суару, таза ас суын ішкізу. Іс-тәжірибеде суды асфальтқа төгіп, күннің көзінде кебуін бақылату. Балаларға : кеуіп кетеді - дегенді айтқызу. **Еңбек әрекеті:** гүлзарда өскен гүлдерді суару. **(еңбек дағдылары)** Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: су құйғыштар. **"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене**	Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. **"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және епті лекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер. **Еңбек әрекеті:** алаңдағы ағаштардан түскен құрқақ қоқыс бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттер: балаларды

	Еңбек әрекеті: құмсалғышқа құм салу, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуға үйрету. **(еңбек дағдылары)** **"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар. **"Допты ұстап ал" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты арттыру. **Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар. (дене**	**құрап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).** Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс. **"Толқиды теңіз" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу. Балалар ойын алаңында айналып жүріп: «Толқиды теңіз бір, Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, Толқиды теңіз төрт» - сөз жолдарын айтады. Тәрбиеші белгісі бойынша: Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек. **"Әткеншек"**	**Еңбек әрекеті:** учаскедегі қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге үйрету. **"Қонызды (көбелекті) гүлге қондыр" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. Құралдары: түрлі түсті гүлдердің және дәндіктердің кескіндері (ламинадталған). Педагог алдын-ала түрлі түсті гүлдердің кескіндерін алаңға шашыратып жайып салады. Балалар	**шынықтыру)** Ойын мақсаты: балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйрету. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: Ал ақ сүйекті іздеңдер, кім тез табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек	еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойыны**

	шынықтыру) Мақсат-міндеттер: допты аулау және лақтыру жаттығулары **Балалардың еркін ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.	**қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі	өздеріне ұнаған қоңызды, көбелекті алып, белгі бойынша түсі бірдей гүлге жүгіріп барып, жәндікті гүлдің үстіне қондырады. Ойынды бірнеше рет қайталауға болады. **"Маған қарай жүгір" ойыны. (дене шынықтыру)** Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарда немесе алаңды жағалай отырады. Тәрбиеші бөлменің қарсы бұрышына немесе алаңның ең алыс бұрышына барып: «Маған қарай жүгіріңдер», - дейді. Балалар оған қарсы жүгіреді. Тәрбиеші оларды қолын жайып, ишаратпен қарсы алады. Балалардың бәрі келіп, тәрбиешінің қасына жиналып болғаннан	өзіне беріледі. Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуге дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау. **Еңбек әрекеті:** гүлді күту. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: учаскеде өсетін өсімдіктерді өз бетінше қорғауға үйрету; гүлге ұқыпты қарауға және сүюге тәрбиелеу. **"Осындай бола ма, болмай ма?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: сұраққа жауап беруге және жауабын түсіндіруге үйрету. - Балалар, жазда қар жауа ма? Күн шығып тұр,жаңбыр	

		басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылдып жатқанын бақылайды. **Балалардың еркін ойыны.** Балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.	кейін, ол серуендеуді ұсынады. Балалар өздері жүргісі келген жерде емін-еркін тәрбиешімен бірге бөлме ішінде жүреді. Тәрбиеші бұдан кейін: «Үйге қарай жүгіріңдер» - дейді. Балалар жүгіріп барып орындықтарына отырады. Ойын осылай 4-5 рет қайталанады. Алғашқы кезде ойынды азғана балалар тобымен өткізген дұрыс, кейін ойнаушылардың саны арта түседі (үйлеріне қайтқан кезде балалардың кез-келген орындыққа отыруына болады). **Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.** Мақсат-міндеттер: жылдамдықты дамыту, бір-біріне итерместен алаңда	жауып тұр? Қараңғы және жарық жерде өсіп тұрған өсімдіктерді қадағалау, күнге тартылатын өсімдіктер қозғалысына көңіл бөлу. Өсімдіктер өсу үшін жарық қажет. **Балалардың еркін ойыны.**	

			жүгіру мүмкіндігін жетілдіру. **Балалардың еркін ойыны.**		
Серуеннен оралу 11.50-12.00	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас 12.00-13.00					
Күндізгі ұйқы 13.00-15.50	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. 4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу. Төсектен тұрғызу. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.50-16.10	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40**	**"Оркестр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға музыкалық аспаптар мен олардың дыбыстарын анықтауға үйрету. Құрал-жабдықтар: барабан, сыбызғы, қоңырау, шымылдық. Тәрбиеші	**"Ненің дауысы?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, оларды нақты айтуға үйрету, екпінді дұрыс қою. Тәрбиеші жануарлардың дауыстарын салады. Балалар қай жануардың дауысы екенін табулары	**"Қуыршақты шомылдыру" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: судың маңызы туралы білімдерін толықтыру, жағымды көңіл-күй тудыру. Қуыршақты жылы сумен жуындыру, оларды жөке және сабынмен жуу, сүлгімен сүрту.	**"Тәртіпке келтір" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды "орнына қою", "орнына апару" етістіктерін қолдана отырып сөйлем құруға үйрету. Құралдар: түрлі-түсті текшелер жиынтығы. (Әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс)	**"Ыдыс жуу" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: суды дұрыс қолдану туралы білімдерін кеңейту. Қуыршақтың "түскі асынан" кейін, ыдыстарды жуу керектігін айту. Ас бөлмесіне барып, кранды ашып, жылы не суық су қажеттігін сұрау. Біз ыдысты жылы сумен және арнайы құралдарды пайдаланып жуамыз. Ыдыстарды таза сумен шаямыз. Шайып болғаннан кейін, ас

	музыкалық аспаптармен таныстырады, содан кейін аспаптарды шымылдықтың артына тығады. Аспаптардың бірінде ойнап, балалардан қай аспаптың дыбысы екенін айтуды сұрайды. Қай бала дұрыс табады, сол бала аспапты алады да, сол аспапта ойнайды. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** **"Үйшік" ертегісін сахналау.** Мақсат-міндеттер: балалардың ертегілердің кейіпкерлеріне рөлдеріне енуіне жағдай жасау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	қажет. Мысалы, тәрбиеші "ква-ква-ква" деп қатты дауыстап: "Бұл ненің дауысы дейді? Балалар "бақа" деп жауап береді. Содан кейін тәрбиеші басқа жануардың дауысын шығарады. Ойын осылай жалғаса береді. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** **"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды науқастарға күтім жасауға және медициналық құралдарды ң қажеттілігін білуге үйрету, балаларды ұқыптылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу, сөздік қорын кеңейту: "аурухана", "науқас", "емдеу", "дәрі-дәрмектер", "температура"ұғым дарын түсіндіру.	Енді біз қуыршақтарды шомылдырамыз. Ыдысқа жылы су құямыз, суды тексереміз. Біздің қуыршақтарымызды ң есімдері кім екен? Мынау - Алуа, ал мынау - Алма. Бірінші кімді түсіреміз. Олай болса, Алуаны суға шомылдырайық. **(сөйлеуді дамыту)** **"Түрлі-түсті су" ойыны.** Мақсат-міндеттер: судың қасиетімен таныстыру (су түсін өзгертеді). Құрал-жабдықтар: акварель бояулар, қылқаламдар, 5 мөлдір пластикалық стакандар (болашақта стакандардың саны кез келген болуы мүмкін), су. Стакандар сумен бірге бір қатарда тізіліп тұрады. Балалар	және 4 кішкентай түрлі-түсті қораптар. Тәрбиеші балалардың назарын текшелерге аударады және олардың қандай түс екенін сұрайды. - Енді сендер қуыршақтың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз. (Үстелге түрлі-түсті қораптар қойылады) - Қуыршаққа қараңыз, ол не істейді? (Қуыршақ қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады) - Иә, ол қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады. Бұны қуыршақ жасады? - Сары текшелерді қай қорапқа салу керек? Сары қорапқа дұрыс айтасыңдар. - Сол сияқты, көк текшені көк қорапқа, жасыл	үйдің сүлгісімен құрғатамыз. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** **"Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю" тәжірибесі.** Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсінік беру: "сұйық", "төгіледі", "дымқыл", "құрғақ". Ойын барысы: Тәрбиеші балаларды су құйылған ыдыстың қасына шақырады, Әр балаға бір -бір ыдыстан таратып береді. Бір ыдыстан екінші ыдысқа қалай құю керектігін көрсетеді. Балалар қайталайды. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**

		Құрал-жабдықтар: қуыршақтар, ойыншық жануарлар, медициналық құралдар: термометр, шприц, дәрі-дәрмектер, қасық, фонендоскоп, мақта, таңғыш, халат және дәрігерге арналған қалпақ. Тәрбиеші аурухана ойынын ойнауды ұсынады, дәрігер таңдалады, қалған балалар ойыншық жануарлар мен қуыршақтарды алып, ауруханаға дәрігердің қабылдауына келеді. Дәрігер әртүрлі аурулары бар науқастар қарайды: аюдың тістері ауырады, өйткені ол көп тәттілерді жейді, сайқымазақтың маңдайында жарасы бар, қуыршақ Алуа саусағын есікпен	қылқаламмен бір түсті алып, стақандағы суға салып, араластырады да, не болғанын бақылайды. Балалар қызығып қарайды. Әр стақанға әр түрлі түстерді салып, балалар тәжірибе жасайды. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	текшені жасыл қорапқа салады. **(сөйлеуді дамыту)** **"Домино", "Лото" үстел үсті ойындары.** Мақсат-міндеттер: ойлау қабілеттерін дамыту, ұқыптылық пен бастаған істі соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. **(математика негіздері, танымдық дағдылар)**	

		қысып алған және т.б. науқастар. Оларды тыңдайды, мойнын қарайды, температурасын өлшейді, дәрі тағайындайды, инъекция жасайды, дәрілер береді. Тәрбиеші балалардың ойынын бағалайды, балалар қалай қарым-қатынасқа түсіп жатыр, өз ойларын толық жеткізе ала ма, балаларды жан-жақты бақылайды. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)**			
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету. Таза ауада шынығып, Серуенге шығайық. Киімдерді тез киіп, Ойнап-ойнап алайық.				
Серуен 16.50-17.50	Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30**	"Жазғы балалар ойындары" туралы кеңес беру.	"Балаларды жазда шынықтыру" тақырыбында кеңес беру.	"Денсаулықты сақтау өмір салты" туралы ата-аналарға арналған кеңес.	Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңестер.	"Баланың демалыс күндерін дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында кеңес.

Тексерілді

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Қошақан» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі : 19.06. - 23.06.2023ж.

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**19.06. - 23.06.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	19.06.2023	**20.06.2023**	**21.06.2023**	**22.06.2023**	**23.06.2023**
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.45	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес	**Бөлме өсімдіктерді**	**Ойын**	**Кітаптарды көркем**	**Асхана бойынша**	**Аквариумдағы**

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**суару.** Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулуды жалғастыру; өсімдіктерді суару амалын игерту (су құйғыштың тұмсығын жапырақтарға тигізбей); тірі табиғат объектілеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**бұрышындағы ойыншықтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәртіпке үйрету, ойыншықтарды өз орынына қоюды игерту. **(еңбек дағдылары)**	**әдебиет бұрышына орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. **(еңбек дағдылары)**	**кезекшілік.** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру. **(еңбек дағдылары)**	**балықтарды қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту. **(еңбек дағдылары)**
	"Ол не?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету. Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші матрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың жоғарғы және төменгі жартысын	**"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.	**"Суретті жина" пазл ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөліктерді бір-біріне дұрыс қоюға үйрету. **(танымдық дағдылар)** **"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың төлдерін атауға	**"Бір сөзбен ата!" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды жалпылауға және бір сөзбен атауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** **"Жұбынды тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға бір сурет-фишкадан	**Үстел үсті ойыны: "Лото".** Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көгөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атату. Ойын шарты: көкөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға

	үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші балаларға мынадай жұмбақ айтады: Бойы әр түрлі, жұмбағымды тыңдашы, Өзара ұқсас жүзі менен сымбатты. Бір-біріне сыйып кеткен көрінбей, Жиналғанда бір ойыншық сияқты. Ойынды қайталап өткізгенде балалардың ынтасын туғызу үшін матрешка туралы кітаптарды көрсетуге болады. Осыдан кейін матрешканы бөлшектеп, оның жоғарғы және төменгі бөлігіне балалардың назарын аударады, оларды салыстырады, соңынан қайтадан	Бұлттар құстай ұшады, (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Құстар бұлттай ұшады, Көк аспанда, биікте, (Аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау) Қанат жайып, ұшады. Бұлттар құстай болмайды, (Саусақпен бұлғау) Құстар бұлттай болмайды. Бұлттар құстай бұтаға (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Қанат жайып қонбайды. (Саусақпен бұлғау)	дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	таратып береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек. Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар. Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады. **(танымдық дағдылар)**	орналастыру. Үш үлкен карточка-бақша, бау, гүлзар бейнеленген, көлемдері 8×8см карточкалар және көкөністер, жемістер , гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар. **(танымдық дағдылар)** **"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі бір ертегідегі кез келген кейіпкердің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстырып сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту,

	құрастырады. Тәрбиеші матрешкалардың ең үлкенінен кішісіне қарай орналасу тәртібін көрсетеді. Балалар бір матрешканы екіншісінің ішіне салып, оның қайсысы үлкен екенің анықтайды. Егер бала матрешканың өз бөліктерін үлкен-кішілігі бойынша тауып, оларды бойларына қарай қоя білсе, тапсырма дұрыс орындалған болып есептеледі. Ойын бір-екі рет қайталанады. Матрешканы бөлшектеп құрастыруда қателеспеген бала жеңімпаз аталады. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, танымдық**	Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Лото "Құстар"" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: құстарды топтастыруға және жалпы атауларын атауға дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй және жабайы құстардың суреттері бойынша. **(қоршаған ортамен таныстыру)**			сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне деген тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

	дағдылар)				
Таңертеңгі жаттығу 8.45-8.55	**Таңғы жаттығу.** "Маған қарай жүгіріңдер" ойыны.Топтасып бір бағытта жүгіреді. "Торғайлар болып ұшайық": жан жаққа жеңіл жүгіреді. Тәрбиешінің көмегімен шеңбер жасап тұрады. Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, "қоянша" секіру. Тік тұрып қолды алға созу, тік тұрып қолды жоғары созу "Құстай қанат самғайық" жаттығуы Тік тұрып, қолды бүйірге қойып,аяқты алшақ етіп тұрып оңға және солға иілу. Аяқтың ұшымен шеңбер бойы жеңіл жүру. Тәрбиешінің артынан жеңіл үйіріліп жүгіру. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас 8.55-09.30	**Гигиеналық дағдылар** Балалардың қолдары мен беттерін жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру. Асхана құралдарын дұрыс қолдануды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жууды дағдыландыру. Таңғы асты тауысып жеуге үйрету. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.30-10.15	**"Не өзгерді?"ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда қабылдауды, зейінді, есте сақтауды дамыту; ақыл-ойды, байқауды тәрбиелеу. Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар.	**"Кім шақырғанын тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, құрдастарын дауысы арқылы тану. Балалар шеңберде тұрады, санамақтың көмегімен бір жүргізуші таңдалады.	**"Біз құсты іздейміз" ойыны.** Мақсат-міндеттер: бақылау, кеңістіктегі бағдарлауды дамыту. Тәрбиешінің қолында кішкентайдың құстың ойыншығы бар. Тәрбиеші құсты жасырады. Ал	**"Ақ шамшық" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына	**"Не дыбыстайды?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың дыбыстарын тыңдай отырып, дұрыс табуға машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттары.

	Тәрбиеші балалардың алдында таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Ойыншықтар қатарға қойылған кезде балалар оларды айтады. Балалар көздерін жұмады, тәрбиеші қатардағы ойыншықтардың орнын өзгертеді. Балалар көздерін ашып, ойыншықтың қай жерге көшкенін айтады. **(танымдық дағдылар)**	Жүргізуші көзін жұмады, ол шеңберде тұрады. Тәрбиеші көрсететін бала жүргізушінің атымен шақырылуы керек. Жүргізуші оны кім шақырғанын табуы керек. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**	балалар оны іздеулері қажет. - Қанекей, ойынды бастаймыз. Көзімізді жұмамыз. Мен ойыншықты жасырамын. - Енді, іздеп, табыңдар. **(танымдық дағдылар)**	сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәтте сақина тасталған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды. **(дене шынықтыру)**	Құралдары: аудио жазбалар, құстардың суреттері. **(музыка)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.15	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Құстар" Мақсат-міндеттер: балалардың құстар туралы түсінік қалыптастыру.Құстардың сыртқы	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Көңілді секірейік" Мақсат-міндеттер: балаларда екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр	**Жапсырудан ойын-жаттығу** "Көгалдағы балапан" Мақсат-міндеттер: балаларға жапсырмалау туралы түсінік беріп, жапсырмалар жасауға үйрету,	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Құстар" Мақсат-міндеттер: балалардың қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы жалпы	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Көңілді марш" Мақсат-міндеттер: музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне

	бейнесінің ерекшеліктері,тіршілігі туралы білімдерін кеңейту.	қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру.	балалардың ұсақ қол моторикасын, қиялын дамыту. «Көгалдағы балапан» жапсырып үйрету, жырту әдісін қолдана білуге үйрету. Сюжеттік композиция құра білуге үйрету. Балаларды зерделікке, ұқыптылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Балалардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылық ойлауын дамыту.	ұғымдарын қалыптастыру, қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды жіктей білуге үйрету. Дидактикалық ойындар арқылы зейінді, сөйлеуді, көру қабілеттерін дамыту. Құстарға деген қамқорлықты, қиын жағдайда оларға көмек беруге тәрбиелеу.	музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту.
Серуенге дайындық 10.15-10.30	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.30-11.50	**Құстарды бақылау (торғай). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер:	**Құстарды бақылау (көгершін). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер:	**Жәндіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер:	**Құстарды бақылау (қарлығаш). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер:	**Күннің көзін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер:

	торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. **"Торғай".** Торғай, торғайсың, Жылдамсың, сондайсың, Шырылдап қоймайсың, Ұшасың, талмасың. Шомылып ал шалшыққа, Қона ғой біздің баққа. Д. Ахметова. **"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру;	көгершіннің сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Педагог көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, торғаймен салыстыруға болады. **"Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың аң-құстардың, үй жануарларының тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін;	балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау. Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар: 1. Жәндіктерге нелер жатады? 2. Жәндіктер қандай табиғатқа жатады? 3. Қандай жәндіктер пайдалы жәндіктерге жатады? Неге? 4. Зиянды жәндіктер деп нелерді айтамыз? Неге? 5. Балабақша ауласынан жәндіктерді кездестіруге бола ма? Жәндіктер дүниесі алуан түрлі. Олардың біз білмейтін, біз көрмеген түрлері де көп - ақ. Олардың өз ерекшеліктері, өз тіршіліктері бар. Жәндіктер көктемнің	қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, ал көктемде қайтып келеді. Бұл құс жазда ұялап, балапандарын ұшуға үйретеді. - Қарлығаш, басқа құстарға қарағанда, өте ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі қара, ал кеудесі ақ. Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да ерекше: ол реактивті ұшақ	балаларға күн туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қызығышылықты арттыру. - Балалар, аспанда жарқырап тұрған не? - Ол неге ұқсайды? - Күннің көзі болмаса біз өмір сүре аламыз ба? - Күннің бізге қандай пайдасы бар? **Тақпақ:** Күн шыққанда: Алақай, алақай! Күн шықты күн шықты! Жер үстінде нұр шықты! **"Көк ту" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз

	тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады. Бірінші белгіде	дүниетанымын кеңейту. Құралдар: аң-құстарды, үй жануарларының және мекендерінің суреттері. **Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу. **"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Бұл ойынға қанша бала болса да, қатыса	аяғына қарай, жер әбден қызған кезде пайда болады. Олар қайдан шығады? Олар жаз бойы азықтарын жинап, қысқа дайындалады да, күз түсіп күн суыта бастаған кезде жер астындағы індеріне кіріп жатады. Кейбір жәндіктер өз індерін ағаш қуыстарына, қалың шөп астына да салады. Балаларға тапсырма: "Құмырсқалар илеуі" тақырыбына бормен сурет салу. **Еңбек әрекеті:** алаңды тазалауға көмектесу. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу; табиғатқа қамқорлыққа	ұқсап жылдам жоғары көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді. Қарлығаш ұясын саз балшықтан жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне салады. Қарлығаш адамға жақын болады. **Еңбек әрекеті:** гүлді баптау, топырағын қопсыту. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру. **"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру;	тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. **Еңбек әрекеті:**

	ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып	беруге болады. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар...", - дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды.	тәрбиелеу. **"Аққу-қаздар" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: белгі берісімен бір бағытта тез жүгіруге жаттықтыру; ойын шартын бұзбауға бейімдеу; бір-біріне соғылмауға дағдыландыру; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде екі (таңдалған) бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады. Педагог: - Аққу-қаздар, қайдасыңдар? Қайда қонып,	тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады. Бірінші белгіде	ауладағы ағаштардан түскен ұсақ құрғақ бұтақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу. **"Ақсақ үйрек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: алаңда бір аяғымен жүре білуді жетілдіру. Мына сөзден кейін осындай қозғалыс жасау: «Күн шықты, ойын басталды»; ойын шарттарын сақтау(екі аяғын қатар жерге қоймау керек). **Балалардың еркін ойыны.**

	қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. **Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. **Балалардың еркін ойындары.**	Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. Құралдары: екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар. **"Допты қақпаға домалат" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: допты домалатып, доғаға өткізуге жаттықтыру; ептілікке, дәлдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: доптар, доға. **Балалардың еркін ойыны.**	ұшасыңдар? Балалар: - Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді ошаққа! Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. Педагог алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды. Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын қарапаймы түрде де ойнатылады: педагогтің қалауынша "қасқырларды"	ойыншылар алаңда, бр-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска. **"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептілкке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру. Құралдар: лақтыруға	

			қоспауға болады. **Жаттығу ойындары:** допты жерге лақтырып, әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттықтыру. Халық болжамы: • өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады; • өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі; • бақалар бақылдап тынышталмаса - ауа райы өзгеріп бұзылады.	арналған құм салынған қаптар. **Балалардың еркін ойыны.**	
Серуеннен оралу 11.50-12.00	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас 12.00-13.00	Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы 13.00-15.30	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Оянайық бәріміз. Тәрбиешінің айтқанын орындайды. Көздеріңді ашыңдар,				

15.30-15.50	Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымиыңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер, Іштеріңді тартыңдар, Көңіл күй көтерілді, Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар, Жұдырықты қысыңдар, Енді біраз ашыңдар, Керіліңдер, созылыңдар, Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас **15.50-16.10**	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40**	**"Шұбар тауық" үстел үсті театры.** Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге үйрету, ертегілердегі кейіпкерлерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **"Өзіңе жұп тап" ойыны.** Мақсаты: балаларды бір-біріне итерместен жүгіруге үйрету, үлкен құрылыс ойыншықтарымен	**"Ғажайып қапшық" ойыны.** Мақсаты: геометриялық фигураларды ажырата білуге және атауға үйрету **"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы	**"Шалқан" ертегісін сахналау.** Мақсаты: ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін ойнауды үйрету. **"Түрлі-түсті ыдыс" ойыны.** Мақсаты: заттардың түсін ажырата білу қабілетін нығайту	**"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.	**"Аурухана"сюжетті -рөлдік ойыны.** Мақсаты: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету **"Матрешкаға қонақта" ойыны.** Мақсаты: заттарды мөлшері бойынша

	ойнау.	түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы. "Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады. Педагог алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді. Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар		Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. **"Үш аю" ертегісін баяндау.** Мақсаты: ертегіні мұқият тыңдауға, ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. "Түрлі-түсті моншақтар" ойыны. Балалардың геометриялық пішіндерді ауызша нұсқауларға сәйкес дұрыс орналастыра білуге үйрету.	ажырата білу қабілетін бекіту. Матрешканы дұрыс құрастыра білуге дағдыландыру.

		"салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші автобусты "жүргізеді". Педагог аялдамаларды жариялап жатады. жолаушылар кіріп, шығып жатады. Үлкендерге орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады**.**			
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен 16.50-17.50	Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30**	"Күннің көзінен сақтану" тақырыбына ата-аналарға кеңес беру.	" Үйдегі ойындар" тақырыбында ата-аналардан сауалнама алу.	"Дұрыс сөйлеп үйренейік" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.	"Балалардың ойыншықтары" атты науқанын өткізу.	"Демалыс күндері балабақша тәртібін сақтау" атты кеңес беру.

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Қошақан» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі : 26.06. - 30.06.2023ж.

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**26.06. - 30.06.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	26.06.2023	**27.06.2023**		**29.06.2023**	**30.06.2023**
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.45	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен	"Жаз және балалардың қауіпсіздігі" атты кеңес.				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Үстелдердің жанына орындықтарды қою.** Мақсат-міндеттер: орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалына игерту; балаларды еңбекке дағдыландыру, ересектерге көмектесуге үйрету. **(еңбек дағдылар)**	**Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. **(еңбек дағдылар)**		**Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылар)**	**Кітап бұрышын тазалау** Мақсат-міндеттер: құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, реттікті орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету. **(еңбек дағдылар)**
	Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы. Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. **"Күнім, күнім..."** Күнім, күнім, қайдасың?	**Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту. Күн денесін құрайық, (Алақандарды жоғары көтеріп, оңға-солға бұраңдау) Қолды жайып бұрайық,		**Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; артикуляцияны, есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. **Көркем сөз. "Зымыран".** Биік-биік көк аспан,	**Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ". Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты.

	Түннен бері шығасың. Сенімен бірге оянамын, Жылы нұрыңа шомыламын. Оянамын, жаттығамын, Балабақшаға барамын. Нұрыңа толған алаңға Достарымды шақырамын. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Жел көбік" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап,	Саусақтармен жыбырлап, (Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу) Сәулелерді шашайық. Саусақтармен жыбырлап, (Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу) Сәулелерді шашайық. Шапалақты қағайық, (Шапалақ қағу) Көңілді болайық. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер".** Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру,		Көк аспанда сұр қыран. Сұр қыраннан озады Ғарыштағы зымыран. Басы үшкір, бұрыштай, Жылтырайды қылыштай, Күміс құстай зуылдап, Ұшып кетті зымыран. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **Үстел үсті ойыны: "Түстерін тап"** Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту. Үстелге түрлі-түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары	Жердің екі бетіне Жеті жеңін жауыпты. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Жел көбік" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады: Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді

	жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады: Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.	ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету. Тәрбиеші балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**		қаратып қою. Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады. **(танымдық дағдылар)**	кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады. **(дене шынықтыру)**

	(дене шынықтыру)				
Таңертеңгі жаттығу 8.45-8.55	**"Достық" жаттығуы.** Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (Қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес. (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес. Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**				
Таңғы ас 8.55-9.30	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Балаларға тамақтану ережелерін еске түсіру арқылы, ас ішу дағдыларын қалыптастыру. Асты толық дұрыс шайнауға үйрету. *Көркем сөз* Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.30-10.15	**"Күн" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды	**Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.** Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.		**"Жұбыңды тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыш, шапшаң болуға, кеңістікті бағдарлауға баулу. Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға бір сурет-фишкадан	**"Сыпайы бол" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту)** **"Ою саламыз" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер:

	дамыту. Алақанды ашамыз, Жарқын күнге қараймыз. (Балалар алақандарын алға созады, және ырғақпен жоғары- төмен бұрады) Бізге жылу бере ғой, Күш, қуатым тасысын. (Өздеріне шақырғандай саусақтарын қимылдатады) Саусақтарым жатпайды, Ешбір тыным таппайды.(Саусақтар ын бүгіп, қайта ашады) Тук-тук, балғалар, (Еңкейіп, кезек-кезек жұдырықтарымен тізелерін ұрады) Хлоп-хлоп, алақандар, (Тізелерін алақандарымен қағады) Оп-оп, секіреді қояндай, (Бүгілген	**(музыка)** **"Шапалақты тыңда" ойыны.** Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау. Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады. - Қанша дыбыс естідіңдер? **(дене шынықтыру)**		таратып береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек. Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар. Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады. **(танымдық дағдылар)**	балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу) Оюды саламыз: Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау) Дөңгелек, (Шеңбер салу) Ирек, (Толқындар жасау) Қанат, (Қос қолмен бұлғау) Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету) Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау) Д. Ахметова.

	саусақтарымен тізелерін қағады). **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**				**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-.10.15	**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Шуақты күн" Мақсат-міндеттер: Күн сәулесінің барлық жер жүзін жылытатыны туралы білімдерін кеңейту; куннің сәулесісіз тіршілігі жоқ екенін түсіндіру; балалардың сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту; күннің жер бетіндегі тіршілікке қажет екендігі туралы түсінік қалыптастыру.	**Дене шынықтыру** "Тепе-теңдікті сақтайық" Мақсаты: Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын, гимнастикалық		**Сурет салу** "Орманға жидек теруге барамыз" Мақсаты: Балаларды жидектері бар бұталар бейнеленген үйлесімді композиция құруға үйрету; бейнелейтін заттың орналасу мағынасын түсінуді меңгерту; кеңістікті бағдарлау дағдыларын, көру қабілеттерін дамыту; Табиғатты аялауға, тиянақтылыққа тәрбиелеу. *Жеке сүйемелдеумен дербес әрекет.* **"Көркем әдебиет ""Мақтаншақ қоян"" ертегісі Мақсаты: Балаларға ертегі**	**Музыка** "Күнбағыс" Мақсаты: Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті дамыту; өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті қабылдауды дамыту. *"Күннің көзі және бұлт" дидактикалық ойыны.*

		орындықтың үстімен жүру техникаларын жетілдіру.		**мазмұнын түсініп, тыңдай білуге, ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз қылықтарын көрсете алуды түсіндіру; ертегіні мазмұндай алуға, рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету; ойын, қиялын, тілін, сөздік қорын дамыту; тазалыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: ""Не жақсы, не жаман?""."**	
Серуенге дайындық 10.15-10.30	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.30-11.50	**Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге	**Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер:		**Жаңбырдың жауғанын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: жаңбырдың пайда болу құбылысын	**Ақ қайынды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: қайынның белгілерін атай білу, басқа

	жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. Күн терезен қарайды, Бізге шуақ шашады, Біз шапалақ соғайық, Күнді қарсы алайық! **Еңбек әрекеті:** құм салғышты құммен толықтыру. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: кішкене шелектермен таза құмды құмсалғышқа төгу әрекетіне тарту; қарапайым еңбек	құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік өсімдіктерді қоректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады. Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті		түсінуге мүмкіндіктер жасау; бақылағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру; оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көрсету. - Балалар, ақ жауын мен нөсер жауын бірдей ме? Жұмбақ шешуге үйрету. Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын. Биіктен қайта түскенде, Өңі кірер даланың. **Көркем сөз.** Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр. Арық суы мол болсын. Өсімдіктер көп болсын.	ағаштардан айырмашылығын ажырата білу, қайынның әдемілігін айту. Ересектермен бірлескен жұмыс түрлері. Бақшадағы көкеністерді бақылау және қарау. Мақсаты: Топтық жұмысқа үйрету және дағдыларын қалыптастыру. **"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында

	дағдыларына бейімдеу. **"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады.	болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі. **Еңбек әрекеті:** майда қиыршық тастарды жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру. **"Түсін тап" ойыны. (танымдық дағдылар)** Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру. Дене тәрбиесіндегі арналған ойын: балаларда екі		Жауған жерің шөп болсын Еңбек әрекеті: ауладағы қағаз,қоқыстарды жинау. **"Түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда зейінді дамыту, түстерді ажырата білу, белгі бойынша әрекет ету. Жүгіру, жүру жаттығулары. Балалар 3-4 түсті жалаушаларды алады және бөлменің әртүрлі бұрыштарында 4-6 адамнан тұрады, әр бұрыштқа тәрбиеші түрлі-түсті жалауша қояды. Тәрбиешінің белгісі бойынша "Серуендеуге барамыз!" балалар жан-жаққа тарайды.	тұрады. Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи

	Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. Педагог балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.	аяғымен алға қарай секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру. **"Аттар"қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту. Балалар екі бірдей топқа бөлінеді. Біреулері – аттар болады, басқалары – шабарман болады. Шабарманның қолында -ауыздық. Аланның басқа жағында - аттар		"Өз түстерінді тап!" - деген белгіні естігенде, балалар тиісті тудың жанына жиналады. Тәрбиеші қай топтың тез жиналғанын айтады. Ереже. Тудың қасынан белгі бойынша ғана шығу."Серуендеуге барамыз!". Тиісті түсті жалаушаның жанына жүгіру және жиналу "Өз түстерінді тап!" **Дене тәрбиесіне арналған ойын:** балалардың алға қарай екі аяғымен секіруін дамыту. Белгі бойынша әрекет етіңіз, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру. **Балалардың еркін ойыны.**	отырып, секіруге дағдыландару. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. **Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштан түскен ұсақ бұтақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу. **Балалардың еркін әрекеті.**

	"Жалаушаға жүгір" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісіне сәйкес іс-әрекеттерді орындау қабілеттерін дамыту, назар аударту, түстерді ажырата білу. Жүгіру және жүру жаттығулары. Дене тәрбиесіне арналған ойын: Балалардың қимыл-қозғалыстарын белгі бойынша орындауын, әр түрлі бағытта жүгіру қабілеттерін дамыту. **Балалардың еркін ойыны.**	жайылатын жер, бұнда аттар тұрады, басқа жағында шабармендар. Тәрбиеші: "Шабармандар, тұрыңдар, тезірек аттарды дайындаңдар!" - дегенде шабармандар аттан түсіп, аттарды жайылымға жіберіп, өздерінің орындарына барады. "Шабармандар, аттарыңды ұстаңдар",- дегенде әрқайсысы өздерінің аттарын ұстайды. "Аттарыңды ат қораға апарыңдар",- дегенде апарады. Ойын 3-4 рет қайталанады. **Балалардың еркін ойыны.**			
Серуеннен оралу 11.50-12.00	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас 12.00-13.00	Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				

Күндізгі ұйқы 13.00-15.50	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	Оянайық бәріміз. Тәрбиешінің айтқанын орындайды. Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымиыңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер, Іштеріңді тартыңдар, Көңіл күй көтерілді, Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар, Жұдырықты қысыңдар, Енді біраз ашыңдар, Керіліңдер, созылыңдар, Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.50-16.10	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40**	**"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен	**"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ой-қиялын дамыту. Жүргізуші.		**"Скафандр киеміз" кимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтін мәніне, ырғағына сай қимылдауға жаттықтыру; дене мүшелерін, жағымды эмоцияларды дамыту.	**"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту. Жүргізуші.

	ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). Педагог балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады. Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер"сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен**	1 нұсқа. Тәрбиеші жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді. 2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды. 3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту;		Арманшыл баламыз, (Бас бармақтар жоғары көтеру) Ғарышкер боламыз. (Қолдарды жұдырықтарға жинау, шынтақтарды бүгу) Бір аяқты өткізіп, (Қол белде, аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру) Екіншіні саламыз. (Қол белде, екінші аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру Қолды жеңге өткізіп, (Бір қолды шынтақта бүгіп созу) Солды жеңге өткізіп, (Екінші қолды шынтақта бүгіп созу) Сыдырманы жүргізіп, (Бір қолмен сыдырманы жүргізген болы қимылдату: төменнен жоғарыға жүргізу) Киеміз скафандрды. (Екі қолды жоғары	1 нұсқа. Тәрбиеші жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді. 2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды. 3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек. **(дене шынықтыру)** **"Киімді тазалау үйі" сюжет-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: киімді күту амалдарынмен таныстыру; балалардың ұқыптылыққа,

	таныстыру) **"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Біз естиміз-жасаймыз"ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтін	коммуникативті біліктерді дамыту. Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары. Тәрбиеші балаларға: "Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік", - дейді. Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы, балалардан сұрайды. Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ онда тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар		көтеріп, бас төбесіне қойып, екі бетті екі алақанмен жауып, баспен шайқау) Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, балақай! Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, балақай! **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру. **(сөйлеуді дамыту,**	тазалыққа, еңбекке баулу; киімді жуу немесе тазалау, кептіру, үтіктеу, бүктеп салу әрекеттеріне дағдыландыру. Құралдары: щеткалар, үтіктегіш, үтіктер, киімдер үлгілері, сөрелер, пластик тегештер, қыр қысқыштар, киімді ілетін жіп. Үтіктейміз киімді, Қыртыстарын жазамыз. Кірлеп қалса киімдер, Кір жуу машинасына саламыз. Г. Кужагулова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**

	бойынша естіген сөздерді, қимылмен көрсету дағдыларын дамыту. **(дене шынықтыру)**	сипаттап, айтып береді. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**		**көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**	
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен 16.50-17.50	Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30**	"Баланың ауыстыратын киімі" туралы ата-аналармен әңгімелесу.	"Абайлаңыз, жәндіктер!" атты ата-аналарға арналған жаднамалар.		"Абайлаңыз, қолымызды таза ұстайық" атты ата-аналарға арналған жаднамалар.	"Баланың демалыс күндері" атты әңгіме.

Тексерілді

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Қошақан» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі : 01, 03.07. - 07.07.2023ж.

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**01, 03.07. - 07.07.2023ж.**					
Апта күндері	***Сенбі***	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	01.07.2023	**02.07.2023**	**03.07.2023**	**07.07.2023**		
Күн тәртібі						
Балаларды қабылдау 08.00-08.45	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**					
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарды толғандырып жүрген сұрақтарына жауап беру.					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	**Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.**	**"Топтың ішін ретке келтір".** Мақсат-міндеттер:	**Құрылыс материалдарын контейнерлерге**	**Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына**		

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасай білу қабілетін дамыту; аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту. **(еңбек дағдылары)**	балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафта тұрған ойыншықтар мен құралдарды реттеп, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)**	**жинап, салу.** Мақсат-міндеттер: балаларды құралдарды жинауда үнемшілдік тәртібін сақтауға тарту; басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру; балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. **(еңбек дағдылары)**		
	"Қарама-қайшылық" ойыны. Мақсат-міндеттер: сөздік қорларын кеңейту, қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолдануға үйрету. Ойын құралы: доп. Тәрбиеші белегілі	**"Кім сені шақырды, тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: басқа адамды дауысынан тануды үйрету. Күрделенген нұсқасы: дауыстарды тануға шыққан баланың басына	**"Не өзгерді?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: зейінді, ойлауды дамыту. Бір топ бала жиналып, қолдарына түскен әр түрлі заттарды үстел үстіне жайып тастайды. Олардың саны аса	**"Кім сені шақырды, тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: басқа адамды дауысынан танып үйрету. Құрал: арнайы құрал керек емес. Ойын барысы: Балалар шеңбер жасап тұрады.		

	бір сөзді айтады: мысалы - "ауыр" деген сөзді айтады да бір балаға допты лақтырады. Допты қағып алған бала, ауыр затты айту қажет. Жауап бергеннен кейін допты, қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді. Мысалы: ауыр - тас, жүк; шыны - ыдыс, әйнек, т.с.с.. **(сөйлеуді дамыту)** **"Өрмекші" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды санамақ мәтінінің мәніне сай қимылдар жасауға	шляпа кигізу, қалған балаларға оны шақырту. Құрал: арнайы құрал керек емес. Ойын барысы. Балалар шеңбер жасап тұрады. Біреуі ортаға турып көзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада турған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге турады – шақырған бала ортаға турады. **(дене шынықтыру)** **"Қарақат" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер:	көп болмауы қажет. Ойын жүргізуші ол заттардың аттарын атап шығады. Ал ойыншыларға сол заттардың қайсысы ненің қасында ненің қасында және қандай қалыпта жатқанын, олардың түр-түстері қандай екенін көріп алуға 5-10 секунд уақыт беріледі. Осыдан кейін ойыншылар бөлмеден шығарылады немесе теріс қарап отырады. Осы кезде ойын жүргізуші бірнеше заттың орнын тез-тез ауыстырып, кейбіреуін тығып қояды. "Үстелдің	Біреуі ортаға турып көзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада турған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге турады – шақырған бала ортаға турады. **(дене шынықтыру)** **"Орманшы" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діңі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы		

	дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Күні бойы еңбекпен (Оң қолдың бас бармағы мен сол қолдың сұқ саусағының ұштарын түйістіреді, керісінше қайталайды; сол қолдың бас бармағы мен оң қолдың сұқ саусағы), Өрмекші өрмек тоқиды (Саусақтарын сыртылдатады), Нөсер тек кенет селдеткен (Оң алақанмен сол қол алақаның үстінен тез «сырғанап	балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Өлең мазмұнына сай қимыл жасау. Қалсам егер тығылып, Қалың шөптің астында. Таба алар деп кім біліп, Жұрт көзінен қаштың ба? Торсиған бал уызға Кіп-кішкентай қарақат. Салып қояр ауызға, Болса егер бала тап. (С. Мәуленов) **(сенсорика, сөйлеуді дамыту)**	үстіне қандай өзгерістер болды?" - деген сұраққа кім дұрыс әрі толық жауап берсе, сол ойын жүргізуші болып, әрі қарай жалғастырады. **(сөйлеуді дамыту)** **"Жел көбік" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберде жүріп, бірлесіп ойнауға, сөздерге сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; ұйымшалдыққа тәрбиелеу. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.	білімдерін бекіту. Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады. **(қоршаған ортамен таныстыру)**		

	түседі), Еңбегін оның жоқ қылды (Барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақандарына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді «күн» жасайды), Күн шықты қайта жарқырап (Екі қол алақандарын беттестіре жоғары көтеріп біресе оңға, біресе солға иіледі), Құрғады тез-ақ төңірек (Барлық саусақтардың ұштарын түйістіре, тез-тез кезектестіре бір-біріне соғады), Өрмекші өрмек тоқуға Кірісті, дереу, тезірек. **(сөйлеуді**		Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады. Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрып, қайтадан			

	дамыту, сенсорика)		шеңберге тұрады, ойын қайтадан басталады. **(дене шынықтыру)**			
Таңертеңгі жаттығу 8.45-8.55	Тәрбиешінің артынан шеңбер бойында жай жүру, Аяқтың ұшымен жүру. БҚ – аяқты алшақ қойып, қолды төменде, 1- қолды алға созамыз. 2- қолды жоғары көтереміз. 3- бірінші қалыпқа келеміз. (3-4 рет) БҚ – аяқты алшақ, қолды белге қойып, "Сағаттың тілі". 1- оңға иілеміз 2- солға иілеміз Бірнеше рет қайталаймыз.(5-6 рет) БҚ – аяқты алшақ, қолды төмен басымызбен оңға, солға иілу. (4-5 рет) "Қарлығаш" болып ұшамыз "Қоян" сияқты секіреміз. Жай жүру, дем алу. **(дене шынықтыру)**					
Таңғы ас 8.55-09.30	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені,					

	Елемейміз, білмейміз. Балалар рақмет айтып тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.30-10.15	**Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. "Күнім, күнім..." Күнім, күнім, қайдасың? Түннен бері шығасың. Сенімен бірге оянамын, Жылы нұрыңа шомыламын. Оянамын, жаттығамын, Балабақшаға барамын.	**"Қатып қал" ойыны.** Мақсат-міндеттер: еркін қозғалыстарды дамыту. Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактіне қозғалады. Кенеттен әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады. **(дене шынықтыру)**	**"Мұқият бол" ойыны.** Мақсат-міндеттер: мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. Тәрбиеші шеңбердің жанында тұрады, оны барлық балалар көреді. Оның қолында 3 сурет: балық, тастар және балдырлар. Тәрбиешінің белгісі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. Педагог кезекпен	**"Ақ шамшық" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәт сақина тас алған бала орынан тұруы тиісті,		

	Нұрыңа толған алаңға Достарымды шақырамын. Д. Ахметова. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**		суреттері бар карточкаларды көрсетеді: 1. Балықты көрсеткен кезде, балалар шеңбер бойымен қолдарын сермеп баяу жүгіреді. 2. Тастарды көрсеткенде, балалар тізелерін құшақтап отырады. 3. Балдырларды көрсеткенде, балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі. Қай бала қателеседі, сол бала ойыннан шығып қалады. **(сөйлеуді дамыту)**	"Сақина менде", - деп дауыстайды. **(дене шынықтыру)**		
Білім беру ұйымының кестесі	**Сөйлеуді дамытудан**	**Дене шынықтырудан**	**Қоршаған ортамен**	**Музыкадан ойын-жаттығу**		

бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.15	**ойын-жаттығу** "Орман жидектерін тереміз" Мақсат-міндеттер: Орманда өсетін және орман өсімдіктері туралы білімдерін бекіту. Жидектер туралы сөздік қорларын белсенділендіру, нақтылау.	**ойын-жаттығу** "Дәмді тосаптар" Мақсат-міндеттер: Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру; бөренеңің үстімен тез адымдап жүру дағдыларын дамыту; жидектерден жасалатын тосаптар туралы білімдерін арттыру; оқу қызметіне қызығушылықтарын ояту.	**танысудан ойын-жаттығу** "Тосапты неден қайнатамыз?" Мақсат-міндеттер: Балалардың жидектер туралы, олардың сыртқы түрінің ерекшеліктері, өсу орындары туралы, олардың түрлерімен, адам өміріндегі пайдасымен таныстыру; жидектер мен олардан жасалатын өнімдердің атауларына байланысты сөздік қорларын байыту, "жидектер" туралы жалпылама түсініктерін қалыптастыру; еске сақтау,	"Ән салған кім?" Мақсат-міндеттер: Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.		

			байланыстырып сөйлеу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Жидегі бар себет" Мақсат-міндеттер: Есу әдісі арқылы ермексаздың кішкене бөлшектерінен жидектер, себет мүсіндеуді үйрену; сөйлеуді, логикалық ойлауды, зейін қоюды, жұмбақ шешуді үйрету; ермексазбен жұмыс кезінде ұқыптылыққа тәрбиелеу.			
Серуенге дайындық 10.15-10.30	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**					

Серуен **10.30-11.50**	**Күннің көзін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларға күн туралы мағлұматтарын кеңейту. Балаларға күннің сәулесі, жылуы туралы айту. Көркем сөз: Күн шыққанда: Алақай, алақай! Күн шықты күн шықты! Жер үстінде нұр шықты! **"Күн - түн" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша қимылдауға дағдыландыру;	**Аспанды және бұлтты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды аспанды бақылауға баулу, аспанды "бұлтсыз" немесе "бұлтты" деп ажыратуға дағдыландыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға аспанның әсемдігін көруге үйрету; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін айту керек. Бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда	**Шие ағашын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: шие ағашымен таныстыру (құрылымын, гүлденуін бақылау); өсімдіктерге деген қызығушылықты арттыру. Бақылау барысы: Бақ ішінде шиелер, Бар жемісі бағалы Көрген адам таңданар, Көздің жауын алады - Балалар, бұл шие ағашы. **Еңбек әрекеті: құрғақ бұтақтар мен құс шие гүлдерін жинау.** Мақсат-міндеттер:	**Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау (ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау) (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ		

	тәулік ерешекліктері жайындағы түсініктері пысықтау; ұйымшылдықпен ойнай білуге баулу. Балалар көңілді шеңбер жасап тұрады. Жүргізуші: "Күн" - десе балалар қозғалып жүреді, қимылдайды. "Түн" - десе балалар қимылсыз, ұйқыға кеткендей қатып қалады. Осы сәтте бір бала ойын шартын бұзса, ойыннан шығарылады. Дұрыс ойнаған балалармен ойын жалғасын табады. **"Қасқыр мен қояндар"**	қадағалауды дамыту. Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге болады. Табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап	балаларды еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге тәрбиелеу. **"Қоңызды (көбелекті) гүлге қондыр" ойыны.** Мақсаты: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. Құралдары: түрлі түсті гүлдердің және дәндіктердің кескіндері (ламинадталған). Педагог алдын-ала түрлі түсті гүлдердің кескіндерін алаңға шашыратып	тіршілік өсімдіктерді қоректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады. Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі. **Еңбек әрекеті:**		

	қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын желісі, шарты бойынша баулу, белгі бойынша бір аймаққа жиналып және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа, зеректікке тәрбиелеу. Педагог балалармен бірге "қасқырды" таңдайды. Қалған балалар "қояндар" болады. Педагог белгісінен кейін "қояндар" әртүрлі бағыттарда жүгіріп, қасқырдан қашады. "Қасқыр" ұстап алған "қояндар" саны 5-	өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. **"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40	жайып салады. Балалар өздеріне ұнаған қоңызды, көбелекті алып, белгі бойынша түсі бірдей гүлге жүгіріп барып, жәндікті гүлдің үстіне қондырады. Ойынды бірнеше рет қайталауға болады. **"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептіл"кке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру. Құралдар: лақтыруға арналған құм	**майда қиыршық тастарды жинау.** Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру. **"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады),		

	6-ға жеткенде, "қасқыр" ауысады. Құралдары: "қояндарға" медальондар, "қасқырға" маска. **Еңбек әрекеті:** ауладағы қураған жапырақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу. **Балалардың еркін әрекеті.**	метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады. - Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады.	салынған қаптар. Балалардың еркін ойындары. **Еңбек әрекеті: ауладағы қураған жапырақтарды жинақтау.** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу. **Балалардың еркін әрекеті.**	қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып",		

		Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қаіупсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс. **"Көбелекті ұстап алу" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша орнында секіру қимылдарына дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, жигер-күшін, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. ойын барысында педагог балаларды бір		"балаларға" қарай жүгіріп, оларды қуалап, ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады. **"Түсін тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін		

		затты (көбелекті) ұстап алу мақсатында жоғары секіруге жаттықтырады. Педагог нұсқауларында секіріп, орнына қайта түсуде тепе-теңдікті сақтап, құлап қалмауды ескеру керек. **"Не жөнінде айтылады" дидактикалық ойыны.** Сипатты белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білу (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). Балалардың еркін ойыны. Балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.		қалыптастыру. Дене тәрбиесіндегі арналған ойын: балаларда екі аяғымен алға қарай секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру. **Балалардың еркін әрекеті.**		

		Еңбек әрекеті: ағаштан түскен қураған ұсақ бұтақтарды жинақтау. Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу. **Балалардың еркін әрекеті.**				
Серуеннен оралу 11.50-12.00	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.					
Түскі ас 12.00-13.00	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар рақмет айтып тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**					
Күндізгі ұйқы 13.00-15.50	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.					
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	Бойымызды жазайық Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық Ұйқымызды ашайық!					

	(дене шынықтыру)					
Бесін ас **15.50-16.10**	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40**	**"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікті бағдарлай алуға үйрету, есте сақтауды, қиялды дамыту. Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы. Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға мұқият қарауды талап етеді. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші сұрайды балалардан көздерін жұмып, артқа қарауларын	**"Қапшықта не бар?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сөйлеуді дамыту, балалардың сөздік қорын байыту. Құрал-жабдықтар: ойыншықтар. Тәрбиеші балалардың кез-келгенінен көздерін жұмуды немесе жабуды сұрайды және қапшыққа балаларға таныс ойыншық немесе зат салады. Ойыншылар тәрбиешінің не салғанын көреді,	**"Қуыршақты серуенге даярлайық" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту және толықтыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Үстел үсті ойындары: "Басқатырғыш", "Құрастырғыш" .** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын	**Дамытушы ойын. "Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз".** Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту. Жүргізуші. 1- нұсқа. Тәрбиеші жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды		

	сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды.Балалар ға сұрақ қояды. Қандай өзгерісті байқап тұрсыңдар деп?». Балалар жауап береді. Ойын ары-қарай жалғаса береді. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Үстел үсті театры "Бауырсақ" ертегісі.** Мақсат-міндеттер: балаларды ертегіні мұқият тыңдауға және көруге, кейіпкерлердің жақсы қасиеттерін көруге, ертегілерге деген сүйіспеншілікті	бірақ үндемеуі керек. Олар көзі жұмулы досына жасырынған затты сипаттап берулері тиіс. Бала қолын қапшыққа салып, ойыншықты сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса, бала оны өзіне алады, егер жоқ болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **"Бауырсақ" ертегісі.** Мақсат-міндеттер: ертегі мазмұның балалардың естеріне түсіріп,сұрақтарға толық жауап	дамыту. **(сенсорика)** **"Айырмашылықты тап" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер: ұқсас жұп заттарды, суреттерді салыстырып, олардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу қабілеттерін, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Барысы. Салыстыруға бірінші зат немесе сурет балаларға біраз уақыт көрсетеді. Содан кейін екінші зат не суретке көңіл аударылады. Басты міндет -	қайталайды. 3-нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **"Жидек тереміз" рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жидекке шығу, шөп, бұта арасынан іздеу, теру, себепке салу әрекеттеріне машықтандыру; жидекті теру үшін еңбек керектігін түсіндіру; коммуникативті қабілеттерді дамыту. Құралдары: себеттер, жидектердің		

	арттыру. **(көркем әдебиет)**	берулерін қадағалау. Тіл байлықтарын дамыту. Артистік өнерге машықтандыру, дауыс ырғағын өзгерте отырып, кейіпкерлердің дауысына сала білуге үйрету. Ойын барысы: Автор: Ерте-ерте-ертеде шал мен кемпір тұрыпты. Бір күні шал кемпіріне айтады. Шал (1-бала): Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берші. Кемпір(2-бала): Неден пісірейін? Ұн жоқ қой. Шал: Әй, кемпір, қойманың түбін қырып көрсең. Бір бауырсақ пісіретін үн табылар.	заттардың не суреттердің несімен ұқсамайтынын айту. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	нақпішіндері. Ойын аула жағдайында ұйымдастырылса, алдын-ала шығып, бұтақтарға жұмсақ қызыл түсті қағаздан шиыршықтарды (жидектерді) жапсырып, шөп арасына шашыратып қоюға болады. **(қоршаған ортамен таныстыру)**		

		Автор: Кемпір солай істеді. Қойма түбін қырып-қырып екі уыс ұн табады да. Қаймақ қосып, қамыр илейді. Бауырсақты майға пісіріп, терезе алдына суытуға қояды. Жата-жата жалыққан бауырсақ терезе алдынан домалап түсіп, жолға шығып, домалап кетеді. Жолда домалап келе жатса, алдынан қоян шығады. Қоян (3-бала): Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! Бауырсақ (4-бала): Жоқ, сен мені жеме, қоян, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші.				

		Әже қойма қырнаған, Екі уыс ұн жинаған, Қаймаққа илеген, Майға пісірген, Терезе алдына суытқан, Бауырсақпын домалақ! Атадан кеттім, Әжеден кеттім, Қоян сенен де кетемін! Автор: Бауырсақ алға қарай домалап кетеді, қоян қалып қояды. Бауырсақ орман ішіиен домалап келе жатқанда, алдынан қасқыр шығады. Қасқыр (5-бала): Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! Бауырсақ: Жоқ, сен мені жеме,				

		мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші. Бауырсақтың әні. Автор: Бауырсақ домалап кетеді. Қарсы алдынан қорбандап аю шығады. Аю(6-бала): Әй, бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! Бауырсақ: Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші. Бауырсақтың әні. Автор: Бауырсақ домалап кетеді, аю қалып қояды. Бауырсақ зымырап келе жатса, алдынан түлкі шыға келеді. Түлкі (7-бала): Амансың ба, бауырсақ! Көргендерге				

		ұнайсың, қандай әдемісін! Автор: Бауырсақ қуанып, өлеңін айта бастайды. Түлкі болса тыңдаған болып, білдірмей бауырсаққа жақындап отырады. Бауырсақ: Әже қойма қырнаған, Екі уыс ұн жинаған, Қаймаққа илеген, Майға пісірген, Терезе алдына суытқан, Бауырсақпын домалақ! Атадан кеттім, Әжеден кеттім, Қоян сенен де кетемін! Түлкі: Әдемі өлең екен! Айналайын, бауырсақ, мен қартайдым, құлағым естімейді				

		ғой. Кәне, менің тұмсығыма отырып, өленді тағы бір айтып берші. Автор: Бауырсақ мақтағанға мәз болып, түлкінің тұмсығына шығып, өленін айта бастағанда, түлкі бауырсақты «ап!» деп жеп қояды. **(көркем әдебиет)**				
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.					
Серуен 16.50-17.50	Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру.					
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30**	"Жазғы кезеңдегі балалардың қауіпсіздігі" тақырыбында кеңес беру.	"Бірге жаттайық" жаднама.	"Халық шығармашылығы " жоба жасау.	"Балалардың демалыс күндерін дұрыс ұйымдастыру" кеңес беру.		

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Қошақан» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі :10.07. - 14.07.2023ж.

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**10.07. - 14.07.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	10.07.2023	**11.07.2023**	**12.07.2023**	**13.07.2023**	**14.07.2023**
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 08.00-08.45	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес	**Бөлме өсімдіктерін**	**Кітаптарды көркем**	**"Топтың ішін ретке**	**Бөлме өсімдіктерін**	**Аквариумдағы**

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**суару.** Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге байқап құю, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға үйрету.	**әдебиет бұрышына орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру.	**келтір".** Мақсат-міндеттер: балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафта тұрған ойыншықтар мен құралдарды ретттеп, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.	**күту.** Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу (құрап қалған жапырақтарды алып тастау), күтуге деген қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолқабыс танытуға тәрбиелеу.	**балықтарды қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту.
	"Көлікті жүргіземіз" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тақпақта айтылған сөздердің мәніне, ырғағына сай қимылдауға бейімдеу; артикуляцияны, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Біздің арман көрікті -	**"Зат неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны** Мақсат-міндеттер: геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту. Тәрбиеші	**"Жайлы үй" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды үйдегі әртүрлі заттармен таныстыру, оларды жалпы белгілері бойынша жіктеуге үйрету; Ойынға 30 суретті карточка кіреді. Олардың 25-інде әртүрлі заттар бейнеленген. 5 карточка жалпылама	**"Саусақтар-ойыншықтар" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Саусақтарым,	**"Үлкен - кіші" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін, зейінін дамыту. Балалар 2 топқа бөлінеді. 1 – ұлдар (текшенің ең кішкентайынан үлкеніне қарай), ал 2 – қыздар командасы (керісінше, доптың ең үлкенінен кішісіне қарай рет-ретімен

	Жүргіземіз көлікті. "У-у-у!" - деп, мотор дыбыстайды, "У-у-у!" - деп, тоқтамайды. Рөлді мықты ұстаймыз, Аяқпен басып, газдаймыз. "Ту-ту-у!", шығамыз жолға, "Ту-ту- у!", бәрі алда. Д. Ахметова. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** **«Үшіншісі артық» ойыны.** Мақсат-міндеттер: басқаларына сәйкес келмейтін затты (геометриялық пішінді) алып тастау немесе боямау керек және топты жалпылама сөзбен атау қажет. Есту арқылы жұмыс жасау: тәрбиеші	геометриялық пішінді немесе геометриялық денені балаларға көрсетеді, ал балалар оның қоршаған ортадағы қандай затқа ұқсайтындығын табады немесе естеріне түсіреді. Тәрбиешінің үстелінің үстінде геометриялық пішіндерді немесе заттар мен суреттер жатыр. Бала суретті не затты таңдай отырып, оның қандай пішінге ұқсайтындығын айтады. Өзінің жауабын түсіндіреді. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** **"Ою саламыз" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды	болып табылады, олардың әрқайсысы заттардың өз тобын анықтайды: киім, аяқ киім, ыдыс-аяқ, жиһаз, ойыншықтар. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** **Санамақты мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Екі көз бен қос құлақ, Бір бас пенен бір мұрын. Нешеу болды қос шырақ, Санап шығар кім	ойыншықтарым (Саусақтарды керіп, алақандарды көрсету) Ойнап-ойнап қалады, (Саусақтармен кезектеп жыбырлау) Шапалақтап, шапалақтап, (Шапалақ қағу) Жасырынып қалады. (Жұдырықтарға жұму) - Қане, шық жұдырықтан! (Жұдырықтарды босатып ашу, саусақтарды көрсету) Қане, тұр түзу сапқа! (Алақанды жаю, саусақтарды бір тік жинау) Ойнап болдық, тамаша! (Шапалақтау) Іс жасайық жаңаша! (Сұқ саусақты бұлғау) **(сөйлеуді дамыту)**	қояды). Керісінше: Үлкен текшеге – кішкентай көлікті қою керек. Кішкентай текшеге – үлкен көлік қою керек. **Көркем сөз.** Достарды жинайық, Мұнараны құрайық. Үлкені үстіне орташасын, Оның үстіне кішкентай данасын, Қоямыз да Дананы қуантамыз. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **Пирамидаларды құру жаттығулары.** Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана. Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын,

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	**Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық	**Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу.** Мақсат-міндеттер:	**Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктерге күтім	**Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды	**Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.** Мақсат-міндеттер:

бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту. **(еңбек дағдылары)**	балаларды құралдарды жинауда үнемшілдік тәртібін сақтауға тарту; басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру; балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге байқап құю, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға үйрету. **(еңбек дағдылары)**	сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. **(еңбек дағдылары)**
	"Топ-топ басайық" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінде айтылған сөздерге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету . Топ, топ, топ, топ басайық, (Шеңберге тұру) Жалаудан күн жасайық. (Қолдарын көтеру) Жаса, жаса, алтын күн! (Бір орында аяқты нық басып жүру) Жаса, жаса, алтын күн! Біраз уақыттан	**"Гүл дүкені" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: гүлдерді (түймедақ, бақбақ, қоңыраугүл) және түстерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларды өсімдіктердің түсі бойынша топтастыруға, әдемі гүлшоқтарын жасауға үйрету. Барысы: үстелде әртүрлі пішіндегі	**"Жел көбік" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады. Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар.	**"Ою саламыз" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу) Оюды саламыз: Бұлақ, (Қолдарды	**Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ". Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты. Жердің екі бетіне Жеті жеңін жауыпты. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

	кейін тәрбиеші: "Тоқта!". Балалар баяулап, тоқтайды. Ойын қайталанады. **(дене шынықтыру)** **"Айырмашылықты тап" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер: ұқсас жұп заттарды, суреттерді салыстырып, олардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу қабілеттерін, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Барысы. Салыстыруға бірінші зат немесе сурет балаларға біраз уақыт көрсетеді. Содан кейін екінші зат не суретке көңіл аударылады. Басты міндет - заттардың не суреттердің несімен ұқсамайтынын айту. **(танымдық дағдылар)**	түрлі түсті жапырақшалары тұрады. Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі бойынша және пішіні бойынша сәйкес келетін гүлді табады. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **"Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Қонжық орманда жүреді, (Екі аяқ иық	Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды" деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады. **(дене шынықтыру)** **"Зат неге ұқсайды?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалар бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету. Құралдары:	жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау) Дөңгелек, (Шеңбер салу) Ирек, (Толқындар жасау) Қанат, (Қос қолмен бұлғау) Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету) Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау) Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту)** **"Түстерін тап" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту. Үстелге түрлі түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою. Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті	**"Топ-топ басайық" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінде айтылған сөздерге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету . Топ, топ, топ, топ басайық, (Шеңберге тұру) Жалаудан күн жасайық. (Қолдарын көтеру) Жаса, жаса, алтын күн! (Бір орында аяқты нық басып жүру) Жаса, жаса, алтын күн! Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: "Тоқта!». Балалар баяулап, тоқтайды. Ойын қайталанады. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**

		енінде, қол белде) Маймаңдайды, теңселеді. (Маймаңдау, қонжық жүрісіне еліктеу) Маймаңдайды, теңселеді, Тәтті жидекті тереді. (Отыру, саусақтармен еденді соққылау) Ағаштарға жорғалайды, (Екі қол кеуде алдында бүгулі; қолдарды көтеріп-түсіру, аяқтарды, түзе бүгіп, кезек көтеріп-түсіру) - Бал бересің бе? - сұрайды. (Екі алақанды қосып, үйкелеу) - Бал бересің бе? - сұрайды. Жерге түсіп, маймаңдайды. (Маймаңдап жүру) Д. Ахметова **(дене шынықтыру)**	геометриялық пішіндерге ұқсайтын заттардың сурет-карточкалары. **(танымдық дағдылар, математика негіздері)**	суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады. **(танымдық дағдылар)**	
Таңертеңгі жаттығу Таңертеңгі	**"Қуыршақпен ойнаймыз".** Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде. 1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру. (3рет)				

жаттығу **8.45-8.55**	3-4 б.қ. Аяқ алшақ, қуыршақ алда, 1-2 денені оңға, солға бұру, б.қ. келу. Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау, 1-4 алға енкею - "Қуыршақтар билейді", 5-6 б.қ. келу (3рет) Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою. 3-4 тік тұру, Қуыршақпен оңға, солға айналу. (2 реттен) **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **8.55-09.30**	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылға н іс-әрекетке дайындық **09.30-10.15**	**Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.** Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету. "Шапалақты тыңда" топтық ойыны. Мақсаты: шеңбер бойымен жүруді	**"Лото" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көкөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атату. Ойын шарты: көкөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді –	**"Кішкене өзен арқылы" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтап, белгілі нұсқаулар бойынша бағыттауға, ептілікке баулу; зеректікке тәрбиелеу. Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға	**"Өрмекші" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды санамақ мәтінінің мәніне сай қимылдар жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Күні бойы еңбекпен (Оң қолдың бас бармағы мен сол	**"Не өзгерді?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікті бағдарлай алуға үйрету, есте сақтауды, қиялды дамыту. Құрал-жабдықтар: әртүрлі ойыншықтар жиынтығы. Ойын барысы. Тәрбиеші

	үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау. Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады. - Балалар, қанша дыбыс естідіңдер? **(музыка)**	гүлзарларға орналастыру. Үш үлкен карточка-бақша, бау, гүлзар бейнеленгенкөлімдері 8×8см карточкалар және көкөністер, жемістер, гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар. **(танымдық дағдылар)**	болады) балаларға: мынау – "өзен", - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: "Көпір арқылы жүруді үйренейік", - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді. **(**	қолдың сұқ саусағының ұштарын түйістіреді, керісінше қайталайды; сол қолдың бас бармағы мен оң қолдың сұқ саусағы), Өрмекші өрмек тоқиды (Саусақтарын сыртылдатады), Нөсер тек кенет селдеткен (Оң алақанмен сол қол алақаның үстінен тез «сырғанап түседі), Еңбегін оның жоқ қылды (Барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақандарына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді «күн» жасайды), Күн шықты қайта жарқырап (Екі қол алақандарын беттестіре жоғары көтеріп біресе оңға, біресе солға иіледі),	ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға мұқият қарауды талап етеді. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші сұрайды балалардан көздерін жұмып, артқа қарауларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды.Балаларға сұрақ қояды. Қандай өзгерісті байқап тұрсыңдар деп?». Балалар жауап береді. Ойын ары-қарай жалғаса береді.

				Құрғады тез-ақ төңірек (Барлық саусақтардың ұштарын түйістіре, тез-тез кезектестіре бір-біріне соғады), Өрмекші өрмек тоқуға Кірісті, дереу, тезірек.	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.15	**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** «Гүл шалғынға саяхат» Мақсат-міндеттер: Гүлдерді жалпы және айрықша белгілерді көрсете отырып салыстыру;гүлдерге тән ерекшеліктерін анықтау; тәрбиешінің көмегімен тірек сызба бойынша шағын әңгіме құрастыру; балалардың сөйлеу, ойлау, зейіндерін дамыту; өсімдіктерге, гүлдерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Хош иісті гүлдер" Мақсат-міндеттер: Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдысын қалыптастыру; тура нысанға оң қолмен тік нысанаға көздеп лақтыруға үйрету; дене шынықтыру жабдықтары мен құралдарын пайдалану қызығушылықтарын арттыру.	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** А. Байғабылова "Ойыншықтар" (жатқа айту) Мақсат-міндеттер: Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін жалғастыру; өлеңнің мазмұнын түсініп, мәнерлеп, жатқа айтуға үйрету; есте сақтау, ойлау қабілеттерін, тілін, сөздік қорларын дамыту; ойыншықтарымен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Әдемі гүлдер ашылды" Мақсат-міндеттер: Балаларды дәстүрден тыс - умаждалған қағазды бастыру техникасы арқылы сурет салумен таныстыруды жалғастыру; композиция құрастыра білуді үйрету; ұсақ қол моторикасын жетілдіру; жаңа сурет салу тәсіліне қызығушылықтарын ояту; шығармашылық ойлауларын, қиялдарын, қабылдауларын	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Қоңыраулар үні" Мақсат-міндеттер: Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.

				дамыту. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	
Серуенге дайындық 10.15-10.30	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.30-11.50	**Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Ағаштарды түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелеуін белгілеу, гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу,ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру. Эстетикалық талғам мен сезімді тәрбиелеу. **Мақал-мәтел** Төлден мал өседі Шыбықтан тал өседі **Болжам.** Мойыл	**Гүлдерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Бақта және жазықта өсетін гүлдер туралы білімін жүйелеу және бекіту. Гүлдің құрамы неден тұратынын түсіндіру: Сабағы, түбірі, жапырағы, гүлденуі; гүлдер қалай көбейеді. Жаз басында гүлдер сары болады, содан соң ақ, жаздың аяғында ақшыл көк, қызыл болады; тәңертең гүл күлтесінің ашылып,кешке жабылатындығын айту. Гүлдердің әсемдігін қызықтай білуге тәрбиелеу	**Бұталарды бақылау (жұпаргүл, итмұрын, қара жемісті шетен, мойыл). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Көркем сөз Табиғат ол анамыз, Табиғатқа баламыз. Құшағында ойнаймыз, Шаттық әнге саламыз. Жазда аралап тауын да, Барамыз біз бауына. Өзеніне шомылып, Жүгіреміз жауында. Бақылау: Аулада өсетін бұталарды тани білу, яғни 2-3 түрлі: жапырағына, діңіне қарап, бұталарды ажырату, ерекшеліктерін айта	**Шетен ағашын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: шетен ағашымен таныстыру (құрылымын, гүлденуін бақылау). Бақылау барысы: Бақ ішінде шетен, Бар жемісі бөтен. Көрген адам таңданар, Көздің алар жауын. - Балалар, бұл шетен ағашы. **Еңбек әрекеті:** құрғақ бұтақтар мен құс шие гүлдерін жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсаты: балаларды еңбексүйгіштікке, ересектерге	**Терек бүршігін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Табиғаттың ең жақсы құбылыстарын бақылаудың бірі – терек бүршігінің пайда болуы. Терек бүршігінің пайда болуы жаздың басталуын білдіреді. Ағаш тұқымы – терек деген пікірді қалыптастыру; толықсыған кезде желмен, сумен шайылады, жануарлардың терілеріне жабысып басқа жерде өскендіктен бүршік – тұқым деген білімді жетілдіру. Терек бүршігі пайда

	ерте гүлдесе, ауа райының суықтығына. Шетен кеш гүлдесе, күз ұзақ болады. **"Секіргіш бақалар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Керілген сымнан секіре білуді жалғастыру. (Тәрбиеші жіптің бір ұшын ұстап, жерге айналдыра дөңгелетеді,ал шеңберде тұрған балалар секіру керек). Балалардың физиологиялық ұйымшылдық, төзімділік қасиеттерін дамыту. **Еңбек іс-әрекеті:** бақшадағы топырақты қопсыту. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: берілген тапсырманы мұқият тыңдап, істі аяғына дейін жеткізуге баулу, қиындық туа қалған жағдайда көмекке келуге тәрбиелеу.	және топты безендіруге қанша гүл керек болса,сонша жинау. Тақпақ: «Көктем келді гүл алып» Көктем тілін ұғайық. Қызғалдақты терейік, Теріп үйге келейік. Көбелектей киінген. Гүлді көріп сүйінген. **"Аю және ара" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсаты: балаларды ойын сөздерін айта отырып, кейіпкерлерді нақ көрсете білуге дағдыландыру; белгіні естіп тапсырманы жылдам орындай білуге, шыдамдылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Аю болып киінген бала	білу (бұталардың бойы төмен, діңі жіңішке), атауларын; өсетін орнын (орман, жазық дала, бақ). **"Тығылмақ" қимыл-қозғалыс ойыны.** Балаларды аулада тығылмақ ойнауға, шыдамдылықты дамытуға үйрету. Ойын ережелерін бұзбай, өз бетінше ойнату. **"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы.** Мақсаты: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп	көмектесуге тәрбиелеу. **"Қаздар мен түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсаты: балаларды қырағылыққа, ептілікке және ойынды дұрыс ойнауға үйрету. Балалардың көңіл күйінің көтеріңкі болуын қадағалау. Балалардың ойынға деген қызығушылықтарн арттыру. Қаздар алаңның бір жағында жүреді. Ал алаңның екінші жағында балалар орындықта тұрады. Алаңға қарама қарсы жақта түлкінің үйі орналасқан. Қаздар жайылып қанаттарын қағып жүреді, тәрбиешінің белгісімен түлкі келді деген кезде қаздар ұша жөнеледі, үйлеріне	болған кездегі өзін далада қалай ұстаудың ережелерімен таныстыру. **Мақал-мәтел:** Бір тал кессең, он тал ек. **Жаңылтпаш:** Кеспе өссін тал, Өссе өсімтал, Өссе өссін тал Кеспе, өссін тал. **"Қоңызды (көбелекті) гүлге қондыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. Құралдары: түрлі түсті гүлдердің және дәндіктердің кескіндері (ламинадталған). Педагог алдын-ала

	"Орманшы" дидактикалық ойыны. Мақсаты: ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу, рөлдерге бөлу,ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру. Бірнеше ағаштың түр-тұлғасын, бөліктерін: діңі, жапырағы, жемісі мен дәні болатынын еске сақтау. Өз білгендерін сөзбен жеткізе білу. **Балалардың еркін ойыны.**	немесе тәрбиеші орындықта отырады(орманында). Ал аралар болып киінген барлық балалар орманға бүлдірген теруге барады. Қимылдармен көрсетіп,мынадай сөздерді айтады: Орманында аюдың, Бүлдіргені көп екен, (екі қолды жайып көрсетеді) Теріп-теріп алайық, (тереді) Қалтамызға салайық! (салады) Аю шықты апаннан (шығады) Бол тезірек қашайық ! (балалар қашады) Соңғы жол сөздерін айтқанда аю тұрып балаларды қуып, ұстайды. Осылай ойын 2-3 ойнатылады. Құралдары: аю мен аралардың маскалары, бүлдірген нақпішіндері	доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар. **Еңбек әрекеті: ауладағы жұмыс.** Мақсаты: балаларды өз бетінше талдарды суаруға үйрету; өсімдікке деген қамқорлыққа тәрбиелеу, үлкендерге көмек беру. **Балалардың еркін ойыны: құммен ойнау.** Мақсаты: құммен ойнауға жағдай жасау, балалардың қызығушылығын арттыру.	барып қонады. Түлкі қаздарды қуа жөнеледі, ұстаған қаздарды ініне апарады. Ойын 4-5 рет қайталанады. Балалардың еркін ойыны. **"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер.	түрлі түсті гүлдердің кескіндерін алаңға шашыратып жайып салады. Балалар өздеріне ұнаған қоңызды, көбелекті алып, белгі бойынша түсі бірдей гүлге жүгіріп барып, жәндікті гүлдің үстіне қондырады. Ойынды бірнеше рет қайталауға болады. **Еңбек әрекеті: алаңды терек бүршігінен тазарту.** Мақсаты: балаларды алаңда тазалықты және тәртіпті сақтауға, қоғам мүддесіне жұмыс істеуге баулу. **Балалардың еркін ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды құрастыру ойынына қажеттілерді жинастыруға; ойында табиғи

		(муляждары). **"Қандай гүл екенін ойлап тап?" дидактикалық ойыны.** Балаларды сипаттама бойынша гүлдерді ойлап табуға; гүлдерді айыра білулерін бекіту. Балалардың еркін ойыны. Өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау.Ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу. **Балалардың құммен еркін ойындары.** **Еңбек әрекеті: ойыншықтарды құмнан қағып тазалау, қорапқа жинау.** Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.			заттарды қолдануға үйрету.
Серуеннен оралу 11.50-12.00	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				

Түскі ас **12.00-13.00**	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы **13.00-15.50**	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары **15.30-15.50**	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. 4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу. Төсектен тұрғызу. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас **15.50-16.10**	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40**	**"Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды қолмен ұстап, сипап-сезу қабілетін дамыту. Тәрбиеші балалардың ортасына "Сиқырлы	**"Мысық пен тышқандар" ойыны.** Ойын азғана балалар тобымен бөлмеде (кілем үстінде) немесе далада, жұмсақ шөпті алаңда, өткізіледі. Қырынан қойылған гимнастикалық	**"Киіз басу" рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	**"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын	**"Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды қолмен ұстап, сипап-сезу қабілетін дамыту. Тәрбиеші балалардың ортасына "сиқырлы

	қапшық" әкеледі. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын "сиқырлы қапшыққа" салып, кез келген затты таңдап алып, қолын "сиқырлы қапшықтан" шығармаған бойы сол затты сипаттайды. Қалтадан қолын шығарып, затты көрсетеді. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **"Жидек тереміз" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жидекке шығу, шөп, бұта арасынан іздеу, теру, себепке салу әрекеттеріне машықтандыру; жидекті теру үшін еңбек керектігін түсіндіру; коммуникативті	тышқандарға арналған орын қоршалады. Мысық таңдап алынады. Ол үлкен орындыққа немесе кесілген ағаштың түбіріне отырады. Тышқандар індерінде отырады. Тәрбиеші былай дейді: Тышқанға сақшы санап өзін мысық, Жатады ұйықтағансып көзін қысып. Тышқандар індерінен жүгіріп шығып (сатының баспалдақтары арасынан өтеді немесе жіптен секіреді), жүгіре бастайды. Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: Тынышталыңдар, тышқандар, бекерге шулап күлмеңдер. Ұйқыға жатқан мысықты оятып алып жүрмеңдер, - дейді. Бұл – мысыққа	Құралдары: киізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер. Киіз басып аяқпен, Дөңгелентіп аламыз. Сабалаймыз таяқпен, Білектейміз, жаямыз. Г. Кужагулова. **(сөйлеуді дамыту, шығармашылық дағдылар)** **"Өзіңе жұп тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бір-біріне итерместен жүгіруге үйрету, үлкен құрылыс ойыншықтарымен ойнау. **(дене шынықтыру)**	құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** **"Біз естиміз-жасаймыз"ойыны.** Мақсат-міндеттер: мәтін бойынша естіген сөздерді, қимылмен көрсетуге машықтандыру; ой-қиялды, пантомималық қабілеттерді қалыптастыру. **(дене шынықтыру)**	қапшық" әкеледі. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын «сиқырлы қапшыққа» салып, кез келген затты таңдап алып, қолын «сиқырлы қапшықтан» шығармаған бойы сол затты сипаттайды. Қалтадан қолын шығарып, затты көрсетеді. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **"Аурухана"сюжеттік-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету.

	қабілеттерді дамыту. Құралдары: себеттер, жидектердің нақпішіндері. Ойын аула жағдайында ұйымдастырылса, алдын-ала шығып, бұтақтарға жұмсақ қызыл түсті қағаздан шиыршықтарды (жидектерді) жапсырып, шөп арасына шашыратып қоюға болады. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	берілген сигнал; ол орындықтан түседі, төрт аяқтап тұрады, керіледі, қатты даусын шығарып "мияу" дейді де індеріне қашып бара жатқан тышқандарды ұстай бастайды. Ойындарды басқа тышқандармен 3-4 рет қайталауға болады. Алғашқыда мысықтың рөліне мықтылау, тез қимылдайтын балалады, ал кейін істеген ісін мақтап қойып, ұялшақтау балаларды да қоюға болады. **(дене шынықтыру)** **"Кемпірқосақ" ойыны.** Мақсат-міндеттер: ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар ортаға шығып түстерді айтады. Бір бала қарамай тұрып, қайсысы қандай түс			**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**

		айтқанын айтып береді. **(қоршаған ортамен таныстыру)**			
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен 16.50-17.50	Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30**	"Бағдаршам - біздің көмекшіміз" атты ата-аналарға кеңес беру.	"Сыпайылық ережелері" тақырыбында жаднамалар.	"Өз-өзіне қызмет көрсетуді үйрету" туралы кеңес.	"Жазғы шынықтыру" тақырыбында жаднама.	"Жазғы қызықтар" суреттер көрмесі.

Тексерілді

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Қошақан» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі : 31.07. - 04.08.2023ж.

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**31.07. - 04.08.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	31.07.2023	**01.08.2023**	**02.08.2023**	**03.08.2023**	**04.08.2023**
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 08.00-8.45	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				

беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. **(еңбек дағдылары)**	**Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге байқап құю, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу.** Мақсат-міндеттер: балаларды құралдарды жинауда үнемшілдік тәртібін сақтауға тарту; басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру; балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**Асхана бойынша кезекшілік.** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру. **(еңбек дағдылары)**
	"Ақ шамшық" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші"	**"Аюға ойыншықтарымызды көрсетеміз" ойыны.** Мақсат-міндеттер: ойыншықтарды дұрыс атауға үйрету, ойыншыққа ұқыпты қарауға тәрбиелеу, ұқыпты ойнауды	**"Қапшықта не бар?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сөйлеуді дамыту, балалардың сөздік қорын байыту.	**"Орманшы" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діңі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда	**"Кімнің үйі тезірек жиналады» ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың көгөністер мен жемістер туралы түсініктерін бекіту, олардың атауын толық айтқызу. Балаларға көгөністер

	шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәт сақина тас алған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды. **(дене шынықтыру)** **"Менің үйім" ойыны** Мақсат-міндеттер: балалар әртүрлі бөлшектерден үй құрауды үйренеді. Үйдің бөліктері бар суретті карточкалар таратылады. Балалар сол суреттерден үй құрастырады. Ойын ережелері: балалар әңгіме барысында үйдің	үйрету. Құрал-жабдықтар: әртүрлі ойыншықтар. Тәрбиеші ойыншықтарды қояды, аю балаларға қонаққа келеді, біз оған ойыншықтарымызды көрсетуіміз керек дейді. Балалар сүйікті ойыншығын алып, көрсетіп, ол туралы айтады. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** **"Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін	Құрал-жабдықтар: ойыншықтар. Ойын барысы. Тәрбиеші балалардың кез-келгенінен көздерін жұмуды немесе жабуды сұрайды және қапшыққа балаларға таныс ойыншық немесе зат салады. Ойыншылар тәрбиешінің не салғанын көреді, бірақ үндемеуі керек. Олар көзі жұмулы досына жасырынған затты сипаттап берулері тиіс. Бала қолын қапшыққа салып, ойыншықты сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса, бала оны өзіне алады, егер жоқ болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды.	болуы туралы білімдерін бекіту. Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады. "Жұбыңды тап" ойыны. Мақсаты: ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.	мен жемістердің ойыншықтары таратылады. Екі шеңберде бір көгөніс пен бір жеміс жатыр. Бірі жемістер шеңбері, бірі көгөністер шеңбері деп аталады. Балалар жан-жаққа жүгіріп кетеді. серуендеуге шақырылады. Тәрбиеші белгі бойынша барлығы өз үйін табады. Ойын бірнеше рет қайталанады, ал педагог әр уақытта үйлерді ауыстырады. **(қоршаған ортамен таныстыру)**

	бөлшектерін құрайды және орналастырады. **(құрастыру)**	дамыту. Қонжық орманда жүреді, (Екі аяқ иық енінде, қол белде) Маймаңдайды, теңселеді. (Маймаңдау, қонжық жүрісіне еліктеу) Маймаңдайды, теңселеді, Тәтті жидекті тереді. (Шоқайып отыру, саусақтармен еденді соққылау) Ағаштарға жорғалайды, (Екі қол кеуде алдында бүгулі; қолдарды көтеріп-түсіру, аяқтарды, түзе бүгіп, кезек көтеріп-түсіру) - Бал бересің бе? - сұрайды. (Екі алақанды қосып, үйкелеу) - Бал бересің бе? - сұрайды. Жерге түсіп, маймаңдайды.	**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**	Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар. Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	

		(Маймаңдап жүру) Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**			
Таңертеңгі жаттығу **08.45-8.55**	**"Орман алаңқайында".** "Күн шығады". Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ; 1-3- қолды алға, жоғары көтеру; Б.қ. "Күнге жылынамыз". Б.қ. қолды артқа ұстау; 1-2- қолды алға созып, алақанды ашып, саусақты қозғалту, иілу; 3-4- б.қ. "Ағаштар қозғалады". Б.қ. қол төменде; 1- қол жоғарыда; 2- оңға, солға иілу. 3-4 б.қ. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **08.55-09.30**	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған	**"Кел, санайық**	**"Мұқият бол"**	**Музыкалық**	**"Кемпірқосақ"**	**"Кім сені шақырды,**

іс-әрекетке дайындық 09.30-10.15	**санамақ" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Кел, санайық санамақ, Саусақтарды даралап. Бас бармағым алғашқы, Балаң үйрек жалғасы. Ортан терек атасы, Шылдыр шүмек анасы. Шынашағым балапан Бәріне ортақ алақан. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**ойыны.** Мақсат-міндеттер: мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. Тәрбиеші шеңбердің жанында тұрады, оны барлық балалар көреді. Оның қолында 3 сурет: балық, тастар және балдырлар. Тәрбиешінің белгісі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. Педагог кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсетеді: 1. Балықты көрсеткен кезде, балалар шеңбер бойымен қолдарын сермеп баяу жүгіреді. 2. Тастарды көрсеткенде, балалар	**аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар.** Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету. "Шапалақты тыңда" ойыны. Мақсаты: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау. Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен , екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады. - Балалар, қанша дыбыс естідіңдер? **(музыка)**	**ойыны.** Мақсат-міндеттер: ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар ортаға шығып түстерді айтады. Бір бала қарамай тұрып, қайсысы қандай түс айтқанын айтып береді. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, қазақ тілі)**	**тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: басқа баланың дауысынан танып үйрету. Құрал: арнайы құрал керек емес. Балалар шеңбер жасап тұрады. Біреуі ортаға турып көзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада турған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге тұрады – шақырған бала ортаға тұрады. **(сөйлеуді дамыту)**

		тізелерін құшақтап отырады. 3. Балдырларды көрсеткенде, балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі. Қай бала қателеседі, сол бала ойыннан шығып қалады. **(дене шынықтыру)**			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет **09.30-10.15**	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Орман тұрғындары" Мақсат-міндеттер: Жұмбақтар шешу арқылы жануарларды тануға,атауға үйрету.Жануарлардың аттарын жеке атап,топтастыра білуге үйрету.	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Әртүрлі бағыттарда жүгіру" Мақсат-міндеттер: Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру; допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыру дағдыларын дамыту; оқу қызметін пысықтау.	**Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Алтын балық" (ермексазбен сурет салу) Мақсат-міндеттер: Балаларды ермексазбен дәстүрлі емес тәсілдермен жұмыс істеуді үйретуді жалғастыру; ұсақ қол маторикасын дамыту; өткен мүсіндеу тәсілдерін бекіту; тегістеу, кесектен үзіп алу; балықтың құрылысы туралы	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Аңдардың төлдері" Мақсат-міндеттер: Орман мекендеушілері туралы білімдерін бекіту: жануарларды түр сипатынан айыра білу, орман мекендеушілері арасында қарапайым байланыс орната білу қасиеттерін дамыту, олардың өміріне қызығушылық және сезімтал көзқарас	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Ғажайып әлемі" Мақсат-міндеттер: «Ертегілер елінде» әуен ырғағы туралы ұғым беру. Балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Музыкалық әуен арқылы балаларды ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.

			ұғым қалыптастыру: дене пішіні, желбезектер, қанаттар, т.б.	тудыру; көру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын байыту, жандандыру; адам тірі табиғатқа мұқият қарау керек екенін түсінуге тәрбиелеу.	
Серуенге дайындық 10.15-10.30	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.30-11.50	**Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: жаз мезгіліндегі ауа-райы туралы мәліметтерді тиянақтау; күннің жазда аспанда биік көтерілетінін байқауға баулу; Жаз кезіндегі киімдердің атауларын үйрену. **Жұмбақ жасыру.** – Ар жағында орманның, Ар жағында	**Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртқы түрінің ерекшеліктері туралы білімді тереңдету, балалардың назарын және есте сақтауын дамыту; торғайдың қыстап қалатын құс екендігін еске түсіріп, қамқорлыққа тәрбиелеу. Балаларға сұрақтар: - Торғай қандай? - Ол не жейді?	**Көбелекті бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: көбелектің қимылын, түр-түсі, қанаттарын бақылау. Жұмбақ жасыру. Гүл ұшып гүлге қонады, Гүл бақшам гүлге толады. (Көбелек.) Балалар, жаз келді. Барлық жәндік атаулы оянды. - Қазір сендермен бірге, көбелекті бақылап көрейік.	**Көшеде кетіп бара жатқан көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларға жеңіл және жүк көлігін ажырата білуге үйрету,байқағыштық ты дамыту, өз ойларын дұрыс жеткізе білу. Балалармен көшеде кетіп бара жатқан көліктерді қарастыру, оларды жүк, жеңіл көліктерге жіктеуді	**"Бақбақ" гүлін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: "бақбақ"гүлімен таныстыруды жалғастыру; ой-қиялын дамыту. Жұмбақ жасыру. Өзіне шап-шақ, Киген қалпағы аппақ. Балалар тұр қаптап. (Бақбақ.) - Балалар, қараңдаршы? Мынау не? - Дұрыс. Бұл бақбақ гүлі.

	таулардың, Алтын кеспек домалар. (Күн.) - Балалар, қараңдаршы? Күн қайда орналасқан? (Аспанда орналасқан.) - Күннің нелері бар? (Күннің сәулелері бар.) - Күн қалай қыздырады? (Қатты, бүгін күн ыстық.) - Балалар, сендер қайдан білдіңдер, күннің ыстық екенін? Өйткені біз жазғы киімдермен жүрміз. - Күндіз күн жоғары да тұрғандықтан, күн ыстық болады, ал таңертең мен кешке күн салқын болады. Күн көзі төмендейді. - Күн жазда аспанға биік көтерілілгендіктен, далада ыстық болады, жеміс-	- Қалай дыбыстайды? Торғай – кең далада тіршілік ететін әнші құс. Денесі сопақша, басы дөңгелек, тұмсығы үшбұрышты, қанаты ұзын, сұрғылт, боз түсті болып келеді. Балаларға тақпақ оқу: Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі бұлтиып, Шық-шық етіп отырмақ. **Еңбек әрекеті:** учаскедегі гүлзарларды тазалау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбекке дағдыландыру; ересектерге көмек көрсетуге ынталандыру. Аллергиясы бар сезгіш балалардың қатысу-қатыспауын	Гүлге қонып отырған көбелекті қарайықшы. Қараңдаршы, көбелекте не бар? (Қанаттар.) Қанаттарында әдемі өрнектер бар екен. Көбелекті қанатынан ұстауға болмайды, өйткені олар өте нәзік. Қанаттары сынып, ұша алмай қалады. **Еңбек әрекеті:** құрғақ бұтақтарды жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: қол еңбекке баулу. **"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне	үйрену. Жұмбақ жасыру. Көлік туралы жұмбақтар Кеудесінде жаны жоқ, Тамырында қаны жоқ: Май жейді, Су ішеді. Бұл не екен балалар? (Машина) **Еңбек әрекеті:** учаскені бұтақтар мен тастардан тазарту. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу. **"Көліктердің дыбысын ажырат" ойыны.** Әр түрлі көліктердің дыбыстарын тәрбиеші балаларға тыңдатқызады. Балалар ажыратуға тырысады. Мақсаты:	- Гүл қандай? (Қалпағы мен сабағы болады.) - Бақбақтың қалпағы дөңгелек, ақ және үлпілдек. Егерде үлпілдекті үрлесең, олар ұшып кетеді (тәрбиеші үрлеп көрсетеді). - Сабағы қандай? (Сабағы жіңішке, ұзын, жасыл.) - Балалар, жаңбыр жауар алдында, бақбақ өзінің күлтелерін жинап алады, ал күннің көзі шыққан кезде қайтадан ашады. Балаларға бақбақтың гүлдеп болғанынан кейін, күлтешісі мамықты шарға айналатынын, мамықтары желмен ұшқанда, ұрықтары түскен жерде қалып, жаңа гүлдің өсуін қамтамасыз ететінін түсіндіру.

	көкөніс піседі, гүлдер гүлдейді, біз де өзгеше киінеміз. **Еңбек әрекеті:** табиғи материалдарды жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу. **"Қасқыр мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын желісі, шарты бойынша баулу, белгі бойынша бір аймаққа жиналып және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа, зеректікке тәрбиелеу. Педагог балалармен бірге "қасқырды" таңдайды. Қалған балалар "қояндар"	ескеру керек. **"Түлкі мен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгі бойынша қимылдауға жаттықтыру; кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы "түлкі" етіп сайлап, қалған балаларды "балапандар" деп, әрқайсына медальон тағып, ойын ойналады. Ойында	соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді	балалардың ойлау қабілетін дамыта отырып, есте сақтау қабілетін арттыру, байқампаздыққа баулу. Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыс. Мақсаты: қозғалыс, ептілік пен жылдамдықты дамыту. Балалардың еркін ойыны. **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп,	**Еңбек әрекеті:** гүлзарларды тазалау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбекке баулу, берілген тапсырмаларды мұқият орындауға үйрету. **"Бағбан мен гүлдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ептілік пен шапшаңдықты дамыту, алаңның қарсы бөлігіне қуғыншыдан асқан ептілікпен қашып өтуге үйрену. Дене тәрбиесі бойынша жекелей жұмыс: кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар. Балалардың еркін ойыны. **"Қағып алмай өт" (кегли) ойын**

	болады. Педагог белгісінен кейін "қояндар" әртүрлі бағыттарда жүгіріп, қасқырдан қашады. "Қасқыр" ұстап алған "қояндар" саны 5-6-ға жеткенде, "қасқыр" ауысады. Құралдары: "қояндарға" медальондар, "қасқырға" маска. **"Ұстап ал" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер:ептілік пен шапшаңдықтарын дамыту. **Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар: кеңістікті бағдарлауды жәнеептілікті дамыту.** Мақсаты: допты лақтыру мен қағып алу жаттығулары. **Балалардың еркін**	"балапандар" "түлкі" кейіпкеріне ұсталып қалмауы үшін, тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шапшаң кең аймақты айнала қашуы тиіс. Құралдары: балаларға медальондар, жүргізушіге - маска. **"Теректей биік болып өсейік" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта аяқ ұшына тұрып, тепе-теңдікті сақтап, жүруге дағдыландыру; жүруде қолдарды жоғары көтеріп, аяқты өкшеге тигізбен жүре білу қабілетін дамыту. **Балалардың еркін ойыны.**	естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады. **"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу жәнеептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер.	Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. **Еңбек әрекеті:** қол өнері сабақтарына	**жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу жәнеептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер. **Балалардың еркін ойыны.**

	ойыны.		**Балалардың еркін ойыны.**	табиғи материалдарды жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру. **Балалардың еркін ойыны.**	
Серуеннен оралу 11.50-12.00	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас 12.00-13.00	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы 13.00-15.30	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар. Әдемі ірек жолдармен, Лақтарша біз ойнақтап, Тастан - тасқа секіріп,				

	Жалаң аяқ жүреміз. Табанымызды уқалаймыз. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)**				
Бесін ас **15.50-16.10**	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40**	**"Үйшікте кім тұрады?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жануарлар туралы білімін, дыбыстарды дұрыс айту іскерлігін бекіту. «Үйшікте кім тұрады?» деген сұраққа кім үйшікте тұрса, сол балалар ғана жауап береді (балалар жануарлардың дыбысын салады). Тәрбиеші балаларды бірнеше топқа бөледі (3-4-5). Балалар өздеріне таныс құстарды немесе жануарларды қозғалыспен көрсетеді. Әр топ	**Саусақтарға арналған жаттығу.** Бас бармақ -әкем, Балан үйрек – шешем, Ортан түйрек – ағам, Шылдыр шүмек – әпкем, Кішкентай бөбек – мен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз /бесеуміз/ **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** **"Гүл дүкені" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: гүлдерді (түймедақ, бақбақ, қоңыраугүл) және түстерді	**"Кірпіжан" жаттығуы.** Масқат-міндеттер: балаларды диалогқа белсенді қатысып, көркем сөз айтуға бейімдеу; коммуникативті, сөйлеу қабілеттірен дамыту. - Кірпіжан, кірпіжан, Қайда жортып барасың? Орманнан, орманнан Нені іздеп аларсың? - Жолым көп, жолым көп, Қоректерді іздеймін. Кездейсоқ, кездейсоқ Иіскеп жүріп, табамын. Д. Ахметова. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	**"Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелерін жаттықтырып, бұлшық еттерін дамыту. - Ей, Бауырсақ, Бауырсақ! Сенің басың домалақ, Бұлақ ақса алдыңда, Түсіп кетпе, абайла! Ақыл айтамыз бізден, Өте ғойшы көпірден. Көпірден өтсен, алға! Тура жолмен адымда! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)** **Үстел үсті ойыны: "Суретті**	**"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый

	орындықтардан өздеріне үйшік жасайды. Тәрбиеші балаларға әркім өз үйшігінде болатынын, сосын өздері бейнелейтін жануарлардың дауысымен айқайлайтынын айтады. Сосын тәрбиеші әр топпен балалар көрсететін дыбыстарды қайталайды. Содан кейін ол кезекпен барлық үйшікке жақын келіп, есігін қағады да: Тақ-тақ-тақ, бұл үйшікте кім тұрады? – деп сұрайды. Балалар жануарлар немесе құстар дауысымен жауап береді. Тәрбиеші үйшіктерде кім тұратынын табады. **(қоршаған ортамен**	ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларды өсімдіктердің түсі бойынша топтастыруға, әдемі гүлшоқтарын жасауға үйрету. Барысы: үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі түсті жапырақшалары тұрады. Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі бойынша және пішіні бойынша сәйкес келетін гүлді табады. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі бір ертегідегі кез келген кейіпкердің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстырып сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне деген тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер.	**құрастыр".** Мақсат-міндеттер: бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруды үйрету, балалардың қабылдауын және байқағыштығын дамыту. **(танымдық дағдылар)** **"Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың аң-құстардың, үй жануарлырының тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту. Құралдар: ан-	ойыншықтар). Педагог балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады. Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер" сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді. **(қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)** **"Жидек тереміз" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жидекке шығу, шөп, бұта арасынан іздеу, теру, себепке салу әрекеттеріне машықтандыру; жидекті теру үшін еңбек керектігін түсіндіру; коммуникативті қабілеттерді дамыту.

	таныстыру, сөйлеуді дамыту) **"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың үй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-қуиялын даиыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Педагог балалармен		**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	құстарды, үй жануарлырының және мекедерінің суреттері. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	Құралдары: себеттер, жидектердің нақпішіндері. Ойын аула жағдайында ұйымдастырылса, алдын-ала шығып, бұтақтарға жұмсақ қызыл түсті қағаздан шиыршықтарды (жидектерді) жапсырып, шөп арасына шашыратып қоюға болады. **(қоршаған ортамен таныстыру)**

	құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы). Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)**				
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен 16.50-17.50	Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30**	"Дұрыс сөйлеп үйренеміз" атты ата-аналарға арналған жаднамалар.	"Өзіне-өзі қызмет көрсете алу" тақырыбында кеңес беру.	"Менің баламның сүйікті ісі" тақырыбында лэпбук жасау.	"Үй жағдайында дамыту ойындарына жағдай жасау" атты ата-аналарға арналған жаднама.	"Воскобовичтің дамытушы ойындары" тақырыбында ата-аналарға кеңес.

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Қошақан» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі : 07.08.-11.08.2023ж

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**07.08. - 11.08.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	07.08.2023	**08.08.2023**	**09.08.2023**	**10.08.2023**	**11.08.2023**
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.45	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге байқап құю, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. **(еңбек дағдылары)**	**"Топтың ішін ретке келтір".** Мақсат-міндеттер: балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафтарта тұрған ойыншықтар мен құралдарды реттеп, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)**	**Бөлме өсімдіктерін күту.** Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу (құрап қалған жапырақтарды алып тастау), күтуге деген қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолқабыс танытуға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту. **(еңбек дағдылары)**
	"Сыпайы бол" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту)** **Санамақты мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты	**"Лото" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: заттарды топтастыруға, олардың жалпы атауын айтқызуға дағдыландыру; зейінді, қабылдауды, ойлау қабілетін дамыту. Балалар берілген суреттерді топтарға	**"Би билеген баламыз" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың жағымды эмоцияларын, дене мүшелерін дамыту.. Жаттығу жасап көреміз, (Адымдау) Қолды көкке көтереміз, (Қолдар жоғары) Түсіріп белге төмен,	**"Бір сөзбен ата" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға көгөністерді, жемістерді жалпылауға және оларды бір сөзбен атауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** **"Толқиды теңіз" қимылды ойыны.**	**"Лото "Қысқы және жазғы ойындар"" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жазғы және қысқы ойындар жайындағы түсініктерін нығайту; екі топқа бөлуге дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту. Құралдары: жазғы

	мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Екі көз бен қос құлақ, Бір бас пенен бір мұрын. Нешеу болды қос шырақ, Санап шығар кім бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің ... Нешеу болды қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! Сұқ саусағым суға барды, Ортаң қолым орақ орды. Аты жоғым ағаш жарды, Жұмсамапты	жинайды: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. бойынша. **(танымдық дағдылар)** **"Пойыз келе жатыр" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Пойыз келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ, Тоқ-тақ-тоқ. (Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату) Жылдам келе жатыр:	(Қол белде) Еңкейеміз, еңкейеміз. (Оң-сол жаққа еңкею) Өкше қойып, басамыз, (Оң жақ өкше, адымдау) Өкше қойып, басамыз. (Сол жақ өкше, адымдау) Міне, қандай әдемі, (Қол белде, бас шайқау) Би билеген баламыз. (Шапалақтау) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **"Суретті құрастыр" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас бөлік құрауға үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру, танымдық дағдылар)**	Мақсат-міндеттер: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Балалар ойын алаңында айналып жүріп: «Толқиды теңіз бір, Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, Толқиды теңіз төрт» - сөз жолдарын айтады. Тәрбиеші белгісі бойынша: Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек. **(дене шынықтыру)**	және қысқы ойындар туралы сурет-карточкалар. **(танымдық дағдылар)** **"Түймеше" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым, Соққылайды томпағым. Түймешені, түймешені, Басып, басып таппадым. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту)**

	алақаным, Тек шынашақ- балапанын. (М. Қуанышбеков) **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**	Тоқ-тақ-тоқ, тоқ-тоқ. (Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату) Барлық бала күтіп қалды: Алақан, алақан! (Алақандарды жайып, өзара уқалау) Қуанышпен қарсы алады: - Алақай! Алақай! (Алақандармен шапалақтау) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**			
Таңертеңгі жаттығу 08.45-08.55	**Таңғы жаттығу кешені: "Орамал"** Жүру және жүгіру, бірінің соңынан бірі жүру. Аяқтың ұшымен жүру. Шеңберге тұру. Орамалды көрсетіңдер. Аяқты сәл алшақ қойып, қолды артқа жасырамыз. Қолды алға созып,қайтадан жасыру. (3 рет қайталау) Келесі қолға орамлды ауыстырып,осы жаттығуды қайталау. Орамалды орнына қою. Тағы солай отырып, орамалды орнына қойып, тұру,отырып, орамалды алып жүру. Орамалды сол қолына алып осы қимылдарды қайталау. Қаздар қанат қағады,аяқты жәй қойып,қолды түсіру. Қолды жанына созып,сермеу және "га-га-га" - деп түсіру. (4 рет қайталау) Қаздар дыбыстайды. Аяқты алшақ қойып, қолды түсіру. Алға еңкейіп,қолды артқа жіберу, "ш-ш-ш" - деп айту. Қаздар жем шоқиды. Аяқты жәй қойып,қолды түсіру. Қолды тізеге қойып отыру. Басты түсіріп,тұру			

	Тыныс алу. Орамалды үрлеу. Бірінің соңынан бірі жүру. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **08.55-09.30**	**Гигиеналық дағдылар** Балалардың беті мен қолын жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны құрыс ұстауды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық **09.30-10.15**	**Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. "Күнім, күнім..." Күнім, күнім, қайдасың? Түннен бері шығасың. Сенімен бірге оянамын, Жылы нұрыңа шомыламын. Оянамын, жаттығамын,	**"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.	**"Қатып қал" ойыны.** Мақсат-міндеттер: еркін қозғалыстарды дамыту. Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактіне қозғалады. Кенеттен әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады.	**"Қуырмаш"саусақ а арналған жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Қуыр-қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш. Бас бармақ, Балан үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек.	**"Қимыл ойлап табу" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ой-қиялын, зейінін, қабылдау, пантомималық қабілеттерін дамыту. Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін бастаушы етіп тағайындайды. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді. Әдемі шеңберде,

	Балабақшаға барамын. Нұрыңа толған алаңға Достарымды шақырамын. Д. Ахметова. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**(дене шынықтыру)**	Сен тұр – қошақанға бар! Сен тұр – құлыншаққа бар! Сен тұр – лаққа бар! Сен тұр – бұзауқанға бар! Сен тұр – ботаңа бар! Ал сен алаңдамай, Қазан түбін жалап, үйде жат! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	Билейік кең жерде. Қолдармен ұстасып, Бәріміз жұптасып. Бірігіп достасып, Бір орында ұстасып, Осылай етіп істейік. Мәтінді айтып бітер кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушыны ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді. **(дене шынықтыру)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.15	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Үй жануарларына арналған үйлер" Мақсат-міндеттер: Құрастыру үшін	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Көңілді ойындар" Мақсат-міндеттер: Балаларда бағытты	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** В. Сутеев "Үш мысық" (әңгімелеу) Мақсат-міндеттер: Балаларды әңгімені	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Көңілді доп" Мақсат-міндеттер: Балаларға сурет салудың дәстүрлі	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Денсаулық әуені" Мақсат-міндеттер: Балалардың музыка жетекшімен бірге

	қажетті бөліктерді атау және таңдау қабілеттерін дамытуға ықпал ету, көмектесуге деген ықыласты тәрбиелеу, үй жануарлары туралы білімдерін бекіту.	өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйеніп, төрт тағандап өрмелеу және бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсу жаттығуларын жасаудғы дағдыларын дамыту.	зейін қойып тыңдауға үйретуді жалғастыру; әңгімені мазмұндай білуге үйрету; тілдерін дамыту, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; сөздік қорларын молайту; анық, көркем сөйлеуге тәрбиелеу.	емес тәсілдерін үйретуді жалғастыру; дөңгелек пішінді заттар жайлы түсініктерін қалыптастыру; негізгі үш түс жайлы білімдерін бекіту: мақта таяқшаларымен біркелкі бастыру біліктіліктерін дамыту; өз жұмыстарынан нәтиже шығаруға қызығушылықтарын арттыру; Шыдамдылыққа, эстетикалық қабылдауларын тәрбиелеу.	көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Белсенділікке, ынтымақтастық қабілеттілікке, музыкалық және шығармашылық ойын шараларына белсенді қатысуға деген ұмтылысқа тәрбиелеу.
Серуенге дайындық 10.15-10.30	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.30-11.50	**Шырша ағашын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер:	**Жәндіктерді бақылау (ара). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: аралардың	**Аспанды және бұлтты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларға аспанның	**Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: жел туралы	**Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау (ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау)**

	шырша ағашы туралы түсініктерді тиянақтау; балалардың сөздік қорын толықтыру; ағаштар әлеміне деген қызығушылықты арттыру. Балаларды шыршаға жақын апарып, ол туралы тақпақ, жұмбақтарын еске түсіріп айту. Басқа ағаштар қыста жалаңаш тұрғанда,ал шырша қысты күні ерекше сұлу екендігін аңғарту. Шыршаның негізгі түсін, неліктен жапырақтардың жоқ болғанын сұрау. - Шыршаны қашан болмасын тамашалап қарауға болады, себебі ол әрқашан жап жасыл, суықтан қорықпайды. - Шыршаның	тіршілігіне деген қызығушылықты арттыру; аралардың адамға беретін пайдасын білуге үйрету; бақылағыштыққа тәрбиелеу. Жұмбақ. Ыжылдап ұшады, Гүлдерге қонады, Шырынын сорады, ұясына жинайды. Түр-түсі сары-ала, Аталады ... (Ара.) Жаз мезгілінде аралардың ұшып, гүлдерге қонып жүргенін бақылау, қорытынды жасау. Аралардың өсімдіктерге, адамға өте пайдалы екендігін түсіндіру. Аралар шығаратын балы аюлардың жақсы көретінін ескерту. Ауа райының салқындауы	әсемдігін көруге үйрету; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін айтуға бейімідеу; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту. Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше,азайып және еритінін атап өтуге болады. Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың,	мағлұматты толықтыру; желдің түрлерімен таныстыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Әңгімелесу. - Жел дегеніміз не? - Жел қандай болады? - Жел қалай пайда болады? - Жел не үшін қажет? - Жел бізге керек пе, жоқ па? - Желді көрмесек қалай сеземіз? - Жел қай жақтан соғып тұр? Жаттығу. Жел соғады бетімізге, Тербеледі ағаштар. Тыныш - тыныш отырыңдар, Биік - биік ағаштар. **"Аққу-қаздар" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер:	**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік өсімдіктерді қоректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты «топырақ» деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі

	бұтақтарында жапырақтардың орнына қылқандар бар. Қылқандар түспейді, сондықтан қыста үстіне түскен қар бұталарды сындырмайды, қылқандардың арасынан жерге түсіп кетеді. - Шырша өте пайдалы ағаш, ол ауаны тазартып,денеміздің сау болуына көмектеседі. Жасыл желек жамылған Міне, сұлу шыршамыз Инелері тағылған Қандай сұлу шыршамыз! **Еңбек әрекеті:** ауланы құрап түскен жапырақтардан тазарту. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер:	байланысты жәндіктер жоғалатынын айту. **"Аю және ара" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын сөздерін айта отырып, кейіпкерлерді нақ көрсете білуге дағдыландыру; белгіні естіп тапсырманы жылдам орындай білуге, шыдамдылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Аю болып киінген бала немесе тәрбиеші орындықта отырады (орманында). Ал аралар болып киінген барлық балалар орманға бүлдірген теруге барады. Қимылдармен	Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. **Еңбек әрекеті:** қураған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру. Аллергиясы бар, сезгіш балалардың қатысуы-қатыспауын ескеру. **"Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын	белгі берісімен бір бағытта тез жүгіруге жаттықтыру; ойын шартын бұзбауға бейімдеу; бір-біріне соғылмауға дағдыландыру; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде екі (таңдалған) бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады. Педагог: - Аққу-қаздар, қайдасыңдар? Қайда қонып, ұшасыңдар? Балалар: - Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді	қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады. Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі. **Еңбек әрекеті:** майда қиыршық тастарды жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру. **"Аю мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсаты: балаларды белгі, мәтін сөздері бойынша қимылдауға дағдыландыру:

	тәрбиешіге көмектесуге тәрбиелеу; бастаған істі аяғына дейін жеткізу **"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүге отыра секіруге дағдыландыру. **"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру);	көрсетіп, мынадай сөздерді айтады: Орманында аюдың, Бүлдіргені көп екен, (Екі қолды жайып көрсетеді) Теріп-теріп алайық, (Тереді) Қалтамызға салайық! (Салады) Аю шықты апаннан (шығады) Бол тезірек қашайық ! (Балалар қашады) Соңғы жол сөздерін айтқанда аю тұрып балаларды қуып, ұстайды. Осылай ойын 2-3 ойнатылады. Құралдары: аю мен аралардың маскалары, бүлдірген нақпішіндері (муляждары). **Еңбек әрекеті:** орындықтарды, құмсалғыш шеттерін құмнан тазалау,	шартына сай қимылдауға, берілген рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - "тышқандар". "Мысық" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. "Тышқандар" алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, тышқандардың қимылына еліктеп, "мысыққа" қарай	ошаққа! Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. Педагог алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды. Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын қарапайым түрде де ойнатылады: педагогтің қалауынша "қасқырларды" қоспауға болады. Жаттығу ойындары: допты жерге лақтырып, әуелі екі қолмен, кейін бір	белгілі аймақта бір-біріне соғылмай, жүгіріп, секіріп жүру және жан-жаққа шашырап жүгіру; шапшаңдыққа, зеректікке, жылдамдыққа баулу. Ойын шарты. Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы "аю" етіп сайлап, қалған балаларды "қояндар" болады. Ойында қояндар аюға ұсталып қалмауы үшін, тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шапшаң кең бөлмені айнала қашуы тиіс. Құралдары: "қояндарға" медальондар, "аюға", масқа. **"Түсін тап" ойыны.**

	байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа	сыпыру. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру, тазалыққа бейімдеу. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. **Балалардың еркін ойыны.**	жүреді. Тышқан шықты інінен, "Сағат неше болды?"- деп, Бауды тартып қалып еді, Дүңгірледі барлық жер. Тышқан қорқып қайтадан, Кіріп кетті ініне. Соңғы сөздерді естіген "мысық" "тышқандарға" қарай жүгіріп, қуалап, оларды ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталғандар келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "мысық" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір	қолмен допты қағып алуға жаттықтыру. **"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар. **Еңбек әрекеті:** гүлзарда өскен	**(танымдық дағдылар)** Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру. Дене тәрбиесіндегі арналған ойын: балаларда екі аяғымен алға қарай секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру. **Балалардың еркін ойыны.**

	"қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. Педагог балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. **Балалардың еркін ойыны.**		ойнатуға болады. **"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжуда мұқиятты болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Құралдары: үш-төрт шеңбер. **Балалардың еркін ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.	гүлдерге су құю. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: тазалыққа, бірлікке, еңбекқорлыққа баулу. Құралдары: балаларға су құйғыштар. **Балалардың еркін ойыны.**	
Серуеннен оралу 11.50-12.00	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар**				

12.00-13.00	Балалардың беті мен қолын жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны құрыс ұстауды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы 13.00-15.30	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	Ояндық па бәріміз? Бір-бірімізге қараймыз. Күлімдейміз бәріміз. Керіліп созылып, Ақырын қане тұрамыз. Орнымызда жүреміз, Енді доп болып секіреміз. Адымдап жүреміз. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.50-16.10	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.10-16.40	**"Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды қолмен ұстап, сипап-сезу қабілетін дамыту. Тәрбиеші балалардың ортасына "Сиқырлы қапшық"	**"Шұбар тауық" үстел үсті театры.** Мақсат-міндеттер: ертегінің мазмұнын түсінуге үйрету, ертегілердегі кейіпкерлерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **(танымдық дағдылар)**	**"Тәртіпке келтір" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды "орнына қою", "орнына апару"етістіктерін қолдана отырып сөйлем құруға үйрету. Құралдар: түрлі-түсті текшелер жиынтығы	**"Дәрігерге не керек?" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы түсініктерін тиянақтау, қолданатын құралдарды айтқызып, сөздік қорды жетілдіру; есте	**"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын

	әкеледі. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын "сиқырлы қапшыққа" салып, кез келген затты таңдап алып, қолын "сиқырлы қапшықтан" шығармаған бойы сол затты сипаттайды. Қалтадан қолын шығарып, затты көрсетеді. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** **"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін	**"Өзіңе жұп тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бір-біріне итерместен жүгіруге үйрету, үлкен құрылыс ойыншықтарымен ойнау. **(танымдық дағдылар)**	(әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс) және 4 кішкентай түрлі-түсті қораптар. Ойын барысы: Тәрбиеші балалардың назарын текшелерге аударады және олардың қандай түс екенін сұрайды. - Енді сендер қуыршақтың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз. (Үстелге түрлі-түсті қораптар қойылады) - Қуыршаққа қараңыз, ол не істейді? (Қуыршақ қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады) - Иә, ол қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады. Бұны қуыршақ жасады? - Сары текшелерді қай қорапқа салу	сақтау, ойлау, сөйлеуді қабілеттерін дамыту. Құралдары: дәрігер және басқа мамандар қолданатын құрал-заттар немесе кесілген суреттер. Балалар дәрігерге қажет құралдарды іріктеп, атайды, не үшін қажет екендігін түсіндіруге тырысады. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** **"Жидек тереміз" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жидекке шығу, шөп, бұта арасынан іздеу, теру, себепке салу әрекеттеріне машықтандыру; жидекті теру үшін	ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** **"Біз естиміз-жасаймыз"ойыны.** Мақсат-міндеттер: мәтін бойынша естіген сөздерді, қимылмен көрсетуге дағдыландыру; ой-қимылды, пантомикалық қабілеттерді дамыту. **(дене шынықтыру)**

	бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)**		керек? Сары қорапқа дұрыс айтасыңдар. - Сол сияқты, көк текшені көк қорапқа, жасыл текшені жасыл қорапқа салады. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың үй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-құиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық	еңбек керектігін түсіндіру; коммуникативтік қабілеттерді дамыту. Құралдары: себеттер, жидектердің нақпішіндері. Ойын аула жағдайында ұйымдастырылса, алдын-ала шығып, бұтақтарға жұмсақ қызыл түсті қағаздан шиыршықтарды (жидектерді) жапсырып, шөп арасына шашыратып қоюға болады. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	

			жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы). Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)**		
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен 16.50-17.50	Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-	"Салауатты өмір салты" туралы ата-	"Күн сәулесінен сақтанайық!" атты	"Жаздағы-дәрумендер"	Ата-аналар сұраныстары	"Балалармен демалыс күнді қалай өткізуге

аналарға кеңес) **18.00-18.30**	аналармен әңгіме.	ата-аналарға жаднама.	тақырыбында лэпбуктар әзірлеу.	бойынша кеңес.	болады?" тақырыбында кеңес.

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Қошақан» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі : 14.08. - 18.08.2023ж.

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**14.08. - 18.08.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	14.08.2023	**15.08.2023**	**16.08.2023**	**17.08.2023**	**18.08.2023**
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 08.00-08.45	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес	**Бөлме өсімдіктерін**	**Аквариумдағы**	**Ойыншықтарды**	**Асхана бойынша**	**Кітаптарды көркем**

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**суару.** Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге байқап құю, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға үйрету.	**балықтарды қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту.	**сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.	**кезекшілік. (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)** Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру.	**әдебиет бұрышына орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру.
	"Қуырмаш" саусаққа арналған жаттығу. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Қуыр-қуыр қуырмаш, Балаларға бидай	**"Құлыншақтар шапшаң екен" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды тақпақты мәнерлеп айтуға тарту; артикуляцияны, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. **"Құлыншақтар шапшаң екен".** Мақсат-міндеттер:	**"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың және	**"Ою саламыз" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Зергер бала боламыз,	**"Лото "Жануарлар"" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету; зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен

	шаш. Бас бармақ, Балан үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. Сен тұр – қошақанға бар! Сен тұр – құлыншаққа бар! Сен тұр – лаққа бар! Сен тұр – бұзауқанға бар! Сен тұр – ботаңа бар! Ал сен алаңдамай, Қазан түбін жалап, үйде жат. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Лото-жануарлар" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер. Үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету. Зейінді, байқауды дамыту.	балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін, жағымды эмоцияны дамыту. Құлыншақтар шапшаң екен, Шабуылмен шапқан екен. Тігідік-тігідік шабады, Тентек желден озады. Құлақтары тікірейген, Жалдары желкілдеген. Тігідік-тігідік шабады, Тентек желден озады. Д. Ахметова. **(көркем әдебиет, дене шынықтыру)**	төлдерінің суреттері. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **"Суретті құрастыр" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас бөлік құрауға үйрету. Жануарлардың суреттерін бөліктерге бөліп, олардан тұтас бір сурет шығаруға үйрету. **(танымдық дағдылар)**	(Екі алақанда ашу) Оюды саламыз: Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау) Дөңгелек, (Шеңбер салу) Ирек, (Толқындар жасау) Қанат, (Қос қолмен бұлғау) Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету) Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау) Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **"Бір сөзбен ата" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға үй және жабайы жануарларды жалпылауға және оларды бір сөзбен атауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**	жабайы жануарлардың суреттері бойынша. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **"Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Қонжық орманда жүреді, (Екі аяқ иық енінде, қол белде) Маймаңдайды, теңселеді. (Маймаңдау, қонжық жүрісіне еліктеу) Маймаңдайды, теңселеді,

	Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша. **(қоршаған ортамен таныстыру, танымдық дағдылар)**	**"Сыпайы бол" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға сөздерді сыпайы түрде айтуға дағдыландыру. Мысалы: ботақан, қошақан, құлыншақ, қозым. Құралдары: үй жануарлары төлдерінің суреттері. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**			Тәтті жидекті тереді. (Отыру, саусақтармен еденді соққылау) Ағаштарға жорғалайды, (Екі қол кеуде алдында бүгулі; қолдарды көтеріп-түсіру, аяқтарды, түзе бүгіп, кезек көтеріп-түсіру) - Бал бересің бе? - сұрайды. (Екі алақанды қосып, үйкелеу) - Бал бересің бе? - сұрайды. Жерге түсіп, маймаңдайды. (Маймаңдап жүру) Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**
Таңертеңгі жаттығу 08.45-08.55	**"Қуыршақпен ойнаймыз".** Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде; 1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру; (3рет) 3-4 б.қ. Аяқ алшақ, қуыршақ алда; 1-2 денені оңға, солға бұру, б.қ. келу;				

	Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау. 1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді". 5-6 б.қ. келу; (3рет) Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою; 3-4 тік тұру. Қуыршақпен оңға, солға айналу (2реттен). **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **08.55-09.30**	**Гигиеналық дағдылар** Балалардың беті мен қолын жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны құрыс ұстауды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық **09.30-10.15**	**"Біз де" ойыны.** Мақсат-міндеттер: зерек болып, ойын желісіне белсенді қатысуға баулу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатынасушылар қаз-қатар отырады. Ойын бастаушы жиналғандардың алдына шығып, әңгіме айта бастайды. Егер бастаушы ойнаушылар қосылатын сөз айтса, басқалар "біз де" деп	**"Сөздер тізбегі" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі топтама немесе ортақ тақырыпқа байланысты сөздерді тізбекке салып, арасында қайталамай, айтып ойнауға машықтандыру; сөздік қорын байыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрады. Педагог белгілі	**"Айна" ойыны.** Мақсат-міндеттер: ептілікке, шыдамдылыққа, зейінін қалыптастыруға машықтандыру, есту қабілетін дамыту. Балаларға ойын бастаушы әртүрлі қимылдар көтереді. Қалғандары сол қимылды айнытпай, дәл қайталауы тиіс. Екеуден жұптасып, бірі - айна, бірі - сондағы сұлба болып	**"Ұшты, ұшты не ұшты?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен	**"Тым-тырақай" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды, бірнеше бала шеңбер орнасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар,

	қосылып айтады да, балалардың қосылмайтын сөзі болса, "біз де" деп айтуға болмайды. Байқамай қосылып, әлгі сөзді айтып қалған бала ойынға қатынасушылардың тілегін орындап, айып тартады. Айыптан ән салып, не тақпақ айтып, не би билеп құтыла алады. Ойын жүргізуші: Мен көлге барам, Ойынға қатынасушылар: Біз де! Ойын жүргізуші: Онан үйрек ұстап алам. Ойынға қатынасушылар: Біз де! Ойын жүргізуші: Үйректің жарымын күшігіме берем. Ойынға	тақырыпты ұсынады, балалар бір-бірінен соң кезекпен осы тақырыпқа (топтамаға) жататын сөздерді айтып жатады. Мысалы: үй жануарлары - ат, сиыр, ешкі, түйе және тағы басқа сөздер. **(сөйлеуді дамыту)**	ойнауға да болады. Орындарын ауыстыра алады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**	бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді: Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! Ұшты - ұшты қарға ұшты! Ұшты - ұшты арба ұшты! Ұшты - ұшты дауыл ұшты! Ұшты - ұшты ұшақ ұшты! Ұшты - ұшты торғай ұшты! Ұшты - ұшты жылан ұшты! Осылайша жүргізілген ойында жаңылмаған ойыншы жеңеді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**	Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал, тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**

	қатынасушылар: Біз де! Ойын жүргізуші: Күшігім жейді. Осы кезде біреу: "Біз де" деп қалса, ойын тоқтайды. Әлгі қателескен бала айып тартады. Бұдан соң ойын қайта басталады. Ойын жүргізуші әңгімені ары қарай құрай береді. Ойын тілді еркін меңгеріп, ойды жеткізе білуге жаттықтырады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет **09.30-10.15**	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Менің сүйікті үй жануарым" Мақсат-міндеттер: Балалардың жалпы үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, пысықтау.	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Сүйікті үй жануарым" Мақсат-міндеттер: Балаларда жіптен бір жанымен аттап секіру және қиғаш тақтайдың үстімен төрт тағандап, тізе	**Жапсырудан ойын-жаттығу** "Менің кішкентай мысығым" Мақсат-міндеттер: Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту; бірнеше бөліктерден мысық бейнесін құрастыруды,	**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Біздің жанымызда не мекендейді?" Мақсат-міндеттер: Балаларға үй жануарлары (мысық, ит) туралы түсінік қалыптастыру, жануарлар денесінің	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Аңдар әлеміне саяхат" Мақсат-міндеттер: Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту.

		мен саусаққа сүйеніп жаттығулар жасау техникаларын бекіту; оқу қызметін пысықтау; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру.	пішінін анықтауға үйрету; пішіндерді 2 бөлікке кесіп (шаршыны - үшбұрышқа), төртбұрышты дөңгелектеуге (бұрыштарды қиып) түрлендіру қабілетін қалыптастыру; қиялды, ұсақ және жалпы мотериканы дамыту; үй жануарларына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.	бөліктері туралы білімді бекіту; балалардың сөздік қорын байыту (үй жануарларының сыртқы ерекшеліктері мен әдеттері), зейінді, жұмбақтарды шеше білуді дамыту; жануарларға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.	Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу.
Серуенге дайындық 10.15-10.30	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.30-11.50	**Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларда құмырсқалар тіршілігі жөніндегі түсініктерді	**Алыстан, көшеде өткен ит немесе мысықты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балалардың үй жануарларына деген қызығушылықты	**Ауладағы құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларға құстарды алдымен көзбен көрмей, дыбыстарынан	**Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды, түрлі белгілерге қарап, желді бақылауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи	**Көлеңкені бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: көлеңке құбылысына қызығушылықты ояту; көлеңкенің жарық, күнмен тікелей байланысын

	қалыптастыру; жәндіктер әлеміне деген қызығушылықты арттыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу. Педагог жүгіріп өтіп жатқан құмырсқаларға көңіл аударады. Құмырсқалардың бірігіп, бір ұяда мекендейтінін, өте шапшаң, еңбекқор, ұйымшыл жәндіктер болғандығын көрсету, түсіндіру. Құмырсқалардың күші өте мол екендігін, жапырақты, бұтақтарды немесе құрттарды, салмағына қарамай, көтеріп тасымалдайтынын бақылату. "Құмырсқалар". Жанталасқан	арттыру; ит немесе мысықтың адам үшін пайдалы екендігін, үй жануарының пайдасы көру үшін, оны жақсы күту керектігін түсіндіру; қамқорлыққа тәрбиелеу. Егер мысық не ит осы күні көшеде көрінбесе, фото суреттерін тақтаға іліп, бақылауға болады. Балаларға ит пен мысықтың ұқсастығы мен айырмашылығын байқап айтуға ұсыну. Балалар білген үй жануарлары туралы тақпақтарды сұрау. Балаларға далада жүрген жануарларды қолмен ұстауға қажет еместігін, қауіпті мүмкін болу екендігін айту; мысық пен итті, үй жануарларын емдеу	танып, атауға машықтандыру; құстардың тіршілігіне деген қызығушылықты арттыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу; сөздік қорын молайту. Педагог балаларға бақылау алдында, құстардың дыбыстарын тыңдап, учаскіде қандай құстардың ұшып жүргенін айтуға шақырады. Балаларға: "Қарға қарқылдайды, торғай шырылдайды, сауысқан шықылықтайды", - деп айтқызу. Тақпақты мәнерлеп айтқызу. "Сауысқан". Әсем айлы түнде де, Шуақ шашқан күнде де Ұясынан бір шықпай,	құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Балалар педагогтің сұрауы бойынша жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап желдің болғанын байқайды; желдің баяу не қатты соққанын, жылы не суық екенін айтады. Жұмбақ. Шаңдатып, шашыратып топырақты, Шайқап бұтақты, желпілдетіп жапырақты, Ұшып келді көзге көрінбейтін кейіпкер. Танысаң, бұл құбылыс ... (Жел.) Д. Ахметова. **"Аттар"қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер:	көрсету; бақылағыштыққа тәрбиелеу; жағымды эмоцияларды дамыту. Педагог көлеңкенің тек күн (жарық) түскенде пайда болатынын көрсетіп, түсіндіреді. Абай Құнанбайұлы Көлеңке басын ұзартып, Алысты көзден жасырса; Күнді уақыт қызартып, Көк жиектен асырса... Іс-тәжірибеде балаларға ұнаған қимылдарды жасатып, көлеңкенің айнадай тура сол қимылдарды қайталайтынын, көлеңкенің тек қара, сұр түсті екенін байқату. **"Мысық пен**

	жәндіктер, Шынжырдай тізіліп жүгірген, Бірігіп алыпты алады, Зәулім ұяны салады. Д. Ахметова **"Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай қимылдауға, берілген рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып тағайындалады	туралы жалпы мәлімет беру. **Еңбек әрекеті:** жерге түскен қураған жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдылан дамыту. **"Үрпек төбет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бұзбай ойнауға баулу; бір бағытта, бірін-бірін қақпай, жеделдеп жүгіруге жаттықтыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол кілем үстінде жатады, басын алға созылған қолымен аяғына қояды. Қалған балалар жай	Отыр қалай тұншықпай! Аяй ма екен көйлегін – Көйлегі оның – ой, керім! Алтындаған пүліш. Ф. Оңғарсынова **"Түлкі мен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгі бойынша қимылдауға жаттықтыру; кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір	балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту. Балалар екі бірдей топқа бөлінеді. Біреулері – аттар болады, басқалары – шабарман болады. Шабарманның қолында - ауыздық. Аланның басқа жағында- аттар жайылатын жер, бұнда аттар тұрады, басқа жағында шабармандар. Тәрбиеші: "Шабармандар, тұрыңдар, тезірек аттарды дайындаңдар!" - дегенде шабармандар	**тышқандар" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Қырынан қойылған гимнастикалық тышқандарға арналған орын қоршалады. Мысық таңдап алынады. Ол үлкен орындыққа немесе кесілген ағаштың түбіріне отырады. Тышқандар індерінде отырады. Тәрбиеші былай дейді: - Тышқанға сақшы санап өзін мысық, Жатады ұйықтағансып көзін қысып. Тышқандар індерінен жүгіріп шығып (сатының баспалдақтары арасынан өтеді

	қалады. **Жұмбақ** Қойны толы жеміске, Көк майсалы еңіске. Көбелек қуып ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? **Еңбек:** гүлзарларды суару. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: ересектерге көмектесу, өсімдіктерге күтім жасау. **"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу. Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол	қимылдарды үйлестіріп, жылдамы жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу. Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған		балаларға көмектесуге деген ықыласты дамыту. **"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай, әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны	**Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулар.** «Құмға салыңыз» - саңырауқұлақ пен жидекті құмға түрлі тығыннан салу. Қалыптармен және құммен ойындар. **Еңбек: аула тазалаушыға алаңды тазартуға көмектесу.** Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ұмтылысты дамыту. **"Айгөлек" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: ұжымдық ойында күш-жігерді, белсенділікті,ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Айгөлек ойыны кең алаңда өткізіледі. Ойыншылар саны

	ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялайды: - Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт! Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді. **Аз қимылды ойын: "Суық-ыстық". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту.	кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды. **"Күн және планета" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: күннің айналасындағы планеталардың қозғалысы туралы білімдерін бекіту. **Жеке жұмыс: ұзындыққа секіру. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: секіру қабілетін, күші		бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады: - Мысығымыз момықай, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе	мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де, арасы 15-20 метрдей жерде қол ұстасып қарама-қарсы тізбек құрып тұрады. Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне кезек береді. Олар барлығы қосылып, төмендегі өленді айтады: Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Бізден сізге кім керек? Бұған екінші топтың ойыншылары жауап береді. Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар,

	Жүргізуші затты жасырған кезде қарауға тыйым салынады. Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші кіріп, затты іздейді. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... жасырылған затты табуға көмектеседі. Еркін ойындар.	менептілігін дамыту. Еркін ойындар.		қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті. "Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады. Тышқан мен мысықтың диалогін қосуға болады. Тышқан: - Бұтақты да кемірдім, Кітапты да кемірдім, Мен осындай жемірмін, Шиық-шиық, шиық-шиық. Секектеймін ыршып та, Кезікпеймін қырсыққа, Ұстатпаймын мысыққа, Түк-түк, түк-түк, Қане, ортаға шық-шық! Мысық: - Мияу!	Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Шолпан атты қыз керек,- дейді. "Шолпан" деген сөздің орнына басқа бір баланың немесе қыздың атын қойып айта береді. Қарсы топтан шақырылған қыз не бала жүгіріп келген бойы тізіліп тұрған топтың әлсіз жерінен үзіп өтуге тиісті. Егер үзе алмаса, сол топта қалып қояды. Ал үзсе, өзі қалаған ойыншының бірін өз тобына алып қайтады. Ойыншылар түгел шақырылып болған соң, екі жақтың ойыншылары саналады. Қай топтың саны көп болса, сол топ ұтқан болып есептеледі.

				Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей, "Шық-шық!" - дейді? Бұл тышқанның өнерін, Қане, байқап көрейін. **"Егер де... не болар еді?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: қарапайым себепті байланыстар мен қарым-қатынастарды таба білуге үйрету. Егер де күн болмаса, не болар еді? (Үнемі қараңғы, қорқынышты болады, гүлдер өспейді.) Егер де су болмаса, не болар еді? (Шөптер құрайды, қатты шөлдейміз.) Егер де ауа болмаса не болар еді? (Тыныс ала алмаймыз.) Еркін ойындар.	**Жеке жұмыс: көлбеу жүру, "Қарлығаш" жаттығуы.** Мақсаты: дене тепе-теңдігін дамыту; ептілікке тәрбиелеу. Тура жүріп, тақтайдың (бөренеңің) ортасында тоқтап, "қарлығаш" фигурасын көрсету (екі қолды дан-жаққа созып, дене түзу, бір аяққа тұрып, екінші аяқты артқа, жоғары көтеріп, түзу созып түру), содан соң жүруді жалғастыру, тақтайдан (бөренеден) секіріп, екі аяққа түсу, екі қол екі жақта. Еркін ойындар.
Серуеннен оралу 12.20-12.35	Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер: - учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу; - балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;				

	- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру; - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою; Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас **12.35-13.20**	**Гигиеналық дағдылар:** Мақсат-міндеттер: тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмысты жалғастыру. Үстелдегі тағамға назар аудару; үстелде отыру мәдениеті, этикет ережелері. **Көркем сөз** Дастарханға барамыз, Қасықты қолға аламыз. Төкпей-шашпай тамақты, Аузымызға саламыз. **(мәдени-гигиеналық**	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: жабдықтарды қолдану тәртібін пысықтау. Майлықты қолдану, нанды қопсытпау, орындықты итеру, тамақ үшін алғыс айту, аузыңды шайып алу, тамақ қабылдауға жағымды қатынасты тәрбиелеу. **Көркем сөз** Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезіңде, Жуын тұрған		**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: тамақтану тәртібін пысықтау. Қасықты дұрыс қолдану, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды пысықтау. **Көркем сөз** Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар Нанда адамның еңбегі мен ары бар.	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: әжетханадан кейін және қажет болғанда қолды жуу қабілетін дағдыландыру; тез және ұқыпты жуу қабілетін жетілдіру, жуу бөлмесінде тәртіпті сақтауға тәрбиелу. **Көркем сөз** Сақтағаннан тазалықты Ауырмайды ішіміз. Тазалықты сақтасаң Ауырмайсың ешқашан. Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында,

	дағдылар, көркем сөз)	мезгілде. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**		Нан өмірдің ана сүті арқауы Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**	Жуын ұйықтар кезіңде, Жуын тұрған мезгілде. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**
Күндізгі ұйқы 13.20-15.30	Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары \15.30-15.50	Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.50-16.10	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40**	**"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін жүйелеу. Ойын барысы. "Адам не істеді?" - тәрбиеші сұрақ қойып, бір	**"Ұқсас - ұқсас емес" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: заттарды салыстыруға үйрету; олардың айырмашылық белгілерін табу; ұқсастықтар, элементтерді сипаттама бойынша тану.		**"Болады -болмайды " дидактикалық ойыны. (Доппен)** Мақсат-міндеттер: есте сақтауды, ойлауды, зейінді дамыту. Тәрбиеші бір сөйлем айтып, балаларға доп лақтырады, балалар допты қағып алып, сөйлемді аяқтау керек.	**"Жұмбақтар шешу" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: белсенді сөздік құрамындағы зат есімдер қорын кеңейту. Міндеттері: балаларды ақылды болуға үйрету, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді

	затты ойыншылардың біріне береді (немесе допты лақтырады). Бала жауап беріп, допты немесе затты жақын тұрған балаға береді. Осылай шеңбер бойымен бір-біріне затты немесе допты береді. Шеңберді аяқтағаннан кейін тәрбиеші жаңа сұрақ қояды: "Табиғат нені тудырды?" Ойын шеңбер бойымен жалғасады; жауап бере алмаған бала шеңберден шығып, оны өткізіп жібереді, бірақ егер ол сөзді ойлап тауып, атаса, оны қайтадан ойынға қосады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекет)** **"Аңшылар мен**	Міндеттері: балаларға зейінділікке үйрету. Есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Ойынға қызығушылықты тәрбиелеу. Ойын барысы. Мысалы: бір бала болжам жасайды, ал қалған балалар болжауды жалғастыру керек: «Екі қоңыз жорғалап жүрді. Бірі қара нүктелермен қызыл, екіншісі қара ... » **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекет)** **Еркін ойын: "Барлығына сыйлық".** Мақсат-міндеттер: достар табу, дұрыс таңдау жасау, құрдастарымен		Жазда қырау ... (болмайды). Қыста қар жауады ... (болады). Жазда аяз ... (болмайды). Жазда тамшылар ... (болмайды). **(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** **"Дөңгелекті лақтыру" қимылды ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгіленген бағытты көздей білуге ,ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Ойын барысы. Ойын дөңгелектерді көздеп лақтырудан тұрады,дөңгелектің диаметрі 15-20см. Ал таяқшаның ұзындығы 30-40см. Балалар қатарға тұрып 1,5-2метр ара	және логикалық ойлауды дамыту. Ойынға қызығушылықты тәрбиелеу. Ойын барысы. Балалар орындықта отыр. Педагог жәндіктер, жануарлар және т.б. туралы жұмбақтар жасайды. Дұрысын тапқан бала өзі жұмбақ жасырады. Жұмбақты тапқаны және болжағаны үшін ол бір жетон алады. Жетон көп болған бала жеңіске жетеді. Балалар өздерінің жұмбағын ойлап таба алады. **(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет)** **Жапон ойыны: "Ляйлек пен бақа".** Бұл жапон ойынын 4 немесе одан да көп адам ойнай алады.

	қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. Педагог ойынды бастайды: -"Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында.	ынтымақтастық, ұжымдық сезімдерді дамыту. Ойын барысы. Балаларға тапсырма беріледі: «Егер сен сиқыршы болсаң және ғажайыптар жасай білсең, бәрімізге не берер едің?» немесе «Егер сенде сиқырлы гүл болса, қандай тілек айтар едің?». Әр бала сиқырлы гүлден бір жапырақшаны жұлып алып, бір тілек айтады. Жапырақшам үш-үш, батыстан шығысқа қарай, солтүстік арқылы, оңтүстік арқылы шеңберге оралу. Жерге тиген бойда, менің тілегімді орында. Соңында бәріне арналған ең жақсы тілек байқауын өткізуге болады..		қашықтықта дөңгелектерді таяқшаға дәлдеп лақтырып кіргізу керек. Балалар ойынды бірінен кейін бірі жалғастырып ойнай береді. **(дене шынықтыру)**	Ол үшін асфальтқа шығанақтар, аралдар мен мүйістер салынған үлкен көл салу керек. Ойыншылар бір жүргізушіні таңдайды - «ляйлек», ал қалғандары барлық ойыншылар «бақаға» айналады. «Бақалар» «суға» отырады, «құрлыққа» шығуға құқығы жоқ. «Ляйлек» жағалау бойымен жүріп өтіп, «бақа» ұстауға тырысуы керек. «Ляйлек» «аралдан» «аралға» секіруге құқылы, бірақ «суға» кіре алмайды. Соңғы ұсталған «бақа» «ляйлекке» айналады. **(дене шынықтыру)**

	"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: "Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай,	**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекет)**			

	жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды. **(дене шынықтыру)** **Еркін ойын: "Менің бұлтым"** Мақсат-міндеттер: қиялды, зейінді, табиғатты елестетіп қабылдауды дамыту. (ойын релаксациялық кідіріс рөлін де атқарады). Ойын барысы. Балалар ашық жерде, шөпте жайлы орналасады, тынышталып, көздерін жұмады. Тапсырма. Шабындықта				

	демалуды елестетіп көріңіз. Құстардың дауысы естіледі, шөптер мен гүлдердің иісі шығады, бұлт аспанда қалықтайды. Аспандағы бұлтты таңдап, оның неге ұқсайтынын айту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**				
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сәйкес қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау. Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін) және серуеннің сюжеті осы сәтте айналады. Балаларға киім-кешек бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін, киіну ретін еске түсіріңіз, түсіндіріңіз, қажет болған жағдайда оларға көмектесіңіз.				
Серуен 16.50-17.50	**Аспанды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: аспанды бақылауды жалғастыру; көргенді бұрын байқалғанмен	**Күндізгі жарықтың ұзақтығын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: жаз күнінің өте ұзақ,		**Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: желдің күшін анықтауға үйретуді жалғастыру;	**Жәндіктерді бақылау (көбелек). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: балалардың көбелектің пайда

	салыстыру, қорытынды жасау. Экологиялық міндет: жазғы аспанның сұлулығына тамсануға үйрету. Әңгімелесу. Жазда аспан әрқашан ашық және көк емес, оның үстінде бұлттар бар, кейде олар үлкен жаңбырлы бұлттарға жиналады. - Бүгін аспан қандай? Сіз не көріп тұрсыз? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттарды немен салыстыруға болады? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауға, оның жануарлар мен өсімдіктер әлеміндегі баламаларын табуға шақыру. **Көркем сөз. Жұмбақ** Төңірегі тең көрініп, Теген жатыр төңкеріліп, Жас та сиған, кәрі	ал түндердің қысқа екенін көрсету. Күн өте ерте, биік шығады және ұзақ уақыт жарқырайды. Экологиялық міндет: балаларды жаздың сипаттамалық белгілерімен таныстыру, қоршаған әлем туралы білімдерін бекіту. Түзету міндеті: күннің бөліктерін атауға үйрету, өлең жаттауға жаттығу. **Көркем сөз** Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын. Көк аспанда күн күлсін, Ұл қолында ту жүрсін. Қыз қолында гүл жүрсін,		балалардың жансыз табиғат туралы білімдерін кеңейту. **Бақылаудың барысы** Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады, сұрақтарға жауап беруді ұсынады. Өртесең де ерімейді, Не тот басып шірімейді, Өн бойына су сіңбейді, Ылғал тартып, ірімейді. (Тас) - Жел қалай қалыптасады? (Ауа жерден қызады, жоғары көтеріледі, ал салқын ауа төменге батады. Ауаның бұл қозғалысы- жел тудырады.) - Желдің қандай болады? (Күшті және әлсіз.) - Қатты желдер қалай аталады? (Дауыл, тайфун, торнадо.) - Бүгін жел бар ма?	болуы, өмір салты, оның мәні туралы білімдерін кеңейту. Бақылаудың барысы **Көркем сөз** «Көбелектің жыры» Н. Айтов Қанатымды бір қағым, Демде қайта жоғалам. Десе гүлді дала бар, Қос қанатым талмайды. Мені көрсе балалар, Қыр соңымнан қалмайды. **Әңгімелесу.** Педагог алуан түрлі-түсті көбелектердің қаншалықты әдемі, көңілді екенін байқауға кеңес береді: сары лемонграсс, қара қызыл есекжем, көк құстар, қырыққабат ақтары, ирисценциялар және інжу-маржан. Көбелектердің, дене

	сиған, Астына оның бәрі сиған. (Аспан) **Еңбек:** ағаштардан жерге түскен бұтақтарды жинау. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай, қимылдарын үлестіре біле ойнауға ынталандыру; бір адамдай, мәтінге сай, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге және тоқтап, отыра қалуға дағдыландыру;	Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. (М.Әлімбай) **Болжам** 1. Күн көзін бұлт шалса, жаз жаңбырлы болады. 2. Күн қызыл шапаққа оранып батса, ертеңінде ыстық болады. 3. Күн батарда көк жиек ашық болып, қызыл шапақ шашса, ауа-райы жылынады. **Еңбек:** қоқысты тазарту үшін ұжымдық еңбек. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге дағдыландыру; жұмысты соңына дейін жеткізе білуге баулу. **"Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын.**		Бұл қаншалықты күшті? Зерттеу қызметі Компас пен флюгерді пайдаланып желдің бағытын анықтау. (Флюгер қайда бұрылды - сол жақтан жел, ал желдің бағыты компастың жебесімен анықталады). - Желдің күшін қалай анықтауға болады? (Қағаз және секундомермен). - Желдің қай жағынан соғып тұрғанын қалай анықтауға болады? (Компасты қолдану: егер солтүстіктен болса- суық, оңтүстіктен болса - жылы.) **Еңбек:** ауланы бұтақтар мен тастардан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс	мүшелерінің пайда болуын қарастырыңыз, олардың не жейтінін біліңіз. Балаларды көбелектер қанаттарының мөлшері мен түсі бойынша ерекшеленеді деген тұжырымға жетелейді. Көбелектер қанаттарында өте әдемі өрнек бар - бұл табиғатта жасалған ең әдемі өрнек. Олардың екі жұп қанаттары бар. Бірақ, көбелектердің қанаттарынан ұстауға болмайды, өйткені олар нәзік тозаңмен жабылған, оны сүрту оңай, бірақ содан кейін көбелек ұша алмай қалады. Көбелектердің 6 аяғы бар, олардың көмегімен гүлдерге және олардың

	ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қауіпсіз қимылдай білуге машықтандыру. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар бір сәтті жерге отыра қалып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату	**(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін қатаң сақтауға үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынға 3 не 10, одан да көп ойыншы қатынасады. Көбінесе ойынға қара зат таңдап алынады (ескі малақай, құм салған дорба т. б.). Ойынға қатынасушылар шеңбер құрып, көздерін жұмып тырысады. Ойынды басқарушының берген бұйрығымен бір ойыншы шеңберден шығып, тығуға әзірленген затты алып тығылады. Ойынға қатынасушылардың		істеуге үйретуді жалғастыру, істелген жұмыстан рахат алу. **"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады.	бойымен қозғалады. Көбелектер гүлден гүлге ұшады, сондықтан олар тозаңды алып жүреді. Тозаңданатын өсімдіктердің тұқымы көп болады. Тәрбиеші балаларға көбелек туралы жұмбақтар жасырады. Бар екен бір мақұлық Ұннан майда, Өз басын айдайды Екен қиын жайға, Ұстасақ үгітіліп Жоғалады, Дамылдап Отырмайды ешбір Жайға. (Көбелек) Гүл ұшып гүлге Қонады, Гүл бақшам гүлге Толады. (Көбелек) **"Сипаттама бойынша тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: зейінін, сөздік қорын,

	керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. **"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден	міндеті — сол тыққан затты іздеп табу. Егер тығылған зат табылса, ойын жүргізуші ойынға қатынасушылардың барлығына естірте дауыстап жариялайды да, барлығын табылған заттың төңірегіне жинайды. Заттың иесі өз затын қорғайды да, басқалары оны алдап-сулап, көңілін басқа жаққа бұрып әлгі затты тартып алуға тырысады. Затты кім ала алатын болса, сол затты тығушы қызметін атқарушы болады да, қалғандары қайта шеңбер құрысып көздерін жұмады. Ойын осы тәртіппен жүре береді. **"Күн мен түн" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене**		Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады. - Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс. **Қимылды ойын: "Жел". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: табиғаттағы	дамытуға үйрету. Тәрбиеші жәндіктерді сипаттайды, балалар болжайды. **Еңбек:** балаларды қоқыс жинауға шақырыңыз (таяқшалар, бұтақтар, қағаз бөліктер). Мақсат-міндеттер: балаларды табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу, балабақша ауласын тазартуға және қоршаған табиғатты аялауға тарту. **"Өрмекші мен шыбын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: түрлі бағыттарға, қимылдарды үлестіре жүріп, жүгіре білуге дағдыландыру; тепе-теңдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Балалар "өрмекшіні"

	асық, бір-бір сақа беріледі. Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі. Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді). Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады. Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады. Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді. Көздеген асығына	**шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қимылдарды үстелсте білуді, есту зейінін дамыту. Еркін ойындар.		қатынастар тұжырымдамасын бекіту; мұғалімнің бұйрықтарын мұқият тыңдауға үйрету. **Жеке жұмыс:** доппен жаттығу. **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: допты жоғарыға, жерге лақтырып, қағып алуға үйрету. Еркін ойындар.	санамақ арқылы тағайындайды. "Өрмекші" бала алаңның ортасында тұрады, балалар белгі бойынша бір шеттен екінші шетке өтіп кетпекші болады. "Өрмекшінің" міндеті - "шыбындарды" қолмен түртіп ұстап алу. Көңілді шыбындар Жан-жаққа ұшады. Өрмекші бұрышта Қармағын жаяды. - Көңілді шыбындар! Зуылдап ұшыңдар! Д. Ахметова. Ойынның соңында "өрмекшінің" ұстап алғандарын санап алуға болады. Ойында екі "өрмекшіні" де тағайындап алуға болады. Мақсат-міндеттер: шашырап жүгіруді, белгі бойынша

	дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді. Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді. Ұтылған бала ойыннан шығып қалады. Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі. Еркін ойындар.				бағытты өзгертуді үйрету. **Қимылды ойын: "Жылан" (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: бір-бірінің қолдарынан ұстап жүгіруге, жүргізушінің қимылын дәл қайталауға, бұрылыстар жасауға, кедергілерден өтуге үйрету.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30**	Ата-аналарға кеңес: "Баланы өзіне-өзі қызмет етуге тәрбиелеу".	Ата-аналармен әңгімелесу: "Жазда ашық ауада серуендеудің		Ата-аналарға кеңес: "Күн ваннасы деген не?"	Ата-аналар қеңес: "Күн соққысынан қалай қорғануға болады?"

		маңызы".			

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Мағжан» Мад топ
Балалардың жасы: 5 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі : 01, 03.07. - 07.07.2023ж.

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**01, 03.07. - 07.07.2023ж.**					
Апта күндері	***Сенбі***	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	01.07.2023	**02.07.2023**	**03.07.2023**	**07.07.2023**		
Күн тәртібі						
Балаларды қабылдау 08.00-08.40	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**					
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Сауалнама: "Балаңызды үй жұмыстарына шақырасыз ба?".					
Балалардың	**Еңбек:** ауланы	**Еңбек:**	**Еңбек:** қажет	**Еңбек:** алаңды		

дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	тазарту. Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларына қалыптастыру; еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	гүлзардағы топырақты босату, суару. Мақсат-міндеттер: гүлдерге күтім жасау, оларға қамқорлық жасауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	болған жағдайда ағаштардың жан-жағын қопсыту. Мақсат-міндеттер: оны не үшін жасау керектігін түсінуге баулу; тамырын зақымдамай, мұқият қопсытуға дағдыландыру. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	тазарту. Мақсат-міндеттер: өз алаңына қамқорлық жасауға, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**		
	"Ішінде-сыртында" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: «үлкен» - «кіші», «ішіндегі» - «сыртындағы» ұғымдарын	**"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы	**"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: өсімдіктерді белгілі бір белгі бойынша топтастыруға	**"Жеміс-жидектер" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: Жеміс-жидектер туралы білімдерін бекіту. Балалардың		

	байланыстыруға үйрету. Ойын барысы. Балаға бір-екі заттың атын атап, оның ішінде не болатынын және сыртында не болатынын айтуын сұрау. Мысалы: үй - жастық, котлет - кастрөл, жүрек - мысық, балық - өзен, қант - шай және т.с.с. содан кейін рөлдерді ауыстырыңыз – балаларға мүмкіндік беру. **(танымдық іс-әрекет)** **"Өз жұбыңды тап" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын	білімдерін жүйелеу. Ойын барысы. «Адам не істеді?» - тәрбиеші сұрақ қойып, бір затты ойыншылардың біріне береді (немесе допты лақтырады). Бала жауап беріп, допты немесе затты жақын тұрған балаға береді. Осылай шеңбер бойымен бір-біріне затты немесе допты береді. Шеңберді аяқтағаннан кейін тәрбиеші жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені тудырды?». Ойын шеңбер бойымен жалғасады; жауап бере алмаған бала шеңберден шығып, оны өткізіп жібереді, бірақ егер ол сөзді	үйрету. Міндеттері: балаларды өсімдіктерді белгілері бойынша тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ойын барысы. Балаларды топтарға бөлу. Тәрбиеші балаларға ағаштағы жапырақтарды мұқият қарап, содан кейін жерден сол жапырақтарды іздеуге уақыт береді. Кім көп және жылдам тапса, сол жеңеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті,**	жеміс-жидектердің атын атай алады ма? Бір бірінен ажырата алады ма, соны тексеру. Балалардың қолымен ұстап, ажырату көзбен көріп тану, иісінен ажырату қабілетін дамыту. Мына сөздерді қолдану. Піскен, піспеген, тұздалған, тұздалмаған, қысқа, дөңгелек, сопақ. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** **"Ыстық картоп" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: доптың шеңбер		

	дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Ойынның шарты: Ойыншылар екі баладан жұп құрап, қолдарына доп ұстап 6-8 метр жерден бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші ойнауға белгі берісімен, әр жұп доптарын	ойлап тауып, атаса, оны қайтадан ойынға қосады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** **"Айна" қимылды ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: зейіні мен қиялын дамыту; қимылдардың реттілігін есте сақтауға жаттықтыру. Ойын барысы. Ойыншылар алаңда еркін орналасады және келесі тапсырмаларды орындайды: жүргізушінің артынан бір қимылды	**зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** **"Суық-ыстық" аз қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. Жүргізуші затты жасырған кезде қарауға тыйым салынады. Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші кіріп, затты іздейді. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... жасырылған затты табуға көмектеседі. **(дене**	бойымен берілуін қамтамасыз ету. Ойыншылар шеңберге тұрады, ойыншылардың бірі допты қолына ұстайды. Музыка әуенімен немесе дабыл дауысы бойынша балалар допты шеңбер бойымен бір-біріне береді. Музыка тоқтаған бойда, қолында доп бар ойыншы ойыннан шығады. Ойын жеңіске жеткен 2 ойыншы қалғанға дейін жалғасады. Допты беру кезінде лақтырмау; допты қолынан түсіріп алғандар ойыннан шығарылады. **(дене шынықтыру)**		

	бір-біріне қарай домалатып тигізуге тырысады. Доптары бір-біріне тиген ойыншылар ұпай жинайды. Ойынның соңында қай жұптың ұпайы көп болса, сол жұп жеңіске жетеді. **(дене шынықтыру)**	қайталау; жүргізушінің артынан бірқатар қозғалыстарды белгілі бір ретпен қайталау; құстың, жәндіктің қимылын қайталау. Үздік ойыншы жалпы дауыс беру арқылы анықталады және оған сыйлық немесе ұпай беріледі. **(дене шынықтыру)**	**шынықтыру)**			
Таңертеңгі жаттығу 08.40-08.50	Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу. Жалпы дамыту жаттығулары кешені. 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды. 1.2. Бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды. 2.2. Бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында. 3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды. 3.2. Бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.					

	4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дене шынықтыру)**					
Таңғы ас **08.50-09.30**	**Гигиеналық дағдылар** Үстелге дұрыс отыру, ұқыпты тамақтану, тамақты қасықпен ғана қабылдау, майлықты қолдану қабілеттерін бекіту; тамақтану мәдениетін жетілдіру. **Көркем сөз** Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ.	**Гигиеналық дағдылар** Нанға майды пышақпен жағу дағдыларын бекіту. **Көркем сөз** Екі қоян отырып, Сыр айтады жасырын. Сұр қасқырдың тәбетін, Берсе бізге асырып. Тәбетін біз қайтеміз, Тісін берсін қасқырдың. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**	**Гигиеналық дағдылар** Балаларда мәдени-гигиеналық дағдылар қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет ету, үстелге дұрыс отыруды дағдыға айналдыру, ас құралдарын дұрыс пайдалану. **көркем сөз** Сиқырлы ғой қасығым, Жылдам жеймін асымды. Міне тамақ, міне шай, Тым асықпай, жеші жәй. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**	**Гигиеналық дағдылар** Балаларды үстел үстінде өзін дұрыс ұстауға, ұқыпты тамақтануға үйрету, басқа балаларға кедергі жасауға болмайтынын, ересектердің рұқсатынсыз үстелден тұруға болмайтынын түсіндіпу. **Көркем сөз** Мүйізді ешкі келеді, Балаларға ереді. Сүт ботқаны жемесең, Келіп сені сүзеді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**		

	Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.30-10.25	**Әңгімелесу: "Демалыс күндерін қалай өткіздік".** Мақсат-міндеттер: ұзаққа есте сақтау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту." **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: саналы логиканы, есте сақтауды, зейінді жетілдіру. **(танымдық іс-әрекет)**	**"Теңіз толқиды" аз қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі бойынша орындау, шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық таныту. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту. **(дене шынықтыру)**	**"Фант" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың белгілі тақырып бойынша түсініктерін нақтылау, сол тақырып бойынша тақпақты, жаңылтпашты, мақалды, санамақта, жұмбақты еске түсіріп айтуға ынталандыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.		

				Балалар, шеңберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты сөздерді кезегімен айтып жатады. Егер біреу ойланып, тоқтап қалса немесе алдында айтылған сөзді қайталаса, осы тақырыпқа байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**		
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.25	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Қолды жан-жаққа соз" Мақсат-міндеттер: Балаларды сап түзеп жүргенде қолды жан-жаққа созып тік тұру; 2-2,5 м арақашықтықтағы	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Б.Майлин "Жау-жау, жаңбыр"" Мақсат-міндеттер: Балаларға жыл мезгілдеріндегі табиғат құбылыстары туралы мағлұмат беру; өлең	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Жидектер" Мақсат-міндеттер: Балаларды жидектердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын атауға үйрету, сыртқы түрінің	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Карлсонға арналған тосап" Мақсат-міндеттер: Қажет емес бөліктерді өз күшіммен кесуді үйрету, шығармашылық және табиғи материалды		

	нысанаға құм салынған қапшықты дәлдеп лақтыру; балаларда заттар арасымен жүру; биіктіктен секіру дағдыларын дамыту; негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл тәжірибелерін байыту.	жолдарын түсініп, мәнерлеп жатқа айтуды үйрету; байланыстыра сөйлеуге, тілдік қорларын молайту; табиғатты сүюге, оны қорғауға тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Астана нұры" Мақсат-міндеттер: Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін	ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың жидектердің қайда және қалай өсетіні туралы білімдерін бекіту (бақта, орманда, жерде, бұтада, ағашта); есту қабілетін, байланыстырып сөйлеуді дамыту; табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Егін жинау аптасы" Мақсат-міндеттер: Күннің бөліктері туралы білімдерін бекіту. Бір аптадағы күндер тізбегі туралы түсінік қалыптастыру. Есте сақтау	түрлендіру қабілетін дамыту, «Жемістер мен жидектер» тақырыбы бойынша білімдерін кеңейту, сөздік қорын байыту және белсендіру, ұжымдық жұмысқа деген қызығушылықты тәрбиелеу. **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Әжемнің тосабы (бояуларды араластырып, жаңа түстер шығару жолымен)" Мақсат-міндеттер: Бояуларды араластыру арқылы ашық және қою қызыл түстерді шығаруды таныстыру;		

		жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.	қабілетін, сөйлеу қабілетін дамыту. 7 ішінде алға және артқа қарай санау қабілетін дамыту.Қоршаған ортаға деген қызығушылықты тәрбиелеу.	араластыру тәсілдерінің реттілігін бекіту; бояумен жұмыс жасау, түстерді дұрыс таңдау дағдыларын дамыту; зейіндерін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту; іс-тәжірибе көмегімен түрлі мәселерді шешімін табу, практикалық тәжірибе негізінде қорытынды жасау біліктіліктерін қалыптастыру; ізденімпаздылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.		
Серуенге дайындық 10.25-10.40	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**					
Серуен 10.40-12.20	**Бақбақ өсімдігін бақылау. (қарым-қатынас**	**Қарақатты бақылау. (қарым-қатынас**	**Гүл егілген алаңқайды бақылау.**	**Арамшөптерді бакылау. (қарым-қатынас**		

	іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: бақбақ туралы білімді нақтылау (гүлденудің басталуына назар аудару); табиғатты белсенді түрде қорғауға; дәрілік өсімдіктер туралы білімдерін бекіту. **Көркем сөз** Өте берік тамыры, Бақбақ гүлі ерекше. Сарғыш гүлді сәл ірі. Ақ ұлпа тәрізді. Әңгімелесу. Бақбақ барлық жерде өседі: шалғындарда, егістіктерде, орман шеттерінде, сайдың беткейлерінде,	**іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: бұтаны ағаштан ажырата білу қабілеттерін бекіту; балабақша аумағында өсетін жидек бұталарымен - қарақатпен таныстыру. Көркем сөз Жайнап өсіп далада, Көздің жауын ала ма. Бірде – бірін жұлғызба, Қасыңдағы балаға. Әңгіме. Қарақат жидектері кішкентай қара шарларға ұқсайды. Қарақат - әр түрлі жапырақтары бар	**(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: гүлді дән себу арқылы еккен кезде, егілген гүл дәнінен алғашқыда жапырақ, содан кейін кішкентай өскін, кейін үлкен гүл өсімдігі өсіп шығатыны туралы балаларға түсіндіру. Гүлге тек қана әсемдік үшін ғана емес, табиғаттың бір мүшесі ретінде қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **Көркем сөз** Кешкілік пе, күндіз бе, Үзіп алсаң сен бір гүл,	**іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктер туралы білімдерін молайту. Арамшөптердің зияны туралы түсініктерін кеңейту. **Көркем сөз** Жеміс біткен бау - бақта, Желі жайды жан - жаққа. Бақта құстар сайрайды, Құйқылжытып жан – жаққа. Қолға ап бақша құралын, Суды атызға бұрамын. Ағаш түбін қопсытып, Арамшөпті жұламын.		

	күн мен өмірге деген сүйіспеншіліктің символы сияқты. Бақбақтың ұзын, қалың тамыры топыраққа мықтап жабысып қалған. Бақбақтың әр жапырағы өз бағытына қарайды. Жапырақтың мөлшері гүл өсетін жерге байланысты. Өсімдік жерден ылғалды неғұрлым көп қабылдайтын болса, соғұрлым оның жапырақтары жарқын әрі күшті болады. Әрбір гүл - бұл біріккен бес жапырақшадан тұратын түтік және оларға жабысқан стамен.	көпжылдық бұта. Көктемде қарақат бұталарында кішкентай қоңырауға ұқсас гүлдер пайда болады. Бақшада қарақат басқа жидек дақылдарына қарағанда ерте гүлдейді. Қарақат жидектері шілде айында піседі. Дәмді, тәтті және қышқыл, шырынды. Бұл өсімдіктің құрамында «С» дәрумені (витамині) көп екен. Қарақат жидектері мен жапырақтары емдік қасиетке ие. Хош иісті қарақаттың жапырақтары маринадтарға және тұздалған қиярға, қызанақ,	Өсіп тұрған гүлді үзбе. Үзіп алсам мен бір гүл, Туған жерді далаға, Не қалады сиқынан, Тастағалы жүрміз бе? Қызыл-жасыл жердің бұл, Жайнап өсіп далада, Көздің жауын ала ма. Бірде – бірін жұлғызба, Қасыңдағы балаға. **Әңгіме.** Гүл біздің өмірімізге қуаныш сыйлайтын әдемілік әлемі. Қатар-құрбыларымыз бен туыстарымыздың туған күндеріне гүл сыйлаймыз.	Әңгіме. Жан-жағымызда өсіп тұрған қызылды-жасылды өсімдіктерді көргенде, көңілімізге қуаныш ұялайды. Өсімдіктер тек қана көрік беріп қана қоймай ауаны тазалайды, ауаның ылғалдылығына да әсерін тигізеді. Кейбір өсімдіктерден ерекше заттар бөлінеді де, адам денсаулығына зиянды микробтарды жойып отырады. Ол фитонцид деп аталады. Енді осындай жайнап өсіп тұрған өсімдіктердің арасында зиянды өсімдіктер де кездеседі. Оларды		

	Егер сіз бақбақты иісін сезіп жатсаңыз, оны мұрныңызға тым жақындатсаңыз, сіз ашық сары тозаңға кірленесіз. Түстен кейін немесе жаңбыр кезінде гүл себеті жабылып, тозаңды ылғалдан сақтайды. Бірақ ашық ауа-райында, таңертеңгі сағат алтыда сіз әдемі гүлге сүйсіне аласыз. **Еңбек:** ауланы қоқыстардан және құрғақ бұтақтардан тазарту. Мақсат-міндеттер: тазалыққа, ұқыптылыққа, өз жұмысының нәтижесін көруге үйрету. **"Соқыр теке"**	саңырауқұлақ және қырыққабатиарға қосады. **Халық болжамы:** Жазда жидек көп болса, қыс қатты болады. Қайыңнан шырын көп ақса, жаз жаңбырлы болады. **Еңбек:** ересектерге алаңда өсетін бұталарды күтуге көмектесу. Мақсат-міндеттер: үлкендердің еңбегін құрметтеуге, бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру. **"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп,	Мерекелерде аналарымызды қуанту үшін гүл ұсынамыз. Ең алғаш мектеп табалдырығын аттағанда да гүл алып барамыз. Үйде, аулада гүл өсіреміз. Осы бір табиғаттың әсем мүшесін күтіп, баптау кезінде өзіміз қандай керемет әсерде боламыз десеңші! **Зерттеу жұмысы.** Балалармен гүл егілген алаңқайға барып, өніп шығып келе жатқан гүл өскінін қарау. Дәннен кішкентай ғана жапырақ, одан өскін, одан гүл өсіп шығатынын түсіндеру. Әр гүлдің жапырақтары мен	арамшөптер деп атайды. Олар мәдени өсімдіктерге көп зиян келтіреді: топырақтың нәрін алады, топырақтағы ылғалды алады, күн қызуын тартып алады да, сөйтіп өсімдіктердің өсуіне кедергі жасап, өздері қаптап кетеді. Олар мәдени өсімдіктерге қарағанда тез өсіп, жетіледі. Сондықтан да гүл егілген гүлзарлар мен бау-бақшаны, егіс алқабын үнемі арамшөптерден қорғап отырады. **Зерттеу жұмысы** Гүлзарларда, өсімдіктер өсіп тұрған		

	қазақ ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтап, әділ ойнауға баулу; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды, тепе-теңдікті сақтай жүріп, үлестіре білуге, бір-бірлеріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. "Соқыр текені" санамақ арқылы тағайындайды. Содан соң "текені" ортаға	жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі)	сабақтары арасындағы айырмашылықты қарау. **Болжам.** Гүлдердің иісі одан сайын аңқып шықса, жауын жауады. **Еңбек:** балалармен гүл егілген алаңға сусепкішпен су себу. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбексүйгіштікке баулу, жас гүлдерді суды себу арқылы суғаратынын көрсету. **"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға	алаңшалардан арамшөпті тауып алып, оларды жақсылап көріп алу. Еңбек: балабақша ауласындағы гүлзарлардағы, гүл егілген алаңқайдағы арамшөптерді жұлу. Мақсат-міндеттер: балаларға гүлдерді күтіп-баптауды үйрету, әсемдікті сақтай білуге тәрбиелеу. **"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі		

	шығарып, көзін байлап, бір орында айналуды сұрайды. Балалар осы кезде: "бір, екі, үші! Соқыр теке, бізді ұста!" - деп "соқыр текені"қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді. "Соқыр текенің" міндеті - түрткен баланы ұстап алу және оны танып, есімін атау. Педагог балалар тым алшақ қашып кетпес үшін, үлкен шеңберді сызып қояды. Ойыншылар сол шеңберден аспай ойнау керек. Шеңберден шығып кеткен бала, ойыннан да шығады. Кім ұстанылып,	"бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды: - Сәлеметсіз бе! Кім боласыз? "Бояушы": - Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім. Алыстан келемін, Бояу үшін теңге беремін. "Бояуды сатушы": - Түсі қандай бояуды қалайсыз? Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады: - Бояудың бағысы қанша? - Бағасы бес (он,	дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. Педагог ойынды бастайды: "Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында. "Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап,	топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды.		

	танылып жатса, "соқыр теке" болып, ойынды жалғастырады. **"Өз бүршігіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: гүлдерді ажырата білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету; жүгіру кезінде жаттығу. **Жеке жұмыс: қимылдарды дамыту.** Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс көмегімен табиғатты аялауға тәрбиелеу; бөренелерден, тастардан секіру жаттығулары.	он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. **Еркін ойын: "Көкөністер дүкені".** Мақсат-міндеттер: көгөністер мен жеміс-жидектерді	"қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: "Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге	Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. **Жеке жұмыс: көлбеу жүру, "Қарлығаш" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: дене тепе-теңдігін дамыту; ептілікке тәрбиелеу. Тура жүріп, тақтайдың (бөренеңің) ортасында тоқтап, "қарлығаш" фигурасын көрсету (екі қолды дан-жаққа созып, дене түзу, бір аяққа тұрып, екінші аяқты артқа, жоғары		

		құмнан мүсіндеу. Берілген ойын тақырыбында шығармашылық, белсенділік көрсеткендерді мадақтау; ойынға деген қызығушылықтарын қолдау және дамыту. Көкөністер мен жемістер туралы алған білімдерін бекіту. **Жеке жұмыс: ағаштар туралы әңгіме құрастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, тілдерін дамыту. **"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер:	тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды. **Жаттығу ойындары: "Волейбол ойыны".** Мақсат-міндеттер: бір-біріне доп беру, кері лақтыруды жаттықтыру. Еркін ойындар.	көтеріп, түзу созып түру), содан соң жүруді жалғастыру, тақтайдан (бөренеден) секіріп, екі аяққа түсу, екі қол екі жақта. Еркін ойындар.		

		"қақпаға"допті өткізе білуге, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Ойынға 5-6 бала қатысады. Еркін ойындар.				
	жетілдіру. **Еңбек:** құм салғыштан шашылған құмды учаскеден жинастыру. Мақсат-міндеттер: учаскеде құмды өз ынтасымен жинастыруға үйрету; тазалыққа және ретке келтіру әдеттін қалыптастыру. **"Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, қимылдарды үлестіріп, бір-біріне соғылмай жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты	**қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. Педагог ойынды бастайды: "Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында. "Аңшылар",	жиналған балалар қол ұстаса, шеңбер құра жүріп, өлең айтады: Қасқыр түссе қораға, Ұстамас оны бола ма? Қол ұстасып тұрайық, "Қасқыр қақпан" құрайық. Берік қақпан сынбайды, Қасқырларды ұстайды. Қасқыр, қасқыр, келіп көр! Қақпан, қақпан, берік бол! Соңғы сөздерден кейін қақпан-балалар қолдарын жоғары көтереді. Осы сәтте "қасқырлар" шеңберге кіріп керіп, жүгіріп жүреді. Ойын басқарушының (педагог немесе бала) "Қақпаны жап!" десе, "қақпан-балалар"	жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үлестіре, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде де жасырынып отырады. Жүргізуші (сондай-ақ балалардың бірі): "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - деп, ойынның басталуын жариялап, осы кезде	әкеледі.Қанқыз ағаш қабығының астында, қуысында, жерге түскен жапырақ арасында, т.б. жерлерде қыстайды. Қанқыз өсімдік бітесі, сымыр, бүрге-шіркей, жапырақ бүргесі, өрмекші, кене, т.б. ұсақ жәндіктерді жейді. **Дидактикалық ойын «Сипаттама бойынша тап»** Мақсат-міндеттер: жәндіктерді сипаттама бойынша тану қабілетін бекіту немесе басқа жәндікті сипаттау. **Қимылды ойын «Шалғындықта үш сайыс» (дене шынықтыру)** Бастапқы стартта орынды сақтап, жерде жатқан доға арқылы аттап өтуге үйрету; шыдамдылық және күштің әсер

	дамыту. Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" болып бір-екі бала санамақпен тағайындалады. Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады. Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды, жеңіске жеткенді табады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. **Дидактикалық ойындар «Кім бұл тап?»** Мақсат-міндеттер: сипатты белгілері бойынша учаскеде қоректенетін , құрт құмырсқаларды,	қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: "Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз	қолдарын тез түсіріп, отыра қояды. "Қасқырлардың" міндеті, қақпа жабылғанша, шеңбер сыртына ытқып шығып кету. Егер шеңберден дер кезінде шыға алмаған балалар қалса, келесі айналымда олар "қақпанға" қосылады. Өтіп кеткен балалар "қасқырлар" болып, ойынды жалғастырады. Ойынның шартын біраз өзгертуге болады: екі бала, өз қалаулары бойынша, ойыншыларды "қақпа" және "қасқырлар" тобына келісіп таңдайды. **Қимылды ойын: «Көңілді торғай» (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: ойын мәтініне сәйкес қимылдарды қалай жасауға	ойыншылар ойын алаңына жүгіріп шығып, бір-біріне соғылмай, жүгіріп, белгілі қимылдарды жасап жүреді. "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - деген белгі сөздер айтылған кезде, ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозғалса, күліп қойса, соны "жапалақ ұстап, ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. Екінші нұсқасы. Ойын динамикасын жетілдіру мақсатында екі "жапалақты" да тағайындауға болады; екінші белгі бойынша ойыншылар "жапалақтарға" ұсталынбай құтылып,	етуіне мүмкіндік туғызу. **Еңбек: құм салғыштан шашылған құмды жинастыру.** Мақсат-міндеттер: құмды өз ынтасымен жинастыруға үйрету; тазалыққа және ретке келтіру әдеттін қалыптастыру.

	құстарды, өсімдіктерді бейнелеп айтуға үйрету; заттың белгісі мен әрекетін білдіретін сөз құрамын ұлғайту.	орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды. **Қимылды ойын «Секіруге үлгер», «Батпақтағы бақа». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жүгіру, секіруді үйретуді жалғастыру.	болатындығын үйрету.	өз ұяларына қайту керек. **Қимылды ойын «Қоңыздар». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: шашырап жүгіруді, сигнал бойынша бағытты өзгертуді үйрету.	
Серуеннен оралу 12.20-12.35	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас 12.35-13.20	**Гигиеналық дағдылар** Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс, этикет ережесі. **Көркем сөз** Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді	**Гигиеналық дағдылар** Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс, этикет ережесі. **Көркем сөз** Екі қоян отырып, Сыр айтады	**Гигиеналық дағдылар** Қолды жуу ережелерін бекіту, тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі. **Көркем сөз** Су ағызып шүмектен, Беті қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты,	**Гигиеналық дағдылар** Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс, этикет ережесі. **Көркем сөз** Балаларға – тортымыз,	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы);

	тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дәндер салам. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	жасырын. Сұр қасқырдың тәбетін, Берсе бізге асырып. Тәбетін біз қайтеміз, Тісін берсін қасқырдың. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	Тазалатып тұрамын! **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	Барлық жұртқа құртымыз. Балмен піскен қауыршақ, Балдай тәтті бауырсақ. Қауын –қарбыз, көкөніс, Қанша жидек, көп жеміс. Қане, тойып алыңдар, Тамақтан соң ойын бар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.) **Көркем сөз** Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезіңде, Жуын тұрған мезгілде. **(мәдени-**

					гигиеналық дағдылар)
Күндізгі ұйқы 13.20-15.30	Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты). Аяқ массажы. Мақсаты: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету. Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.50-16.10	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40**	**"Не қандай болады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: заттардың түсі, пішіні, сапасы, материалы бойынша жіктеуге үйрету; салыстыру, мүмкіндігінше осы анықтамаға сәйкес элементтерді таңдау. Жасыл түстің не екенін айтайық - қияр, қолтырауын, жапырақ, алма, көйлек, ағаш ...	**"Менің сүйікті ертегім" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, адамгершілікке, жолдастыққа тәрбиелеу. Көрнекілігі: ертегі кейіпкерлерінің суреттері. 1) Ойын шарты:	**"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу. Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көгөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын алаңының түрлі жерлеріне салады. Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт	**Аз қимылды ойын: "Бауырсақ".** Мақсат-міндеттер: балаларды әртүрлі тапсырмаларды орындау кезінде үйлестіру мен кеңістікте бағдарлауға жаттықтыру, ойын арқылы есту зейінін дамыту. Бұл ойынға арналған доп кез-келген мөлшерде болуы мүмкін. Ойыншылар өз орындарынан кете алмайды.	**Рөлдік ойын: "Қонақ күту".** Мақсат-міндеттер: мәдени дағдыларды бекіту, балаларға үй шаруашылығының кейбір білімдері туралы хабарлау (бөлмені жинау, дастарқан жаю). Ойын материалы. Қуыршақ тағамдары, ойдан шығарылған тағамдар, оларды алмастыратын заттар; дастархан жайылған үстелдер, шай ыдыстары, вазалар,

	Кең - өзен, жол, таспа, көше ... т.с.с. ең көп сөзді атаған жеңімпаз болады, әр дұрыс айтылған сөз үшін бала жетон алады. **"Экологтар" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: жағдай туғызу және әлеуметтік шығармашылықты ынталандыру, ойын сюжетіне сәйкес кіші топтарға бөлу, сөйлеу этикеті дағдыларын қалыптастыру. Экологтар жұмысының гуманитарлық бағыты, оның табиғатты қорғауға қажеттілігі, әлеуметтік маңызы туралы балалардың ойларын кеңейту.	сурет бойынша ертегілердің аттары мен мазмұнын айту. 2) Шарты: педагог балаларға қазақтың халық ертегілерінде кездесетін кейіпкерлерді атайды. Мысалы: хан, уәзір, қарға, кірпі, т.б. Аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып, жаңа ер - тегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Балалар ертегі құрастырады. Ең қызықты ертегі ойлап тапқан бала жүргізуші болып, ойынды жалғастырады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Аз қимылды ойын: "Қозы".** Мақсат-міндеттер: балаларда есту, есте сақтау қабілетін	бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек. Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам. Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады. **(таным іс-әрекеті)** **Аз қимылды ойын: "Қозы".** **Мақсат-міндеттер: балаларда есту, есте сақтау қабілетін дамыту.** Балалар екі топқа бөлінеді («қозылар») және бір-біріне қарама-қарсы отырады. Екі басшы («шопандар») таңдалады. Бірінші топтың жетекшісі екінші топтың	Қатысушылар шеңбер бойымен бір-бірінен ұзындықта тұрады. Шеңбердің ортасында жүргізуші орналасқан. Ойыншылар допты аяқтарымен бір-біріне береді, ал жүргізуші оны ұстап алуға тырысады. Олар допты тегіс айналдыра алады, ұрады, алдамшы қимылдар жасай алады. Сіз оны жай алып кете алмайсыз. Ал жүргізуші қалағанының бәрін істей алады; допты аяғыңызбен, қолыңызбен ұстаңыз, шеңберден шығарыңыз, тіпті сәл тигізіңіз. Егер жүргізуші допты ұстап үлгерсе, ол доп оған тиген ойыншының орнын алады. **(дене шынықтыру)**	шай, пирогтар. Ойын барысы. Педагог ойынды әр түрлі әдіспен жүргізе алады. Балалар өз тобында ойдан шығарылған жағдайда ойнай алады немесе басқа топтан қонақтар шақыра алады. Осыдан кейін барлық ойын әрекеттері қонақтарды қабылдауға және оларға қамқорлық жасауға дайындық шеңберінде өрбиді. Педагог балаларға қонақтар келгенге дейін иелері пәтерді жинап, оны гүлдермен безендіріп, дастарқан жайып, тұрмыстық техниканы дұрыс орналастыру керектігін айтады. Содан кейін қонақтарды қалай қарсы алу керектігін,

	Ойын әрекеттері үлгісі: объектіні таңдау, аймақтың карталарымен, жоспарларымен жұмыс жасау; экологиялық паспорттарды зерттеу; экологиялық жағдайды зерттеу (су, ауа, топырақ үлгілері және т.б.); айыппұлдарды ұсыну; экологиялық жағдайды жақсарту бойынша жұмыс; суретке түсіру, бұзушылықтарды түсіру. Ойын ортасы. Құрал-жабдықтар: жоспарлар, карталар, жер бедерінің сызбалары; «Қызыл кітап»; халаттар; саяхатшылар; бейнекамера; әр түрлі жануарлар мен өсімдіктердің төлқұжаттары.	дамыту. Балалар екі топқа бөлінеді («қозылар») және бір-біріне қарама-қарсы отырады. Екі басшы («шопандар») таңдалады. Бірінші топтың жетекшісі екінші топтың жетекшісіне келіп: «Мен бір қозыны алуға келдім», - дейді. Екінші жүргізуші («Шопан») жауап береді: «Таңда». Бірінші жүргізуші балалардың бірін таңдайды, көздерін жұмады. Қарсы топтағы бала: «бе-е-е» деп айтуы керек. Егер бала көзін жұмып, айқайлап тұрған дауысы арқылы танылса, онда ол дауысты берген баланы өз командасына алады, егер ол танымаса,	жетекшісіне келіп: «Мен бір қозыны алуға келдім», - дейді. Екінші жүргізуші («Шопан») жауап береді: «Таңда». Бірінші жүргізуші балалардың бірін таңдайды, көздерін жұмады. Қарсы топтағы бала: «бе-е-е» деп айтуы керек. Егер бала көзін жұмып, айқайлап тұрған дауысы арқылы танылса, онда ол дауысты берген баланы өз командасына алады, егер ол танымаса, онда ол ұтылады және өзі қарсылас командаға кетеді. Содан кейін екінші топтың көшбасшысы ойынды жалғастырады. Ол ұқсас тапсырма береді (дауыспен таниды), ойын	**"Бауырсақ" театрландырылған ойыны (саусақ театры).** Мақсат-міндеттер: ұжымда эмоционалды жағымды ахуал қалыптастыру, өзіңіздің және басқа балалардың іс-әрекеттерін қадағалай білу қабілетін дамыту. Атрибуттар: ертегі кейіпкерлері(қоян, қасқыр, аю, түлкі, атасы, әжесі, тоқаш) және үй мен орманның әшекейлері. Алдын ала жүргізілетін жұмыс: ертегілерді бейнежазбадан қарау, иллюстрацияларды қарау, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін оқыту. Ойын ережесі: 7 бала	оларды қалай құрметтейтінін айтып түсіндіреді Содан кейін педагог балаларды өз бетінше ойын жоспарын құруға шақырады, онда не, қалай және қалай болады. Бұл қызықты сюжетті дамыту үшін бірнеше идеялар ұсынуы мүмкін, бірақ оның негізгі мазмұнын балалардың өздері ойлап табуы керек. Ойын нұсқаларының бірі келесідей болуы мүмкін. «Қонақтар» келгенде, «үй иелері» оларды дұрыс орналастырады және ыңғайлы орындарды ұсынады. Шай ішу кезінде қонақтарды қызықты әңгімеге тартады, оларға жылы шыраймен қарайды: «Ішіңіз, жеңіз», «Мына пирогты жеп

		онда ол ұтылады және өзі қарсылас командаға кетеді. Содан кейін екінші топтың көшбасшысы ойынды жалғастырады. Ол ұқсас тапсырма береді (дауыспен таниды), ойын жалғасады. Ойынның соңында көп ойыншы бар топ жеңеді. **(дене шынықтыру)**	жалғасады. Ойынның соңында көп ойыншы бар топ жеңеді. **(дене шынықтыру)**	ойнайды, жетекші ересек адам. Тәрбиеші рөлдерді бөлуге көмектеседі және кейіпкерлердің орындалу ретін анықтайды Ойын әрекеттері: Ойын үйден басталады. Әже тоқаш пісірді. Ол орманға қарай домалап кетті. Онда ол қоянды, қасқырды, аюды кездестіріп, бәрінен аулақ кетті. Бір түлкі оны алдап жеп қойды. Нәтижесі. Тәрбиешінің көмегімен ертегіні сахналау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	көріңіз», «Шай немесе шырын тағы алғыңыз келе ме?». Шай ішіп болғаннан кейін «үй иелері» педагогтің көмегімен қонақтарды ұжымдық әндермен, жұмбақтармен, ашық ойындармен немесе ауызша ойындармен қуантады. Мұның бәрі «иелері» алдын-ала талқылап, дайындалып, кімнің қандай ойын-сауық өткізетінін дайындап қояды. Ойынның соңында педагог үй иелері немесе қонақтар жіберген барлық қателіктерді ұжымдық түрде талқылауы керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Серуенге дайындық 16.40-16.50	1.Алдағы іс-шараға арналған тапсырма: топты шығар алдында тәртіпке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау. 2. Киімді кию алгоритмін қайталау. 3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару – тәрбиешінің				

	өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.
Серуен **16.50-17.50**	Түскі бақылауды жалғастыру.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30**	Баламен серуендеу кезінде қауіпсіздік туралы ұмытпаңыз, күнде қызып кетпеңіз

Тексерілді

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Мағжан» Мад топ
Балалардың жасы: 5 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі : 07.08. - 11.08.2023ж.

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**07.08. - 11.08.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	07.08.2023	**08.08.2023**	**09.08.2023**	**10.08.2023**	**11.08.2023**
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 08.00-08.40	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес	**Еңбек: алаңды**	**Еңбек: құрғақ**	**Еңбек: күркелер**	**Еңбек: ойын**	**Еңбек: өсімдіктер**

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**тазарту.** Мақсат-міндеттер: еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**шөпті, бұталардың жанындағы қоқыстарды жинау.** Мақсат-міндеттер: ұжымдық еңбекке баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**мен жолдарды сумен себу.** Мақсат-міндеттер: шланг пен су құйғышты мұқият пайдалануғамашықтандыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**алаңын сыпыру.** Мақсат-міндеттер: ұжымдық жұмыста тәртіпті сақтауға машықтандыру. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**мен жапырақтарды қолөнер мен гербарийлерге жинау.** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің әртүрлілігі туралы білімдерін бекіту; еңбекке саналылықпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**
	Дидактикалық ойын «Қателесіп қалма?». Мақсат-міндеттер: жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту.	**Дидактикалық ойын** «Осы өлеңдер есіңде ме?» Мақсат-міндеттер: балалардың сөйлеу тілін дамыту. Ойын барысы. Тәрбиеші балаларға таныс өлеңдерден үзінділер оқиды.	**Дидактикалық ойын ««Экологиялық пирамида».** Мақсат-міндеттер: балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, эколргиялық	**"Домино" дидактикалық үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның	**Дидактикалық ойын «Гүл шоғын құрастыр».** Мақсат-міндеттер: бақшада, далада, орманда өсетін гүлдерді дұрыс тауып, аттарын есте сақтауға үйрету. Ойынның барысы.

	Ойынның мазмұны: Тәрбиеші күннің түрлі мезгілі туралы білімдерін бекіте отырып, балалармен әңгіме жүргізеді. Балалар таңертең, күндіз, кешкісін, түнде не істейтіндерін еске түсіреді. Сонан кейін тәрбиеші ойын ойнауды ұсынады: Балалар, қане былай істейік. Мен күннің бір мезгілін атаймын, ал сендер сол кезде не істейтіндеріңді еске түсіресіңдер. Мәселен, мен «таңертең» деп айтамын. Сендер қандай іс-қимылдарынды атайсындар? Балалар еске түсіреді: Оянамыз, амандасамыз, жуынамыз, тіс тазалаймыз,	Балалар жетіспейтін сөздер айту керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** **Қимылды ойын «Түрлі-түсті көліктер»** Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын дамыту. Балалар бөлменің қабырғасының жаңында тұрады. Олар -гараждағы көліктер. Әр ойнаушы қолдарына жалау немесе картоннан жасалған түрлі-түсті диск ұстап жүреді.Тәрбиеші	пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу. Ойынның ережелері. «Экологиялық пирамида» құрудың тәртібі. 6 текше қолданылады. Олардың төрт жағында суреттер бейнеленген, бесіншісі мен алтыншысында- «экологиялық пирамида деген жазу бар. Ойынның барысы. Тәрбиеші балаларға текшенің тірі және өлі табиғат бейнеленген беттерін көрсетеді. Бірінші беті – күн, жер, дәндер, тышқан, жылан, қаршыға. Екінші бетте – күн, жер, гүл, көбелек, шымшық, жапалақ.	атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. **(таным іс-әрекеті)** **Ұлттық ойын «Бес тас»** Мақсат-міндеттер:	Гүлдің кімге арналғанын, Қайда өсетінің және қалай аталатынын көрсету. Ойынның барысы. Тәрбиеші балалармен орманға, баққа, шағын далаға «экскурсия» жүргізіледі. Онда балаларды түрлі гүлдермен таныстырады. Бағбанның, көбелектің, Дәрігер Айболиттің суреттері қойылды. Бағбан бақтан, көбелек шағын даладан, ал Дәрігер Айболит орманнан гүл жинауды (өйткені олардың дәрілік қасиеттері бар) өтінеді. Гүлдердің суреттері араластырылады да, балаларға үлестіріліп беріледі. Олар кейіпкерлерге кезекпен келіп өз

	таранамыз. Дұрыс,- дейді тәрбиеші. – Бірақ ойын кезінде мен текше берген бала ғана жауап береді және тек бір әрекетті ғана айтады. Әрекетті атаған соң ол текшені өзге ойыншыға береді. Тәрбиеші күннің түрлі уақытын айтады, ал балалар жауап береді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** **"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті,	бөлменің ортасында тұрып, ойынаушыларға қарап тұрады, оның қолында 1 жалауша /2 немесе 3 бірге/, біреуін көтерген кезде сол түсті көліктердің жүрісін, дауысын келтіріп жүреді. Тәрбиеші жалауын түсірген кезде, көліктер тоқтап, бұрылып, гаражға барады. Ойын 4-6 рет қайталанады. Ұсыныс: тәрбиешіде қызыл түсті жалау болуы мүмкін. Байқаусызда ол жалауды көтереді-белгі бойынша барлық көліктер тоқталуы қажет. **(дене шынықтыру)**	Үшінші беті – күн, жер, шөп, орман, қоян, қасқыр, түлкілер. Төртінші беті – күн, су тоғаны және балдырлар, су жәндіктері, бақа мен балық, кірпі. Пирамида құрастырылғаннан кейін тәрбиеші балаларға әр сатының өз маңызы бар екенін айтады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** **Қимылды ойын: «Етек - етек»** Мақсат-міндеттер: топтан қалыспай тез қимылдауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: Балалар ішінен біреуі құс болады. Ал, басқалары бірінің	ойыншылардың бұлшық еттерін ширатып, дамытып қана қоймай, ептілікке, қырағылыққа, тез шешім қабылдауға, санауға, топтауға үйрету. «Бес тас» ойынының шарттары: Бестас ойыны 5 адам топ құрап ойнайды. Ойынға 5 домалақ тас немесе асық пайдаланылады. Ойынның мазмұны: Ойнаушылар ең алдымен, кім - кімнен кейін ойнайтынын өздері анықтайды. Ол үшін ойыншылар кезекпен бес тасты тобымен жоғары лақтырып, қолдың сыртымен тосып алады осы тәсілді бес рет қайталайды соңында алақанмен қаршып ұстайды. Қаршып	гүлдерін ұсынады. Тәрбиеші мен балалар сыйлықтарға баға береді**.** **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** **"Хан талапай" ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер**:** балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. Ойынға қызығушылығын арттыру**.** Ойынның шарты: Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояңдар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны

	қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды: - Сәлеметсіз бе! Кім боласыз? "Бояушы": - Мен бояушымын, Үстімде боялған		етегінен бірі ұстап, бастапқы баланың артынан жүреді. Етектен айырылып қалған баланы құс ұстап жеп қояды. Ол бала ойыннан шығарылады. Ал, ұстаңдар етектен, Айырылмаңдар жетектен, Біз шөжелер боламыз, Алдымызда анамыз. Кім айырылса етектен, Шығып қалса жетектен, Соны ұстайды қарақұс, Сол болады құсқа жем, Ұрынады қатерге, Ана сөзін екі еткен. **(дене шынықтыру)**	ұстау дегеніміз – тасты қолды еңкейте жоғарыдан төмен қарай қағып алу. Лақтырылған бес тасты қолдың сыртымен тосып алу және қаршып алу кезінде бірнеше тас жерге түсіп кетуі мүмкін. Кім көп тас қаршып алса, сол бірінші ойнау кезегіне ие болады. **(дене шынықтыру)**	тағайындап алыңдар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырыңдар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірін дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады. Керекті құралдар: асықтар. **(дене шынықтыру)**

	киімім. Алыстан келемін, Бояу үшін теңге беремін. "Бояуды сатушы": - Түсі қандай бояуды қалайсыз? Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады: - Бояудың бағысы қанша? - Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу"				

	ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. **(дене шынықтыру)**				
Таңертеңгі жаттығу 08.40-08.50	Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу. Жалпы дамыту жаттығулары кешені. 1. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде 1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол белде 1 - оңға еңкейіп, сол қолын басына қою; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқанды алға ұстау 1 - арқанмен бірге оңға бұрылу, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұрылу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау 4. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде 1 - 2 - отырып, қолдарын алға созу; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1 - 4 - дейін санау арқылы оң жаққа секіру, 5-8 санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 - екі аяқпен секіру, кідіріс жасап, жаттығуды 2-3 рет қайталау. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас 08.50-09.30	**Гигиеналық дағдылар**	**Гигиеналық дағдылар**	**Гигиеналық дағдылар**	**Гигиеналық дағдылар**	**Гигиеналық дағдылар**

	Балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тамақтану кезінде ас құралдарын дұрыс пайдалану қабілетін жетілдіру. **Көркем сөз** Денемді таза ұстап, Шомыламын ағынмен. Тамақ ішер алдында, Қол жуамын сабынмен. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	Балаларға дұрыс білім беру, үстел басында өзін дұрыс ұстау, тамақтану кезінде сөйлемеу, басқа балалардың мазасын алмау. **Көркем сөз** Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ. Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров) **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	Тазалыққа және ұқыпты тамақтануға тәрбиелеу, тамақтану кезінде үстелде тыныш отыруға, дұрыс қалыпты сақтауға үйрету. **Көркем сөз** Балабақша тәртібін, Барлығымыз сақтаймыз. Тәрбиеші үмітін, Болашақта ақтаймыз. Тамақтану әдебін, Жатқа біздер білеміз. Дастарханға отырып, Жеңімізді түреміз. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	Қажеттілігінше майлықты көбірек қолдану шеберлікті арттыру. **Көркем сөз** Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. Тамақтану үстінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгімен де орынды, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстайм қараңыз. Тамақтану тәртібін, Ұстанатын баламыз. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	Жабық ауызбен тамақтану қабілетін жетілдіру, тағамды үнсіз шайнауды үйрету **Көркем сөз** Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.30-10.25	**Жаңылтпаштарды қайталау.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, есте сақтау қабілетін	**"Теңіз толқиды" аз қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі бойынша орындау,	**"Фант" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың белгілі тақырып бойынша түсініктерін	**"Қатені түзе"дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: әрекеттердің дұрыс	**"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер:

	дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық таныту. Белгі бойынша екі аяқпен секіру;ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту. **(дене шынықтыру)**	нақтылау, сол тақырып бойынша тақпақты, жаңылтпашты, мақалды, санамақта, жұмбақты еске түсіріп айтуға ынталандыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар, шеңберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты сөздерді кезегімен айтып жатады. Егер біреу ойланып, тоқтап қалса немесе алдында айтылған сөзді қайталаса, осы тақырыпқа байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**	реттілігін орнатуға үйрету. Ойын барысы: баланың алдына суреттер жиынтығы жатады, бірақ суреттердің бірі өз орнында жатқан жоқ. Бала қатені тауып, суретті өз орнына орналастырады да, кейін өзінің суреттер жиынтығы бойынша әңгіме құрастырады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**	есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Білім беру ұйымының кестесі	**Дене шынықтырудан**	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**	**Қоршаған ортамен таныстырудан**	**Сөйлеуді дамытудан ойын-**	**Жапсырудан ойын-жаттығу**

бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.25	**ойын-жаттығу** "Шеңберге бірге тұрайық" Мақсат-міндеттер: Балаларды кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден аттап жүру; бағытсыз ирелеңдеп жүгіру; жіптің бойымен басына қапшықты қойып, бір жақ жанымен қырындап адымдап жүру дағдыларын дамыту; педагогтың тапсырмаларын орындай отырып, жүру және жүгіру кезінде сапта тұрып бір қатардан үш қатар құру іскерліктерін жетілдіру.	"Абайла бағдаршам!" Мақсат-міндеттер: Балаларда бағдаршам туралы білімдерін толықтыру; жол белгілерін ажырата білу дағдысын қалыптастыру; алған білімдерін іс жүзінде қолдануға қызығушылықтарын тудыру; балаларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Қасиетті домбыра" Мақсат-міндеттер: Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Белсенділікке, ынтымақтастық	**ойын-жаттығу** "Қызықты дала ойындары" Мақсат-міндеттер: Балалардың салауатты өмір салтын, ойындарға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, шығармашылық және коммуникативті қабілеттерін, есте сақтау қабілетін, балалардың қиялын дамытуға ықпал ету;ептілік, икемділік, жылдамдық қасиеттерін жақсарту. **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Сиқырлы жіп орамдары" Мақсат-міндеттер: Балаларды сурет салудың дәстүрден тыс - сиқырлы жіп және жіптік аппликация	**жаттығу** «Жеке тәжірибеден шығармашылық әңгіме құрастыру» тақырыбы «Мен жазда қалай демалдым» Мақсат-міндеттер: Тірек суреттерді қолдана отырып, балаларды жеке тәжірибесінен әңгімелер құрастыруға үйрету, сөйлемдегі сөздерді дұрыс үйлестіру қабілетін байланыстра сөйлеу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру; байланыстырып, жүйелі, мазмұнды әңгімелеуге қалыптастыру; сөйлеу тілін жетілдіру, сөздігін байыту, сөйлемдерді дұрыс құрып, өз ойын айқын, дәл жеткізуге үйрету;	"Балабақшаға жаз келді" Мақсат-міндеттер: Балаларға әр түрлі техникалар мен материалдарды қолдана отырып, қағаз және қағаз майлықтардан жаз тақырыбына композиция жасауға үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылыққа, табандылыққа және еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

		қабілеттілікке, музыкалық және шығармашылық ойын шараларына белсенді қатысуға деген ұмтылысқа тәрбиелеу.	техникасымен таныстыруды үйрету; образды көру мен қабылдау дағдысын қалыптастыру; саусақ моторикасын жақсарту, қол бұлшықеттерін нығайту; есте сақтауды жаттықтыру, зейіндерін тұрақтандыру; қиялдарын, көру қабілеттерін дамыту; тиянақтылыққа, эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.	адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу; балалардың сабаққа деген позитивті көзқарасын, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру, алған әсерлерімен бөлісуге, әңгімелеуішіні тыңдай білуге тәрбиелеу.	
Серуенге дайындық 10.25-10.40	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.40-12.20	**Жолжелкенді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: емдік өсімдіктер туралы түсініктерін	**Мысықты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: мысық үй жануарлары, сүтқоректілер және	**Итті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: ит туралы білімдерін бекіту, оның сипаттамалары,	**Күнбағысты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: күнбағыспен таныстыру, оның	**Ересектердің жұмысын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: үлкендердің еңбегі туралы білімдерін

	қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту. **Бақылау барысы** Тәрбиеші әңгімесі -Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяққиімге жабысып барып, басқа	белгілі бір ерекшеліктерге ие екендігі туралы білімдерін бекіту;жануарларға деген ізгілік сезімдерін тәрбиелеу **Бақылау барысы** Педагог балалардан жұмбақ сұрайды, жауап беруді ұсынады сұрақтарға. **Жұмбақ** Тікірейіп құлағы Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп, Беті-қолын жуады. (Мысық) **Көркем сөз** Сағат сегіз таянды Тарғыл мысық оянды Жатпайды ол ерініп Мысық бойын жазады. Созылады керіліп, Аяқ – қолын созады. Дағдысы оның солай - ды Елден бұрын тұрады.	қоршаған ортаға бейімделу жолдары; қолға үйретілгендер үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **Бақылау барысы** **Көркем сөз** Күшігім менің үріп тұр, Бір нәрсені сезіп тұр. Есікті ашып қарасам, Атам, әжем келіп тұр. Педагог балаларға сұрақтар қояды. - Неліктен ит үй жануары дейді? - Ит қандай? - Ол не жейді? - Иттердің қандай тұқымдарын білесіз? - Иттің баласын қалай атайды? - Иттер адамдарға қандай пайда әкеледі? - Иттер қыста қалай дайындалады? Ит үй жануары, жеті қазынаның бірі. Ит иесін көргенде	құрылымын бөлшектеу, пайдасы туралы әңгімелеу, дәрілік өсімдіктерге деген құрметті тәрбиелеу. **Жұмбақ жасыру** Күнді аңдып шалқалап, Гүлмен жапқан қалқалап, Бақшада өскен теректің Дәндерінен май тамар, Шағып жеген нәр табар. (Күнбағыс) -Жұмбақта қандай гүл туралы айтылған? Неге күнбағысты күнмен салыстырылады? Өсімдік бөліктерін атау. Күнбағыстың тұқымын қарау – шағулары (дәнін қорғайтын қабығы қалың, ақ дән жерден өсіп шығады). «Жердің алтын	кеңейту. Олардың еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Бақылау барысы: Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды. - Аула сыпырушыға жазда қандай еңбек құралдары керек? (күрек,сыпырғыш, шелек) - Ол жазда қандай жұмыс істейді? (жолдағы түскен жапырақтарды, қоқсықтарды тазалайды) - Аула сыпырушының еңбегі қажет пе? (Балабақша ауласы таза болуы үшін керек). **Дидактикалық ойын: «Кімге, не керек?»** Мақсат-міндеттер: балаларға адамдарға жұмыс құралдары қажет екенін

	жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиқанға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаншуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады. Балаларға сұрақтар:	Беті - қолын жуады,- Жумайды - ау, жалайды. (М. Әлімбаев) - Неліктен мысық үй жануары, үй мысықтары неге ұқсайды? - Мысықтар не жейді? Мысықтардың балалары қалай аталады? - Сіз мысықтардың қандай тұқымдарын білесіз? Мысықтардың адамдарға қандай пайдасы бар? - Үй мысығына қандай жабайы аңдар жақын туыстар? Мысықтың жыртқыш жануар екенін дәлелде. - Иттер мен мысықтардың қабілеттері мен темпераментін салыстыру. - Мысық туралы	қуанады, құйрығын бұлғаңдатып, артқы аяғына тұрады. Адам итті жібінен ұстап далаға қыдыртады. Даладан келгеннен кейін аяқтарын жуады. Ауырып қалса мал дәрігеріне көрсетеді. Ит ет, балық, құс етін және құрғақ жем жейді. Иттің сүйікті тамағы, ол сүйек. ИТ – адамның досы. Үй иесі қыдырып кеткенде ит үйді күзетіп қалады, және үй жануарларын бағуға да үй иесіне көмектеседі екен. Балалар ит адамның досы, оны жәбірлеп ұруға болмайды. Ол біздің, үйімізді, ауламызды күзетеді. Ал, енді мен сендерге күшіктің анасы иттің ерлігі туралы ертегі айтып берейін.	жемісі» деп неге айтатынын түсіндіріп берулерін сұрау. **Дидактикалық ойын: «Не, қай жерде өседі?»** Мақсат-міндеттер: балалардың ормандар мен шалғындардағы **өсімдіктер** туралы білімдерін бекіту. **Еңбек: табиғи материал жинау.** Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын қалыптастыру. **"Айгөлек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Айгөлек ойыны кең	түсіндіру, өздігінен жұмыс істеуге деген құштарлықты қалыптастыру. **Еңбек: ауланы сыпыру, тазалау.** Мақсат-міндеттер: аула сыпырушыға тротуарды тазалауға көмектесу. **Қимыл қозғалыс ойындары «Аю апанында» (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: бірін бірі итермей жүгіре алуға жаттықтыру. Шығарылатын материалдар: Күрекшелер,сыпырғыштар,шаналар. **"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке,

	-Мамыр айын халықта қалай атайды? (шешек айы) -Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? (күннің көзі көп түскен жерде бар) -Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын) -Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? (олар бұрынғыдан да жасылдана түседі) -Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? (жолжелкен) -Оны неге олай атаған? -Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі? **Зерттеу жұмысы** Лупа арқылы жолжелкен	қандай әндер, тақпақтар, жұмбақтар, ертегілер білесіңдер? **Еңбек: алаңды терек бүршігінен тазарту** Мақсат-міндеттер: балаларды алаңда тазалықты және тәртіпті сақтауға, қоғам мүддесіне жұмыс істеуге үйрету. **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай, қимылдарын үлестіре біле ойнауға ынталандыру; бір адамдай, мәтінге сай, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты	**Еңбек: қайың ағашының жанын тазарту.** Мақсат-міндеттер: балалардың өз еркімен еңбек етуге үйрету, еңбекке деген құлшынысын ояту. **"Балықшылар мен балықтар қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шарты бойынша, әділ ойнауға баулу; бір немесе қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жылдам жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "балықшыларды" (бір-екі бала) санамақпен тағайындайды, қалған балалар "балықтарды"	алаңда өткізіледі. Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де, арасы 15-20 метрдей жерде қол ұстасып қарама-қарсы тізбек құрып тұрады. Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне кезек береді. Олар барлығы қосылып, төмендегі өлеңді айтады: Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Бізден сізге кім керек? Бұған екінші топтың ойыншылары жауап береді. Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек.	шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі. Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі. Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді). Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.

	жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу. Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру. **Еңбек:** ойын алаңын тазалау. Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Тығылмақ". Қимылды ойын «Бәйге».** Мақсат-міндеттер: жеңіске деген құштарлықтарын арттыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны: дыбыстар арқылы жүру Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл жасау. **Мақал-мәтел**	қосып, жүгіруге және тоқтап, отыра қалуға дағдыландыру; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қауіпсіз қимылдай білуге машықтандыру. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар бір сәтті жерге отыра қалып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір	сомдайды. Белгі бойынша "балықтар" алаңның бір жағынан екінші жағына, бірін-бірі итермей, соғылмай, жылдам жүгіреді Сол кезде алаңның ортаңғы екі шетінде тұрған "балықшылар" "балықтарды" қолмен түртіп, ұстап алуға тиісті. Ойынның соңында балалар "балықшылар" ұстаған "балықтарды" санайды, жеңіске жеткенді табады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. **Қимылды ойын «Асық ату» (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға асық атуға, дұрыс сөйлеуге, дұрыс ойнауға үйрету. Ептілікке	Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Шолпан атты қыз керек,- дейді. "Шолпан" деген сөздің орнына басқа бір баланың немесе қыздың атын қойып айта береді. Қарсы топтан шақырылған қыз не бала жүгіріп келген бойы тізіліп тұрған топтың әлсіз жерінен үзіп өтуге тиісті. Егер үзе алмаса, сол топта қалып қояды. Ал үзсе, өзі қалаған ойыншының бірін өз тобына алып қайтады. Ойыншылар түгел шақырылып болған соң, екі жақтың ойыншылары саналады. Қай топтың саны көп	Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады. Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді. Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді. Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді. Ұтылған бала ойыннан шығып қалады. Сөйтіп айналасы екі-

	Дана көптен, дәрі шөптен. Құнарлы шөп, қосымша сүт. **"Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қапшықты нысанаға көзбен мөлшерлеп, лақтыруды жетілдіру; күшін дамыту. Еркін ойындар.	жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. **Қимылды ойындар «Кім бір аяқта ұзақ тұрады?». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: тепе-теңдік жоғалған жағдайда жылдам әрекет етуге үйрету. Жеке жұмыс Қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: секіру дағдыларын орнында бекіту (аяғы алшақ - бірге; біреуі алға, екіншісі артқа). Еркін ойын.	баули отырып, ұлттық тәрбие беру. Ережесі. Балалар асықты бір қатар бойына тігіп, соны өз сақаларымен дәлдеп атады. Кім көп асық атып алады сол бала жеңімпаз атанады. Ойынды 3-4 рет қайталау. **Жеке жұмыс: қимылдарды дамыту.** Мақсат-міндеттер: секіру кезінде жақсы ұшу және жұмсақ қону дағдыларын бекіту.	болса, сол топ ұтқан болып есептеледі. **Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыс: орнынан секіру.** Мақсат-міндеттер: секіру қабілетін дамыту, жылдамдықпен күш біріктіру. Еркін ойын.	үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі. Еркін ойын.

Серуеннен оралу 12.20-12.35					
Түскі ас 12.35-13.20	**Гигиеналық дағдылар** Балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тамақтану кезінде ас құралдарын дұрыс пайдалану қабілетін жетілдіру. **Көркем сөз** Денемді таза ұстап, Шомыламын ағынмен. Тамақ ішер алдында, Қол жуамын сабынмен. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	**Гигиеналық дағдылар** Балаларға дұрыс білім беру, үстел басында өзін дұрыс ұстау, тамақтану кезінде сөйлемеу, басқа балалардың мазасын алмау. **Көркем сөз** Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ. Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров) **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	**Гигиеналық дағдылар** Тазалыққа және ұқыпты тамақтануға тәрбиелеу, тамақтану кезінде үстелде тыныш отыруға, дұрыс қалыпты сақтауға үйрету. **Көркем сөз** Балабақша тәртібін, Барлығымыз сақтаймыз. Тәрбиеші үмітін, Болашақта ақтаймыз. Тамақтану әдебін, Жатқа біздер білеміз. Дастарханға отырып, Жеңімізді түреміз. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	**Гигиеналық дағдылар** Қажеттілігінше майлықты көбірек қолдану шеберлікті арттыру. **Көркем сөз** Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. Тамақтану үстінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгімен де орынды, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстайм қараңыз. Тамақтану тәртібін, Ұстанатын баламыз. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	**Гигиеналық дағдылар** Жабық ауызбен тамақтану қабілетін жетілдіру, тағамды үнсіз шайнауды үйрету **Көркем сөз** Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**
Күндізгі ұйқы	Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау.				

13.20-15.30					
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу (музыка ақырын ойнайды). Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.50-16.10	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40**	**"Жеуге жарамды - жеуге жарамсыз" дидактикалық ойыны.** Жүргізуші бір уақытта әртүрлі заттарды атай отырып, ойын қатысушыларына доп лақтырады. Егер аталған зат жеуге жарамды болса, допты ұстап алу керек, ал керісінше болса, соққы беру керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, дене шынықтыру)**	**Ұлттық ойын: "Сақина жасыру".** Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, зейінділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу**.** Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба	**"Резеңке" аула ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың секіру қабілеттерін жетілдіру; жылдамдыққа, күштілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Бұл ойынды қыздар да, ер балалар да ойнайды. Резеңке таспаны үштен, немесе сіз екі-екіден ойнай аласыз; бұл жағдайда, егер ойыншы секіру кезінде қателік жіберсе, оның серіктесі оған	**"Көрші" ұлттық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды зейінділікке, ұйымшылдыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу. Көрші ойынын үлкен бөлмеде, көгалды таза ауада өткізуге болады. Ойыншылар саны 10-нан 30-ға дейін болуы керек. Ойыншылар дөңгеленіп, екі-екіден шеңбер құрып отырады. Тағы бір адам ортаға шығып, жұп болып отырған ойыншылардың бір	**"Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, зейінділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалар сыртымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей

	Жапсыру	- бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулуды пысықтау.
	Музыка	- музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. **Музыка тыңдау.** Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйретуді пысықтау. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауды пысықтау. **Ән айту.** Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтауды пысықтау. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**
		Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

2023 жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Мағжан» бөбекжайы
Топ: ересек топ «Құралай»
Балалардың жасы: 4 жастан.
Жоспардың құрылу кезеңі: тамыз айы, 2023 жыл.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Тамыз	Дене шынықтыру	- балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру; - дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру; - негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру; - дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; - әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу; - ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** ***Кеудеге арналған жаттығулар.*** Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың

		ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. **Спорттық жаттығулар.** ***Велосипед тебу:*** екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу. ***Жүзу:*** суға түсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну. **Қимылды ойындар.** Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. **Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.** Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене

		жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.
	Сөйлеуді дамыту	- балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу; - баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). **Байланыстырып сөйлеу.** Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.
	Көркем әдебиет	- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту; - балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.
	Қазақ тілі	- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;

		- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту. **Тілдік дамытушы орта.** Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдану. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор.** Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.
	Математика негіздері	- заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; - танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу; - сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; - сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету; - эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту; тірі және өлі

		табиғат объектілеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.
	Сурет салу	- қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу; - түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.
	Жапсыру	- қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту; - өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.
	Мүсіндеу	- өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем-эстетикалық талғамды дамыту; - өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.
	Музыка	- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. **Музыка тыңдау.** Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен). **Ән айту.** Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге

		үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). **Музыкалық-ырғақты қимылдар.** Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.** Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Сазсырнайда әуендерді ойнау. **Билер.** Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.
	Құрастыру	- балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.
	Қоршаған ортамен танысу	- ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін кеңейту; - отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу; - құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу; - туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу; - тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту; - танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру; табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру; қоршаған ортада, табиғатта

		қауіпсіздікті сақтау. **Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.** Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.

«Мағжан» бөбекжайы МКҚК

2022-2023 жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің циклограммасы

Ересек «Құралай» тобы

Тәрбиешілер: Орманова А. Калжанова М

2022-2023 оқу жылы

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы				
Топ/сынып	**Ересек топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Құралай»				
Балалардың жасы	**4 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Орманова А. Калжанова М.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**29.05 - 02.06.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
				01.06.23ж	02.06.23ж
Күн тәртібі					

Балаларды қабылдау **8.00-8.50**	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)				**"Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп).** Мақсат-міндеттер: балаларды киім-кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауға үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сөрелерді сүртіп, киімдерді қайта орнына тиянақты жинау. Тәртіпке бағынуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұжымдағы ұйымшыл еңбекке үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**"Кірлеген орамалдарды ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**
				"Текшелер" құрастырғышымен ойындар. Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Балалар құрылыс	**"Дойбы" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; байқампаздыққа тәрбиелеу.

				материалдардан балабақша құрастырады. Құралдары: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар. **(құрастыру)** **"Балабақша" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: мәтіннің мәніне, ырғағына сай қозғалуға ынталандыру; дене мүшелерін жетілдіру, жағымды эмоцияларды дамыту; балабақшада ұйымшыл болуға баулу. - Балабақша, балабақша (Орнында марш басу, қолдармен сермеу) Біздің ортақ үйіміз. Бізбен бірге, бізбен бірге (Орнында жүріп, шапалақтау) Ойыншықтар, достарымыз. Ойнап-күліп, ойнап-күліп, (Орнында секіру, қолдармен жоғары шапалақтау)	Ойын мақсаты. Қарсыластың фигураларын толық жою немесе жүру жолын бұғаттау. "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) **(сөйлеуді дамыту,**

				Бізбен бірге қоймайды, Қолды бұлғап, қолды бұлғап, (Орнында жүріп, қолдармен алдыда бұрмалау) Кейіпкерді сомдайды. Отырады да тұрады, (Қолдар белде, аяқтарды бүгіп, тік тұру) Теңселеді жан-жаққа, (Қолдар белде, оң-сол жақтарға теңселу) Оңға-солға бұрылады, (Қолдар белде, оң-солға бұрылу) Жүреді болашаққа. (Орнында марш басу, қолдарды жоғары көтеру) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	**дене шынықтыру)** **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Ақымақ қасқыр"ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегіні оқып беру, мазмұнын әңгімелеуге үйрету; ертегі кейіпкерлерінің рөліне еніп, сөздерін айтқызу арқылы байланыстырып сөйлеуге, кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін дәл тауып, сипаттауға үйрету; сөздік қорларын молайтып, тіл байлықтарын дамыту; достыққа, бірлікке тәрбиелеу.
Таңертеңгі жаттығу **8.40-9.10**	Оянындар, тұрыңдар! Мұнда мойын бұрыңдар, Жаттығулар жасайық, Терезені ашайық. Таза ауа пайдалы, Қане, биге басайық. Шынықса жас денеміз,				

	Жылдам өсе береміз. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **9.10-9.30**	**Гигиеналық дағдылар** Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасығы мен шай қасығын, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Міне — қасық, міне — ас. Еш нәрсені қалмас. Осы сөздерден кейін, балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында, тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Егер бала орындықта дұрыс отырмаса, жанына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық				**"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру. Жау, жау, жаңбыр, селдетіп, Күткеніміз сең едің. Жас егін де ер жетіп, Желкілдетсін желегін.	**«Кім не істейді?" сөздік ойыны.** Мақсат-міндеттер: көрсетілген объектінің, құбылыстың суретіне қарап немесе атауын естіп, оның не істейтінін айтуға машықтандыру; сөздік қорды молайту: ойлау, есте жаңғырту қабілетін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

				Жау, жау, жаңбыр, тағы да, Дала, тауға көрік бер. менің еккен бағымда, Өссін жүзім, өріктер. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.30-10.25				**Музыкадан ойын-жаттығу** "Қош келдің, жаз!" Мақсаты: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір- бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу. **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Жазғы кемпірқосақ" Мақсат-міндеттер: Балалардың жыл мезгілінің табиғи құбылыстары, ай аттары, апта күндері жайындағы білімдерін бекіту; таң, күн, кеш, түн мезгілдерінің атауы мен ауысуы туралы	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Қос кемпірқосақ" Мақсат-міндеттер: Балаларды сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұруға; 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу іскерліктерін жетілдіру; дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту. **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Түрлі-түсті ертегі

				түсініктерді тиянақтау; сөздік қорын молайту, логикалық ойлауын, қолдың қимыл қозғалыс моторикасын дамыту; аңғарымпаздыққа, жан-жақтылыққа тәрбиелеу. **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Қала аспанындағы кемпірқосақ" Мақсат-міндеттер: Балаларды әр түрлі құралдардың көмегімен әдемі табиғи құбылыстар жайлы түсініктерін шығармашылық түрде жеткізе білуге, негізгі түстерді тануды, саусақпен сурет салуды үйретуді жалғастыру; балалардың түстерді қабылдау, түсті таңдау біліктілігін дамыту; зейіндерін тұрақтандыру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; тиянақтылыққа, табиғатты аялауға, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	әлеміне саяхат" Мақсат-міндеттер: Балалардың түстер туралы білімдерін бекіту (қызыл, сарғыш, сары, жасыл, көк, көгілдір, күлгін). Сөйлеу, есте сақтау, ойлау, зейін,қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Топтағы өзара достық қарым-қатынасқа белсенділікке, тәуелсіздікке, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.
Серуенге дайындық 10.25-10.40	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				

Серуен **10.40-12.10**				**Өрмекшіні бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: өрмекшілер олардың ерекшеліктері, тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейтуді жалғастыру; қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыру. **Зерттеу.** Ұлғайтқыш әйнек арқылы үлкен өрмекшіні бақылау (өрмекшінің көзі мен ауызы басында, ал кеудесі төрт аяғына тірелген). **Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гүлзарда гүлдеп тұрған өсімдікті (барқыт гүлді) топқа ауыстыру. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: гүлдің айналасын ұқыпты қазуды үйретуді жалғастыру; гүлдерді топырағымен бірге құмыраға ұқыпты ауыстыруды үйрету; өсімдіктерге деген сүйіспеншілікке	**Күн-жылу мен жарық көзі. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: күн-жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу. **Зерттеу.** Күнге қарап, сұрақтарға жауап беруді ұсыну. - Күнге қарағанда, өзіңді қалай сезінесің? - Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме? Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды. Біраз уақыттан кейін, балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді. Күн көзінде зат

				тәрбиелеу. **"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық	қызатынына қорытынды жасау. **Еңбек тапсырмалары:** кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: жасы кішіге көмектесуге ұмтылуға үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Ойын мақсат-міндеттері: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің

				Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю" "ояның", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бір, екі", "Үнсіз адымда". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: дұрыс жүру дағдысын, қозғалыс координациясын меңгерту; төзімділікке тәрбиелеу. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар:** баяу қарқында ұзақ жүгіру. **(дене**	лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Жабдығы: ақ сүйек. **"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту. Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған

				шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ептілікті, төзімділікті, дұрыс тыныс алуды дамыту.	материалмен ойындар. **"Шеңберді дәлде". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру.
Серуеннен оралу 12.10-12.25	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас 12.25-13.10	**Гигиеналық дағдылар** Балаларға қолын жуар алдында жеңдерін түруді, суды жан-жағына шашыратпай бетін жууды үйрету; дәретханадан кейін және қажет болғанда қолды жууды үйрету. *Көркемсөз* Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз, кешке де, Жуын күндіз, түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар алдында, Жуын ақ таң атқанда. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы 13.10-15.30	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында деңсаулық жолдарымен жүргізу. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.				

15.30-15.50	"Мөлдір су" ойын жаттығуы. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас **15.50-16.10**	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.10-16.40				**"Не жасырылған" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін, қиялдарын, байланыстыра сөйлеуін дамыту; заттардың қасиеттерін танып, білуге деген қызығушылықтарын арттыру. Барысы. Алдымен педагог, кейін балалар кезектесіп, жүргізуші рөлін атқарады. Жүргізуші сөзбен балалар жасырған (ойыншықты, құбылысты, жан-жануарды, құсты, өсімдікті) затты суреттейді, бірақ атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады. Алдымен педагог балаларға заттың	**"Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау" дамытушылық жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балаларды жұмылу көзбен, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибуляр аппараттарын, көру қабілеттерін дамыту. Барысы. Орындарынан тұру, қолдарын екі жаққа созу; екі аяқпен кезек-кезек тепе-теңдікті сақтай отырып, тұру. Жаттығудың алғашқы үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдік ұзақтығын реттеу қажет. Театрландырылған қойылым. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**

				қарапайым, анық сипаттамасын береді, кейін тапсырма күрделенеді. Мысалы. "Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, үшбұрыш пішінді болып келеді"; "Бұл жиһаз, пластиктан ғана емес, сондай-ақ ағаштан да жасалады, адамның тынығуына жағымды әсер етеді". **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын.** "Балабақша". Мақсат-міндеттер: балалардың балабақшадағы негізгі қызмет түрлері мен жұмыс атқаратын мамандар жайлы жалпы түсініктерін бекіту; өзара өнімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту. Керекті құрал-жабдықтар. Балабақшада жұмыс	**"Алма" ертегісі** Мақсат-міндеттер: балалар жадында ертегі мазмұнын қайта жаңғырту, есте сақтау, ойлау, эмоциялық, ым-ишаралық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту. Керекті құрал-жабдықтар. Алма пішіні, костюмдер, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері (қоян, қарға, аю, кірпі). Барысы. Педагог балаларға "Алма" ертегісінің мазмұнын қайталатады. Балалар өз қалауы бойынша кейіпкерлерді таңдайды, кейін кейіпкерлер костюмдарын киіп, өз орындарына барады. Басынан автор рөлін педагог өзі алады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге кім

				атқаратын медбикеге, тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, аула сыпырушыға қажетті құрал-жабдықтар. Барысы. Балалар алдымен балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар, өздеріне қажет құрал-жабдықтарды тандап, белгіленген бұрышқа жинайды. Балалар мен мамандардың рөлін ойнайтындар өзара кімнің қайда баратының және не істейтінің кеңесіп, жоспарлайды. Педагог диалогтар мен қарым-қатынастарды бекітуге ықпал етеді, қосымша сұрақтар қояды, анықтайды, қандай қимыл-әрекет қабылдап, не істеу керектігін, балалардың ауысуына бағыттайды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен**	ненің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс-балалар, көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мадақтауларға ие болады. Соңында педагог балалардан, шығарманың олай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетін қысқаша талдап береді. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**

				таныстыру)	
Балалармен жеке жұмыс				**"Ғажайып қап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: ойыншық атауларымен сөздік қорларын арттыру. Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы. Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа деген қызығушылықты арттыру. "Мысығым". Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады, Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады. Қасымнан қалмайды, Көзін қысып алдайды. Ойнатсам да күнімен, Ойыны бір қанбайды. Н. Арынова. **(сөйлеуді дамыту,**	**"Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорларын, жақын туыстық атауларды білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

				көркем әдебиет)	
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен 16.50-17.50				**Кемпірқосақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: кемпірқосақ - жансыз табиғаттың бөлігі екені жайлы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; спектр түстерін бекіту; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Бұл күні жаңбыр болмай жатса, кемпірқосақты су бүркеудің нәтижесінде арнайы жасауға болады. Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Кемпірқосақ". Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Суретші екен табиғат, Бояуларын дайындап, Түр-түсін дәл тауыпты,	**Желді бақылау.** Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға жапырақ, жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып не баяу есіп тұрғанын айтады. **"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру;

				Кемпірқосақ салыпты. Ш. Әлдибекұлы. **Еңбек әрекеті:** ойын жабындысын жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын бекіту. "Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді. Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды. Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді. Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар	объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту. Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр). - Суреттерге қарап, далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік. Балалардың мысалы жауаптары: - Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр. **"Аққу-қаздар" ойыны. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

				жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны. "Тым-тырақай" ойыны. Мақсаты: балалардың шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. "Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы. Мақсаты: допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды	Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады. Педагог: - Аққу-қаздар, қайдасыңдар? Қайда қонып, ұшасыңдар? Балалар: - Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді ошаққа! Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. Педагог алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды. Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын аяқталған сайын,

				байыту; заттардың топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту. Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, оны түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек." Еркін ойындар: балалардың негізгі қимылдарды орындай білу мүмкіндіктерін жетілдіру.	"қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады. Ойыншылардың қабілеттерін бағаланады. "Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. Мақсаты: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру. Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау. Мақсаты: ракетканы қарсыласы жаққа лақтыруды үйретуді жалғастыру.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)**				

	Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30				Ата-аналарға арналған кеңес. "Бала белсенділігі - оның денсаулық кепілі."	Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы				
Топ/сынып	**Ересек топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Құралай»				
Балалардың жасы	**4 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Орманова А. Калжанова М				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**05.06. - 09.06.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	05.06.213ж	06.06.23ж	07.06.23ж	08.06.23ж	09.06.23ж
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.50	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу	**"Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды**	**"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге жылу мен	**"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттер: балаларды	**"Ойыннан кейін топты ретке келтіру".** Мақсат-міндеттер:	**"Ойыншықтарды реттеу".** Мақсат-міндеттер: балаларды жұмыс жасау

әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**дайындаймыз".** Мақсат-міндеттер: тапсырылған іске деген жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинауға үйрету. **(еңбек дағдылары)**	жарықтың қажеттілігі жайлы білімдерін кеңейту, жапырағы бойынша өсімдіктердің ылғалсүйгіш, құрғақшылыққа төзімді, жарық сүйгіш, көлеңке сүйгіш екенін анықтау. Ұқыптылықты, өз іс-әрекетіне сенімділікті, су мен өсімдіктермен істелетін еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін және оны аялауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс жасау барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін қалыптастыру. Ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	балаларда тазалыққа, тәртіпке саналы түрде ұмтылу біліктіліктерін пысықтау, ойыннан кейін ойыншықтарды жинау әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алда атқарылатын қызмет іс-әрекетіне қажет материалдарды таңдап алуды үйрету. **(еңбек дағдылары)**	алдында алжапқыш киюге үйрету; ойыншықтарды ұстау тәртібі: жуу, кептіру, сүртіп орнына қою. Еңбекке баулу. Сумен жұмыс жасау кезіндегі зейінділікті дамыту. Өздерінің және өзгелердің еңбегін бағалауға, құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**
	"Бұл үйде кім тұрады?" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Барысы. Тәрбиеші үйдің терезесінен отбасы мүшелерінің суреттерін көрсетеді. Балалар оларды атайды, өзінің отбасы мүшелеріне сипаттама береді.	**Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармақ – әкем, Балаң үйрек – шешем, Ортан терек – ағам. Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**	**"Лото" үстел үсті ойыны (отбасы).** Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу. Әр бала отбасы мүшелерінің киімдерінің фотосуреттерін жинайды, бір атаумен біріктіреді.	**"Менің жанұям" фотосуреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттер: байланыстырып сөйлеу қабілетін жетілдіру, сөздік қорын молайту; туыстарға деген сүйіспеншілікті арттыру. Фотосуретте бейнеленген отбасы жайлы әңгімелеу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**"Үй құрастырамыз" құрастыру ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, ойлау, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту; отбасына деген сүйіспеншілігін дамыту. Балалар құрылыс материалдардан түрлі үйдерді құрастырады. Құралдары: құрылыс материалдар жинақтамасы: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар. Сондай-ақ; "Лего" немесе

	"Қане, көрсет" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, қабылдау, зейін, елестету, пантомималық қабілеттерін дамыту; көліктер туралы түсініктерді пысықтау; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балаларды шеңберге немесе қатарларға тұруға ұсынуға, ырғақты әуенді қосып қоюға болады. Ұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту) Машина жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту) Пароход жүзіп келеді, қане, көрсетші. (Алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелеңдету) Мотоцикл жүріп келеді, қане, көрсетші. (Екі қолды жұдырыққа түю, қолды кезек-кезек екі жаққа бұру)	**"Қайсы ең ауыр?" логикалық жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдары: заттар және олардың заттық суреттері (алма, кесе, сопақ пішінді шар, дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа, қарбыз, лимон, доп, қияр). Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды салыстыруға ұсынады. Жауаптарын айтып болғаннан кейін балалар шынайы заттарды қолға алып, қайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады. Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады. Балалар заттың көлемі мен оның салмағы бірдей еместігін түсіндіреді.	**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** **"Біздің үйдегі көмекшілер" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың тұрмыстық техникамен қолдану қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары жоғарыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру) Көрсетеді қолғабыс (Шаңсорғышпен тазалаған сыңай таныту) Кішкентай шаңсорғыш! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны	**Саусақ жаттығуы.** **"Ыдысты қалай жуамыз?".** Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Біз көмекші болып жүреміз, (Бас бармақтарды көрсету) Жеңімізді кезегімен түреміз. (Женді түргенге еліктеу) Қолға табақшаны алып, (Саусақтарды созып, екі алақанды, айқастыра, бірі-біріне уқалау) Уқалап, жуып береміз. Кесе - екі қос алақандай, (Саусақтарды қосып, бірыңғай бүгіп, екі қолды қырынан қосып, "тербету") Шұңғыл алтын айдай. Қолға кесені алып, (Жұдырықтармен, қолдарды алмастырып, алақан ортасына басып, айналдыру) Айналдырып, жуып береміз.	ағаш құрастырғыш ойыншықтары. **(құрастыру)** **"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б. Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі: - Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз. Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**

	Тікұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту). Велосипед жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту, денені екі жаққа теңселту) Катер жүзіп келеді, қане, көрсетші. (Алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелендету) Автобус жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	Педагог заттардың қасиеттеріне көңіл аудару туралы айтады. Мысалы: әуе шары жеңіл ауаға толған, қарбыз - жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су салмақты қосады). **(математика негіздері)**	нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру) Тоңазытқышты ашыңыз, (Екі қолды уқалау) Салқындап тұр асыңыз! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру) Шәй ішейік шәйнектен (Қолды алдыға сермеу) Ызылдайтың жәйменен! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)	Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту және дене шынықтыру)**	

			Басып қалсаң тетігін, (Екі қолдың әр саусақтарын бір-біріне тигізу) Қайнап кетер тоқ пешім! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Өте пысық үтігім (Алақанның сыртқы жағын бі-біріне үйкелеу) Басар киім түтігін! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Аударған А. Кокенова. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**		
Таңертеңгі жаттығу 8.40-9.10	Оянындар, тұрыңдар! Мұнда мойын бұрыңдар, Жаттығулар жасайық, Терезені ашайық. Таза ауа пайдалы, Қане, биге басайық. Шынықса жас денеміз, Жылдам өсе береміз. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас 9.10-9.30	Балалардың беті-қолдарын жуу, таңғы асқа отыру. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс				

	қолдануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**"Отбасы" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттер: балаларды, суреттерді әңгімелеу кезінде, отбасы мүшелерінің отбасыда алатын орны туралы ойлармен бөлісуге ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)**	**"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері. Педагог суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді. **(сөйлеуді дамыту)**	**Әңгімелесу: "Мен тұратын қала (ауыл, аймақ)".** Мақсат-міндеттер: балалардың сүйікті қаласының көрікті жерлері жайлы білімдерін бекіту. Оларды фотосуреттерден тануды және атауды үйрету. Байланыстырып сөйлеуді, қиялдарын сын есімдерін таңдау біліктіліктерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту,**	**Отбасы жайлы мақалдар-мәтелдер жаттау.** Мақсат-міндеттер: балаларды әдептілікке, үлкенге құрмет көрсету қағидаларына тәрбиелеу. Жақсы ата – орман, Жақсы бала қорған. Отан - қуат, Отбасы - шуақ. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**"Не артық?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.30-10.25	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Жұмбақтар әлеміне саяхат" Мақсат-міндеттер: Балаларға жұмбақтар туралы түсінік беру; жұмбақты толық тыңдап, жауабын табуға үйрету; есте сақтау қабілетін	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Әсем қала" Мақсат-міндеттер: Балалардың сандық және реттік санау туралы білімдерін бекіту; геометриялық фигураларды ажырата және атай білуге	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Жаз да келді пейілді" Мақсат-міндеттер: Балаларды тепе-теңдікті сақтай отырып, қолын жоғары көтеріп тақтай бойымен жүру дағдыларын дамыту;	**Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Үйдің құрылысы" Мақсат-міндеттер: Өтілген мүсіндеу техникалар бойынша бұйым жасап үйренуді қалыптастыру; ауызша нұсқаулық бойынша, алгоритм әрекеттерінің көрінісі,	**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Таңқаларлық құм" Мақсат-міндеттер: Балаларды құрғақ және дымқыл құмның қасиеттерімен таныстыру, балаларға құм өте ұсақ бөлшектерден - құм түйірлерінен тұратынын

	жетілдіру; балалардың ой-өрісін дамыту; өз ойын еркін айтуға үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу.	үйрету; заттарды санымен байланыстыру туралы білімдерін бекіту. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Біздің қала" Мақсат-міндеттер: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу.	қимылды ойындар арқылы түрлі бағытта жүгіру; 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру іскерліктерін жетілдіру; қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.	балаларды ұзын сопақшаны есіп, бір-біріне тығыз қосуды үйрету; қолөнер жасауда қиял мен шығармашылықты дамыту; ұсақ қол маторикасын, үйлестіру қозғалысын дамыту; бастаған жұмысын аяқтауға, ермексазбен ұқыпты жұмыс жасаға тәрбиелеу.	көрсету; эксперименттік іс-әрекет арқылы себеп-салдар байланысын орната білу, балалардың сөздік қорын кеңейту; қоршаған әлемге деген қызығушылықты арттыру., зерттеу қызметіне қызығушылық.

Серуенге дайындық 10.25-10.40	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.40-12.10	**Желді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын	**Көліктерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: көліктерді жүргізетін тек ересектер болатынын байқату; көлікті жүргізу үшін рұқсат болу	**Жазғы ағаштарды (саябақта, аулада) бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: аққайын мен көктеректі діңгегінің түсінен және	**Торғайларды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: торғайдың дене ерекшеліктері мен тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету;	**Терек мамығын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: терек ағашы жайлы білімдерін бекіту; ағаштардың тұқым беру амалдарының біріне көз жеткізу; өсімдіктерді

	арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру. "Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы. Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді. - Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз. - Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер. - Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер. **Еңбек әрекеті:** ойын алаңына ағаштардан құрап түскен ұсақ бұтақтарды жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **"Әткеншек" қимыл-**	керектігін түсінуге жағдайлар жасау; жол ережелерін пысықтау. Ережені есте сақтау жаттығуы. Жұмбақ жасыру. "Бағдаршамның шамдары". Мақсат-міндеттер: балалардың жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Мен қауіптен абайлаймын: "Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын. Мен – ортаңғы дөңгелекпін, "Досым, дайындал!" – деп әлекпін. Мен рұқсат беріп тұрамын: "Жүре бер!" – деп шақырамын. Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды. **"Автокөліктер" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер:алғырлықты, жүгіру жылдамдығын,	жапырағынан ажыратуды дағдыландыру; ағаштың бөліктері (діңгегі, бұтағы, тамыры) жайлы түсініктерін бекіту; туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. **Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гербарий жасау үшін көктерек пен аққайын жапырақтарын жинау. Мақсат-міндеттер: жапырақтарды ажыратуды үйрету; ағаштарға деген сүйіспеншілікті арттыру. **"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін	балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Торғай-торғай, торғай, Жерден тары тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. Халық ауыз әдебиеті. Балалардың назарын торғайдың бір орында тоқтамайтынына аудару; торғай - өте пысық, жылдам, шапшаң, зерек, көңілді құс екені туралы айту. Торғай жыртқыштардан тез құтылу үшін көп қимылдайды, қауіпті сезетін құс. **Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** қураған ұсақ бұтақтарды жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: жұмыс дағдыларын меңгерту; ересектерге көмектесу ұмтылысын ояту. **Қимыл-қозғалыс**	тануға қызығушылықтарын тәрбиелеу. Педагог бүршіктерден терек мамықтарының шығатынын, содан соң желмен ұшырылып, жерге түсінінін көрсету. Балаларға әрбір мамықтың ұшында бір тұқым жабысып тұрғанын байқату. **Еңбек әрекеті:** терек мамығы қол еңбегі сабақтарына қағаз қаптарына жинау. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Педагог аллергиясы бар балалардың қатысы-қатыспауын ескеру керек. **"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі.

	қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер	бәсекелестік сезімін дамыту. **"Секірейік" қимыл-қозғалыс жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: бір орыннан екі аяқпен ұзындыққа секіру дағдысын қалыптастыру; күш-жігерін дамыту. **"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі. Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі. Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).	дамыту; достыққа тәрбиелеу. Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта	**ойыны. "Мысықтар мен торғайлар", "Қарғалар" (мөлшері 2-3 рет). (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: денсаулыққа, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту, дене бұлшықет қозғалысын пысықтау, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, алғырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. **"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.	Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады. - Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. **Ескерту:** педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс. **"Қояндар мен қасқырлар" қимылды ойын-жаттығулары. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша қос аяқпен алға секіру және аттамдар жасап алға жүгіру қабілеттерін дамыту. **Өз бетімен еркін ойын**

	бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. **"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады. Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады. Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді. Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді. Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді. Ұтылған бала ойыннан шығып қалады. Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі. **Еркін ойындар:** шығарылған	қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды. **"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер:балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.	**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.	**әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.

		материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, екі аяқпен секіру. **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: аяқты бүгіп, жерге түсу біліктіліктерін дамыту.			
Серуеннен оралу 12.10-12.25	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас 12.25-13.10	Алдыңдағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері.				
Күндізгі ұйқы 13.10-15.30	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүргізу. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. "Мөлдір су" ойын жаттығуы. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.50-16.10	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.10-16.40	**"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар: әртүрлі заттар мен ойыншықтар. Барысы. Педагог балалардың	**"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; қиялдарын, зейіндерін дамыту; алғырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты шеңбер немесе шеңбер құрып отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін,	**"Кемпірқосақ" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: негігзгі және қосымша түстер жайлы түсініктерін бекіту. Ойын барысында балалар түрлі түсті жолақтарды таңдайды, түстерді сәйкес рет-ретімен орналастырып, кемпірқосақ құрайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен**	**"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту;	**Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".** Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту. Барысы. Жүргізуші. 1 Нұсқа. Педагог жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды,

	алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін. Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады. Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді. Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын "Экологтар".** Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу	бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындайды. Бастаушы допты кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе " аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды. Мысалы, "су"-балық атаулары, суда өмір сүретін тіршілік иелері, "аспан" - құстардың немесе ұшатын жәндіктердің атаулары," жер" - жан-жануарлардың, жәндіктердің атаулары. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжеттті-рөлдік ойын "Аналар мен қыздар".** Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді	**таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын "Жануарлар бағы".** Мақсат-міндеттер: балалардың жануарлар бағы, қорғауға алынған жан-жануарлар жайлы түсініктерін бекіту; ветеринар дәрігер, орнитолог туралы түсініктерін бекіту; мамандардың жануарлар бағында қандай рөл ойнайтынын анықтау; жануарларға қамқорлық танытуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші балалармен бірге ойын алдында жануарлар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлем бойынша қорғалатын аңдар мен құстар жайлы бейнебаян көреді. Ветеринар дәрігер, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман) сияқты мамандардың	түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Әртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар. Барысы. Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды. Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б.. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)**	құбылысты көрсетеді. 2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді. 3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын."Дәріхана".** Мақсат-міндеттер: балалардың дәріхана жұмысшыларының мамандығы (фармацевт, провизор) жайлы түсініктерін бекіту; әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық пішінді дәрілер, сөмкелер, ақ халаттар, төлемақыны қамтамасыз ететін карточкалар мен жетондар. Барысы. Педагог алдын-ала балалармен дәріханада жұмыс істейтін мамандар туралы әңгімелеседі.

	дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту. Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды	жалғастыру. Ойын барысында өзара әрекеттесуге және ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ету. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	қызметінің маңызы жайлы талқылау қажет. Балалардың өздері жануарлар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді атап, таңдайды. Кейіпкерлер өзіне қажет киім үлгілері мен құралдарды алады да, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, оларды белгіленген орындарға отырғызып, қозғалтады, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орындарын қарайды, көмектерін тигізеді. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам жойылып бара жатқан аңдар мен құстар үшін жауапкершілікті сезіну, қамқорлық таныту, тіршілік етуіне қолайлы жағдай туғызу қажет. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**Сюжетті-рөлдік ойын "Балалар кітапханасы"** Мақсат-міндеттер: ойын арқылы қоршаған орта туралы білімдерін көрсету, кітапхананың әлеуметтік маңыздылығын көрсету; кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: оқырман формулярларын рәсімдеу, кітапханашының өтінім қабылдауы, картотекамен жұмыс, кітап беру, оқу залының жұмысы. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен**	Балалар фармацевт, провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада медициналық көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын анықтайды. Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөлісіп алады; қалғандары тұтынушы болады; өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балаларға дәріханаға бірінші тұтынушы келіп, ойынды бастайтынын айтады. Басында педагог диалогтарды түзетіп,күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**

	қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**			**таныстыру)**	
Балалармен жеке жұмыс	"Менің жанұям", отбасы туралы мақалдар мен жаңылтпаштар айту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Кім спортшы?" жаттығуы**. Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Кім спортшы? Тек алға! (Орында адымдау) Жаттығуда адымда. Басымызды шайқаймыз, (Қол белде,	**Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармақ – әкем, Балаң үйрек – шешем, Ортан терек – ағам. Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. **(сөйлеуді дамыту,**	**"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.** Барысы. Педагог үстел үстіне бірнеше заттар қояды. Балалар мұқият қарап алғаннан кейін, артқа бұрылады. Үстел үстінен бір затты алып тастайды. Бала жоғалған затты табу керек. Жоғалатын заттар санын біртіндеп көбейтуге болады. **(танымдық дағдылар)**	**Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Әлди-әлди, балапан (екі қол алдыға қаратулы, оң-сол жаққа бұрмалау), Саусақтарың, алақан (екі қол саусақтары жұдырықтарға жұмылып, ашылады), Санамаққа ашылсын (орнында адымдау, қолдармен сермеу,	**Санамақ.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Бір дегенім - білім Екі дегенім - елім. Үш дегенім - үміт, Төрт дегенім - түлік. Бес дегенім - берік, Алты дегенім - арық. Жеті дегенім - желім, Сегіз дегенім - сенім, Тоғыз дегенім - той, Он дегенім -ой, Онға дейін санап қой! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көру

	басты екі жаққа бұру) Бір-екі, бір-екі. Денемізді иеміз, (Алға еңкею) Бір-екі, бір-екі. Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру) Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу) Аяқты алшақ, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру) Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау) Бізде бәрі тамаша! Спортшы болсаң, шаршама! (Қол шапалақтау) Аударған А. Кокенова. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	**математика негіздері)**		жүру темпі жылдам), Кезекпенен басылсын (қос аяқ иық енінде, қолдар белде). Қарт атам – бас бармақ (адымдау кезінде екі қол алға тік созылады, бас бармақтар көрсетіледі), Ақ әжем – балаң үйрек (екі қолды төмен, жан-жаққа жіберу, алақандар жинақы, бүгулі, адымдап тұрғанда жанбасқа соғылады), Әкешім – ортан терек (екі қол иықтардан жоғары көтеріліп, иыққа қайта түседі), Анашым – шылдыр шүмек (екі қол белде, жан-жаққа еңкею). Кішкентай бөбек, ол – мен (орнынан секіріп, орнына тұра қалу), Есейіп келемін мен (аяқ ұшына тұру, жоғары созылу), Барлық саусақ – жолдасым (шапалақтау, адымдау кезінде), Жұдырығым –	арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту. Құралдары: геометриялық пішіндер жинақтамалары, шаршы пішінді парақтар. **(математика негіздері)**

				отбасым. Жұдырықта бес саусақ (сөздер мен әуен ырғағына сай еркін қозғалыстар жасау), Отбасыда бес салмақ, Барлық саусақ – жолдасым, Жұдырығым – отбасым. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	
Серуенге дайындық16.40-16.50	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен 16.50-17.50	**Аула сыпырушының еңбегін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: аула тазалығы пен аумақ әсемдігін сақтау үшін күнде еңбек ету керектігі туралы түсінуге, еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу; аула сыпырушының қолданатын құралдары туралы білімдерін жетілдіру. Балаларға ауланы тазалау үшін арнайы еңбек қажет; аула сыпырушы (тазалаушы) шаштараз, дәрігер	**Көліктерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауға, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) атауға тарту; түсін, айырмашылықтарын табуға машықтандыру. **"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың көліктер	**Желді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға жапырақ, жалауларға,	**Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды күнді бақылаудың ережелеріне баулу; күннің Жер шарының, адамның бүкіл табиғат объектілерін, құбылыстарына тікелей әсер ететініне көңіл аудару; зияткерлікке тәрбиелеу. Педагог күнді бақылау алдында, балаларға, күнге қарау үшін, белгілі көк шынының немесе фотопленканы	**Аққайыңды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: қайыңның ерекшеліктерін атау; басқа ағаштардан ажырату; ағаштың әсемдігіне тамсану сезімін тәрбиелеу . Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көгөністер жинаудағы ұжымдық еңбек: көкөністерді жинау. Мақсаты: ұжымдық жұмысқа үйрету; топпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. **"Жоғары - төмен"**

	сияқты маман адам екендігін түсіндіру. Аула сыпырушының арнайы киімі, құрал-жабдықтарын көрсету; осы заттардың адамның еңбегіне ыңғайлылық пен жеңілдікті қамтамасыз ететінін әңгімелеу. Алаңды сыпырып, содан соң қоқысты күрекпен жинап, арбаға салып, белгілі жерге шығару жүйесімен таныстыру. Қолдағы қоқысты арнайы қоқыс жәшігіне тастау ережесін бекіту. **Еңбек әрекеті:** ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу. Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар. **"Саны қанша – сонша гүл (саңырауқұлақ, жапырақ, тас, бұтақ) жинаймыз" ойын-**	туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б. Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі: - Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз. Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады. **Еңбек әрекеті:** алаңды тастардан тазалау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру. тастарды арнай жерге, ыдысқа жиналады. Кейін, тастарды бояп,	бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып не баяу есіп жұрғанын айтады. **"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту. Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр). - Суреттерге қарап, далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік. Балалардың мысалы	қолға алып, қарауға болатынын түсіндіреді. Құралдары: фотопленкалар немесе көк шынылар. Іс-тәжірибе: жапырақтардың бір қабат бетін алып, лупамен хлорофил жасушаларын көру. Балалар күннің жасыл жапырақтарының түсін жасыл болуын қамтамасыз ететінін әңгімелейді. Хлоролфиллдің фотосинтез нәтижесінде пайда болатынын түсінеді. **"Күлімдейміз күндей" жаттығуы.** Күлімдейміз күндей (қолдарын жоғары көтеріп, күннің бейнесін жасайды), Жабырқауды білмей (қолдарын жандарына жібереді). Күннен шуақ аламыз (қолдарын жоғары көтереді), Біз бақытты баламыз (қолдарын жандарына жібереді). Г. Кужагулова. **Еңбек әрекеті:**	**қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру. - Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар. Күлімдейді алтын күн. Жерде жатыр алтын құм. Құстар ұшты биікке. Сәбіз өсті жүйекте. Кіші болдық желектей, Өсеміз биік теректей. Д. Ахметова. Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады. **"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа,

	жаттығуы. (математика негіздері) Мақсат-міндеттер: балалардың заттар жиынын санға сай құрастыруға дағдыландыру; зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін жетілдіру. Құралдар: жасанды не гүлдер, не жасанды жапырақтар; не тастар, ағаштардан түскен ұсақ бұтақтар. Педагог балаларға цифрді көрсетеді немесе ауызша санды атайды, балалар санға сай заттар жиынын құрастырады. Заттар жиынын жекеше немесе шағын топтарға бөлініп, құрауға болады. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	қызықты құрылымдарды жасауға болады. **"Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады.	жауаптары: - Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр. **Еңбек әрекеті:** ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу. Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар. " **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту.	сәбилер тобындағы жолдарды сыпыру. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбекке баулу. **"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала,	жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады: - Мысығымыз момықай, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар

		Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.		орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті. "Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30	Ата-аналармен "Менің үйім - менің отбасым" тақырыбында әңгімелесу.	Ата-аналармен "Отбасындағы еңбек тәрбиесі" тақырыбында әңгімелесу.	Ата-аналармен "Жанұя үлгісі" тақырыбында әңгімелесу.	Айына бір рет "Отбасы күнін"өткізу.	"Бала демалысын дұрыс ұйымдастыру" тақырыбына ата-аналарға арналған кеңес.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	**Ересек топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	**4 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**12.06. - 16.06.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	12.06.23ж	13.06.23ж	14.06.23ж	15.06.23ж	16.06..23ж
Күн тәртібі					

Балаларды қабылдау 8.00-8.50	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Өсімдіктер құнарлығы".** Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктер қоректік заттарды топырақтан алатынын, бірақ ол біртіндеп таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйене отырып, өсімдіктердің өсуіне топырақ құнарлығының қажеттілігі жайлы айту. **(еңбек дағдылары)**	**"Біз топ және жатын бөлмелерінің терезе алдын дымқыл матамен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс жасау барысында келесі ережелерді сақтауды: жеңді түру, матаны сулап, қатты сығу, былғанған жағдайда жууға үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**"Біз орындықтарды орындарына қоямыз".** Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырмаларды жылдам, ұқыпты орындау. **(еңбек дағдылары)**	**"Кітап бұрышындағы еңбек" (кітаптарды қалпына келтіру).** Мақсат-міндеттер балаларды жөндеуді талап ететін кітаптарды таңдауды үйрету, оларды мұқият желімдеу (қайшы мен желімді дұрыс қолдану, майлықты дұрыс пайдалану). Кітаптарды ұқыпты қолдануға, жұмыс істеу біліктілігін, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Өз төсек-орнымызды жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер. Балаларда өз төсектерін күтіп ұстау біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу, басқаларға көмектесуге ұмтылу; еңбекке баулу; өзіне-өзі қызмет көрсетуге дағдыландыру. **(еңбек дағдылары)**
	"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны	**"Лото" үстел үсті ойыны (геометриялық пішіндер).** Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру,	**"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге	**"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында	**"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның

	жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) **"Үйшіктер" құрылыс ойындары.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, ақыл-ойын, қиялын, зейіндерін, қамқорлыққа тәрбиелеу. Ойын жабдықтары. **(құрастыру)** **"Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары.** Балаларға бірнеше сурет үлгісін ұсынуға болады. **(құрастыру)**	логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу. Әр бала бір геометриялық пішінді алып, сол пішінге ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды. **(математика негіздері)** **"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру. Жау, жау, жаңбыр, селдетіп, Күткеніміз сең едің.	ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет! Қазақ ауыз әдебиеті. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту. **(математика негіздері)** **"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер:	шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту. - Балалар, шайды біз сұйыққа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндеріңді көрейік. Педагог балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды. Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад. Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стақандарға	заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді. Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды. Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді. Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **"Оң қолым мен сол қолым" жаттығуы.**

		Жас егін де ер жетіп, Желкілдетсін желегін. Жау, жау, жаңбыр, тағы да, Дала, тауға көрік бер. менің еккен бағымда, Өссін жүзім, өріктер. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. "Төрт досым". Төрт досым жанымнан өткен: Жаз, күз, қыс және көктем. Ұмытпаймын не бүгін, не ертең: "Жаз, күз, қыс және көктем". Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Адымдар" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік	Мақсат-міндеттер: балалардың оң мен сол жақты ажырата білу қабілеттерін бекіту; мәтіннің мәніне сай қимылдауға, оң мен сол жақты дұрыс ажыратуға дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Оң қолым менің, қалайсың? (Оң қолды көрсету) Жанталасып, не жасайсың? (Қолмен бұраңдау) Мен қасық ұстап аламын, (Қасықты ұстағанды көрсету) Әдемі сурет саламын. (Сурет салғанды көрсету) Сол қолым, сен не қалайсың? (Оң қолды көрсету) Жанталасып, не жасайсың? (Қолмен бұраңдау) Мен үзілген нан аламын, (Нанды ұстауды көрсету) Қағаз бетін баса аламын. (Қағазды басып

				қорларын кеңейтуге ықпал ету, тілдерін дамыту. Екі топ бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Екі топтың арасынан бөлу сызығы жүргізіледі. Әртүрлі тақырыптарды қолдануға болады. Қажет сөзді атап, бір адым жасау керек. Бөлу сызығына бірінші жеткен топ жеңіске жетеді. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	тұрғанды көрсету) Оң мен сол қолдарыммен, (Екі қолды көрсету) Заттарды зерттеймін мен, (Саусақтармен жыбырлату) Мыжғылап, ұстап-сипап, (Жұдырықты ашып-жұму) "Сәлем" деп доска бұлғап. (Екі қолмен жалауша тәрізді бұлғау) Колдарыммен мен үнемі, (Екі қолды көрсету) Жеңімді бірге түремін. (Жеңдерді түргенді көрсету) Нан илеп, шапалақтап, (Нан илеуді көрсету, шапалақтау) Қуанышпенен қостап. (Шапалақтау) Д. Ахметова
Таңертеңгі жаттығу **8.40-9.10**	**Кешенді жаттығу** Қызыл-жасыл гүл ектік, Баптап, күттік, түрлеттік. Қалмасын деп қуарып, Апта сайын суардық. Гүлдендірдік ауланы, Аулада гүл қаулады.				

	А. Меңжанова. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **9.10-9.30**	**Гигиеналық дағдылар** Балалардың беті-қолдарын жуғызып таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жанды және жансыз табиғат жайлы әңгімелесу. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** **"Дене мүшелері" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кеудеге қою) Бәрі осыдан басталған. Мынау – басым ақылды, (Екі алақанды басқа қою, сипау) Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары) Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек-кезек екі жаққа	**"Қызғалдақтай саусақтар" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Қызғалдақтай саусақтар, Өсіп тұр қатар-қатар. (Саусақтарды жыбырлату) Бір - саусақ, қызғалдақ, Екі - саусақ, қызғалдақ, (Саусақтарды кезегімен жұдырықтан	**"Неге солай?" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі оқиғаның, құбылыстың не себептен болғанын тануға, түсіндіруге дағдыландыру; логикалық ойлау қабілетін дамыту. Құралдары: жыл мезгілдері туралы суреттер. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	**"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері жайлы білімдерін бекіту, мезгілдік өзгерістерді талқылау. Құралдары: жыл мезгілдері туралы суреттер. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	**"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру. Жау, жау, жаңбыр, селдетіп, Күткеніміз сең едің. Жас егін де ер жетіп, Желкілдетсін желегін. Жау, жау, жаңбыр, тағы да, Дала, тауға көрік бер. менің еккен бағымда, Өссін жүзім, өріктер. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

	сермеу Мынау – сол қолым. Барлық істі басқарған. (Шапалақтап) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	шығарып отыру) Үш, төрт, бес саусақ, Барлығы да қызғалдақ. (Қолдарды тік ұстап, айналдыру) Қолда бір шоқ қызғалдақ, (Алақандарды өзара уқалау) Шапалақ қақ, шапалақ. (Шапалақтау) Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.30-10.25	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Су-тіршілік көзі" Мақсат-міндеттер: Балаларға су туралы айту, судың маңызы мен пайдасын түсіндіру; сөздік қорларын молайту; сөз байлығын, дүниетанымын, ой өрісі мен зейінін дамыту; қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты сүюге тәрбиелеу.	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Тұп-тұнық су" Мақсат-міндеттер: Балаларды жетекшінің ауысуымен жүгіру; гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуге үйрету; балаларда жүруді	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Аққу - қаздар" ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегінің мазмұнын толық өз ойларын жеткізіп айтуға үйрету; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорын молайту; адамгершілікке,	**Сурет салудан ойын-жаттығу** «Тоғандағы балықтар» Мақсат-міндеттер: Балаларды сурет салудың дәстүрден тыс тәсілі боялған сабын көпіршіктерінің көмегімен сурет салу техникасымен таныстыру; адам үшін судың маңызы жайлы білімдерін бекіту;	**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** «Сиқыршы су» Мақсат-міндеттер: Судың қасиеттері туралы түсінік беру.Балаларды ойларын жеткізе білуге, сөйлемдерді дұрыс құруға, қорытынды жасай білуге үйретуді жалғастыру. Балалардың сөйлеуін, ойлау қабілетін, зейінін дамыту. Тәжірибе

		жүгірумен кезектестіру; жұппен түрлі бағытта жүгіру дағдыларын жетілдіру.	еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, түстерді үйлестіру біліктілігін, қиялдарын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өз бетінше жұмыс істеуге, тиянақтылыққа тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Ата-ананы тыңдаймыз" Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу.	арқылы балалардың су туралы білімдерін нығайту.Балаларды табиғатқа, суға қамқор болуға тәрбиелеу.
Серуенге дайындық 10.25-10.40	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.40-12.10	**Суды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**"Ауа-райын бақылау (бұлтты күн)". (сөйлеуді**	**Суды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен**	**Суды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен**	**Кемпірқосақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған**

	Мақсат-міндеттер: ыдысқа құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдір екеніне көз жеткізу; судың қозғалуын, ағымын, жерге сіңіп, жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Су сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, жылы, суық). Су мөлдір, айна ұқсап заттарды бейнелейді. Суды далада ыдысқа құйып қойып, оның бетіне қараса, көк аспан, бұлттар, өзіміздің де бейнеміз көрінеді. Суға тастарды салса - түбінде жатқан олар айқын көрінетін болады. тіпті балықтарды жіберсе, олар нақытыл көрінеді. **"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне	**дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)** "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп!	**таныстыру)** Мақсат-міндеттер: судың көптеген қасиеттерін зерттеуге деген ынталарды ояту; суды үнемдеп қолдану ережелеріне үйрету; экологиялық білімдерді қалыптастыру. Балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Асфальтқа шашыраған су тез кебеді. Неге екенін сұрау. Қыста суды шашыратқаны туралы бейнежазбаны көрсету. Су неге айналатынын, бұл не себептен болатынын сұрау. Балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.	**таныстыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға сумен ұқыпты жұмыс істеуді дағдыландыру; судың қасиеттері жайлы түсініктерін нақтылау; судың табиғи сұйық зат екендігіне көз жеткізу; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Бақылау барысы. Судың қасиеттеріне көңіл аудару. Су әртүрлі температурада болады: мұздай суық (тоңазытқыштан мұздар текшелері), жылы (қолды жуғанда) және ыстық (шәйнекте су қайнатылғанда). Су күннің көзінде ысыйды. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға	**ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: кемпірқосақ - жансыз табиғаттың бөлігі екені жайлы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; спектр түстерін бекіту; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Бұл күні жаңбыр болмай жатса, кемпірқосақты су бүркеудің нәтижесінде арнайы жасауға болады. Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Кемпірқосақ". Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Суретші екен табиғат, Бояуларын дайындап, Түр-түсін дәл тауыпты, Кемпірқосақ салыпты. Ш. Әлдибекұлы. **Ересектермен бірге**

	соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. **Еңбек әрекеті:** құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі	Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) **Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гүл суару. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: түскен гүл жапырақтарын тырмамен тазалау. **"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады	**Еңбек әрекеті:** гүлзарда өскен гүлдерді суару. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбекқорлыққа, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу. **"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге	барады. Қыста су қар, мұз күйінде болу мүмкін, ұстаса - өте суық. "Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы. Мақсаты: балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту. - Балалар, шайды біз сұйыққа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндеріңді көрейік. Педагог балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды. Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су	**орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гүл тұқымын жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: жұмысты өз бетінше орындауды дағдысын дамыту. **"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. Педагог ойынды бастайды:

	керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. **"Кім мәреге жетеді?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: белгіге дейін қос аяқпен және бір аяқпен секіру техникасын дамыту; шыдамдылыққа тәрбиелеу. **Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	(таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады.	айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды: - Сәлеметсіз бе! Кім боласыз? "Бояушы": - Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім. Алыстан келемін, Бояу үшін теңге беремін. "Бояуды сатушы": - Түсі қандай бояуды қалайсыз? Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады: - Бояудың бағысы	құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад. Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стақандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады. "Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40	- Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында. "Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: - Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында

		Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады. **"Түстерді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: педагогтың белгісі бойынша түстерді тауып, белгілі қимылдарды орындауға бейімдеу. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндеттер:	қанша? - Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. **"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты	метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады. - Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс. "Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы. Мақсаты:	"аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен өз құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.

		қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.	алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	
Серуеннен оралу 12.10-12.25	Балаларды жүйелі шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне орналастыруға, қол жууға үйрету.				
Түскі ас 12.25-13.10	Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы 13.10-15.30	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	Велосипед жаттығуы. Аяқ-қолды жоғары көтеріп, кезек-кезек аяқпен сермеу. Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.50-16.10	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.10-16.40	**"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың мезгілдік табиғат құбылыстары жайлы білімдерін бекіту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту. Барысы. Педагог барлық жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылысты, жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды өз жауаптарын бір сөзбен ғана емес, сондай-ақ не себепті құбылыстың болғанын түсіндіру. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** **Сюжетті-рөлдік ойын. "Асхана".** Мақсат-міндеттер: балалардың асханада жұмыс жасайтын мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы	**"От, су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жанды, жансыз табиғат жайлы білімдерін бекіту; алғырлықтарын, қиялдарын, зейіндерін дамыту; ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдық: доп. Барысы. Балалар жарты шеңбер (шеңбер) құрып, қатарда отырады (тұрады). Бірінші кезеңде ойын шартын түсіндіру мақсатында жүргізуші рөлін педагогтың өзі орындауы мүмкін. Жүргізуші допты әр баланың қолына кезек-кезек лақтырады да "от!" немесе	**Дамытушылық ойын.** "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз". Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту. Барысы. Жүргізуші. 1 Нұсқа. Педагог жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді. 3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.	**"Не қалай дыбыстайды?" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды кейбір табиғат құбылыстарының дыбысын ажыратуға жетелеу, табиғат үндерін дыбыстық сөйлеу мәдениеті арқылы білдіруді меңгерту; дыбысты есту біліктілігін, дыбыстарды артикуляциялауды, қиялдарын дамыту; зейіндікке, әдептілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар: табиғи құбылыстары дыбыстарының үнтаспасы. Барысы. Педагог балалардың алдына түрлі жетондар қойып, біреуін тандап алуды ұсынады. Құбылысты	**"Ұстап алда, жылдам айт" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды допты ұстап алуға, аталған түске боялған белгілі заттарды (құбылыстарды, аңдарды, құстарды) тез атау біліктілігін жаттықтыру; зеректілікті, зейіндерін, дүниетанымдарын, түстерді ажырату біліктілігін, дамыту. Керекті құрал-жабдық. Доп. Балалар шеңбер немесе қатар құрып отырады (тұрады). Ойынды педагог немесе балалардың бірі жүргізеді . **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын "Цирк".** Мақсат-міндеттер: балалардың циркте жұмыс жасайтын көркемөнерпаздар (сайқымазақ,

	тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту; еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері). Барысы. Алдымен педагог балалармен аспаздың адамдар (тұтынушы) үшін түрлі тағамдар әзірлеу жұмысы жайлы әңгімелеседі. Суреттер көрсетеді, педагогикалық жағдаяттарды шешеді. Алдымен педагог балалармен бірге белгілі тағамдар тізімін, ас мәзірін құрастырады. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақытта журналдардан ойында пайдаланатын түрлі тағамдардың фотосуреттерін қиып алады. Педагог адамдар келгенше жұмысшылардың жұмысын бақылауда ұстайды (балалардың орындарында	"су!", немесе "аспан!",немесе "жер!"- деп айтады. Допты қағып алған бала, әр белгі сөзіне әрқалай жауап береді. Мысалы,"от" - өздігінен айналу," су"- балық атауы, суда тіршілік етеді, су асты жануары, "аспан" - құстың атауы немесе , ұша алатын жәндік,"жер" - жануардың, жәндік аты. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана".** Мақсат-міндеттер: балалардың жан-жануарлар дәрігері,	**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы".** Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Керекті құрал-	таңбамен белгілеп, оны аудиожазбалардың арасынан табу керек. Балалар құбылыстың дыбысы естіліп, таныған бетте, оның үнін артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, Жел "ш-ш-ш" немесе "у-у-у" - деп соғады. Жаңбыр былай дыбыстайды: " тырс-тырс-тырс", және т.с.. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжеттік-рөлді ойын. "Табиғи қорық".** Мақсат-міндеттер: балаларға табиғи қорықтар туралы түсінік беру, "Қызыл кітап", қорықта қызмет ететін орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер жайлы түсініктерін бекіту; орман қызметкерлері	гимнастшы, сиқыршы, жонглер, аңдарды жаттықтырушы) туралы түсініктерін қалыптастыру ; цирк көркемөнерпаздар әртістерінің жұмысын түсіндіру; еңбексүйгіштікке, төзімділікке, әдептілікке, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық құралдар мен модельдер, циркте жұмыс жасайтын әртістерге қажет (доптар, ойыншық аңдар, бас киімдер, таяқтар, спорттық киімдер үлгісі, гимнастикалық сылдырмақтар, костюмдер). Барысы. Оқу қызметінің басында педагог балалармен бірге цирктің (сурет) алатын орны, онда жұмыс жасайтын әртістер жайлы әңгімелеседі; әр

	отырып). Барлық тағамдар дайын болғаннан кейін, балаларды (тұтынушыларды) ас бөлмесіне шақырады. Келушілерге даяшы ас мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз ас әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға асты әкеліп, "төлем" қабылдайды. Балалар "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жана сөздерді айту керек. Педагог ойын барысын өзі түзетеді, қосымша сұрақтар қояды, балалардың әрекетін белсеңдету үшін. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар дәмді, әсем безендірілген тағамдардан дәм тату үшін, асхана жұмысшылары тынбай еңбектенеді; "рахмет" ,"өтінемін"сөздерін қолдану, дастархан басында шуламау, асты дұрыс шайнау, асхана құралдарын дұрыс қолдану -адамның қоғамдық орындарда ережелерді орындау негізгі міндеттері.	медбикелер, күтушілер, ветеринарлық емхананың қызмет көрсетушісі жайлы түсініктерін бекіту; емханада медициналық жұмысшылар қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; ақ халаттар, перчаткалар, жиһаз, сөмкелер, емханаға керек; ойыншық жан-жануарлар мен құстар. Барысы. Педагог	жабдықтар. Хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға арналған тор пішіндер. Барысы. Педагог ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты мамандардың қызметінің маңызы, олар қолданатын құралдар жайлы	орманды, ондағы тіршілік ететін аңдарды қорғауда қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке, аңдарға деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Табиғи қорық қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; жасанды орман, бұлақ, тау үлгісі. Барысы. Педагог балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде табиғи қорық жайлы суреттер қарастыру, Қазақстанның табиғи қорықтары жайлы бейнежазба көру. Балалар табиғи қорықта орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер	әртіспен мамандар қандай құралдарды пайдалатынын, олардың жұмыстары қаншалықты қиын екендігін түсіндіреді. Балалар циркте жұмыс жасайтын әртістерге: сайқымазақтар, гимнастшылар, сиқыршылар, жонглерлер, аңдарды жаттықтырушыларға бөлінеді, топтасып, белгілі тапсырмаларды орындайды. Педагог цирк қойылымдары жайлы хабарлайды да, қалған балаларды орындықтарға жайғасуға шақырады. Әр орындаушы өзінің шығуын үлкен құрметпен хабарлайды және өзін қолдап, қошеметтеуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында әртістер көрермендерге бас иітіндерін, ал көрермендер қол шапалақтап, мадақтайтынын айтып қою қажет. Педагог

	(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде ветеринардың жұмысы жайлы фотосуреттер қарастыру керек, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін оқып, еске түсіру, сонымен қатар ветеринарлық емхана жайлы әңгімелесу. Балалар аңдар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтінін ғана емес, сондай-ақ қандай құралдарды қолданатындарын, ветеринарға қандай сұрақтар қою керектігін талқылау керек. Балалар өзара ветеринарлық емханада кімдер, қандай қызметкерлер болатынын таңдайды.	талқылау қажет. Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін	сияқты мамандар не істейтінін (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге шабуға тапсырма береді, ауырған аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны артқан жыртқыштарды атады); қандай құралдарды қолданатынын талқылау керек. Балалар табиғи қорықта жұмыс жасайтын қандай қызметкерлердің рөлін ойнайтынын өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Соңында педагог	ойын барысын өзі түзетеді, балалар әрекетінің белсенділігін арттыру үшін қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балармен бірге қорытынды жасайды: әртістің шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында цирк қойылымдары әсерлі және қызықты болады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**

		Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	балалармен бірге қорытынды жасайды: адам тірі табиғаттың тіршілік заңын бұзбау керек, оларға көмектесу және қорғау керек. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	
Балалармен жеке жұмыс	Апта тақырыбына байланысты өлең жаттау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**"Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру.** Мақсат-міндеттер: балаларды суретке қарап, сөйлемдер құрастыра білуге баулу; байланыстырып сөйлеуге машықтандыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**	**"Су кімге керек?" әңгімелесуі.** Мақсат-міндеттер: бүкіл тіршілік үшін судың маңызы жайлы білімдерін кеңейту; балалардың жердегі су ресурстары жайлы түсініктерін нақтылау; суды үнемдеуге, ұқыпты қолдануға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**"Жаз" тақырыбына сюжетті суреттер көрсету.** Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауап талап ету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**"Жаз" мезгіліне байланысты жұмбақтар айту.** Жаз мезгілінде болатын табиғат құбылыстарына байланысты жұмбақтар жасыру. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен 16.50-17.50	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)**				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-**				

	гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30	Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу.	Балалармен "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзіңді қалай ұстау керек?" тақырыбында әңгімелесу	Ата-аналармен балалардың бүгінгі әрекеті жайлы әңгімелесу.	Ата-аналармен балалардың тазалығы жайлы әңгімелесу.	"Менің достарым" тақырыбында әңгіме.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ	
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы
Топ/сынып	**Ересек топ**
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Құралай»
Балалардың жасы	**4 жасар балалар**
Педагогтің аты-жөні	Орманова А. Калжанова М
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды	**19.06. - 23.06.2023ж.**

көрсету)					
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	19.06.23ж	20.06.23ж	21.06.23ж	22.06.23ж	23.06.23ж
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.50	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалармен "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзіңді қалай ұстау керек?" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Өсімдіктер құнарлығы".** Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктер қоректік заттарды топырақтан алатынын, бірақ ол біртіндеп таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйене отырып, өсімдіктердің өсуіне топырақ құнарлығының қажеттілігі жайлы айту. **(еңбек дағдылары)**	**"Біз топ және жатын бөлмелерінің терезе алдын дымқыл матамен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс жасау барысында келесі ережелерді сақтауды: жеңді түру, матаны сулап, қатты сығу, былғанған жағдайда жууға үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге жылу мен жарықтың қажеттілігі жайлы білімдерін кеңейту, жапырағы бойынша өсімдіктердің ылғалсүйгіш, құрғақшылыққа төзімді, жарық сүйгіш, көлеңке сүйгіш екенін анықтау. Ұқыптылықты, өз іс-әрекетіне сенімділікті, су	**"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс жасау барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін қалыптастыру. Ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.	**"Кітап бұрышындағы еңбек" (кітаптарды қалпына келтіру).** Мақсат-міндеттер балаларды жөндеуді талап ететін кітаптарды таңдауды үйрету, оларды мұқият желімдеу (қайшы мен желімді дұрыс қолдану, майлықты дұрыс пайдалану). Кітаптарды ұқыпты қолдануға, жұмыс істеу біліктілігін, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**

			мен өсімдіктермен істелетін еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін және оны аялауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**(еңбек дағдылары)**	
	"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды бірнеше объектіні ортақ белгісі, қасиеті бойынша біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту. Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ, ғимараттар, қыздардың және ұлдардың киімдері). **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**	**Саусақ жаттығуы.** Мақсатміндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Он саусақ. Жалғыз саусақ тіпті де, (Сұқ саусақты ашып жұмамыз) Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, (Бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз) Ине қолға ілікті.	**"Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып	**"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.	**"Мен өзіммен бірге жолға аламын" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: бір заттардың суреттері бар суреттер. Балаңызға жүзуге баруды ұсыныңыз. Бірақ сапардың сәтті өтуі үшін оған мұқият дайындалу керек, қажет нәрсенің бәрін жинау керек. Баладан бір суретті алып, бұл заттың қалай пайдаланатынын сұраңыз. Суреттердегі заттар өте әртүрлі болуы керек. Мысалы, бала

	"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың суреттері. Мысалы. Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді. Құрт - жорғалайды, жатады. Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады. Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады. Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді. Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды. Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді. Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді,	Үш саусағым орамды, (Бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз) Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ! (Он саусақты көрсетеміз) Қала салсақ, жол салсақ. (Қолымызды алға қарай созамыз) М. Әлімбаев **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Не артық?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі заттар мен	Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. "Халық ауыз әдебиеті. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Домино" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. Ойын шарты.	Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар). **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға алдын-ала құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды көрсету мүмкін. Қанаттарын жайып жан-жаққа, (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) Ұшады құстар біздің	доптың бейнесін алады: "сіз демалыс кезінде доп ойнай аласыз, допты құтқару шеңберінің орнына қолдануға болады, өйткені ол батып кетпейді және т.б.." Бала суретті алдына қойып, әртүрлі жерге саяхаттау үшін не қажет болатынын айтуы керек (шөл далада, пойызда, ауылда). **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Бота, түйе, Құлын, бие, Торай,шошқа, Қозы, қошқар, Қодық,құлан, Көжек, қоян, Бақа,шаян, Торғай,шымшық... Сен, қал! Сен, шық!

	билейді, еңкейеді, шалқаяды. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**	ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды. **(**	Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. **(танымдық дағдылар)**	бақта. (Құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау) Солға ұшады, ұмтылып, (Бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Оңға ұшады, ұмтылып. (Екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (Төмен отыру) Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	Қадыр Мырза Али. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**
Таңертеңгі жаттығу 8.40-9.10	**Кешенді жаттығу** Соз қолыңды оң жаққа, Соз қолыңды сол жаққа. Қолды айналдыр бұлданбай Шеңбер жасап тұрғандай **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас 9.10-9.30	Балалардың беті-қолдарын жуғызып таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу Таңғы асты қалдырмау.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: құстарды дыбыстары бойынша тануға, ажыратуға дағдыландыру; құстарға деген қызығушылықты арттыру. Құралдары: құстардың дыбыстары жазылған жазбалар, суреттері. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	**"Қимылдарға қарап, нені көрсеткенімді айт?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға ым-ишара арқылы іс-қимылды түсіне білуге машықтандыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. **(дене шынықтыру)**	**"Көкек" ертегісі желісін әңгімелеу.** Мақсат-міндеттер: балаларды анаға деген сүйіспеншілікті арттыру; көкек құсының балапанды неге ұяға баспайтыны туралы түсініктерін пысықтау. **(көркем әдебиет)**	**"Жеріміздің ғажайып құстары" тақырыбына әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: сыртқы келбеті немесе тіршілігі ерекше құстар туралы ұғымдарды дамыту. Құралдары: тотықұс, түйеқұс, пингвиннің суреттері. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	**"Ұшты, ұшты не ұшты?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді: Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! Ұшты - ұшты қарға ұшты! Ұшты - ұшты арба ұшты! Ұшты - ұшты дауыл ұшты! Ұшты - ұшты ұшақ ұшты! Ұшты - ұшты торғай ұшты!

					Ұшты - ұшты жылан ұшты! **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.30-10.25	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Т. Тойбазарұлы "Қайтпай қалған қарлығаш" (әңгімесі)" Мақсат-міндеттер: Балаларды әңгіме бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру, қыстап қалған құстарға қамқорлық жасауға, оларды баптап күте білуге тәрбиелеу; әңгіме мазмұнын өз қиялымен баяндауға дағдыландыру; ойлау қабілетін, сөйлеу мәдениетін дамыту; бүкіл жан-жануарларға, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Балапандарға арналған ұялар" Мақсат-міндеттер: Балаларға табиғи материалдан құрылыс салуға үйрету, туған жердің құстары туралы білімдерін қалыптастыру, сөздік қорды белсендіру; қоршаған әлемге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Гүлдерайым" Мақсат-міндеттер: Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Бұл балапан қандай мықты" Мақсат-міндеттер: Балаларды педагогтің түрлі нұсқаулары бойынша жүгіру дағдыларын дамыту; 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіруге (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) үйрету; балаларда қолдарын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өту дағдыларын жетілдіру.	**Жапсырудан ойын-жаттығу** "Ертегі құс" Мақсат-міндеттер: Балалардың ертегі құс туралы ұғымдарын қалыптастыру; бірнеше бөліктерге қиып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету; бөліктерді үйлесімді қолдана білуін жетілдіру; қол, саусақ қимылдарын дамыту; өз жұмыстарын бағалай білуге,шыдамдылыққа, төзімділікке, құстарға деген мейірімділік пен сүйіспеншілдікке тәрбиелеу.	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Құстар" Мақсат-міндеттер: Балалардың қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы жалпы ұғымдарын қалыптастыру, қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды жіктей білуге үйрету. Дидактикалық ойындар арқылы зейінді, сөйлеуді, көру қабілеттерін дамыту. Құстарға деген қамқорлықты, қиын жағдайда оларға көмек беруге тәрбиелеу.

		сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту.			

Серуенге дайындық 10.25-10.40	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.40-12.10	**Сауысқанды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың сауысқан құсы туралы түсініктерін тиянақтау; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. "Сауысқан". Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқаңдатқан сауысқан. (Ел аузынан). Еңбек әрекеті: шығарылған материалдарды жинау. Мақсаты: балаларды	**Қарғаны бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: қарға жайлы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілік етуіне ізденімпаздық пен қызығушылықты тәрбиелеу, құстарды қорғауды түсінуге баулу. Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар.	**Торғайды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: торғайдың тіршілігі, сыртқы ерекшеліктері жайындағы түсінік пен білімді тиянақтау, құстарды аялау сезімін тәрбиелеу. Торғайдың адамға жақын, бір топ болып мекендейтінін	**Құстарды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың аула құстары, олардың тіршілігі жайлы білімдерін кеңейту; құстарға деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға ойын алаңына, бау-бақшаға ұшып келген құстардың дыбыстарын тыңдап, ажыратуды ұсынады. Құстардың түрі көп болмаса, педагог	**Құстың ұшуын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: құстардың түрлілігі, олардың қозғалу тәсілі жайлы түсініктерін нақтылау. Педагог ұшып-қонып жүрген құстардың қимылдарына көңіл аударады, балалардан құстар неге дәл осылай қимылдайтынын анықтайды. Қанаттардың көмегімен құстар бір орыннан, екінші орынға, жерді баспай, ұшып, қалықтайды. Құстардың

	серуеннен кейін орындарын ретке келтіруді үйрету: ойыншықтарды тазалау және жинау, себетке салу. "Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады. Педагог: - Аққу-қаздар, қайдасыңдар? Қайда қонып, ұшасыңдар? Балалар: - Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді ошаққа! Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-	Боран соқса қар болар, Бұтаға қонар қарғалар. (Ел ауызынан) Балалар қарғаның дыбыстарын тыңдап ("қар-қар" деген үн қатады; "қарға қарқылдайды"), сыртқы пішініне қарап (қара мен сұр түсті), денесі кесек, өзге құстарға өте ұқсаматынын байқайды. Педагог қарғаның өте ақылды құс екенін дәлелдейтін оқиғалар жайындағы бейнежазбаларды көрсету мүмкін. Балаларға "Қарға мен түлкі" мысалын еске түсіру; түлкінің қарғаны қаншалықты алдап кеткені туралы әңгімелеу. **Ересектермен**	байқату; торғайдың, қыстағы тіршілігі мысалында көрсетіп, өте төзімді, батыл құс екеніне көңіл аудару. Торғайдың сыртқы дене пішініне қарағанда, қоңыр, сұр, қара түстерді байқауға болатынын көрсету. "Торғай". Торғай, торғайсың, Жылдамсың, сондайсың, Шырылдап қоймайсың, Ұшасың, талмасың. Шомылып ал шалшыққа, Қона ғой біздің баққа. Д. Ахметова. **"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.**	смартфонына жазылған құстардың дыбыстарын тыңдатып, дұрыс атауды ұсынады. Балалар құстардың үнін сөзбен қалай айтуға болатынын түсіндіреді. Торғай - шырылдайды. Қарға - қарқылдайды. Сауысқан - шықылықтайды. Бөдене - бытпылдайды. Бұлбұл - сайрайды. **"Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды.	қанаттары қауырсындардан тұрады. Құстар аяқтарымен жүреді де секіреді. Мысалы, түйеқұс жылдам жүгіреді. Құстар әуеде қанаттарын желкендей жайып, қалықтайды. Мысалы, бүргіт биік ұшып, қалықтап, қорегін аңдиды. Балаларға құстардың ұшып, қалыптап жүретінін бейнежазбадан көрсету. **Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаш үгінділерімен бақша үлескесін жабу. Мақсат-міндеттер: жұппен жұмыс жасауға үйрету; достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. **"Қайда жасырылғанын тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауға, ақыл-ой қабілетін дамыту.

	қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. Педагог алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды. Ойын бірнеше рет қайталанады. ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады. Ойыншылардың қабілеттерін бағаланады. "Ұстап ал" қимылды ойын-жаттығуы. Мақсаты: белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; достық қарым-қатынастарды дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті: "Мені қуып жет". Мақсаты: жалтарып, бағытты өзгертіп жүгіруді дамыту.	**бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ойын алаңындағы қоқыстарды жинау. Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелеу. **"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге,ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің	Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу. Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көгөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады. Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек. Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам. Күрделенуі: балалардың	Ж. Сымақов. **Еңбек әрекеті:** ағаш тұқымдарын жинау. Мақсат-міндеттер: балаларды тұқым жинауға ынталандыру. **"Ит пен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ит пен торғайға тиесілі қылықтар жайлы білімдерін бекіту; дауысты басқаруға үйрету. **"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, қимыл-қозғалысты дамыту. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: допты астыңғы жақтан бір-біріне лақтыру дағдыларын бекіту.	**"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру. - Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар. Күлімдейді алтын күн. Жерде жатыр алтын құм. Құстар ұшты биікке. Сәбіз өсті жүйекте. Кіші болдық желектей, Өсеміз биік теректей. Д. Ахметова. Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады. **"Тым-тырақай" ойыны. (дене**

		нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. **Өз бетімен еркін**	өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады. **Еңбек әрекеті:** шығарылған материалдарды құмнан қағып, жинау. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.		**шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. **Өз бетімен еркін ойын**

		ойын әрекеті, шығарылған материалдармен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттер: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету. Құрдастарымен қарым-қатынас жасау біліктілігін қалыптастыру.			**әрекеті, қимыл-қозғалысты дамыту. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жүру және жүгіру техникасын пысықтау.
Серуеннен оралу 12.10-12.25	Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері.				
Түскі ас 12.25-13.10	Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы 13.10-15.30	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	Үстел үстіндегі бесін асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.50-16.10	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	**Дамытушылық жаттығу.** "Қандай және қанша айырмашылықтар бар?" Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын,	**Сюжетті-рөлдік ойын. "Пошта".** Мақсат-міндеттер: балаларға	**"Сөздер тізбегі" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер:	**Дамытушылық жаттығу. "Не өзгерді?"** Мақсат-міндеттер: балалардың	**"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер:

бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.10-16.40	зейінін, ойлауын дамыту; ақылдылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Жұп суреттер (бірінші суретпен салыстырғанда, екінші суретте бірнеше өзгеріс бар). Барысы. Педагог балаларға бірінші суретті көрсетеді, ал кейін сондай екінші суретке қарауға ұсынады. Балалар екінші суретте, бірінші суретке қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын. "Асхана".** Мақсат-міндеттер: балалардың асханада жұмыс жасайтын мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту;	поштаның алатын орны жайлы түсіндіру, онда қызмет атқаратын мамандар туралы жалпы ақпаратты бекіту; ойын барысында өтпелі заттарды (хат, тапсырыс хаты, бандероль, сәлемдеме) қолдануды үйрету; топпен бірігіп ойын желісіне қосылуға, өз орнын табуға жетелеу; ой-өрістерін, қиялдарын, қатынастық қабілеттерін, затпен сондай-ақ затсыз әрекет ету біліктіліктерін дамыту; еңбекті құрметтеуге, әдептілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. "Пошта" жазуы, арнайы, белгіленген орын;	балалардың сөздік қорларын байыту. Ой ұшқырлығын, зейіндерін дамыту; өзара жағымды қарым-қатынасты бекіту. Барысы. Педагог балаларға қандай сала бойынша сөз құрайтындарын айтады. Берілген жағдайда "Отбасы" тақырыбы қарастырылады . Педагог "Отбасы" түсінігіне байланысты сөздердің бірін айтады да, келесі балаға жалғастыруды ұсынады. Егер бала белгіленген уақытта сәйкес сөз тауып айта алмаса, өз өнерін көрсетеді. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған**	қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар: Әртүрлі заттар мен ойыншықтар. Барысы. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін. Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады. Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді. Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады. **(сөйлеуді дамыту,**	белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Әртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар. Барысы. Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды. Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ;

	еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері). Барысы. Алдымен педагог балалармен аспаздың адамдар (тұтынушы) үшін түрлі тағамдар әзірлеу жұмысы жайлы әңгімелеседі. Суреттер көрсетеді, педагогикалық жағдаяттарды шешеді. Алдымен педагог балалармен бірге белгілі тағамдар тізімін, ас мәзірін құрастырады. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақытта журналдарданойында пайдаланатын түрлі тағамдардың фотосуреттерін қиып алады. Педагог адамдар келгенше жұмысшылардың жұмысын бақылауда ұстайды (балалардың орындарында отырып).	қаптамаға арналған қағаз материал, байлауға арналған жіп, қайшы; хат, тапсырыс хаты, бандероль, сәлемдеме сияқты заттардың жасанды макеттері; қаламдар, маркерлер, маркасы бар жетондар, қарындаш желім, телефон, рөл. Барысы. Педагог балалармен бірге поштаға экскурсия ұйымдастыруы мүмкін, болмаса фотосуреттер, поштаның қызметі жайында бейнеролик көру, таныс сюжет бойынша әңгімелесу. Дайындық кезеңінде педагог байланыс операторы,	**ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын.** **"Отбасы".** Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге деген құрмет сезімдерін, жақынына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық	**қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын.** **"Үй құрастыру".** Мақсат-міндеттер: балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, кемпірауыз, т. б). келісім. Педагог алдын-ала балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жайлы әңгімелеседі. Балалар сәулетші,	жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б.. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын.** **"Театр".** Мақсат-міндеттер: ойын барысында балалар мен бірге театрдың орны, адам өміріне қандай пайдасы бар екенін анықтау; әртіс, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюм бойынша декоратор, суретші, лицеист сияқты мамандар туралы білімдерін бекіту; ағымды қарым-қатынас орнату; мәдениет орындарындағы тәртіп ережелерін пысықтау; сөйлеу мәнерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Сахна орны. "Театр" жазбасы; сахна макеті, сахналық

	Барлық тағамдар дайын болғаннан кейін, балаларды (тұтынушыларды) ас бөлмесіне шақырады. Келушілерге даяшы ас мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз ас әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға асты әкеліп, "төлем" қабылдайды. Балалар "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жана сөздерді айту керек. Педагог ойын барысын өзі түзетеді, қосымша сұрақтар қояды, балалардың әрекетін белсендету үшін. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар дәмді, әсем безендірілген тағамдардан дәм тату үшін, асхана жұмысшылары тынбай еңбектенеді; "рахмет" ,"өтінемін"сөздерін қолдану, дастархан басында шуламау, асты дұрыс шайнау, асхана құралдарын дұрыс қолдану -адамның қоғамдық орындарда ережелерді орындау-негізгі міндеттері. **(сөйлеуді дамыту,**	пошташы, байланыс бойынша кезекші, экспедитор сияқты поштада еңбектенетін мамандардың жұмысын түсіндіреді. Балалардың тандауы бойынша рөлдер бөлінеді. қалған балалар поштаға келеді, қалаулары бойынша өтпелі заттың біреуін алады, оны рәсімдейді, қызметкерлерге береді. Педагог ойын барысында балалар ойнаған рөлдер бойынша қосымша сұрақтар қояды, ойын желісінің дамуын қамтамасыз етеді. Балалар, сұрақтарға жауап беріп, өз рөлдерінің жаңа қырларын таниды.	тұрмыстық техника т. б Барысы. Балалар өзара отбасы мүшелерінің рөлдерін бөлісіп алады да, өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, өз орындарына барады. Педагог алдын-ала балалармен қойылымда қандай оқиға көрсетілуі керек екенін бірге анықтайды. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған**	инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші, сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды. Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажет киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Кейін балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженеров-құрылысшының жұмыстарын орындайды. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.	қойылымдарға қажет (үй, ағаш, қоршау және мүмкіншілік болса перделер т.б.), кейіпкерлер костюмдері, кейіпкерлер қолына ұстайтын құралдар. Барысы. Педагог балалармен бірге театрда қандай қойылымдар қойылатыны жайлы суреттер қарастырады, көрермендер мен әртістер арасындағы айырмашылықтарды анықтайды. Көрермендер алдында қойылым орнында режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарық беруші, костюм әрлеуші, суретші, әрлеуші сияқты мамандар еңбек ететінін айтылады. Балалар алдын-ала әр маман сахналық қойылымға дайындық алдында қандай қимыл-қозғалыс орындайтынын кішігірім жаттығулар арқылы көрсетеді. Кейін балалар белгілі

	қоршаған ортамен таныстыру)	Соңында педагог балалармен бірге қортынды шығарады: адамдар арасындағы қарым-қатынас үзіліссіз және жылдам болу үшін, пошта қызметкерлері тыңбай еңбек етеді; почта - қоғамдық орындардың бірі, әдептілік ережелерін ұстанып, сақтайтын орын. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**ортамен таныстыру)**	Педагог балармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс-мамандарының бірге кеңесуі; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызуда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	рөлдердің қайсысын орындағысы келетін тілектерін білдіреді, орындарына орналасады. Әртістерді біріктіру үшін педагог алдымен режиссер қызметін өзіне алады, белгілі ертегі сюжетін таңдайды. Педагог ойын барысын белгілі сөз тіркестерімен сүйемелдейді, ойыншыларға қосымша сұрақтар қояды, ары қарай ойын тізбегінің жалғасуына ықпал етеді . Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сахналық қойылымдар көрермендерге қызық болу үшін, тек қана әртістер ғана емес, сонымен қатар басқа да көптеген мамандар қызмет етеді; еңбекті бағалау керек; театр - әдептілік ережелері сақталатын мәдени орындардың бірі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**
Балалармен	**"Торғай-торғай,**	**Тілге арналған**	**"Үйдің есігін**	**"Торғайдың әні"**	**"Жұмбақ сан"**

жеке жұмыс	**тоқылдақ" артикуляциялық жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. Халық ауыз әдебиеті. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**жаттығу.** Әртүрлі өлеңдер оқу. Әйнегі - күн, шатыры - аспан, Кең дала.... Төсі толған егін. Көлдері күміс шашқан, Қазақстан - Республикам менің! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**жабайық" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Заттарды көлемі бойынша салыстыруды, қалың және жұқа заттарды ажыратуды үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)**	**артикуляциялық жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Ж. Сымақов. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды қарапайым математикалық амалдар қосу мен азайтуды шығаруға дайындауға, алғашқы ондықтағы алдыңғы және кейінгі сандарды анықтау дағдыларын бекітуге ықпал ету; Барысы. Мысалы, үштен үлкен сан, бірақ бес санынан кіші; қандай сан үштен кіші, баладан сол санды табуды сұрау. Бала әртүрлі сандарды атайды, ал тәрбиеші аталған саннан үлкен немесе кіші санды айтады. Кейін баламен рөл ауыстыруға болады. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)**
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау.				
Серуен 16.50-17.50	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)**				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30	"Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы" тақырыбында кеңес.	Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру".	Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады".	Айына бір рет"Отбасы күнін" өткізу.	Сұрақ-жауап: "Балада салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған, отбасы дәстүрлері".

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы				
Топ/сынып	**Ересек топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Құралай» ересек тобы				
Балалардың жасы	**4 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Орманова А. Калжанова М.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**26.06. - 30.06.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	26.06.23ж	27.06.23ж	28.06.23ж	29.06.23ж	30.06.23ж
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.50	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Қуыршақтарды жуындыру".** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешіге қуыршақты жуындыруға көмектесуге үйрету: суға салынған қуыршақтарды шаюға, оларды щёткаңың көмегімен тазалауды меңгерту. Сумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Ересектерге көмектесу ниетін, еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Біз ойын бөлмесі мен жатын бөлменің терезе алдын, дымқыл матамен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс істеу барысында, келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, матаны сулау және сығу, кірлеген кезде сумен жуу. **(еңбек дағдылары)**		**"Таза орындықтар".** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын бөлмесіндегі орындықтарды таза және ұқыпты ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүрту; оқу қызметінен кейін орындарына қою. Еңбек дағдылары мен жұмыс барысында мәдени – гигиеналық талаптарды сақтау біліктіліктерін дамыту. Ересектерге көмектесу ниетін, еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларда өз төсектерін күтіп ұстау біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу, басқаларға көмектесуге ұмтылу; еңбекке баулу; өзіне-өзі қызмет көрсетуге дағдыландыру. **(еңбек дағдылары)**
	"Сипаттамасы бойынша таны" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту (зат есі мен сын есімді байланыстыру). **(сөйлеуді дамыту)** **"Қатарға тұрып билейік" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу барысында ырғаққа сай қозғалып, сөздерді бірге	**"Лото" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: қоршаған ортамен таныстыру, танымдарын кеңейту. Лото көптеген түрлі ойын жағдайларын модельдеуге мүмкіндік береді. Ойын барысында логикалық ойлау, байқампаздық, зейін, есте сақтау қабілеті дамиды, ұсақ қол моторикасы		**"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көкөністер).** Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс пен көгөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы,	**"Өрнекті құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: зейін, қабылдау, ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыту, түстер жайлы білімдерін бекіту, шығармашылық қабілеттерін ұштау. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** **"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау

	айта жүріп, айтылған дене мүшелерін қозғауға машықтандыру; қабылдау, зерек болу қабілеттерін, вестибуляр аппаратын дамыту. Жаттығуды көңілді әуен жазбасын қосып өткізуге болады. Қатарға тұрып билейік, Мүшелерді көрсетейік: Басты оң-солға бұрып, Қос иықты көтерейік. Қатарға тұрып билейік, Мүшелерді көрсетейік: Жоғары қол көтеріп, Бұлғап, төмен түсірейік. Қатарға тұрып билейік, Мүшелерді көрсетейік: Аяқты кезек көтеріп, Маршпен шапалақтап жүрейік. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	жетіледі. **(танымдық дағдылар)** **"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**		тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көкөністердің кескіндері. - Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш). - Алдарыңдағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар жемістер мен көкөністерді атайды) - Оларды қандай бір сөздермен біріктіреміз? (Жемістер, көкөністер.) - Суреттегі көкөніс пен жемісті өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** **Пазл жинау ойыны.** Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасы мен қозғалыс координациясын дамыту, тапсырманы жан-жақты қырынан көру қабілетін жаттықтыру, развивает логикаларын дамыту,	қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері. Педагог суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді. Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы. Мақсат-міндеттер: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. "Төрт досым". Төрт досым жанымнан өткен: Жаз, күз, қыс және көктем. Ұмытпаймын не бүгін, не ертең: "Жаз, күз, қыс және көктем". Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

				табандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **(математика негіздері)** **"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту. Құралдары: геометриялық пішіндер жинақнамалары, шаршы пішінді парақтар. **(математика негіздері)**	
Таңертеңгі жаттығу 8.40-9.10	Кешенді жаттығу. Балалардың денсаулығын нығайтуға ықпал ету, күнделікті жаттығу әдетін қалыптастыру. Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Бір отырып, бір тұрып, Бойымызды созайық. Белімізді жазайық. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас 9.10-9.30	Балалардың беті-қолдарын жуу, таңғы асқа отыру. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз қонаққа келді".** Мақсат-міндеттер: балаларды, мәнерлеп оқу,	**Әңгімелесу: "Құс ұясын бұзба; ағаштарды сындырма; демалып отырған орнына**		**"Еркелетіп ата" дидактикалық ойыны** Мақсат-міндеттер: сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жана сөз құрау.	**"Тікұшақ қайда ұшып барады?" дамытушылық жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды суретке қарап, тікұшақтың қай

	пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру. Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер. Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау) Қандай әсем, қараса. (Қолды екі жаққа жаю) Мұнда әсем түймедақ, ("Түймедақ" - балалар ортаға шығып,қол бұлғайды) Жайқалып тұр, тамаша, Көбелек пен аралар ("Аралар" мен "көбелектер" жәндіктерді келтіреді) Гүлге қонды, жарыса! Шөп арасын қарасаң, Бүлдірген бар қызарған.("Бүлдіргендер" жүгіріп шығып,беттерін ұстап, бастарын шайқайды) Жасырынып жатқаны, Көзге түспей, тәп-тәтті! Еңкейіп кеп, ерінбей, (Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады) Теріп салам себетке.	**қоқыс тастама; бұлақты ластама".** Мақсат-міндеттер: табиғатты аялау қағидаларына бейімдеу. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**		**(сөйлеуді дамыту)**	жаққа ұшып бара жатқанын анықтап айтуға машықтандыру; кеңістікті, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін пысықтау. Педагог балаларды алдын-ала тікұшақтың қалай қозғалып, ұшатынын бейнежазбалар арқылы көрсетеді. Солдан соң түрлі бағыттарға ұшқан, түрлі кеңістік пен жазықтықта ұшып-қонғаны туралы суреттерді кезегімен көрсетеді. Құралдары: тікұшақтың жоғары, төмен, оң, сол жақтарға ұшқаны туралы суреттері. Балалар мысалы жауаптары: "Тікұшақ солға ұшады", "тікұшақ солға ұшады", "тікұшақ жоғары ұшады", "тікұшақ төмен ұшады", "тікұшақ жерге қонады", "Тікұшақ аспанда ұшады". Балалар тікұшақтың иілгіш екенін байқайды. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**

	Кіп-кішкене, моншақтай, Әсер етер тәбетке. Аударған А. Көкенова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.30-10.25	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Нұрлы күн" Мақсат-міндеттер: Жазғы ауа-райы,жазғы күннің ерекшелігі туралы түсіндіру.	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Күлімдеп тұр нұрлы күн" Мақсат-міндеттер: Балаларды аяқтың ұшымен тұру; қолын беліне қойып, бір аяқпен тұруға; көлбеу тақтаймен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүру іскерліктерін жетілдіру; қатарға екеуден тұру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар допты алысқа дәлдеп лақтыру дағдыларын дамыту. **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Әңгімелеп үйренеміз. А. Осеева "Тәтті тоқаш" Мақсат-міндеттер: Балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойларын еркін айтуға үйрету; оқылған әңгіменің		**Сурет салудан ойын-жаттығу** «Аспандағы ғажайып құс» Мақсат-міндеттер: Балаларды аспандағы құстың суретін салуға, дене бөліктерінің пішінін бере білуге үйрету; ұсақ қол моторикасын , зейіндерін, қиялдарын, жазықтықты бағдарлай білу біліктіліктерін дамыту ; бояу, қылқаламмен сурет салуға жаттықтыру; сұлулық жайлы түсініктерін кеңейту, табиғат нысандарына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Әсем табиғат" Мақсат-міндеттер: Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті	**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Әрқашан күн сөнбесін!" Мақсат-міндеттер: Аспан денелерімен танысуды жалғастыру, жердегі жарық пен жылу көзі күн туралы кеңірек түсінік беру. Күннің жердегі тіршілік үшін маңыздылығын анықтау. Балалардың жансыз табиғат туралы білімдерін кеңейту. Табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу.

		мазмұнын меңгерту; еңбекті бағалап, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру; оқиғаны өмірмен байланыстыра айту дағдысын дамыту; ата-анаға, үлкендерге сыйластыққа тәрбиелеу.		дамыту; өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті қабылдауды дамыту.	
Серуенге дайындық 10.25-10.40	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.40-12.10	**Гүлзардағы гүлдерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: гүлдің өсуі мен дамуын бақылауды жалғастыра білуге дағдыландыру; ойлау, зейін, қабылдау қабілеттерін дамыту. Балаларға календула, космея гүлдерін салыстыруға шақыру. **Еңбек әрекеті:** дала өсімдіктеріне күтім жасау (қопсыту, суғару, шөптеу). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: Ұжымдық еңбектен алатын жағымды сезімдерін тәрбиелеуді жалғастыру. **"Кім спортшы?"**	**Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртқы дене ерекшеліктері, тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету; сөздік қорларын молайту. "Торғайдың әні". Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Ж. Сымақов. Торғайдың қимылдарын бақылап,		**Раушангүл бұталарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: Өсімдіктердің өсуі мен дамуын бақылау, табиғи ортаға қамқорлық көзқарасты қалыптастыруды жалғастыру. **Еңбек әрекеті:** гүлдерді суару. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеу, тапсырманы тиянақты орындау. Су құйғыштарды қолдану. **"Саны қанша – сонша**	**Кемпірқосақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: жаз мезгілінің ерекшеліктерін, табиғатта болатын өзгерістер жайлы түсініктерін бекіту, "кемпірқосақ" жайлы түсініктерін кеңейту. "Кемпірқосақ". Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Суретші екен табиғат, Бояуларын дайындап, Түр-түсін дәл тауыпты, Кемпірқосақ салыпты. Ш. Әлдибекұлы. **Еңбек әрекеті:** ойын алаңын ұсақ бұтақтардан жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: бірлесіп

	жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Кім спортшы? Тек алға! (Орында адымдау) Жаттығуда адымда. Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру) Бір-екі, бір-екі. Денемізді иеміз, (Алға еңкею) Бір-екі, бір-екі. Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру) Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу) Аяқты алшақ, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру) Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау) Бізде бәрі тамаша! Спортшы болсаң, шаршама! (Қол шапалақтау) **"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Ойын мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру;	құстың екі аяқпен секіретіні, алаңның өзге жеріне секіріп, қанаттарымен бір-екі рет қағып, тез жете білетіні, ағаш бұтасына шыр етіп ұшып кететіні туралы әңгімелеу. **Еңбек әрекеті:** ойын жабындысын жинау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамыту. **"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде		**гүл (саңырауқұлақ, жапырақ, тас, бұтақ) жинаймыз" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың заттар жиынын санға сай құрастыруға дағдыландыру; зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: жасанды не гүлдер, не жасанды жапырақтар; не тастар, ағаштардан түскен ұсақ бұтақтар. Педагог балаларға цифрді көрсетеді немесе ауызша санды атайды, балалар санға сай заттар жиынын құрастырады. Заттар жиынын жекеше немесе шағын топтарға бөлініп, құрауға болады. **"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін	жұмыс істеу, ортақ тапсырманың орындалуына қол жеткізу, өзара көмекке тәрбиелеу. **"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс. **"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі. Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке

	зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақ сүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақ сүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Жабдығы: ақ сүйек. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту**	таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. **"Бақшадағы тауықтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: орташа қарқындағы жүгіруде, жартылай отыруды және қанаттарын қаққан қозғалысты келтіруді жаттықтыру. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейіндікке тәрбиелеу, қозғалыс		дамыту; достыққа тәрбиелеу. Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған**	сақаларын үйіріседі. Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді). Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады. Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады. Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді. Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді. Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді. Ұтылған бала ойыннан шығып қалады. Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі. **"Түрлі-түсті жолақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене**

	ойыны "Тастардан секіру". Мақсат-міндеттер: тепе-теңдікті дамыту.	координациясын дамыту. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, дымқыл құммен ойындар.** Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын дамыту.		**материалмен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндеттер: құрдастарымен қарым-қатынас жасау біліктіліктерін қалыптастыру.	**шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: кеңістікті жылдам бағдарлау біліктіліктерін дамыту, кемпірқосақ түстерін бекіту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты, көру қабілеттерін дамыту "Нысанға тигіз".
Серуеннен оралу 12.10-12.25	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас 12.25-13.10	Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы 13.10-15.30	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.50-16.10	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.10-16.40	**"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар: Әртүрлі заттар мен ойыншықтар.	**"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; қиялдарын, зейіндерін дамыту; алғырлыққа,		**"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды	**Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".** Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту. Барысы. Жүргізуші. 1 Нұсқа. Педагог жұмбақты ым-

	Барысы. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін. Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады. Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді. Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын "Экологтар".** Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы	байқампаздыққа тәрбиелеу. Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты шеңбер немесе шеңбер құрып отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін, бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындайды. Бастаушы допты кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе " аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды. Мысалы, "су"- балық атаулары, суда өмір сүретін тіршілік иелері, "аспан" - құстардың немесе ұшатын жәндіктердің атаулары," жер" - жан-жануарлардың, жәндіктердің атаулары. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжеттті-рөлдік ойын "Аналар мен қыздар".**		біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Әртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар. Барысы. Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды. Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б.. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	ішарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді. 3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын."Дәріхана".** Мақсат-міндеттер: балалардың дәріхана жұмысшыларының мамандығы (фармацевт, провизор) жайлы түсініктерін бекіту; әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық пішінді дәрілер, сөмкелер, ақ халаттар, төлемақыны қамтамасыз ететін карточкалар мен жетондар. Барысы. Педагог алдын-ала балалармен дәріханада жұмыс істейтін мамандар туралы әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада медициналық көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын

	жайлы ұғымдарын кеңейту. Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді жалғастыру. Ойын барысында өзара әрекеттесуге және ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ету. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**		**Сюжетті-рөлдік ойын "Балалар кітапханасы"** Мақсат-міндеттер: ойын арқылы қоршаған орта туралы білімдерін көрсету, кітапхананың әлеуметтік маңыздылығын көрсету; кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: оқырман формулярларын рәсімдеу, кітапханашының өтінім қабылдауы, картотекамен жұмыс, кітап беру, оқу залының жұмысы. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	анықтайды. Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөлісіп алады; қалғандары тұтынушы болады; өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балаларға дәріханаға бірінші тұтынушы келіп, ойынды бастайтынын айтады. Басында педагог диалогтарды түзетіп,күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**
Балалармен жеке жұмыс	**"Сөздегі дыбысты анықта" ойын жаттығуы.**	**"Өрнекті жина" дидактикалық**		**"Сөйлем құра"дидактикалық**	**"Жаз" тақырыбына әңгімелесу.**

	Мақсат-міндеттер: балалардың фонематикалық есту қабілетін, сөйлеу тілін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)**	**ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауын дамыту. **(математика негіздері)**		**ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды берілген сөзге сөйлем құрау білуге дағдыландыру, сөздік қорларын молайту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	Мақсат-міндеттер: сұрақтарға толық, нақты жауап беру біліктіліктерін пысықтау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау.				
Серуен 16.50-17.50	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)**				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30	"Балалалық ұяңдық" тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес.	"Жаман әдеттерден қалай құтылуға болады?" тақырыбында әңгімелесу.		"Балабақшадағы күн тәртібі" тақырыбында әңгімелесу.	Кеңес "Баланы еңбекке баулу".

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ						
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы					
Топ/сынып	**Ересек топ**					
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Құралай» ересек тобы					
Балалардың жасы	**4 жасар балалар**					
Педагогтің аты-жөні	Орманова А. Калжанова М.					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**01, 03.07. - 07.07.2023ж.**					
Апта күндері	***Сенбі***	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	01.07.23ж	03.07.23ж	04.07.23ж	05.07.23ж	06.07.23ж	07.07.23ж
Күн тәртібі						
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**					

8.00-8.50						
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Ойыншықтарды жөндеу".** Мақсат-міндеттер: балаларды ойыншықтарды жөндеуге тарту; ойыншықтарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Ойыншықтарды орындарына жинау".** Мақсат-міндеттер: өз бетінше топ ішіндегі тазалықты біліктіліктерін жетілдіру. Топтың тазалығын реттеу (ойыншықтарды, құрылыс материалдарын жинау). Эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу, еңбекке баулу. **(еңбек дағдылары)**	**"Өсімдіктердің жапырақтарын сүрту".** Мақсат-міндеттер: жапыраққа қолды батырмай, дымқыл шүберекпен ұқыпты сүрту, гүлдерді аялауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Кірлеген орамалдарды ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**		
	"Қайсы ең ауыр?" логикалық жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдары: заттар және олардың заттық	**"Қызғалдақтай саусақтар" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Қызғалдақтай саусақтар, Өсіп тұр қатар-қатар. (Саусақтарды жыбырлату) Бір - саусақ, қызғалдақ,	**"Сөз мағынасы" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өз ойын нақты жеткізуге, заттың ерекшелігін сипаттай отырып, оның қолданылуының негізгі түрін көрсете білуге үйрету. Балаға сөздің мағынасын түсіндіруді ұсыну: "велосипед", "пышақ", "қалпақ", "доп", "хат", "қолшатыр", "жастық", "шеге", "есек", "гауһартас", "біріктіру",	**"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың суреттері. Мысалы. Ат - шабады, жүреді,		

	суреттері (алма, кесе, сопақ пішінді шар, дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа, қарбыз, лимон, доп, қияр) Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды салыстыруға ұсынады. Жауаптарын айтып болғаннан кейін балалар шынайы заттарды қолға алып, қайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады. Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады. Балалар заттың көлемі мен оның салмағы бірдей еместігін түсіндіреді. Педагог заттардың қасиеттеріне көңіл аудару туралы айтады. Мысалы: әуе шары жеңіл ауаға толған, қарбыз - жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су салмақты қосады).	Екі - саусақ, қызғалдақ, (Саусақтарды кезегімен жұдырықтан шығарып отыру) Үш, төрт, бес саусақ, Барлығы да қызғалдақ. (Қолдарды тік ұстап, айналдыру) Қолда бір шоқ қызғалдақ, (Алақандарды өзара уқалау) Шапалақ қақ, шапалақ. (Шапалақтау) Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	"күрек", "қылыш", "ыңғайсыздық", "ержүрек", "батыр", "өлең" және т. б.. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** **"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру. Жау, жау, жаңбыр, селдетіп, Күткеніміз сең едің. Жас егін де ер жетіп, Желкілдетсін желегін. Жау, жау, жаңбыр, тағы да, Дала, тауға көрік бер. менің еккен бағымда, Өссін жүзім, өріктер. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	жортады, жатады, секіреді. Құрт - жорғалайды. Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады. Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады. Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді. Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды. Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді. Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **)**		
Таңертеңгі жаттығу 8.40-9.1	Оятуға қуанышты, эмоционалды жағдай орнату, ағзаның барлық мүшелері мен жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуін дамыту. Кешенді жаттығу. Ал балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық.					

	Оңға қарай бұрылып, Солға қарай бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Ұйқымызды ашайық. **(дене шынықтыру)**					
Таңғы ас **9.10-9.30**	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Қолды көбік пайда болғанша сабындау, мұқият шаю, құрғақ етіп сүрту дағдыларын пысықтау. *Көркем сөз* Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқаңды түзу ұста, Жан-жағына қарама. Асыңды ішіп, болған соң, "Рақмет" айт аспазға. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**"Жидектер жинау" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: түстерді (жасыл, қызыл) қабылдауды, ұсынылған түстердің аталуын ажырату және сөйлеу кезінде қолдану біліктіліктерін дамыту. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**Әңгімелесу: "Бау мен бақша".** Мақсат-міндеттер: бау және бақша өсімдіктері жайлы қарапайым ұғымдарын қалыптастыру; бау-бақшадағы мезгілдік жұмыстар жайлы түсініктерін қалыптастыру; еңбекке баулу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. "Төрт досым". Төрт досым жанымнан өткен: Жаз, күз, қыс және көктем. Ұмытпаймын не бүгін, не ертең: "Жаз, күз, қыс және көктем". **(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)**	**"Жаз" тақырыбы бойынша иллюстрацияларды қарастыру.** Мақсат-міндеттер: жаз мезгіліндегі табиғаттағы өзгерістер жайлы түсініктерін кеңейту, жазғы табиғат сұлулығына деген жағымды-эмоционалды қарым-қатынас қалыптастыру. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**		
Білім беру ұйымының кестесі бойынша	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** Ы. Алтынсарин	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу**	**Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Ертегідегідей гжель"	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**		

ұйымдастырылған іс-әрекет **9.30-10.25**	"Аурудан аяған күштірек" (әңгімесін оқу, мазмұны бойынша әңгімелеу) Мақсаты: Балаларды өмірдің әртүрлі жағдайларында саналы әрекет жасауға үйрету; анаға деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу, орын алған жағдайларды бағалай білуге дағдыландыру; өзіне және өз күшіне сену қасиеттерін дамыту; анасына деген құрмет сезімге тәрбиелеу.	«Лунтик пен оның достарының саяхаты» Мақсат-міндеттер: Санақ негізінде екі топ заттардың теңдігі мен теңсіздігі туралы білімдерін бекіту; 5 шегінде санау қабілетін қалыптастыру; зейін мен есте сақтауды дамыту; ұқыптылыққа, зейінділікке тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Маусымжан" Мақсат-міндеттер: Балалардың педагогпен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.	Мақсаты: "Ертегідегідей Гжель" тақырыптарында балалардың сөздік қорын дамыту. Балаларды ермексазбен дәстүрлі емес тәсілдермен жұмыс істеуді үйретуді жалғастыру; ұсақ қол маторикасын дамыту; өткен мүсіндеу тәсілдерін бекіту; тегістеу, кесектен үзіп алу; гжель ыдысы, ертеде, қолөнер шеберлері, т.б. *«Ыдысты құрастыр» ойыны.* **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Құлпынайдан жасалған тосап" Мақсат-міндеттер: Балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіруге үйрету; балаларда сапта бір-бірден аяқтың ұшымен жүру; аяқтың ұшымен жүгіру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы құрсауларды домалату іскерліктерін жетілдіру.	"Жидектер" Мақсат-міндеттер: Балалардың жидектер туралы, олардың сыртқы түрінің ерекшеліктері, өсу орындары туралы, олардың түрлерімен, адам өміріндегі пайдасымен таныстыру; жидектер мен олардан жасалатын өнімдердің атауларына байланысты сөздік қорларын байыту, "жидектер" туралы жалпылама түсініктерін қалыптастыру; еске сақтау, байланыстырып сөйлеу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.		

Серуенге дайындық 10.25-10.40	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**					
Серуен 10.40-12.10	**Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: құмырсқалармен олардың тіршілігімен, олардың басқа тіршілік иелеріне тигізетін пайдасымен таныстыруды жалғастыру; танымдық әрекеттерін белсендету, бақылауға деген тұрақты қызығушылықты дамыту. "Құмырсқа". Қаламайды құмырсқа Қаңғыруды, билеуді. Тыным алмай, ырысқа Толтырады илеуді. Тапқан заты ауыр боп, Түссе бірі әлекке, Қауымдасқан бауыр кеп, Келеді тез көмекке. Ауыртпалық көрмедім Олар алып жықпайтын. Қиындық аз дер едім Түбі жеңіп шықпайтын.	**Мезгілдік өзгерістерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: жаз мезгілінде өсімдіктер мен жан-жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістерді анықтауды дағдыландыру; жазғы ауа-райы жайлы түсініктерін кеңейту. Көркем сөз. "Жазғы сурет". Артымнан ай туғандай, Алдымнан күн. Түнде жұлдыз күлімдеп, Қағады ым. Мөлдір бұлақ, Сырлы өзен суы тұнық Кенет сылдыр етет те, Болады жым... Аппақ болып көсіліп, Бұйраланып, Бұрқ-сарқ ағып, көпіріп	**Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды табиғат құбылысы-жаңбырмен таныстыруды жалғастыру. Жаңбырдың өсімдіктердің өсуіне тигізетін ықпалы жайлы айту. Балаларды сөйлеу барысында жаңбырды сипаттайтын сын есімдерді қолдануды үйрету. Балалармен жазғы жаңбырды бақылау. "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс!	**Инелікті бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: инелік жәндәгәне деген қызығушылықты ояту; инеліктің сыртқы пішінін байқап, қимылын бақылап, өзге жәндіктерден ажыратуға дағдыландыру. Ұшағым бар кіші, Мінбейді еш кісі. (Инелік) Педагог балалардан инеліктің қандай көлік түріне ұқсастығы бар екендігін сұрайды. Инеліктің қимылына қарап, адам тіқұшақты ойлап тауып, құрастырғанын айту. Инеліктің батыл, шапшаң жәндік екендігін түсіндіру. Балаларға Б. Житковтің "Батыл үйрек" әңгімесін мазмұндап беруге болады. **Еңбек әрекеті:** ойын алаңын ұсақ қураған		

	Неге? Айтсақ дұрысын: Демей ұсақ, ірісің, Бірі істейді бәрі үші, Бәрі істейді бірі үшін! Қ. Мырзалиев. **Еңбек әрекетін:** ойын алаңын жинау. Мақсат-міндеттер: балаларда қалыптастыру; тәртіпке саналы қарым-қатынасты, тазалық кезінде бастама мен дербестікті ынталандыру. **"Жидектер жинаймыз" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: түстерді (жасыл, қызыл) қабылдауды үйрету; ұсынылған түстерді ажырату және сөйлеу барысында атауларын қолдану біліктіліктерін дамыту. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті:** шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту. "Алысқа секір". Мақсат-міндеттер: ұзындыққа секіруді	Жатар жайқын. Мөлдір судан бетімді Көрейін деп, Үңіледі өзенге, Шыңырау - шың. Ж. Саин. **Еңбек әрекеті:** гүлзардағы гүлдерді суару. Мақсаты: балаларды үйрету сәйкес еңбек әрекетін дамыту. . **"Өз түсінді изде" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: түс пен пішінді көру арқылы қабылдауды дамыту; түстерді жылдам атап, белгілі қимылдарды орындауға; есте сақтау мен зейінді дамыту. Балалар белгілі пішінді көрген кезде негізгі қимылдардың бірін орындайды (алға екі аяқпен секіру; бір аяқпен секіру, аяқты жоғары көтеріп жүру, т.б.). **Өз бетімен еркін ойын әрекеті:** шығарылған	(Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) **Еңбек әрекеті:** берілген тапсырманы ересектермен бірігіп орындау, гүлзардағы гүлдерді түптеу. Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс жасауға, қойылған мақсатқа ортақ күш-жігермен жетуге баулу. **"Тым-тырақай" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.	бұтақтар мен жапырақтардан жинау. Мақсат-міндеттер: өз ойын аумақтарын жинау барысында жабындыны ретке келтіру, тазалық жүргізу құрылдарын ұқыпты қолдану, қауіпсіздік техникасын сақтау сияқты бастамаларды ынталандыру. **"Инеліктің әні" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ырғақты, мәнерлі сөйлеуді дамыту; қимыл-қозғалыс координациясын жетілдіру. **"Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды әртүрлі бағытта жалтарып жүгіруде жаттығу, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" болып бір-екі бала санамақпен тағайындалады.		

	жетілдіру.	материалмен алаңдағы ойындар; "Допты тап"қимыл-қозғалысты дамыту ойыны. Мақсат-міндеттер: байқампаздықты дамыту. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту.	Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. **"Затты жылдам ал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңбер бойымен жүруді, жүгіруді, би қимылдарын орындауды, белгі бойынша әрекет етуді үйрету; ептілікті, жылдамдықты дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, аттап жүру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсаты: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту.	Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады. Ойынның соңынанда балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті:** шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту. Мақсат-міндеттер: жүгіру кезіндегі жылдамдыққа жаттықтыру.		
Серуеннен оралу 12.10-12.25	Далаға киген киім-кешектері мен аяқ киімдерін тазалау біліктіліктерін бекіту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.					
Түскі ас 12.25-13.10	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Қолды көбік пайда болғанша сабындау, мұқият шаю, құрғақ етіп сүрту дағдыларын пысықтау.					

	Көркем сөз Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқаңды түзу ұста, Жан-жағына қарама. Асыңды ішіп, болған соң, "Рақмет" айт аспазға. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**					
Күндізгі ұйқы 13.10-15.30	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.					
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	Шынығу мақсатында деңсаулық жолдарымен жүру. Көзге арналған жаттығу. **(дене шынықтыру)**					
Бесін ас 15.50-16.10	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.10-16.40	**"Компот немесе тосап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: жемістер мен жидектерді ажыратып, өсу орнын анықтау біліктіліктерін дамыту. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын "Театр".** Мақсат-міндеттер: балаларды өзіне жүктелген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалар арасындағы достық қарым-қатынас қалыптастыру. Мәдени	**"Ғажайып қап" дидактикалық ойын.** Мақсат-міндеттер: балалардың кейбір бұйымдар жайлы түсініктерін бекіту; байланыстыра сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту, зейіндерін тұрақтандыру. Жүргізуші балалардың алдына қап қояды. Ойыншылар қапқа қолдарын салып, сипап сезу арқылы затты анықтау керек. Кейін затты сипаттап,	**"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: жалпылама сөздер "Жидектер", "Жемістер" жайлы түсініктерін бекіту. Сөздік қорларын молайту. Барысы. Балалардың алдына бақшаның, ағаштың, бұталардың, макеті қойылады. Бала бір жемісті немесе жидекті таңдайды, оны сипаттайды және сәйкес ағашқа, бақшаға немесе бұтаға бекітеді (жапсырады). **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	**"Түлкі, қоян және әтеш" үстел үсті театры .** Мақсат-міндеттер: сөйлеу тілі мен тілдік қарым-қатынасты дамыту. Ертегі мазмұндауына қосылу. Дыбысты нақты дыбыстау. Рөлдерге бөлу барысында балалар өзара келісіп, бір-біріне шыдамдылық және сыйластық танытуға дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **Сюжетті-рөлдік ойын"Пиццерия".**		

	ошақтар олардың әлеуметтік маңызы жайлы ұғымдарын бекіту. Балалардың театр, театр труппасы, театр қызметкерлері жайлы білімдерін бекіту. Театр жұмысының ұжымдық мінезін көрсету, сөйлеу мәнерін дамыту. Құрал-жабдықтар: ширма; әртүрлі театр түрлері; афишалар; билеттер; бағдарлама; костюм элементтері. Барысы. Балаларға театр таңдау ұсынылады; билеттер, афишалар дайындау; көрермендердің театрға келуі; әртістердің спектакльге дайындығы; театр қызметкерлерінің сахнаны қойылымға дайындау; антракті бар спектакль. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**	неден жасалғанын, пайдаланылуы жайлы айтады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыур)** **Сюжетті-рөлдік ойын: "Ұшақпен саяхат"** Мақсат-міндеттер: балалардың әуе көліктері, ұшақ оның қолданысы, ұшаққа қызмет көрсету әдістері жайлы білімін кеңейту. Жер пейзаждарының сұлулығын көре білуді үйрету, ұшқыш мамандығына құрметпен қарауға, батылдыққа тәрбиелеу, сөздік қорларын кеңейту: "ұшақ", "ұшқыш", "стюардесса", "ұшу". Балалар ұшқыш, стюардесса, диспетчер, жүк тасушы, әуе жай қызметкері рөлдерін өзара бөліп алады. Ниет білдірушілер билеттерді кассадан сатып алады, бақылаудан өтіп,	**Сюжетті-рөлдік ойын "Жас экологтар".** Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту. Ойын барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді;	Мақсат-міндеттер: өз бетінше рөлдерді бөлу және рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалардың достық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Балаларды ойын барысында қоршаған өмір жайлы білімдерін кеңінен қолдануға жетелеу. Керекті-құралдар: алжапқыштар, ыдыс-аяқ жиынтығы; подносы; ас мәзірі; скатерти; орамалдар; майлықтар; азық-түлік жиынтықтары; пиццерия. Ойын барысында балалар өз дербестіктерін көрсетеді, үстелді таңдау; ас мәзірімен танысу; тапсырысты қабылдау; тапсырысты дайындау; ас ішу; тапсырысты төлеу; үстел үстін жинау, ыдыстарды жуу. Тәрбиеші диалог кезінде, әдеп ережелерінің сақталуын реттеуі мүмкін. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен**		

		ұшаққа отырады. Жүк тасушылар жүк тиеумен айналысады. Диспетчер ұшақтың ұшуын хабарлайды. Ұшу кезінде жолаушылар иллюминатордан (суреттегі бейнелерді) түрлі көріністерді – теңізді, тауларды, өзендерді, орманды қарастырады. Қайтып оралғаннан кейін балалар өз әсерлерімен бөліседі. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**	экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**	**таныстыру, еңбек дағдылары)**		
Балалармен жеке жұмыс	**Ойын-әңгіме: "Күн тәртібі және мен".** Мақсат-міндеттер: монологты сөйлеуді дамыту. **(сөйлеуді дамыту)**	**"Көңілді сан" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: тура және кері санауды дамыту, кезкелген ұсынылған цифрден санай бастауды меңгерту. **(математика негіздері)**	**"Одан кейін не?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың тәулік бөліктері, әртүрлі тәулік бөліктеріндегі балалардың әрекеттері жайлы білімдерін бекіту. **(математика негіздері)**	**"Не-қандай?" ойын жаттығуы** Мақсат-міндеттер: орман және үй жидектерін атау, сын есімді таңдау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**		
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау.					
Серуен 16.50-17.50	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)**					
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-**					

	гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**					
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30	"«Балаларға қандай ойыншықтар керек?" тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес.	Әңгімелесу: "Ойыншықтарды өзім жинаймын".	Әңгімелесу: "Пайдалы жидектер"	Ата-аналарға ұсыным: "Балаларға не оқуға болады?"		

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы				
Топ/сынып	**Ересек топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Құралай ересек				
Балалардың жасы	**4 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Орманова А. Калжанова М.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**10.07. - 14.07.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	10.07.23ж	11.07.23ж	12.07.23ж	13.07.23ж	14.07.23ж
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы				

8.00-8.50	алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Ойыншықтар шкафын реттеу".** Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетімен ойыншықтарды әдемі реттеп қоюға, үйрету. Шкафтағы реттілікті сақтау, шаң сүрту. Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамыту; эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу, еңбекке баулу. **(еңбек дағдылары)**	**"Ұйымшыл кезекшілер".** Мақсат-міндеттер: кезекші міндеттерін дербес және адал орындау. Тәрбиеші оқу қызметіне дайындаған материалдар мен нұсқаулықтарды үстелдерге орналастыру; оқу қызметінен кейін, жұмыс орнын жуу және жинау. Еңбексүйгіштікті, үлкендерге көмек көрсету ниеттерін дамыту. Үлкендердің еңбегін бағалауға, басқалардың игілігі үшін, еңбектену ниетін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".** Мақсат-міндеттер: бөлме өсімдіктерін тазалықта ұстау тәсілдері жайлы алған білімдерін нақтылау, балаларды өсімдіктердің сыртқы бейнесіне, құрылымына қарап шаңды анықтау және жою тәсілдерін үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**"Біз көмекшіміз".** Мақсат-міндеттер: тамақтан кейін ыдысты үстелден жинауды үйрету. Балаларды ересектерге шамасы келгенше көмек көрсетуге жетелеу. Еңбексүйгіштікті, үлкендерге көмек көрсету ниеттерін дамыту. Үлкендердің еңбегін бағалауға, құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Бет орамалдарды жуамыз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сабындау дағдыларын, майлықтарды шайқап, сығуға үйрету. Еңбек мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру. Еңбексүйгіштікті, сумен ұқыпты жұмыс істеу біліктіліктерін дамыту. Ұжыммен бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**
	"Өрнекті қайтала" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: есте сақтау мен зейінді	**"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру,	**"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бірнеше объектіні ортақ	**"Ал егер?" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауын, көру зейінділігін дамыту.	**"Қол шапалақта" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: бала зейінінің тұрақтылығы мен

	тұрақтандыруға ықпал ету. **(шығармашылық дағдылар)** **Көркем сөзді жаттау жаттығуы.** Мақсат-мінедеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Бақшада". Көңілді бар бала, Бақшаға, баққа енсек. Ойнаймыз аулада, Төбеміз әткеншек. Шешеміз жұмбақ та, Жаңылтпаш айтамыз. Кешкілік үй жаққа Үлкейіп қайтамыз. Б. Кірісбаев. **(көркем әдебиет)**	ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. Ережені есте сақтау жаттығуы. **(танымдық дағдылар)** **Жұмбақ жасыру. "Бағдаршамның шамдары".** Мақсат-міндеттер: балалардың жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Мен қауіптен абайлаймын: "Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын. Мен – ортаңғы дөңгелекпін,	белгісі, қасиеті бойынша біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту. Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ, ғимараттар, қыздардың және ұлдардың киімдері). **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** **"Кім спортшы?" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды	**(танымдық дағдылар)** **"Біздің үйдегі көмекшілер" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың тұрмыстық техникамен қолдану қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары жоғарыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру) Көрсетеді қолғабыс (Шаңсорғышпен тазалаған сыңай таныту) Кішкентай шаңсорғыш! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)	ауысуын, танымдық белсенділігін дамыту; ой-өрісін кеңейту. **(танымдық дағдылар)** **"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Жабдығы: асық. Ойынды санамақ арқылы таңдалған, қолында асығы бар бала бастайды. Асық қолға түскеннен кейін, бала, көп ұзамай, шеберде отырған кез-келген балаға қарай лақтырады. Асық лақтырылған кезде асық ұстаған бала: "Мен менің сол (оң)

		"Досым, дайындал!" – деп әлекпін. Мен рұқсат беріп тұрамын: "Жүре бер!" – деп шақырамын. Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды. **(көркем әдебиет)**	орындауға машықтандыру. Кім спортшы? Тек алға! (Орында адымдау) Жаттығуда адымда. Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру) Бір-екі, бір-екі. Денемізді иеміз, (Алға еңкею) Бір-екі, бір-екі. Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру) Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу) Аяқты алшақ, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру) Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау) Бізде бәрі тамаша! Спортшы болсаң, шаршама! (Қол шапалақтау) Аударған А. Кокенова. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру) Тоңазытқышты ашыңыз, (Екі қолды уқалау) Салқындап тұр асыңыз! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру) Шәй ішейік шәйнектен (Қолды алға сермеу) Ызылдайтын жәйменен! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ	жағымда (немесе қарама-қарсы) отырған Дастанға (есімі белгілі балаға) лақтырамын. Асықты алатын бала, асықтың қандай қалыпта жатқанын да айтып, содан соң асықты кімге және қай жаққа лақтыратынын таңдайды. Ойын осы бағытта жалғасады. Ескерту: асықтың түсетін қалыптары - бүк, шік, омпы, сомпы, тәйке, алшы. **(дене шынықтыру, танымдық дағдылар)**

				саусақтары алдыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Басып қалсаң тетігін, (Екі қолдың әр саусақтарын бір-біріне тигізу) Қайнап кетер тоқ пешім! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Өте пысық үтігім (Алақанның сыртқы жағын бі-біріне үйкелеу) Басар киім түтігін! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Аударған А. Кокенова. **(сөйлеуді дамыту,**	

				дене шынықтыру)	
Таңертеңгі жаттығу 8.40-9.1	Кешенді жаттығу. Балалардың денсаулығының нығаюына ықпал ету, күнделікті дене шынықтыру жаттығуларын жасау әдебін тәрбиелеу. Жаттығуды бастайық, Бұл әдеттен қашпайық. Ашайық тез ұйқыны, Жақсы өтсін бұл күнім! **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас 9.10-9.30	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Асхана құралдарын ұқыпты қолдану біліктілігіне, өтініш айтуға, алғыс білдіруге тәрбиелеу. *Көркем сөз* Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқанды түзу ұста, Жан-жағына қарама. Асыңды ішіп, болған соң, "Рақмет" айт аспазға. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Әңгімелесу: "Күн тәртібі не үшін керек?".** Мақсат-міндеттер: өз денсаулықтары мен күн тәртібіне, дұрыс қарым-қатынас қалыптастыру. **(математика негіздері)**	**"Тікұшақ (инелік) қайда ұшып барады?" дамытушылық жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды суретке қарап, тікұшақтың (инелік) қай жаққа ұшып бара жатқанын анықтап айтуға машықтандыру; кеңістікті, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін	**"Мысық қалай қимылдайды?" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды саусақ жаттығуын көрсетіп, сөзбен сүйемелдеуге машықтандыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Құралдары: саусақтарға тағылатын мысықтың маскалары. Мысық қалай қимылдайды?	**"Ауа-райына сай киінеміз" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ауа-райына сәйкес киіну ережелерін игерту; қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескерту; жазғы ауа-райы ерекшеліктері, адам денсаулығына келтіретін әсері жайлы ұғымдарын	**Әңгімелесу: "Мен-жаяу жүргіншімін".** Мақсат-міндеттер: балалармен көшеде жүру ережелерін бекіту, балаларға түрлі жағдайларда, жаяу жүргіншілер қалай әрекет ету керектігін, айтып беруді ұсыну. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы.**

		пысықтау. Педагог балаларды алдын-ала тікұшақтың қалай қозғалып, ұшатынын бейнежазбалар арқылы көрсетеді. Содан соң түрлі бағыттарға ұшқан, түрлі кеңістік пен жазықтықта ұшып-қонғаны туралы суреттерді кезегімен көрсетеді. Құралдары: тікұшақты жоғары, төмен, оң, сол жақтарға ұшқаны туралы суреттері. Балалар мысалы жауаптары: "Тікұшақ (инелік) солға ұшады", "тікұшақ (инелік) солға ұшады", "тікұшақ (инелік) жоғары ұшады", "тікұшақ (инелік) төмен ұшады", "тікұшақ (инелік) жерге қонады", "Тікұшақ (инелік) аспанда ұшады". Балалар тікұшақтың	(Қолдар үсте бетінде сол мен оң жаққа сермеп қозғалады) Көрсетейік осындайда. Ақырын аяқ басады, (Үстел бетімен саусақтар ұштарымен кезек жүргізу) Күшіктер қуса - қашады. ("Жүгірту") Орнынан, шап, секіріп, (Орнынан алға сермеп бір орнынан жылжыту) Төбеге ытқып шығады. (Шапалақтау) Мысыққа жылуда, жарықта (Алақандар үстелде, саусақтар созулы) Болу өте қызықты: Күнге көзін жұмып-ашып, (Саусақтарды орындарынан кезек көтеріп-орнына түсіру) Созылып тыныш жатады. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	жалпылау және толықтыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	Мақсат-міндеттер: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру. - Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар. Күлімдейді алтын күн. Жерде жатыр алтын құм. Құстар ұшты биікке. Сәбіз өсті жүйекте. Кіші болдық желектей, Өсеміз биік теректей. Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**

		(инеліктің) иілгіш екенін байқайды. **(танымдық дағдылар)**			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.30-10.25	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Балалар күні" Мақсат-міндеттер: Балалардың ойын-ауық әлемі туралы бұғымдарын жетілдіру; өз ойларын еркін жеткізуге, сөйлеуге баулу; есте сақтау қабілеттерін дамыту, тақпақтар,өлеңдер жаттау, мінерлеп айтуға дағдыландыру; достыққа, мейірімділікке, кішіге қамқор болуға, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Көңілді ойындар" Мақсат-міндеттер: Балаларды алға ұмтыла секіруге; сызықтар арасымен (10 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету; балаларда аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, тізені жоғары көтеріп жүруге; аяқтың ұшымен жүгіру іскерліктерін дамыту.	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Әдеби шығармалар әлемінде" Мақсат-міндеттер: Балаларға кітаптан білім алатындығын, оны шығару үшін көп адамдар еңбек ететіндігі жайлы түсіндіру; кітапқа деген қызығушылықтарын ояту; есте сақтау, түсіну дағдыларын дамыту; кітапты күтіп ұстауға тәрбиелеу.	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Батпырауық" Мақсат-міндеттер: Қарындаш/фломастер ді дұрыс ұстау, қағаз бетінде бағдарлау, түзу сызық, өрнек салу біліктілігін бекіту; ұсақ қол моторикасын дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салуға қызығушылықтарын арттыру; өзара көмек қолын созу сезімдерін тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Би билейміз баршамыз" Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.	**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** «Табиғат патшалығына саяхат» Мақсат-міндеттер: Балаларға қуанышты көңіл-күй туғызу, эмоционалды сезімталдықты ояту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін , сөйлеу қабілетін, тапқырлығы мен эрудициясын дамыту. Балаларды табиғатты сүюге, құрметтеуге, жануарлар әлеміне деген қайырымдылыққа тәрбиелеу.

				Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.	
Серуенге дайындық 10.25-10.40	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.40-12.10	**Теректі бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: терекпен таныстыруды жалғастыру, оны қарастыру, оған тән белгілерді, басқа ағаштардан айырмашылығын анықтау. **Көркем сөз. "Сұлу терек"** Кербезісің маңызданған, сұлу терек! Орандың желбіреген жасыл желек. Тұрасың ырғатылып такаппарсың, Басқа ағаш көрінбейді саған серік. Сымбатты, оқтай түзу бойың мінсіз, Бұл жақта сенде - ақ	**Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды аспанның ашық не бұлтты екенін анықтап; бұлттарды белгілі бейнелерге ұқсас екендігін байқауға машықтандыру; ой-қиялын, зейінін, бақылау қабілетін дамыту. Көркем сөз. "Аспанда". Аспан малға толып кетті - Бұлттар түлік болып кетті: Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты мешке болып. Бір бұлт шықты бие	**Шегірткені бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балалардың шегіртке, кейбір жәндіктердің қорғаныс түрлері жайлы білімдерін кеңейту, (қорғаныс түсі); жәндіктердің тіршілігіне қызығушылықтарын, байқағыштық біліктіліктерін дамыту; ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Балаларға шегіртке денесінің сыртқы реңкі (жасыл, қоңырқай) шөп, жапырақ, бұталардың түстеріне сай екендігін көрсету. Түстің неге осындай екенін сұрау.	**Көлікті бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: өтіп бара жатқан көлікті бақылауды, жеңіл және жүк көлігін және арнаулы көліктерді ажыратуды үйрету, байқампаздықты, өз ойын нақты жеткізе білу біліктіліктерін дамыту. **"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	**Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру. **"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы.** Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді. - Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап,

	көрдім мұндай көрік. Аспанға бой созасың үндемейсің, Такаппар, жалғыз өскен дәтің берік! Сәкен Сейфуллин **Еңбек әрекеті: гүлзарды қураған жапырақтардан тазалау.** Мақсат-міндеттер: бақша гүлдеріне дұрыс күтім жасауға үйрету. **"Бұл қандай ағаштың жапырағы?" дамытушы жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың ағаштар туралы білімдерін пысықтау; жапырақтарға қарап, ағаштарды ажыратуға дағдыландыру; зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдары: терек, шырша, емен, үйеңкі, қайын ның суреттері, жапырақтырының кескіндері. - Балалар, сендер	болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып.я Қ. Мырзалиев **Еңбек әрекеті: ағаштағы құрғақ бұтақтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: құралдарды қолдануды үйрету, еңбек біліктіліктерін дамыту. **"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші	Шегірткенің құстардан, кесірткелерден жасырыну амалы туралы түсіндіру. Абай Құнанбаевтің И. Крыловтан аударған "Шегіртке мен құмырсқа" атты мысалын оқып беруге болады. **Еңбек әрекеті: бақшадағы топырақты қопсыту.** Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, тазалыққа тәрбиелеу. Жабдықтары: күрекшелер мен тырнауықтар, қолғаптар. **"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Ойын мақсаты: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа	Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б. Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі: - Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз. Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады. **Еңбек әрекеті: ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру.** Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар,	түтікшеден желді үрлеп шығарамыз. - Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер. - Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер. **Еңбек әрекеті: гүлдердің тұқымдарын жинау.** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қағаздан қалташаларды қолдану. **"Тікұшақ (инелік) қайда ұшып барады?" дамытушылық жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды суретке қарап, тікұшақтың (инелік) қай жаққа ұшып бара жатқанын анықтап айтуға машықтандыру; кеңістікті,

	қандай ағаштарды білесіңдер? (Терек, шырша, емен, үйеңкі, қайын). - Осы жапырақтарды тауып, қандай ағаштан түскенін анықтайық. **"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып	шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. **"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер:	тәрбиелеу. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақ сүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз	щеткалар, қолғаптар. Мақсат-міндеттер: бастаған істі аяғына дейін жеткізуге баулу. **"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған	жазықтықты бағдарлау қабілеттерін пысықтау. Педагог балаларды алдын-ала тікұшақтың қалай қозғалып, ұшатынын бейнежазбалар арқылы көрсетеді. Содан соң түрлі бағыттарға ұшқан, түрлі кеңістік пен жазықтықта ұшып-қонғаны туралы суреттерді кезегімен көрсетеді. Құралдары: тікұшақты жоғары, төмен, оң, сол жақтарға ұшқаны туралы суреттері. Балалар мысалы жауаптары: "Тікұшақ (инелік) солға ұшады", "тікұшақ (инелік) солға ұшады", "тікұшақ (инелік) жоғары ұшады", "тікұшақ (инелік) төмен ұшады", "тікұшақ (инелік) жерге қонады", "Тікұшақ (инелік) аспанда ұшады". Балалар тікұшақтың

	ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады. Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен секіруге	балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа,ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Ойынды алаңның бірнеше жерінде бірнеше топ балалар үшін ұйымдастыруға болады. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	аталады. Жабдығы: ақ сүйек. **"Көбелектер" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: дамыту түрлі бағытта жүгіру кезінде, әрекет етуді келісу; ұлттық ойындарға деген қызығушылыққа тәрбиелеу. **Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, орыннан биікке секіру.** Мақсат-міндеттер: күшпен жылдамдықты біріктіру.	топтың балалары әндете өлең айтады. - Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс. **"Түрлі-түсті автокөліктер" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ойын ережесін сақтауды, тәрбиешінің белгісі бойынша, кеңістікті	(инеліктің) иілгіш екенін байқайды. **"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу. Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялайды: - Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт! Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды.

	дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді. Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен аландағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, жүгірумен кезектестіріп секіру.** Мақсат-міндеттер:ептілікті, зейінділікті дамыту.			бағдарлап, белгілі бағытта, бір-біріне соқтығыспай жүгіруді жетілдіру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен аландағы ойындар; қимыл-қозғалысты дамыту, белгі бойынша тоқтап, қайта жүру. Мақсаты: зерек болып жүру техникасын жетілдіру. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттер: ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.
Серуеннен оралу 12.10-12.25	Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу.				
Түскі ас 12.25-13.10	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Асхана құралдарын ұқыпты қолдану біліктілігіне, өтініш айтуға, алғыс білдіруге тәрбиелеу.				

	Көркем сөз Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқанды түзу ұста, Жан-жағына қарама. Асыңды ішіп, болған соң, "Рақмет" айт аспазға. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы **13.10-15.30**	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары **15.30-15.50**	Ұйқыларынан оянып, төсекте жатып жасайтын жаттығу; балалар жатқан қалыпта, төсектен тұрмай, көрпе астында аз мөлшерде орындайды. Жалпы дамытушылық жаттығу; (төсекте 2-3 минут) балалардың ұйқыдан, ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған жаттығу. Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында уқалау жолдарымен жүру. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас **15.50-16.10**	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.10-16.40	**"Сипаттамасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	**"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың орман және көгал өсімдіктері жайлы білімдерін бекіту; сөздердің жалғауларын нақты айту; есте сақтауларын дамыту. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	**"Еркелетіп ата" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: сөздер арасындағы қосымшаларды дұрыс байланыстыру. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** **Сюжетті-рөлдік ойын "Минимаркет"** Мақсат-міндеттер: балалардың азық-түлік дүкені	**"Ағаш бұл…" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: ой-өрісін дамыту, балалардың өз білімдерін іс-тәжірибеде қолдана білуге, бір затты әртүрлі көзқараста көруге мүмкіндік беру. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	**"Сипаттамасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**

	Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы". Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман) жайлы түсініктерін бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнеролик көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша	**Сюжетті-рөлдік ойын. "Менің жанұям".** Мақсат-міндеттер: өз бетімен жоспарланған сюжет үшін, ойын ортасын жасауға үйрету. Топпен жұмыс істеу ниетін тәрбиелеу. Барысы: балалар рөлдерді бөліп, өз бетінше ойнайды. Балалар өзара бір-бірімен ақылдасып, өз әрекеттерін жоспарлайды. Тәрбиеші диалогтардың нығаюына ықпал етеді, қосымша, бағыттаушы сұрақтар қоюы мүмкін. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**	түсініктерін бекіту, сатушы мен сатып алушы рөліндегі әрекеттерді игеру, мейірімді қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Сатушы балалардың қалауымен тағайындалады. Сатып алушылар қажетті құралдар (себет, қолданылатын қажетті құралдарды, қол арбаны, карточканы, тауарды таңдайды, сатушы тауарды жарнамалайды, бағасын айтады. Тәрбиеші ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**	**Сюжетті-рөлдік ойын "Тазабекте қонақта"** Мақсат-міндеттер: балалардың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тазалық құралдарын қолдану тәсілдері жайлы білімдерін кеңейту; гигиеналық шараларды күнделікті орындауды үйрету; тазалыққа, өз денсаулықтарын күтуге тәрбиелеу. Барысы. Ойын басында тәрбиеші балаларға топқа Тазабектен сыйлық келгенін хабарлайды. Ары қарай балалар ішіндегі заттармен танысады, әр заттың маңызын анықтайды. Тәрбиеші келген тазалық құралдарын қолданып, қуыршақты олармен пайдалануды үйретуді ұсынады. Балаларға балабақшадағы таңғы	**Сюжетті-рөлдік ойын "Аурухана"** Мақсат-міндеттер: дәрігер, медбике мамандығына қызығушылықтарын ояту; балалардың медицина қызметкерлерінің міндеттері жайлы білімдерін кеңейту; сауалнама жүргізу біліктіліктерін дамыту; жанашырлыққа, басқаларға қамқорлық танытуға, көмек көрсетуге талпынуға тәрбиелеу. Барысы: Ойынның барлық қатысушылары өз бетінше рөлдерге бөлініп, әрқайсысының міндеттерін талқылайды: дәрігер (науқасты қарайды, шағымын тыңдайды, емдеуді тағайындайды), медбике (алғашқы көмек көрсетеді, емдеу шараларын жүргізеді),

	маман) сияқты мамандардың қызметінің маңыздылығын талқылау қажет. Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табиғат тіршілігінің			жиынды немесе түскі ұйқы алдындағы гигиеналық шараларды көрсетуді ұсынуға болады. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**	науқастар (аурудың белгілерін бейнелейді). Арнайы киімдерді қолдануды ұмытпау керек. Балалар ойын барысында, өздерінің дәрігерге қараланған сәтін көрсете алады. Тәрбиешіге назарын балалардың науқастардың жағдайына жанашырлық танытып, қамқорлық көрсетуіне аударуы керек. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**

	заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**				
Балалармен жеке жұмыс	**Саусақ жаттығуы: "Апта күндері".** Мақсат-міндеттер: қол саусақтарының қозғалысын дамыту . **(сөйлеуді дамыту)**	**Әңгімелесу: "Балабақшадағы менің сүйікті ойындарым".** "Қане, көрсет" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, қабылдау, зейін, елестету, пантомималық қабілеттерін дамыту; көліктер туралы түсініктерді пысықтау; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту) Машина жүріп келеді,	**Әңгімелесу: "Менің сүйікті жан-жануарларым".** "Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу. Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері. Педагог суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір	**"Сипаттамасынан таны" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: сипаттау әңгімесін құрауды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту. (**"Қызғалдақтай саусақтар" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Қызғалдақтай саусақтар,	**"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту. **(математика негіздері)** **"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.

		көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту) Пароход жүзіп келеді, қане, көрсетші. (Алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелеңдету) Мотоцикл жүріп келеді, қане, көрсетші. (Екі қолды жұдырыққа түю, қолды кезек-кезек екі жаққа бұру) Тікұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту). Велосипед жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту, денені екі жаққа теңселту) Катер жүзіп келеді, қане, көрсетші. (Алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелеңдету) Автобус жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту) **(көркем әдебиет,**	рет сипаттама береді. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	Өсіп тұр қатар-қатар. (Саусақтарды жыбырлату) Бір - саусақ, қызғалдақ, Екі - саусақ, қызғалдақ, (Саусақтарды кезегімен жұдырықтан шығарып отыру) Үш, төрт, бес саусақ, Барлығы да қызғалдақ. (Қолдарды тік ұстап, айналдыру) Қолда бір шоқ қызғалдақ, (Алақандарды өзара уқалау) Шапалақ қақ, шапалақ. (Шапалақтау) Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	Құралдары: геометриялық пішіндер жинақнамалары, шаршы пішінді парақтар. **(дене шынықтыру)**

		дене шынықтыру)			
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау.				
Серуен 16.50-17.50	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)**				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30	"Театр қуыршақтарын жасау" тақырыбында кеңес.	Әңгімелесу: "Балалардың үйдегі ойыншықтары"	Кеңес: "Баланың көшедегі қауіпсіздігі".	Әңгімелесу: "Баланы еңбекке баулимыз".	Кеңес: "Бала тәрбиесіне онлайн ойындардың ықпалы".

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы				
Топ/сынып	**Ересек топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Құралай» ересек				
Балалардың жасы	**4 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Орманова А. Калжанова М				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**17.07. - 21.07.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	17.07.23ж	18.07.23ж	19.07.23ж	20.07.23ж	21.07.23ж
Күн тәртібі					

Балаларды қабылдау 8.00-8.50	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Таза орындықтар".** Мақсат-міндеттер: балаларды топтағы орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүрту; оқу қызметінен кейін, орындарына қою. Еңбек дағдылары мен біліктіліктерін, жұмыс барысында мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау біліктіліктерін дамыту. Үлкендерге көмектесу ниеттерін, олардың еңбектерін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Біз ойыншықтарды әдемі жинаймыз".** Мақсат-міндеттер: топтағы ойыншықтарды өз бетінше реттеп, ұқыпты жинау біліктіліктерін жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын, басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттер: балаларды кезекшілік міндеттерін өз бетімен тиянақты, адал орындауға үйрету. Қолды таза жуу, кезекшінің киімін кию, дастарханды дұрыс әзірлеу. Тамақтан кейін ыдысты тазалау. Еңбекке баулу, басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Қуыршақтың киімдерін жуу".** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешіге қуыршақтардың киім-кешектері мен төсек жаймаларын жууға көмектесуге үйрету: балаларды жұмыс алдында алжапқыш киюді үйрету; жуу және кептіруге қажет арнайы құралдарды, сондай-ақ жұмыс орнын дайындау; сабынды қолдана білу. Еңбек дағдылары мен біліктіліктерін, жұмыс барысында мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау біліктіліктерін дамыту. Басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Кітаптарды жөндеу".** Мақсат-міндеттер: балаларды кітаптарды желімдеуді, желім мен қайшыны дұрыс қолдануды, майлықтарды пайдалануды үйрету. Еңбек дағдылары мен біліктіліктерін, көзбен мөлшерлеуді, ұсақ қол моторикасын, шығармашылық қиялдарын дамыту. Басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін, кітаптарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**
	Көркем сөзді	**"Айналамыздағы**	**"Кім көп атайды?"**	**"Не артық?"**	**"Домино"**

	мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Базарда". Не қалайсың, базарда Барлығы бар, дайын да: Жеміс-жидек, көгөніс, Ет, балық пен сүтіміз. Құрт, ірімшік, қаймақ Барлығыңды тойдырмақ. Түрлі-түрлі азықтар, Тәттілер мен жармалар. Нан өнімінен бауырсақ, Бәліштер, тоқаш томпақ. Ұсақ-түйектен не қаласаң, Базардан сен табасың.	**геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көгөністер).** Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс пен көгөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көгөністердің кескіндері. - Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш). - Алдарыңдағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар	**дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: сөздік қорларын етістіктермен молайту, мағынасына сәйкес етістіктерді таңдау. Педагог балаларға көгөністер мен жемістерді өсіріп, баптау, жинау әрекеттері жайында әңгімелеуді ұсынады. Құралдар: жемістер мен көгөністерге тиісті адамның еңбегі туралы суреттер. **(сөйлеуді дамыту)** **"Қайсысы ең ауыр?" логикалық жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке	**дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды, салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.**	**дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. **(танымдық**

	Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Көгөністі танып, ата" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын байыту; денсаулық үшін көгөністер мен жемістердің пайдасын жайлы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру, толық жауап беруге ынталандыру. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** **"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты	жемістер мен көгөністерді атайды) - Оларды қандай бір сөздермен біріктіреміз? (Жемістер, көгөністер.) - Суреттегі көгөніс пен жемісті өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар. **(математика негіздері)** **"Қарама-қарсы сөз" атты "жұптар айтысы" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қарама-қарсы мағынадағы сөздер жұптарын құруға дағдыландыру; сөздік қорды молайту; ойдың шапшаңдығын дамыту. Құралдар: қамшы; доп немесе; немесе жұптар арасында жүретін зат (жалау). - Балалар, қарама-қарсы мағынада сөздерді жұптарын	тәрбиелеу. Құралдары: заттар және олардың заттық суреттері (алма, кесе, сопақ пішінді шар, дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа, қарбыз, лимон, доп, қияр). Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды салыстыруға ұсынады. Жауаптарын айтып болғаннан кейін балалар шынайы заттарды қолға алып, қайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады. Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады. Балалар заттың көлемі мен оның салмағы бірдей еместігін түсіндіреді. Педагог заттардың қасиеттеріне көңіл аудару туралы айтады. Мысалы: әуе шары жеңіл ауаға толған, қарбыз -	Мақсат-міндеттер: балалардың көркем сөзіне деген қызығушылықты арттыру; мәнерлеп оқуға ынтасын жетілдіру. Тәттісін-ай, мына жеміс-жидектің, Сүйсініп-ақ жейміз оны тәбетпен. Сүт ботқасын таңғы асқа береміз. Денсаулыққа пайдалысы-ет екен Ұннан піскен бауырсағым, бәлішім, Тәттілерім дастарханның сәні шын. Жеміс-жидек дәруменге бай екен, Ең дәмдісі піскен тәтті нан екен. Д. Бұланбаева. **(көркем әдебиет)**	**дағдылар)** **"Фант" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың белгілі тақырып бойынша түсініктерін нақтылау, сол тақырып бойынша тақпақты, жаңылтпашты, мақалды, санамақта, жұмбақты еске түсіріп айтуға ынталандыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар, шеңберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты сөздерді кезегімен айтып жатады. Егер біреу ойланып, тоқтап қалса немесе алдында айтылған сөзді қайталаса, осы тақырыпқа байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады.

	арттыру. Педагог балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді. Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды. Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді. Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді**	айту үшін, "айтысты" жариялайық. - Кімге қарай қамшының сабын екі балаға көрсетемін. Сол балалардың бірі айтысты бастап, қарсы тұрған - қарама-қарсы мағынада сөзді қайтару керек. - Егер білмеген балалар болса, оларға білген бала көмегі беріп, айтысты жалғастырады. - жақын - алыс - үлкен - кішкентай - ұзын - қысқа - қорқақ - батыл - зұлымды - мейірімді /пантомима арқылы көмектесуге болады/ - баяу - жылдам - астыда - үстіде - артында - алдында - биік - аласа - қатты - жұмсақ - ауыр - жеңіл - сол жақта - оң жақта Күрделенуі: жаттығуды жылдамдыққа ұйымдастыруға	жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су салмақты қосады). **(танымдық дағдылар)**		**(көркем әдебиет)**

	дамыту)	болады. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**			
Таңертеңгі жаттығу **8.40-9.1**	Кешенді жаттығу. Балалардың денсаулығын нығайтуға ықпал ету, күнделікті жаттығу әдетін қалыптастыру. Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Бір отырып, бір тұрып, Бойымызды созайық. Белімізді жазайық. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **9.10-9.30**	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Асхана құралдарын ұқыпты қолдану біліктілігіне, өтініш айтуға, алғыс білдіруге тәрбиелеу. Дастарханға кел жайғас, Дайын түскі тамағын. "Ас адамның арқауы"- Нан қосып же әрдайым. Ұқыпты бол, тағамға, Дұрыстап іш асықпа. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру.	**Әңгімелесу: "Кезекшілерге арналған ережелер".** Мақсат-міндеттер: балалардың дастарханды қалай жаю керектігін естеріне түсіру, реттілігін сақтай отырып, тиянақты әрекет етуге үйрету, орындалған жұмыстың өзектілігін	**"Көгөністер дүкені - бұл...?" тақырыбына әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: балалардың көгөніс дүкені жайлы түсініктерін нақтылау, сөйлеулерін белсендету: көгөністер мен жемістерді, сатушы	**Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?".** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Біз көмекші болып	**Әңгімелесу: "Бақшада не өседі?"** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым себеп-салдар байланысын орнатуға үйрету, оқиғаларды белгілі бір ретпен орналастыру, қалай дұрыс тамақтану керектігі жайлы түсінігіне алып келу. **(сөйлеуді дамыту,**

	- Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар. Күлімдейді алтын күн. Жерде жатыр алтын құм. Құстар ұшты биікке. Сәбіз өсті жүйекте. Кіші болдық желектей, Өсеміз биік теректей. Д. Ахметова. Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	талқылау. Кезекшілік барысында қажет еңбек дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	мен сатып алушының әрекеттерін нақтылайтын етістіктерді, сапалық сын есімдерді атау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	жүреміз, (Бас бармақтарды көрсету) Жеңімізді кезегімен түреміз. (Женді түргенге еліктеу) Қолға табақшаны алып, (Саусақтарды созып, екі алақанды, айқастыра, бірі-біріне уқалау) Уқалап, жуып береміз. Кесе - екі қос алақандай, (Саусақтарды қосып, бірыңғай бүгіп, екі қолды қырынан қосып, "тербету") Шұңғыл алтын айдай. Қолға кесені алып, (Жұдырықтармен, қолдарды алмастырып, алақан ортасына басып, айналдыру) Айналдырып, жуып береміз. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**қоршаған ортамен таныстыру)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Жабайы аңдар, түлкі	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Көгөністерге	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**	**Жапсырудан ойын-жаттығу** "Көгөністер мен	**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**

ұйымдастырылған іс-әрекет **9.30-10.25**	туралы ертегілер әлеміне саяхат" Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегіде кездесетін хайуанаттардың мінез-құлқын, іс-әрекетін түсінуге, соның ішінде түлкінің жаман қылықтарын көре білуге жаттықтыру; әңгіме мен ертегіні салыстырып, қайсысы өмірдегі шындыққа жақын екенін ажырата білуге үйрету; ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; аңдарға қамқор болуға тәрбиелеу.	арналған себет" Мақсат-міндеттер: Балаларды үлгі схема бойынша құрастыруды үйрету; себет салу туралы балалардың ойларын жетілдіру, зейінді және қолдың ұсақ моторикасын дамыту, сөздік қорын кеңейту, тапсырмаларды орындау кезінде шыдамдылыққа, топта жұмыс істей білу қабілетін. тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Жаңбыр" Мақсат-міндеттер: Вокалдық, музыкалық және ритмикалық дағдыларды жетілдіру; шығармашылық белсенділікті дамыту. Музыкалық ойын барысында кейіпкердің мінезін қимыл-қозғалыс арқылы жеткізе білу, музыкалық	"Пайдалы көгөністер" Мақсат-міндеттер: Балаларды қозғалыс бағытын өзгертіп жүру; таяқтың астынан сол бүйірмен алға еңбектеп кіру дағдыларын дамыту; балаларда аяқтарын алшақ қойып секіру; 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан сол бүйірмен алға еңбектеп кіру дағдыларын дамыту; дене шынықтыру құралдарын пайдалануға ынталандыру.	жемістер" Мақсат-міндеттер: Балаларды жемістер мен көгөністердің пішіні мен оларға тән ерекшеліктерді жеткізіп көрсете білуге үйрету; шаршы мен тіктөртбұрышты қағаздан әртүрлі пішіндерді қиып алу дағдыларын қалыптастыру; қосарлап бүктеу тәсілі арқылы заттарды қиюға жаттықтыру; жапсыруға деген қызығушылықтарын арттыру; ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	"Көгөністер" Мақсат-міндеттер: Балалардың көгөністер туралы білімдерін кеңейту, көгөніс бақшада өседі деген идеяны бекіту; көгөністерді сыртқы түрі бойынша ажырата білуге, оларды атауға үйрету; сөйлеу, ойлауды дамыту; адамдардың жұмысына, олардың еңбек өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

		аспаптарда қатты және тыныш дыбыстарды ажыратып ойнау қабілеттерін қалыптастыру.			
Серуенге дайындық 10.25-10.40	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.40-12.10	**Бақшадағы көгөністерді бақылау (қияр). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды көгөністер қиярдың сыртқы пішіні және өсу ерекшеліктерін байқауға, суару ережелерін ескеруге баулу; көгөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсетінін, ағзаға аса пайдалы екендігіне көз жеткізу. Қиярдың түсі ақ тұқымын көктемде ыдыстағы топыраққа алдын-ала егіп, содан соң өскінін	**Бақшадағы көгөністерді бақылау (сәбіз бен қызылша). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды сәбіз бен қызылшаның сыртқы ерекшеліктерін байқап, салыстырып, ажыратуға бейімдеу; көгөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсетінін, ағзаға аса пайдалы екендігіне көз жеткізу. Сәбіздің ұсақ, қызылшаның кесек тұқымдарын көрсетіп, көктемде ыдыстағы топыраққа алдын-ала	**Бақшадағы көгөністерді бақылау (пияз). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: пиязды өзге көгөністерден ажыратуға дағдыландыру; көгөністердің өсіп, пісуіне жазғы мезгілдік өзгерістердің әсері жайлы білімдерін бекіту; бақылағыштыққа тәрбиелеу. Қалың киімді ұнатады, Шешіндірсең жылатады. (Пияз) **Ересектермен бірге**	**Бақшадағы көгөністерді бақылау (қызанақ). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды көгөністер туралы көп білуге ынталандыру; қызанақтың сыртқы ерекшеліктерін байқауға, атауға машықтандыру; көгөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсетінін, ағзаға аса пайдалы екендігіне көз жеткізу. Аласа талда алуан алма, Алқызыл болмай аузыңа салма.	**Жазғы бақтағы жұмысты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: бақшада көктем, жазда жасалатын еңбек туралы білімді пысықтау; көгөністердің өсіп-өну жүйесін бақылауға бейімдеу; еңбекті құрметтеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **"Еңбек".** Гүл өсірсең, терлеп, Мұның ата - Еңбек. Кесте тіксең, зерлеп, Мұның аты - еңбек. Қырға шықсаң, өрлеп, Мұның аты - еңбек. Сабағыңа жөндеп

	бақшадағы топыраққа салып, су құйып, суықта үстін пленкамен жауып, баптайтыны туралы айту. Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету. Балаларға сұрақтар қойып, түсін, пішінін, өзегі мен жапырақтарының ерекшелігін байқап атуға, ұстауда қандай әсер қалдыратынын анықтау. Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру. **Еңбек әрекеті:** ойын алаңын ағаштардан түскен құрғақ бұтақтардан жинау. Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге баулу.	егіп, содан соң өскінін бақшадағы топыраққа салып, су құйып баптайтыны туралы айту. Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету. Жер астында жез қазық, Жеуге болар ас қазық. (Сәбіз) Сәбіз бен қызылшаның суықтан қорықпайтындарына көңіл аудару, күзге дейін өсетінін айту. Балаларға сұрақтар қойып, түсін, пішінін, жапырақтарының ерекшелігін байқап атуға, ұстауда қандай әсер қалдыратынын анықтау. Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру. **Бақшадағы сәбіз бен қызылшаны**	**орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** көгөністер жинаудағы ұжымдық еңбек. Мақсат-міндеттер: жымдық жұмысқа үйрету; ересектің еңбегін қадірлеуге баулу. **"Көгөністерді кім жылдам егеді?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі бойынша орындауға, шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық танытуға бейімдеу. **"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге	(Қызанақ) Қызанақтың ұсақ тұқымын көрсетіп, көктемде ыдыстағы топыраққа алдын-ала егіп, содан соң өскінін бақшадағы топыраққа салып, су құйып, суықта үстін пленкамен жауып, баптайтыны туралы айту. Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету. Балаларға сұрақтар қойып, түсін, пішінін, өзегі мен жапырақтарының ерекшелігін байқап атуға, ұстауда қандай әсер қалдыратынын анықтау. Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру. **Еңбек әрекеті:** бақшада құрап қалған жапырақ, бұтақтарды жинау.	Әзірлесең - Еңбек. Қиындықтың бәрін Еңбек қана жеңбек. Н. Жанаев Педагог пен балалар бақшаны баптауға және күтуге қандай еңбек керектігін әңгімелейді, етістік сөздерді қолданады; мысалы, топырақты қазу, тырнау, өскіндерді отырғызу, тұқымдарды егу, су құйғышпен суару, арам шөпті жұлу, қопсыту, ұзын сабақтарды байлау, көгөністі жинау. **Еңбек әрекеті:** көгөністердің құрап қалған жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттер: бақшадағы еңбектің маңызды екендігін түсінуге тарту; қарапайым еңбек дағдыларын дамыту. **"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер:

	"Қиярлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; қимыл координациясын пысықтау, лақтыруға күш бағыттауға машықтандыру. Құралдары: ішіне жартылай құма салынған 0,5 л пластик шөлмектері. **"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Күрделенуі: екінші белгі бойынша	**бақылау.** Мақсат-міндеттер: көгөністерді салыстырып, қорытынды жасауға үйрету; көгөністердің өзіне тән ерекшеліктері мен қасиеттері туралы түсініктерін бекіту, олардың өсуі үшін қажет құбылыстарды атауға дағдыландыру. Зерттеу. Сәбіз бен қызылша тұқымын анықтау (түсі, көлемі). Бөлме ішінде өсіру үшін қазып алу. **Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** бақшадағы піскен көгөністерді жинау. Мақсат-міндеттер: көгөністерді қазып алуды үйрету; топпен бірге жұмыс жасау ұмтылысын тәрбиелеу. **"Көгөністерді ата" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**	машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады: - Мысығымыз момықай, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді.	Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекті бағалауға, шыдамдылық пен төзімділікке тәрбиелеу. **"Тым-тырақай" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады.	балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (өз қалауы немесе санамақ бойынша таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді.

	балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс. **"Шеңбер" қимыл қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: нысананы көздеуді, ептілікті дамыту, халық ойындарына қызығушылықтарын тәрбиелеу. **Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, секіртпеден секіру.** Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	Мақсат-міндеттер: допты қағып алу біліктілігін жетілдіру, көгөніс атауларын бекіту. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар:** жүгіру техникасын жетілдіру. Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту.	Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті. "Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар:** "Тастар". Мақсат-міндеттер: тепе-теңдікті, қимыл-қозғалысты дамыту.	Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. **"Өрт сөндірушілер оқу жаттығуларында" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда топтық сезімді дамыту, белгі бойынша қимыл-қозғалыстарды орындау біліктілігін дамыту, жылдам бір және екі қатарға тұруға жаттықтыру. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту.** **"Кім алыс секіреді?"**	Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады. **"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті:** шығарылған материалмен алаңдағы ойындар,

				жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ұзындыққа секіруді үйрету.	қимыл-қозғалысты дамыту, дымқыл құммен ойындар. Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын дамыту.
Серуеннен оралу 12.10-12.25	Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу.				
Түскі ас 12.25-13.10	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Асхана құралдарын ұқыпты қолдану біліктілігіне, өтініш айтуға, алғыс білдіруге тәрбиелеу. Дастарханға кел жайғас, Дайын түскі тамағын. "Ас адамның арқауы"- Нан қосып же әрдайым. Ұқыпты бол, тағамға, Дұрыстап іш асықпа. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы 13.10-15.30	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында деңсаулық жолдарымен жүргізу. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. "Мөлдір су" ойын жаттығуы. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.50-16.10	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.10-16.40	**Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрастыру".** Мақсат-міндеттер: балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы	**"От, су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жанды, жансыз табиғат жайлы білімдерін бекіту;	**«Бақшаға не егеді?» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: заттарды ортақ белгілері бойынша (өсуі, қолданылуы) топтастыруды үйрету;	**"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған	**"Бір сөзбен ата" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: біліктілігін жетілдіру ұсынылған үлгілерге жалпылама сөздерді таңдау, жалпылама

	білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Барысы: тәрбиеші алдын-ала балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жайлы әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші, сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды. Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажет киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады. Тәрбиеші балалармен бірлесіп ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Кейін балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен	алғырлықтарын, қиялдарын, зейіндерін дамыту; ізденімпаздылыққа тәрбиелеу. Барысы. Балалар жарты шеңбер (шеңбер) құрып, қатарда отырады (тұрады). Бірінші кезеңде ойын шартын түсіндіру мақсатында жүргізуші рөлін педагогтың өзі орындауы мүмкін. Жүргізуші допты әр баланың қолына кезек-кезек лақтырады да "от!" немесе "су!", немесе "аспан!",немесе "жер!"- деп айтады. Допты қағып алған бала, әр белгі сөзіне әрқалай жауап береді. Мысалы,"от" - өздігінен айналу," су"- балық атауы, суда тіршілік етеді, су асты жануары, "аспан" - құстың атауы немесе , ұша алатын жәндік,"жер" -	ой ұшқырлығын, есту зейінділігін дамыту. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын "Медициналық емхана"** Мақсат-міндеттер: дәрігер, медбике мамандығына қызығушылықтарын ояту; балалардың медицина қызметкерлерінің міндеттері жайлы білімдерін кеңейту; сауалнама жүргізу біліктіліктерін дамыту; жанашырлыққа, басқаларға қамқорлық танытуға, көмек көрсетуге талпынуға тәрбиелеу. Барысы: Ойынның барлық қатысушылары өз бетінше рөлдерге бөлініп, әрқайсысының міндеттерін талқылайды: дәрігер	ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді. Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды. Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді. Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп	сөздерді бекіту: көгөністер, жемістер, жидектер, гүлдер. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын "Сұлулық салоны"** Мақсат-міндеттер: шаштаразшы мамандығына деген құрмет пен қызығушылықтарын дамыту, қоғамдық орындардағы әдептілікті, мәдениеттілікті тәрбиелеу. Ойында өзара рөлдік әрекеттесуді орнатуға және рөлдік қатынастарды қабылдауларына ықпал ету. Барысы. Балалар өз қалаулары бойынша, рөлдерді бөліп алады: әйелдер шебері, ерлер шебері, еден жуушы, клиенттер, тырнақ әрлеуші. Келушілер сыртқы киімдерін

	инженеров-құрылысшының жұмыстарын орындайды. Тәрбиеші диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. Тәрбиеші балармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс-мамандарының бірге кеңесуі; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызуда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**	жануардың, жәндік аты. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** **Сюжетті-рөлдік ойын "Кітапхана"** Мақсат-міндеттер: кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Барысы. Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: кітапханашы оқырман формулярларын рәсімдейді, өтінім қабылдайды, картотекамен жұмыс, кітап береді, оқу	(науқасты қарайды, шағымын тыңдайды, емдеуді тағайындайды), медбике (алғашқы көмек көрсетеді, емдеу шараларын жүргізеді), науқастар (аурудың белгілерін бейнелейді). Арнайы киімдерді қолдануды ұмытпау керек. Балалар ойын барысында, өздерінің дәрігерге қараланған сәтін көрсете алады. Тәрбиешіге назарын балалардың науқастардың жағдайына жанашырлық танытып, қамқорлық көрсетуіне аударуы керек. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**	жатқаны, қардың еріп жатқаны. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Театрландырылған қойылым "Аққу-қаздар".** Мақсат-міндеттер: балалардың өз бетінше театрландырылған ойындарды ұйымдастыруын үйрету, рөлдер мен міндеттерді өзара бөлісу біліктіліктерін жетілдіру, шығармашылық дербестікті дамыту. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	шешеді, шаштаразшымен әдепті амандасады, шашын қиып беруді өтінеді, шаштаразшымен кеңеседі, төлемақы жасайды, қызметтері үшін алғыс айтады. Шаштаразшы басты жуады, кептіреді, тарайды, шашты қияды, шашты бояйды, шаш күтімі бойынша кеңес береді, тырнақ әрлеуші маникюр жасайды. Еден жуушы сыпырады, қолданылған орамалдарды ауыстырады. Тәрбиеші қажет болған жағдайда жұмысты бағыттайды, диалогты сөйлеуді өрбітуге ықпал етеді. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**

		залында кітапханашы қажет кітапты таңдауға көмектеседі, оқырмандармен оқылған кітаптары жайлы әңгімелеседі, оқырмандар өзара әсерлерімен бөліседі. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**			
Балалармен жеке жұмыс	**Ойын-әңгіме: "Аудармашы".** Мақсат-міндеттер: орыс тіліндегі сөздерді бекіту. **(сөйлеуді дамыту)**	**Ойын жаттығуы: "Менің артымнан қайтала".** Мақсат-міндеттер: ым-ишара, қимыл-қозғалысты қайталау. **(дене шынықтыру)**	**Жағдаятты шешу:** "Егер сен, құстың ұясын бұзып жатқандарды көрсең не істейсің?". Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, табиғатты аялау сезімдерін дамыту. **(танымдық дағдылар)**	**"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. **(танымдық дағдылар)**	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың көркем сөзге деген қызығушылықтарын арттыру; мәнерлеп оқуға ынтасын жетілдіру. Тәттісін-ай, мына жеміс-жидектің, Сүйсініп-ақ жейміз оны тәбетпен. Сүт ботқасын таңғы асқа береміз. Денсаулыққа пайдалысы-ет екен Ұннан піскен бауырсағым, бәлішім, Тәттілерім дастарханның сәні шын. Жеміс-жидек дәруменге

					бай екен, Ең дәмдісі піскен тәтті нан екен. Д. Бұланбаева. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау.				
Серуен 16.50-17.50	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)**				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30	Кеңес: "Баланы еңбекке баулу".	Ата-аналармен ішек инфекцияларын алдын алу жайлы әңгімелесу.	Медбике кеңесі: "Иммунитетті қалай көтеруге болады?"	Кеңес: "Балалардың зейіндерін дамыту"	"Сіздің баланың қандай ойындар ойнайды?" тақырыбына әңгімелесу.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы				
Топ/сынып	**Ересек топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Құралай» ересек				
Балалардың жасы	**4 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Орманова А. Калжанова М.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**24.07. - 28.07.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	24..07.23ж	25.07.23ж	26.07.23ж	27.07.23ж	28.07.23ж
Күн тәртібі					

Балаларды қабылдау 8.00-8.50	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Ойыншықтарды орындарына жинау".** Мақсат-міндеттер: өз бетінше топтағы тазалықты сақтау біліктіліктерін бекіту (құрылыс материалдары мен ойыншықтарды жинау). Эстетикалық талғамдарын, басқалардың игіліктері үшін еңбектенуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Тәрбиешінің көмекшісіне көмектесеміз".** Мақсат-міндеттер: тамақтан кейін үстел үстіндегі ыдысты жинауға үйрету, балаларды ересектерге қолғабыс етуге үйрету. Еңбексүйгіштікті, ересектерге көмек көрсету ниеттерін дамыту. Ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Гүлдер үшін тазалық".** Мақсат-міндеттер: сумен жұмыс істеу барысында балаларды гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау, қатты сығу, қажет жағдайда шаю. Еңбек біліктіліктері мен дағдыларын, сумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережесін, жеке бас гигиенасын сақтауды үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**"Тәрбиешінің көмекшісіне төсек-орын жабындыларын ауыстыруға көмектесу".** Мақсат-міндеттер: төсек жабындыларын қолданысына қарай бөлуге үйрету, тәрбиешінің көмекшісіне көмектесу ниетін және басқалардың еңбегіне құрметпеу қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Еңбекке баулу. **(еңбек дағдылары)**	**"Табиғат бұрышындағы кезекшілік".** Мақсат-міндеттер: бөлме өсімдіктеріне өз бетінше күтім жасау біліктіліктерін жетілдіру: суғару, жерді қопсыту. Жауапкершілікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелері мен жеке бас гигиенасын сақтауды үйрету. **(еңбек дағдылары)**
	"Үшінші артық" (өсімдіктер) дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің түрлілігі жайлы білімдерін бекіту;	**"Сипаттамасы бойынша таны" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: сипаттау мәтінің құрастыруды үйрету, зейіндерін,	**"Гүлдер алаңқайы" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларға табиғаттың сұлулығын сезінуге көмектесу. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**"Дойбы" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың логикалық ойлауын, байқағыштықты, зейінділікті дамыту. **(танымдық**	**"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы

	зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Иллюстрацияларды қарастыру, жәндіктер мен өсімдіктер туралы қызықты мәліметтер. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	байланыстыра сөйлеулерін дамыту. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	**дағдылар)** **"Домино" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген	геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту. Құралдары: геометриялық пішіндер жинақнамалары, шаршы пішінді парақтар. **(дене шынықтыру)** **"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. **(танымдық дағдылар)**

				көлемдері 5×6 см карточкалар. **(танымдық дағдылар)**	
Таңертеңгі жаттығу 8.40-9.1	Дененің барлық дене мүшелері мен жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуін дамыту. Кешенді жаттығу . Жаттығуды бастайық, Бұл әдеттен қашпайық. Ашайық тез ұйқыны, Жақсы өтсін бұл күнім! **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас 9.10-9.30	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: майлықты ұқыпты қолдану, нанды үгітпеу. *Көркем сөз* Майлықты қолдансаң әрдайым, Сөйлеме үстелде - бұл тыйым. Ұқыптылық танытса, әр бала, Көз тоймайды соған қараса. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**"Әдепті өтініш" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларға біреуге өтінішпен жасау кезінде айтылатын, сыпайы сөздердің мағынасын түсінуге көмектесу. Балаларды қабылданған әрекеттердің, оқиғалардың адамгершілік жағын көруге, олардың	**Әңгімелесу: "Қауіпті жәндіктер".** Мақсат-міндеттер: балалардың қауіпті жәндіктер жайлы түсініктерін кеңейту, оларды сыртқы кейіпі, өзіндік ерекшеліктерді арқылы ажыратуды үйрету.	**Тұқым мен жемістің таралуы жайлы әңгімелеу.** Мақсат-міндеттер: бұталар мен ағаштардың тұқымы мен жемістері жайлы білім беру; тұқымның бейімделуі мен таралу тәсілдерін түсіндіру	**"Бірдей гүл жұбын тап" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабылеттерін дамыту; гүлдердің түрлерін білуге машықтандыру. Педагог балаларға бір алаңның екі қатарында орналасқан сегіз гүлдерді көрсетеді.	**Әңгімелесу: "Түрлі-түсті көңіл-күй".** Мақсат-міндеттер: балаларды өз іс-әрекеттеріне, назар аудару, жанашырлық танытуға, басқаларға деген жағымды қарым-қатынас орнату біліктіліктерін қалыптастыру.

	мәнін түсінуге үйрету.			Балалар гүлдердің арасында бірдей гүлдерді табу керек. Педагог гүлдерді атауға да шақырады.	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.30-10.25	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Жазғы гүлдер" Мақсат-міндеттер: Балаларға жаз құбылыстары,табиғат тағы ерекшеліктері,жазғы гүлдер туралы түсіндіру.	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Емдік гүл" Мақсат-міндеттер: Балаларды заттарды алысқа дәлдеп оң қолымен лақтыруға (3,5-6,5 метрден кем емес) үйрету; балаларда "жыланша" ирелеңдеп жүру; аяқты алшақ қойып, балаларда тізені жоғары көтеріп жүгіру; қозғалыс бағытын өзгертіп жүру дағдыларын әрі қарай дамыту; қимылды ойын арқылы біреуін - алға, екіншісін - артқа қойып, бір орында тұрып секіру іскерліктерін жетілдіру.	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Мақал-мәтелдер" мазмұны бойынша әңгімелеу Мақсат-міндеттер: Балаларды мақал-мәтелдер туралы түсінік беру. Балаларды халық ауыз әдебиетінің түрлерімен, мақал-мәтелдермен таныстыру; оларды бір-бірінен ажырата білуге, мәнін терең түсініп, мағынасын аша білуге үйрету; тіл байлықтарын дамыту, шығармашылық елестету қасиетін дамыту; өз ұлтына деген мақтаныш сезімдерін оятып, кішіпейілділікке, адамгершілікке тәрбиелеу.	**Сурет салудан ойын-жаттығу** «Гүлденген жаз» Мақсат-міндеттер: Балалардың жазғы гүлдер жайлы түсініктерін нақтылау, табиғатқа деген қызығушылықтарын, сұлулығын көру біліктіліктерін ояту, "түрту" техникасымен таныстыруды жалғастыру; ұсақ қол моторикасын, көзбен мөлшерлеуді дамыту, зейіндерін тұрақтандыру; айналасындағыларға деген достық қарым-қатынасқа, шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеу; дәстүрден тыс сурет салу тәсілдеріне қызығушылықтарын арттыру.	**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** «Жабайы және бақша гүлдерінің әлемі» Мақсат-міндеттер: Балаларды жабайы және бақша гүлдерімен таныстыру; өсімдіктер тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; жабайы және бақша гүлдері өсетін жер туралы түсінік беру; өсімдіктердің өсу шарттары (жарық, су, жылу, топырақ) туралы білімдерін бекіту.

				Музыкадан ойын-жаттығу "Көңілді арбакеш әні" Мақсат-міндеттер: Балалардың педагогпен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.	
Серуенге дайындық 10.25-10.40	Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу.				
Серуен 10.40-12.10	**Жазғы гүлдерді бақылау (барқыт гүлі). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балалардың барқыт гүлі жайындағы	**Жазгы гүлдерді бақылау (бақбақ). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: емдік өсімдік-бақбақпен	**Жазғы гүлдерді бақылау (петуния). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: бақта және жазықта өсетін гүлдер туралы	**Жазғы гүлдерді бақылау (календула). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балалардың	**Жел мен бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсаты: жаздың ашық аспан сұлулықты көру біліктіліктерін бекіту;

	түсініктерін тиянақтау; барқыттың өзге гүлдерден айырмашылығын өздігінен көріп, айтуға бейімдеу; гүлдерді аялауға тәрбиелеу. Балаларға барқыт гүлдерін қарастыруды ұсыну. Балалар гүлдің түсін (сары, қызыл-сары), ортасы сарғыш, күлтешесі қалың қызыл-сары, пішіні шар тәрізді екендігін байқайды. Жапырақтары мен сабағының ерекшеліктерін айтып (қараңғы жасыл түсті, сабағы жуан), ұстап-сипайды. Балалар барқыт гүлінің иіс хош екендігін айтады. Аллергиясы бар сезгіш балалардың қатысу-қатыспауын ескеру керек. **Еңбек әрекеті:** гүлзарды қалыпқа келтіру. Мақсат-міндеттер:	таныстыруды жалғастыру, табиғатты аялау және қорғау біліктіліктерін мен ниеттерін қалыптастыру. **Көркем сөз.** Гүлге айналып құлпырып, Түрлі-түсті бояулар. Киіп сары көйлегін, Бақбақ гүлі оянар. Қалықтайды ұлпасы, Ақ періште сияқты. Нәзік желмен ұшып жүр, Таңғажайып гүл басы. Д. Бұланбаева Бақбақты емді өсімдіктерге жатқызатынын түсіндіру. Бақбақтың гүлдеген және солған қалыптарында ерекше әсем көрінетінін байқату. Балаларға бақ-бақты үрлету; мамыққа жабысқан ұрық арқылы таралатынын көрсету. **Еңбек әрекеті:** гүлдердің топырағын	білімін жүйелеу және бекіту; петуния гүлінің құрамы неден тұратынын түсіндіріп, гүлдерді суарып, баптау қажеттілігі туралы айтып, қамкорлыққа баулу. Сабағы, түбірі, жапырағы, гүлденуі; көбею. Гүлдердің түсі ақ, қызыл, қызғышт, күлгін болады; тәңертең гүл күлтесінің ашылып, кешке жабылатындығын айту. Гүлдердің әсемдігін қызықтай білуге тәрбиелеу және топты безендіруге қанша гүл керек болса, сонша жинау. Нәзік гүлдер петуния, Түсі күлгін, көк сия. Күлшесі күндіз ашылып, Кешке таман жабылып, Гүлзарды жаулап алады, Жаз бойы көз тартады.	календула гүлі жайындағы білімдерін тиянақтау; календула гүлінің өзге гүлдерден айырмашылығын айта білу қабілетін жетілдіру; гүлдерді күтуге, аялауға тәрбиелеу. Балаларға календула гүлдерін қарастыруды ұсыну. Балалар гүлдердің түсін, жапырақтары мен сабағының ерекшеліктерін айтып, байқап ұстап-сипайды. Балалар календула гүлдерінің пішіні қарапайым, күлтешесі сары түсті болуына, иісі хош екендігін айтады. Гүлдердің кеуіп, солып жатса, ұрық беретінін, ұрықтың сырғаға ұқсайтынын байқап айтады. Аллергиясы бар сезгіш балалардың қатысу-қатыспауын ескеру керек.	шығармашылық қиялдарын дамыту. Болжамдар: бұлттар жылдам қозғалса – ауа-райы ашық болады. "Аспанда". Аспан малға толып кетті - Бұлттар түлік болып кетті: Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты мешке болып. Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Қ. Мырзалиев **"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны

	бірігіп еңбектенуге үйрету. **"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. Педагог ойынды бастайды: - Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп	қопсыту. Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, достық өзара көмек жасасуға бейімдеу. Жабдықтары: күрекшелер, тырнауықтар, қолғаптар. **"Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ойнауды үйрету, ережелерді сақтау;ептілікті, жылдамдықты, зейінділікті дамыту. Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, құрдастарымен өзара қарым-қатынасқа түсу біліктіліктерін қалыптастыру. **"Саны қанша – сонша гүл (саңырауқұлақ, жапырақ, тас, бұтақ) жинаймыз" ойын-**	**Еңбек әрекеті:** кеуіп қалған петунияның тұқымдарын пакеттерге жинау. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбилеу. Аллергиясы бар сезгіш балалардың қатысу-қатыспауын ескеру керек. **"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (өз қалауы немесе санамақ бойынша таңдалады), қалған ойыншылар - балалар.	**Еңбек әрекеті:** календула ұрықтарын жинау. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, гүлдерді аялауға тәрбиелеу. Құралдары: қағаз пакеттері. **"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың	жаттықтыру. Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет! Қазақ ауыз әдебиеті. **Еңбек әрекеті:** ойын алаңындағы орындықтарды тазалау. Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс істеу, айналасын таза ұстауға үйрету. **"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді,

	шалғында. "Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: - Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан	**жаттығуы. (** Мақсат-міндеттер: балалардың заттар жиынын санға сай құрастыруға дағдыландыру; зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін жетілдіру. Құралдар: жасанды не гүлдер, не жасанжы жапырақтар; не тастар, ағаштардан түскен ұсақ бұтақтар. Педагог балаларға цифрді көрсетеді немесе ауызша санды атайды, балалар санға сай заттар жиынын құрастырады. Затар жиынын жекеше немес шағын топтарға бөлініп, құрауға болады. **Еркін ойындар:** шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалысты дамыту, алаңды бағдарлай білу, заттарды сипаттамасы бойынша табу	"Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір	әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды. **"Кім нысанаға дөп тигізеді?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**	қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. **"Тез орында" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қимылды белгі бойынша бастауды үйрету, қарқын бәсеңдеген сайын,

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз қонаққа келді".** Мақсат-міндеттер: балаларды, мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру. Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер. Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау) Қандай әсем, қараса. (Қолды екі жаққа жаю) Мұнда әсем түймедақ, ("Түймедақ" - балалар ортаға шығып,қол бұлғайды)	**"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері. Педагог суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді. **(қоршаған ортамен таныстыру)**		**Әңгімелесу: "Күн тәртібі не үшін керек?".** Мақсат-міндеттер: өз денсаулықтары мен күн тәртібіне, дұрыс қарым-қатынас қалыптастыру. **(математика негіздері)**	

	Жайқалып тұр, тамаша, Көбелек пен аралар ("Аралар" мен "көбелектер" жәндіктерді келтіреді) Гүлге қонды, жарыса! Шөп арасын қарасаң, Бүлдірген бар қызарған.("Бүлдірген дер" жүгіріп шығып,беттерін ұстап, бастарын шайқайды) Жасырынып жатқаны, Көзге түспей, тәп- тәтті! Еңкейіп кеп, ерінбей, (Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады) Теріп салам себетке. Кіп-кішкене, моншақтай, Әсер етер тәбетке. Аударған А. Көкенова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.30-10.25	Жазғы ойын-сауықтар	Жазғы ойын-сауықтар		Жазғы ойын-сауықтар	
Серуенге дайындық 10.25-10.40	Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу.				
Серуен 10.40-12.10	**Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: мысықтың сыртқы келбетін бақылауға дағдыландыру; мысықтың тіршілігін тануға деген ынтасын дамыту. Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа деген қызығушылықты арттыру.	**Ауа-райын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктер тіршілігіне мезгілдік өзгерістердің әсері жайлы білімдерін бекіту. **Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көкөністер жинаудағы ұжымдық еңбек.** Мақсат-міндеттер: ұжымдық жұмысқа үйрету. **"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**		**Мезгілдік өзгерістерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: жаз мезгілінде өсімдіктер мен жан-жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістерді анықтауды дағдыландыру; жазғы ауа-райы жайлы түсініктерін кеңейту. Көркем сөз. "Жазғы сурет". Артымнан ай туғандай, Алдымнан күн. Түнде жұлдыз күлімдеп, Қағады ым. Мөлдір бұлақ,	

	"Мысығым". Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады, Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады. Қасымнан қалмайды, Көзін қысып алдайды. Ойнатсам да күнімен, Ойыны бір қанбайды. Н. Арынова.ысықты **Еңбек әрекеті:** бақшадағы піскен көгөністерді жинау. Мақсат-міндеттер: көкөністерді қазып алуды үйрету; топпен бірге жұмыс жасау ұмтылысын тәрбиелеу. **"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру;	Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестере білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. Педагог ойынды бастайды: - Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында. "Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді,		Сырлы өзен суы тұнық Кенет сылдыр етет те, Болады жым... Аппақ болып көсіліп, Бұйраланып, Бұрқ-сарқ ағып, көпіріп Жатар жайқын. Мөлдір судан бетімді Көрейін деп, Үңіледі өзенге, Шыңырау - шың. Ж. Саин. **Еңбек әрекеті:** гүлзардағы гүлдерді суару. Мақсаты: балаларды үйрету сәйкес еңбек әрекетін дамыту. **"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа	

	шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртынды бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады: - Мысығымыз момықай, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып,	содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: - Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.		тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (өз қалауы немесе санамақ бойынша таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақша болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі	

	қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуалыспағын реттеп жату - басты міндеті. "Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады. **"Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды байыту; заттардың топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту.	Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды. Белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; қимыл координациясын пысықтау, лақтыруға күш бағыттауға машықтандыру. **"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара		айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады. **"Өз түсінді изде" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: түс пен пішінді көру арқылы қабылдауды дамыту; түстерді жылдам атап, белгілі қимылдарды орындауға; есте сақтау мен зейінді дамыту. Балалар белгілі пішінді көрген кезде негізгі қимылдардың бірін орындайды (алға екі аяқпен секіру; бір аяқпен секіру, аяқты жоғары көтеріп жүру, т.б.). **Өз бетімен еркін ойын әрекеті:** шығарылған материалмен	

	Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, оны түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар: жүгіру техникасын жетілдіру.** Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту.	әрекет ету біліктілігін дамыту.		алаңдағы ойындар; "Допты тап"қимыл-қозғалысты дамыту ойыны. Мақсат-міндеттер: байқампаздықты дамыту. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту.	
Серуеннен оралу 12.10-12.25	Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу.				
Түскі ас 12.25-13.10	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Асхана құралдарын ұқыпты қолдану біліктілігіне, өтініш айтуға, алғыс білдіруге тәрбиелеу. *Көркем сөз* Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқанды түзу ұста, Жан-жағына қарама. Асыңды ішіп, болған соң, "Рақмет" айт аспазға. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				

13.10-15.30					
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында деңсаулық жолдарымен жүргізу. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. "Мөлдір су" ойын жаттығуы. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.50-16.10	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.10-16.40	**"Тергеушілер" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрісін, қиялдарын дамыту. Келісім. Педагог балаларға кезек-кезек әртүрлі заттар көрсетеді. Балалар қай зат кімге, не үшін керек екенін түсіндіреді. Ойынның тағы бір нұсқасы: баланың өзі қораптан бір затты алып, сипаттайды. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** **Сюжетті-рөлдік ойын.** **"Отбасы".** Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы	**"Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз" дамытушылық ойын.** Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту. Барысы. Жүргізуші. 1- нұсқа. Педагог жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2- нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр		**"Сипаттамасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** **Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы".** Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман) жайлы	

	мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге деген құрмет сезімдерін, жақынына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника т. б Барысы. Балалар өзара отбасы мүшелерінің рөлдерін бөлісіп алады да, өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, өз орындарына барады. Педагог алдын-ала балалармен қойылымда қандай оқиға көрсетілуі керек екенін бірге анықтайды.	бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын. "Дәріхана".** Мақсат-міндеттер: балалардың дәріхана жұмысшыларының мамандығы (фармацевт, провизор) жайлы түсініктерін бекіту; әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық пішінді дәрілер, сөмкелер, ақ халаттар, төлемақыны қамтамасыз ететін карточкалар мен жетондар. Барысы. Педагог алдын-ала балалармен дәріханада жұмыс істейтін мамандар		түсініктерін бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнеролик көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман) сияқты мамандардың қызметінің маңыздылығын талқылау қажет. Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне	

	Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**	туралы әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада медициналық көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын анықтайды. Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөлісіп алады; қалғандары тұтынушы болады; өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балаларға дәріханаға бірінші тұтынушы келіп, ойынды бастайтынын айтады. Басында педагог диалогтарды түзетіп,күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,**		керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру,**	

		қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)		**еңбек дағдылары)**	
Балалармен жеке жұмыс	**"Ал одан кейін не?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту, логикалық ойлауларын дамыту. **(математика негіздері)**	**"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Педагог үстел үстіне бірнеше заттар қояды. Балалар мұқият қарап алғаннан кейін, артқа бұрылады. Үстел үстінен бір затты алып тастайды. Бала жоғалған затты табу керек. Жоғалатын заттар санын біртіндеп көбейтуге болады. **(қоршаған ортамен таныстыру)**		**Әңгімелесу: "Менің сүйікті жан-жануарларым".** "Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу. Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері. Педагог суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау.				
Серуен 16.50-17.50	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)**				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-**				

	гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30	"Балаңыздың денсаулығы қаншалықты жақсарды?" атты сауалнама.	Кеңес: "Баланың көшедегі қауіпсіздігі".		"Күзге дайындық жоспары" тақырыбына кеңес.	

«Мағжан» бөбекжайы МКҚК

2022-2023 жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Балапан» кіші топ

Тәрбиешілер: Кошербаева Б. Кульжабаева З

2022-2023жж

2023 жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Мағжан» бөбекжайы

Топ: «Балапан» кіші жас топ

Балалардың жасы: 2 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: маусым айы, 2023 жыл.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Маусым	Дене шынықтыру	- негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау; - жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; - салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. **Қимылды ойындар.** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты

		секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). **Дербес қимыл белсенділігі.** Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.** Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.
	Сөйлеуді дамыту	- көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту; - дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту; - пассивті және белсенді сөздік қорды байыту; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. **Байланыстырып сөйлеу.** Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
	Көркем әдебиет	- қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу; - кітаптарға қызығушылықты дамыту; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.

		Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.
	Сенсорика	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - түрлі сенсорлық әсерлермен байыту; - қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту; - түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту; - заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу. Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	- қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу; - аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу; - өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу; - отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; - әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру; - табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту; - өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету; - табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау). - құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау. **Бала, оның отбасы, үйі.** Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал етуді пысықтау. **Көлік.** Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыруды пысықтау. **Еңбекке баулу.** Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйретуді пысықтау. **Адамгершілік тәрбиесі.** Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыруды пысықтау.

		Табиғат әлемі. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
	Құрастыру	- заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру; - құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.
	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.
	Мүсіндеу	- материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.
	Жапсыру	- желімсіз жапсыру техникасын игеру. Фланелеграфта доптарды орналастыру.
	Музыка	- музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; - балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; - көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу. Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. **Музыка тыңдау.** Фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білуді пысықтау. **Ән айту.** Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізуді пысықтау.

		Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қарапайым би қимылдарын орындау: шапалақтау және аяқты тарсылдатуды пысықтау.

2023 жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Балапан» кіші жас топ
Балалардың жасы: 2 жастан.
Жоспардың құрылу кезеңі: шілде айы, 2023 жыл.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Шілде	Дене шынықтыру	- негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау; - жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; - салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. **Қимылды ойындар.** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). **Спорттық жаттығулар.** ***Велосипед тебу:*** үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. **Дербес қимыл белсенділігі.**

		Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.** Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.
	Сөйлеуді дамыту	- көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту; - дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту; - пассивті және белсенді сөздік қорды байыту; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. **Сөздік қорды қалыптастыру.** Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. **Байланыстырып сөйлеу.** Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
	Көркем әдебиет	- қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу; - кітаптарға қызығушылықты дамыту;

		- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.
	Сенсорика	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - түрлі сенсорлық әсерлермен байыту; - қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту; - түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту; - заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауды пысықтау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	- қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу; - аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу; - өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу; - отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; - әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру; - табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту; - өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету; - табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау). - құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау. **Бала, оның отбасы, үйі.** Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал етуді пысықтау. **Заттық әлем.** Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулуды пысықтау. **Көлік.** Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыруды пысықтау. **Еңбекке баулу.** Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі,

		сүлгілерді ауыстырады) үйретуді пысықтау. **Адамгершілік тәрбиесі.** Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулуды пысықтау. **Табиғат әлемі.** Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасауды пысықтау.
	Құрастыру	- заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру; - құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауды пысықтау.
	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасауды пысықтау.
	Мүсіндеу	- материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табуды пысықтау.
	Жапсыру	- желімсіз жапсыру техникасын игеру. Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыруды пысықтау.
	Музыка	- музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; - балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; - көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу. Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулуды пысықтау. **Музыка тыңдау.**

		Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтауды пысықтау. **Ән айту.** Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізуді пысықтау. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналауды пысықтау.

2023 жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Балапан» кіші жас топ
Балалардың жасы: 2 жастан.
Жоспардың құрылу кезеңі: тамыз айы, 2023 жыл.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Тамыз	Дене шынықтыру	- негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау; - жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; - салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). **Қимылды ойындар.** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға

		ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). **Спорттық жаттығулар.** ***Велосипед тебу:*** үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. **Дербес қимыл белсенділігі.** Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.** Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.
	Сөйлеуді дамыту	- көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту; - дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту; - пассивті және белсенді сөздік қорды байыту; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. **Сөздік қорды қалыптастыру.** Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. **Байланыстырып сөйлеу.**

		Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
	Көркем әдебиет	- қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу; - кітаптарға қызығушылықты дамыту; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамытуды пысықтау.
	Сенсорика	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - түрлі сенсорлық әсерлермен байыту; - қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту; - түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту; - заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беруді пысықтау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	- қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу; - аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу; - өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу; - отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; - әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру; - табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту; - өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету; - табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау). - құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау.

		Бала, оның отбасы, үйі. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету. **Заттық әлем.** Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану. **Көлік.** Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. **Еңбекке баулу.** Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) пысықтау. **Адамгершілік тәрбиесі.** Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. **Табиғат әлемі.** Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерін қайталау.
	Құрастыру	- заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру; - құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.
	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
	Мүсіндеу	- материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға пысықтау.
	Жапсыру	- желімсіз жапсыру техникасын игеру. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген

		бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) пысықтау.
	Музыка	- музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; - балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; - көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу. Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. **Музыка тыңдау.** Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарын тануды пысықтау. **Ән айту.** Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.

«Мағжан» бөбекжайы МКҚК

2022-2023 жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің циклограммасы

«Балапан» кіші топ

Тәрбиешілер: Кошербаева Б. Кульжабаева З

2022-2023жж

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы				
Топ/сынып	**Кіші топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» кіші				
Балалардың жасы	**2 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Кошербаева Б. Кульжабаева Б				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**29.05 - 02.06.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
				01.06.23ж	02.06.23ж
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				

8.00-8.35	**(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 8.00-8.35	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8.00-8.35				**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: "Шешіну бөлмесіндегі шкаф ішіндегі тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірлесіп)** Мақсат-міндеттер: балаларды әркімнің жеке өз киім шкафын ұқыпты, таза ұстауға үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сүрту және қайтадан киім - кешекті ұқыптап бүктеп, тиісті орындарына орналастыру. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, өсімдіктердің топырағының қалпына көңіл аударту, егер топырағы құрғап кетсе, суқұйғышпен өсімдіктерді суару.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**
				Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.	**"Балабақша қалайық" құрастыру ойыны.** Мақсат-міндеттер: текшелер, кірпіштер, призмалар арқылы "балабақша" ғимаратын салуға

				Көмекшілер көп менде, Күнде еңбектенеді. Тыным таппай күніге, Маған көмектеседі. Бір, екі, үш, төрт, бес, Демалайық, отыр тез. Әрлі - берлі қозғалды, Тырсылдатты жан - жақты. Бір, екі, үш, төрт, бес, Жұмысқа кіріс тез. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**	ынталандыру; жазықтықты, кеңістікті бағдарлау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Балалар құрылыс материалдардан "балабақша" құрастырады. **(құрастыру, сенсорика)**
Таңертеңгі жаттығу 8.35-8.45	**Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығуы.** Оянайық, тұрайық, Жаттығу орындайық. Терезені ашайық, Таза ауа жұтайық. Ауыртпайды ағзаны, Таза ауа пайдалы! **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас 8.45-9.00	**"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту. **Көркем сөз.** Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! Тусипжанова-Шагирова А. Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыруын сұрайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған				**Балабақшадағы**	**Балабақшадағы**

іс-әрекетке дайындық 9.00-9.10				**дұрыс мінез-құлық ережелері туралы әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: қауіпсіздік, тазалық, әдептілік ережелерін есте сақтауға бейімдеу. Шашылған ойыншықтар біреудің құлауына, жарақат алуына себеп болуы мүмкін. Топтағы тәртіп тек тазалық үшін ғана емес, сонымен бірге қауіпсіздік үшін де қажет! Терезеге, үстелге және шкафтарға өрмелеуге, үстіне шығуға болмайды. Егер бірдеңені ала алмай, қолың жетпей жатса, тәрбиешіге өтініш білдір! Топта, жатын бөлмеде және қабылдау бөлмесінде жүгіру өте қауіпті: жиһаздың өткір, үшкір бұрыштары жарақат алуға әкелуі мүмкін, басқа	**дұрыс мінез-құлық ережелері туралы әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: балабақша ережелеріне бейімдеу; ережелерді қажет ретінде қабылдауға баулу. Шашылған ойыншықтар біреудің құлауына, жарақат алуына себеп болуы мүмкін. Топтағы тәртіп тек тазалық үшін ғана емес, сонымен бірге қауіпсіздік үшін де қажет! Терезеге, үстелге және шкафтарға өрмелеуге, үстіне шығуға болмайды. Егер бірдеңені ала алмай, қолың жетпей жатса, тәрбиешіге өтініш білдір! Топта, жатын бөлмеде және қабылдау бөлмесінде жүгіру өте қауіпті: жиһаздың өткір, үшкір бұрыштары жарақат алуға әкелуі

				баламен соқтығысып, қатты жарақат алу қауіпі бар! Кішкентай ойыншықтарды ауызға салуға болмайтынын айту. **(сөйлеуді дамыту)**	мүмкін, басқа баламен соқтығысып, қатты жарақат алу қаупі бар! Кішкентай ойыншықтарды ауызға салуға болмайды - оларды байқамай жұтып, қақалып қалуға болады! Орындықта тербетіліп отыруға болмайды! Тепе-теңдікті сақтай алмай, құлап, соққы аласыңдар! Сумен ойнағанда, еденге су төгіліп кетпеуін қадағала. Дымқыл еден өте тайғақ болады, сондықтан сен үшін өте қауіпті! Тамақтану кезінде сөйлесуге болмайды, тамақты мұқият шайнау қажет! Аяқ киім әрқашан тағулы және ыңғайлы, ұзын бауларсыз болуы керек! Қайғылы оқиғаны

					болдырмау үшін балабақшаға сағыз әкелуге тыйым салынады! **(сөйлеуді дамыту)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.10-10.15				**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Түрлі-түсті көпір" Мақсат-міндеттер: Балаларда гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығу дағдыларын дамыту; өз беттерімен бір-бірлеп өрмелеу арқылы қайтадан түсе білу дағдысын жетілдіру; гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, ептілік қабілеттерін дамыту; оқу қызметінде белсенділіктерін арттыру. **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Айжанға гүл шоғын	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** ""Түлкі мен ешкі" ертегісі" Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін мінез-құлқын айту барысындағы дауыс екпіннің құбылуын дұрыс қабылдай білуге; ертегінің мазмұнын түсініп, тыңдай білуге үйрету; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру; тілін, сөздік қорларын дамыту; шығарманың мағынасын түсіну, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасы негізінде адамгершілікке тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-**

				жинауға көмектес" Мақсат-міндеттер: Гүлге деген танымдық қызығушылықты қалыптастыру; гүлдердің атауын атай отырып, балалардың зейінін, сөйлеу қабілетін дамытуды жалғастыру; гүлге деген құрмет сезімін тәрбиелеу; адамгершілік қасиеттер - қайырымдылық, шыдамдылық.	**жаттығу "Қош келдің, жаз!"** Мақсат-міндеттер: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір-бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу.
Серуенге дайындық 10.15-10.25	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.25-11.00				**Ағаштар мен бұталарды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: сырт келбетіне қарап, жапырақ құрылымына қарап ағаштар мен бұталарды ажырата білуге үйрету, өмірдегі сұлулықты көре білу және	**Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: жазғы табиғаттың жай-күйі туралы түсінік қалыптастыру. Маусымдық киім-кешек атауларын бекіту. Негізгі мазмұны: Жаз мезгілінде күннің қаттырақ

				табиғатқа тамсана алу қабілеттерін қалыптастыру. **Дидактикалық тапсырма:** өсімдіктің бұтағы: жапырағы, гүлі, діңі/ қайда екенін көрсетші. Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің бөліктерін ажырата білуге, түстерін ажырата алуға үйрету. **Дене шынықтырудан жеке жұмыс.** Мақсат-міндеттер: балаларды көлбеу тақтада жүруге, бастың артынан лақтыруға жаттықтыру, балаларды батылдыққа және ептілікке тәрбиелеу. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** құмды бір жерге үйіп, жинап, шелекке салып құмсалғышқа әкелу. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым	қыздыратынына назар аудартып, сол себептен балалар жеңіл киініп жүретінін түсіндіру. Күнге қарау оңай ма деген сұрақ қою. Неге? Ол жарық, сары, көзді аштыртпайды. Жазда көп адамдар күннен қорғайтын көзәйнек киеді, себебі күннің көзі қатты түскенде көздері ауырмас үшін. Көркем сөз. Күн күлімдеп қарайды терезеге, Нұрын шашты жарқыратып бөлмеге. Күнге мәз боп қуанамыз бәріміз, Қуаныштан алақанды соғамыз. Күн ыстықта жеңіл киім киеміз, Күн өтпеске қалпақ киіп жүреміз. Суға түсіп, қыздырынып, демалып, Тату ойнап, дос боп

				еңбек әрекеттерін орындауға баулу. **"Карусель" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бірінің артынан әртүрлі қарқында жүгіруге, қимылдарын ойын мәтінімен үйлестіріп орындауға үйрету. "Аққайың ау, жасылсың да, бұйрасың" шеңберде тұрып ойнайтын ойыны. Мақсат-міндеттер: әдемі әуенді тыңдап, әнге қосылып, қарапайым би қимылдарын орындауға деген құлшынысын арттыру.	өмір сүреміз! Тусипжанова-Шагирова А. **"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша қимылдауға, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап жүріп жаттығу орындау қабілеттерін дамыту.
Серуеннен оралу **11.15-11.35**	Балаларды жүйелі түрде шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне қоюға, қолдарын жууға үйрету.				
Түскі ас **11.35-12.00**	**Гигиеналық дағдылар** Ойын жаттығуы: Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетіңді жу"". Мақсаты: дұрыс жуыну дағдысын қалыптастыру, баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Көркем сөз. Қасықтарымыз біздің,				

	Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Осы сөздерден кейін балалар таңғы ас ішуді бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруын сұрау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы 12.00-14.50	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 14.50-15.15	Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру. «Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, мөлдір суға бетіңді жу» ойын жаттығулары. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.15-15.45	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 18.10-18.25	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге	Кеңес: "Балаларға	"Абайла - күн!"-		Ата-аналарға	Балаларға арналған

қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.30**	арналған қауіпсіздік ережелері. Жолдағы қауіпсіздік". Серуен өте маңызды! Ата-аналарға арналған жадынама.	тақырыбына ата-аналарға арналған кеңес. Мақсаты: ата-аналарға белгіленген тақырыпқа кеңес беру. Міндеттері: - ата-аналарды балалардың күн астында жүру ережелері жайлы мәлімет беру; - ата-аналардың бала ағзасына күн сәулелерінің әсер етуі жайлы білімін кеңейту.		арналған кеңес: "Балалардың жазғы демалысы мен шынығуы".	кеңес: "Балалардың жазғы шынығуы". Шынығу шаралары: - су шаралары; - ауа ванналары; - күн ванналары.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ	
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы
Топ/сынып	**Кіші топ**
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» кіші
Балалардың жасы	**2 жасар балалар**
Педагогтің аты-жөні	Кошрбаева Б. Кульжабаева З
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**01, 03.07. - 07.07.2023ж.**

Апта күндері	***Сенбі***	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	01.07.23ж	03.07.23ж	04.07.23ж	05.07.23ж	06.07.23ж	07.07.23ж
Күн тәртібі						
Балаларды қабылдау 8.00-8.35	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**					
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 8.00-8.35	Балалардың дене қызуын тексеріп қабылдау. Ата-аналармен тақырыбына әңгімелесу "Бала өміріндегі дәруменнің маңызы". Таңғы жиын: "Достық". Саған - мен дос боламын! Маған - сен дос боласың! Қол ұстасып тұрайық, Достық шеңбер құрайық! Күлімдесіп қарайық, Мәңгілік дос болайық! (Бір-бірінің қолынан ұстап, бір-біріне күлімдеп қарау). **(сөйлеуді дамыту)**					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8.00-8.35	**"Қауіпсіз орындық".** Мақсат-міндеттер: балаларға, орындықты қауіпсіз қалай дұрыс апарып және теңселтпей отыруды айту. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** "Біз орындықтырды орындарына қоямыз". Мақсат-міндеттер:	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: өсімдіктердің ірі жапырақтарын сүрту.** Баланы еңбек әрекетіне жетелеу. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға үйрету. Мақсат-міндеттер: еңбек етуге қызығушылықтарын және	**Еңбекке баулуға арналған тапсырмалар:** балабақша ауласын жинау (құрап, түсіп жатқан жапырақтар). Мақсат-міндеттер: еңбекке қызығушылықты тудыру; ересектерге қолқабыс етуге тәрбиелеу. **(еңбек**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** үлескедегі бұтақтарды жинаймыз. Мақсат-міндеттер: қарапайым тапсырмаларды орындауға тарту; ұқыптылыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**		

	еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; жылдам, тапсырманы ұқыпты орындауға бейімдеу. **(еңбек дағдылары)**	ересектерге көмектесу ниетін ояту. Сүртуге арналған алжапқыш, қолғаптар. **(еңбек дағдылары)**	**дағдылары)**			
	Ойын: "Қандай тосап? Қандай шырын?" Мақсат-міндеттер: тілдің грамматикалық құрылымын дамыту. Ойын барысы. Тәрбиеші балаларға Дана қыздың сұрақтарына жауап беруді ұсынады. Жалғауларды дұрыс қолдануды қадағалау қажет (таңқұрай тосабы, таңқұрай шырыны). **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**Әңгімелесу: "Дәрумендер - біздің достарымыз".** Мақсат-міндеттер: пайдалы және зиянды тағамдар, адам денсаулығына пайдалы жемістер жайлы түсініктерін қалыптастыру. **Тақпақтарды мәнерлеп айтуға арналған жаттығулар.** Мақсат-міндеттер: есте сақтау, қабылдау, елестету, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.	**Тақпақтарды мәнерлеп айтуға арналған жаттығулар.** Мақсат-міндеттер: есте сақтау, қабылдау, елестету, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: шиенің суреті. **"Шие".** Мен шиемін, шиемін, Күннің көзін сүйемін. Қышқыл шырын менде бар, Төмен басты иемін. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**Саусақ жаттығуы: "Қарақат".** Мақсат-міндеттер: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Өлең мазмұнына сай қимыл жасау. Қалсам егер тығылып, Қалың шөптің астында. Таба алар деп кім біліп, Жұрт көзінен қаштың ба? Торсиған бал уызға Кіп-кішкентай қарақат.		

		Құралдар: құлпынайдың суреті. **Құлпынай.** Піскен кезде құлпынай, Қандай әсем шіркін-ай! Қарай бергің келеді, Дүркін, дүркін, дүркін-ай. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**		Салып қояр ауызға, Болса егер бала тап. (С. Мәуленов) **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**		
Таңертеңгі жаттығу **8.35-8.45**	**Тыныс алу, релаксация, дыбыстау артикуляциясына жаттығу, ойындық уқалау элементтерімен таңғы жаттығу.** Балаларға қарап, өлең оқиды: Қонжық келді қонаққа. Күліп ойнап, қорбаңдап, Ойынға ол шақырды, Балаларды қол бұлғап, Ой, балақай, балақай. Тату-тәтті балақай Ой, балақай, балақай Шығамыз алақай! **"Үлкен аю, кішкентай қонжық"**. Бастапқы қалып (б. қ.): Тік тұру, қолды төмен түсіру. Тәрбиеші: Қолымызды көтеріп, Аю қандай үлкен екенін көрсетейікші. Міне қандай! Қолды түсіреміз. Ал аюдың кішкентай қонжығы мынандай. 3 рет қайталау. "Аю билейді". Б. қ.: Тік тұру, қолды төмен түсіру. Тәрбиеші.: Аюдың қалай билейтінін көрсетейік. Бір жаққа еңкейді және екінші жаққа, міне осындай көңілді аю. Қонжық балаларға шеңбер бойымен жүруді ұсынады:				

	Бір, екі, бір, екі, Көңілді адымдаймыз, Бір, екі, бір, екі, Аяқты көтереміз! Былай, былай Аяқты көтереміз, Осылай, осылай Көңілді жүреміз. Қонжық балаларды мақтайды: Ой, балақай, балақай. Тату-тәтті балақай Ой, балақай, балақай Шығамыз алақай! **(дене шынықтыру)**					
Таңғы ас **8.45-9.00**	**Ойын жағдаяты: "Қуыршақ шомылады".** Балалардың жуыну дағдыларын , жуыну құралдары және олардың қолданысы жайлы білімдерін дамыту, мәдени-гигиеналық дағдыларын, әрдайым таза, тиянақты, ұқыпты болу ниетін, өз денесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Қасықты оң қолмен ұстау, асты ерінмен алу, оны кішкентай бөліктермен тістеп алу, алдыңғы тістермен емес, азу тістермен шайнау біліктіліктерін бекіту. Жаттамақтар оқу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық **9.00-9.10**	**"Демалыс күндерін мен қалай өткіздім".** Мақсат-міндеттер: тақырыбы бойынша сөздік қорларын молайту (демалыс күні, көңілді, тату, қызықты); қойылған сұрақтарға жауап беруге	**Балабақшада өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау жайлы әңгімелесу.** Шашылған ойыншықтар құлап, жарақат алудың себепшісі болуы мүмкін. Топтағы реттілік тек ғана тазалық үшін ғана емес,	**Таңғы сәлемдесу "Сәлем, саған көк аспан!"** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен	**Таңғы сәлемдесу.** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге, жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен		

	дағдыландыру; есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)**	сондай-ақ қауіпсіздік үшін. Терезе алдына, үстелге және шкафқа шығуға болмайды. Егер ала алмасаң, тәрбиешіден көмек сұра. Топ ішінде, жатын және қабылдау бөлмесінде қауіпсіздікті ескеру: жүгіру өте қауіпті, жиһаздардың үшкір бұрыштары, басқа баламен соғылып, жарақат алудың себепшісі болуы мүмкін. **(сөйлеуді дамыту)**	қабылдауға тәрбиелеу. Сәлем саған көк аспан! (Қолды жоғары көтеру) Сәлем саған күн нұры! (Екі қолды қосып, шеңбер жасау) Сәлем саған жер ана! (Қолды баяу түсіру) Сәлем саған, достарым! (Барлық балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтереді) **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**	қабылдауға тәрбиелеу. Армысың, Әлем! Армысың, Жарық күн! Армысың, абзал Адам! Армысың, менің досым! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**		
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.10-10.15	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Біз дәмді тосап жегенді ұнатамыз" Мақсат-міндеттер: Балаларды қолдарындағы орамалдарымен шеңбер бойымен салтанатты	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Жемістер мен жидектер" Мақсат-міндеттер: Балаларға жеміс-жидек туралы түсінік беруді жалғастыру, олардың түрлерін	**Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Қайнатпа"** Мақсат-міндеттер: Балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту; қаражидекпен таныстыру; ермексаздаздан	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Тәттіқұмарлар әлемі" Мақсат-міндеттер: Балалардың педагогпен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында		

	адымдатып, жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, орамалдарын жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүру; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын қорытындылау.	ажырата білуге үйрету; қабылдауын, есте сақтау қабілеті, зейінін дамыту; жақындарына, достарына қамқорлық көрсетуге, бөлісе білуге тәрбиелеу.	бөлшектерді үзіп алу, оларды екі алақанның ортасына салып, немесе саусақпен тақтайшада есу. Банканың сыртына жидектерді жапсырғанда ұсақ қол маторикасын дамыту; ермексазбен жұмыс істеуде ұқыптылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу. туралы білімдерін кеңейту.	ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.		
Серуенге дайындық 10.15-10.25	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**					
Серуен 10.25-11.00	**Жаз мезгіліндегі ағаштардың өзгеруін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: ағаштар жайлы түсініктерін	**Қанқызды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларда жәндіктер жайлы қарапайым түсініктерін	**Жәндіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: жәндіктерді өзге тіршілік иелерінен ажыратуды үйретуді	**Өтіп жазға киім киіп өтіп бара жатқан адамдарды және балалардың киімін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер:		

	бекіту. Жаз мезгіліндегі ағаштардың өзгеруін көрсету, гүл орнына жемістер шықты (шетен, мойыл). Жапырақтарының пішінінің әртүрлігіне назар аудару. **“Капитан мен жолаушылар” сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: капитанның кім екенін, оның кемеде қандай міндет атқаратынын айтып беру. Капитанды таңдап, өзенмен саяхатқа шығамыз. **"Аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ептілікті дамыту. Балалар араларды келтіреді,	дамыту. Қоныз-жүреді, ұшады, қызыл түсті, қара нүктелері, басында мұртшалары бар. Кішкентай тіршілік иесіне қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Қанқызды жапырақта, алақанға салып бақылауға болады, оның қанатын жайып ұшып кетуін қарастыруға болады. Ұлғайтқыш әйнекті қолдануға болады. **"Қорбаңбай аю" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды сигнал бойынша бір бағытта жүгіруге дағдыландыру; ережеге сай ойнауға бейімдеу;	жалғастыру. Жәндіктер кішкентай, шөп арасында, жерде, ағаш қабығында өмір сүреді, шөппен, жапырақпен және өсімдік шырынымен қоректенеді. **"Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту. Ойын барысы: - Тышқан шықты інінен, "Сағат неше болды?"- деп, Бауды тартып қалып еді, Дүңгірледі барлық жер. Тышқан қорқып қайтадан, Кіріп кетті ініне. Ересектер қол шапалақтайды,	балаларда қарапайым киім-кешек элементтері жайлы түсініктерді қалыптастыру; сөздік қорларын молайту (көйлек, сарафан, майка, шорты, іш киім, шұлық, панамка); киім түсін сенсорлық қабылдауды дамыту (Қайратта сары майка, ал Айымда — қызыл сарафан). **"Көпіршік" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңбер құрып тұруды, оны кеңейте және кішірейте білуді, өз қимылдарын мәтін сөзіне сәйкестендіруді үйрету. Мөп-мөлдір көпіршік, Қалықта аспанда.		

	жүгіреді, қолдарын-қанаттарын сермеп, «ызылдайды». Ересектердің бірі «"ю" шығады да: - Аю қорбаңдап келеді, Аралардың балын әкетеді. Аралар, үйге! "Аралар" омартаға қарай ұшады, "Аю" қорбаңдап арттарынан барады. "Аралар" қанаттарын қағып, "аюды" қуалайды , "ұшып" одан қашады, "аю" оларды ұстайды. **Еңбек тапсырмалары - ойын алаңындағы кепкен бұтақтар мен тастарды жинау.** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	Балалар шеңбер құрып отырады, біреуі шеңбер ортасында. Ересек айтады: - Аю, аю келе ғой. Бізге билеп бере ғой. Біз шеңберге тұрайық, Көңілді ән салайық! Шапалақты ұрайық! "Аю" шеңбер ортасында билейді, балалар шапалақ ұрады. **"Жүргізуші" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды "жүргізуші" рөлін сомдауға тарту; жүргізушіге тән қимылдарды жасауға баулу; кеңістікте бір-біріне соғылмай жүгіруге бейімдеу. **Еңбек тапсырмалары - "үстел мен**	бала - "тышқан" "ініне" қашады , ал "мысық" оны қуалайды. **Еңбек тапсырмалары - далаға шығарылатын ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу. **"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды педагог ұсынған желі бойынша ойнауға бейімдеу: сатушы мен сатып алушы жайлы түсініктерін тиянақтау; сөздік қорды белсендіру; коммуникативті қабілеттерід дамыту. Құралдар: әртүрлі ойыншықтар, сатып алуға жетондар.	Жарылмай ұша бер, Ешкімнен жасқанба! **"Жидекті теріп алайық" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды алдын-ала алаңға таратылып жайылған жидектердің кескіндерін сигнал бойынша қорапшаға жинауға тарту; зейінді, кеңістікті бағдарлау, бір-біріне бөгет болмай қимылдауға бейімдеу. **Еңбек тапсырмалары - ойын жабындысын сыпыру, орындықтарды сүрту.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.		

	Дербес ойын әрекеті. Мақсат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.	**орындықтарды жуамыз".** Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу. **Дербес ойын әрекеті.** Мақсат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.		Балалардың еркін ойындары. **Дербес ойын әрекеті.** Мақсат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.		
Серуеннен оралу 11.15-11.35	Жууға арналған жаттамақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: есте сақтау, қабылдау, елестету, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: сабын. Сабындаған кезіңде Ашытады көзіңді. Бола білсең төзімді, Тап-таза етер өзіңді. Тазалықтың досы - Сабын деген осы.					
Түскі ас 11.35-12.00	Өз бетінше тамақ жеу біліктіліктерін жетілдіру, барлығын тауысып жеу, тағамды, оны ұртта қалдырмай жұту. Ұқыптылық дағдыларын қалыптастыру. Майлықты қолдануды үйрету. **Ойын жағдаяты: "Аю шаңышқымен жеуді қалай үйренді".** **"Аюға түскі асқа дастархан әзірлеуге көмектесеміз" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: үстел басында әдептілік ережелеріне баулу. Әртүрлі жаттамақтар жаттату.					

	(мәдени-гигиеналық дағдылар)
Күндізгі ұйқы 12.00-14.50	**Ұйқытатпақ.** Бүгін біздің аяғымыз былай деді: "Қатты шаршап аяғым, Жүргісі де келмейді. Күні бойы секіріп, Тіпті дамыл көрмейді. Қатты шаршап қалыпты, Демалсын екі аяғым. Тынығып-ап азырақ, Тағы жолға салайын!". Ұйқытар алдында киімдерін орындық басына ілу біліктіліктерін бекіту. Әртүрлі түймелеу түрлерін салуды үйретуді жалғастыру. **(көркем әдебиет)**
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 14.50-15.15	**“Ұйқыдан кейінгі кешенді шынығу шаралары”.** **Ояну.** Тәрбиеші қоңырауды сыңғырлатады: Сыңғырлаған қоңырау, Әркез жанымнан табылар. Қоңыраудың үнінен, Мен ояндым ақыры. Уақытымен үнемі, Жаттығамын жалықпай. Әнші "алтын қоңырау" Сыңғырлайды қалықтай! **Кешенді шынығу жаттығулары.** “Марғаулар оянады”. (Балаларға төсекте жатып керілуді, арқаны жазып, қолды жоғары созып, бір бүйірден екінші бүйірге бұрылуды ұсыну.) Кіп-кішкене марғаулар, Пырылдайды үнемі. Жайғасыпты кілемде, Оянғысы келмейді. Жалқауланба, марғауым, Қандай сенің таңдауың.

	Бойыңды жаз, керіліп, Қалғандайсың керіліп. Жеңіл уқалау. (Қол және аяқ саусақтарын жоғары қарай уқалау, белді, арқаны, кеудені жазу.) Аяқ ұшымен жатын бөлмеде жүру. Керілдік, жылдам тұрдық, Аяқ ұшымен жүгірдік… “Денсаулық жолдарымен” жүру. “Топ, топ, топ”- адымдайды біздің аяқ. **(дене шынықтыру)**					
Бесін ас **15.15-15.45**	Қолды сабындау және түзу қимылдармен жууды үйретуді жалғастыру, қолды жуғаннан кейін сығуды үйрету. Қолдарын өз орамалдарымен сүртіп, орнына ілу біліктіліктерін бекіту. "Балалар қолдарын жуады" тақырыбы бойынша иллюстрациялар қарастыру және сол бойынша әңгімелесу. **"Біз қолымызды қалай жуамыз?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: қолды жуу дағдысын жетілдіру. **Жаттамақ оқу: "Мөлдір су".** **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 15.45-16.50	**Ұжымдық жапсыру.** **"Жидектер".** Мақат-міндеттер: балалардың коммуникативтік қабілеттерін жетілдіру; ұсақ қол моторикасын дамыту; жидектер туралы түсініктерін тиянақтау. - Балалар, біздің себетте көптеген жидектер бар, ал сендер жидектерді өз орындарына	**"Маймақ қоңыр аюлар" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалармен жидектерді теруді көрсету қимылдары ерекшеліктерін бекіту; жағымды эмоцияларды дамыту. Маймақ қоңыр аюлар, ("Қорбаңдап" жүру) Жидек іздеп келеді.	**Апта тақырыбы бойынша сергіту сәті:** **"Жидектер".** Мақсат-міндеттер: балалардың жидектер туралы ұғымдарын пысықтау, кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. Құралдар: жидектердің суреттері. - Балалар, қане шеңберге тұрып, баққа жидек	**"Жұмыртқанын ішінде не бар?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың қоршаған заттар туралы түсініктерін тиянақтау, түйсік, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Себеттен жұмыртқа алып, ашып ішінде не бар екенін көр. Балалар пластик жұмыртқаны		

	орналастыра аласыңдар ма, олардың қайда өскенін, біз оларды қайдан жинағандарымызды естеріне сақтадыңдар ма? Балалар жидектер бейнеленген суреттерді, ватманда бейнеленген бұталар мен ағаштардың бұтақтарына жапсырады. Қорытынды: - Балалар, жидектер түстері бойынша қандай болады? Ал көлемі бойынша жидектер қандай болады? Жидектер дәмі бойынша қандай болады? Жидектер қайда өседі? **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика)**	Былай, былай қорбаңдап. Жидек іздеп келеді. (Қолды бүйірге қою – “себет”) Жидек теріп алады, Себетіне салады. Былай, былай еңкейіп. (Жидектерді теріп, «себетке» салған сыңай танытады) Себетіне салады. Тойып алған аюлар. (Іштерін сипау) Көңілденіп билейді Аяқ, қолын көтеріп, Былай, былай билейді (Бір орында айналу) **(сөцлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	жидектер теруге келгендей елестетейік. - Алдымен кішкентай бұталарда өсіп тұрған жидектерді: құлпынайды, бүлдіргенді тереміз. (Отырып, жидек тергенді көрсету.) - Ал қазір біз қарақат пен таңқурай өскен бұталарға келдік. (Екі жаққа еңкею, қолдарын жидек тергендей бүгу.) - Ары қарай барамыз. (Шеңбер бойымен қозғалу.) - Міне, біз шие, мойыл, шырғанақ өскен үлкен ағаштарға келдік. (Аяқ ұшына тұру, қолды жоғары көтеріп, созылу.) - Ал енді біз қанша көп жидек тергенімізді көрсетейік.	ашып, ішінен құс бейнеленген ойыншықты тауып алады. Балалар өз құстарын атап, егер өздері атай алмаса, ересектер атап, балаларға қайталауды ұсынады. **(сенсорика)**		

			(Қолдарын екі жаққа созу.) - Жарайсыңдар, балалар! **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**			
Балалармен жеке жұмыс 16.50-17.10	**"Неліктен беріле білу керек?" әңгімелесуі.** Мақсат-міндеттер: балаларды жанжалдан аулақ болуға, бір-бірімен өзара келісе білуге үйрету, оң және теріс әрекеттерге деген өз қарым-қатынасын, көзқарасын бағалай білу қабілеттерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)**	**Саусақпен сурет салу: "Құстарға арналған жидектер".** Мақсат-міндеттер: балаларды дәстүрден тыс сурет салу техникасына бейімдеу; ой-қиялын, зейін қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. - Балалар, құстар ағаш бұталарында қалған жидектерді шоқып жеуді жақсы көреді. Қане, құстарға арнап көп жидектер салайық. Құралдары: бояу, төсеніш, сүлгілер, таза қағаз беттері. **(сенсорика)**	**"Торғай" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; сөйлеу мәнерін, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. Балалар бас бармақтарын	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығулары.** Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту. **Таңқурай.** Жазда өседі таңқұрай, Жемісін тер, қалдырмай, Апаң қақ та қайнатар, Қыста керек нәр мұндай. Тұмау тисе қыс күні, Көтерілсе ыстығың, Таңқурайдың		

			біріктіріп, құстың ұшқанын келтіріп, алақандарын қағады. Сұқ саусақтарымен үстел үстін қағады. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**	қағымен, Ыстық шайды іш, күнім. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**		
Серуенге дайындық 17.10-17.20	**"Киім-кешектер мен аяқ киімді қалай дұрыс, таза ұстау керек".** Мақсат-міндеттер: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауға үйрету.	**"Тілалғыш түймелер мен баулар".** Мақсат-міндеттер: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).	**"Біз серуенге қалай киінеміз".** Мақсат-міндеттер: киім-кешек, аяқ киім, бас киім атауларын және қолданысын нақтылау.	**"Киіну, шешіну".** Мақсат-міндеттер: түймені тағу және ағыту, жапсырғыш тағындыларды ашып, жабу біліктіліктерін бекіту, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, киіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды, қажет жағдайда көмек сұрауды, сыпайы сөздерді қолдануды үйретуді жалғастыру.		
Серуен 17.20-	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**					

18.00						
Серуеннен оралу 18.00-18.10	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 18.10-18.25	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**					
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.30**	"Мектеп жасына дейінгі сәбидердің ұсақ қол моторикасын дамыту" тақырыбына ата-аналарға арналған сауалнама.	Ата-аналарға арналған кеңес: "Балаларды дұрыс қасық, қарындаш ұстауға үйрету".	Кеңес: "Балаларға қандай ертегі оқуға болады?"	Жаднама: "Сәбилерге арналған саусақ жаттығулары".		

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы				
Топ/сынып	**Кіші топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» кіші				
Балалардың жасы	**2 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Кошербаева Б. Кульжабаева З				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**10.07. - 14.07.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	10.07.23ж	11.07.23ж	12.07.23ж	13.07.23ж	14.07.23ж

Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.35	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 8.00-8.35	Ата-аналармен "Демалыс күнін балалармен қалай өткізуге болады" тақырыбына әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8.00-8.35	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** табиғат бұрышындағы өсімдіктерге назар аудару, егер топырақ құрғақ болса, су сепкіштің көмегімен өсімдіктерді суғару керек екенін ұғыну. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** өсімдіктердің ірі жапырақтарын сүрту. Баланы еңбек әрекетіне жетелеу. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға үйрету. Мақсат-міндеттер: балалардың еңбек етуге қызығушылықтарын және ересектерге көмектесу ниетін ояту. Сүртуге арналған алжапқыш, қолғаптар. **(еңбек дағдылары)**	**Оқу қызметіне арналған құрал-жабдықтар мен материалдарды дайындау.** Мақсат-міндеттер: жүктелген тапсырмаға жауапкершілік танытуды дамыту, балаларды оқу қызметіне арналған құрал-жабдықтар мен материалдарды ұқыпты жинауды үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: б**алабақша ауласын қураған (ағаштан түскен) ұсақ бұталардан жинау. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; ересектерге қолқобыс етуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** құрастыру бөлшектерін қорапқа жинау. конструктор қорапқа салынғанына назар аудару; егер олар шашылып жатса, қорапқа симайтыны екенін белгілеу. **(еңбек дағдылары)**
	"Балабақшаға келе жатқанда мен не көрдім?" тақырыбындағы бақылау. Мақсат-міндеттер: тақырып бойынша сөздік қорларын белсендіру.	**Еліктеу ойындары: "Не бұл?".** Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; артикуляцияны жетілдіру; жан-	**Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Мынау орындық – Дем алуға отырдық. Мынау үстел, (сол	**"Шарды ұстап ал" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың қосымша заттармен белгілі әрекеттер жасауға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын, ұқыптылықты,	**"Ойын-сауық саябағын құрастырамыз" құрылыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін дамытады.

	Педагог балалардан балабақшаға келе жатқан жолдарында не көргендерін айтуды сұрайды (көп көліктер, балалар, автобустар, бағдаршам және т.б.). **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** **"Сабын көпіршіктері" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа тәрбиелеу; көркем сөзді жатқа айтуға қызығушылық тудыру. Түрлі-түсті көпіршік, Қалықтайды аспанда. Жарылады бір-бірлеп, Отшашулар шашқандай. Қандай ғажап тамаша, Көз тоймайды қараса! **(сөйлеуді дамыту)**	жануарлардың дыбыстарына еліктеуге машықтандыру. Балалар орындықтарға отырады. Тәрбиеші балалардан кезек-кезек, иттің үргенін, мысықтың мияулағанын, сиырдың мөңірегенін, қарғанын қарқылдағанын (көкек, торғай, көгершін, сауысқан) бейнелеуді (келтіруді) сұрайды. Егер балаларға тапсырманы орындау қиындық тудырса онда, ересектер көмектеседі. Ойынды біраз өзгерту. Балалардың біреуі аңның немесе құстың тек қана дауысын ғана емес, сондай-ақ оған тән қимыл-қозғалысты салып келтіреді. Әдетте қоянның секіргенін көрсеткісі келетіндер көп	қолды жұдырыққа түю, үстіне оң қолдың жұдырығын қою) Асты іше біл. Анау тұрған төсек, (Қолдарды қарама-қарсы қою, бас бармақтардың ұшын бір-біріне тік бұрышта тигізу) Ұйықтар орын білсек. Міне диван – жұп-жұмсақ, Отырамыз шаршасақ, (Қолдарды ішкі жақтарымен бір-біріне қосу) Мынау шкаф – қарасақ, (Екі қолды бас жағында қосып ұстау; алақандар біресе қосылып, біресе жан-жаққа "ашылады") Киім-кешек жинасақ. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	ептілікті дамыту. Су құйылған легенге кішкентай пластмасс шарлар салынады. Балаға беріледі тұтқасы бар сүзгіш беріледі де, судан шарларды сүзіп алуды ұсынады. Балалар сүзіп алған шарларды салу үшін, екінші бос леген дайындаңыз. Сумен ойын әрекетін ұйымдастыру үшін, дайындандар поролон губкалар, су сепкіштер, пластик ыдыстар, қақпақтар, стақандар, екі леген, алжапқыштар, орамалдар. **(сенсорика)**	Ойын құралдары: "лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Тәрбиеші өз "ойын-сауық саябағын" құрастыруды ұсынады. **(құрастыру)**

		болады. Барлығы көрсетсің. Онда тек қана, кімнің ұзақ қоян болғанын және айнытпай келтіре білгенді анықтау керек. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**			
Таңертеңгі жаттығу 8.35-8.45	**Шынықтыру мен дамытуға арналған кешенді жаттығулар: «Көңілді сылдырмақтар».** Құрал-жабдықтар: әр балаға 2 дана сылдырмақтан. Бізде бар қызықты ойыншық, — Бом-бом-бом, бом-бом-бом! оның аты — сылдырмақ, — Бом-бом-бом, бом-бом-бом! барлық бала ұнатады, Онымен бірге, Секіріп, жүгіруге! "Алдында ойнат". Б. қ.: аяқ сәл алшақ, сылдырмақ белде. Сылдырмақтар алдыда, сылдырлатып, қайта артқа қою. Еркін тыныстау. 4 рет қайталау. "Көрсетіп ойна". Б. қ.: аяқ алшақ, сылдырмақ иықта. Оңға бұрылу, көрсету, ойнау, "міне" - деу. Б. қ. оралу. Дәл солай екінші жаққа. 2 реттен қайталау. "Сылдырмақтар тізеде". Б. қ.: аяқ алшақ, сылдырмақтар жанында. Алға еңкею, сылдырмақтар тізеде — дем шығару. Б. қ. оралу. 3-4 рет қайталау. Балалардың назарын алдыға еңкейген кезде, тізені бүкпеу керектігіне аудару. "Секіру". Б. қ.: аяқ сәл алшақ, салдырмақтар төмен түсірілген; 4-6 рет секіру; 4-6 рет сылдырмақтарды қағып адымдау. 2 рет қайталау. "Сылдырмақтар ұйықтайды". Б. қ.: аяқ алшақ, сылдырмақтар төмен түсірілген. Сылдырмақтарды екі жаққа, мұрынмен тыныстау. Б.қ оралу, ауызбен дем шығару. 2-3 рет қайталау. Соңғы жаттығуды орындағанда — жүресінен отыру, сылдырмақтарды бетке тигізу. **(дене шынықтыру)**			

Таңғы ас **8.45-9.00**	**"Үстел басындағы әдеп" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларда мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, үстел басында дұрыс отыруды, асхана құралдарын дұрыс қолдана білуді үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық **9.00-9.10**	**Таңғы сәлемдесу.** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Біздің күлкіміз көңілді, Жеткізсін жылу мен шаттықты. Бөліскен жақсы ғой өмірде, Қуаныш, мейірім, бақытты. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**	**Сәлемдесу: "Кел сәлемдесейік".** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; топтастарға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Жарқырап күнде ашылды, Айналаға гүл шашылды Қайырлы күн! Біз нәзік қыздармыз! Қайырлы күн! Біз ержүрек ұлдармыз! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**	**"Сиқырлы сөздер".** Мақсат-міндеттер: балаларды әдептілік ережелеріне баулу; жағымды көңіл-күйге бөленуге бейімдеу; әдептілік сезімдерін қалыптастыру. Көмек үшін алғыс білдіру, қоштасу және сәлемдесу. **(сөйлеуді дамыту)**	**Сәлемдесу: "Күн".** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; күн объектісіне көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабақ түйген не керек? Көңілді боп жүрейік. Әңгімелесейік **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**	**Ой жинақтау сәті.** Мақсат-міндеттер: балаларды татулыққа, бір-біріне жылы шыраймен қарауға тәрбиелеу. Қол алысып, кәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Жазда ойын-сауық	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** ""Торғай мен тышқан" (орыс халық	**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Күн көзімен	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Түрлі-түсті шарлар" Мақсат-міндеттер:	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Би билейміз баршамыз"

іс-әрекет 9.10-10.15	ұйымдастырамыз" Мақсат-міндеттер: Балаларды заттардан аттап жүру іскерліктерін жетілдіру; жаттығуды жасау кезінде қимыл белсенділігін арттыру; заттарды құлатпай аттап жүру дағдыларын дамыта отырып, балалардың заттардан аттау кезіндегіептілік қабілеттерін жетілдіру; жалпы дамыту жаттығулары арқылы балалардың тыныс алу органдарының жұмысына жақсы әсер ету.	ертегісі)" Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіру; өз ойын толық айтуға дағдыландыру; балалардың бойына еңбексүйгіштік, доска адал болу, шыншыл болу қасиетін сіңіру; ойлау қабілеттерін, тілін дамыту, сөздік қорын молайту; татулыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.	ойнайық" Мақсат-міндеттер: Балалардың педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап беру, сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуды жалғастыру; сары түсті тани білу қабілетін қалыптастыру.	Балаларды түрлі-түсті қарындаштармен сурет салуды үйретуді жалғастыру; дөңгелек пішінді заттарды қарындашпен бояу дағдыларын бекіту, негізгі түстер (қызыл, сары, көк, жасыл) жайлы білімдерін бекіту; сурет салуға қызығушылықтарын, ұсақ моторикаларын, қолдың қозғалыс координациясын дамыту; табандылыққа, ізденімпаздылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.
Серуенге дайындық 10.15-10.25	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.25-11.00	**Жаңбырды (ауа-райына қарай) немесе аспандағы бұлттарды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: жаңбыр құбылысы	**Кемпірқосақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: жаз мезгіліндегі құбылыстар: кемпірқосақпен таныстыруды	**Аққайыңды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жанды табиғатта болатын мезгілдік өзгерістермен	**Ағаштар мен бұталарды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: бұталар мен ағаштар туралы білімдерін бекіту, ағаштар мен	**Қарағайды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жанды табиғатта болатын мезгілдік өзгерістермен

	жайында түсініктерді қалыптастыру; жаңбырдың аспанда сұр бұлттар жиналған кезінде пайда болатынын түсіндіру; найзағай сияқты құбылыспен таныстыру. Найзағай мен оның жақындағанын бақылау. Найзағайдың алдында аспанды ауыр бұлт жауып, қатты жел соғады. Жел ағаштарды қатты шайқайды. Айналаның бәрі біртіндеп түнеріп кетеді. Құстар айқайлап ұшып, жасырынып қалуға тырысады. Күн күркіреп, найзағай жарқылдайды. **Жұмбақ.** Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр, Дабылдап дабылын ол қағып тұр. (Найзағай) Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр,	жалғастыру. Кемпірқосақтың барлық түстері жайлы білімдерін бекіту. Балаларға жаңбырдан кейін кемпірқосақ шығатынын түсіндіру. Ол түрлі-түсті. Сендер кемпірқосақта қандай түстер көрдіңдер? (Қызыл, қызыл-сары, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін). Кемпірқосақтың біртіндеп шығып, біртіндеп жоғалатынына назар аудару. **Көркем сөз** Жердің жүзі дірілдеп Жел дауылды сапырса. Төсін бұлттың тілімдеп, Қөк жалындар атылса. Көкте жасақ құрғандай Кемпірқосақ тартылар. Жақсылық күн туғандай, Жайнап аспан	таныстыру. Ағаштар: аққайың жайлы білімдерін бекіту. Жақын маңда қандай ағаштар өсетінін, олардың жаз келгелі қалай өзгергенін қарастыру. Аққайыңға назар аудару. **Көркем сөз.** Ақ көйлегін киіп алды сәнденіп, Бұйра, жасыл шаштары да әрленіп. Жас бұтағы желмен бірге желкілдеп, Шақырады көлеңкеме келші деп. **"Аюдың орманында" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: бір-біріне қақтығысып қалмай, сигнал бойынша бір бағытта жүгіруге үйрету. **"Құлыншақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**	бұталар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету, ағаштар мен бұталарға ұқыпты, қамқорлықпен қарауға баулу. Балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар мен бұталар өсетіндігін сұрау. Ағаштың бұтадан айырмашылығын сұрау. Ағаштың бір діңі бар, бұтаның діңі жоқ. Ағаш бұтадан биік. **Көркем сөз.** Ағаштарға қамқорлық жасайық, Жапырақ пен бұталарын жұлмайық. Жыл сайын ағаш егіп, көбейтейік. Туған елді осылайша көркейтейік! Тусипжанова-Шагирова А. **Еңбек тапсырмасы: орындықтардың үстінен құмды сыпыру.**	таныстыру. Ағаштар: қарағай жайлы білімдерін бекіту. Қарағаймен таныстыру, инелерін қарастыру. Жапырақты ағаштармен салыстыру. **Жұмбақ.** Қыста да, көктемде де, Киімі бір түсте. (Қарағай) **"Масаны ұста" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда көру белгісі мен қимылды үйлестіре білу біліктіліктерін дамыту, секіруге жаттықтыру (орында тұрып секіру). **"Мысық пен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікте ұжыммен бір-біріне жанаспай қозғала білу

	Дабылдатып дабылын ол қағып тұр. От жағып, дабыл қағып тұрғанында, Сабалап төмен қарай су ағып тұр. (Жаңбыр, найзағай) **"Аюдың орманында" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: бір-біріне қақтығысып қалмай, бір бағытта жүгіруге дағдыландыру. **"Өз түсіңді тап" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлау біліктіліктерін қалыптастыру, негізгі түстерін қабылдап ажыратуға бейімдеу. **Еңбек тапсырмасы: орындықтардың үстінен құмды сыпыру.** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	жарқырар. (С. Мәуленов) **"Шұңқырдан шұңқырға" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда екі аяқпен алға қарай жылжып отырып секіру біліктіліктерін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, тереңдікке, бір орында тұрып биіктікке, жылдам жүгіру кезінде секіруге жаттықтыру. **Еңбек тапсырмасы: құрап түсіп қалған жапырақтарды жинау** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.	Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жаққа сигнал бойынша шашырап секіріп, жүгіріп жүруге ынталандыру; нұскауларға зейінді болуға бейімдеу. **Еңбек тапсырмасы: құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау.** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. Шығарылатын материал: күрекшелер, сыпырғыштар, түрлі-түсті дөңгелектер, қалыптар, мөлшелер.	Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **"Жалаушаға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша ғана әрекет етуге үйрету; зейінін, түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту; жүру және жүгіруде жаттықтыру. **"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру.	біліктіліктерін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, тереңдікке, бір орында тұрып биіктікке, жылдам жүгіру кезінде секіруге жаттықтыру. **Еңбек тапсырмасы:** ойыншықтарды қорапқа, құмнан тазалап, жинау. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.** Шығарылатын материал: күрекшелер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сәйкес киінген қуыршақтар, машинкалар.
Серуеннен оралу	**"Біз тәртіпті сүйеміз" жаттығуы.**				

11.15-11.35	Мақсат-міндеттер: өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, киім мен аяқ киімді таза ұстауға, өз орнында сақтауға үйрету, не үшін тазалық пен реттілікті сақтау керектігін талқылау, киім-кешектерге деген ұқыптылықты қалыптастыру, белгілі реттілікпен киініп, шешінуді үйретуді жалғастыру, әртүрлі түймелеу түрлерін қолдану біліктіліктерін бекіту.
Түскі ас **11.35-12.00**	**Гигиеналық дағдылар** Қасықты дұрыс қолдануды үйрету, нанды үгітпеу, ауызды жауып шайнау. Ересектерге алғыс білдіруді үйрету. Астың қасиеттері жайлы түсініктерін қалыптастыру: тәтті, тұзды; тағамдардың атауларын бекіту. **Көркем сөз.** Қойдым астың дәмдісін, Тәбетін тез ашылсын. Қасықпен көр дәмін, Тауысып же бәрін! **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**
Күндізгі ұйқы 12.00-14.50	Белгілі шараларды: дәретханаға бару, жуыну, киімдерді бүктеу, тыныш ұйқы,сақтай отырып, өз бетінше ұйқыға дайындалу дағдыларын қалыптастыру. Ұйқытатпақ. Жастыққа басынды қоя ғой, Тәп-тәтті ұйқыға бата ғой. **(сөйлеуді дамыту)**
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары **14.50-15.15**	**“Ұйқыдан кейінгі кешенді шынығу шаралары”.** **Ояну.** Тәрбиеші қоңырауды сыңғырлатады: Сыңғырлаған қоңырау, Әркез жанымнан табылар. Қоңыраудың үнінен, Мен ояндым ақыры. Уақытымен үнемі, Жаттығамын жалықпай. Әнші "алтын қоңырау" Сыңғырлайды қалықтай! **Көрпемен ойнау.** (Балалар көрпенің астына 2-3 рет тығылады; қауіпсіздікті бақылау шарт.) Күшік келді абалап, Аты оның - Сабалақ! Кім шулайды айғайлап?

	Сол баланы ұстап, алмақ. **Жеңіл уқалау (аяқты, қолды саусақтан жоғары қарай сипау, арқаны, кеудені жазу).** Аяқ ұшымен жүру (жатын бөлмеден ойын бөлмесіне). Керілеміз, тұрамыз, Жүгіріп бой жазамыз… **“Денсаулық жолдарымен” жүру.** Мақсат-міндеттер: аяқ табанындағы қан айналымын ұлғайту. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас **15.15-15.45**	**"Қолды қалай дұрыс жуу керек».** Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 15.45-16.50	**"Капитандар" тыныс алу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: тыныс алу мүмкіндіктерін ұлғайту. Ұзақ тыныс шығаруға жаттықтыру. Су құйылған ыдыста қағаз қайықтар жүзіп жүреді. Балалар еріндерін түтік сияқты шығарып, қайық алға қарай жылжу үшін "ф" деп дыбыстайды. Одан кейін тәрбиеші қатты жел тұрғанын	**"Кірпі" музыкалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды музыка және сөздер ырғағына сай, мәтіндегі сөздердің мәніне сай қимылдауға, тақпақ сөздерін қайталауға машықтандыру. 1.Тікен, тікен түрпі, Болыпты бір кірпі, (Иә-иә-иә.) Өте қысқы қолы - (Хлоп, хлоп, хлоп.) Ине толған жоны - (Топ, топ, топ.) Секіруді білмепті, Өзі тіпті күлмепті	**Н. Әлімқұловтың "Ойыншықтар" өлеңін драматизациялау.** Мақсат-міндеттер: балалармен өлең жолдарын еске түсіру; өлеңнің бір шумағын есте сақтауға көмектесу; тәрбиешінің өлең оқу кезінде балалардың сөздерді (жарты дауыста) қайталау талпыныстарын ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**"Жүргізушілер" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыра отырып, ойын барысында нәтижелі қарым-қатынас орнатуға машықтандыру. Сюжеттегі екі кейіпкердің (жүргізуші - жолаушы) өзара әрекеттесу біліктіліктерін қалыптастыру. Балалардың белгілі	**"Сылдырмақтармен билеу" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды музыка ырғағына, педагогтің көрсеткеніне сай қимылдарды орындауға дағдыландыру; жағымды эмоцияларды дамыту. 1. Сылдырмақ еденде жатыр. Аяқты табанға қою. 2. Екі жаққа бұрылып, жартылай отырып-тұру. 3. Қол шапалақтау. 4. Екі аяқпен секіру.

	айтады, балалар оның күшін көрсету үшін "п" дыбысын айтады. **(дене шынықтыру)** **"Үйшік" ертегісінің саусақ театры.** Мақсат-міндеттер: балалардың ертегілер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; көркем сөз үлгілерін естіп, қайталауға бейімдеу. Алдын-ала жұмыс: "Үйшік" ертегісін оқу, ертегіні қою, "Үйшікте нелер тұрады?" дидактикалық ойыны, "Аңның" дене мүшелерін ата, үстел үсті театры «Үйшік», құрылыс материалдарынан үй құрастыру. **(сенсорика, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	Мінезі өте салмақты, Шапалақтай алмапты Тек мұрнымен үнемі, Пырс-пырс етіп жүреді. 2. Орманға кеп қояндар, (Иә-иә-иә.) Секіруді үйретті - (Иә-иә-иә.) Созып қысқа қолдарын Шапалақтап ойнатты - (Хлоп, хлоп, хлоп.) Әттең, бірақ кірпілер, Пысылдауын қоймапты. (Пырс-пырс-пырс.) **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**		бір рөлге қажет құрал-жабдықтарды өз бетінше таңдау әрекеттерін ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, сенсорика)**	5. Айналу. 6. Сылдырмақты жоғары көтеріп, сылдырлату. 7. Сылдырмақпен билеу. Жаттығу соңында әуен ырғағымен сылдырмақтарды себетке салуға шақыру. **(музыка)**
Балалармен жеке жұмыс 16.50-17.10	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер:	**"Мысық" арнау өлеңін жаттау.** Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты	**"Көңілді шақпақтар" (бормен "классик" ойыны желісімен.)**	**"Үлкен және кішкентай" дидактикалық жаттығуы.**	**"Қуыршақтар" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер:

	өлеңнің мағынасын түсініп, жанашырлық сезімін дамыту; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту**.** **А. Сопыбеков, "Қуыршақ". (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту. Мысық отыр, Ұйқысы әбден қысып отыр. Май берейін, Шайнап отыр, Тышқан берейін. Ойнап отыр! (Халық ауыз әдебиеті) **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	Мақсат-міндеттер: балаларды екі аяқпен алға жылжи отырып секіру қабілетін дамыту; вестибуляр аппаратын, дене, аяқ бұлшық еттерін ұлғайту; зеректікке,ептілікке тәрбиелеу. Педагог асфальтқа шақпақтарды өзі салып, балаларды ойын мазмұнымен, шартымен таныстырады; шақпақ іздерін баспақ секіруді көрсетеді. Сәбилер жәй ғана, 1-ден 10-ға дейін секіре алады. (Ал ересек балалар тас лақтырып, сол тасқа дейін секіріп, тасты алып кері қайтады.) **(дене шынықтыру)**	Мақсат-міндеттер: әртүрлі көлемді, бір текті бұйымдарды екі топқа: үлкен, кішкентай бөліп орналастыруды үйрету. **(сенсорика)**	әртүрлі ыдыстар жайлы білімдерін бекіту, ыдыстарды қолданысы бойынша дұрыс пайдалану біліктіліктерін қалыптастыру. Тамақтану мәдениетін тәрбиелеу. Киімдердің атауы жайлы білімдерін бекіту. Балаларда белгілі реттілікпен дұрыс шешініп, киімдерін бүктеу дағдыларын бекіту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**
Серуенге дайындық 17.10-17.20	**"Біз серуенге қалай киінеміз".** Мақсаты: киім-кешек, аяқ киім, бас киім атауларын және қолданысын нақтылау.	**"Киіну, шешіну".** Мақсаты: түймені тағу және ағыту, жапсырғыш тағындыларды ашып, жабу біліктіліктерін бекіту, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға	**"Тілалғыш түймелер мен баулар".** Мақсаты: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің	Жапсырғыш тағындыларды тағу, ағыту дағдыларын қалыптастыру, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру. Аяқ киімді кию дағдысын	**Ойын алаңында қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу барысында:** -ойын шартын мұқият тыңда; -ойынды тәрбиешінің белгісі бойынша баста;

		жаттықтыру, киіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды, қажет жағдайда көмек сұрауды, сыпайы сөздерді қолдануды үйретуді жалғастыру.	басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).	қалыптастыру, ересектердің көмегімен түймені тағу, киімді шкафқа ілу. Шешіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды үйретуді жалғастыру.	-белгіленген жерде ғана ойна; -лақтыру кезінде жолдасына қарай дәлдеме; -белгіден кейін ғана допты лақтырып артынан жүгір; -ойын кезінде бір-бірінді итерме.
Серуен 17.20-18.00	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу 18.00-18.10	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 18.10-18.25	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.30**	Кеңес: "Жолдағы қауіпсіздік". "Серуен - өте маңызды!" ата-аналарға арналған жадынамасы.	Кеңес: "Түстерді үйрену өте оңай және көңілді".	Ата-аналармен әңгімелесу: «Егер бала төбелессе...» .	Кеңес: "Жолдағы қауіпсіздік". "Балаларға арналған жазғы аула ойындары" ата-аналарға арналған жадынамасы.	Кеңес: "Жаз мезгіліндегі демалыста балалармен ойындар".

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы				
Топ/сынып	**Кіші топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» кіші				
Балалардың жасы	**2 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Кошербаева Б. Кульжабаева З				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**17.07. - 21.07.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	17.07.23ж	18.07.23ж	19.07.23ж	20.07.23ж	21.07.23ж

Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.35	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 8.00-8.35	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8.00-8.35	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: серуен алдында ойыншықтарды жинау; топырақтарды, бұтақтарды, тастарды шелекке жинау, оларды белгіленген жерге апару. Құмды құмсалғышқа жинау. Құмсалғыштың жақтауындағы құмды сыпыру.** Мақсат-міндеттер: балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: "Пульверизатордан бөлме өсімдіктеріне су бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын қалыптастыру; өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдеріне баулу. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: "Шешіну бөлмесіндегі шкаф ішіндегі тәртіп".** (Тәрбиешінің көмекшісімен бірлесіп) Мақсат-міндеттер: балаларды әркімнің жеке өз киім шкафын ұқыпты, таза ұстауға үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сүрту және қайтадан киім-кешекті ұқыптап бүктеп, тиісті орындарына орналастыру. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма.** Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл бөлу, егер топырақ құрғақ болса, су сепкішті қолданып өсімдіктерді суғару керектігіне назар аудару. Мақсат-міндеттер: байқағыштыққа баулу; қарапайым еңбек дағдыларын игеруге мүмкіндік жасау. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** үлескедегі бұтақтарды жинаймыз. Мақсат-міндеттер: қарапайым тапсырмаларды орындауды үйрету; еңбек дағдыларын қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)**
	Саусақ жаттығуы: "Кел санайық". Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер:	**Саусақ жаттығуы: "Бес саусақ".** Мақсат-міндеттер: балалардың қол ұсақ	**"Көгөністер дүкені" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға көгөністер,	**"Дәрумендер" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың дене

	дамыту. 1 дегенде тұрайық, (Саусақтарды ашып-жабу) 2, 3, 4 – алақанды соғайық, (Қол шапалақтау) Оң жаққа бұрылып, (Алақанды оңға, солға бұру) Сол жаққа бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, (Әр саусақты бүгу) Біз жүгіріп алайық. 5 дегенде асықпай, Орнымызды табайық. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**	балалардың сөйлеу қабілетін, тағамдар туралы ұғымдарын қалыптастыру; жағымды эмоцияларды дамыту. **Көркем сөз** Дайын болды тамағым, Алдымда тұр табағым. Пияз, картоп, күрішім, Салдым аскөк, бұрышын. Дәмді болып пісті, Ауызға келіп түсті! (Д. Қ Бұланбаева) **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **Үстел үсті–баспа ойыны: "Лото "Көгөністер"".** Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым үстел үсті баспа ойындарының ережелерін меңгеруге, ойын шартына бағынуға деген ұмтылыстарын ынталандыру. **(сенсорика)**	моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Тәрбиеші өлеңді оқиды, балалар қимылды қайталайды. Балалардың сөйлеу және ақыл-ой дамуын ынталандырады. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**	көгөністерді сатушының қызметі жайында ұғымдарын қалыптастыру; коммуникативтік қабілеттерді дамыту. Сатушы: - Сәлеметсіңдер ме, балалар, не үшін келдіңдер? Балалар: - Көкөністер сатып алуға. Сатушы: - Менің дүкенім сиқырлы, себебі көгөністерді дұрыс табылған жауаптарға ғана беремін. Жұмбақ шешуге дайынсыңдар ма? **Жұмбақтар.** Доптар жатыр желісі бар, Қабат-қабат терісі бар. (Орамжапырақ) Ашулы қонақ бұл анық, Тоңып шешсе, жыладық. (Пияз) **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**	мүшелерін жетілдіру; ырғаққа сай қимылдауға, көркем сөзге ілесіп айтуға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. Музыкалық сүйемелдеумен өткізіледі. Біз бақшаға барамыз, (Бір орында адымдау) Көкөністер жинаймыз, (Қолы екі жаққа созып, кең ашу) Бірінші қиярды жұламыз, (Еңкейіп қияр жұлған сыңай таныту) Дөп-дөңгелек қызанақ, (Екі қолды біріктіріп дөңгелек пішін жасау) Шалқан өте үлкен ақ, (Қолды белге қойып, кезек-кезек екі жаққа бұрылу) Сәбізім ұзын, Қызыл-сары түсін. (Қолды жоғары көтеріп, отыру) Барлығын жинаймыз, Себетке саламыз.

					(Қол шапалақтау) **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**
Таңертеңгі жаттығу 8.35-8.45	**Апта тақырыбы бойынша таңғы жаттығу "Шалқан". "**Бір ата мен әжеде бақшалары болыпты". (Бірінің артынан бірі жүру). "Күндердің бірінде ата шалқан егеді". (Өкше сыртымен жүру). "Дәл сол күні ауа-райы тамаша, шуақты болды. Құстар сайрап тұрды". (Алдыға секіріп, қолдарын көтереді). "Бір мезгілде жаңбыр себелейді". (Аяқтың ұшымен жүріп, қолдарын сермиді). "Ата үйіне қарай жүгіреді". (Жүгіреді, Қолдарын біріктіріп, бастарына қояды да "шатыр", жүгіреді). Аяқтарын алшақ қояды, қолдарын төмен түсіреді. Иықтарын көтеріп, қолдарын сермиді. "Ата шалқан отырғызайын десе, күректі таба алмайды". Қоларын біріктіріп "құлып", аяқтарын иық көлемінде алшақ қояды. Алдыға еңкейеді. Денелерін түзеп, маңдайларынан терілерін сүрткендей сынай танытады. "Шалқан үлкен болып өседі, тіпті ірі десе болады. Ата оны жерден суырмақшы болады, бірақ шамасы жетпейді". Аяқтарын иық көлемінде алшақ қояды. Қолдарын шынтақтарына қояды. Оңға, солға еңкейеді. "Ата көмекшілерін шақырады: апаны, немере қызын, итін, мысығын шақырады және тышқан келеді». Екі аяқтарын қосып секіреді. Қолдарын жоғары көтеріп шапалақтайды. "Міне шалқанды да суырып алды!" Бір-бірінің артынан тізбектеліп жүреді. Жүгіреді. Ақырын жүреді. "Олар барлығы үйлеріне барып шалқанды пісіріп жейді де, кейін әр кім өз үйіне тарайды". **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас 8.45-9.00	**"Қасықты дұрыс ұстап үйренеміз" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қасықты дұрыс ұстауды үйрету бойынша жұмысты жалғастыру. Топқа қасықты ауызына дұрыс апармай, көжені шашыратып, үнемі көйлегін былғап алатын Камила қуыршақ "келеді". Балалар қонақты сабырға шақырады. Оған "қуыр, қуыр, қуырмаш" санамағын айтып береді. Кейін тәрбиеші				

	сәбилерге сиқырлы қасықтарын қолдарына алып, қуыршақ Камилаға көжені қалай жеу керектігін көрсетуді ұсынады. Сонында Камила балаларға алғысын білдіреді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 9.00-9.10	**"Көгөністер" жайлы әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: көгөністер жайлы жалпылама түсініктерін қалыптастыру (көкөністер — ол өсімдіктің бір бөлігі мен жемісі, оларды тағамға пайдалану үшін бақшада өсіреді); көгөністердің алуандығы жайлы түсініктерін нақтылау. Құралдары: көгөністер салынған суреттер; көгөністердің нақпішіндері. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	**Көркем сөз.** Мақсат-міндеттер: балалардың көгөністер жайында түсініктерін нығайту; денсаулықты сақтау қағидаларын қалыптастыру. Жеңдер күнде дәрумендер, Денсаулыққа пайдалы. Сонда барлық ауру сырқау, Жоламайды барлығы. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	**Сәлемдесу шеңбері.** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу. Сәлем, алақан! (Қолды созу, алақанды сыртқа, ішке бұру.) Хлоп-хлоп-хлоп! (Үш рет алақан соғу.) Сәлем, аяқ! (Орында адымдау.) Топ-топ-топ! Сәлем, көздер! (Көзді ашып, жұму.) Миг-миг-миг! Сәлем, мұрным! (Саусақтарын мұрын ұшына тигізу.) Бип-бип-бип! Сәлем, достар! (Қол бұлғау.) Сәлеметсіңдер ме! **(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционаолды**	**"Көгөністер" тақырыбына суреттер қарастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың көгөністер жайлы білімдерін кеңейту. **Көркем сөз.** Тиін келіп отырды, Дастарханның басына. Тамағымен ойнады, Нанды қылды ысырап. Ойнамаңдар тамақпен, Ас ішіңдер әдеппен. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сенсорика)**	**«Көгөністің түсі қандай?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: түстерді ажырату және дұрыс атау іскерліктерін дамыту. - Балалар, қане (әжеге) көгөністерді тарелкаларға бөліп салуға көмектесейік. Әр көгөністің өз тарелкасы бар. Жасыл қиярдың тарелкасы да жасыл. Жасыл түсті көгөністерді тауып, тарелкаға салыңдар. Қызанақтың тарелкасы қызыл ... Құралдар: түрлі түсті тарелкалар; көгөністер нақпішіндері. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**

			дағдылар)		
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.10-10.15	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Көгөністер - денсаулық кепілі" Мақсат-міндеттер: Балаларды заттардың үстінен аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру; заттардың үстінен аяқпен секіру жаттығуын жасау кезінде қимыл белсенділіктерін арттыру; заттардың үстінен екі аяқпен секіру дағдыларына жаттықтыруды жалғастыру; заттардың үстінен екі аяқпен секіре білу дағдыларын дамыта отырып, заттардан аттау кезіндегі секіру қабілеттерін жетілдіру.	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Қуыршақ Дана бізде қонақта" Мақсат-міндеттер: Көгөністерді ұстап, сипап анықтауға, оларға сипаттама беру, сипаттау кезінде 5-6 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдер құрастыра білуге үйрету. Сөздік қорын молайту, сөз тіркестерін құрастыруға үйрету; ұйымшылдыққа баулу; дидактикалық ойындарды арқылы балалардың сөйлеу тілін дамыту, сезіну және есту қабілеттерін дамыту; балаларды айналасындағыларға көмектесуге, бір-бірімен қарым-қатынас кезінде қамқоршы болуға дағдыландыру.	**Жапсырудан ойын-жаттығу** "Тәрелкедегі қияр мен қызанақ" Мақсат-міндеттер: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін, жалпы және ұсақ моторикаларын дамыту. Балаларды дайын формаларға желім жағып жапсыруды үйрету. Көкөністер туралы балалардың білімдерін жетілдіру және толықтыру, көкөністерді жемістерден ажырата білуге үйрету. Көкөністерді жапсыру кезінде желім мен майлықты мұқият қолдану қабілетін дамыту. тәрбиелеу. Өздігінен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Көгөністер арналған себет" Мақсат-міндеттер: Балаларды «көгөністер», «егін жинау» ұғымдарымен таныстыруды жалғастыру, олардың негізгі сипаттамалары (пішіні, түсі) туралы білімдерін бекіту, құрастыруға деген қызығушылықты қалыптастыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Витаминдер әлемі" Мақсат-міндеттер: Вокалдық, музыкалық және ритмикалық дағдыларды жетілдіру; шығармашылық белсенділікті дамыту. Музыкалық ойын барысында кейіпкердің мінезін қимыл-қозғалыс арқылы жеткізе білу, музыкалық аспаптарда қатты және тыныш дыбыстарды ажыратып ойнау қабілеттерін қалыптастыру.
Серуенге дайындық 10.15-10.25	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Гүлзар мен**	**Шыршаны бақылау.**	**Ақ бақбақты**	**Жаңа бөлме**	**Жәндіктерді**

10.25-11.00	**бақшадағы жұмысты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды гүлзар мен бақшадағы тұқымдарды егу ережелерімен таныстыру; ересектердің еңбегін құрметпен қарауға баулу. **"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды белгілер бойынша бір-біріне соғылмай жан-жаққа шашырап жүруге және бір жерге жиналуға дағдыландыру; жүгіруге үйрету, ойын шарты бұзбауға бейімдеу. **"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: дәрігердің еңбегі	**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: шыршаның ерекшелігі - инелері түспейтіні, қыс мезгілінде де жасыл болып тұратыны, оның батыл, суықтан қорықпайтыны жайлы түсініктерін дамыту. Шыршаға таңдану сезімін ояту, табиғаттың сұлулығын түсіне білуге тәрбиелеу. **Көркем сөз.** Шырша, шырша, шыршамыз, Ұнатамыз баршамыз. Мереке қарсаңында, Төрімізде тұрсаңыз. Мәңгі жасыл көркемім, Өсе берші көркейіп. Неткен әсем, асылсың, Жыл бойына жасылсың! (Д. Қ. Бұланбаева) Балаларға шыршада жапырақтардың орнына инелердің	**бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың бақбақтың гүлдеуі жайлы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Гүлдің ұшқан үлпілдек бастарына тамсану ниетін ояту, қызықты құбылысқа (бақбаққа үрлеп, үлпілдектерді ұшыру) эмоционалды жауап беруге жетелеу. Жұмбақ жасыру: "Сап-сары дөңгелек, ал енді ақ үлпілдек". **“Мысық пен торғайлар” қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ойын шарты, белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; ойын кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге деген қызығушылықты тудыру.	**өсімдіктерімен таныстыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: жаңа бөлме өсімдігі жайлы түсінік беру, оның құрылымы (сабағы, жапырағы, гүлі), оларға күтім жасаудың қажеттілігі (суғару, қопсыту, шаңын сүрту). Құрал-жабдықтар: бальзамин, «сиқырлы түтікшелер», «Қанқыздың саяхаты» дидактикалық ойынына қажет құралдар (гүлдің және қанқыздың жіпте бейнеленген карточка). Балаларға жаңа өсімдікті көрсету, оның атауын хабарлау (алауша немесе бальзамин). Оны қарастыру. **"Қанқыздың саяхаты" дидактикалық**	**бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: көбелектің бірнеше түрін ажыратуды үйрету (капустница); қоршаған әлем жайында түсініктерді тиянақтау. Көбелектің қанатында табиғат жаратылысындағы өте әдемі өрнектер бейнеленген. Бірақ көбелектерді қанатынан ұстауға болмайды, себебі олардың беттерін нәзік тозаң басып жатады, оны өшіру өте оңай, бірақ содан кейін көбелек ұша алмайды. Балаларға түсіндіру көбелектердің жұмыртқа салатынын, артынан ол жұлдызқұртқа айналып, өсімдік жапырағын жеп жоятынын түсіндіру. Кейін жұлдызқұрттар өздерінің құрсақ

	жайындағы түсініктерін пысықтау; рөлдерді бөліну, алмастыру, заттарын пайдалана білу іскерліктерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** құмды құм салғышқа жинау. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** әртүрлі гүлдердің тұқымын қарастыру. Гүлзар ішіне гүл тұқымын егуді ұсыну. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу. **Шығарылған материалмен еркін ойындар.** Мақсат-міндеттер: ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісін бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.	болған себебін түсіндіру; шырша инесі мен терек жапырағын көрсетіп, салыстыруға мүмкіндіктер жасау. Шырша маңында ойыншықтармен жасырынбақ ойнауды ұсыну. **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге жиналып, бойымен мәтіндегі сөздерге сай қимылдауға бейімдеу; ұйымшылдық негіздерін салу. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен. **"Шыршадан да биік болып өсейік" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: бір орнында тұрып, биіктікке созылып секіру дағдыларын	Құмда шеңбер сызу. Шеңбер ортасында мысық. Балалар торғайлар. Торғайлар шеңбер сыртында секіріп, мазақтап, мысық көрмей тұрған кезде шеңберге ұшып кіреді де, мысыққа ұстатпауға тырысады. Мысық үш торғайды ұстаған кезде, мысық рөлі басқа балаға беріледі. **"Құрылысшылар" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалаларға құрылысшы мамандығы жайлы айту. Құмнан, тастан, құрғақ бұтақтардан қалай үй салуға болатынын көрсету. Балаларға өздеріне үй құрастыруды ұсыну. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: бақшаны шөптеу. Кішкентай тырмамен қопсыту.** Мақсат-міндеттер:	**ойыны.** (Балалар жіптегі қанқызды алып, карточкадағы гүлмен жүргізеді.) Мақсат-міндеттер: өсімдіктер жайында түсініктерін пысықтау. Жәндік сабағымен жүреді (балалар көрсетеді), жапырақпен, гүлмен». Кейін балалар шынайы өсімдікке келеді. Сұрақтар: - Гүлдің (өсімдіктердің) қандай бөліктері бар? Сабақтары ұзын ба, әлде қысқа ма? Жапырақтар қандай түсті? Олар көп пе? Гүлдері бар ма? Олар қандай түсті? Өсімдік қалай аталады? - Сендер білесіңдер ме, гүл ұзақ уақыт әдемі болып, құрамау үшін не істеу керек? **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: өсімдіктерді су сепкішпен суару.**	бөлігінен бөлінетін жіппен орап, қуыршаққа айналады, ал қуыршақтан қайта көбелек пайда болады. **Көркем сөз** Көк көйлек, көк көбелек Көздері дөп дөңгелек Гүл көрсе күлімдейді Қолыма ілінбейді Көк шөптің арасынан Түр-түсі білінбейді. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. **"Қапта не бар?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды таныс

		дамыту; балалардың вестибуляр аппаратын дамыту, күш-жигерін ұлғайту. Жаттығудың неғұрлым қызықты өтуі үшін, балаларға қолдарын жоғары созып секіруді ұсыну. **Еңбек тапсырмасы: гүлзарда өскен гүлдерді суару.** Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу; ересектің еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.	Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. Топырақтың барлығы суланатындай, ал тамырларын су шайып кетпейтіндей абайлап суғару керектігін еске салу. - Балалар, жердің дымқыл немесе құрғақ екенін қалай білуге болады? - Қараңдаршы, біз оны суарып едік, топырақ қара болып кетті. Оны ұстап салқын, дымқыл екенін білуге болады. Ендеше, суару қажеттілігін топырақты ұстап анықтауға болады. **"Өз түсіңді тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың түстер жайындағы біліктіліктерін қалыптастыру; кеңістікті бағдарлау, спектрдің негізгі түстерін ажыратуға	заттарды атауға жаттықтыру. Дене шынықтыру тәрбиесі бойынша жеке жұмыс: допты жоғары күнге қарай лақтырып, ұстап алу. Мақсаты: көзбен мөлшерлеуді,ептілікті дамыту. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: ойын алаңын тазарту.** Мақсат-міндеттер: бірігіп еңбектенуге, ортақ күш-жігермен мақсаттың орындалуына қол жеткізу үйрету. **Балалардың дербес әрекеті.**

				бейімдеу.	
Серуеннен оралу 11.15-11.35	**"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" ойын жағдаяты.** "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" тақпақ-жаттамағын оқу. Мақсат-міндеттер: сабынды ыдысынан алуға үйрету, үлкендердің көмегімен, қолдарын сабындап, сабынды орнына қою, алақандарыңды бір-біріне ысқылап, сабынды шайып тастау, сүлгілерінің орнын білу. Ересек адамның көмегімен қолдарын құрғатады. **(мәдени-гигиеналық дағдыалар)**				
Түскі ас 11.35-12.00	**Көркем сөз.** Қасық, нанды алайық, Ауқаттанып алайық. Мәдени–гигиеналық дағдыларын жетілдіру, тамақтану кезіндегі қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру; балаларды өз бетімен ұқыпты тамақтануды үйрету, тамақты мұқият шайнау, қасықты оң қолда ұстау, майлықты пайдалану. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы 12.00-14.50	Белгілі шараларды: дәретханаға бару, жуыну, киімдерді бүктеу, тыныш ұйқы,сақтай отырып, өз бетінше ұйқыға дайындалу дағдыларын қалыптастыру. Ұйқытатпақ. Жастыққа басынды қоя ғой, Тәп-тәтті ұйқыға бата ғой. **(сөйлеуді дамыту)**				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 14.50-15.15	**Тақпақ-оятпақ: "Әтеш".** Жата ғой, жата ғой, Демалып, ұйықтай ғой. Төсекте: Әтеш ұйықтайды" б.қ. арқада жатып, қолды бастан жоғары созу, аяқ бірге. Бір қолды жоғары, созылу, әтеш оянды. 3р. Әтеш бидай іздейді" б.қ. отырып, аяқты айқастыру, қол белде, басты солға, алға, солға еңкейту. 3р. Әтеш су ішеді" б.қ өкшеде отырып, қол түсірулі, тізерлеп тұру, қол жоғары, алға және астыға қол созып еңкею, б.қ. оралу. Әтеш секіреді" б.қ. аяқ бірге, қол белде. 20с. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.15-15.45	Қолды сабындау және түзу қимылдармен жууды үйретуді жалғастыру, қолды жуғаннан кейін сығуды үйрету. Қолдарын өз орамалдарымен сүртіп, орнына ілу біліктіліктерін бекіту. "Балалар қолдарын жуады" тақырыбы бойынша иллюстрациялар қарастыру және сол бойынша әңгімелесу. **"Біз қолымызды қалай жуамыз" дидактикалық ойыны.**				

	Мақсат-міндеттер: қолды жуу дағдыларын жетілдіру. Жаттамақ оқу: "Мөлдір су". **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 15.45-16.50	**"Дәрігерде" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды дәрігер қызметімен таныстыру, медициналық құралдардың атауларын бекіту. Балаларды ойын жоспарын жүзеге асыруға үйрету. Сюжет бойынша екі кейіпкердің өзара әрекеттесу (дәрігер — науқас) іскерліктерін қалыптастыру. Ойыншық-алмастырушылармен ойын барысында, өзі және ойыншық үшін рөл атқару. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, сенсорика)**	**"Ресторан" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: асхана құралдарын, бірінші, екінші асты атауды үйрету; тамақтану мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру. Балалардың сабын көпіршіктерімен ойындары. Мақсат-міндеттер: ұзақ тыныстауды дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, сенсорика)**	**"Шалқан" ертегісін сахналау.** Мақсат-міндеттер: балалардың эмоционалдылығын дамыту, ертегілерге деген қызығушылықтарын тәрбиелеу, мазмұнын тыңдауды және түсінуді үйрену, шығармашылық қабілеттерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**"Көкөністер дүкені" ойыны.** Мақсат-міндеттер: көгөністер туралы түсініктерді нығайту; коммуникативтік қабілеттерді дамыту. Сатушы: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендер не үшін келдіңдер? (Көгөністер сатып алуға.) - Менің дүкенім сиқырлы, көгөністерді тек дұрыс жауаптар үшін ғана сатып алаласыңдар. Жұмбақ шешуге дайынсыңдар ма? Жұмбақтар. Доптар жатыр желісі бар, Қабат-қабат терісі бар. (Орамжапырақ) Ашулы қонақ бұл анық, Тоңып шешсе, жыладық. (Пияз) **(сөйлеуді дамыту,**	**"Бақшадағы көгөністер" суреттер көрмесі.** Мақсат-міндеттер: балалардың көгөністерді баптау, күту және жинау туралы түсініктерін тиянақтау. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**

				көркем әдебиет)	
Балалармен жеке жұмыс 16.50-17.10	**"Көгөністер" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға көгөністердің нақпішіндерін (муляждарды) сипату арқылы түйсігін дамыту, атауға, сыртқы ерекшеліктері бойынша ажыратуға, есте сақтауға баулу. Құралдар: көгөністердің нақпішіндері (муляждары). - Міне, дәмді көкөністер, Күзге дейін пісіп өскен: Картоп, пияз, қызанақ, Қияр, орамжапырақ. Д. Ахметова. **(сенсорика, сөйлеуді дамыту)**	**"Қоянды үйрет" (артикуляцияны дамыту) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың артикуляциясын, есту, есте сақтау, қабылдау, ойлау қабілетттерін дамыту. Балаларға қоянға көмектесуді – оны үйретуді ұсыну: А) Ауызды ашу: - Қоян, ауызыңды аш, Былай! Былай! Б) тістерін көрсету: - Қоян, тістеріңді көрсет! Былай! Былай! В) Тілді көрсету: - Қоян, тістеріңді көрсет! Былай! Былай! Г) Сәбізді тістеу: - Сәбізді же! Ап! Ап! Ап! Д) Ерінді жалау: - Қоян бүкіл сәбізді жеп алды. Оған дәмдә сәбіз өте ұнады. Ол ернін жалай бастады. Былай! Былай! Ал балалар еріндерін	**"Бұл не?" (көгөністер, сөз тіркесі) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың көгөністер туралы ұғымдарын жетілдіру; сөйлеу қабілеттерін дамыту. Балаларға қонаққа әже келіп, себет алып келеді. - Қараңдаршы, әже бақшада не өсіріпті. (Балаларға себеттегі көгөністерді көрсету.) - Бұл не? (Бұл көгөністер.) Балаларға себеттен бір-бір көгөністен алып, оларды атауды ұсыну. - Әже оларды базарға апарып сатады. Ал біз барып, сатып аламыз. Құралдары: көгөністердің муляждары, себет, әженің суреті. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	**"Базарда" (көгөністер, сөз тіркесі) ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың көгөністер туралы ұғымдарын жетілдіру; коммуникативтік қабілеттерін дамыту. Себеттерді аламыз. Жолға түсіп жүреміз, Базарға да жетеміз. Сөреге қарай ғой, Көгөністер ала ғой! - Мұқият қарап, айтыңдаршы, базарда қандай көгөністер сатылып жатыр? - Камила, саған не берейін? (Маған шалқан беріңіз (қияр, қызанақ, сәбіз).) **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**"Сиқырлы сөздер" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларда әдептілікті қалыптастыру (көмекке алғыс білдіру, қоштасу және сәлемдесу). "Не сатып алдың?" ойыны (көкөністер, сөз тіркесі). Қолымда себетім. Үйге қарай келемін. Базарға бардым, Көкөніс алдым. - Камила, сен не сатып алдың? (Мен шалқан сатып алдым.) - Арсен, сен не сатып алдың? (Мен қызанақ сатып алдым.) т.с.с. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**

		майлықпен сүртеді. - Рақмет! – деді де қоян, орманға қашып кетті. Әр жаттығуды 3 рет қайталап орындау. **(сөйлеуді дамыту)**			
Серуенге дайындық 17.10-17.20	**"Тілалғыш түймелер мен баулар".** Мақсат-міндеттер: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).	**Ойын жаттығуы: "Киімді бүктеп үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: киімді дұрыс бүктеу біліктіліктерін қалыптастыру. балаларды өз киімдерін танып, атауға, өз шкафын белгіленуі (суреті) бойынша табуды үйрету.	**"Киіну, шешіну".** Мақсат-міндеттер: түймені тағу және ағыту, жапсырғыш тағындыларды ашып, жабу біліктіліктерін бекіту, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, киіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды, қажет жағдайда көмек сұрауды, сыпайы сөздерді қолдануды үйретуді жалғастыру.	Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету. Жазғы серуен кезіндегі ережелер: - серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу; - ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлеске төбелдірігінде); - күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін; - серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады;	**"Киім-кешектер мен аяқ киімді қалай дұрыс, таза ұстау керек".** Мақсат-міндеттер: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру, киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, "тиянақтылық", "ұқыптылық" түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауға үйрету.

				- серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп.	
Серуен 17.20-18.00	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу 18.00-18.10	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 18.10-18.25	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.30**	Кеңес: "Баланың жазғы тамақтануы".	"Бала еркелігін қалай жеңуге болады" тақырыбына кеңес.	"Бала мен компьютер" тақырыбына кеңес.	Ата-аналарға "Деніміз сау болып өсеміз" тақырыбына коллаж әзірлеуді ұсыну, күн тәртібі жайлы әңгімелесу.	"Денсаулық - зор байлық" тақырыбына кеңес.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы				
Топ/сынып	**Кіші топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» кіші				
Балалардың жасы	**2 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Кошербаева Б. Кульжабаева З				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**24.07. - 28.07.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***

	24.07.23ж	25.07.23ж	26.07.23ж	27.07.23ж	28.07.23ж
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.35	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 8.00-8.35	Ата-аналармен "Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесі" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8.00-8.35	**"Біз жинақылықты қалай сақтаймыз".** Мақсат-міндеттер: топтағы ретсіздікті байқауды үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** дымқыл шүберекпен орындықтың шаңын сүрту. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекетін орындауға араластыру. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** үлескедегі бұтақтарды жинаймыз. Мақсат-міндеттер: қарапайым тапсырмаларды орындауды үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру:** ойын бұрышындағы өз орнында тұрмаған ойыншықтарға назар аудару, оларды атап, орындарына жинау. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** табиғат бұрышындағы, бөлме өсімдіктерінің жапырақтарын сүрту. Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, өсімдіктерге күтім жасау. **(еңбек дағдылары)**
	"Гүл құра" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: ұзақ бөліктерден тұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Тәрбиеші тақтаға бір өсімдіктің бейнесін	**Ойын жаттығуы "Гүлдер".** Мақсат-міндеттер: балаларды ырғаққа сай қимылдауға, көркем сөзге ілесіп айтуға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. Гүлім, гүлім, өсе бер, (Екі қолды жоғары	**Текшелермен ойындар.** Мақсат-міндеттер: балаларды текшелердің қасиеттерін тануға мүмкіндіктер жасау, түрлі құрылыстарды қалауға ынталандыру. Менде түрлі-түсті текшелер бар. - Балалар,	**"Суретті құра" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұсақ бөліктерден (2-4) тұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру; жазықты бағдарлау, ойлау, қабылдау қабілеттерін дамыту. Балалар, сендерге	**Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Гүлдер нәзік болады, (Саусақтарды баяу ашу) Қаулап өсіп толады. (Қолдарын үстіге созып, бұлғайды)

	жапсырады. Оның бөліктерін атайды, көрсетеді: сабағы, жапырағы гүлі. Артынан әр бала өз гүлін үстел үстіне тәрбиешінің көмегімен құрайды да, тағы бір рет өсімдік бөліктерін атайды. **(сенсорика)**	көтеру) Әдемі боп, асыл боп. (Қолдарын екі жаққа бұлғау) Күндей жайнап кете бер, (Отырып, тұру) Қызыл, сары, жасыл боп. (Қол шапалақтау) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	қараңдаршы, мына текшелерден қандай гүлдер құрастыруға болады? Өз қалауларын бойынша гүл құрастырып көріңдер. **(сенсорика)**	жұпқа бөлініп, қиынды суретті құрап, гүлді атау керек. **(сенсорика)**	Қарамасаң аялап, Солып, құрап қалады.(Саусақтарын баяу жабу) **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**
Таңертеңгі жаттығу 8.35-8.45	**Таңғы жаттығу: "Гүл".** 1. Жерге дән болып түстім, Әдемі гүлге айналдым. Б. қ. толық отыру; 1- қолды жоғары созу, қол белде; 2-б.қ. (5-6 рет) 2. Күнге қарай созыламын, Күн нұрына жылынамын. Б. қ. қол дене бойында; 1- қолдарды жанымен жоғары,аяқ ұшымен тұру; 2-б.қ. (5-6 рет) 3. Жан-жағыма қарадым. Өзіме ұқсас достарды көріп, Қуанып қалдым. Б.қ. аяқ алшақ, қол белде; 1- солға қарай бұрылу, оң қолды жанға; 2-б.қ. 3-4- дәл солай сол жаққа; (5-6 рет) 4. Көбелектер маған қонады, Тәтті нәрімді алады. Б.қ. қол жанда; 1- толық отыру, қол тізеде; 2-б.қ. (5-6 рет) 5. Қонақтарға әрдайым. Ашық менің қабағым Б.қ. дәл солай; ескіру; (10рет) 6. Тыныс алуға арналған жаттығу: "Гүлдер". 7. Түнде батқанда бәріміз Тәтті ұйқыға батамыз. Б.қ. толық отыру, топтасу.				

	(дене шынықтыру)				
Таңғы ас **8.45-9.00**	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: балаларды қасықты дұрыс ұстауды үйрету бойынша жұмысты жалғастыру. **Көркем сөз:** Қомағай қоңыр аю, Нанды шашып жеп отыр. Түсінбедік бір сөзін, Аузы нанға толып тұр. Сөйлемей іш тамақты, тарсылдатпа табақты. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық **9.00-9.10**	**Қуаныш шеңбері.** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге, топтастарға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Қане, достар қуанайық. Қуанайық құстарға да, Күнге де, (Балалар қолдарын жоғары көтереді) Қуанайық жымың қаққан көздерге. (Бір-біріне қарап жымияды)	**Қуаныш шеңбері.** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу. - Қайырлы таң, көздерім (Қабақты сипау) - Сендер ояңдыңдар ма? (Үлкен және сұқ саусақтан "дүрбі" жасау) - Қайырлы таң құлағым! (Алақанмен құлақты сипау) - Сендер ояңдыңдар ма? (Саусақтарды кең ашып, құлаққа тигізу) - Қайырлы таң, қолдарым! (Екі қолды	**"Көбелек қай гүлге қонды?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың гүлдер туралы түсініктерін пысықтау; гүлдерді атауға дағдыландыру. Құралдар: қызғалдақ, бақбақ, түймедақ, көбелектің суреттері. Балалар гүлдер жайлы айтады. - Мынау қандай гүлдер алаңқайы? (Түймедақ), - Ал алаңқай ше? (Қызғалдақ). - Балалар, басқа алаңқайға барайық. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**Сәлемдесу ойыны: "Менің көмекшілерім".** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу. Мынау – менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған, Мынау – басым ақылды. Бәрін осы басқарған. Мынау – менің оң қолым, Мынау – менің сол қолым. Барлық істі атқарған. **(сөйлеуді дамыту,**	**"Бақ-бақ" тыныс алу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың артикуляциясын, тыныс алу мүшелерін дамыту. - Бақбаққа, оның үлпілдек күлтешілерін қозғау үшін үрлеңдерші, бірақ ұрттарына ауа толтырып алмауға тырысыңдар. **(дене шынықтыру)**

	Бүкіл әлем қуансын бізбен бірге, (Қолдарын екі жаққа қарай ашады) "Қайырлы таң!" деп, айтамыз біздер Сізге! (Барлығы қолұстасады) "Қайырлы таң!" ата-анамыз, Сіздерге! "Қайырлы таң!" қалады тағы бізбенен! **(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**	кезек-кезек сипау) - Сендер ояңдыңдар ма? (Қол шапалақтау) - Қайырлы таң, күн! (Қолды жоғары созу) - Мен ояңдым! (Басты жоғары көтеру) **(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар, дене шынықтыру)**		**әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.10-10.15	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Жазғы гүлдер тамаша!" Мақсат-міндеттер: Балаларды тура және айналма текшелерді айналып жүгіру жаттығуларын жасауды үйрету; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылап, қайталап көрсетуге машықтандыру; тура және айналма жолмен	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Жылқы мен бұғы" ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегіні әңгімелеп беру, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі мазмұнын өз ойларымен толық жеткізе білуге; үй жануарлары мен жабайы аңдарды ажырата алу дағдыларын дамыту; сөздік қорын молайту,	**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Гүл шалғыны" Мақсат-міндеттер: Дала гүлдері туралы ойларын жинақтау; гүлдердің әсемдігіне назарларын аудару; есте сақтау қабілетін, сөйлеу қабілетін дамыту; табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Көгалда гүлдер жайқалды…" Мақсат-міндеттер: Гүлдің бейнесін, алақандарын қолданып құрылымы мен пішінің беруді үйрету; балалардың алақанмен сурет салуға қызығушылықтарын ояту; негізгі түстер жайлы білімдерін бекіту; ұсақ қол моторикасын дамыту; зейіндерін, есте	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Гүлдер мерекесі" Мақсат-міндеттер: Балалардың педагогпен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы

	жүгіру барысында жылдамдық,ептілік дағдыларын дамыта отырып, балаларда жағымды эмоциялық көңіл-күй туындату.	байланыстыра сөйлеу іскерліктерін жетілдіру; өз құрбыларымен тату, достарына адал болуға тәрбиелеу.		сақтау қабілеттерін дамыту; сурет салу кезінде бояуларды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу; айналадағы табиғатты танып білуге деген қызығушылықтарын ояту.	және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.
Серуенге дайындық 10.15-10.25	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.25-11.00	**Гүлдеп тұрған өсімдіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балаларды кейбір гүлдейтін өсімдіктермен таныстыру. Олардың құрылымын талдау, гүлінің пайдасы жайлы айту. Гүлдерді аялауға тәрбиелеу. Өсімдікті қарастыру, гүлдің түсін, пішінің, гүлдерінен басқа оларда не бар екенін сұрау. Балаларды гүлдерді аялауға, баспауға, үлкен гүл шоғын жұлмауға	**Түймедақты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балаларды кейбір гүлдейтін өсімдіктер: түймедақпен таныстыру. Олардың құрылымын талдау, гүлінің пайдасы жайлы айту. Гүлдерді аялауға тәрбиелеу. Негізгі мазмұны: Балаларға түймедекты қарастыруды ұсыну. Түймедақтың түсіне назар аудару: күлтешелері ақ, ортасы сары. Сабағы биік, жапырақтары	**Жолжелкен мен қалақайды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балаларды кейбір гүлді өсімдіктермен таныстыру; гүлдерді аялауға тәрбиелеу. Олардың құрылымын талдау, гүлінің пайдасы жайлы айту. Жол бойында өсіп тұрған өсімдіктермен таныстыру. Олардың көбі емдік өсімдіктер: қалақай, жолжелкен. - Балалар, жолжелкен деп неге атайды? **Жұмбақ.** Жап-жасыл жапырақ,	**Гүлзардағы гүлдерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балаларда гүлдер жайлы түсініктерін кеңейту; өсімдіктерге деген қызығушылығын арттыру. Гүлдер әдемі, нәзік, хош иісті, түрлі-түсті, үлкен және кішкентай. Гүлдерден гүл шоғын жасауға болады. **"Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалас ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер:	**Бақбақты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балаларда гүлдеп тұрған бақбақ жайлы қарапайым түсінікті дамыту; өсімдіктер әлеміне деген қызығушылықты арттыру. Балаларды гүлдеп тұрған бақбақты танып, атауға жетелеу. Сөздік қорларын сын есімдермен молайту (сары, күн сияқты алтын түстес) өсімдіктерді аялауға тәрбиелеу.

	үйрету. **Көркем сөз.** Ерте тұрып күнде, Су құямын гүлге. Жайнайды гүлім, Құлпыртып түрін. **"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды сигнал бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: таратпалы маскалар: гүлдер мен аралар. **"Аттап өт" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда алға жылжып екі аяқпен секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа және биіктікке секіруге, тез жүгіруге жаттықтыру. Балалардың шығарылған материалмен дербес	ұзыншақ келген. **Көркем сөз.** Гүлге айналып құлпырып, Түрлі-түсті бояулар. Киіп сары көйлегін, Бақбақ гүлі оянар. Қалықтайды ұлпасы, Ақ періште сияқты. Нәзік желмен ұшып жүр, Таңғажайып гүл басы. (Д. Қ Бұланбаева) **"Тауық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойынды. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда қимыл-қозғалысты белгі бойынша орындау біліктілігін дамыту; әртүрлі бағытта жүгіру мен еңбектеуді жаттықтыру. **"Көлшіктен өт" қимыл жаттығу. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда тепе-теңдікті,ептілікті,	Ұстасаң шағып алады. (Қалақай) Өзіне шап шақ, Киген қалпағы аппақ, Үлпілдектер тұр қаптап. (Бақбақ) **"Масаны ұста" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда қимыл-қозғалыстарын көру белгісімен үйлестіру біліктілігін дамыту. Балаларды секіруге жаттықтыру (бір орында секіру). **"Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікте қозғала білу, ұжыммен бір-біріне соғылмай қимылдау біліктіліктерін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, тереңдікке, орыннан ұзындыққа секіруге, жылдам жүгіруге жаттықтыру.	балаларда кеңістікте қозғала білу, ұжыммен бір-біріне соғылмай қимылдау біліктіліктерін дамыту; белгі бойынша әрекет ету, тереңдікке, орыннан ұзындыққа секіруге, жылдам жүгіруге жаттықтыру. **"Құрылысшылар" сюжетті-рөлдік ойыны.** Шығарылатын материал, балаларды алмастыру заттарын қолдануды, құмнан құрылыс нысанын жасап, оны ойнауды үйрету. **Жеке жұмыс: "Ұқсас гүлді немесе күлтешені тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: гүлдерді ажырата, атай білу қабеліттерн нығайту. (Түймедақ, бақбақ, раушан-гүл). **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескені тастардан**	Үлбіреген бақ-бақ, Үлпілдеген аппақ. "Уф", - десем, бақ-бақ, Ұшасың ғой қаптап. **“Әженің қозысы болыпты” қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жүруге, жүгіруге, еңбектеп жүруге жаттықтыру. Балалар шеңбер құрып тұрады, тәрбиеші айтады: ”Әженің қозысы болыпты. Оның аяғы мынандай болыпты (аяқтарын алға шығарады), тұяқтары мына жерде болды (отырып көрсетеді) т.с.с (мүйізі, құйрығы). Қозының серуендегісі келіп, ол тауды, тасты аралайды (төрт яқтап тұрып, бүкіл алаңқайда жүреді). Әже қозыны үйге шақырады: ”Кел, қозы үйге кір, әйтпесе қасқыр жеп кетеді”.

	ойын әрекеті. Шығарылатын материал: күрекшелер, сыпырғыштар, қырғыштар, қалыптар. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. .	көзбен мөлшерлеуді дамыту. **Еңбек әрекеті: жерге түскен жапырақтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.** Шығарылатын материал: күрекшелер, шелектер, қалыптар, жыл мезгілдеріне сәйкес киінген қуыршақтар, машинкалар.	**Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.** Шығарылатын материал: күрекшелер, сыпырғыш, зембілдер, қалыптар, қарындаштар, қағаз беттері.	**тазарту.** Мақсат-міндеттер: тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Еркін ойындар: балалардың шығарылған материалмен ойындары.** Құмды құрылыс және табиғи материалмен үйлесіре білу, қызықты және қиын құрылыс нысандарын тұрғызуға жол береді.	Тәрбиеші қасқырды келтіреді де, одан қашып кетуді ұсынады. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** ойын жабындысын сыпыру. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру, тазалыққа тәрбиелеу. **Дербес ойын әрекеті.** Құмнан тоқаш жасауды үйрету, таяқшамен құмда сурет салу, доп ойнау. Балаларды тек өз үлескелерінде серуендеуді, ойнауды үйрету. Олардың қозғалыс белсенділігін байқау.
Серуеннен оралу 11.15-11.35	**"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" ойын жағдаяты.** "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" тақпақ-жаттамағын оқу. Мақсат-міндеттер: сабынды ыдысынан алуға үйрету, үлкендердің көмегімен, қолдарын сабындап, сабынды орнына қою, алақандарыңды бір-біріне ысқылап, сабынды шайып тастау, сүлгілерінің орнын білу. Ересек адамның көмегімен қолдарын құрғатады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас 11.35-12.00	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: балаларды қасықты дұрыс ұстауды үйрету бойынша жұмысты жалғастыру. **Көркем сөз:** Қомағай қоңыр аю, Нанды шашып жеп отыр.				

	Түсінбедік бір сөзін, Аузы нанға толып тұр. Сөйлемей іш тамақты, тарсылдатпа табақты. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы 12.00-14.50	Мақсат-міндеттер: балалардың жайлы ұйқысына жағдай тудыру. **"Әлди-әлди" әні.** Көзімнің ағы-қарасы, Жүрегімнің парасы, Уайым-қайғы ойлатпас, Көңілімнің сапасы. Айналайын, шырағым! Көлге біткен құрағым! Маңдайдағы құндызым, Аспандағы жұлдызым. **(көркем әдебиет)**				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 14.50-15.15	**Оятпақ жаттығулары.** "Көңілді аяқтар" Аяқтарды биік көтер, міне былай, Топ, топ, топ! Көңілдірек! Биігірек! Міне былай: Хоп, хоп, хоп! Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр, Қатты-қатты, сылдыр-сыңғыр! Шап жүйрігім, шап-шап, Тпру - ру -у, тұлпарым: Тоқтат! Тоқтат! Мәдени–гигиеналық дағдылар жайлы білімдерін бекіту. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.15-15.45	Міне қасық, міне ас, Тамақтантан ешнәрсе қалмас. Тамақты тауысқаннан кейін, үстелден тұру, орындықты жылжыту, алғыс айту. **(мәдени-гигеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес	**"Гүл шоғын жина"**	**"Шөптегі бақбақ"**	**"Отбасы" сюжетті-**	**"Ұмытшақ сатып**	**"Гүлдер"**

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 15.45-16.50	**ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұсақ бөлшектерден тұтас бейнені құрастыруға тарту. Әр баланың алдында — құмырадағы гүлдердің сұлбасы жатады, жаңында түрлі-түсті гүлдердің сұлбалары жатады, олардың арасынан құмырадағы гүлдердің түстеріне ұқсастарын таңдап алып, гүл шоғын жинау керек. Тәрбиеші мен балалар гүл шоғын қарастырады, олардың түсін айтады. Ой, жарайсыңдар, барлықтарын маған көмектестіңдер. Менің әрқайсыларына сыйлықтарым бар. **(қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика)**	**түрту әдісімен сурет салу.** Мақсат-міндеттер: балалардың тәстүрден тыс сурет салу техникасын игеру мүмкіндіктерін жетілдіру; бақбақ туралы түсініктерін нығайту. Сурет салу барысында балалар бақбақтың суретін сары бояумен қылқаламды күрт тигізіп, оны бірден көтеріп алу арқылы салады. **(сурет салу)**	**рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды отбасының өмірін шығармашылық түрде көрсетуге жетелеу. Сюжеттегі екі кейіпкердің (анасы, қызы) өзара әрекеттесу іскерліктерін қалыптастыру. Өзара әрекеттесу және бір-бірімен тіл табысу біліктіліктерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, сенсорика)**	**алушы" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың гүл туралы түсініктерін тиянақтау; сөйлеу қабілеттерін дамыту. Сатып алушыға гүл сатып алу қажет, бірақ ол гүлдің атын ұмытып қалыпты. Ол сол гүлді сипаттайды, ал сатушы сипаттамасы бойынша танып, суретін көрсету керек. Барлығын бірге тексереміз - Раушан – бақшада өседі, сабағында тікендері бар, ол қызыл, ақ, сары болады. - Бәйшешек – көктемгі алғашқы ақ түсті гүл, Қызыл кітапқа енгізілген және т.с.с. Құралдары: гүлдердің суреттері. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**музыкалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды мызука ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; эстетикалық сезімдерін дамыту. **(музыка)**
Балалармен жеке жұмыс 16.50-17.10	**"Гүлдерді тізбекке сал" ойын-**	**"Жазғы гүлдер" тақырыбына**	**Суды бақылау.** Мақсат-міндеттер: су	**"Гүлдер" саусақ жаттығуы.**	**Аула құстарын бақылау.**

	жаттығуы. Мақсат-міндеттер: гүлдер туралы білімдерін тиянақтау; ойлау, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. - Балалар, бұзық жел гүлдің күлтешелерін жұлып, барлығын шатастырып тастаған екен. - Қане, гүлге күлтешелерін тауып берейік. - Балалар гүлдерді көлемдеріне, құрылымдарына сай, кезектестіріп отырып, тізбек құрайды. *Көркем сөз.* Қызыл, сары, көк гүлді, Құшағыма жинадым. Кімге сыйласам екен, Бұл әдемі гүл шоғын? Ортада бір бала тұрады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: гүлдер туралы білімдерін жетілдіру. - Балалар, сезесіңдер ме, айналада қандай жағымды иіс? - Бұл ненің аңқыған иісі екен? **Жұмбақ:** Түсті-түсті, иісі аңқыған, Араларға нәр сыйлаған. (Гүлдер). Әңгімелесуге арналған сұрақтар: - Гүлдер не үшін керек? - Бақша гүлдері қайда өседі? - Бақша гүлдерін атаңдар. - Дала, орман гүлдері қайда өседі? - Дала және орман гүлдерін атаңдаршы. - Бақтағы гүлдерге кім күтім жасайды? - Біз гүлдерге қалай күтім жасаймыз? - Гүлдердің қандай пайдасы бар? - Ал біздің топта дала немесе орман гүлдері	құйғыштан аққан судың жерге сіңіп, жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; судың бұлтта бар екендігіне, жаңбыр болып, жерге тиетініне көз жеткізу; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **"Гүлдің сабағы" таяқшалармен жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: гүлдер туралы білімдерді тиянақтау; ұсақ қол моторикасын дамыту; көзбен көру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. - Балалар, таяқшаларды гүл сабағының орнына орналастырыңдар. Біркелкі гүлдерді тауып, көрсетіңдер.	Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; сөйлеу мәнерін, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Біз гүлдерше өсеміз (Саусақтарды жұдырыққа тию) Жапырағы жайқалған, (Алақанды ашу) Сабақтары салалы, (Алақанды ашып, жабу) Желмен бірге ырғалған. (Саусақтарды ары-бері қимылдату) **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сенсорика)**	Мақсат-міндеттер: аулада ұшып-қонып жүрген құстарды сыртқы келбетінің ерекшеліктері, қимылдары, дыбыстары арқылы ажыратуға баулу (торғай, қарға, сауысқан, көгершін, т.б.); бақылағыштыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Барельеф тәсілі бойынша мүсіндеу «Әдемі гүлдер».** Ермексаздан бөліктер бөліп алыңдар, оларды суретке бастырып, ермексаздың үстіне гүлді қойып, саусағыңызбен мықтап басыңыз. **(мүсіндеу)**

		өседі ме? - Олар неге солай аталады? **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**		
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 15.45-16.50	**"Жаз туралы әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: балалардың жазғы құбылыстар, жәндіктер туралы түсініктерін тиянақтау; коммуникативтік, физикалық, ойлау қабілеттерін дамыту. **Көркем сөз.** Жаз жайдары, алақай, Жатыр жайнап даламыз. Жүр, қане, балақай, Шомылуға барамыз. - Аяқтарымыз қалай жүгіреді? Былай! (Екі аяқпен секіру).	**Сумен аттракциондар.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларын дамыту; судың қасиеттерін ойындар барысында тануға мүмкіндіктер жасау. «Су поштасы» — балалар топқа бөлініп тұрады, әр топта су құйылған бір шелек, екінші шелек — бос. Пластик стақандармен суды бос шелекке тасиды. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**"Балабақша" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балабақша туралы ұғымдарын тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді дамыту. - Балалар, балабақшаға баруды ұнатасыңдар ма? Неге? - Иә. Балабақшада біз көп ойнаймыз. - Қандай ойыншықтарды ойнауды ұнатасыңдар? - Олай болса, "Балабақша" ойынын ойнап көрейік.	**"Ойыншықтар дүкені" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға дүкеннің не үшін қажет екенін еске түсіру; дүкенде сатылатын заттарды атауға ынталандыру, коммуникативтік қабілеттерді дамыту. Балаларға ойыншық дүкенінде түнде не болатыны туралы әңгімелеу. Дүкен жабылған кезде, ойыншықтар күзетшіні оятып алмау үшін, ақырындап, дыбыстарын шығармай қозғала	**"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын барысында алмастыру заттарын қолдануды үйрету; диалогтік сөйлеуді дамыту; сатушы мен сатып алушының арақатынастары туралы түсініктерін нығайту. Құралдары: дүкен жазуы бар макет, сатушы мен сатып алушы қолданатын заттар мен құралдары; ойыншылар. **(қоршаған ортамен**

	Ал көбелектер қанаттарын қағып, қалай ұшады? Былай! (Қолдарды баяу қағу). Ал қоңыздар қалай дыбыстайды? Былай! (Қол алдыда, білекті айналдыру, "Ж-ж-ж"-деп дыбыстау). Ал гүлдер қалай ашылады? Былай! (Балалар көрсетеді). Сендерге гүлдер ұнай ма? Гүлдер тағыда көбелектерге, қоңыздарға да ұнайды. Біздің қыздар түймедақтар болады, ал ұлдар - қоңыздар болады. Жұптасып тұрып, би билейік! Балалар жұп құрып тұрады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**		- Бүгін ойыншықтарды, қуыршақтарды, қуыршақтарға үстел мен орындықтарды, ыдыстарды далаға алып барайық. Бала тәрбиеші болады. Ол балаларды серуенге апара алады, әдепсіздік танытса - олай болмайтынын айтады, тәрбиелейді, ертегі айтады. Педагог балаларға қуыршақтарды жуындырып, киіндіріп, тамақ беруге, ұйқыға жатқызуға мүмкіндік береді. - Балалар, ал енді қуыршақ, ойыншықтарға ертеге айтып берейік. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	бастайды екен. Енді өздерін кез-келген ойыншықты бейнелеп көріңдерші, мысалы қонжық. Бала не екенін табуға тырысып көрсін. Осылайша балалар кезекпен ойыншықтарды келтіріп, қалғандары не екенін табады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**таныстыру, сөйлеуді дамыту)**
Балалармен жеке жұмыс 16.50-17.10	**Мнемокесте бойынша өлең жаттау.** Мақсат-міндеттер: балаларды тақпақтың	**<u>"Машина қалай гүрілдейді?" дидактикалық ойыны.</u>** <u>Мақсат-міндеттер:</u>	**Құстар дауысын тыңдау.** Мақсат-міндеттер: құстардың дыбыстары туралы	**"Құмды тасы" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды ептілікке, зеректікке баулу.	**Жаз туралы өлең жаттау.** Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға

	мазмұнын мнекарталарға сүйеніп, жаттап алу амалдарына бейімдеу; достыққа тәрбиелеу. Достар, бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз Міне, біздер қандаймыз! Құралдары: тақпақ бойынша мнемокесте. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	балаларда дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауды бекіту; дауыс күшін, қарқынын пысықтау; артикуляцияны жетілдіру. Жаттығуды жасау алдында, bilimkids.kz "Жүргізуші атты мультфильмін қарап, мазмұнын әңгімелеуге болады.	түсініктерін тиянақтау, сөзбен дыбыстауды айтқызуға баулу. Құралдары: құстардың суреттері. - Суретке қараңдаршы — бұл қарға құсы. Оның дауысын тыңдаңдаршы. Өздерінде қарға сияқты "кар-р", - деп айтып көріңдерші. - Суретке қараңдаршы — бұл торғай құсы. Оның дауысын тыңдаңдаршы. Өздерінде торғай сияқты "чик-чирик", - деп айтып көріңдерші. - Суретке қараңдаршы — бұл көкек құсы. Оның дауысын тыңдаңдаршы. Өздерінде көкек сияқты "ку-ку", - деп айтып көріңдерші. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	Балалар кезектесіп, бір ыдыстан екінші ыдысқа қалақтың көмегімен құм тасиды. **(дене шынықтыру)** **"Кегльді қағып ал" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. **(дене шынықтыру)**	машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту. Жаз келді далама, Түсті кілем төседі Бақшамызда, аулада, Гүлдер жайнап өседі. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

Серуенге дайындық 17.10-17.20	Мақсат-міндеттер: шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету. Жазғы серуен кезіндегі ережелер: - серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу; - ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлеске төбелдірігінде); - күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін; - серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады; - серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және	**Ойын алаңында қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу барысында:** - ойын шартын мұқият тыңда; - ойынды тәрбиешінің белгісі бойынша баста; - белгіленген жерде ғана ойна; - лақтыру кезінде жолдасына қарай дәлдеме; - белгіден кейін ғана допты лақтырып артынан жүгір; - ойын кезінде бір-бірінді итерме. Мақсат-міндеттер: балаларды ойындар барысында ережелерді сақтауға бейімдеу.	**"Тілалғыш түймелер мен баулар".** Мақсат-міндеттер: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).	**"Біз серуенге қалай киінеміз".** Мақсат-міндеттер: киім-кешек, аяқ киім, бас киім атауларын және қолданысын нақтылау.	Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту дағдыларын жетілдіру. Жапсырғыш тағындыларды тағу, ағыту дағдыларын қалыптастыру, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру. Аяқ киімді кию дағдысын қалыптастыру, ересектердің көмегімен түймені тағу, киімді шкафқа ілу. Шешіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды үйретуді жалғастыру.

	оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп.				
Серуен 17.20-18.00	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу 18.00-18.10	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 18.10-18.25	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.30**	"Балалардың далада және үйде қимыл белсенділігін ұйымдастыру" тақырыбына кеңес.	"Баламен бірге қимыл-қозғалыс ойындарды ойнайық" кеңесі.	"Егер баланы ара шағып алса" тақырыбына кеңес.	"Ойын кезіндегі достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу" тақырыбына кеңес.	"Балаларға жолда жүру ережелерін меңгеруге қалай көмектесуге болады" тақырыбына кеңес.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ	
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы
Топ/сынып	**Кіші топ**
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» кіші
Балалардың жасы	**2 жасар балалар**
Педагогтің аты-жөні	Кошербаева Б. Кульжабаева З
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**14.08. - 18.08.2023ж.**

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	14.08.23ж	15.08.23ж	16.08.23ж	17.08.23ж	18.08.23ж
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.35	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 8.00-8.35	Ата-аналармен "Үй жануарлары" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8.00-8.35	**Серуен алдында "Алдымен не кию керек, одан кейін не?" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өзіне-өзі қызметі көрсету дағдыларын дамыту; киімдерді ретімен киіп, шкафта тазалықы сақтауға бейімдеу. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: ойын жабындысын сыпыру.** Асханадағы еңбек тапсырмалары. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын орындауды үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: "Пульверизатордан бөлме өсімдіктеріне су бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын қалыптастыру; өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдеріне баулу. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** ойын алаңын, ойын бөлмесін ретке келтіру. Мақсат-міндеттер: бөлме, алаңда ретсіздікті байқап, тазалықты орнатуға бейімдеу. Балықтарға жем шашу. Мақсаты: балықтарға күтім жасауға араласу ниеттерін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**Ойын алаңында қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу барысында:** -ойын шартын мұқият тыңда; -ойынды тәрбиешінің белгісі бойынша баста; -белгіленген жерде ғана ойна; -лақтыру кезінде жолдасына қарай дәлдеме; -белгіден кейін ғана допты лақтырып артынан жүгір; -ойын кезінде бір-бірінді итерме. **(еңбек дағдылары)**
	Қазақтың халық ауыз әдебиетінен "Төрт түлік" жайлы өлеңдерін оқу.	**Трафареттармен жұмыс: "Жан-жануарлар" (бастыру, бояу).**	**Боямақтармен жаттығулар.** Мақсат-міндеттер: ұсақ қол	**Лото: "Жан-жануарлар мен төлдері".** Мақсат-міндеттер:	**"Шұбар тауық" ертегісі бойынша саусақ театры.** Мақсат-міндеттер:

	Мақсат-міндеттер: балалардың қазақ халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ояту; қабылдау, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Құралдар: төрт түлік малдың суреттері. **(көркем әдебиет)** **Үй жануарлар салынған сюжетті иллюстрацияларды қарастыру.** Мақсат-міндеттер: балаларда үй жануарлары туралы ұғымдарды, оларға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, қамқорлық туралы түсінік беру. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	Мақсат-міндеттер: жануарлар туралы ұғымдарды тиянақтау, ұсақ қол моторикасын, қабылдау қабілетін дамыту. **(сурет салу)** **Құрастыру: "Марғауға арналған үйшік".** Мақсат-міндеттер: құрылыс материалдарының бөлшектерімен тәжірибе жасауды ынталандыру. **(құрастыру)**	моторикасын, қабылдау, елестету қабілетін дамыту. Түрлі-түсті қарындаштармен жан-жануарлардың контурларын бояу. Берілген заттың бейнесіне сәйкес келетін түстерді дұрыс таңдалуына назар аудару. **(сурет салу)**	балаларда үй жануарлары мен төлдері туралы ұғымдарды жетілдіру; ойлау, коммуникативті қабілеттерін дамыту. Құралдар: жануарлар мен олардың төлдері салынған сурет-карточкалар. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	"Шұбар тауық" ертегісі желісін балалармен бірге еске түсіру, кейіпкерлердің сөздерін мәнерлеп айтуға тарту; ертегілер әлеміне деген қызығушылықты арттыру, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: ертегі кейіпкерлерінің саусаққа тағылатын бейнелері. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** **Үй құстарының суреттерін қарастыру.** Мақсат-міндеттер: құстардың атауларын есте сақтауға, қайда мекендейтінін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. **(сурет салу)**
Таңертеңгі жаттығу 8.35-8.45	**"Төрт түлік" кешені (музыкалық сүйемелдеумен).** Бұзау басымен шайқайды. (Баспен оң-солға еңкейту) Ботақан қуанып теңселеді. (Екі аяқ арасын алшақ, қолдар төмен, оң-солға денемен теңселу) Қозы аяқпенен топылдатады. (Бір орында, тізені жоғары көтеріп, қадам басу)				

	Құлыншақ шабады. (Бір орында жүгіру) **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **8.45-9.00**	**Ойын жаттығу: "Таза қолдар".** Мақсат-міндеттер: балаларда ересектердің бақылауымен қол жуу, жеке бас орамалдарымен мұқият сүрту біліліктіліктерін қалыптастыру. **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық **9.00-9.10**	**"Менде қандай үй жануары бар" әңгімелесуі.** Мақсат-міндеттер: үй жануарлары туралы түсініктерін нығайту, коммуникативті қабілеттерді дамыту. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың көркем сөзге деген қызығушылығын арттыру; сөйлеу қабілеттерін дамыту. Сақ төбетім, Жолдыаяқ, Саңқылдайды қоймай-ақ. Бөріге қой бермейді, Ұрыға бой бермейді **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	**"Бөтен итті неге ұстауға болмайды" әңгімелесуі.** Абдрахман Асылбектің "Қаңғыбас иттер" мазмұны бойынша әңгімелеу. Мақсат-міндеттер: қабылдау, зейін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін, диалогтық сөйлеуді жетілдіру. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	**"Мысық" арнау өлеңі.** Мақсат-міндеттер: таныс өлең жолдарын оқу кезінде қуаныш сезіміне бөленуге мүмкіндіктер жасау; өлеңнің сөздерін анық дыбыстау дағдыларын қалыптастыру. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	**Материалдар мен бұйымдармен тәжірибе: "Марғауға арналған жіп орамдары".** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, түстерді қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. **(сенсорика)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Дана қонаққа келді"	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Үй жануары" Мақсат-міндеттер:	**Жапсырудан ойын-жаттығу** "Күшікке арналған үйшік"	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Иттің үйшігі" Мақсат-міндеттер:	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Аңдар әлеміне саяхат"

іс-әрекет 9.10-10.15	Мақсат-міндеттер: Балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру; жүру кезінде алға қарап және қолдарын еркін ұстап, дене тепе-теңдігін сақтай білу дағдыларын жетілдіру; балалардың еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру икемділіктерін, қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін сақтау ептілігін дамыту.	Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін тереңдету; олардың түрлерін бір- біріннен ажырата білуге, зейін қойып тыңдауға үйрету; Педагогтың көмегімен үй жануарлары туралы қысқа әңгіме құрастыруды, жануарлардың төлдерінің аттарын жекеше, көпше түрде атауды үйрету (бота, ботақандар, құлыншақ, құлыншақтар, т.б); сұрақ-жауап арқылы балалардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту; олардың бізге тигізер пайдасын айту және оларды күтіп баптауға, қорғап қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Мақсат-міндеттер: Дайын пішіндерден жапсыру дағдыларын қалыптастыру; балаларға күшікке арналған үйшіктің бөліктерін бөліп көрсетуге, олардың пішінін анықтауға үйрету; геометриялық пішіндердің атауларын бекіту: шеңбер, шаршы, үшбұрыш; үй жануарлары туралы білімдерін тиянақтау; иттің дене мүшелері туралы білімдерін бекіту (бас, құлақ, төрт аяғы, құйрық); балаларды жануарларға қамқорлық жасауға тәрбилеу.	Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту, геометриялық фигуралардың аттарын (текше,шаршы,призма) бекіту, конструктордың бөліктерін белгілі бір ретпен орналастырды үйрету.	Мақсат-міндеттер: Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу.
Серуенге дайындық 10.15-10.25	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.25-11.00	**Мысықты бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**Итті бақылау (көршінің ауласындағы итті). (сөйлеуді дамыту,**	**Марғауды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**"Көңілді жан-жануарлар" музыкалық ойыны. (қоршаған ортамен**	**Тауық пен балапандарын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру,**

	Мақсат-міндеттер: мысықтың үй жануары екендігіне көз жеткізу; мысықтың дене мүшелерін көріп, атауға бейімдеу; жан-жануарларға деген қызығушылықты арттыру. Мысық мейірімді, сабырлы. Мысық "Мияу-мияу" - деген дыбыстар шығарады. Тәрбиешімен бірге мысықта не барын көрсетіп атау: мысықтың құлағы, аяғы, басы, құйрығы және жүні бар. Мысық ұйықтайды, жуынады, сүт ішеді. Тәрбиешінің ұсынысы бойынша мысық туралы ойынды ойнайды. **“Мысық пен торғайлар” қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ойын шарты, белгі бойынша жан-жаққа	**қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: иттің үй жануары екендігіне көз жеткізу; иттің дене мүшелерін көріп, атауға бейімдеу; жан-жануарларға деген қызығушылықты арттыру. Үй жануары: ит оның сыртқы келбеті, мінез-құлқы жайлы түсінік беру. **"Сабалақ күшік (ит)" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жүгіруге дағдыландыру; ойын кейіпкерінің қимылдарын байқауға үйрету; қозғалыс бағытын жылдам өзгерту біліктіліктерін қалыптастыру: зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Педагог жүргізушіні	Мақсат-міндеттер: марғаудың мысықтың төлі екендігін дене бітімдерін салыстырып (үлкен - кішкентай), айтырмашылығын байқап айтуға машықтандыру; марғаудың дене мүшелерін көріп, атауға бейімдеу; жануар төлдеріне деген сүйіспеншілікті арттыру. **"Біз – марғаулармыз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: марғаулардың әрекетіне сәйкес ерекшеліктерін көрсете білу біліктіліктерін қалыптастыру. **"Құлыншақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жаққа сигнал бойынша	**таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың жабайы аңдар жайлы білімдерін толықтыру; балалардың қосылып тұрған музыканың ауысуына сәйкес қимыл-қозғалыс мінезін ауыстыру дағдыларын қалыптастыру; балалардың сөздік қорларын молайту; музыкаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **"Отарда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: шығармашылық қиялдары мен еліктеуді, негізгі қимылдарды дамыту. Балалар педагогтің белгі сөзі бойынша қимылдарды өзгертіп, орындап жүреді: ит - жүгіру, ат - секіріп жүріру, ешкі - орында секіру, мысық - баяу	**сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: үй құстарының тіршілігі жайында түсініктерді тиянақтау; балапан мен тауықты негізгі айырмашылығын байқауға бейімдеу; қамқорлыққа тәрбиелеу. Үй құстарының суреттері мен ойыншықтарын қарастыру. Суреттегі үй құсын атау, оның дауысымен дыбыстауға жаттықтыру: "қытқыт-қыт", "ко-ко-ко", "пи-пи-пи". **"Екі көңілді қаз" қимыл-қозғалыс ойыны (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: еліктеу қимылдарын орындау біліктіліктерін қалыптастыру; үй қаздары жайындағы ұғымдарды тиянақтау. **"Екі көңілді қаз".**

	шашырап жүгіруге дағдыландыру; ойын кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге деген қызығушылықты тудыру. Құмда шеңбер сызу. Шеңбер ортасында мысық. Балалар торғайлар. Торғайлар шеңбер сыртында секіріп, мазақтап, мысық көрмей тұрған кезде шеңберге ұшып кіреді де, мысыққа ұстатпауға тырысады. Мысық үш торғайды ұстаған кезде, мысық рөлі басқа балаға беріледі.	таңдауға ықпалын етеді: тақпақтағы соңғы сөздерден кейін ғана жүгіре білетін бала болу тиіс. **"Тигізбей өт" ойын жаттығуы** Мақсат-міндеттер: балаларды жүру барысында заттарды айналып өтіп, жүруге жаттықтыру. **Еңбек тапсырмасы:** гүлзарда өскен гүлдерді суару. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. **Балалардың шығарылған материалмен ойындары.**	шашырап секіріп, жүгіріп жүруге ынталандыру; нұскуларға зейінді болуға бейімдеу. **"Шелектегі шарларды түсі бойынша жина" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: түстерді қабылдау қабілеттерін дамыту. **Еңбек тапсырмасы:** құрап түскен жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. **Балалардың шығарылған материалмен ойындары.**	жүру. **"Марғаумен ойнайық" ойын жағдаяты.** Мақсат-міндеттер: балаларды көлемі әртүрлі заттармен әрекеттер жасауға машықтандыру. Шарларды зерттеу, шарлармен тапсырмаларды орындау. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** құмның бетін қоқыс бұтақтардан жинау. Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың шығарылған материалмен ойындары.**	Екі қаздай жүрейік, Мойындарды созайық. (Бірінен бірі соң бір бағанда, мойынды созып жүру, екі қолды көтеріп, түсіріп, екі санның жағына соққылау) Қаздар дейді: Ға-ға-ға! Барайық біз базарға! (Сөздерді қайталап жүру) Базарға баруға болмайды, Шығыңдар көгалға! (Бағаннан шығып, алаңға шашырап жүгіру, шоқайып отыру, қолдармен тізені соққылау) Ахметова Д.
Серуеннен оралу 11.15-11.35	**«Өз шкафыңды тап» дидактикалық жаттығуы.** Киімге арналған шкафтың не үшін керектігі, қалдай қолдану керектігігі жайында айтып, таныстыру; заттық кеңістікті бағдарлай алу қабілетін қалыптастыру; шкаф, есік, сөре, ашу, жабу, қою, бүктеу, ілу сөздері арқылы балалардың сөздік қорын байыту және белсендіру.				
Түскі ас 11.35-12.00	**Ойын жаттығу: "Таза қолдар".** Мақсат-міндеттер: балаларда ересектердің бақылауымен қол жуу, жеке бас орамалдарымен мұқият сүрту біліліктіліктерін қалыптастыру. **Көркем сөз.**				

	Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы 12.00-14.50	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 14.50-15.15	**Тақпақ-оятпақ: "Әтеш".** Жата ғой, жата ғой, Демалып, ұйықтай ғой. Төсекте: Әтеш ұйықтайды" – б.қ. арқада жатып, қолды бастан жоғары созу, аяқ бірге. Бір қолды жоғары, созылу, әтеш оянды. 3р. Әтеш бидай іздейді" – б.қ. отырып, аяқты айқастыру, қол белде, басты солға, алдыға, солға еңкейту. 3р. Әтеш су ішеді" – б.қ өкшеде отырып, қол түсірулі, тізерлеп тұру, қол жоғары, алдыға және астыға қол созып еңкею, б.қ. оралу. Әтеш секіреді" – б.қ. аяқ бірге, қол белде. 20с. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.15-15.45	Міне қасық, міне ас, Тамақтантан ешнәрсе қалмас. Тамақты тауысқаннан кейін, үстелден тұру, орындықты жылжыту, алғыс айту. **(мәдени-гигеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 15.45-16.50	**"Марғаумен ойнайық" (пәндік әрекет пен құрама және динамикалық ойыншықтармен ойындар).** Мақсат-міндеттер: марғау туралы (дене бітімі, шығаратын дыбысы, қимылы жайында)	**"Марғау қайда жасырынды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды сөйлеуде үстеуді қолдануды жаттықтыру, сөйлеудің грамматикалық құрылымын	**"Арғымақтар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың тұяқтар дүбірі мен жылқылар шығаратын дыбыстарға, қозғалыстарға еліктеу біліктіліктерін қалыптастыру.	**Дидактикалық ойын: "Енесін тап" (шағын топтармен).** Мақсат-міндеттер: балалардың үй жануарларымен олардың төлдері жайлы білімдерін бекіту. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**Дидактикалық ойын: "Сиыр сүт береді" (жеке топтармен).** Мақсат-міндеттер: дауыс мәнері арқылы өтініш білдіру іскерліктерін қалыптастыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**

	нақтылылау; ойынға ілесу қабілеттерін арттыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **"Біз – марғаулармыз" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: марғаулар мінез-құлқына сай әрекеттерді көрсете білу біліктіліктерін қалыптастыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	қалыптастыру. Педагог марғау ойыншығын белгілі жерлерде жасырып жатады да, марғаудың қайда жасырынғаны сұрайды. Балалар: марғау үстелдің астында, орындықтың үстінде, шкафтың атында, теледидар алдында, екі баланың арасында жасырынды - деп жауап айтады. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**(қоршаған ортамен таныстыру)**		
Балалармен жеке жұмыс 16.50-17.10	**"Үй жануарлары" салынбалы жақтаулары бар ойын тапсырмасы.** Мақсат-міндеттер:: үй жануарларын сәйкес жақтауға орналастыру іскерліктерін қалыптастыру; ұсақ қол моторикасын, ойлау қабілетін дамыту. **(сенсорика)**	**"Не қалай дыбыстайды?" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды үй жануарларының дыбысына еліктеуге жаттықтыру; "дыбыстау мәнерін", артикуляцияны жетілдіру. Құралдары: үй жануарларының суреттері. Күрделендіру амалы: еліктеу сөзін айтып болғаннан кейін	**Қ. Баянбаевтің "Арғымақ" өлеңін оқу.** Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту. **(көркем әдебиет)** **"Естиміз-істейміз" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалысты таныс өлеңдердің	**"Әженнің ауласының тұрғындары" ойын-жағдаяты.** Мақсат-міндеттер: балаларды үй жануарларының тіршілігі жайында көп білуге ынталандыру; қабылдау, зейін, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Құралдары: үй жануарлырының	**Ертегі мағынасын қабылдау: "Шұбар тауық балаларда қонақта".** Мақсат-міндеттер: "Шұбар тауық" ертегісі желісіне деген қызығушылықты арттыру; мәнерлеп сөйлеу үлгісін қабылдауға бейімдеу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

		етістік сөзбен айтуға шақыру. Мысалы, ат кісінейді, қой маңырайды, сиыр мөңірейді, ит үреді, мысық мияулайды. **(сөйлеуді дамыту)**	сөзіне сәйкес орындауды үйрету. **(дене шынықтыру)**	тіршілігі жайындағы сюжетті сурет. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	
Серуенге дайындық 17.10-17.20	**Ойын алаңында қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу барысында:** - ойын шартын мұқият тыңда; - ойынды тәрбиешінің белгісі бойынша баста; - белгіленген жерде ғана ойна; - лақтыру кезінде жолдасына қарай дәлдеме; - белгіден кейін ғана допты лақтырып артынан жүгір; - ойын кезінде бір-бірінді итерме. Мақсат-міндеттер: балаларды ойындар барысында ережелерді сақтауға бейімдеу.				
Серуен 17.20-18.00	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу 18.00-18.10	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 18.10-18.25	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.30**	"Үй жануарын үйде ұстау керек пе?" тақырыбына кеңес.	"Баланы үй жануарына деген сүйіспеншілікке баулу қажет пе?" тақырыбына кеңес.	"Үй жануарлары туралы ертегілерді оқып берейік" тақырыбына кеңес.	"Қамқоршы баланы тәрбиелеу" тақырыбына кеңес.	"Менің досым" атты үй жануарлары туралы фото көрме.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ	
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы
Топ/сынып	**Кіші топ**
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» кіші
Балалардың жасы	**2 жасар балалар**
Педагогтің аты-жөні	Кошербаева Б. Кульжабаева З
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды,	**21.08. - 25.08.2023ж.**

жылды көрсету)					
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	21.08.23ж	22.08.23ж	23.,08.23ж	24.08.23ж	25.08.23ж
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.35	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 8.00-8.35	Ата-аналармен "Досың жанында болғанда көңіл-күйін қандай болады?" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8.00-8.35	**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** "Ойнап болғаннан кейін топ ішін жиыстыру". Мақсат-міндеттер: балаларда саналы түрде тәртіпке деген ұмтылысты, ойыннан кейін ойыншықтарды жинау әдетін қалыптастыру, жұмыс жоспарын құра білу, алдағы іс-әрекетке қажетті материалдарды таңдай білуге үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** өсімдіктердің ірі жапырақтарын сүрту. Баланы еңбек әрекетіне жетелеу. Мақсат-міндеттер: бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға үйрету, тазалыққа тәрбиелеу; еңбек етуге қызығушылықтарын және ересектерге көмектесу ниетін ояту. Сүртуге арналған алжапқыш, қолғаптар. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** "Орындықтарды орындарына қоямыз". Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы тез, дәл орындау. **(еңбек дағдылары)**	**Оқу іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындау.** Мақсат-міндеттер: берілген тапсырмаға деген жауапкершілік сезіміне баулу, балаларды оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты орналастыруға үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** дымқыл шүберекпен орындықтардың шаңын сүрту. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттеріне баулу. **(еңбек дағдылары)**
	"Жұпты тауып ал" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды түстер арқылы жұпқа	**"Біз доспыз" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: бір-біріне жылы шыраймен қарауға	**"Қалай дос болуға болады?" мультфильмін көрсету ("Айбала" бөлімінен).**	**Достық, достар жайлы ән тыңдау.** Мақсат-міндеттер: балалардың бірін-бірі жылы шыраймен	**Екі достың оқиғасы.** Кірпі менен сұр қасқыр, Көрші тұрды орманда.

	жиналу амалдарына үйрету; татулық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Балалардың әрқайсына түсі белгілі фишканы беріп, жұптарға жиналуға шақыру. "Дос болайық бәріміз" әні. Мақсаты: балаларға жағымды көңіл-күйге бөленуге мүмкіндік жасау; музыкалық қабілеттерді дамыту. - Балалар, біз бір-бірімізге доспыз ба? (Иә). - Қане, бәріне біз қалай дос бола алатынымызды көрсетейікші (бір-бірінің қолдарынан ұстап, құшақтасады). - Бірге дос туралы ән шырқайық **(сөйлеуді дамыту)**	бейімдеу. - Балалар, қане қол ұстасайық. Әрқайсыларың көршілеріңнің көзіне қарап, оған өзінің мейірімді күлкісін сыйласын. - Досыңның қолының жылуын, қолдарын арқылы бір-бірлеріне деген жылулықты сезініңдерші. - Жылуды сездіңдер ме? Себебі біз көппіз және біз доспыз. **(сөйлеуді дамыту)** **Балалармен әңгімелесу: "Өзіннің досын жайлы айтып бер".** Мақсат-міндеттер: достықтың мағынасын түсіндіру. Біздің ұран: «Әрқашан дос біргеміз, ажырамас іргеміз». **(сөйлеуді дамыту)**	Мақсат-міндеттер: достық туралы ұғымды қалыптастыру, татулық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Мультфильм мазмұны бойынша әңгімелесу. Тәрбиеші: - Балалар, Айбала неге жұлдызқұртпен дос болғысы келмеді? (Жұлдызқұрттар оны алдады.) - Айбаланы кім "досым" деді? ("Досым" деп шегіртке айтты.) - Досы Айбалаға не үшін: "Рақмет, досым", - деді? - Иә. Айбала оған көмектесті, қолын созды. **(сөйлеуді дамыту, музыка)**	қабылдауға бейімдеу; балалардың бір-біріне жақын жүріп, ойнап, ән салу әрекеттерінен жағымды эмоцияларын дамыту; "достық" ұғымының негіздерін қалау. Педагог балаларды мазмұны жеңіл әндерді айтуға шақырады. Әндерді музыка жетекшісінің ұсынымымен алуға болады. **(музыка)**	Тауып алды әткеншек, Серуендеуге барғанда. Әткеншекке жүгірді, Тербелем деп бірінші. Дауласып тұр екі дос, Ренжітіп бір-бірін. "Менмін, мен тауып алған, Мен отырам қалайда"- Деп кішкентай кірпі де, Томсырайып қарайды. Қасқыр айтты кірпіге, Түсіп кеткен қабағы. "Дос емесің сен маған, Ойнамаймын бар ары". - Балалар, біз не туралы оқыдық? - Иә. Кірпі мен қасқыр туралы. - Кірпі мен қасқыр дос бола алды ма? Құралдар: қасқыр мен кірпінің (мультипликациялық) суреті. **(сөйлеуді дамыту)**
Таңертеңгі жаттығу	**Музыканттар.**				

8.35-8.45	Топтасып жүру, топтасып жүгіруге көшу, жүрумен аяқтау. Жалпы дамытушылық жаттығулар. 1. "Үлкен дауылпаз". Б. қ.: аяқтар сәл алшақ, қол төменде. Қолды екі жанға көтеру, түсіру. 4 рет қайталау. 2. "Дауылпазда ойнаймыз". Б. қ.: аяқтар сәл алшақ, қол төменде, арқада. Еңкейіп тізеден ұру, "бум-бум" - деп, түзелу. 4 рет қайталау. Тәрбиешінің артынан жылдам жүру. Баяу жүрумен тоқтау. Анамызға арналған музыка. Бірінің артынан бірі жүру. Аяқ ұшымен жүру. Шеңбер құрып тұру. Сылдырмақпен жалпы дамытушылық жаттығулар. 1. "Сылдырмақты қақ". Б. қ.: аяқтар сәл алшақ, қол төменде, сылдырмақ сол қолда. "Сылдырлат" - сылдырмақты жоғары көтеру, сылдырлатып, төмен түсіру. 3 рет қайталау. Сылдырмақты екінші қолға алып, дәл сол жаттығуды қайталау. 2. "Сылдырмақты соқ". Б. қ.: солай. еңкею, сылдырмақпен тізені ұру, "динь-динь"-деп түзелу. 3 рет қайталау. Дәл солай сол қолымен орындау. 3. "Сылдырмақты қой". Б. қ.: солай. Отыру, сылдырмақты еденге қою, түзелу. 2 рет қайталау. Сылдырмақты басқа қолға алып, дәл сол жаттығуды қайталау. Бір-бірінің артынан жүру, жүгіру. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **8.45-9.00**	**"Қасықты дұрыс ұстап үйренеміз".** Балаларды қасықты дұрыс ұстауды үйрету бойынша жұмысты жалғастыру. **Ғажайып сәт.** Топқа қасықты ауызына дұрыс апармай, көжені шашыратып, үнемі көйлегін былғап алатын Камила қуыршақ "келеді". Балалар қонақты сабырға шақырады. Оған "қуыр, қуыр, қуырмаш" санамағын айтып береді. Кейін тәрбиеші сәбилерге сиқырлы қасықтарын қолдарына алып, қуыршақ Камилаға көжені қалай жеу керектігін көрсетуді ұсынады. Сонында Камила балаларға алғысын білдіреді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық **9.00-9.10**	**Таңғы сәлемдесу шеңбері.** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; топтастарға жылы	**"Жақсы - жаман" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жаман-жақсы туралы түсініктерін қалыптастыру; сөйлеу қабілеттерін дамыту.	**Таңғы сәлемдесу шеңбері.** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған	**"Күлкішілер ұшағында саяхат".** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, достыққа тәрбиелеу. Тәрбиеші:	**Ойын: "Досыңды тап".** Мақсат-міндеттер: ұсақ бөлшектерден тұтас бөлшекті құрауға дағдыландыру; ойлау, қабылдау, зейін

	шыраймен қарауға баулу. Қол алысып, қане, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! - Балалар, көңіл-күйлерің қандай? - Көтеріңкі, көңілді, қуанышты! - Біз біргеміз, біз доспыз. **(сөйлеуді дамыту)**	Бір-бірінді ренжіту – жаман. Ойыншықтармен бөлісу – жақсы. Бірге ойнау – жақсы. Жанжалдасу – жаман. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	объектілерге қызығушылықты тудыру. Сәлем саған, алтын күн! Сәлем саған, көк аспан! Сәлем саған, Жер-Ана! Сәлем саған, достарым! Балалар қимылдарды орындайды, бір-бірін құшақтайды. **(сөйлеуді дамыту)**	- Балалар, бүгін біз күлкішілер ұшағына отырып, саяхатқа шығамыз. Ол үшін бірнеше шартты орындау керек. - Қанаттарымыз екі жақта! (Балалар қолдарын екі жаққа созады) - Белдіктерді саламыз! (Белдіктерді салған болып көрсету) - Моторды қосайық! (Екі кол шынтақта бүгілген, алда, екі қолмен мотордың айналғанын көрсету) - Ал енді ұшу үшін, мотордың бұндай дыбыстарын көрсетеміз: Ха-ха-ха! - Мен бір ауыз сөздер айтқаннан кейін, сендер: Ха-ха-ха! - деп қолдайсыңдар. Жарайды ма? - Біз ұшқанда күлеміз: Балалар: Ха-ха-ха! Ха-ха-ха! - Біз күлкішілер қаласына ұшамыз: Балалар: Ха-ха-ха!	қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Балаларға түрлі-түсті пішіндер үлестіреміз, олар екінші жартысын табу керек. Тәрбиеші: - Балалар, екінші жартысын таптыңдар ма? - Ол сендердің жұптарың, достарың болады. - Сендер достарыңның аты кім екенін білесіңдер ме? - Ал енді достықтарыңның қаншалықты берік екенін тексерейік.

				Ха-ха-ха! - Күн мен бұлтқа сәлем айтамыз: Балалар: Ха-ха-ха! Ха-ха-ха! Көңілсізді қолдаймыз: Балалар: Ха-ха-ха! Ха-ха-ха!	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.10-10.15	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Тату болайық" Мақсат-міндеттер: Балаларды бірінің артынан бірін адымдатып жүргізу; залды айнала жүріп қолдарын жоғары көтеріп, гүлдер сияқты жайқалу; екі қолымен допты тордан жоғары лақтыру іскерліктерін жетілдіру; допты тордан жоғары лақтыру кезінде шапшаң, епті әрі жылдам болуға тәрбиелеу.	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** ""Дос іздеген бота"ертегісі" Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегі мазмұны бойынша бойларына мейірімділікті, адалдық қасиеттерін сіңіру; ертегіні байланыстыра сөйлеуге, өз ойын толық айтуға дағдыландыру; сөздік қорын молайту, тілін, есте сақтау қабілетін дамыту; досқа адал, мейірімді болуға тәрбиелеу.	**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Дос болайық бәріміз" Мақсат-міндеттер: Балаларды достарымен мейірімді қарым-қатынаста болуға үйретуді; достық құндылығы туралы түсінік беру; достаса білуге тәрбиелеу; коммуникативтік дағдылардын дамыту.	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Дос бола білейік" Мақсат-міндеттер: Контур шегінде сурет салу, суретті жетіспейтін бөлшектермен толықтыру біліктіліктерін қалыптастыру; достық қарым-қатынас жайлы түсінік беру; көркемдік біліктіліктерін, қарындашты дұрыс ұстау дағдыларын дамыту; бірі-біріне деген сыйластыққа, достыққа тәрбиелеу.	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Көңілді балалар" Мақсат-міндеттер: Балалардың музыкалық аспаптарында ойнай отырып, мимика, пластик көмегімен музыкалық бейнені мәнерлі, эмоционалды түрде жеткізе білу қабілетін дамыту; әр түрлі сападағы материалмен тәжірибе жасау барысында шығармашылық қиял мен музыкалық сенсорлық қабілеттерді дамыту.
Серуенге дайындық 10.15-10.25	**"Киімді бүктеп үйренеміз" ойын жаттығуы.**	**"Біз қуыршаққа қонжыққа қонаққа баруға қалай**	**"Аңдарға түймелерін түймелеуге**	**"Тілалғыш түймелер мен баулар".** Мақсат-	**"Киіну, шешіну".** Мақсат-міндеттер: түймені тағу және

	Мақсат-міндеттер: киімді дұрыс бүктеу біліктіліктерін қалыптастыру; балаларды өз киімдерін танып, атауға, өз шкафын белгіленуі (суреті) бойынша табуды үйрету.	**көмектестік" ойын-жағдаяты.** Мақсат-міндеттер: балаларды өз киімдерін танып, атауға, оларды рет-ретімен киюге, өз шкафын белгіленуі (суреті) бойынша табуға, шкафқа тиянақты бүктеп салуға үйрету.	**көмектесейік" дидактикалық тапсырмасы.** Мақсат-міндеттер: түймені түймелеу дағдысын қалыптастыруды жалғастыру; шұлықтан бастап, гольфіні, шұлық киюді үйрету.	міндеттер: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).	ағыту, жапсырғыш тағындыларды ашып, жабу біліктіліктерін бекіту, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, киіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды, қажет жағдайда көмек сұрауды, сыпайы сөздерді қолдануды үйретуді жалғастыру.
Серуен 10.25-11.00	**Бақаны бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды туған өлкенің табиғатымен, оның мекен етушілерімен таныстыруды жалғастыру. Балаларға бақаның тіршілік ету ортасы, оның немен қоректенетіні, тигізетін пайдасы туралы айту. Табиғатты аялауға және қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Бақаның өзі болмай	**"Қайықтар" . (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: серуен кезінде жағымды ойын жағдайын тудыру. Өз қолымен ойыншық жасауға деген ұмтылысын дамыту. Айналасын қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу: өзінен кейін көшеде қоқыс қалдырмау. **Әңгімелеу.** Жаңбырдан кейін далада көптеген жылғалар мен көлшіктер болады.	**Жәндіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды жиі кездесетін жәндіктермен, олардың тіршілік ерекшелігімен таныстыру. Негізгі мазмұны: қоңыздардың қалай жүретінің қарастыру, олардың кейбіреулері ұшады. Ұшар алдында қоңыздардың қанаттарын қалай ашатынын, қорек іздеуге ұшып кетуін	**Ауа-райының жағдайын бақылау (күн жарқырап тұр немесе жаңбыр жауып тұр). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: жаз жайлы әңгімені тыңдай отырып, балалар шуақты күнге, көк аспанға, баяу қалқыған бұлттарға тоқталып өтеді. **Жеке жұмыс: жолдармен жаттамақ сөздерінің ырғағына сай жүру.** "Үлкен аяқтар жолмен келеді... топ,	**Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: жаз мезгіліндегі ауа-райының жағдайы жайлы түсінік беру. Маусымдық киімдер атауларын бекіту. Негізгі мазмұны: жазда күннің қатты қыздыратынын, сондықтан балалар жалаңаш жүретінін айта кету. Күнге тікелей қарау мүмкін бе екенін сұрау. Неге? Күн өте жарық, сондықтан қараған кезде көз қарауытады.

	жатса, фотосуретін көрсетіп, әңгімелеу. **Әңгімелеу.** - Балалар, біз табиғат аясына шыққан кезде бақаны көрсек жолымыз болды деген сөз. - Суреттегі бақаға қарандар. Оның түсі қандай? Бақаны суреттейікші. - Бақа су, жасыл шөп пен масалар көп жерде тіршілік етуді ұнатады. Бақа масалармен қоректенеді. Оның ұп-ұзын тілі бар. Ұшып бара жатқан масаға қарай ұзын жабыспақ тілін жіберіп, сол масаны қағып алады екен. - Бақа кейіпкері қандай ертегілерді кездеседі? - Жарайсыңдар, "Үйшік", "Қолғап" ертегілерінде кездеседі екен. - Бақалар оны мазалағанды ұнатпайды, сол	Таяз және терең көлшіктер бар. Үлкен және кішкентай көлшіктер бар. Кең және тар көлшіктер бар. Қалай ойлайсыңдар қандай көлшіктерде қайықтар жақсы жүзеді? Неге? Қайықтарды неден жасауға болады? (Грек жаңғағының қабығынан, ағаш қабығынан, қағаздан, ағаш жапырағынан, кішкентай пластик бөтелкеден.) Өз қайықтарыңды қалай атайсыңдар? Ал сендер үйлеріне қайтқанда, қайықтарына не болады? Оларды неге тастауға болмайды? Егер қайық пенопластан, пластмастан жасалса, онда ол табиғатты ластайды. Өзінен кейін қоқыс қалдыруға болмайды, егер сендер қайықтарыңды	бақылау. **Көркем сөз.** Ұшқанда өлең айтады, Қонғанда жер қазады. Мұны да ойлап көріңіз. (Қоңыз). **Тыныс алу жаттығуы.** **"Қоңыздар".** Балалар орындықтарға отырады, тәрбиеші: "Ж-ж-ж, - деді, - қоңыз-з-з" - дейді. Балалар қолдарын иықтарына айқастырып қойып: "Тұрамын, ұшамын ж-ж-ж-ж-ж" - дейді. Балалар қолдарын екі жаққа жазып, "ж-ж-ж-ж-ж" - деп дыбыстап, топ ішінде қозғалады (2 – 3 мин). **"Қоңыздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жаққа шашырап жүгіруге, белгі бойынша бағытты өзгертуге, зейінділік танытуға	топ, топ. Кішкентай аяқтар жолмен жүгіреді... топ, топ, топ". **“Менің көңілді добым…” қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды екі аяқпен секіруді үйрету, мәтінді мұқият тыңдау және допты соңғы сөз айтылғаннан кейін ғана қуу. **"Жалаушаға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсаты: балаларды белгі бойынша бір бағытта, бір-бірін итермей, жүгіруге ынталандыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескені жинау; құмды құмсалғышқа салу.** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа	Жазда адамдар күн сәулесінен қорғайтын көзілдірік киеді. **Көркем сөз:** Шуақтары тарайды, Тереземнен қарайды. Еркелетер аймалап, Сәуле шашар арайлап! **"Тауық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда қимыл-қозғалысты белгі бойынша орындау біліктіліктерін дамыту, әртүрлі бағытта жүгіріп, еңбектеп өтуге жаттықтыру. **"Жидекті теріп алайық" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды алдын-ала алаңға таратылып жайылған жидектердің кескіндерін сигнал бойынша қорапшаға жинауға тарту;

	себепті шөптің арасында және көлеңкеде жасырынады. - Ал егер сендер оны көріп қалсаңдар, онда қолға алуға асықпаңдар, оданда сыртқы келбетін мұқият қарастырыңдар. Ол масалар мен шіркейлерді аулайды. Суда жүзіп, күнге қыздырылғанды жақсы көреді. **"Торғайлар мен мысық» қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікте қозғала білу, ұжыммен бір-біріне соғылмай қимылдау біліктіліктерін дамыту; белгі бойынша әрекет ету, тереңдікке, орыннан ұзындыққа секіруге, жылдам жүгіруге жаттықтыру. **"Бақалар" қимыл жаттығуы.** Мақсат-	тастасаңдар, ол бұзылып, бірден қоқысқа айналады. **Тыныс алуды дамытуға арналған ойын: "Маған ұшуды үйрет". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды нұсқауларды дұрыс түсініп, қимылдарды жасауға дағдыландыру. Бізге көзі, тұмсығы, қанаты, құйрығы салынған әуе шары "балапан", шеңбер — "ұя" керек болады. Санамақ бойынша "жел" тұрады. Екі ойыншы шеңберді тігінен ұстайды. "Ұяда" - балапандар, олар шарды ұстап отыр. Балапандар ән салады немесе дыбыстайды: "Ала қанат сауысқан, ұшуды үйретші, аласа да, биік емес, күн көрінсе жетеді! " Кейін балалар ақырындап, шарды	жаттықтыру. **Еңбек тапсырмасы: ойыншықтарды қорапқа, құмнан тазалап, жинау.** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.** Шығарылған материалдар: күрекшелер, сыпырғыштар, зембілдер, түрлі-түсті қарындаштар, қалыптар, қағаз беттері.	тәрбиелеу. **Дербес ойын әрекеті.** Мақсат-міндеттер: шығармашылық ойындарды дамытуға жағдай тудыру (ұсақ ойыншықтар мен заттарды таңдау, сонымен қатар табиғи материалдарды кеңінен қолдану).	зейінді, кеңістікті бағдарлау, бір-біріне бөгет болмай қимылдауға бейімдеу. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: серуеннен қайту алдында ойыншықтарды реттеу.** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. Шығарылған материал: күрекшелер, сыпырғыштар, түрлі-түсті дөңгелектер, қалыптар, мөлшерлер. **Балалардың еркін ойындары.**

	міндеттер:балаларға бір орыннан ұзындыққа секіруге жаттықтыру; аяқ, дене бұлшық еттерін ұлғайту; шыдамдылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескені жинау; құмды құмсалғышқа салу.** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа тәрбиелеу.	жоғары қарай лақтырады ("балапан" "ұядан" ұшып шығу керек). "Самал жел", ұяның алдында тұрған, шарды жерге түспейтіндей үрлейді де қайта ұяға кіргізеді (шар қайта обруч үстінен ұшып өту керек). Жас ерекшелігіне сәйкес "тыныс алу" саны белгіленеді (дем шығару 3-б артық емес). Ескерту: тыныс алу мұрын арқылы, дем шығару- ұртты толтырмай жасалады. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті			
Серуеннен оралу 11.15-11.35	Мақсат-міндеттер: балаларды киімдерін реттілік сақтай отырып шешінуді, киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыруды, қол жууды үйрету. **Көркем сөз.** Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуамын мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін.				

	Тап-таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Тусипжанова-Шагирова А **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**
Түскі ас **11.35-12.00**	**"Қасықты дұрыс ұстап үйренеміз".** Балаларды қасықты дұрыс ұстауды үйрету бойынша жұмысты жалғастыру. **Ғажайып сәт.** Топқа қасықты ауызына дұрыс апармай, көжені шашыратып, үнемі көйлегін былғап алатын Камила қуыршақ "келеді". Балалар қонақты сабырға шақырады. Оған "қуыр, қуыр, қуырмаш" санамағын айтып береді. Кейін тәрбиеші сәбилерге сиқырлы қасықтарын қолдарына алып, қуыршақ Камилаға көжені қалай жеу керектігін көрсетуді ұсынады. Сонында Камила балаларға алғысын білдіреді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**
Күндізгі ұйқы 12.00-14.50	Мақсат-міндеттер: балалардың жайлы ұйқысына жағдай тудыру. **"Әлди-әлди" әні.** Көзімнің ағы-қарасы, Жүрегімнің парасы, Уайым-қайғы ойлатпас, Көңілімнің сапасы. Айналайын, шырағым! Көлге біткен құрағым! Маңдайдағы құндызым, Аспандағы жұлдызым. **(көркем әдебиет)**
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары **14.50-15.15**	**Кешенді шынығу жаттығулары.** “Марғаулар оянады” (балаларға төсекте жатып керілуді, арқаны жазып, қолды жоғары созып, бір бүйірден екінші бүйірге бұрылуды ұсыну.) Кіп-кішкене марғаулар, Пырылдайды үнемі, Жайғасыпты кілемде, Ояңғысы келмейді. Жалқауланба, марғауым, Қандай сенің таңдауың. Бойыңды жаз, керіліп, Қалғандайсың керіліп.

	Жеңіл уқалау (Қол және аяқ саусақтарын жоғары қарай уқалау, белді, арқаны, кеудені жазу) Аяқ ұшымен жатын бөлмеде жүру. Керілдік, жылдам тұрдық, Аяқ ұшымен жүгірдік… **“Денсаулық жолдарымен” жүру.** “Топ, топ, топ”- адымдайды біздің аяқ. Мақсаты: қан айналымын жетілдіру. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас **15.15-15.45**	Міне қасық, міне ас, Тамақтантан ешнәрсе қалмас. Тамақты тауысқаннан кейін, үстелден тұру, орындықты жылжыту, алғыс айту. **(мәдени-гигеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 15.45-16.50	**Сылдырмақтармен ойындар.** Мақсат-міндеттер: ырғақты есту, соған сай қимылдай білу қабілеттерін дамыту; көркем сөзді қимылдарды жасай жүріп айтуға бейімдеу; жағымды эмоцияларды дамыту. Сылдырмағым сылдырла, Шақыр барлық баланы. Үнін естіп қуана, Билеп кетсін бар бала. (Тәрбиеші балаларға музыка ырғағымен сылдырмақ таратады) "Сылдырмақпен тығылмақ".	**"Дастархан" сюжетті-рөлді ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын жоспарын жүзеге асыру біліктіліктерін дамыту; дастархан алдында әдептілік ережелерін ұстануға бейімдеу; коммуникативтік қабілеттерді дамыту. Балалардың белгілі бір рөл үшін керек құрал-жабдықтарды өз бетінше таңдау, ойын көрінісіне жетіспей тұрған заттармен, ойыншықтармен толықтыру	**"Көңілді орындық" қимыл-қозғалыс аз ойыны.** Мақсат-міндеттер: көтеріңкі көңіл-күй қалыптасуына жағдай тудыру; бірлескен ойындарға деген қызығушылықтарын ояту, балаларды бір-біріне деген өзара мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу. **(дене шынықтыру)**	**Мақал-мәтелдер.** Мақсат-міндеттер: балаларды мақал-мәтелдердің мағынасын түсінуге бейімдеу, ұнаған жолдарды жатқа айтуға дағдыландыру; достық сезімі жайындағы түсініктерді қалыптастыру. "Дос достың кемшілігін кешіре білер". "Досы жоқ адам – тұзы жоқ тағам". "Ағаш тамырымен, Адам досымен мықты". "Шын дос қиыншылықта	**"Достар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға достық жайындағы ұғымдарды тиянақтау; белгілі кейіпкерлерді тануға тарту; ойлау, зейін, қабылдау қабілеттерін дамыту. 1. Ала Тауық пен ... (ата мен апа). 2. Мейірімді дәрігер Айболит пен ... (аңдар). 3. Сенгіш Бауырсақ пен ... (қоян). 4. Күлкілі қонжық Вини-Пух пен ... (Торай (Пятачок)). 5. Құмда жатып, күн жайлы ән айтқан екі

	1. Ойыншығым сүйікті, Сылдырмағым көңілді, Сылдырмағы сәбидің, Қоңырауы әр үйдің. 2. Би билейміз айналып, Сылдырмақпен көңілді. Сылдыр, сылдыр, сылдырмақ, Сылдыры оның төгілді. 3. Кетіп қалдың алысқа, Ойнап жүрсін тығылмақ. Естілмейді дауысың, Қайда кеттің, сылдырмақ. 4. Бері келші жаным, Тағы бірге билейік. Сыңғырымен сылдырмақ, Шаттанайық, билейік. "Тығылмақтан" кейін балалар сылдырмақтарды алдарына еденге қояды. **(музыка)**	талпыныстарын ынталандыру. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** **"Досына көмектес" қимыл-қозғалыс аз ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша біресе билеп жүріп, біресе "көмек қолын" беріп, жұпты құруға машықтандыру; кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту; достыққа тәрбиелеу. **(дене шынықтыру)**		білінеді". "Досты іздеме – табылса жіберме". "Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды". "Заттың жаңасы жақсы, Достың ескісі жақсы". "Жауға - жалынба, досқа - тарылма". **(көркем әдебиет)**	досты білесіңдер ме? Оларды атаңдаршы. (Арыстан мен тасбақа.) 6. Үйшікте көңілді және тату нелер өмір сүрді? Оларды атаңдаршы. (Тышқан, бақа, түлкі, қасқыр, аю.) Құралдары: ертегі мен мультфильмдер кейіпкерлер жұптарының суреттері. **(сөйлеуді дамыту)**
Балалармен жеке жұмыс 16.50-17.10	**"Естиміз-істиміз" ойын-жаттығуы.**	**Жаттығу: заттар арқылы жүру.**	**Апта тақырыбы бойынша мақал-**	**Психологиялық жаттығу: "Алақанға**	**"Жұбын тап" ойыны.**

	Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалысты таныс өлеңдердің сөзіне сәйкес орындауды үйрету. **(дене шынықтыру)**	Мақсат-міндеттер: балаларды заттардан аттап, түзу жолмен жүруге жаттықтыру; тепе-теңдік сезімдерін дамыту. **(дене шынықтыру)**	**мәтелдермен таныстыру.** Мақсат-міндеттер: қазақ ауыз әдебиеті үлгілеріне деген қызығушылықты қалыптастыру; кез келген мақалды жаттап алуға мүмкіндіктер жасау. "Дос достың кемшілігін кешіре білер". "Досы жоқ адам – тұзы жоқ тағам". "Ағаш тамырымен, Адам досымен мықты". "Шын дос қиыншылықта білінеді". "Досты іздеме – табылса жіберме". "Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды". "Заттың жаңасы жақсы, Достың ескісі жақсы". "Жауға - жалынба, досқа - тарылма". **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**көбелекті жасырайық".** Мақсат-міндеттер: балалардың жағымды көңіл-күйіне қолайлы жағдайлар жасау; елестету, түйсік, сезгіш қабілеттерін дамыту. - Балалар, алақанымызда тонып қалған көбелек бар сияқты елестетейікші. Қане, оны жылы демімізбен жылытайықшы. Оны кеуделеріне басыңдар. Ол сендердің немесе досыңның жүрек қағысын естісің. Қараңдаршы, көбелек жылынған сияқты, нәзік қанаттарын жайып ұшып кетті. Достық көбелегі әр кез біздің топта өмір сүрсін.	Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды ортақ қасиеттері бойынша топтастыру амалдарына бейімдеу; ойлау қабілетін дамыту. Құралдары: әрқалай үстелде жатқан түрлі топтарға жататын заттардың суреттер. Суреттердің арасында жұптар бар. Мысалы: қасық пен шаңышқы, доп пен пирамида, көйлек пен шалбар, шәйнек пен кесе, шкаф пен орындық, т.б.. **(сенсорика)**
Серуенге дайындық	**Ойын алаңында қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу барысында:**				

17.10-17.20	- ойын шартын мұқият тыңда; - ойынды тәрбиешінің белгісі бойынша баста; - белгіленген жерде ғана ойна; - лақтыру кезінде жолдасына қарай дәлдеме; - белгіден кейін ғана допты лақтырып артынан жүгір; - ойын кезінде бір-бірінді итерме. Мақсат-міндеттер: балаларды ойындар барысында ережелерді сақтауға бейімдеу.				
Серуен 17.20-18.00	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу 18.00-18.10	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 18.10-18.25	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.30**	"Қыздар мен ұлдар" тақырыбына әңгімелесу .	"Ауыз су мен бала денсаулығы" тақырыбына кеңес.	"Ата-аналармен ынтымақтастық - баланың мектепке дейінгі мекемеге сәтті бейімделуінің басты шарты" тақырыбына әңгімелесу.	"Көшедегі тәртіп-қауіпсіздік кепілі" тақырыбына әңгімелесу.	"Отбасында тағы бір сәби өмірге келеді" тақырыбына әңгімелесу.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы				
Топ/сынып	**Кіші топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан»				
Балалардың жасы	**2 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Кошербаева Б. Кульжабаева				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**28.08. - 01.09.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	28.08.23ж	29.08.23ж	30.08.23ж	31.08.23ж	01.09.23ж
Күн тәртібі					

Балаларды қабылдау 8.00-8.35	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 8.00-8.35	"Жазғы демалыстардың балалардың денсаулығына жағымды ықпалы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8.00-8.35	**Оқу іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындау.** Мақсат-міндеттер: берілген тапсырмаға көңіл аударуға бейімдеу, оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты орналастыруға үйрету. **(еңбек дағдылары)**	Құрастырмақтардың қорапқа жиналуына назар аударту; бөлшектер шашырап жатса, қорапқа сыймайтынын түсіндіру. **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** құрастырмақтардың бөліктерін қорапқа ұқыптап жинату. **(еңбек дағдылары)**		**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** табиғат бұрышындағы, бөлме өсімдіктерінің жапырақтарын сүрту. Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, өсімдіктерге күтім жасау. **(еңбек дағдылары)**	
	Саусақ жаттығуы: "Бес саусақ". Мақсат-міндеттер: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту, ақыл-ой дамуын ынталандыру. Оң қолымда бес саусақ,	**"Балабақшаға келе жатқанда мен не көрдім?" тақырыбындағы бақылау.** Мақсат-міндеттер: тақырып бойынша сөздік қорларын белсендіру. Педагог балалардан балабақшаға келе жатқан жолдарында не көргендерін		**Таңғы сәлемдесу.** Жарқырап күн де ашылды, Айналаға гүл шашылды. Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз! Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Мақсат-міндеттер: сәлемдесу рәсіміне дағдыландыру; дағымды эмоцияларды	

	Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**	айтуды сұрайды (көп көліктер, балалар, автобустар, бағдаршам және т.б.). **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**		дамыту. **Дербес ойын әрекеті.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойыншықтармен бөлісіп, тату ойнауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	
Таңертеңгі жаттығу **8.35-8.45**	**Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар.** Оянайық, тұрайық, Жаттығу орындайық. Терезені ашайық, Таза ауа жұтайық. Ауыртпайды ағзаны, Таза ауа пайдалы! **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **8.45-9.00**	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық **9.00-9.10**	**Сәлемдесу ойыны "Менің көмекшілерім".** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу. Мынау – менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған, Мынау – басым ақылды. Бәрін осы басқарған. Мынау – менің оң қолым, Мынау – менің сол қолым. Барлық істі атқарған. **(сөйлеуді дамыту)**	**Қуаныш шеңбері.** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу. - Қайырлы таң, көздерім (Қабақты сипау) - Сендер ояңдыңдар ма? (Үлкен және сұқ саусақтан "дүрбі" жасау) - Қайырлы таң құлағым! (Алақанмен құлақты сипау) - Сендер ояңдыңдар ма? (Саусақтарды кең ашып, құлаққа тигізу) - Қайырлы таң, қолдарым! (Екі қолды кезек-кезек сипау) - Сендер ояңдыңдар ма? (Қол шапалақтау) - Қайырлы таң, күн! (Қолды жоғары созу) - Мен ояндым! (Басты жоғары көтеру) **(сөйлеуді дамыту)**		**Сәлемдесу: "Күн".** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; күн объектісіне көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабақ түйген не керек? Көңілді боп жүрейік. Әңгімелесейік **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-	Жазғы ойын-сауықтар	Жазғы ойын-сауықтар		Жазғы ойын-сауықтар	

әрекет **9.10-10.15**					
Серуенге дайындық **10.15-10.25**					
Серуен **10.25-11.00**	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуеннен оралу **11.15-11.35**	**Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: жел туралы ұғымдарын пысықтау; желді шайқалған ағаштардың бұтақларына, желпілдеген жапырақтарына, желбіреген жалауларға қарап білуге машықтандыру. Ағаштардың қозғалып, майысқанын, иілгенін бақылау, ағаштардың бұлай істеуінің себебі не екенін сұрау. - Қандай жел соғып тұр: суық, жылы? Жылдың төрт	**Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: бұталар мен ағаштар туралы білімдерін бекіту, ағаштар мен бұталар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету, ағаштар мен бұталарға ұқыпты, қамқорлықпен қарауға үйрету. Балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар мен бұталар өсетіндігін сұрау. Ағаштың бұтадан айырмашылығын сұрау. Ағаштың бір діңі бар, бұтаның діңі жоқ. Ағаш бұтадан биік.		**Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, шөпке, гүлдердің сабақтарына, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. **"Біздің үлкен және сұлу қаламыз" тақырыбынд асфальт бетіне борлармен сурет салу.** **"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер:	

	мезгілінде болатын желдің түрлерін еске түсіру. **Көркем сөз.** Тентек желді көріп ем, Бізге қыдырып келген! Терезеден гу етіп, Есіктері сарт етті. Қалпағыммен ойнады, Ойынға бір тоймады. Шаршап қалды кенеттен, Байқамай ұйықтап қалды. **"Трамвай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың қозғалысын басқа ойыншылардың қимылдарымен үйлестіре отырып, жұппен қозғалу қабілетін дамыту; түстерді тануға және оларға сәйкес қимыл-қозғалыстарын	**Көркем сөз.** Ағаштарға қамқорлық жасайық, Жапырақ пен бұталарын жұлмайық. Жыл сайын ағаш егіп, көбейтейік. Туған елді осылайша көркейтейік! Тусипжанова-Шагирова А. **"Баяу - жылдам жүрейік" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша баяу және жылдам жүруге машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды бір бағанға тұруға шақырады: - Балалар, бүгін біз саяхатқа шығамыз, баяу және жылдам қалай жүретінімізді байқайық. Зерек бала болу біл. Қане, бағанға тізіл! Жарайсыңдар,		балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру. **Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	

	өзгертуге үйрету. **"Қуыспақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша, қуғыншыдан қашып жүгіруге бейімдеу; күш-жүгерін, кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту. Балалар қуыспақ ойнағанды өте жақсы көреді. Ойын ойнатылмас бұрын ересек адам алдын-ала жұмыс жүргізу керек: ойын шартын түсіндіріп, жүгіруге арналған аймақты белгілеп беруі керек. **Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.** Далаға алып шығатын материалдар:	балалар! Бағыттаймыз алысқа. Біз жүреміз, асықпаймыз, Аяндап, жан-жаққа қараймыз. Тып-тыныш қадам басып, Дыбыстарды шығармаймыз. Ал енді шапшаң болайық, Тура жолдарға шығайық, Бақша алаңына, алақай, Жылдам жүгіріп барайық. Д. Ахметова. **Далаға алып шығатын материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету. **Алып шығатын материалдар:** күректер, сыпырғыштар,			

	күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар. **Еңбек тапсырмасы – құрап түскен жапырақтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу.	қалақшалар, қалыптар, зембілдер, қарындаштар мен қағаз парақтары. **“Бедерлі жолдармен” ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: асфальтта сызылған бедерлі сызықтармен жүруді жаттықтыру.			
Түскі ас 11.35-12.00	Балаларды жүйелі түрде шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне қоюға, қолдарын жууға үйрету.				
Күндізгі ұйқы 12.00-14.50	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 14.50-15.15	Мақсаты: әжетханаға бару, жуыну, киімдерін бүктеу, тыныш ұйықтау сияқты белгілі бір рәсімдерді сақтай отырып, ұйқыға өзін-өзі дайындау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Ұйықтар алдында шешінгенде, орындықтың				

	арқалығына көйлек немесе жейделерін ілгізіп, ал орындықтың өзіне шалбарын, етектерін бүктеп қойғызу. **"Әлди - әлди" әні.** Көзімнің ағы-қарасы, Жүрегімнің парасы, Уайым-қайғы ойлатпас, Көңілімнің сапасы. Айналайын, шырағым! Көлге біткен құрағым! Маңдайдағы құндызым, Аспандағы жұлдызым. **(көркем әдебиет)**
Бесін ас **15.15-15.45**	**Оятпақ. Төсекте жатып керіліп - созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау.** Балалар әуезді музыка әуенімен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығу орындайды. Басты оңға, солға бұру. Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау. Екі аяқтың тізесін бүгіп, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету. **"Көңілді аяқтар"** Аяқтарды биік көтер, міне былай, Топ, топ, топ! Көңілдірек! Биігірек! Міне былай: Хоп, хоп, хоп! Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр, Қатты-қатты , сылдыр-сыңғыр! Шап жүйрігім, шап-шап, Тпру - ру -у, тұлпарым: Тоқтат! Тоқтат! **Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртіну.** Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру. Мақсаты: мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту. **"Сылдыр, сылды, сылдыр су" ойын жаттығуы.** **(дене шынықтыру)**
Балалардың дербес әрекеті (баяу	Міне қасық, міне ас,

қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 15.45-16.50	Тамақтантан ешнәрсе қалмас. Тамақты тауысқаннан кейін, үстелден тұру, орындықты жылжыту, алғыс айту. **(мәдени-гигеналық дағдылар)**				
Балалармен жеке жұмыс 16.50-17.10	**"Қала саламыз" құрылыс материалдарымен кілемде ойнайтын ойындар** Мақсаты: құрастыру іскерліктерін дамыту, бірге ойнау **"Көлік жүргізушілері" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: балалардың жүргізуші мамандығы жайындағы түсініктерін тиянақтау; ойын арқылы қарым-қатынас орнатуға бейімдеу; екі кейіпкермен өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру (жүргізуші - жолаушы). Балаларды белгілі бір рөл үшін өз атрибуттарын	**"Шалқан үлкен болып өсіпті" театрландырылған ойын.** Мақсаты: балалардың ертегі желісі жайындағы білімдерін пысықтау; эмоцияларды, коммуникативтік қабілеттерді дамыту. **"Біздің аулада" ойын жағдаяты.** Мақсаты: балаларда жағымды эмоциялар тудыру; әсерлерін байыту; ойынға деген қызығушылықтарын арттырып, ересек адамның дауыс интонациясына еліктеуге ұмтылуға жетелеу.		**"Бұл не?" (көгөністер, сөз тіркесі) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың көгөністер туралы ұғымдарын жетілдіру; сөйлеу қабілеттерін дамыту. Балаларға қонаққа әже келіп, себет алып келеді. - Қараңдаршы, әже бақшада не өсіріпті. (Балаларға себеттегі көгөністерді көрсету.) - Бұл не? (Бұл көгөністер.) Балаларға себеттен бір-бір көгөністен алып, оларды атауды ұсыну. - Әже оларды базарға апарып сатады. Ал біз барып, сатып аламыз. Құралдары: көгөністердің муляждары, себет, әженің суреті. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	

	табуға талпындыру.				
Серуенге дайындық 17.10-17.20	**"Қуыршақтар" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: әр түрлі ыдыс-аяқ түрлері туралы білімдерін бекіту, ыдыс-аяқты мақсатына сай пайдалану дағдысын қалыптастыру; тамақтану кезінде өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**"Көңілді шақпақтар" (бормен "классик" ойыны желісімен.)** Мақсат-міндеттер: балаларды екі аяқпен алға жылжи отырып секіру қабілетін дамыту; вестибуляр аппаратын, дене, аяқ бұлшық еттерін ұлғайту; зеректікке,ептілікке тәрбиелеу. Педагог асфальтқа шақпақтарды өзі салып, балаларды ойын мазмұнымен, шартымен таныстырады; шақпақ іздерін баспақ секіруді көрсетеді. Сәбилер жәй ғана, 1-ден 10-ға дейін секіре алады. (Ал ересек балалар тас лақтырып, сол тасқа дейін секіріп, тасты алып кері қайтады.) **(дене шынықтыру)**		**"Торғай" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; сөйлеу мәнерін, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. Балалар бас бармақтарын біріктіріп, құстың ұшқанын келтіріп, алақандарын қағады. Сұқ саусақтарымен үстел үстін қағады. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**	
Серуен 17.20-18.00	Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету. **Жазғы серуен кезіндегі ережелер:** - серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу;				

	- ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлеске төбелдірігінде); - күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін; - серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады; - серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп.
Серуеннен оралу **18.00-18.10**	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 18.10-18.25	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.30**	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**

«Мағжан» бөбекжайы

«Мағжан» Мад тобы

2023 жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Тәрбиешілер:Кенжеева Б
Абдуллаева Н

2023оқу жылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Мағжан» Мад тобы
Балалардың жасы: 5 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: маусым айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	**Ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Маусым	Дене шынықтыру	- балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; - спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту; - дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; - дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту; - балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. **Негізгі қимылдар.**

		Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту. **Спорттық жаттығулар.** Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. ***Велосипед, самокат тебу.*** Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу. ***Жүзу.*** Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы денесінің деңгейінде созылған). Иек, көз деңгейіне дейін судың ішінде отыру, суға бетін малу, суға үрлеу; суда жүзу. ***Судағы аэробика.*** Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау. **Спорттық ойындар.** ***Футбол элементтері.*** Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу. **Қимылды ойындар.** Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. **Дербес қимыл белсенділігі.**

		Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру.** Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.** Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге

		дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.
	Сөйлеуді дамыту	- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру; - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау; - әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. **Сөздік қор** Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.

		Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. **Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.
	Көркем әдебиет	- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау; Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.
	Қазақ тілі	- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; - балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу; - әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту. **Тілдік дамытушы орта.** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау

		көрсету, ынталандыру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. **Байланыстырып сөйлеу.** Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.
	Математика негіздері	- танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру; - зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту; - балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу; - математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.

	Қоршаған ортамен таныстыру	- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; - Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; - еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру; - табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу; - экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). **Жануарлар әлемі.** Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру. Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану). **Жол қозғалысы ережелері.** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.

		«Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы», «Тройллебус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипедке арналған жол (электросамокат, гироскутер, сигвей)» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.
	Құрастыру	- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру. Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.
	Сурет салу	- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу; - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру. Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.
	Мүсіндеу	- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту; Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін

		сақтау.
	Жапсыру	- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру; Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
	Музыка	- заттармен қимылдар жасауды, сюжетті ойындарды сахналауды үйрету; - музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындауды үйрету; - балаларға арналған музыкалық аспаптарды ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгерту. - музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру. **Музыка тыңдау.** Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. **Ән айту.**

		Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. **Билер.** Қазақ халқынының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету. **Би шығармашылығы.** Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.

		Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Мағжан» Мад тобы
Балалардың жасы: 5 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: шілде айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	**Ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Шілде	Дене шынықтыру	- балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; - спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту; - дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; - дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту; - балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының

		үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. **Негізгі қимылдар.** ***Секіру:*** бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** ***Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды:*** бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). **Спорттық жаттығулар.** Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. ***Велосипед, самокат тебу.*** Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу. ***Жүзу.*** Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру

		(аяғы денесінің деңгейінде созылған). Иек, көз деңгейіне дейін судың ішінде отыру, суға бетін малу, суға үрлеу; суда жүзу. ***Судағы аэробика.*** Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау. **Спорттық ойындар.** ***Футбол элементтері.*** Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу. **Қимылды ойындар.** Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. **Дербес қимыл белсенділігі.** Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. Жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру.** Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім

		жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.** Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.
	Сөйлеуді дамыту	- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау

		дағдыларын жетілдіру; - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау; - әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. **Сөздік қор.** Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.
	Көркем әдебиет	- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау; Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.

	Қазақ тілі	- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; - балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу; - әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту. **Тілдік дамытушы орта.** Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). **Байланыстырып сөйлеу.** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.
	Математика негіздері	- танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру; - зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту; - балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу; - математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің

		алғышарттары көрінуіне ықпал ету. **Геометриялық фигуралар.** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; - Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; - еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру; - табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу; - экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау. **Табиғатпен таныстыру** Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. **Жануарлар әлемі** Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды

		ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау. **Өсімдіктер әлемі** Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.
	Құрастыру	- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.
	Сурет салу	- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу; - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану. Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).
	Мүсіндеу	- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;

		Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.
	Жапсыру	- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру. Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.
	Музыка	- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу; - шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе, қайырмасы, соңы) ажырата алу. Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру. **Музыка тыңдау.** Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. **Ән айту.** Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар

		алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. **Билер.** Қазақ халқынының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету. **Би шығармашылығы.** Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.** Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке

		және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Мағжан» Мад тобы
Балалардың жасы: 5 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: тамыз айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	**Ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Тамыз	Дене шынықтыру	- балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; - спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту; - дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; - дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту; - балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға

		медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. **Негізгі қимылдар.** Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр). **Жалпы дамытушы жаттығулар.** ***Арқаға арналған жаттығулар:*** отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). **Спорттық жаттығулар.** Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. ***Жүзу.*** Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы денесінің деңгейінде созылған). Иек, көз деңгейіне дейін судың ішінде отыру, суға бетін малу, суға үрлеу; суда жүзу. **Спорттық ойындар.** ***Бадминтон.*** Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру. **Қимылды ойындар.** Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды

		өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. **Дербес қимыл белсенділігі.** Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру.** Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның

		мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.** Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.
	Сөйлеуді дамыту	- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру; - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере

		отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау; - әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. **Байланыстырып сөйлеу.** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу
	Көркем әдебиет	- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау; Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.
	Қазақ тілі	- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог

		жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; - балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу; - әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту. **Тілдік дамытушы орта.** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. **Байланыстырып сөйлеу.** Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем

		шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.
	Математика негіздері	- танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру; - зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту; - балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу; - математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету. **Кеңістікті бағдарлау.** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.
	Қоршаған ортамен таныстыру	- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; - Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; - еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру; - табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;

		- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау. **Табиғатпен таныстыру** Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну. **Жануарлар әлемі** Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). **Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну.
	Құрастыру	- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.
	Сурет салу	- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты

		ұжыммен орындауға баулу; - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.
	Мүсіндеу	- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту.
	Жапсыру	- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
	Музыка	- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу; - таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауға үйрету. Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру. **Музыка тыңдау.** Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе,

		қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. **Ән айту.** Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. **Билер.** Қазақ халқынының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету. **Би шығармашылығы.**

		Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.** Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.

«Мағжан» бөбекжайы

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

«Мағжан» мад тобы

Тәрбиешілер:Кенжеева Б
Абдуллаева Н

2023оқу жылы

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Мағжан» Мад топ
Балалардың жасы: 5 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі :01-02.06.2023

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**01-02.06.2023**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
				01.06.2023	**02.06.2023**
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.40	Балаларды көңіл-күйіне байланысты дене температурасын өлшеп, қабылдау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу				**Еңбек:** отырғызылған	**Еңбек:** алаңды ұсақ бұтақтардан тазалау.

қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)				өсімдіктерді күту (суару, қопсыту, арамшөптерден тазарту) Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге қамқорлық жасауға деген құштарлықты тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	Мақсат-міндеттер: жалпы жұмысқа қатысу, мәселені соңына дейін жеткізе білуді тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**
				"Кемпірқосақ" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: қабылдау қабілетін, түстерді ажырата білуді жетілдіру. Ойын барысы. "Кемпірқосақ" санақ құралымен таңдалады, ол ойыншыларға екі	**Үстел үсті ойыны."Лото".** Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін, логикалық ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Құралдары: балалардың қалаулары бойынша

				қолын екі жаққа қаратып қарсы тұрады (бүкіл ойын барысында ол өз орнында қалады). "Кемпірқосақ" түсті атайды. Ойыншылар бұл түсті өздері немесе көршілерінің біреуінің киімінен табады (сіз басқалардың киімдерін ұстай аласыз) және осы түске қолын тигізіп, "кемпірқосақтың" қолының астынан жүгірмей өте алады. Егер ойыншыда қажетті түс болмаса және аталған түске қол тигізе алмаса, ол "кемпірқосақ" астынан тез жүгіріп өту керек. Егер "кемпірқосақ" ойыншыны ұстаса, онда ол жаңа "кемпірқосаққа" айналады және ойын жалғасады.	заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды, жан-жануарларды, адамның әрекетін топтастыруға арналған түрлі тақырыптағы лотолар. **(танымдық іс-әрекет)** **"Өзіңе жұп тап" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту. Ойын барысы. Тәрбиеші ойнаушыларға негізгі түстен бір-бір

				Түзету тапсырмасы: кемпірқосақтың түстеріндегі алғашқы дыбысты бөліп көрсету. **(дене шынықтыру)** **Еркін ойын: "Үш нәрсені атаңыз".** Мақсат-міндеттер: балалардың заттарды топтастыра білу қабілетін жетілдіру. Ойын барысы. Бір сөзбен қандай нысандарды атауға болады: гүлдер, құстар және т.б. "Гүлдер!" - дейді тәрбиеші және кішкене кідірістен кейін допты балаға лақтырады. Ол жауап береді: "түймедақ, раушан, жүгері гүлі". **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	жалаудан таратады. Даңғыраның белгісімен, шапалақпен – жалауын көтеріп алаңда жүгіреді. Келесі белгімен – даңғыраны бірнеше ұрғылаумен, шапалақпен, "Өзіңе жұп тап" - деген сөзбен, түстері бірдей жалаулары бар балалар жұп құрады. Әр жұп өз беттерімен фигура жасайды. Жұпсыз қалғандарға ойнаушылар мынадай сөздер айтады: "Арман, Арман, аузыңды ашпай, тезірек жұбыңды таба ғой". Содан кейін белгі бойынша барлығы алаңға жүгіріп келеді: 5-6 рет ойын қайталанады. Ұсыныс: ойында тақ сан ойнаушылар

					қатысады, тәрбиеші де қатысады. Тәрбиешіде әртүрлі түсті жалаулар болуы керек: ойын қайталанғанда балалардың жалаулары ауысады. Ойыншықтар белгі бойынша өздеріне жұп таңдайды. **(дене шынықтыру)** **"Кемпірқосақ" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды түстер жүйесін қайталау; спектрдегі түстердің орналасуын бекіту; қабылдау қабілетін дамыту. Ойын барысы. Балалардан жауыннан кейінгі шығатын кемпірқосақты кімнің көргенін, онда қандай түстер бар екенін сұрап, ойын

					құралдарын тақтаға іледі, түстерді толық атын атап орналастырады. Жеке балалардың алдарына ойын құралдары үлестіріліп балалар өз бетімен жұмысты үлгіге қарай отырып орналастырады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**
Таңертеңгі жаттығу 8.40-8.50	Сапқа тізілу, жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, жүру, жүгіру (30-40сек), секіре жүріп жүгіру, жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу. Жалпы дамыту жаттығулары (жіппен) кешені. 1."Жіпті соз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, жіптің екі шетінен керіп ұстап, төмен түсіріп тұру. 1-2-жіпті жоғары көтеру, оған қарау. 3-4- бастапқы қалыпқа келу, "төмен"деу. 2. "Бұрылу" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, жіптің екі шетінен керіп ұстап, иық бойында ұстап тұру. 1- оңға бұрылу, қолды оң жаққа созу. 2-бастапқы қалып, сол жаққа орындау. 3. "Сәл отыру" жаттығуы. Бастапқы қалып: жіптің екі шетінен ұстап тұру. 1-2-сәл отыру,арқаны түзу ұстап, өкшені көтеру, жіпті екі жағынан ұстаған күйде қолды алға созу, басты тік ұстау. 3-4-бастапқы қалып.				

	4."Еңкею" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қолды жіппен желке тұсында ұстау. 1-жіпті ұстаған күйде жоғары созу. 2-оңға еңкею. 3-бастапқы қалып. 4- сол жаққа орындау. 5. "Бүгілу, майысу". Бастапқы қалып: етпетінен жату, жіп тура созылыңқы қолда. 1-3-артқа қарай майысу, жіпті жоғары көтеру. 4-бастапқы қалып. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **8.50-09.30**				**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: дағдыларды жетілдіру: шанышқыны бас бармақпен және ортаңғы саусағыңызбен ұстап, үстіңгі жағынан сұқ саусағыңызбен ұстау. Шеберлікті шыңдаңыз: майды нанға пышақпен жағу. *Көркем сөз* Дос бол сабын, сумен сен, Жиі – жиі жуын сен. Таңертең де, кешке	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: екінші тағамды жеу қабілетін нығайту; майлықты қажетіне қарай қолдану қабілетін жетілдіру. *Көркем сөз* Хош иісті сабынның, Көбігіне малынып. Қолымызды жуамыз, Барлық кірден арылып. Көкөністі жуып жеп, Қайнаған су ішеміз. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)**

				де, Жуын күндіз – түсте де. Су - тіршілік негізі, Онсыз өмір сүрмейсің. Гигиена егізі, Су деп және білгейсің. Су - табиғат байлығы, Өзен - көлге барғайсың. Кемі екі рет әр күні, Суға түсіп алғайсың. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)**	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.30-10.25				**Балабақшадағы дұрыс мінез-құлық ережелері туралы әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: нәтижелі ойлау және әрекет етуге дағдыландыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**"Кім не істеп жатыр?" сөздік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды өз ойы мен пікірімен бөлісуге машықтандыру; сыни ойлауды дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Білім беру				**Көркем әдебиеттен**	**Дене**

ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет **09.30-10.25**				**ойын-жаттығу** "Сиқырлы тон" қазақ халық ертегісі. Мақсат-міндеттер: Балаларға қазақ ертегілерімен таныстыруды жалғастыру; өз пікірлерін ашықта, еркін жеткізе білуге үйрету; ертегі тыңдауға деген қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорларын, тілін дамыту; алғырлыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Балақан да алақан" Мақсат-міндеттер: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір-бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін	**шынықтырудан ойын-жаттығу.** "Жаз келді алақай!" Мақсат-міндеттер: Балаларды бір қатармен жүгіру; алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеу іскерліктерін жетілдіру; балаларда аяқтың ұшымен, өкшемен жүру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; спорттық ойындар арқылы кеуде тұсынан қос қолмен допты бір-біріне лақтыру дағдыларын дамыту. **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Кемпірқосақ

				жоғалтпауға тәрбиелеу. **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Кемпірқосақ" жаттау. Шәймерген Әлдибекұлы. Мақсат-міндеттер: Балаларды көркем шығарманы мұқият тыңдауға; қойылған сұрақтарға жауап беруге; сұрақтар қоя білуге үйретуді жалғастыру; өлеңді мәнерлеп айта білу қабілеттерін әрі қарай жалғастыру; есту, қабылдау, есте сақтау қабілетін дамыту; ойлау қабілеттерін дамыту: талдау, синтез, жинақтау; монологтық сөйлеуді дамыту; көркем шығармаларға деген қызығушылықты тәрбиелеу; ұжымда	жолымен" Мақсат-міндеттер: Жыл мезгілдеріне тән белгілерді, айлардың атаулары және олардың реттілігі туралы білімдерін тиянақтау , берілген дыбысқа арналған сөздер ойлап табуға, жалпылау мен жіктей білу дағдыларына жаттықтыру; логикалық ойлау қабілетін, сөйлеу қабілетін, зейінін дамыту; достыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Түрлі-түсті доғалар" Мақсат-міндеттер: Балаларды дәстүрден тыс тәсіл «дымқыл» бетте сурет салумен таныстыру; акварель бояуын қолдану дағдыларын бекіту; өз түсінгендерін,

				жұмыс істеуге үйрету; достарына қамқоршы болуға тәрбиелеу.	әдемі құбылыстарды түрлі бейнелеу құралдарымен, шығармашылық таныта отырып суреттеу біліктіліктерін дамыту; сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Серуенге дайындық 10.25-10.40	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.40-12.20				**Бұлттарды бақылау (жаңбыр қалай пайда болады). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: балаларға табиғаттағы су айналымы туралы түсінік беру; қорытынды жасауға үйрену. Экологиялық міндет: экологиялық таза ауа барлық тіршілік	**Бұлттарды бақылау (бұршақ қалай пайда болады) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: балаларды құбылыс - бұршақпен таныстыруды жалғастыру. Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді.

				иелерінің тіршілігі үшін өте маңызды. Түзету міндеті: "Бұлтты тарат" сөйлеу тынысын дамыту. Сұрақтар: - Жаңбырдан кейін шалшық қайда жоғалады? Суға не болады? Бұлт қайдан пайда болады? Егер балаларға жауап беру қиын болса, онда өзендердегі, теңіздердегі, шалшықтардағы және басқалардағы судың булануынан ауада әрдайым су буы болатындығын түсіндіріңіз, бірақ біз оны көрмейміз. Бу көтеріліп, көрінетін болады - бұлттар пайда болады. Олар кішкентай су тамшыларынан тұрады. Егер мұндай бұлт салқындаса, тамшылар бірге	Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді. Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл мұз бөліктері ауырлап, ауа ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты шашылып үлгермейді. Бұршақ - бұл табиғи апат: ол егіндер мен өсімдіктерді құртады. Экологиялық міндет: судың әр түрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау. *Көркем сөз* Ақсың, сұрсың қарасың, Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін

				жиналып, үлкен, ауыр болып жерге түседі - жаңбыр жауады. *Көркем сөз* Күзгі көк бұлт мен болам, Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын, Қаласам қазір сендерге, Жаңбыр болып жауамын. **"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үлестіруге, ептілікке, жігерлікке тәрбиелеу. Балалар кіші	Өссін гүлдер, көп егін. Гүл, гүл жайнап өсер көп Нөсерлетсең нөсерлет. **"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай, әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер

				шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.	сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады: - Мысығымыз момықай, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.

				Еңбек: алаңды тазарту ұжымдық еңбегі. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: жалпы жұмысқа қатысу, жұмысты соңына дейін жеткізуге баулу. **Қозғалыстарды дамыту жыттығулары:** жүгірумен ұзындыққа секіру (кемінде 1м). **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ұшу ауқымын дамыту. Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар.	Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті. "Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады. Тышқан мен мысықтың диалогін қосуға болады. Тышқан: - Бұтақты да кемірдім, Кітапты да кемірдім, Мен осындай жемірмін, Шиық-шиық, шиық-шиық. Секектеймін ыршып та, Кезікпеймін қырсыққа, Ұстатпаймын мысыққа, Түк-түк, түк-түк, Қане, ортаға шық-

					шық! Мысық: - Мияу! Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей, "Шық-шық!" - дейді? Бұл тышқанның өнерін, Қане, байқап көрейін. **Еңбек:** гүлзарларды суару. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: ересектерге көмек көрсету; өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен, бағытты өзгертіп, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына әрқалай орналасқан

					шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1) сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар.
Серуеннен оралу 12.20-12.35	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас 12.35-13.20				**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде балаларға ескерту: ұқыпты ішу, тамақпен ойнамау, тамақ ішкен кезде сөйлеспеу. *Көркем сөз* Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! **(мәдени-гигиеналық**	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. *Көркем сөз* Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-**

				дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)	**қатынас іс-әрекеті)**
Күндізгі ұйқы 13.20-15.30	Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50				Әр баланың көңіл-күйін көтеріңіз, сөздермен ояту. **Көркем сөз** Ұйқымыздан тұрайық, Көзімізді ашайық. Бізді күтіп тұрмайды, Жылдам алға басайық! **(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Төсек жапқышын ауыстыруға қатыстыру: таза жайма салу, таза жастық қапшықты ауыстыру. **Көркем сөз** Түс мезгілі, түс мезгілі. Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді. Балалар ұйқыдан оянады. **(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Бесін ас 15.50-16.10	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,				**"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер:	**Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Сазбалшықтан жасалған «Ат»

бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40**				балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау. Ойын барысы. Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар. Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады (мысалы:қыс мезгіліне қар,шырша,аққала) т.б. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық**	Дымково ойыншығы". Мақсат-міндеттер: Дәстүрлі халық өнерінің иесі ретінде Дымково жердімекен ойыншығымен таныстыру; ойыншықтың пайда болуы туралы, эстетикалық ерекшеліктері туралы таныстыру; балалардың танымдық белсенділігін және шығармашылығын, көзбен өлшеуін, ұсақ қол маторикасын, нсте сақтау қабілетін дамыту. Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу. **(шығармашылық іс-әрекет)** **"Табиғат құбылыстарын**

				іс-әрекет) **Еркін ойын: "Дауысынан таны".** Ойын барысы. Шеңберде тұрған ойыншылардың бәрі ортаға шығып көзін байлайды да, ойын басқарушы болады. Ал қалғаны: "Секір,секір" деген кім, білгіш болсаң таба ғой. Тауып ал да, өзің кеп, сол орынды ала ғой, деген өлеңді айтып, шеңберді айнала жүгіреді. "Секір, секір" деген сөзді мұғалім белгілеген оқушы айтады. Балалар осыны айтып болған соң, ойын бастаушы көзін ашады да, "секір" деп айтқан баланы табуға тырысады. Тапса, айтқан бала ортаға шығады да, ойын	**ажыратып олардың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: қассиетіне қарай-қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады. Ойын барысы. Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп,олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** **Еркін ойын: "Күн**

				басқарушы болады. Ойын осы ретпен жүргізіле береді. **(дене шынықтыру)**	**мен түн".** Мақсат-міндеттер: балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Балалар бірі "Күн", екіншісі "Түн" тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір - бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші "Күн" деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма - кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді. **(дене шынықтыру)**
Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше жүйелі киінуін бақылау. Жылдамдыққа, ұқыптылыққа баулу. **(мәдени-гигиеналық**				

16.10-16.40	**дағдылар)**				
Серуен **16.50-17.50**				**Бұлттарды бақылау. Жаңбыр қалай пайда болады? (жалғасы). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: балалардың табиғат құбылыстарын бақылауға деген құштарлығын дамыту. - Неліктен жаңбыр жауып тұр? - Жаңбырдың қандай пайдасы бар? Жұмбақ Жабағыны ұшырдым, Жерге моншақ түсірдім. (Жаңбыр) **Еркін ойын:** "Ұшады - ұшпайды". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: зейінді дамыту, ауызша командаға реакция және мінез-құлықты реттеу.	**Найзағайды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсаты: балаларды ауа-райының жағдайы, найзағайдың жақындау белгілері (қараңғы аспан, қара бұлт, найзағай, тыныштық және т.б.) бойынша анықтауға үйрету. Экологиялық міндет: найзағайдың жақындауының жәндіктер мен құстардың мінез-құлқына әсерін көрсету. *Көркем сөз* Найзағай оты жарқылдап, Нөсер жауды селдетіп, Сайда сулар сарқырап

				Барысы: балалар қатарда тұр. Жүргізуші әртүрлі заттарды атайды және қолдарын жоғары көтереді. Балалар аталған зат ұшатын кезде ғана қолдарын жоғары көтеруі керек. Соңында мүлдем қателеспегендерді атап өтіңіз. **Еңбек:** құмсалғышты тазалау. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: еңбекқорлыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі	Күн де ашылды желдетіл. Бұлтты түріп, жел қуып, Аспан шайдай ашылды, Жердің шаңын сел жуып Тозаң да ұшпай басылды. (С.Бегалин) **Болжам** - Күн көзін бұлт шалса, қыс қарлы, жаз жаңбырлы болады. - Күн қызыл шапаққа оранып батса, ертеңінде ыстық болады. *Жұмбақтар* Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр, Дабылдап дабылын ол қағып тұр. (Найзағай) Тау тарс етсе тағы үркер, Таудағы елдің малы үркер. Қырдағы жылқы үркер,

				топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан	Жортып жүрген түлкі үркер. (Күннің күркіреуі) Жардай дәулер соғысты, Жарқ - жұрқ етіп оқ ұшты. (Бұлт пен найзағай) **Еңбек:** ағаштардан түскен ұсақ бұтақтарды жинау. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: еңбекқорлыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. **"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа

				топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. Балалардың тәжірибесі: желдің күші, бағыты. «Желді ұста», «Жылы және суық жел», «Желді өзіміз жасайық» ойын-тәжірибелері. Балалардың еркін әрекеті.	тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды: - Сәлеметсіз бе! Кім боласыз? "Бояушы": - Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім. Алыстан келемін, Бояу үшін теңге

					беремін. "Бояуды сатушы": - Түсі қандай бояуды қалайсыз? Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады: - Бояудың бағысы қанша? - Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.

					"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. **"Кім жылдам?" (доппен) қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ептілікті дамыту, қимылдарды үйлестіру. Балалардың еркін әрекеті.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30**				Ата-аналарға кеңес: "Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі".	Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу.

Тексерілді

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Мағжан» Мад топ
Балалардың жасы: 5 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі : 05.06. - 09.06.2023ж.

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**05.06. - 09.06.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	05.06.2023	**06.06.2023**	**07.06.2023**	**08.06.2023**	**09.06.2023**
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.40	Балаларды көңіл-күйіне байланысты дене температурасын өлшеп, қабылдау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	**Еңбек:** алаңды қоқыстан тазарту. Мақсат-міндеттер:	**Еңбек:** құм жәшіктерін құммен толтыру.	**Еңбек:** алаңды қоқыстан тазарту. Мақсат-міндеттер:	**Еңбек:** табиғи материал жинау. Мақсаты: еңбек	**Еңбек:** гүлзарлардағы гүлдерді суару. Мақсат-міндеттер:

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	алаңда тәртіп пен тазалық сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	Мақсат-міндеттер: балалардың бойына еңбекке деген құштарлығын ояту. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу **(еңбек іс-әрекеті)**	алаңда тәртіп пен тазалық сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	дағдыларын жетілдіру, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	ұқыптылыққа, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**
	"Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлау жаттығулары **(дене шынықтыру)** **Еркін ойын: "Мысық пен тышқан".** Мақсат-міндеттер: балаларды, ойын шартын бұзбай, шапшаңдықпен ойнауға баулу;	**"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту. **(танымдық іс-әрекет)** **"Аю мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: кеңістікті	**"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: саналы логиканы, есте сақтауды, зейінді жетілдіру. Педагог бірнеше заттарды (ойыншықтарды, заттық суреттерді) балалардың көз алдына белгілі тәртіпте орналастырады. Бірнеше секунд	**Үстел үсті ойыны."Лото".** Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін, логикалық ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Құралдары: балалардың қалаулары бойынша заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды, жан-жануарларды,	**"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. **(қарым-қатынас іс-әрекеті,**

	жүгірудің түр-түріне машықтандыру. Ойын барысы. Ойнаушылар дөңгелене тұрады. Мысық пен тышқанды тағайындап алады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады. Мысықай аппақ қарасақ, Құйрығы сұр, тамаша-ақ, Жебедей-ақ ұшады, Көзін жаймен қысады. Тырнақтарын үндемей, Ашқан кезде инедей, Тышқандардың тықырын, Мысықай естісе ақырын, Аңдып аулап алады, Мысықай біздің жарады. «Аңдып, аулап	бағдарлауды, сигнал бойынша әрекет етуге үйрету. **(дене шынықтыру)** **Еркін ойын: "Тыйым салынған қозғалыстар".** Мақсат-міндеттер: есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Ойын барысы. Ойыншылар шеңберге тұрады, ортада -педагог. Ол олардың қайсысына тыйым салынғанын көрсетіп, әртүрлі қимылдар жасайды. Балалар тыйым салынғаннан басқа барлық қимылдарды қайталайды. Ойын ережелері. Кім тыйым салынған қимылды қайталаса, ол ойыннан шығарылады. Тыйым салынған қозғалысты 4 - 5 қайталаудан кейін өзгерту керек.	өткеннен кейін, балалар көздерін жұмып, педагог бір-екі (не одан да көп) заттың орнын алмастырады. Көзін ашқан, заттарға қайта қараған балалар ненің өзгергенін айтады. Бұл ойынды бір-біріне ұқсас, бірақ бірнеше айырмашылығы бар суреттер жұбын қолдану мүмкін. **(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет)** **"Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлауды жүзеге асыру. **(дене шынықтыру)** **Еркін ойын: "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.**	адамның әрекетін топтастыруға арналған түрлі тақырыптағы лотолар. **(танымдық іс-әрекет)** **"Кім шеңберде қалады?", "Тірі лабиринт" ойындары.** Мақсат-міндеттер: тепе-теңдік,ептілік, қозғалыс жылдамдығын сезімін дамыту; ұжымдық іс-әрекеттің келісімділігін, жылдам реакциясы мен тапқырлығын жаттықтыру. **(дене шынықтыру)** **Еркін ойын: "Кім епті?"** Мақсат-міндеттер: допты лақтыруға және ұстауға машықтандыру.	**танымдық іс-әрекет)** **"Кім жылдам жүгіреді?" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: шектеулі аумақта жылдам жүгіруге жаттықтыру. **(дене шынықтыру)** **Еркін ойын: "Төбеде доп қуу".** Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынға қатысушылардың барлығы екі топқа бөлінеді. Әр топтың ойыншылары бірінің артына екеуден сапқа тұрады. Ал капитан өз командасының алдында болады. Команда бірінен бірі 3-4 метр жерде тұрады. Капитандар бір - бір волейбол добын алады да, оны екі қолымен төбелеріне көтереді. Жетекшінің «Бастаңдар» деген командасы бойынша олар допты басынан асыра

	алады» деген сөздерден кейін балалар тоқтайды, шеңбердің уәделескен жерінде екі бала қолын түсіріп, есіктен өтетін жер қалдырады, Тышқан мысықтан қашып, есікке қарай жүгіреді де, шеңбер жасап тұрғандардың қолының астынан өтуі мүмкін. Мысық тышқанды ұстап алатын кезде, бұл рөлге басқа балалар тағайындалады, сөйтіп ойын осылайша қайталана береді. **(дене шынықтыру)**	**(дене шынықтыру)**	Мақсат-міндеттер: бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді. Барысы. Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалар сыртымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиеші белгіснен кейін балалар көздерін ашады. Жан жағына жылдам қарап, тақияны өзінде екенін білсе, сезсе жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан	**(дене шынықтыру)**	артындағы ойыншыға, осы әдіспен келесі ойыншыға береді. Ойын одан әрі қарай жүгіреді, сөйтіп өз тобының алдына келіп тұрады. Доп тағы да колонаның соңына кетеді. Ол топ капитандарының қолына екінші рет қайта тигенше ойын осылай айнала береді. Капитан өз орнына келіп, бірінші болып, допты жоғары көтергенде команда ұтып шығады. **(дене шынықтыру)**

			дер кезінде тұра алмаса онда өз өнерін көрсетеді: тақпақ, өлең, би және т.б. Және де орнынан тез тұрып үлгірген балаға ұлттық ою өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз. Ойын ережесі: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. **(дене шынықтыру)**		
Таңертеңгі жаттығу 8.40-8.50	Міне, бүгін ойнадық Ойнадық та, ойладық. Көжектер боп жүгіріп, Сәбіздерді жинадық. Бүгін жаттығу жаңаша, Қалмадық біз оңаша, Біздің балабақшада, Күнде осындай тамаша! Сапқа тізілу, жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, жүру, жүгіру (30-40сек), секіре жүріп жүгіру, жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.				

	Жалпы дамыту жаттығулары (жіппен) кешені. 1. "Жіпті соз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, жіптің екі шетінен керіп ұстап, төмен түсіріп тұру. 1-2- жіпті жоғары көтеру, оған қарау. 3-4- бастапқы қалыпқа келу, "төмен"деу. 2. "Бұрылу" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, жіптің екі шетінен керіп ұстап, иық бойында ұстап тұру. 1- оңға бұрылу, қолды оң жаққа созу. 2- бастапқы қалып, сол жаққа орындау. 3. "Сәл отыру" жаттығуы. Бастапқы қалып: жіптің екі шетінен ұстап тұру. 1-2- сәл отыру,арқаны түзу ұстап, өкшені көтеру, жіпті екі жағынан ұстаған күйде қолды алға созу, басты тік ұстау. 3-4- бастапқы қалып. 4. "Еңкею" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қолды жіппен желке тұсында ұстау. 1- жіпті ұстаған күйде жоғары созу. 2- оңға еңкею. 3- бастапқы қалып. 4- сол жаққа орындау. 5. "Бүгілу, майысу". Бастапқы қалып: етпетінен жату, жіп тура созылыңқы қолда. 1-3- артқа қарай майысу, жіпті жоғары көтеру. 4- бастапқы қалып. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **8.50-09.30**	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: ас ішу құралдарын дұрыс қолдана білуді дағдыландыру; дұрыс тамақтану	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: қолды жуу ережелерін бекіту; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі.	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық

	- Тойдыңдар ма далада? - Иә, иә, иә, - Ендеше үйге қайтыңдар. - Жоқ, жоқ! - Неге? - Қыр астында қасқыр бар. Осы соңғы сөз айтылғанда ғана қасқыр қаздарды қуалауға ұмтылады. Ал аққу-қаздар үйге, сызықпен белгілеген жерге қашады. Қасқыр оларды ұстауға тырысады. Ұсталғандар ойыннан шығып қалады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)**	Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. **(дене шынықтыру)**		баланы ұстап алу және оны танып, есімін атау. Педагог балалар тым алшақ қашып кетпес үшін, үлкен шеңберді сызып қояды. Ойыншылар сол шеңберден аспай ойнау керек. Шеңберден шығып кеткен бала, ойыннан да шығады. Кім ұстанылып, танылып жатса, "соқыр теке" болып, ойынды жалғастырады. **(дене шынықтыру)**	Оларды жас достары, Ұя жасап қарсы алды. **(дене шынықтыру)**
Таңертеңгі жаттығу 08.40-08.50	Бойыңды сергек тік ұста, Емін – еркін тыныста. Деміңді ішке тез алда, Сол қолыңды соз алға. Қол ұшына қара да, Үшбұрыш сыз ауада. Оң қол да бос тұрмасын,				

	Шеңбер жасап зырласын. Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; алға екі аяқпен секіре жүріп, жылжу; жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу. Жалпы дамыту жаттығулары кешені. 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында. 2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 3.1. Орындарында тұрып, бастарын алдымен оңға бұрады. 3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында. 4.1. Қолдарын жандарына созады. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 5.1. қолдарын жандарында ұстап, бір орында тұрып, пингвин сияқты айналу. 5.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **08.50-09.30**	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: қолды дұрыс жуу қабілетін бекіту: сабынды жақсылап көпіртіп жуу; сүлгімен құрғатып сүрту; балалардың денсаулығын нығайту, қолдарын	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: жеке гигиена ережелері туралы білімдерін бекіту, балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларды жүйелі түрде жүзеге асыруға деген	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: үстелге дұрыс отыру, ұқыпты тамақтану, тамақты қасықпен ғана қабылдау, майлықты қолдану қабілеттерін бекіту; тамақтану мәдениетін	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; балаларды үстел басында өзін дұрыс	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: балаларды қолын жуар алдында жеңдерін түріп, бетін су шашпай жууға дағдыландыру; әжететханадан кейін және қажет болғанда қолды жуу

	дұрыс жууға үйрету, серуендеуден, дәретханадан кейін, тамақтанар алдында қолды мұқият жуудың маңыздылығын айтып беру. **Көркем сөз** Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар, Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастаңдар Ө.Тұрманжанов **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**	қызығушылығын сақтау, тазалық әдеттерін қалыптастыру, жеке бас гигиенасына деген оң көзқарасты тәрбиелеу. **Көркем сөз** Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дәндер салам. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**	жетілдіру. **Көркем сөз** Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ. Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**	ұстауға, мұқият тамақтануға, басқа балаларға кедергі келтірмеуге үйрету. **Көркем сөз** Нәйім-нәйім, бауырсақ, Ағын суға шомылсақ. Жақсы бала аппақ, Жаман бала сатпақ. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**	мүмкіндігін күшейту. **Көркем сөз** Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезіңде, Жуын тұрған мезгілде. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**
Ұйымдастырылған	**"Стоп-кадр"**	**"Теңіз толқиды" аз**	**"Ал егер?" ойын-**	**"Не өзгерді?"**	**"Құстар қалай үн**

іс-әрекетке дайындық 09.30-10.25	**пантомима жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, қазір сендер әуенді тыңдап, жан-жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктейсіңдер. Мен болсам, фотоаппаратты қолда ұстап тұрамын. "Стоп-кадр!" - деген белгіні естісеңдер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың керек.	**қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі бойынша орындау, шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық таныту. Белгі бойынша екі аяқпен секіру;ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту. **(дене шынықтыру)**	**жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың логикалық ойлауын, көру зейінділігін дамыту. Балаларға суретте көрсетілген немесе сөзбен баяндалған оқиғаның ары қарай қалай жалғасатынын болжауға мүмкіндік беріледі. Балалар өздерінің ой-пікірлерімен бөліседі.	**дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: саналы логиканы, есте сақтауды, зейінді жетілдіру. Педагог бірнеше заттарды (ойыншықтарды, заттық суреттерді) балалардың көз алдына белгілі тәртіпте орналастырады. Бірнеше секунд өткеннен кейін, балалар көздерін жұмып, педагог бір-екі (не одан да көп) заттың орнын алмастырады. Көзін ашқан, заттарға қайта қараған балалар ненің өзгергенін айтады. Бұл ойынды бір-біріне ұқсас, бірақ бірнеше айырмашылығы бар суреттер жұбын қолдану мүмкін.	**қатады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: құстардың шығаратын дыбыстарын сөзбен жеткізуге дағдыландыру; сөздік қорды байыту. Педагог балаларға құстардың суреттерін қолға алып, қандай дыбыс шығаратынын айтуға шақырады. Аққу сұңқылдайды, қиқулайды. Әупілдек әупілдейді. Әтеш шақырады. Байғыз шұрылдайды. Безгелдек безектейді. Бозторғай шырылдайды. Бөдене бытпылдықтайды Бұлбұл сайрайды. Бүркіт шаңқылдайды. Көгершін уілдейді. Көкек көкектеді. Күркетауық күркілдейді. Қаз қаңқылдайды. Қарға

	Алдын-ала жұмыста балаларға түрлі жан-жануарды, құсты, жәндіктерді көрсетуге болады. Құралдары: әуенді қосу құралы, әуендер жинағы, фотоаппарат немесе смартфон. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**				қарқылдайды. Қарлығаш шықылықтайды. Құр құрылдайды. Қырғауыл құрқылдайды. Сауысқан шықылықтайды. Сұңқар саңқылдайды. Тауық қыт-қыттайды. Тауыс шақырады. Тоқылдақ тоқылдайды. Торғай шиқылдайды, шырылдайды. Тырна тыраулайды. Үйрек барқылдайды. Үкі уілдейді. Шағала шаңқылдайды. Шымшық шиқылдайды.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.25	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Сені көргеніме қуаныштымын" Мақсат-міндеттер: Балаларда заттарды аттап өту; қос аяқтап заттар арасымен (арақашықтығы 4 м)	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "В. Сутеев "Үш мысық" (әңгімелеу)" Мақсат-міндеттер: Балаларды әңгімені зейін қойып тыңдауға үйретуді жалғастыру; әңгімені мазмұндай білуге	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Тотықұстың туған күні" Мақсат-міндеттер: Геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту. Геометриялық	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Орман құстары" Мақсат-міндеттер: Балалардың орман құстарының әртүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту; ойлау, сөйлеу,	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Қалықтаған құс" Мақсат-міндеттер: Бірнеше бөліктен тұратын құсты жасауға үйрету, контур бойымен кесу және қағазды баянмен бүктеу

	секіру; тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап секіру дағдыларын дамытуды жалғастыру; музыка ырғағына сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасауға ынталандыру.	үйрету; тілдерін дамыту, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; сөздік қорларын молайту; анық, көркем сөйлеуге тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Орман тұрғындарының әні" Мақсат-міндеттер: Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту.	фигураларды дұрыс атай білу қабілетін дамыту: шеңбер, үшбұрыш, квадрат, тіктөртбұрыш. 6 ішінде алға және артқа ретімен санау қабілетін дамыту. Геометриялық фигура: сопақ туралы білімдерін қалыптастыру. Жаттығу кезінде тәуелсіздікті дамыту. **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Қалықтаған бүркіт" Мақсат-міндеттер: Суретте ұшқан құстың бейнесін бере білу, сәйкес түстерді таңдай білу, құсты бетте әдемі орналастыра білу біліктіліктерін қалыптастыру; сурет салуда түрлі техникаларды қолдану және	дербестік, себеп-салдар байланысын құру қабілетін дамыту; құстарға ұқыпты қарауға, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	қабілеттерін бекіту, ұсақ моториканы дамыту, танымдық қабілеттерін белсендіру, жабайы табиғат өкілдеріне деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу.

			акварель бояуларын, балауыз мелдерін, түрлі-түсті қарындаштарды біріктіре білуді үйрету; қарапайым қарындашпен нобай жасай білу біліктіліктерін, көру қабілеттерін дамыту; өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; тиянақтылыққа, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.		
Серуенге дайындық 10.25-10.40	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.40-12.20	**Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: құстарды сыртқы түріне, көлеміне, түсіне, дыбысына қарай ажыратуға үйрету. Экологиялық міндет: құстар жабайы	**Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың тіршілік ету ортасына бейімделуі туралы, жазда құстардың мінез-құлқы туралы білімдерін кеңейту.	**Құстарды бақылау: көкек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: көкектің жаздағы тіршілігі туралы білімді дамыту; іздемпаздыққа тәрбиелеу. Педагогтің әңгімесі	**Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** **Ой толғау: "Орман құссыз, құстар ормансыз өмір сүре алмайды"**. Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың тіршілік ету ортасына	**Жыл құстарын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: қоныс аударатын құстар туралы білімдерін бекіту; құстарға деген қызығушылық пен сүйіспеншілікке

	табиғаттың бөлігі екендігі туралы түсінік беру **Көркем сөз** Құстар, құстар келеді, Жерді шуға бөледі. Көктем келді деп бізге, Жақсы хабар береді. **"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай ойнау білуге машықтандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып	Құстарға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу. Әңгімелесу: - Айналаға мұқият қараңдар, қандай құстарды көресіңдер? - Қазір орман күнтізбесі бойынша ұялар айы. Неліктен ол осылай аталды? - Неліктен құстардың сайрағаны естілмейді? - Құстар ұя салды, енді құстарды не мазалайды? (Жұмыртқа салу, балапан шығару.) - Ал жұмыртқаны ұяда кім жылытады, қорғайды? - Ұядағы жұмыртқаны күзетіп, жылытып жатқанда оны кім тамақтандырады? - Ұяда балапандар пайда болды, бірақ олар әлі де ұша	- Балалар, мен сендерге ұя салмайтын, балапандарды тамақтандырмайтын құс туралы айтқым келеді. Сендер бұл құстың атын білесіз бе? Ол көкек. Көкектің жүні сұр және қара жолақтары бар. Орманда алыстан көкектің дауысы естіледі. Көкектің әнін барлығы естиді, бірақ бұл құсты көру қиын: көкектер әдетте биік ағаштың басында, тығыз жасыл бұтақтарда жасырынады. Көкек ұя салуды білмейді, сондықтан жұмыртқаларын басқа құстарға салады. Көкектер жаман ата-аналар, бірақ олар біздің ормандарымызға үлкен пайда әкеледі:	бейімделуі туралы, жазда құстардың мінез-құлқы туралы білімдерін кеңейту. Құстарға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу. Балаларды тәрбиешімен және басқа балалармен әртүрлі тәжірибе алмасуға тырысуға шақыру. Әңгімелесу. - Айналаға мұқият қараңдар, қандай құстарды көресіңдер? - Қазір орман күнтізбесі бойынша ұялар айы. Неліктен ол осылай аталды? - Неліктен халықта: орман құссыз және құстар ормансыз өмір сүре алмайды деп айтады? - Орман құстарға не береді? (Орман құстарға жауларынан паналауға, ұя үшін	тәрбиелеу; тірі ағзаның белгілерін ажырата білу. - Жазда құстарға қорек жеткілікті, олар балапандарды шығарады және тамақтандырады. Күзде жем мөлшері айтарлықтай азаяды. Біріншіден, жәндіктер жоғалады, өсімдіктер біртіндеп қурайды, жемістер мен тұқымдардың саны азаяды. Көптеген құстар үйірге жиналып, содан кейін жылы аймақтарға ұшады. Алдымен жәндіктермен қоректенетін құстар ұшады, содан кейін жемістер мен өсімдіктердің дәндерімен қоректенетін құстар ұшады.. Бұл құстардың барлығы жыл құстары деп

	ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады. Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бр-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. **"Ұя басқан тауық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене**	алмайды. Балапандарды кім тамақтандырады? Педагог балалардың назарын торғайларға аударады. Балалар торғайлардың мінез-құлқын бақылайды. - Міне біздің торғайлар. Торғай жұбы бірге ұя салады, содан кейін жұмыртқаларды бір-бірден инкубациялайды. Екі аптадан кейін ұяда кішкентай балапандар пайда болады. Ата-аналар кішкентайларын тамақтандыру үшін таңертеңнен кешке дейін шыбын, маса және басқа жәндіктерді аулайды. Торғайлар тез өседі, ал он күннен кейін ата-аналар балапандарына торғай өмірінің барлық қыр-сырын	бұл құстар басқа құстар тигізбейтін түкті шынжыр табандарды құртады. Түкті шынжыр табандар, әсіресе жібек құрттары - орманның қауіпті жауы - олар өсімдіктердің жапырақтарын, сабақтары мен бүршіктерін жейді, ал орман кеуіп кетуі мүмкін. Жаздың ортасында, шілдеде, көкектер ыстық Африкаға ұшып кетеді. **Көркем сөз** Көкке бояп өңірді, Көктем келді көңілді. Бау – бақшада, орманда, Құстар әні көңілді. Жыл құстары келді деп, Балдырғандар мәз болды. Қос қанатты желпілдеп,	құрылыс материал, тамақ береді) - Орманда құстар не үшін қажет? (Құстар зиянды жәндіктерді жояды, орманды әнмен безендіреді) - Орман құстарының қандай түрін білесіңдер? Балаларды серуендеу кезінде құстарды бақылауға шақыру. Серуен аяқталғаннан кейін балалардан бақылауларымен бөлісуін сұрау. Құстарды дұрыс бақылаған балаларға алғыс айту. **"Үкі" саусақ жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: қол моторикасын дамыту. Орманда қараңғы (екі қолдың білектерін біріктіре саусақтарды жан-жаққа ашады («Орман»))	аталады.. **Көркем сөз** Қараторғай, қараторғай, Ұша түс биік самғай. Болса да кіп - кішкентай. Алады бақты қорғай. Қонағым қол басындай, Мінезі қорғасындай. Өзі кіп - кішкентай, Ол қараторғай. **"Тауық қорасындағы түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту. Алаңның бір жағында "тауық қора" орналасады. Ол

	шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды епті, мұқият болуға тәрбиелеу. Балалар балапандарды, ал тәрбиеші ұя басқан тауықты бейнелейді. Бөлменің немесе алаңның бір жағында қоршалған орын. Бұл – үй (жалаушалар тізбектеле жіп 40-50см биіктіктегі ағаштардың немесе бағандарының арасымен тартылады). Үйде балапандарымен ұя басқан тауық орналасқан. Тауық балапандарына тамақ (жем) іздеп кетеді. Біраз уақыттан кейін ол: «Ко-ко-ко-ко» деп балапандарын шақырады. Бұл сигналда естіген балапандар жіптің	үйрете бастайды. Содан кейін торғай жұбында жаңа балапандар болады. Суық ауа райы басталғанға дейін оларды құстар мектебінде өсіріп, оқытады. **Көркем сөз** Құстар тойын құттықтар, Қуанамыз қолдаймыз. Ұя жасап құттықтап, Біз оларды қорғаймыз. **Еңбек:** құм жәшігінде құмды қопсыту. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: тәрбиешіге көмектесуге деген ұмтылысты ынталандыру. **"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер:	Көлге үйрек – қаз қонды. **Еңбек:** көгөністерді суару. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: көгөністерді күтуге үйрету. **"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: санамақты қолданып, жүргізушіні тағайындауға, ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; кеңістікті бағдарлауға, жалтарып жүгіруге; жылдамдыққа, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу. Сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын шарты. Балалардың ішінен бірін "қасқыр" етіп	Бәрі-бәрі ұйқыда (алақандарын беттестіре жақтарына таянып («Ұйқыға кетеді»)) Үкі ғана ұйықтамапты (бас бармақ пен сұқ саусақтың ұштарын біріктіре дөңгелентіп көздеріне қояды («Үкінің көздері»)) Маңғазданып отыр қатты (қолдарын артқа жинап, кеуделерін көтереді («Маңғаз үкі»)) Әрі-бері отырды да (қолдарын жан-жаққа жая ұшып, басқа орынға ауысады) **Ойын "Құстар дауысы"** Қарға ұшар қарқылдап, Торғай ұшар шырылдап. Көгершін ұшар гуілдеп, Қарлығаш ұшар шық-шыттап.	үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады. Алаңның қарама-қарсы жағында "түлкінің іні" орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады. "Тауықтар, жем шаштым!" - деп жүргізуші (педагог) ойыншыларды алаңға шақырады. "Тауықтар мен балапандар серуенге шығады, жүреді, ұшады, жем шоқиды". "Түлкі!" деген белгі естілген кезде, "түлкі інінен шығып, тауықтарға шабады, ұстап алуға ұмтылады". "Тауық пен балапандар қораға қаша жөнеледі".

	астынан өтіп, енесіне келеді **Еңбек:** алаңды жақсарту бойынша ұжымдық жұмыс. Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету, топтық жұмыстың құндылығын көрсету. **Жеке жұмыс:** көлбеу жүру, "Қарлығаш" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: дене тепе-теңдігін дамыту; ептілікке тәрбиелеу. **(дене шынықтыру)** Тура жүріп, тақтайдың (бөренені) ортасында тоқтап, "қарлығаш" фигурасын көрсету (екі қолды дан-жаққа созып, дене түзу, бір аяққа тұрып, екінші аяқты артқа, жоғары көтеріп, түзу созып түру), содан соң жүруді жалғастыру,	балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын	сайлайды, қалғаны "аққу-қаздарды" сомдайды. "Құсшы" болып алғашында педагог, кейін балалардың бірі болып, ойынды жүргізу мүмкін. Құсшы құстарды жем жеуге босатады да, былай дейді: - Аққу-қаздар! (Ға-ға-ға) - Жем жедіңдер ме? (Иә, иә, иә!) - Су іштіңдер ме? (Жо-оқ, жо-оқ!) Құсшы: - Суға ұшып келіңдер! Ошаққа абайлап жетіңдер! Сақ болыңдар, аш қасқыр келеді! "Аққу-қаздар" иелеріне қарай ұшулары керек. Ал, "аш қасқыр" болса, құстарды ұстап алып жеуге тырысады. Ұсталған "аққу-	**Еңбек:** арамшөптерді жинау. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: көкөністердің, гүлдердің өсуіне арамшөптердің зияны туралы білімдерін бекіту; еңбекке санылы қарауға үйрету. **"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдай білуге дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып	"Ұсталынды" деген - баланы қолмен түртіп қалу. Балалар "қора" сызығынан асып кетсе, "түлкі" ұстай алмайды. Ойын "түлкінің іні толғанша" қайталанады. Басқа "түлкіні" ойнату үшін, санамақты қайта қолдану керек болады. **"Сипаттама бойынша тап" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: қоныс аударатын құстар туралы білімдерін бекіту. **Еңбек:** гүл суару. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: бақша гүлдеріне дұрыс күтім жасауды үйрету. **Еркін ойын: "Құс**

	тақтайдан (бөренеден) секіріп, екі аяққа түсу, екі қол екі жақта. Еркін ойындар.	атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. **Еркін ойын: "Құстардың ұшуы". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту. **Жеке жұмыс:** тепе-теңдікті сақтап сызықты басып жүгіру. **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: төзімділікке, зеректікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу	қаздар", "қасқырға" көмектеседі. Сөйтіп, аққу-қаздар азайып біткенше, ойын жалғасады. **"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре (секіре) білу қабілетін жетілдіру. **Еркін ойын: "Бақшада". (қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: сөздер мен қимылдарды үйлестіруге үйрету; ойындағы өз рөлін адал орындау қабілетін дамыту.	ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады. Педагог: "Қарақұс!" деп, белгі берген кезде, "қарақұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар да қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тек тізбекті бұзбауға тиіс. Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына" алып кетеді. Екі-үш	**пен мысық".** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнай білуге дағдыландыру; жүгіру түрлеріне машықтандыру. Балалардың дербес ойын әрекеті.

		Еркін ойындар.		балапан ұсталған соң ойын жүргізушілер қайта сайланып, ойын қайта басталады. Педагог ойынның алдында балалармен қауіпсіздік ережелерін қайталау керек. **"Допты ұста" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: допты ұстау және оны басқа белгі бойынша жылдам лақтырып, ұстап ала бере білуді жетілдіру.	
Серуеннен оралу 12.20-12.35	Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер: - учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу; - балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату; - ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру; - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою; Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				

Түскі ас **12.35-13.20**	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Қолды дұрыс жуу, жеңіңізді түру, қолды жуған кезде суды еденге төгілмеуін өздігінен қадағалау, қолды сүлгімен құрғатып сүрту. **Көркем сөз** Алға жайып тұз-дәмін, Келтіреді үй сәнін. Ол халқымның ақ жаны, Жақсы дәстүр маржаны, Кеңпейіл де арайлы, Осы жерден тарайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Гигиеналық өзін-өзі күту дағдылары, дұрыс отыруды, дастархан басында ас құралдарын дұрыс пайдалануды қадағалау. **Көркем сөз** Ас ішуге тұрайық, Қолымызды жуайық. Сабын, суды аямай, Тазалықты ұғайық. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: қолды ұқыпты жуу қабілетін нығайту. Қолды сабынмен мұқият жуу маңызды, денсаулыққа қажет екенін түсіндіру. **Көркем сөз** Тазалап жүр тісіңді, Кішкене де ыңғайлы, Тіс щеткасын пайдалан. Тазалауға болмайды, Щеткасымен басқа адам. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: балаларды өздігінен сүлгілерін тауып, бет пен қолды мұқият сүрту дағдысын жетілдіру. Сүртіп болған соң сүлгіні орнына ілуліге қалыптастыру; жуар алдында, жеңдерің түру, бетті жу, суды шашпау. **Көркем сөз** Дос бол сабын, сумен сен, Жиі – жиі жуын сен. Таңертең де, кешке де, Жуын күндіз – түсте де. Су - тіршілік негізі, Онсыз өмір сүрмейсің. Гигиена егізі, Су деп және білгейсің. Су - табиғат байлығы,	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру. Ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.) **Көркем сөз** Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке

				Өзен - көлге барғайсың. Кемі екі рет әр күні, Суға түсіп алғайсың. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**	де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезіңде, Жуын тұрған мезгілде. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**
Күндізгі ұйқы 13.20-15.30	Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.50-16.10	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	**"Зообаққа орналастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда антоним	**"Ұшты-ұшты" дидактикалық ойыны.** Міндеттері:	**"Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: құбылыстар арасындағы себептік	**"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: өсімдіктерді белгілі	**"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды құстарға тән белгілері

тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40**	сөздері туралы түсінік қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап, салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары, құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Ойынға керекті құралдар: зообақ торлары, әр түрлі жануарлар, аңдар, құстар. Ойын барысы. Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торларға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін т.б. кіші торға орналастыруы керек. Бала неліктен олай	балаларды ұшатын және ұшпайтын заттарды тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы Ойынды былай	байланысты түсінуге үйрету; сөздерді дұрыс таңдауға жаттығу жасау. Міндеттері: балаларға сөйлем құрауға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, келісілген сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Дидактикалық ойынға қызығушылықты тәрбиелеу. Ойын барысы. Тәрбиеші сөйлемді бастайды: «Мен жылы тон кидім, өйткені…», «Балалар бастарына панама киді, өйткені…», «Далада жаңбыр жауып тұр, өйткені…». **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	бір белгі бойынша топтастыруға үйрету. Міндеттері: балаларды өсімдіктерді белгілері бойынша тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ойын барысы. Педагог балалар тобын бірнеше кіші топтарға бөледі. Әрқайсысы ағаштардың жапырақтарына мұқият қарауды, содан кейін жердегі бірдей жапырақтарды табуды ұсынады. Педагог: «Келіңдер, қай топ дұрыс жапырақтарды табатынын көрейік» дейді. Балалар іздеуді бастайды. Әр топтың	бойынша сипаттауға және оларды сипаттама арқылы тануға үйрету. Міндеттері: балаларды ақылды болуға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ойын барысы. Тәрбиеші құстың қимылдарын бейнелейтін немесе оларды сипаттайтын жүргізушіні тағайындайды, басқа балалар болжап, табу керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** **"Көпіршіктерді үрлеу" қимыл-қозғалыс ойыны.**

	орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастырғанын айтып, ол туралы білетін жұмбақ, жаңылтпаш, тақпақтарын айтады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** **"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу. Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көгөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады. Бала педагог айтқан	жүргізеді. Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! (Қол көтереді) Ұшты - ұшты қарға ұшты! (Қол көтереді) Ұшты - ұшты арба ұшты! (Қол көтермейді) **(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** **Еркін ойын: "Торғайлар мен мысық"** Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Ойын барысы: Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен	**“Құстардың ұшып келуі” қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Ойынның барысы. Балалар (құстар) қанаттарын жайып, алаңның барлық жеріне ұшады. “Боран” деген белгі бойынша құстар ағаштарға тығылады. Тәрбиеші “Боран тынышталды” деген кезде ағаштардан түседі де ұша береді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық**	мүшелері тапсырманы орындап, жапырақтары сәйкес ағаштың айналасына жиналады. Бірінші болып ағаштың қасына жиналған немесе көп жапырақ жинаған топ жеңіске жетеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** **"Құстар мен мысық” қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Ойынның барысы. Балалар құстар болып ұшып жүреді. Бір бала мысық	Мақсат-міндеттер: балаларға үлкен көңіл-күй сыйлайды! Ең бастысы - шыдамды болу және балаларға сабын көпіршіктерін үрлеуді үйрету. Көпіршіктерді үрлеу арқылы сәбилер өкпесін жаттықтырады. Сонымен қатар, бір қалыпта үрлеу оңай шаруа емес! Көпіршікті қуу әсіресе көңілді болады. **(дене шынықтыру)**

	бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек. Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам. Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында-олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады. Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. . ойын 4-5 рет қайталанады. Ұсыныс: мысық ақырын барыпторғайларды ұстайды /қатты	**іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	болады. Мысық ұйықтап жатады. Құстар мысықтың жанына келеді. Мысық оянып құстарды қуады. **(дене шынықтыру)**	

		ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді. **(дене шынықтыру)**			
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сәйкес қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау. Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін) және серуеннің сюжеті осы сәтте айналады. Балаларға киім-кешек бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін, киіну ретін еске түсіріңіз, түсіндіріңіз, қажет болған жағдайда оларға көмектесіңіз.				
Серуен 16.50-17.50	**Құстарды бақылау. (жалғасы) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: біздің ауданда кездесетін құстар туралы түсініктерін кеңейту; құстарды сыртқы түрінен тану қабілетін, құстарды бақылауға деген құштарлығын дамыту. Әңгімелесу: жазда құстар көп болатынына назар аударыңыз, олар әр	**Құстарды бақылау. (жалғасы) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: құстарға деген сүйіспеншілік пен мейірімділікті, оларға көмектесуге ұмтылуды тәрбиелеу; құстардың қоныс аудару себебін түсіндіру (қоныс аударатын, қыстайтын, көшпелі); құстарды басқа жануарлардан ажырата білуге	**Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** **Зерттеу: "Жазда құстар қалада не жейді?"** Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың сыртқы келбеті, тіршілік көріністері, мінез-құлық ерекшеліктері және оларды қоршаған ортаға бейімделуі туралы білімдерін кеңейту; құстарға деген сүйіспеншілік пен	**Құстарды бақылау: "Орман құстары". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың тіршілік ету ортасына бейімделуі туралы, жазда құстардың мінез-құлқы туралы білімдерін кеңейту. Құстарға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу. Әңгімелесу. - Айналаға мұқият	**Саябақтағы құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: құстарды адамның достары ретінде қабылдай білу дағдыларына машықтану. Аулаларыңда немесе жақын маңдағы саябақта құстарды бақылауды ұсыну. Құстар адамдарды көрсе - жасырынып қалатына немесе ұшып кететінін

	түрлі дауыста ән айтады, балапандар туралы алаңдайды. Жаздың басында құстардың сайрағанын естисіз, бірақ оларды көру қиын: олар ұяларында отырады немесе жасыл жапырақтарда қалықтайды. Олардың кішкентай балапандары бар, оларды тамақтандыру және жылыту қажет. Құстардың қандай пайда әкелетінін айту, желеулер мен жұлдызқұрттардың не істеп жатқанын қадағалау, балалардың назарын қарлығаштар мен шымшықтың қаншалықты жылдам ұшатынына, жәндіктерді аулайтындығына аудару маңызды.	үйрету; балаларды қауырсын құрылымымен және олардың құстар тіршілігіндегі маңызымен таныстыру. Құстарды бақылау ережесі. Құстар өте қорғаншақ, сондықтан өзімізді тыныш ұстауымыз керек және шу шығармау керек. Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе тамақтануына кедергі жасайсыңдар Құстарға тас немесе таяқ тастауға болмайды, олар тірі, ауырсынады. Серуен аяқталғаннан кейін балаларды өздерінің бақылаулары туралы әңгімелесуге шақыру. Ерекше және қызықты нәрсені	құрметке тәрбиелеу. **Зерттеу барысы.** - Құстар не жегенді ұнатады? - Тамақты қайдан табады? - Құстар туралы не білетінімізді еске түсірейік? Тапсырма: құстарды бақылау. Білу керек: жазда құстар не жейді, қаладан қоректі қайдан табады. Тапсырма түсінікті ме? - Құстарды бақылау ережесін еске түсірейік. Құстарды бақылау ережесі. Құстар өте қорғаншақ, сондықтан өзімізді тыныш ұстауымыз керек және шу шығармау керек. Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе тамақтануына	қараңдар, қандай құстарды көресіңдер? (балалардың жауаптары) - Ал құстар қай жерде көбірек өмір сүреді, қалада ма, орманда ма? - Орман құстарының қандай түрін білесіңдер? - Жаз мезгілінде құстарды мазалайтын мәселе неде? - Барлық құстар жазда маңызды істермен айналысады. Олар балапандарын тамақтандырады. Таңертеңнен кешке дейін ересек құстар жәндіктерді аулайды, балапандарды тамақтандырады. Әр жұп құстың бір балапаны емес, бірнеше балапаны бар, оларды тамақтандыру керек. Балапандар көп	бақылау. Құстардың адамның мекеніне жақын қоныстайтынана да көңіл аудару. Құстардың жылдың әр мезгілінде тіршіліктерін салыстыру, зерттеу. Құстардың қауырсындарын қарастыру. Әңгімелесу: - Сіз жақын жерде тұратын құстар туралы нені көп білдіңіз? Олар немен, қалай қоректенеді? Қайда ұшады және қайда ұя салғанды ұнатады? Бұл сізді әуесқой зерттеуші етеді! **Еңбек:** алаңға, жолдарға су шашу. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: шланг пен су құйғышты мұқият пайдалануға үйрету. **"Бұғы**

	Қарлығаштардың ұясын көрсету, олардың ұяға балапандарға тамақпен қаншалықты келетінін ескерт. Жазда құстар балапандарын жәндіктермен қоректендіріңіз, осылайша өсімдіктерді сақтауға көмектесіңіз. **Көркем сөз** Жыл құстары келді деп, Балдырғандар мәз болды. Қос қанатты желпілдеп, Көлге үйрек – қаз қонды. **Дидактикалық ойын (А) және жаттығу (Б)** **А.** «Сипаттама бойынша тап» **-** тәрбиеші құстарды сипаттайды, балалар болжайды.	байқаған балаларға алғыс айту. **Еңбек:** қоқысты алаңнан жинау. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, ұжымда жұмыс істеуге ұмтылуға тәрбиелеу. **"Құстың қауырсыны кімге барады?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. **Көркем сөз** Қарлығашпын мен, Адамның тұрағымын. Мекен етіп тұрамын, Тазалаймын үй - ішін. Ел аузында мақтаулы, Тазалықшымын төселген. **Жұмбақтар** Бұдыр-бұдыр балшықты,	кедергі жасайсыңдар Құстарға тас немесе таяқ тастауға болмайды, олар тірі, ауырсынады. Қорытынды: қалада тіршілік ететін құстар әр түрлі тамақ жейді; көптеген құстар жазда жәндіктерді аулайды. **Еңбек:** алаңнан малтатастарды жинату. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген ұмтылысты тәрбиелеу **"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға	жейді және тез өседі. Тіпті бір ай өткен жоқ, бірақ балапандар өсті. Енді құстар балапандарды ұшуға, өздеріне тамақ табуға, жауларынан жасырынуға үйретеді. Егер балапандар мұны білмесе, онда олар қыста өледі. **-** Құстардың қандай пайдасы бар? - "Орман дәрігерін" кім біледі? - Орман құстарын ренжітпеу үшін біз өзімізді орманда қалай ұстауымыз керек? **-** Орманда шу шығармаңыз! Неліктен? - Қатты айқай-шу құстарды қорқытады, олар ұяларын тастап кетуі мүмкін. Сіендерге орманның сиқырлы дыбыстарын тыңдай	**аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсаты: балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, қимылдарды үлестіріп, бір-біріне соғылмай жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" болып бір-екі бала санамақпен тағайындалады. Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады.

	Мақсат-міндеттер: сипаттамалық әңгіме, зейін, үйлесімді сөйлем құрастыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын таба білу қабілетін дамыту. **Б.** «Дауысын сал» — тәрбиеші құстарды атайды, балалар құстардың дауысын салады Мақсат-міндеттер: жеке дыбыстардың айтылуын бекіту. **"Үкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: шапшаңдыққа, шыдамдылыққа, жылдамдыққа дағдыландыру. Ойын барысы. Барлық ойншылар құстар, бір бала - үкі. "Күн" белгісі бойынша құстар алаңда ұшып жүреді, қанаттарын қағып,	Жинады да талшықты. Ұқсатып қамытқа, Үй салды жабыққа. (Қарлығаш) Ұзақ тектес құс, Шіркей жеп. Ауыл маңынан Ұзап кетпес құс. (Қараторғай) Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты, Ұшқырлардың жүйрігі. (Қарлығаш) **"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да,	дағдыландыру; қимылдарды үлестіре, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде де жасырынып отырады. Жүргізуші (сондай-ақ балалардың бірі): "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - деп, ойынның басталуын жариялап, осы кезде ойыншылар ойын алаңына жүгіріп шығып, бір-біріне соғылмай, жүгіріп,	білу керек. - Құстардың ұяларын бұзбаңыз! Неліктен? - құстардың жұмыртқалары мен балапандарына қол тисе, құстар басқа біреудің иісін сезеді және ұядан бас тартуы мүмкін. - Ормандағы құстарды алып кетуге болмайды! Неліктен? - Орманнан құстарды алып кету олардың өміріне қауіпті. Орман - олардың үйі. Олар өз тамақтарын өздері қалай табу керектігін ұмытып, тұтқында өлуі мүмкін. Орманда от жағуға болмайды! Неліктен? - Ағаш өте жақсы күйеді. Өрттен шыққан ұшқындар ағаштарға тиеді, бүкіл орман өртенеді, өсімдіктер,	Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды, жеңіске жеткенді табады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. **Аз қимылды ойын: "Суық-ыстық". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. Жүргізуші затты жасырған кезде қарауға тыйым салынады. Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші кіріп, затты іздейді. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... жасырылған затты табуға көмектеседі. Еркін ойындар.

	дәндерін шоқиды. "Түн" деген белгі бойынша барлығы тоқтап, қимылсыз тұрады. Үкі ұшып келеді, қозғалатындарға қарап, оларды ұясына апарады. Содан кейін қайтадан "күн" белгісі беріледі, үкі ұясына тығылады, балалар – алаңда ұшып жүреді. Ойын осылай бірнеше рет қайталанады. **"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. Еркін ойындар.	екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы	белгілі қимылдарды жасап жүреді. "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - деген белгі сөздер айтылған кезде, ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозғалса, күліп қойса, соны "жапалақ ұстап, ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. Екінші нұсқасы. Ойын динамикасын жетілдіру мақсатында екі "жапалақты" да тағайындауға болады; екінші белгі бойынша ойыншылар "жапалақтарға" ұсталынбай құтылып, өз ұяларына қайту керек. **Дидактикалық ойын: "Құстарды**	жануарлар, құстар және адамдар өледі Қорытынды. Құстар әртүрлі, көптеген құстар зиянды жәндіктерді жояды **Еңбек:** бақшаны суару. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің бұйрықтарын тыңдай білуге үйрету, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары	

		топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. **"Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қапшықты нысанаға көзбен мөлшерлеп, лақтыруды жетілдіру; күшін дамыту. Еркін ойындар.	**сана".** Мақсат-міндеттер: сан есімдерді зат есіммен үйлестіру жаттығулары. (бір торғай, екі торғай және т.б.) **Жеке жұмыс: көлбеу жүру, "Қарлығаш" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: дене тепе-теңдігін дамыту;ептілікке тәрбиелеу. Тура жүріп, тақтайдың (бөренені) ортасында тоқтап, "қарлығаш" фигурасын көрсету (екі қолды дан-жаққа созып, дене түзу, бір аяққа тұрып, екінші аяқты артқа, жоғары көтеріп, түзу созып түру), содан соң жүруді жалғастыру, тақтайдан (бөренеден) секіріп, екі аяққа түсу, екі қол	"балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады. Педагог: "Қарақұс!" деп, белгі берген кезде, "қарақұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар да қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тек тізбекті бұзбауға тиіс. Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына"	

			екі жақта. Еркін ойындары.	алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң ойын жүргізушілер қайта сайланып, ойын қайта басталады. Педагог ойынның алдында балалармен қауіпсіздік ережелерін қайталау керек. **"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: "қақпаға"допті өткізе білуге, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Ойынға 5-6 бала қатысады. Еркін ойындар.	

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30**	«Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес беру.	Ата-аналарға арналған кеңес: "Үйде қандай құсты ұстауға болады?"	Ата-аналарға арналған кеңес: "Баланының байланыстырып сөйлеуіне ықпал ететін себептер".	Ата-аналармен балалардың тазалығы туралы сөйлесу.	Сұрақ-жауап: "Денсаулықты нығайту шаралары мен отбасылық дәстүрлер".

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Мағжан» Мад топ
Балалардың жасы: 5 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі : 26.06. - 30.06.2023ж.

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**26.06. - 30.06.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	26.06.2023	**27.06.2023**		**29.06.2023**	**30.06.2023**
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 08.00-08.40	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгімелесу: "Жазда ашық ауада серуендеудің маңызы".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті	**Еңбек:** алаңды тазарту. Мақсат-міндеттер: ересектерге	**Еңбек:** гүл бақшасын арамшөптерден тазарту. Мақсат-міндеттер: өз		**Еңбек:** құм жәшіктерін құммен толтыру. Мақсат-міндеттер:	**Еңбек:** алаңды сыпыру. Мақсат-міндеттер: еңбекқорлықты,

ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	көмектесуге, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	жұмысыңыздың нәтижесін көру, белсенділіктен қанағат алуға тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**		балаларды жалпы игілікке жұмыс істеуге тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	ұқыптылықты дамыту. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**
	"Менің ғажайып бұлтым" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: қиялды, эмоционалдық сфераны, табиғатты елестетіп қабылдауды дамыту (ойын релаксациялық кідіріс рөлін де атқарады). Ойын барысы: балалар шабындықта ыңғайланып	**"Домино" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін,		**"Бұл не?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, есте сақтауды, тапқырлықты дамыту. Міндеттері: балаларға тірі және жансыз табиғат нысанын сипаттауға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту,	**"Құстар" (аңдар, балықтар) дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: жануарларды, құстарды, балықтарды топтастыру және атау қабілеттерін бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Ойын барысы. Балалар шеңберге

	қойылады. Балалар, әр сілтемеден біреуі, сызыққа шығып, нысанаға тигізуге тырысып дорбаны лақтырады. Соңында әр сілтемедегі ұпай саны есептеледі. **(дене шынықтыру)**	арасынан тағы бір қасқыр тағайындалады. Ереже: шұңқырдан секіру. **(дене шынықтыру)** **"Орманшы" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: кейбір ағаштар мен бұталардың, олардың құрамдас бөліктерінің (діңі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы еске түсіру және бекіту. Ойын барысы. Бір «орманшы» таңдалады, қалған балалар оның көмекшілері. Олар оған жаңа екпелер үшін тұқым жинауға көмектесуге келді. «Орманшы» айтады: «Менің орманымда өсіп жатқан	**(дене шынықтыру)**	байлайды да, ойын басқарушы болады. Ал қалғаны: "Секір, секір!" - деген кім? Білгіш болсаң - таба ғой. Тауып ал да, өзің кеп, Сол орынды ала ғой" - деген өлеңді айтып, шеңберді айнала жүгіреді. "Секір, секір" деген сөзді педагог белгілеген бала айтады. Балалар осыны айтып болған соң, ойын бастаушы көзін ашады да, «секір» деп айтқан баланы табуға тырысады. Тапса, айтқан бала ортаға шығады да, ойын басқарушы болады. Ойын осы ретпен жүргізіле береді. **(дене шынықтыру)**	

		көптеген ... (қайың, үйеңкі, терек), тұқым алып берейік». Ол ағашты атамай-ақ сипаттай алады. Балалар тұқымдарды іздейді, оларды жинайды және «орманшыға» көрсетеді. Көбірек тұқым жинап, жаңылыспаған жеңімпаз болады. (			
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Серуендеудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты педагог гигиеналық талаптарға сай қажетті сыртқы материалды, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін балалар қызметінің әр түрлі нұсқаулықтарын дайындайды. Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сай қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау. Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын-ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін). Балаларға ескерту: киіну бөлмесіндегі тәртіп ережелерін, киіну ретін, қажет болған.				
Серуен 16.50-17.50	Түскі бақылауды жалғастыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30**	Сауалнама: "Балаңыз қандай жемістер мен көгөністерді қалайды?".	Ата-анаға кеңес: "Жеміс-көгөністердің денсаулыққа пайдалы ықпалы".	Фото көрме: "Биылғы біз өсірген көгөністер".	Ата-анаға кеңес: "Жемістер мен көгөністерді қалай жуу керек?".	Хабарлама бұрышына: "Компотты жасаудың ең үздік рецептілері".

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Мағжан» Мад топ
Балалардың жасы: 5 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі : 24.07. - 28.07.2023ж.

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**24.07. - 28.07.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	24.07.2023	**25.07.2023**	**26.07.2023**	**27.07.2023**	**28.07.2023**
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 08.00-08.40	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу	**Еңбек: алаңды тазарту.**	**Еңбек: гүлзардағы топырақты**	**Еңбек: ағаштардың топырағын**	**Еңбек:ағаштардың топырағын**	**Еңбек: гүлзардағы топырақты**

қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Мақсат-міндеттер: тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**қопсыту, қажет болған жағдайда суару.** Мақсат-міндеттер: гүлдерге күтім жасау, оларға қамқорлық жасауға бейімдеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**қопсыту.** Мақсат-міндеттер: ағаштарды күтуге дағдыландыру; еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**қопсыту.** Мақсат-міндеттер: ересектермен бірлескен жұмыстың нәтижесін көруге баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**қопсыту, қажет болған жағдайда суару.** Мақсат-міндеттер: гүлдерге күтім, қамқорлық жасай білуге; еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**
	Дидактикалық ойын «Табиғат және адам». Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін жүйелеу. Ойын барысы. «Адам не істеді?» - тәрбиеші сұрақ қойып, бір	**Дидактикалық ойын «Үш затты ата».** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтастыруға үйрету. Ойын барысы. Бір нысанда қандай заттарды атауға болады: гүлдер, құстар және т.б.. «Гүлдер!» - дейді	**Дидактикалық ойын «Қай өсімдік екенін тап».** Мақсат-міндеттер: тақырыпты сипаттау және оны сипаттама бойынша тану. Ойын барысы. Тәрбиеші бір баланы өсімдікті сипаттауға немесе ол туралы жұмбақ жасауға	**Дидактикалық ойын «Мен кіммін?»** Мақсат-міндеттер: аталған өсімдікті көрсету. Ойын барысы. Тәрбиеші тез саусағын өсімдікке бағыттайды. Өсімдікті және оның пішінін (ағаш, бұта,	**Дидактикалық ойын «Өсімдікті ата ...»** Мақсаты: балаларда фонематикалық естуді, жылдам ойлауды дамыту. «Атауларында» «А», «К» дыбысы бар өсімдіктерді, гүлдерді ата…. **(қарым-қатынас іс-**

	затты ойыншылардың біріне береді (немесе допты лақтырады). Бала жауап беріп, допты немесе затты жақын тұрған балаға береді. Осылай шеңбер бойымен бір-біріне затты немесе допты береді. Шеңберді аяқтағаннан кейін тәрбиеші жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені тудырды?». Ойын шеңбер бойымен жалғасады; жауап бере алмаған бала шеңберден шығып, оны өткізіп жібереді, бірақ егер ол сөзді ойлап тауып, атаса, оны қайтадан ойынға қосады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** **Қимылды ойын**	тәрбиеші және кішкене кідірістен кейін допты балаға лақтырады.Ол жауап береді: «Түймедақ, раушан, жүгері гүлі». **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** **"Домино" дидактикалық үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру.	шақырады. Басқа балалар бұл қандай өсімдік екенін табуі керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** **Қимылды ойын «Аш қасқыр» (қазақтың ұлттық ойыны)** Мақсат-міндеттер: балалардың жүгіру дағдыларын жетілдіру. «Аш қасқыр» — кең жазықта ойналатын халықтың ең көне ойындарының бірі. Ойынға қатынасушыларға шек қойылмайды. Алдымен ойынға жиылған жастар орталарынан біреуін «аш қасқыр» деп белгілейді. Сонан соң алаңның бір шетінен шеңбер сызып, оны	шөпті өсімдік) бірінші болып атаған адам ұпай алады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** **Қимылды ойын «Допты ұста»** Мақсат-міндеттер: зейінді, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Ойын барысы. Бұл ойынды үш адам ойнайды.. Екі ойыншы бір-біріне қарама-қарсы 3-4 м қашықтықта орналасқан допты өз араларына лақтырады.. Үшіншісі олардың арасында тұрып, допты ұстап алуға немесе ең болмағанда қолын допқа тигізуге тырысады. Егер бұл сәтті болса, ол допты лақтырған адаммен	**әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** **Қимылды ойын «Доп кімге бұйырса»** Мақсат-міндеттер: зейінді, ептілікті, сигналға жылдам жауап беруді дамыту. Ойын барысы. Балалар ойын алаңында жүреді немесе жүгіреді. Тәрбиеші қолына допты алып, біреуінің атын атайды және допты жоғары лақтырады. Аты аталған бала допты ұстап алып, балалардың біреуінің атын атап, допты қайта лақтыруы керек. Допты тым жоғары емес, аты аталған баланың бағытымен лақтыру керек. **(дене шынықтыру)**

	«Алмұртты қақ» Мақсат-міндеттер: тепе-теңдік сақтау, допты лақтыру дағдысы. Ойынға қатысушылар 2 топқа бөлінеді. Біріншісі - «алмұрт», балалар орындықта тұрады, Екінші топтың ойыншылары «лақтырушылар», әрқайсысы бір-бір доп алады және орындықтан 5-6м қашықтықта сапқа тұрады. Белгі бойынша «Лақтырушылар» кезек-кезек допты лақтырып, «алмұртты» құлатуға тырысады. Ойын 5-6 рет ойналады, құлаған барлық алмұрт саны есептеледі. Алмұртты көп қаққан топ жеңеді. **(дене шынықтыру)**	Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. **(таным іс-әрекет)** **Еркін ойын «Күн мен түн»** Мақсат-міндеттер: балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу. Балалар бірі «Күн», екіншісі «Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір - бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі топ та жаттығулар	қасқырдың апаны деп атайды. Осының бәрін орындап болған соң, ойыншылар өздеріне басқарушы етіп бір ойыншыны тағайындайды. Қалған ойыншылар басқарушының артынан тізіліп тұрады да бірінің белдігінен бірі ұстасады. Ойын басталады. «Аш қасқыр» шабуылға шығады. Ойын басқарушы екі қолын жайып, оның қарсы алдынан шығып, кес-кестеп, бөгет жасайды. «Қасқыр» қайтсе де «қойларды» ұстауға тырысады. Егер бұл «аң қасқырдың» қолынан келсе, ұстаған «қойларды» өзінің апанына «апарады», олар сол «апанда» ойын біткенше қала береді.	ауысады. Тәрбиеші лақтырар алдында балаларды доппен қимыл жасауға шақырады: допты жоғары лақтыр,төмен түсіру, оны ұстап алу т.б.). **(дене шынықтыру)**	

		жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма - кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған топ жеңіске жетеді. **(дене шынықтыру)**	Ойын соңғы ойыншыға дейін ойнала береді де, қайта басталады. **(дене шынықтыру)**		
Таңертеңгі жаттығу 08.40-08.50	Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу. Жалпы дамыту жаттығулары кешені. 1. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол белде 1 - оңға еңкейіп, сол қолын басына қою; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1 - 2 - отырып, қолдарын алға созу; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: тік тұрып, қолды белге қою; 1 - алға еңкею, қолдарды екі аяқтың ұшына тигізу; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.				

	1 - 4 - дейін санау арқылы оң жаққа секіру, 5-8 санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 - екі аяқпен секіру, кідіріс жасап, жаттығуды 2-3 рет қайталау. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **08.50-09.30**	**Гигиеналық дағдылар** Пышақпен нанға май жағу қабілетін нығайту. **Көркем сөз** Денемді таза ұстап, Шомыламын ағынмен. Тамақ ішер алдында, Қол жуамын сабынмен. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	**Гигиеналық дағдылар** Жеке гигиена ережелері туралы білімдерін бекіту, балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларды жүйелі түрде жүзеге асыруға деген қызығушылығын сақтау, тазалық әдеттерін қалыптастыру, жеке бас гигиенасына деген оң көзқарасты тәрбиелеу. **Көркем сөз** Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран,	**Гигиеналық дағдылар** Майлықты қолдануды үйрену, нанды қопсытпау, орындықты итеру, тамақ үшін алғыс айту, аузыңды шайып алу, тамақ қабылдауға жағымды қатынасты тәрбиелеу. **Көркем сөз** Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезіңде, Жуын тұрған мезгілде. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	**Гигиеналық дағдылар** Мәдени тамақтану дағдыларын қалыптастыру: тағамды төкпеңіз, сорпаны нанмен жеңіз; майлықты қажеттілігіне қарай қолдануға үйрету. **Көркем сөз** Балаларға – тортымыз, Барлық жұртқа құртымыз. Балмен піскен қауыршақ, Балдай тәтті бауырсақ. Қауын –қарбыз, көгөніс, Қанша жидек, көп жеміс. Қане, тойып алыңдар, Тамақтан соң ойын бар. **(мәдени-**	**Гигиеналық дағдылар** Тағамның қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру: тәтті, тұзды; тағамдардың аттарын бекіту. **Көркем сөз** Ірімшікті кеміріп, Тышқан отыр керіліп. Мысық сүтті ішіп - ап, Бет жұмайды ерініп. Ботқа жеймін дейсің бе? Қазір жасап беремін. Сүт ботқасын көп жесең, Жылдам өсіп кетесің. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**

		Тышқанға дәндер салам. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**		**гигиеналық дағдылар)**	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.30-10.25	**Үстел-үсті ойыны: "Керекті киімді табыңыз"** Мақсат-міндеттер: балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге, зейін, есте сақтау және логикалық ойлауға тәрбиелеу**.** **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**	**Дидактикалық ойын: "Жыл мезгілдері".** Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, маусымдық өзгерістерді талқылау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**	**Ойын жаттығуы: "Менің артымнан қайтала".** Мақсат-міндеттер: ым-ишара, қимыл-қозғалысты қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**	**Жаңылтпаштарды қайталау.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**"Кім не істеп жатыр?" сөздік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды өз ойы мен пікірімен бөлісуге машықтандыру; сыни ойлауды дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.25	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Гүлдей жайқалайық, өсейік" Мақсат-міндеттер: Балаларды доптан	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "С. Оспанов "Күн" (оқу)" Мақсат-міндеттер: Балаларға "Күн"туралы өлеңді	**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Ғажайып гүлдер" Мақсат-міндеттер: Гүлдер туралы білімдерін кеңейту,	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Гөзел Құлжабаева «Гүлдер таласы» ертегісі." Мақсат-міндеттер:	**Мүсіндеуден ойын-жаттығу** ""Құмырадағы гүл" тақырыптық пластилинография." Мақсат-міндеттер: Құмырадағы гүл

	аттап бір жанымен жүру; жылдамдыққа, кегльдер арасымен жүре отырып, жүрумен алмастыра отырып 100-120 м қашықтыққа жүгіру; 4 м арақашықтықтан қапшықты тік нысанаға иықтан асырып, оң қолмен лақтыру дағдыларын дамыту; сап түзеуден үш қатармен қайта тұру; оңға, солға бұрылу дағдыларын дамытуды жалғастыру; жұптасып тұрып шайбаны бір-біріне сырғанату іскерліктерін жетілдіру.	оқып, мазмұнынын түсіндіру; көктем және жаз айларында күннің шуағы мол түсетінін айту; өлеңді мұқият тыңдап, жаттқа айтуға үйрету; байланыстыра сөйлеуге үйрету, сөздік қорларын молайту; алғырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Ай сәулем" Мақсат-міндеттер: Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың	оқу іс-әрекетіне қызығушылығын арттыру, сөздік қорын молайту, тілдің белсенділік қызметін арттыру. қоршаған ортаны, табиғатты сүйіп аялай білуге тәрбиелеу. **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Өнер Ханшайымына" арналған натюрморт Мақсат-міндеттер: Балаларды сурет салудың пуантилиз техникасымен таныстыруды жалғастыру; түстерді қабылдау дағдыларын қалыптастыру; ұсақ қол моторикасын жақсарту, қол бұлшықеттерін нығайту; есте сақтау қабілеттерін жаттықтыру,	Балалардың гүлдер туралы білімдерін кеңейту, бақша гүлдерін жабайы, орман гүлдерінен ажырата білуге үйрету ертегінің мазмұнымен, кейіпкерлерімен таныстыру, ертегіні тыңдауға, ертегі бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру; сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау қабілетін, ұсақ қол моторикасын, логикалық ойлау қабілетін дамыту; ертегіні оқыта отырып балаларды достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; табиғатқа, гүлдерге сүйіспеншілікпен қарауға оларды қамқорлауға тәрбиелеу.	көркем бейнесін ермексазбен бейнелеу техникасын қолдануды үйренуді бекіту; тегістеу, ермексаздардың түстерін араластырып, тегіс беткейге (қатты қағазға) жағу тәсілдерін бекіту; кескішпен жұмыс істеуді үйренуді бекіту (жапырақтың сызықтарын салу); қатты қағаздың бетіндегі вазаға бейненің сыртына шығармай гүлдер композициясын жинауды үйретуді жақсарту; ермексазды мұқият пайдалануға, материалды үнемедеуге тәрбиелеу.

		мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.	зейіндерін тұрақтандыру; өз ойлары мен сезімдерін жеткізе білу біліктіліктерін, қиялдарын дамыту; эстетикалық талғамдарын, тиянақтылыққа тәрбиелеу.		
Серуенге дайындық 10.25-10.40	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.40-12.20	**Ауладағы өсімдіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: өсімдіктерді сипаттауға, олардың арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды атап өтуге үйрету; тірі және жансыз табиғат арасындағы байланысты көруге үйрету; пейзаждың	**Теректің қыл-қыбырларын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** Мақсаты: ағаштар туралы білімдерін бекіту; әр түрлі ағаш түрлерін ажырата білуге үйрету; өсімдік тіршілігіне қызығушылықты арттыру. Ақ үлпектерден тұратын ағаштарға назар аударыңыз. Бұл	**Табиғат әсемдігін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** Мақсаты: балабақша айналасындағы ең көрікті жерді таңдап, бақылау жасау. Табиғаттың сұлу көркіне балалардың қызығушылық сезімдерін арттыру. Табиғат байлығын қорғауға тәрбиелеу. Әр жыл мезгіліне қарай табиғаттың өз	**Гүлдерді бақылау(сарыгүл, космея, жолбарыстық лалагүл). (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** Мәдениетті өсетіндермен жабайы өсетіндерді салыстыру Бақта және жазықта өсетін гүлдер туралы білімін жүйелеу және бекіту. Гүлдің құрамы неден	**Наркесгүлді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: өсімдіктермен танысуды жалғастыру. - Бұл гүлдер қалай аталады? - Бұл гүлдер кішкентай, тостағаншасы және 5 біріктірілген жапырақшалардан тұратын королла,

	сұлулығына тамсану қабілетін дамыту. - Күннің жылып, созылуына байланысты өсімдіктерде қандай өзгерістер болды? (Аула жасылданып, әдемі болды, барлық жерде жасыл шөптер бар, қайың мен терек гүлдейді). -Өсімдіктердің сыртқы түрі қалай өзгерді? (Жаңа бұтақтар, жапырақтар, гүл бүршіктері пайда болды, бұл әсіресе шөптесін өсімдіктерде айқын көрінеді). -Жапырақтардың пішініндегі, олардың түсі мен көлеміндегі айырмашылықтарды табыңдар. (Мысалы: ирис жапырағы қайыңнан немесе үйеңкі жапырағынан едәуір үлкен,	қандай өсімдік? Ақ мақта мата сияқты, бұтақтардан іліп, ауада ұшып, жерде жатады - бұл теректің үлпектері. Көктемнің аяғы мен жаздың басында бұтақтардан ұшып, үлпілдек ауадан зиянды заттарды ұстайды, басқа өсімдіктердің тозаңдары, шаң мен кір және жерге түседі. Қазіргі уақытта көптеген адамдар мұрыннан су ағып, жөтеледі: бұл теректің үлпектеріне аллергия дейді. Бұл дұрыс емес, адамдар лас ауа мен тозаңға аллергиясы бар. **Тәжірибе «Температураға байланысты топырақтың жағдайы»** Мақсаты: топырақ жағдайының ауа-райына тәуелділігін	сұлулығы, әсемдігі болатынын айтып түсіндіру. Бағыттаушы сұрақтар қою арқылы «Тірі және өлі»табиғаттың өзара байланысын түсінулеріне көмектеседі. Шөптің қырауы, жапырақтардың түсуі(күзде) ағаштардың бұтақтары, үйлердің шатырларын, айналаны ақ қар жапқан (қыста) жер көгереді (көктем) айнала қызыл - жасыл гүл, аспан шайдай ашық (жазда) **Көркем сөз** Жаз келіпті дегенше, Алма пісіпті дегейсің. Бақшамызда ендеше, Алма теру көбейсін. Жұмбақ шешу: Қайнамай піскен, Асықпай түскен.	тұратынын түсіндіру: сабағы, түбірі, жапырағы, гүлденуі; гүлдер қалай көбейеді. Жаз басында гүлдер сары болады, содан соң ақ, жаздың аяғында ақшыл көк, қызыл болады; тәңертең гүл түбірі ашылады, кешке жабылады; түстердің молшылығы және алуан түрлілігін меңгерту. Мәдени және жабайы өсетін гүлдердің ұқсас белгілерін байқап, тәрбиешінің басқаруымен балалар мынадай қорытынды жасауы мүмкін: гүлдің мәдени формасы ірі, бақта өсетін гүлдер түстері жағынан әр түрлі, себебі оларды адамдар күтіп, баптайды. Гүлдердің әсемдігін қызықтай	бүршіктері қызғылт, ал ашылмаған гүлдері сары орталы ашық көк, олар ылғал мен жарықты жақсы көреді. Нәркес - ерте көктемде гүлдейтін шөптесін, пиязшық өсімдіктердің бірі. Қазақстанда нәркестің көбіне сары, ақ түстері кездеседі. Нәркес жұпар иісінің арқасында «басын айналдыру, есеңгірету» деген атауға ие болған. Наркесгүл наурыз, сәуір айларында шешектейді, гүл жарады. Гүлдеу күндері 20-25 күнге дейін созылады. Гүлдері жай күлтелі және гүлпарлы болып екіге бөлінеді. Наркесгүл – пиязшық гүлдердің ішіндегі ең ерте гүлдейтін өте

	дегенмен, ирис өсімдігінің өзі ағаштармен салыстырғанда өте аз.) **Болжам:** қайыңнан көптеген шырындар ағып жатса – жаз жаңбырлы болады; желсіз орман шу шығарса – жаңбыр болады. **Тәжірибе: "Күн заттарды кептіреді".** Мақсат-міндеттер: күннің заттарды жылыту қабілетін ашу. Материал: қуыршақ киімдері, доп, су құйғыш. Тәжірибе барысы: қуыршақ киімдерін күн шуақты жерде іліп қою, оның қаншалықты тез кебетінін қадағалау; құмды жәшікке сулаңыз және серуендеу кезінде	анықтау. Тәжірибе барысы. Шуақты күні жерді зерттеп көру, қолмен ұстап көргізу: жылы (күн оны қыздырды), құрғақ (қолында ұсақталады), түсі (ашық қоңыр), жерді суару (жаңбыр жауған сияқты); оны қайтадан ұстату, зерттеу. Жер қарайды, ылғалданды, балалар саусақтарының ұштарымен басады - ол жабысқақ болып, бір-біріне жабысады. Суық су топырақты салқындатты. **Еңбек: ағаштардың топырағын қопсыту.** Мақсаты: ағаштарды күтуге үйрету. **Дидактикалық ойын «Жапырағына қарай ажырат».** Мақсаты:	(Жеміс-жидек) **"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны.** Мақсаты: тәрбиешінің бұйрықтарын тыңдай білуге үйрету, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады. Педагог: "Қарақұс!" деп, белгі берген кезде, "қарақұс" "тауықтың" артында	білуге тәрбиелеу және топты безендіруге қанша гүл керек болса,с онша жинау. **Жұмбақ** Құлпырса, қадірлейді, аялайды, Қураса, сыпырғышқа жарамайды. (Гүл) **Мақал-мәтел** Күнсіз гүл өспес, күтусіз ұл өспес. **Көркем сөз** **«Көктем келді гүл алып» Ө. Тұрманжанов** Көктем тілін ұғайық. Қызғалдақты терейік, Теріп үйге келейік. Көбелектей киінген. Гүлді көріп сүйінген. **Қимылды ойын «Аю және ара»** Белгіні естіп тапсырманы жылдам орындай білуге, шыдамдылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Еңбек : т**опты	әсем гүл. Ол бір түбінен бірнеше гүл ашады. Басқа пиязшық гүлдер бір түбінен бір ғана гүл шоғын жарса, олардың арасында тұрған наркесгүл бір түбінен үш не төрт сабақ гүл шоғымен көзге түседі. Осыған қарап, қазақ оны «көп басты гүл», «көп сабақты гүл» деп те атайды. Түсіне қарап «құбылгүл», «түстігүл» деп те ат қойған. Биіктігі 30-40 см аралығында болады. Үйде, бақшада, аулада, гүлзарларда көптеп өсіруге болады. Хош иісті гүл, оны үйде өсіргенде ғажайып хош иіс таратып тұрады. **«Ағаш» дидактикалық ойыны** - ойын әрекеттері, жүргізуші

	оның кебуін қадағалау. Балабақша ғимаратына күн және көлеңкелі жақтарына қолды тигізу. Қорытынды: күн заттарды жылытады. **Дидактикалық ойын «Жапырағына қарай ажырат».** Мақсат-міндеттер: өсімдіктерді белгілі бір белгі бойынша топтастыруға үйрету, балаларды өсімдіктерді белгілері бойынша тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ойын барысы. Педагог балалар тобын бірнеше кіші топтарға бөледі. Әрқайсысы	өсімдіктерді белгілі бір белгі бойынша топтастыруға үйрету, балаларды өсімдіктерді белгілері бойынша тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ойын барысы. Педагог балалар тобын бірнеше кіші топтарға бөледі. Әрқайсысы ағаштардың жапырақтарына мұқият қарауды, содан кейін жердегі бірдей жапырақтарды табуды ұсынады. Педагог: «Келіңдер, қай топ дұрыс жапырақтарды табатынын көрейік» дейді. Балалар іздеуді бастайды. Әр топтың	бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар да қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тек тізбекті бұзбауға тиіс. Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына" алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң ойын жүргізушілер қайта сайланып, ойын қайта басталады. Педагог ойынның алдында балалармен қауіпсіздік ережелерін қайталау керек. **Еңбек: ауланы**	әсемдеу үшін гүлдерді жинаймыз. Әсемдікті сезіне білуге, гүлдерді түбірсіз жұлуға, бірлесіп еңбектенуге тәрбиелеу. **"Қандай гүл екенін ойлап тап ?" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: балаларды сипаттама бойынша гүлдерді ойлап табуға; гүлдерді айыра білулерін бекіту. **Өзіндік іс-әрекеті:** өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау.Ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу.	жыл мезгілін атайды, балалар ағашты, жыл мезгілін әр түрлі етіп бейнелейді. **Еңбек әрекеті: құм жәшігіндегі құмды қопсыту.** Мақсат-міндеттер: балаларды, өздеріне тиісті ойындарды ойнау үшін, қолайлы жағдайларды жасауға бейімдеу. Жабдықтары: күрекшелер. **"Соқыр теке" қазақ ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтап, әділ ойнауға баулу; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды, тепе-теңдікті сақтай жүріп, үлестіре білуге, бір-бірлеріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін

	ағаштардың жапырақтарына мұқият қарауды, содан кейін жердегі бірдей жапырақтарды табуды ұсынады. Педагог: «Келіңдер, қай топ дұрыс жапырақтарды табатынын көрейік» дейді. Балалар іздеуді бастайды. Әр топтың мүшелері тапсырманы орындап, жапырақтары сәйкес ағаштың айналасына жиналады. Бірінші болып ағаштың қасына жиналған немесе көп жапырақ жинаған топ жеңіске жетеді. Балалардың дербес әрекеті. **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер:	мүшелері тапсырманы орындап, жапырақтары сәйкес ағаштың айналасына жиналады.Бірінші болып ағаштың қасына жиналған немесе көп жапырақ жинаған топ жеңіске жетеді. **Қимылды ойын «Аңшы мен қояндар».** Мақсаты: балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету. Ойын мазмұны. Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: « Аңшы» дегенде	**сыпыру.** Мақсаты: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету. Керекті құралдар: Сыпырғыш, күрекше, қорапша. **"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі. Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары		қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. "Соқыр текені" санамақ арқылы тағайындайды. Содан соң "текені" ортаға шығарып, көзін байлап, бір орында айналуды сұрайды. Балалар осы кезде: "бір, екі, үші! Соқыр теке, бізді ұста!" - деп "соқыр текені"қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді. "Соқыр текенің" міндеті - түрткен баланы ұстап алу және оны танып, есімін атау. Педагог балалар тым алшақ қашып кетпес үшін, үлкен шеңберді сызып қояды. Ойыншылар сол

	балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай, қимылдарын үлестіре біле ойнауға ынталандыру; бір адамдай, мәтінге сай, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге және тоқтап, отыра қалуға дағдыландыру; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қауіпсіз қимылдай білуге машықтандыру. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар бір	қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады.	өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі. Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді). Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады. Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады. Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді. Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы		шеңберден аспай ойнау керек. Шеңберден шығып кеткен бала, ойыннан да шығады. Кім ұстанылып, танылып жатса, "соқыр теке" болып, ойынды жалғастырады. **Қимылды ойын «Түс және аралар» -** жүгіру жаттығулары, белгі бойынша әрекет ету, сөздерге сәйкес қимылдар жасау.

	сәтті жерге отыра қалып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.		қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді. Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді. Ұтылған бала ойыннан шығып қалады. Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі.		
Серуеннен оралу 12.20-12.35	Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер: - учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу; - балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату; - ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру; - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;				

	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас **12.35-13.20**	**Гигиеналық дағдылар** Пышақпен нанға май жағу қабілетін нығайту. **Көркем сөз** Денемді таза ұстап, Шомыламын ағынмен. Тамақ ішер алдында, Қол жуамын сабынмен. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	**Гигиеналық дағдылар** Жеке гигиена ережелері туралы білімдерін бекіту, балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларды жүйелі түрде жүзеге асыруға деген қызығушылығын сақтау, тазалық әдеттерін қалыптастыру, жеке бас гигиенасына деген оң көзқарасты тәрбиелеу. **Көркем сөз** Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін,	**Гигиеналық дағдылар** Майлықты қолдануды үйрену, нанды қопсытпау, орындықты итеру, тамақ үшін алғыс айту, аузыңды шайып алу, тамақ қабылдауға жағымды қатынасты тәрбиелеу. **Көркем сөз** Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезіңде, Жуын тұрған мезгілде. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	**Гигиеналық дағдылар** Мәдени тамақтану дағдыларын қалыптастыру: тағамды төкпеңіз, сорпаны нанмен жеңіз; майлықты қажеттілігіне қарай қолдануға үйрету. **Көркем сөз** Балаларға – тортымыз, Барлық жұртқа құртымыз. Балмен піскен қауыршақ, Балдай тәтті бауырсақ. Қауын –қарбыз, көгөніс, Қанша жидек, көп жеміс. Қане, тойып алыңдар,	**Гигиеналық дағдылар** Тағамның қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру: тәтті, тұзды; тағамдардың аттарын бекіту. **Көркем сөз** Ірімшікті кеміріп, Тышқан отыр керіліп. Мысық сүтті ішіп -ап, Бет жұмайды ерініп. Ботқа жеймін дейсің бе? Қазір жасап беремін. Сүт ботқасын көп жесең, Жылдам өсіп кетесің. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**

		Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дәндер салам. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**		Тамақтан соң ойын бар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	
Күндізгі ұйқы **13.20-15.30**	Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары **15.30-15.50**	Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас **15.50-16.10**	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40**	**"Қай өсімдік?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау. Педагог себеттен өсімдіктерді алып,	**"Гүл дүкені" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: түстерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу	**Үстел-үсті ойыны: "Өсімдіктер, жануарлар" (лото).** Мақсат-міндеттер: ойын біздің планетамыздың жануарлар мен өсімдіктер әлемімен таныстырады, ой-	**"Қарап ал да, есіне сақта" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды көрген суреттерді есіне сақтап,көз алдына елестете отырып	**"Не қандай болады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: заттарды түсі, пішіні, сапасы, материалы бойынша жіктеуге үйрету; салыстыру,

	балаларға көрсетеді. Ойын барысы. Мында дәрілік өсімдіктер бар. Мен сендерге бір өсімдікті көрсетемін, ал сендер бұл туралы білетіндеріңнің бәрін айтуың керек. - Ол өсетін жерді ата (батпақ, шалғындық, сай). Мысалы, түймедақ (гүл) жазда, жолжелкен (тек аяғы жоқ жапырақтары жиналады) көктемде және жаздың басында, қалақай көктемде, ол жай өсіп келе жатқанда жиналады (2-3 баланың әңгімелері) **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** **Қимылды ойын: "Кім артық?"** Мақсат-міндеттер: жылдамдыққа,	қабілеттерін бекіту. Балаларды өсімдіктерді түсі бойынша топтастыруға, әдемі гүл шоқтарын жасауға үйрету. Ойын барысы. Балалар гүлдердің көп таңдауы бар дүкенге келеді. 1 нұсқа. Үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі-түсті жапырақшалары бар табақ бар. Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі бойынша да, пішіні бойынша да сәйкес келетін гүл табады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** **Сюжетті-рөлді ойын**	өрісін кеңейтеді, заттардың жалпы ерекшелігін бөліп көрсетуге және оларды белгілері бойынша топтауға үйретеді. Лото көптеген түрлі ойын жағдайларын модельдеуге мүмкіндік береді. Ойын барысында логикалық ойлау, бақылау, зейін, есте сақтау дамиды, қолдың ұсақ моторикасы жетілдіріледі. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** **"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы	әрқайсысын ретімен атап шығуға жаттықтыру. Ойын барысы. Үстелде төрт-бес өсімдік қояды. Педагог естеріне сақтап алуды ұсынады. Педагог балаларды көздерін жұмуға шақырады және өсімдіктердің бірін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, қай өсімдік жоқ екенін табу керек. Ойын 4-5 рет ойналады. Әр уақытта үстелдегі өсімдіктердің санын көбейтуге болады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** **"Гүлдерді күтеміз" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың	мүмкіндігінше осы анықтамаға сәйкес элементтерді таңдау. Жасыл түстің не екенін айтайық - қияр, қолтырауын, жапырақ, алма, көйлек, ағаш ... Кең - өзен, жол, таспа, көше ... т.с.с. ең көп сөзді атаған жеңімпаз болады, әр дұрыс айтылған сөз үшін бала жетон алады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** **"Экологтар" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: жағдай туғызу және әлеуметтік шығармашылықты ынталандыру, ойын сюжетіне сәйкес кіші топтарға бөлу, сөйлеу этикеті

	шапшаңдыққа үйрету. Ойын шарты: балалар екіден шеңбер құрып тұрады, ал, сыңары жоқ бала шеңбер бойымен жүгіріп, сыңарымен тұрған баланың артына барып тұрады. Енді бұл топта үш бала болады. Бірінші бала шеңбер бойымен жүгіреді де, өзіне басқа топтан серік іздеп табады. Ал, ол топтың алдындағы бірінші бала өзі және жаңа серік іздеуге кіріседі. Сөйтіп, ойын әрі қарай жалғасады. **(дене шынықтыру)**	**"Супермаркет".** Мақсат-міндеттер: балаларды өз ойын жоспарын құрдастарымен үйлестіруге үйрету, ойын барысында рөлдерді ауыстыру. Балаларды қоршаған өмір туралы білімдерін ойындарда кеңірек қолдануға шақыру, диалогтік сөйлеуді дамыту. Ойын әрекеттері үлгісі: супермаркетке келу; қажетті тауарларды сатып алу; менеджерлердің кеңестері; сату туралы хабарландырулар; сатып алу үшін төлем; тауарларды орау; супермаркет директорымен немесе әкімшісімен жанжалды жағдайларды шешу. Пәндік-ойын ортасы.	кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту,өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту. Көрнекіліктер:бақ пен бақшаның,жеміс пен көкөністердің суреті. Ойын шарты:бақ пен бақша салынған **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**	табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді. Ойын шарты: гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша әнгімелету. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**	дағдыларын қалыптастыру. Экологтар жұмысының гуманитарлық бағыты, оның табиғатты қорғауға қажеттілігі, әлеуметтік маңызы туралы балалардың ойларын кеңейту. Ойын әрекеттері үлгісі: объектіні таңдау, аймақтың карталарымен, жоспарларымен жұмыс жасау; экологиялық паспорттарды зерттеу; экологиялық жағдайды зерттеу (су, ауа, топырақ үлгілері және т.б.); айыппұлдарды ұсыну; экологиялық жағдайды жақсарту бойынша жұмыс; суретке түсіру, бұзушылықтарды түсіру. Ойын ортасы.

		Құрал-жабдықтар: касса; өнімдер жиынтығы; сатушыларға, кассирлерге, менеджерлерге арналған арнайы киім; сувенирлер; чектер, сөмкелер, әмияндар, ақша; кішкентай ойыншықтар жиынтығы; журналдар, газеттер; киім, аяқ киім, бас киімдер және т.б.; бухгалтерлік кітаптар, баға белгілері, индекстер, бөлім атаулары; телефондар, рациялар, микрофондар; буып-түю, өнімдерге арналған арбалар. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**			Құрал-жабдықтар: жоспарлар, карталар, жер бедерінің сызбалары; «Қызыл кітап»; халаттар; саяхатшылар; бейнекамера; әр түрлі жануарлар мен өсімдіктердің төлқұжаттары. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**
Серуенге дайындық	Серуендеудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты педагог гигиеналық талаптарға сай қажетті сыртқы				

16.40-16.50	материалды, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін балалар қызметінің әр түрлі нұсқаулықтарын дайындайды. Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сай қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау. Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын-ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін). Балаларға ескерту: киіну бөлмесіндегі тәртіп ережелерін, киіну ретін, қажет болған.
Серуен **16.50-17.50**	Түскі бақылауды жалғастыру.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30**	Балалармен бірге гүлзарға серуендеу. Онда пайда болған гүлдерді қарастыру. Балаларға гүлдер біздің жеріміздің сәні, оларды жұлуға болмайтынын айту, сонымен қатар олар көптеген жәндіктердің қорек көзі екенін түсіндіру.

Тексерілді

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Мағжан» Мад топ
Балалардың жасы: 5 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі : 31.07. - 04.08.2023ж.

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**31.07. - 04.08.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	31.07.2023	**01.08.2023**	**02.08.2023**	**03.08.2023**	**04.08.2023**
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 08.00-08.40	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті	**Еңбек: алаңды сыпыру.** Мақсат-міндеттер: ересектерге саналы	**Еңбек: аумақты тазартуда сыпырушыға көмектесу.**	**Еңбек: гүлзардағы топырақты қопсыту.** Мақсат-міндеттер:	**Еңбек: балалармен бірге гүлзарларды бақылау, жел сынған гүлдердің**	**Еңбек: кіші топқа ойыншықтарды жинауға көмектесу және оларды топқа**

ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	түрде көмектесуге дағдыландыру. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	Мақсат-міндеттер: үлкендерге көмектесуге деген ұмтылысты дамыту; еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	гүлдерге күтім жасауда жұмысты соңынана дейін тиянақты атқаруға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**бұтақтарын кесу, майысқандарын көтеру.** Мақсат-міндеттер: табиғатқа деген қамқорлық қатынасты тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**апару.** Мақсат-міндеттер: кішіге қамқор болуға, еңбекке саналылықпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**
	"Сақ құлақ" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: есту қабілетін дамыту, белсенді сөздікті толықтыру, фразалық сөйлеуін дамыту. Қажетті құралдар: қалқа (тасалап тұратын нәрсе), қоңырау, сылдырмақ,	**"Зоологиялық фриздер" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды антоним сөздері туралы түсінік қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы	**"Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ата" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.	**"Болады - болмайды" дидактикалық ойыны.** Педагог бір жағдайды атайды және допты балаға лақтырады. Бала аталған жағдай орын алған жағдайда допты ұстап алуы керек, егер олай болмаса, онда допты	**"Сиқырлы таяқ" қозғалмалы халық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда тапқырлықты, ептілікті дамыту. Жас және орта жастағы балалар (40 адамға дейін) ойнайды. Ойнау үшін ұзындығы 1 м таяқша қажет.

	дабыл т. б.. Ойын барысы. Тәрбиеші қалқаның артында тұрып, кезек бойынша жоғарыда аталған заттармен дыбыс шығарып және балалардан дыбыстың қандай заттан шыққанын табуын ұсынады. Дыбыстар бала оларды табу үшін, анық және кезектесіп шығуы керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)** **"Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін қатаң сақтауға үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. Ойын барысы.	аңдар мен үй жануарлары құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Көрнекіліктер: жабайы аңдар мен үй жануарлары, Ойын барысы. Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян,тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен,қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді,қоянды кіші торға орналастыр. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-**	Ойынның барысы. Ойыншылар екі топқа бөлініп, әр түрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса, сол жеңіске жетеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** **Қимылды ойын: "Қу түлкі".** Мақсат-міндеттер: сигналдан кейін	ұстап алудың қажеті жоқ. 1. Әкем жұмысқа кетті. 2. Пойыз аспаннан ұшып өтеді. 3. Мысық тамақ ішкісі келеді 4. Адам ұя салады. 5. Пошташы хат әкелді. 6. Қоян мектепке барды. 7. Тұздалған алма. 8. Бегемот ағашқа өрмелеп шықты. 9. Резеңке малақай. 10. Үй серуенге шықты. 11. Шыны аяқ киім. 12. Қайың ағашында жаңғақ өскен. 13. Қасқыр орманда жүреді. 14. Қасқыр ағашта отыр. 15) Кәстрөлде тостаған қайнап жатыр. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене**	Сипаттама. Диаметрі 4-5 м шеңбер салынады.Ойыншылар шеңбер бойымен тұрып, реттік нөмірлер алады. Үлкен шеңбердің ішіне диаметрі 2-3 м шеңбер салынады.Жүргізуші (жеребе бойынша) қарды таяққа жабыстырады. Таяқшаны күзетуге күзетші тағайындалды », ол кіші шеңберде тұрады. Жүргізуші шеңберден тыс жерде ойыншының нөміріне өз қалауы бойынша қоңырау шалады. Шақырылған адам «күзетшіні» қимылдармен алшақтатып, таяқ ұстауы керек. «Күзетші» оны кішкене шеңбермен ұстап алуға немесе

	Ойынға 3 не 10, одан да көп ойыншы қатынасады. Көбінесе ойынға қара зат таңдап алынады (ескі малақай, құм салған дорба т. б.). Ойынға қатынасушылар шеңбер құрып, көздерін жұмып тырысады. Ойынды басқарушының берген бұйрығымен бір ойыншы шеңберден шығып, тығуға әзірленген затты алып тығылады. Ойынға қатынасушылардың міндеті — сол тыққан затты іздеп табу. Егер тығылған зат табылса, ойын жүргізуші ойынға қатынасушылардың барлығына естірте дауыстап жариялайды да, барлығын табылған заттың төңірегіне	**әрекеті)** **"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту. **(таным іс-әрекеті)** **"Тату, барлығы бірге" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: алаңның қарама қарсы жағына тепе-теңдікті сақтай отырып, бір жолға қозғалуға балаларды үйрету; бір жылдамдықпен бірін бірі қуып жетпей, жүгіруді үйретіп дамыту. **(дене шынықтыру)**	жылдам жауап беру қабілетін дамыту. Ойын барысы. Ойыншылар көздерін жұмып шеңберге тұрады. Тәрбиеші өтіп, біреуге тиіседі. Балалар көздерін ашып үш рет айтады: «Қу түлкі, сен қайдасың?». Осыдан кейін «түлкі» ортаға жүгіріп шығады: «Мен мұндамын!». Барлығы қашады, ал ол оларды ұстап алуға тырысады. Ұсталғандар шетке жылжиды. **(дене шынықтыру)**	**шынықтыру)** **Қимылды ойын «Аю мен аралар».** Мақсат-міндеттер: сигнал бойынша әрекет ету, баспалдақпен дұрыс көтерілу, кейіпкерлердің іс-әрекетіне еліктеу қабілеттерін дамыту. Ойын барысы. Ойыншылар екі топқа бөлінеді - «аралар» және «аюлар». Сигнал бойынша «аралар» ызыңдап, шабындыққа бал жинау үшін ұшады. «Ара» ұшып кете салысымен, «аюлар» ұяға (құрсауға) көтеріліп, бал жейді. «Аюлар!» белгісі бойынша «Аралар» ұшып, орманға қашып үлгермегендерді шағып алады.	майлауға тырысады. Егер ойыншы таяқ ұстаса. ол ұпай жинап, орнына қайта оралады. Егер «күзетші» оны ұстап алса, онда олар рөлдерді ауыстырады. Ең көп ұпай жинаған - жеңімпаз атанады. **(дене шынықтыру)** **Қимылды ойын «Аққу-қаздар»** Ойнаушылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдалып алынады. Балалардың қалғаны қаз болады. Алаңның бір жағы бойына сызық сызылады, оның сыртында қаздар жүреді. Ол олардың жататын орны. Алаңның шетінен орын сызып белгіленеді, ол — қасқырдың үңгірі. Бақташы қаздарды

	жинайды. Заттың иесі өз затын қорғайды да, басқалары оны алдап-сулап, көңілін басқа жаққа бұрып әлгі затты тартып алуға тырысады. Затты кім ала алатын болса, сол затты тығушы қызметін атқарушы болады да, қалғандары қайта шеңбер құрысып көздерін жұмады. Ойын осы тәртіппен жүре береді. **(дене шынықтыру)**			Тістелген «аю» бал жинау үшін шықпайды. **(дене шынықтыру)**	жайылуға шалғынға айдап шығады. Қаздар шалғында жүреді, ұшады. Содан кейін бақташы былай дейді: — Қаздар, қаздар! Қаздар тоқтайды да жауап береді: — Га, га, га Бақташы — Қаздар, қаздар, қаңқылдап, Барасыңдар қай жаққа? Қаздар: Айна көлі жалтылдап, Жатқан жасыл аймаққа. Бақташы: Біздің жерге түсе кет, Түсіп суын іше кет. Қаздар: Сіздің жерге түсеміз, Түсіп суын ішеміз. Бақташы: — Болсын онда жол жайлы! Қаздар: — Бізге ол жаққа болмайды, Жолды тосып сұр қасқыр, Тау бөктерлеп жүр қасқыр!

					Бақташы: — Олай болса қалаған, Жақтарыңа бар аман! Қаздар қанаттарын қағып, (қолдарын жан-жағына сермеп, көк шалғын үстімен үйлеріне қарай ұшады, ал қасқыр қаздардың даусын естіп, жүгіріп шығады да, олардың жолын кескестейді, оларды ұстап алуға (қолын тигізуге) тырысады, ұстаған қаздарды қасқыр үңгірге алып кетеді. **(дене шынықтыру)**
Таңертеңгі жаттығу 08.40-08.50	Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу. Жалпы дамыту жаттығулары кешені. 1. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол белде 1 - оңға еңкейіп, сол қолын басына қою; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1 - 2 - отырып, қолдарын алға созу;				

	3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: тік тұрып, қолды белге қою; 1 - алға еңкею, қолдарды екі аяқтың ұшына тигізу; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1 - 4 - дейін санау арқылы оң жаққа секіру, 5-8 санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 - екі аяқпен секіру, кідіріс жасап, жаттығуды 2-3 рет қайталау. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **08.50-09.30**	**Гигиеналық дағдылар** Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс, этикет ережесі. **Көркем сөз** Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дәндер салам. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға.	**Гигиеналық дағдылар** Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс, этикет ережесі. **Көркем сөз** Екі қоян отырып, Сыр айтады жасырын. Сұр қасқырдың тәбетін, Берсе бізге асырып. Тәбетін біз қайтеміз, Тісін берсін қасқырдың. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	**Гигиеналық дағдылар** Қолды жуу ережелерін бекіту, тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі. **Көркем сөз** Су ағызып шүмектен, Беті қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты, Тазалатып тұрамын! **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	**Гигиеналық дағдылар** Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс, этикет ережесі. **Көркем сөз** Балаларға – тортымыз, Барлық жұртқа құртымыз. Балмен піскен қауыршақ, Балдай тәтті бауырсақ. Қауын –қарбыз, көкөніс, Қанша жидек, көп жеміс. Қане, тойып алыңдар,	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)

	Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**			Тамақтан соң ойын бар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	**Көркем сөз** Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезіңде, Жуын тұрған мезгілде. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.30-10.25	**Әңгімелесу: "Демалыс күндерін қалай өткіздік".** Мақсат-міндеттер: ұзаққа есте сақтау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту." **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: саналы логиканы, есте сақтауды, зейінді жетілдіру. **(танымдық іс-әрекет)**	**"Теңіз толқиды" аз қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі бойынша орындау, шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық таныту. Белгі бойынша екі аяқпен секіру;	**"Ал егер?" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың логикалық ойлауын, көру зейінділігін дамыту. Балаларға суретте көрсетілген немесе сөзбен баяндалған	**"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол

			ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту. **(дене шынықтыру)**	оқиғаның ары қарай қалай жалғасатынын болжауға мүмкіндік беріледі. Балалар өздерінің ой-пікірлерімен бөліседі. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**	кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, қазір сендер әуенді тыңдап, жан-жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктейсіңдер. Мен болсам, фотоаппаратты қолда ұстап тұрамын. "Стоп-кадр!" - деген белгіні естісеңдер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың керек. Алдын-ала жұмыста балаларға түрлі жан-жануарды, құсты, жәндіктерді көрсетуге болады. Құралдары: әуенді қосу құралы, әуендер жинағы, фотоаппарат немесе смартфон.

					(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.25	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Епті бол!" Мақсат-міндеттер: Балаларды 4 м арақашықтықтан қапшықты тік нысанаға иықтан асырып, сол қолмен лақтыру; балаларда қысқа секіртпемен қос аяқтап секіру; арқаға қапшық қойып төрт тағандап еңбектеу дағдыларын жетілдіру; аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымдап жүру; жұптасып бір қатармен жүгіру; баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Ыбырай Алтынсарин "Бір уыс мақта"" Мақсат-міндеттер: Балаларды әңгімені оқығанда мұқият тыңдап, сұрақтарға толық жауап беруге, байланыстырып сөйлеуге үйрету; сөздік қорларын, тіл байлықтарын жетілдіру; диалог түріндегі сөздерді айта білуге дағдыландыру; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту. **Музыкадан ойын-жаттығу** ""Қызыл телпек және қасқыр" шығармасы" Мақсат-міндеттер:	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Сандар әлемі" Мақсат-міндеттер: "Көп", "аз", "тең" сөздерін қолданып, заттар тобын салыстыру қабілетін нығайту; 9 саны туралы білімдерін қалыптастыру, екі кіші саннан сан құру; 9 санын тану және бейнелеу дағдыларын дамыту; алға және артқа қарай санау қабілеттерін қалыптастыру; жолдастарын тыңдай білуге тәрбиелеу. **Сурет салудан ойын-жаттығу** ""Өнер Ханшайымына"	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Майя арасы" Мақсат-міндеттер: Балалардың жәндіктер туралы білімдерін кеңейту және бекіту, жәндіктердің атауларын, сыртқы белгілерін, олардың құрылымын бекіту;.көру және есту қабілеттерін дамыту, тақырып бойынша балалардың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуді дамыту; жәндіктерге жақсы көзқарас қалыптастыру.	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Сиқырлы орман." Мақсат-міндеттер: Үлгі бойынша құрастуруды үйрету, шығармашылық қиялын дамыту,«жоғары-төмен» және «үлкен-кіші» ұғымдарын ажырата білу қабілетін бекіту, табиғатқа құрметпен қарауға және оның сұлулығын сақтауға тәрбиелеу.

	жетілдіру.	«Ертегілер елінде» әуен ырғағы туралы ұғым беру. Балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Музыкалық әуен арқылы балаларды ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.	арналған натюрморт" Мақсат-міндеттер: Балаларды суретте үлкен, орташа, және кішкентай аюлардан композиция құрап, ертегі кейпін бейнелеуді үйрету; сурет салу үлгілерін (дөңгелек және сопақ пішінді) бекіту; оларды контурдан шығармай, пропорцияны сақтай отырып, «түрту» тәсілімен бояуды меңгерту; қағаз бетінде бағдарлау біліктіліктерін бекіту; қиялдарын дамыту; өз бетінше жұмыс істеуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.		
Серуенге дайындық 10.25-10.40	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.40-12.20	**Тірі затты бақылау – бақаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-**	**Инелікті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-**	**Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-**	**Қоңызды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-**	**Қанқызды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-**

	әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: бақа туралы білімдерін кеңейту, табиғатты аялауға тәрбиелеу. - Бақаның қандай? Оның терісі қандай? - Оның басында не бар? Бақалардың неше аяғы бар? - Алдыңғы және артқы аяқтардың айырмашылығы неде? - Бақаның құйрығы бар ма? Дененің қандай ерекшеліктері оған суда жүзуге көмектеседі? Неліктен оның саусақтарында өрім бар? Неліктен оның көзі томпиған және олар оның басында орналасқан? -Бақаның терісі жұмсақ, жасыл түсті, оның тісі бар, олардың	**әрекеті)** Мақсат-міндеттер: инеліктің пайда болуы туралы білімдерін кеңейту; барлық тіршілік иелеріне мұқият және ұқыпты қатынасты дамыту. **Көркем сөз** Ұзын құйрық инелік, Инелікке тимелік. Верталетты жасады, Инеліктен ұйреніп. Педагог балаларға жұмбақ жасырады, сұрақтарға жауап беруді ұсынады. 1. Жүрген ізің байқалмаған, Жүдеу қызым қайқаңдаған. (Инелік) 2. Төрт қанаты бар, Инедей денесі бар, Үлкен бақырайған көздері бар. - Бұл не екенін кім табар? (Инелік) - Неліктен инелік үлкен көзді және	**әрекеті)** Мақсат-міндеттер: балаларды құстармен таныстыруды жалғастыру, олардың үйлерінің аттарын есте сақтау. **Бақылау барысы** Жазда құстар көп болатынына назар аудару, олар әр түрлі дауыста ән айтады, балапандар туралы алаңдайды. Жаздың басында құстардың сайрағанын естисіз, бірақ оларды көру қиын: олар өз ұяларында отырады немесе жасыл жапырақтарда қалықтайды. Олардың кішкентай балапандары бар, оларды тамақтандыру және жылыту қажет. Құстардың қандай пайда әкелетінін айту, құстар мен жұлдызқұрттардың	**әрекеті)** Мақсат-міндеттер: қоңызбен, оның өмір салтымен, тіршілік жағдайымен таныстыру. **Бақылау барысы** Қоңыздардың қалай жорғалайтынын қарастыру, олардың кейбіреулері ұшады. Қазақстанда 20 мыңнан аса түрлері кездеседі. Денелерінің ұзындығы 0,3 мм-ден 155 мм-ге дейін. Екі жұп қанаттарының бір жұбы мүйізденіп, қанат жүйкелері жойылып, қатты элитра деп аталатын үстіңгі қатты қанатқа айналған. Ол, негізінен, қорғаныш қызметін атқарады. Қанатының екінші жұбы жарғақты, біріншісінен ұзындау, тыныштық қалыпта ұзынынан	**әрекеті)** Мақсат-міндеттер: қанқызының пайда болу ерекшеліктері туралы білімдері мен түсініктерін кеңейту; барлық тіршілік иелеріне мұқият және ұқыпты қарауды тәрбиелеу. - Балалар, біз серуен кезінде қандай жәндіктерге бақылау жасадық? Бүгін біз тағы бір жәндікпен танысамыз. Ол үшін сендер қолдарыңды созып, алақандарыңды тосып тұрсаңдар, ол жәндік сендердің алақандарына өзі қонады. (Балалар көздерін жұмып, қолдарын созып тұрады, тәрбиеші олардың қолына кішкентай қанқызды қояды.) - Балалар, көздеріңді ашыңдаршы,

	қосмекенділерге жататынын айқындау қажет, яғни ол суда да , құрғақта да өмір сүреді, бірақ уақыттың басым көпшілігін суда өткізеді - жүзеді, жерде секіреді, тамақтану барысында ол тілін бірнеше сантиметрге жібереді. Тілі сұйық кілегейімен жабылған, оған шыбын, масалар жабысады, құрттармен және шынжыр табандармен қоректенеді. Артқы аяқтары, алдыңғы аяқтарынан әлдеқайда ұзындау, сондықтан ол жүре алмайды, ол секіреді. Балаларға бақаның пайда әкелетінін атап өту: зиян келтіруші-шыбын-шіркейлерді	мұртшалары қысқа? - Инелік қай жерде тұрады? Ол не аулайды? - Ол не жейді? Иненіктің жауы бар ма? - Инелік туралы қандай тақпақтар, жұмбақтар, ертегілер білесіңдер? - Инелік төрт торлы қанатты, іші ұзын жіңішке. Инелік тез, ептілікпен және жалтарып ұшады, ал оның руль тәрізді созылған денесі оған ұшуда қалаған бағытын сақтауға көмектеседі. Иненіктің үлкен көздері бар, олар оған жем іздеуге көмектеседі, ал мұртшалары қысқа, көрінбейді. Олар өз өмірінде үлкен рөл атқармайды. Инелік - жыртқыш жәндік. Ол шіркейлер, масалар,	не істеп жатқанын байқау маңызды. Үлкен топ балаларының назарын жәндіктерді ұстап, қарлығаштар қаншалықты жылдам ұшатындығына аудару. Қарлығаштардың ұясын көрсетіп, олардың ұяға, балапандарға тамақпен қаншалықты келетінін айту. Жазда құстар балапандарын жәндіктермен қоректендіреді, осылайша өсімдіктерді сақтауға көмектеседі. **Дидактикалық ойын «Дауысынан таны»** Мақсат-міндеттер: жеке дыбыстардың айтылуын бекіту. Тәрбиеші құстарды атайды, балалар дауысын салады.	және көлденеңінен бүктеліп үстіңгі қанаттарының астына жиналып орналасады. Ұшар алдында үстіңгі қанаттары көтеріледі де, астынан екінші жұп жарғақты қанаттары жазылып шығады. **Жұмбақ** Ұшқанда өлең айтады, Қонғанда жер қазады, Мұны ойлап көріңіз Шешімін кім табады? (Қоңыз) **Көркем сөз** Қоңыз, қоңыз, қоңызым, Өрмелеген қоңызым. Қыбыр – қыбыр жүріспен, Қоңыздар қырға шығады. Қоңыз шықты ағашқа, Артында оның баласы.	сендердің алақандарыңа қандай жәндік қонды. Сендер бұл жәндікті көрген жерлерің бар ма, қайдан көрдіңдер? (Балалар көздерін ашқан кезде қанқызын көріп, таңғалады, қуанады, бір – біріне көрсетіп, қуаныштарын бөліседі.) -Қанқызының артында қанша қара нүкте бар? Қандай саңырауқұлақты қанқызымен салыстыруға болады? - Қанқызы қандай? Ол қалай қозғалады? - Қанқызы нені аулайды? Олар қайда тұрады? - Қанқызының пайдасы қандай? Олар қыстақты қайда өткізеді? - Қанқызы туралы қандай тақпақтар,

	жейді. Бақаның пайда әкелетінін, құрт құмырсқаларды жейтінін, өсімдік жапырақтарын және сабағын жейтінін атап өту керек. **Мақал-мәтел** Бақа батпағына Балық көліне. **Көркем сөз** «Бақа» С. Оспанов -Білесің бе, бақаны, Бақа деп неге атады? -Өйткені олар әрдайым, «Бақ-бақ» десіп жатады. **Қимылды ойын: «Бақалар». (дене шынықтыру)** Алаң бойынша алға секіре, төрттағандап қозғалуға үйрету, орыннан ұзындығына секіре білуге үйрету. Секірулерді табиғилық, жеңілдік және жаттығуларды орындауды дәлдік дегеніне жете	қоңыздармен қоректенеді, оларды табанды лаптар ұстайды. Күзде инеліктер құрғақ жапырақтардың астында жасырынып, немесе ескі шіріген ағаштардың қабығындағы тесігіне тығылып, көктемге дейін ұйықтайды. **Дидактикалық ойын «Жұмбақтарға шешулер» «(құрт-құмырсқалар)** Мақсат-міндеттер: жұмбақтарды шешуге талаптандыру, шешуін табу кезінде белсенді болу. **Еңбек: гүлдерді суару.** Мақсат-міндеттер: қоршаған әлемге құрметпен қарауға тәрбиелеу. **"Аңшылар мен қояндар" қимыл-**	**Еңбек: ауланы сыпыру.** Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге жауапкершілікке тәрбиелеу. **"Қасқыр қақпан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесіп, ойын шартына, өз рөлдеріне сай, әділ ойнауға баулу; күш-жігерін, зеректікті дамыту; шыдамдылыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу. Балалар "бірінші, екінші болып саналып, екі топқа бөлінеді. Біріншілер "қақпа" болады, екіншілер "қасқырларды" сомдайды. "Қақпан" болып	Күн шапағын шашады, Қоңыз үйге қайтады. **Дидактикалық ойын «Сипаттама бойынша тап» -** тәрбиеші жәндіктерді сипаттайды, балалар болжайды. Мақсат-міндеттер: суреттейтін әңгіме құруға, зейінді, келісімді сөйлеуді дамытуға, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табуға үйрету. **Еңбек: емдік шөптердің тұқымын отырғызу.** Мақсаты: тұқымдарды дұрыс себуді үйрету. **"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға,	жұмбақтар, әндер білесің? - Неліктен қанқызын дәрігер Айболит деп атайды?(Қанқызы зиянды жәндіктерді жейді). Қанқызының дөңес сопақ денесі, ашық қызыл немесе қызғылт сары түсті, қара нүктелермен безендірілген. Ол ептілікпен жорғалай алады, тіпті ұзақ қашықтыққа да ұшып кете алады: оның кішкентай қанаттары бар, ал астында қатты қоңыр мөлдір астарлар бар. Құстар мұндай түске ие жәндіктердің жеуге болмайтынын біледі. Қанқызы- жыртқыш, ол ауылшаруашылығына өте зиянды басқа жәндіктерді жейді, сондықтан адамдарға үлкен пайда

	жетілдіру. **Еңбек:** құм салғыштан шашылған құмды учаскеден жинастыру. Мақсат-міндеттер: учаскеде құмды өз ынтасымен жинастыруға үйрету; тазалыққа және ретке келтіру әдеттін қалыптастыру. **"Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, қимылдарды үлестіріп, бір-біріне соғылмай жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты	**қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. Педагог ойынды бастайды: "Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында. "Аңшылар",	жиналған балалар қол ұстаса, шеңбер құра жүріп, өлең айтады: Қасқыр түссе қораға, Ұстамас оны бола ма? Қол ұстасып тұрайық, "Қасқыр қақпан" құрайық. Берік қақпан сынбайды, Қасқырларды ұстайды. Қасқыр, қасқыр, келіп көр! Қақпан, қақпан, берік бол! Соңғы сөздерден кейін қақпан-балалар қолдарын жоғары көтереді. Осы сәтте "қасқырлар" шеңберге кіріп керіп, жүгіріп жүреді. Ойын басқарушының (педагог немесе бала) "Қақпаны жап!" десе, "қақпан-балалар"	жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үлестіре, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде де жасырынып отырады. Жүргізуші (сондай-ақ балалардың бірі): "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - деп, ойынның басталуын жариялап, осы кезде	әкеледі.Қанқыз ағаш қабығының астында, қуысында, жерге түскен жапырақ арасында, т.б. жерлерде қыстайды. Қанқыз өсімдік бітесі, сымыр, бүрге-шіркей, жапырақ бүргесі, өрмекші, кене, т.б. ұсақ жәндіктерді жейді. **Дидактикалық ойын «Сипаттама бойынша тап»** Мақсат-міндеттер: жәндіктерді сипаттама бойынша тану қабілетін бекіту немесе басқа жәндікті сипаттау. **Қимылды ойын «Шалғындықта үш сайыс» (дене шынықтыру)** Бастапқы стартта орынды сақтап, жерде жатқан доға арқылы аттап өтуге үйрету; шыдамдылық және күштің әсер

	дамыту. Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" болып бір-екі бала санамақпен тағайындалады. Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады. Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды, жеңіске жеткенді табады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. **Дидактикалық ойындар «Кім бұл тап?»** Мақсат-міндеттер: сипатты белгілері бойынша учаскеде қоректенетін , құрт құмырсқаларды,	қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: "Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз	қолдарын тез түсіріп, отыра қояды. "Қасқырлардың" міндеті, қақпа жабылғанша, шеңбер сыртына ытқып шығып кету. Егер шеңберден дер кезінде шыға алмаған балалар қалса, келесі айналымда олар "қақпанға" қосылады. Өтіп кеткен балалар "қасқырлар" болып, ойынды жалғастырады. Ойынның шартын біраз өзгертуге болады: екі бала, өз қалаулары бойынша, ойыншыларды "қақпа" және "қасқырлар" тобына келісіп таңдайды. **Қимылды ойын: «Көңілді торғай» (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: ойын мәтініне сәйкес қимылдарды қалай жасауға	ойыншылар ойын алаңына жүгіріп шығып, бір-біріне соғылмай, жүгіріп, белгілі қимылдарды жасап жүреді. "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - деген белгі сөздер айтылған кезде, ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозғалса, күліп қойса, соны "жапалақ ұстап, ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. Екінші нұсқасы. Ойын динамикасын жетілдіру мақсатында екі "жапалақты" да тағайындауға болады; екінші белгі бойынша ойыншылар "жапалақтарға" ұсталынбай құтылып,	етуіне мүмкіндік туғызу. **Еңбек: құм салғыштан шашылған құмды жинастыру.** Мақсат-міндеттер: құмды өз ынтасымен жинастыруға үйрету; тазалыққа және ретке келтіру әдеттін қалыптастыру.

	құстарды, өсімдіктерді бейнелеп айтуға үйрету; заттың белгісі мен әрекетін білдіретін сөз құрамын ұлғайту.	орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды. **Қимылды ойын «Секіруге үлгер», «Батпақтағы бақа». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жүгіру, секіруді үйретуді жалғастыру.	болатындығын үйрету.	өз ұяларына қайту керек. **Қимылды ойын «Қоңыздар». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: шашырап жүгіруді, сигнал бойынша бағытты өзгертуді үйрету.	
Серуеннен оралу 12.20-12.35	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас 12.35-13.20	**Гигиеналық дағдылар** Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс, этикет ережесі. **Көркем сөз** Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді	**Гигиеналық дағдылар** Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс, этикет ережесі. **Көркем сөз** Екі қоян отырып, Сыр айтады	**Гигиеналық дағдылар** Қолды жуу ережелерін бекіту, тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі. **Көркем сөз** Су ағызып шүмектен, Беті қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты,	**Гигиеналық дағдылар** Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс, этикет ережесі. **Көркем сөз** Балаларға – тортымыз,	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы);

	тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дәндер салам. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	жасырын. Сұр қасқырдың тәбетін, Берсе бізге асырып. Тәбетін біз қайтеміз, Тісін берсін қасқырдың. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	Тазалатып тұрамын! **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	Барлық жұртқа құртымыз. Балмен піскен қауыршақ, Балдай тәтті бауырсақ. Қауын –қарбыз, көкөніс, Қанша жидек, көп жеміс. Қане, тойып алыңдар, Тамақтан соң ойын бар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.) **Көркем сөз** Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезіңде, Жуын тұрған мезгілде. **(мәдени-**

					гигиеналық дағдылар)
Күндізгі ұйқы 13.20-15.30	Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты). Аяқ массажы. Мақсаты: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету. Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.50-16.10	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40**	**"Не қандай болады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: заттардың түсі, пішіні, сапасы, материалы бойынша жіктеуге үйрету; салыстыру, мүмкіндігінше осы анықтамаға сәйкес элементтерді таңдау. Жасыл түстің не екенін айтайық - қияр, қолтырауын, жапырақ, алма, көйлек, ағаш ...	**"Менің сүйікті ертегім" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, адамгершілікке, жолдастыққа тәрбиелеу. Көрнекілігі: ертегі кейіпкерлерінің суреттері. 1) Ойын шарты:	**"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу. Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көгөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын алаңының түрлі жерлеріне салады. Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт	**Аз қимылды ойын: "Бауырсақ".** Мақсат-міндеттер: балаларды әртүрлі тапсырмаларды орындау кезінде үйлестіру мен кеңістікте бағдарлауға жаттықтыру, ойын арқылы есту зейінін дамыту. Бұл ойынға арналған доп кез-келген мөлшерде болуы мүмкін. Ойыншылар өз орындарынан кете алмайды.	**Рөлдік ойын: "Қонақ күту".** Мақсат-міндеттер: мәдени дағдыларды бекіту, балаларға үй шаруашылығының кейбір білімдері туралы хабарлау (бөлмені жинау, дастарқан жаю). Ойын материалы. Қуыршақ тағамдары, ойдан шығарылған тағамдар, оларды алмастыратын заттар; дастархан жайылған үстелдер, шай ыдыстары, вазалар,

	Кең - өзен, жол, таспа, көше ... т.с.с. ең көп сөзді атаған жеңімпаз болады, әр дұрыс айтылған сөз үшін бала жетон алады. **"Экологтар" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: жағдай туғызу және әлеуметтік шығармашылықты ынталандыру, ойын сюжетіне сәйкес кіші топтарға бөлу, сөйлеу этикеті дағдыларын қалыптастыру. Экологтар жұмысының гуманитарлық бағыты, оның табиғатты қорғауға қажеттілігі, әлеуметтік маңызы туралы балалардың ойларын кеңейту.	сурет бойынша ертегілердің аттары мен мазмұнын айту. 2) Шарты: педагог балаларға қазақтың халық ертегілерінде кездесетін кейіпкерлерді атайды. Мысалы: хан, уәзір, қарға, кірпі, т.б. Аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып, жаңа ер - тегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Балалар ертегі құрастырады. Ең қызықты ертегі ойлап тапқан бала жүргізуші болып, ойынды жалғастырады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Аз қимылды ойын: "Қозы".** Мақсат-міндеттер: балаларда есту, есте сақтау қабілетін	бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек. Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам. Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады. **(таным іс-әрекеті)** **Аз қимылды ойын: "Қозы".** **Мақсат-міндеттер: балаларда есту, есте сақтау қабілетін дамыту.** Балалар екі топқа бөлінеді («қозылар») және бір-біріне қарама-қарсы отырады. Екі басшы («шопандар») таңдалады. Бірінші топтың жетекшісі екінші топтың	Қатысушылар шеңбер бойымен бір-бірінен ұзындықта тұрады. Шеңбердің ортасында жүргізуші орналасқан. Ойыншылар допты аяқтарымен бір-біріне береді, ал жүргізуші оны ұстап алуға тырысады. Олар допты тегіс айналдыра алады, ұрады, алдамшы қимылдар жасай алады. Сіз оны жай алып кете алмайсыз. Ал жүргізуші қалағанының бәрін істей алады; допты аяғыңызбен, қолыңызбен ұстаңыз, шеңберден шығарыңыз, тіпті сәл тигізіңіз. Егер жүргізуші допты ұстап үлгерсе, ол доп оған тиген ойыншының орнын алады. **(дене шынықтыру)**	шай, пирогтар. Ойын барысы. Педагог ойынды әр түрлі әдіспен жүргізе алады. Балалар өз тобында ойдан шығарылған жағдайда ойнай алады немесе басқа топтан қонақтар шақыра алады. Осыдан кейін барлық ойын әрекеттері қонақтарды қабылдауға және оларға қамқорлық жасауға дайындық шеңберінде өрбиді. Педагог балаларға қонақтар келгенге дейін иелері пәтерді жинап, оны гүлдермен безендіріп, дастарқан жайып, тұрмыстық техниканы дұрыс орналастыру керектігін айтады. Содан кейін қонақтарды қалай қарсы алу керектігін,

	Ойын әрекеттері үлгісі: объектіні таңдау, аймақтың карталарымен, жоспарларымен жұмыс жасау; экологиялық паспорттарды зерттеу; экологиялық жағдайды зерттеу (су, ауа, топырақ үлгілері және т.б.); айыппұлдарды ұсыну; экологиялық жағдайды жақсарту бойынша жұмыс; суретке түсіру, бұзушылықтарды түсіру. Ойын ортасы. Құрал-жабдықтар: жоспарлар, карталар, жер бедерінің сызбалары; «Қызыл кітап»; халаттар; саяхатшылар; бейнекамера; әр түрлі жануарлар мен өсімдіктердің төлқұжаттары.	дамыту. Балалар екі топқа бөлінеді («қозылар») және бір-біріне қарама-қарсы отырады. Екі басшы («шопандар») таңдалады. Бірінші топтың жетекшісі екінші топтың жетекшісіне келіп: «Мен бір қозыны алуға келдім», - дейді. Екінші жүргізуші («Шопан») жауап береді: «Таңда». Бірінші жүргізуші балалардың бірін таңдайды, көздерін жұмады. Қарсы топтағы бала: «бе-е-е» деп айтуы керек. Егер бала көзін жұмып, айқайлап тұрған дауысы арқылы танылса, онда ол дауысты берген баланы өз командасына алады, егер ол танымаса,	жетекшісіне келіп: «Мен бір қозыны алуға келдім», - дейді. Екінші жүргізуші («Шопан») жауап береді: «Таңда». Бірінші жүргізуші балалардың бірін таңдайды, көздерін жұмады. Қарсы топтағы бала: «бе-е-е» деп айтуы керек. Егер бала көзін жұмып, айқайлап тұрған дауысы арқылы танылса, онда ол дауысты берген баланы өз командасына алады, егер ол танымаса, онда ол ұтылады және өзі қарсылас командаға кетеді. Содан кейін екінші топтың көшбасшысы ойынды жалғастырады. Ол ұқсас тапсырма береді (дауыспен таниды), ойын	**"Бауырсақ" театрландырылған ойыны (саусақ театры).** Мақсат-міндеттер: ұжымда эмоционалды жағымды ахуал қалыптастыру, өзіңіздің және басқа балалардың іс-әрекеттерін қадағалай білу қабілетін дамыту. Атрибуттар: ертегі кейіпкерлері(қоян, қасқыр, аю, түлкі, атасы, әжесі, тоқаш) және үй мен орманның әшекейлері. Алдын ала жүргізілетін жұмыс: ертегілерді бейнежазбадан қарау, иллюстрацияларды қарау, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін оқыту. Ойын ережесі: 7 бала	оларды қалай құрметтейтінін айтып түсіндіреді Содан кейін педагог балаларды өз бетінше ойын жоспарын құруға шақырады, онда не, қалай және қалай болады. Бұл қызықты сюжетті дамыту үшін бірнеше идеялар ұсынуы мүмкін, бірақ оның негізгі мазмұнын балалардың өздері ойлап табуы керек. Ойын нұсқаларының бірі келесідей болуы мүмкін. «Қонақтар» келгенде, «үй иелері» оларды дұрыс орналастырады және ыңғайлы орындарды ұсынады. Шай ішу кезінде қонақтарды қызықты әңгімеге тартады, оларға жылы шыраймен қарайды: «Ішіңіз, жеңіз», «Мына пирогты жеп

		онда ол ұтылады және өзі қарсылас командаға кетеді. Содан кейін екінші топтың көшбасшысы ойынды жалғастырады. Ол ұқсас тапсырма береді (дауыспен таниды), ойын жалғасады. Ойынның соңында көп ойыншы бар топ жеңеді. **(дене шынықтыру)**	жалғасады. Ойынның соңында көп ойыншы бар топ жеңеді. **(дене шынықтыру)**	ойнайды, жетекші ересек адам. Тәрбиеші рөлдерді бөлуге көмектеседі және кейіпкерлердің орындалу ретін анықтайды Ойын әрекеттері: Ойын үйден басталады. Әже тоқаш пісірді. Ол орманға қарай домалап кетті. Онда ол қоянды, қасқырды, аюды кездестіріп, бәрінен аулақ кетті. Бір түлкі оны алдап жеп қойды. Нәтижесі. Тәрбиешінің көмегімен ертегіні сахналау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	көріңіз», «Шай немесе шырын тағы алғыңыз келе ме?». Шай ішіп болғаннан кейін «үй иелері» педагогтің көмегімен қонақтарды ұжымдық әндермен, жұмбақтармен, ашық ойындармен немесе ауызша ойындармен қуантады. Мұның бәрі «иелері» алдын-ала талқылап, дайындалып, кімнің қандай ойын-сауық өткізетінін дайындап қояды. Ойынның соңында педагог үй иелері немесе қонақтар жіберген барлық қателіктерді ұжымдық түрде талқылауы керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Серуенге дайындық 16.40-16.50	1.Алдағы іс-шараға арналған тапсырма: топты шығар алдында тәртіпке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау. 2. Киімді кию алгоритмін қайталау. 3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару – тәрбиешінің				

	өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.
Серуен **16.50-17.50**	Түскі бақылауды жалғастыру.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30**	Баламен серуендеу кезінде қауіпсіздік туралы ұмытпаңыз, күнде қызып кетпеңіз

Тексерілді

Жаз мезгіліндегі оқу-тәрбие циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Мағжан» Мад топ
Балалардың жасы: 5 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі : 07.08. - 11.08.2023ж.

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**07.08. - 11.08.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	07.08.2023	**08.08.2023**	**09.08.2023**	**10.08.2023**	**11.08.2023**
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 08.00-08.40	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес	**Еңбек: алаңды**	**Еңбек: құрғақ**	**Еңбек: күркелер**	**Еңбек: ойын**	**Еңбек: өсімдіктер**

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**тазарту.** Мақсат-міндеттер: еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**шөпті, бұталардың жанындағы қоқыстарды жинау.** Мақсат-міндеттер: ұжымдық еңбекке баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**мен жолдарды сумен себу.** Мақсат-міндеттер: шланг пен су құйғышты мұқият пайдалануғамашықтандыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**алаңын сыпыру.** Мақсат-міндеттер: ұжымдық жұмыста тәртіпті сақтауға машықтандыру. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**мен жапырақтарды қолөнер мен гербарийлерге жинау.** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің әртүрлілігі туралы білімдерін бекіту; еңбекке саналылықпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**
	Дидактикалық ойын «Қателесіп қалма?». Мақсат-міндеттер: жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту.	**Дидактикалық ойын** «Осы өлеңдер есіңде ме?» Мақсат-міндеттер: балалардың сөйлеу тілін дамыту. Ойын барысы. Тәрбиеші балаларға таныс өлеңдерден үзінділер оқиды.	**Дидактикалық ойын ««Экологиялық пирамида».** Мақсат-міндеттер: балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, эколргиялық	**"Домино" дидактикалық үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның	**Дидактикалық ойын «Гүл шоғын құрастыр».** Мақсат-міндеттер: бақшада, далада, орманда өсетін гүлдерді дұрыс тауып, аттарын есте сақтауға үйрету. Ойынның барысы.

	Ойынның мазмұны: Тәрбиеші күннің түрлі мезгілі туралы білімдерін бекіте отырып, балалармен әңгіме жүргізеді. Балалар таңертең, күндіз, кешкісін, түнде не істейтіндерін еске түсіреді. Сонан кейін тәрбиеші ойын ойнауды ұсынады: Балалар, қане былай істейік. Мен күннің бір мезгілін атаймын, ал сендер сол кезде не істейтіндеріңді еске түсіресіңдер. Мәселен, мен «таңертең» деп айтамын. Сендер қандай іс-қимылдарынды атайсындар? Балалар еске түсіреді: Оянамыз, амандасамыз, жуынамыз, тіс тазалаймыз,	Балалар жетіспейтін сөздер айту керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** **Қимылды ойын «Түрлі-түсті көліктер»** Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын дамыту. Балалар бөлменің қабырғасының жаңында тұрады. Олар -гараждағы көліктер. Әр ойнаушы қолдарына жалау немесе картоннан жасалған түрлі-түсті диск ұстап жүреді.Тәрбиеші	пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу. Ойынның ережелері. «Экологиялық пирамида» құрудың тәртібі. 6 текше қолданылады. Олардың төрт жағында суреттер бейнеленген, бесіншісі мен алтыншысында- «экологиялық пирамида деген жазу бар. Ойынның барысы. Тәрбиеші балаларға текшенің тірі және өлі табиғат бейнеленген беттерін көрсетеді. Бірінші беті – күн, жер, дәндер, тышқан, жылан, қаршыға. Екінші бетте – күн, жер, гүл, көбелек, шымшық, жапалақ.	атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. **(таным іс-әрекеті)** **Ұлттық ойын «Бес тас»** Мақсат-міндеттер:	Гүлдің кімге арналғанын, Қайда өсетінің және қалай аталатынын көрсету. Ойынның барысы. Тәрбиеші балалармен орманға, баққа, шағын далаға «экскурсия» жүргізіледі. Онда балаларды түрлі гүлдермен таныстырады. Бағбанның, көбелектің, Дәрігер Айболиттің суреттері қойылды. Бағбан бақтан, көбелек шағын даладан, ал Дәрігер Айболит орманнан гүл жинауды (өйткені олардың дәрілік қасиеттері бар) өтінеді. Гүлдердің суреттері араластырылады да, балаларға үлестіріліп беріледі. Олар кейіпкерлерге кезекпен келіп өз

	таранамыз. Дұрыс,- дейді тәрбиеші. – Бірақ ойын кезінде мен текше берген бала ғана жауап береді және тек бір әрекетті ғана айтады. Әрекетті атаған соң ол текшені өзге ойыншыға береді. Тәрбиеші күннің түрлі уақытын айтады, ал балалар жауап береді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** **"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті,	бөлменің ортасында тұрып, ойынаушыларға қарап тұрады, оның қолында 1 жалауша /2 немесе 3 бірге/, біреуін көтерген кезде сол түсті көліктердің жүрісін, дауысын келтіріп жүреді. Тәрбиеші жалауын түсірген кезде, көліктер тоқтап, бұрылып, гаражға барады. Ойын 4-6 рет қайталанады. Ұсыныс: тәрбиешіде қызыл түсті жалау болуы мүмкін. Байқаусызда ол жалауды көтереді-белгі бойынша барлық көліктер тоқталуы қажет. **(дене шынықтыру)**	Үшінші беті – күн, жер, шөп, орман, қоян, қасқыр, түлкілер. Төртінші беті – күн, су тоғаны және балдырлар, су жәндіктері, бақа мен балық, кірпі. Пирамида құрастырылғаннан кейін тәрбиеші балаларға әр сатының өз маңызы бар екенін айтады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** **Қимылды ойын: «Етек - етек»** Мақсат-міндеттер: топтан қалыспай тез қимылдауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: Балалар ішінен біреуі құс болады. Ал, басқалары бірінің	ойыншылардың бұлшық еттерін ширатып, дамытып қана қоймай, ептілікке, қырағылыққа, тез шешім қабылдауға, санауға, топтауға үйрету. «Бес тас» ойынының шарттары: Бестас ойыны 5 адам топ құрап ойнайды. Ойынға 5 домалақ тас немесе асық пайдаланылады. Ойынның мазмұны: Ойнаушылар ең алдымен, кім - кімнен кейін ойнайтынын өздері анықтайды. Ол үшін ойыншылар кезекпен бес тасты тобымен жоғары лақтырып, қолдың сыртымен тосып алады осы тәсілді бес рет қайталайды соңында алақанмен қаршып ұстайды. Қаршып	гүлдерін ұсынады. Тәрбиеші мен балалар сыйлықтарға баға береді**.** **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** **"Хан талапай" ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер**:** балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. Ойынға қызығушылығын арттыру**.** Ойынның шарты: Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояңдар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны

	қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды: - Сәлеметсіз бе! Кім боласыз? "Бояушы": - Мен бояушымын, Үстімде боялған		етегінен бірі ұстап, бастапқы баланың артынан жүреді. Етектен айырылып қалған баланы құс ұстап жеп қояды. Ол бала ойыннан шығарылады. Ал, ұстаңдар етектен, Айырылмаңдар жетектен, Біз шөжелер боламыз, Алдымызда анамыз. Кім айырылса етектен, Шығып қалса жетектен, Соны ұстайды қарақұс, Сол болады құсқа жем, Ұрынады қатерге, Ана сөзін екі еткен. **(дене шынықтыру)**	ұстау дегеніміз – тасты қолды еңкейте жоғарыдан төмен қарай қағып алу. Лақтырылған бес тасты қолдың сыртымен тосып алу және қаршып алу кезінде бірнеше тас жерге түсіп кетуі мүмкін. Кім көп тас қаршып алса, сол бірінші ойнау кезегіне ие болады. **(дене шынықтыру)**	тағайындап алыңдар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырыңдар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірін дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады. Керекті құралдар: асықтар. **(дене шынықтыру)**

	киімім. Алыстан келемін, Бояу үшін теңге беремін. "Бояуды сатушы": - Түсі қандай бояуды қалайсыз? Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады: - Бояудың бағысы қанша? - Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу"				

	ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. **(дене шынықтыру)**				
Таңертеңгі жаттығу 08.40-08.50	Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу. Жалпы дамыту жаттығулары кешені. 1. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде 1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол белде 1 - оңға еңкейіп, сол қолын басына қою; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқанды алға ұстау 1 - арқанмен бірге оңға бұрылу, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұрылу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау 4. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде 1 - 2 - отырып, қолдарын алға созу; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1 - 4 - дейін санау арқылы оң жаққа секіру, 5-8 санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 - екі аяқпен секіру, кідіріс жасап, жаттығуды 2-3 рет қайталау. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас 08.50-09.30	**Гигиеналық дағдылар**	**Гигиеналық дағдылар**	**Гигиеналық дағдылар**	**Гигиеналық дағдылар**	**Гигиеналық дағдылар**

	Балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тамақтану кезінде ас құралдарын дұрыс пайдалану қабілетін жетілдіру. **Көркем сөз** Денемді таза ұстап, Шомыламын ағынмен. Тамақ ішер алдында, Қол жуамын сабынмен. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	Балаларға дұрыс білім беру, үстел басында өзін дұрыс ұстау, тамақтану кезінде сөйлемеу, басқа балалардың мазасын алмау. **Көркем сөз** Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ. Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров) **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	Тазалыққа және ұқыпты тамақтануға тәрбиелеу, тамақтану кезінде үстелде тыныш отыруға, дұрыс қалыпты сақтауға үйрету. **Көркем сөз** Балабақша тәртібін, Барлығымыз сақтаймыз. Тәрбиеші үмітін, Болашақта ақтаймыз. Тамақтану әдебін, Жатқа біздер білеміз. Дастарханға отырып, Жеңімізді түреміз. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	Қажеттілігінше майлықты көбірек қолдану шеберлікті арттыру. **Көркем сөз** Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. Тамақтану үстінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгімен де орынды, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстайм қараңыз. Тамақтану тәртібін, Ұстанатын баламыз. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	Жабық ауызбен тамақтану қабілетін жетілдіру, тағамды үнсіз шайнауды үйрету **Көркем сөз** Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.30-10.25	**Жаңылтпаштарды қайталау.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, есте сақтау қабілетін	**"Теңіз толқиды" аз қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі бойынша орындау,	**"Фант" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың белгілі тақырып бойынша түсініктерін	**"Қатені түзе"дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: әрекеттердің дұрыс	**"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер:

	дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық таныту. Белгі бойынша екі аяқпен секіру;ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту. **(дене шынықтыру)**	нақтылау, сол тақырып бойынша тақпақты, жаңылтпашты, мақалды, санамақта, жұмбақты еске түсіріп айтуға ынталандыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар, шеңберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты сөздерді кезегімен айтып жатады. Егер біреу ойланып, тоқтап қалса немесе алдында айтылған сөзді қайталаса, осы тақырыпқа байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**	реттілігін орнатуға үйрету. Ойын барысы: баланың алдына суреттер жиынтығы жатады, бірақ суреттердің бірі өз орнында жатқан жоқ. Бала қатені тауып, суретті өз орнына орналастырады да, кейін өзінің суреттер жиынтығы бойынша әңгіме құрастырады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**	есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Білім беру ұйымының кестесі	**Дене шынықтырудан**	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**	**Қоршаған ортамен таныстырудан**	**Сөйлеуді дамытудан ойын-**	**Жапсырудан ойын-жаттығу**

бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.25	**ойын-жаттығу** "Шеңберге бірге тұрайық" Мақсат-міндеттер: Балаларды кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден аттап жүру; бағытсыз ирелеңдеп жүгіру; жіптің бойымен басына қапшықты қойып, бір жақ жанымен қырындап адымдап жүру дағдыларын дамыту; педагогтың тапсырмаларын орындай отырып, жүру және жүгіру кезінде сапта тұрып бір қатардан үш қатар құру іскерліктерін жетілдіру.	"Абайла бағдаршам!" Мақсат-міндеттер: Балаларда бағдаршам туралы білімдерін толықтыру; жол белгілерін ажырата білу дағдысын қалыптастыру; алған білімдерін іс жүзінде қолдануға қызығушылықтарын тудыру; балаларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Қасиетті домбыра" Мақсат-міндеттер: Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Белсенділікке, ынтымақтастық	**ойын-жаттығу** "Қызықты дала ойындары" Мақсат-міндеттер: Балалардың салауатты өмір салтын, ойындарға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, шығармашылық және коммуникативті қабілеттерін, есте сақтау қабілетін, балалардың қиялын дамытуға ықпал ету;ептілік, икемділік, жылдамдық қасиеттерін жақсарту. **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Сиқырлы жіп орамдары" Мақсат-міндеттер: Балаларды сурет салудың дәстүрден тыс - сиқырлы жіп және жіптік аппликация	**жаттығу** «Жеке тәжірибеден шығармашылық әңгіме құрастыру» тақырыбы «Мен жазда қалай демалдым» Мақсат-міндеттер: Тірек суреттерді қолдана отырып, балаларды жеке тәжірибесінен әңгімелер құрастыруға үйрету, сөйлемдегі сөздерді дұрыс үйлестіру қабілетін байланыстра сөйлеу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру; байланыстырып, жүйелі, мазмұнды әңгімелеуге қалыптастыру; сөйлеу тілін жетілдіру, сөздігін байыту, сөйлемдерді дұрыс құрып, өз ойын айқын, дәл жеткізуге үйрету;	"Балабақшаға жаз келді" Мақсат-міндеттер: Балаларға әр түрлі техникалар мен материалдарды қолдана отырып, қағаз және қағаз майлықтардан жаз тақырыбына композиция жасауға үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылыққа, табандылыққа және еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

		қабілеттілікке, музыкалық және шығармашылық ойын шараларына белсенді қатысуға деген ұмтылысқа тәрбиелеу.	техникасымен таныстыруды үйрету; образды көру мен қабылдау дағдысын қалыптастыру; саусақ моторикасын жақсарту, қол бұлшықеттерін нығайту; есте сақтауды жаттықтыру, зейіндерін тұрақтандыру; қиялдарын, көру қабілеттерін дамыту; тиянақтылыққа, эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.	адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу; балалардың сабаққа деген позитивті көзқарасын, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру, алған әсерлерімен бөлісуге, әңгімелеуішіні тыңдай білуге тәрбиелеу.	
Серуенге дайындық 10.25-10.40	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Таңертеңгі жаттығу 08.40-08.50	Міне, бүгін ойнадық Ойнадық та, ойладық. Көжектер боп жүгіріп, Сәбіздерді жинадық. Бүгін жаттығу жаңаша, Қалмадық біз оңаша, Біздің балабақшада, Күнде осындай тамаша! Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу. Жалпы дамыту жаттығулары кешені. ""Қара жорға"". 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1- оң аяқты алға созып, оңға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - сол аяқты алға созып, солға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). 3. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1 - сол аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу;				

	3 - оң аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). 4. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1- екі аяқты бірге ұстап, қолды 2 жаққа соза, иықты қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). 5. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1 - аяқты айқастыра тұрып, қолды белге ұстап, иықты алға, артқа қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). 6. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - екі аяқты кезек көтеріп, қолды белге ұстап, орнында шоқырақтау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **08.50-09.30**	**Гигиеналық дағдылар** Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі. **Көркем сөз** Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дәндер	**Гигиеналық дағдылар** Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі. **Көркем сөз** Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында,		**Гигиеналық дағдылар** Майлықты қолдануды үйрену, нанды қопсытпау, орындықты итеру, тамақ үшін алғыс айту, аузыңды шайып алу, тамақ қабылдауға жағымды қатынасты тәрбиелеу. **Көркем сөз** Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған	

	салам. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезіңде, Жуын тұрған мезгілде. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**		мезгілде. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.30-10.25	Жаңылтпаштарды қайталау және жаттау	"Жәндіктер" тақырыбына иддюстрациялар қарау.			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.25	Жазғы ойын-сауықтар	Жазғы ойын-сауықтар		Жазғы ойын-сауықтар	
Серуенге дайындық 10.25-10.40	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.40-12.20	**Күнді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: күнді, оның өсімдіктер, ағаштар,	**Құмырсқаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: құмырсқалардың		**Көгершінді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: құс әлемі туралы	

	жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен өсімдік тіршілігі үшін құндылығын көрсету. **Көркем сөз** Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! **Еңбек: құм жәшіктерін құммен толтыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың бойына еңбекке деген құштарлығын ояту. **"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің нұсқау-	пайда болу ерекшеліктері, олардың тіршілік көріністері туралы білімдерін кеңейту; сыртқы дүниеге деген қызығушылықты ояту**.** **Жұмбақ жасыру**. Қатар - қатар қара нар, Аспанменен бара бар, Алды биік, арты жар. /Құмырсқа/. **Көркем сө**з Қаламайды құмырсқа Қаңғыруды, билеуді. Тыным алмай, ырысқа Толтырады илеуді. Тапқан заты ауыр боп, Түссе бірі әлекке, Қауымдасқан бауыр кеп, Келеді тез көмекке. Ауыртпалық көрмедім Олар алып		білімдерін пысықтау, адамның оларға қамқор болып, қорғау шаралары туралы түсініктерін жетілдіру. **Бақылау барысы** Педагог балаларға жұмбақтар жасайды, сұрақтарға жауап беруді ұсынады. Қанат қағып шарықтап, Мұхит асып қалықтап, Шарлап бүкіл әлемді, Шаттандырып әр елді Бейбіт күнге сән болған, Бұл қандай құс ән болған? (Көгершін) Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты, Ұшқырлардың жүйрігі. (Қарлығаш) - Олар қайда тіршілік етеді? - Олар нені шоқып жегенді жақсы көреді?	

	бұйрықтарын тыңдай білуге дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады. Педагог: "Қарақұс!" деп, белгі берген кезде, "қарақұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі	жықпайтын. Қиындық аз дер едім Түбі жеңіп шықпайтын. Неге? Айтсақ дұрысын: Демей ұсақ, ірісің, Бірі істейді бәрі үші, Бәрі істейді бірі үшін! (Қадыр Мырза Али**)** **Еңбе**к: алаңдағы жерді қопсыту Мақсат-міндеттер: келесі жылы тұқым отырғызуға жерді дайындауды үйрету. **Қимылды ойын «Қақпан», «Аттар». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жылдамдық пен төзімділікті дамыту **Жеке жұмыс**: баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру. Мақсат-міндеттер: төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу		- Оларды кім қоректендіреді? - Көгершіндер қайда мекендейді? Өте ерте кезден-ақ көгершіндер бейбітшілік пен достық құсы деп саналған. Ол өте әдемі және адамдарға тез бауыр басады. Көгершіндердің ерекше қасиеті олар өз үйлерін қанша қашықта болса да іздеп табады. **Көркем сөз:** Құстар менің достарым, Жемін, суын керекгін, Құспен қызық аспаным. Күнде апарып беремін Үйшік жасай білемін. Олар мәз боп қалады, Ағаштарға ілемін. Шаттық әнге салады. - Қандай құстар алаңға келіп қонады?	

	қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар да қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тек тізбекті бұзбауға тиіс. Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына" алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң ойын жүргізушілер қайта сайланып, ойын қайта басталады. Педагог ойынның алдында балалармен қауіпсіздік ережелерін қайталау керек. **Жұмбақ.** Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты, Ұшады кешке дейін дамыл таппай... (Күн) **Болжам.** Батар күн қызыл шапаққа малынып барып			**Зерттеу қызметі** Кептер мен торғайды салыстыру **Еңбек: балабақша аумағына жем салғыш ілу.** Мақсат-міндеттер: еңбек әрекетін орындауға үйрету. **"Ұшады, секіреді, жүзеді" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсаты: балаларды жүкіруге үйрету, құстардың, аңдардың, балықтардың аттарын есте сақтау **Жаттығу ойындары: «Қаданы (кегли) құлат». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: допты нысанаға лақтыру, дәлдіктерін дамыту. **Халық болжамы:** - Құс жүнін үрпитсе, жауын болады;	

	ұясына кірсе, ертеңінде шыжыған ыстық болатынын білдіреді. **Еркін ойын: "Қу түлкі".** Мақсат-міндеттер: жүгіру қабілетін дамыту.			- Жыл құстары кеш ұшса, қыс жылы болады; - Құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады. **"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды.	

				Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. **"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны. (дене**	

				шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа,ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі. Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі. Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).	

				Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады. Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады. Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді. Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді. Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді.	

				Ұтылған бала ойыннан шығып қалады. Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі. Еркін ойындар.	
Серуеннен оралу **12.20-12.35**	Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер: - учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу; - балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату; - ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру; - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою; Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас **12.35-13.20**	**Гигиеналық дағдылар** Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі. **Көркем сөз**	**Гигиеналық дағдылар** Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі. **Көркем сөз**		**Гигиеналық дағдылар** Майлықты қолдануды үйрену, нанды қопсытпау, орындықты итеру, тамақ үшін алғыс айту, аузыңды шайып алу, тамақ	

	Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дәндер салам. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезіңде, Жуын тұрған мезгілде. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**		қабылдауға жағымды қатынасты тәрбиелеу. **Көркем сөз** Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезіңде, Жуын тұрған мезгілде. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	
Күндізгі ұйқы 13.20-15.30	Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-15.50	**Біртіндеп ұйқыдан тұр**у (музыка ақырын ойнап тұр). Бойымызды жазайық Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық Ұйқымызды ашайық! Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді.				

	Балалар ұйқыдан оянады. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас **15.50-16.10**	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40**	**"Не естігеніңді айт?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: жауаптарда толық сөйлемдерді қолдануға үйрету; сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын барысы. Педагог балаларға көздерін жауып, мұқият тыңдауларын (құстардың дауысы, машина сигналы, адамдардың әңгімелескен дыбыстары т.б.) және нені естігендерін анықтауларын өтінеді. Балалар толық сөйлеммен жауап берулерін талап ету керек. Кім ең көп естіген	**"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін бекіту, жүйелеу Ойын барысы. Педагог балалармен әңгімелесу барысында айналамыздағы заттардың адам қолынан шыққаны немесе табиғатта сол күйінде кездесетіні, оларды адамдардың пайдалануы туралы балалардың білімдерін анықтайды. Мәселен, орман, көмір, мұнай, газ табиғатта сол күйінде болады, ал		**"Дорбада не бар екенін тап?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: сипап сезінетін белгілерді сипаттау. Ойын барысы. Тәрбиеші көкөністер мен жемістерді дорбаға салады. Бала қолында болған нәрсені сипап сезінуі керек және бұл туралы жұмбақ жасау керек, сонда балалар жүргізушінің қолында не бар екенін болжай алады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** **"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.**	

	сөзді атайды, сол жеңімпаз болып саналады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** **"Сүйікті кітаптарыңыздың кейіпкерлерімен бірге саяхат" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалар жазушыларына деген қызығушылықтарын ояту. Ертегі кейіпкерінің рөлін қабылдау қабілетін дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**	үрейлерді, зауыттарды, көлік құралдарын адам жасайды. «Адам қандай заттарды жасаған?» - деп тәрбиеші сұрақ қойып, ойынға қатысушылардың біріне бір затты береді (немесе доп лақтырады). Балалардың бірнеше жауабынан кейін ол жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені жаратқан?». Ойын барысында тәрбиеші балалармен адамзат табиғатты адамдар жақсы өмір сүру үшін пайдаланатыны, сонымен қатар орманды өрттен қорғап, су тоғандарын, өзендер мен көлдерді тазартып, құстар мен жануарларды күзетіп, табиғатты аялайтыны туралы қысқа әңгіме		Мақсат-міндеттер: ұжымдық әрекеттерді үйлестіруді дамыту; кеңістікті бағдарлауды үйрету. Ойын барысы. Мысық пен тышқанды таңдағаннан кейін, қалған ойыншылар шеңберге тұрып, қолдарын біріктіреді. Мысық шеңбердің артында, тышқан оның ішінде. Мысық басқа ойыншылар күзететін тышқанға өтуге тырысады: олар мысықтың төменгі жағынан өтіп кетуіне жол бермейді, қолдарын төмен түсіреді; жабық қолдарынан көтеріп, оның секіруіне жол бермеуге тырысады. Ойын мысық тышқанды ұстап алғанға дейін жалғасады.	

		өткізеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** **"Жер, су, ауа" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Шапшаңдыққа баулу. **(дене шынықтыру)**		**(дене шынықтыру)**	
Серуенге дайындық 16.40-16.50	1.Алдағы іс-шараға арналған тапсырма: топты шығар алдында тәртіпке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау. 2. Киімді кию алгоритмін қайталау. 3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару – тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.				
Серуен 16.50-17.50	Түскі бақылауды жалғастыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналармен «Тазалық - денсаулық кепілі»	Ана-аналарға кеңес: "Балаларды жаңа оқу жылының тәртібіне			

18.00-18.30	тақырыбында әңгіме	дайындау".			

«Мағжан» бөбекжайы МКҚК

2022-2023 жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Көжек» кіші топ

Тәрбиешілер: Бердибекова П. Умбетова Л.

2022-2023жж

2023 жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Мағжан» бөбекжайы

Топ: «Көжек» кіші жас топ

Балалардың жасы: 2 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: маусым айы, 2023 жыл.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Маусым	Дене шынықтыру	- негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау; - жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; - салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. **Қимылды ойындар.** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты

		секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). **Дербес қимыл белсенділігі.** Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.** Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.
	Сөйлеуді дамыту	- көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту; - дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту; - пассивті және белсенді сөздік қорды байыту; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. **Байланыстырып сөйлеу.** Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
	Көркем әдебиет	- қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу; - кітаптарға қызығушылықты дамыту; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.

		Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.
	Сенсорика	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - түрлі сенсорлық әсерлермен байыту; - қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту; - түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту; - заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу. Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	- қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу; - аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу; - өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу; - отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; - әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру; - табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту; - өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету; - табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау). - құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау. **Бала, оның отбасы, үйі.** Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал етуді пысықтау. **Көлік.** Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыруды пысықтау. **Еңбекке баулу.** Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйретуді пысықтау. **Адамгершілік тәрбиесі.** Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыруды пысықтау.

		Табиғат әлемі. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
	Құрастыру	- заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру; - құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.
	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.
	Мүсіндеу	- материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.
	Жапсыру	- желімсіз жапсыру техникасын игеру. Фланелеграфта доптарды орналастыру.
	Музыка	- музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; - балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; - көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу. Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. **Музыка тыңдау.** Фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білуді пысықтау. **Ән айту.** Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізуді пысықтау.

		Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қарапайым би қимылдарын орындау: шапалақтау және аяқты тарсылдатуды пысықтау.

2023 жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Көжек» кіші жас топ
Балалардың жасы: 2 жастан.
Жоспардың құрылу кезеңі: шілде айы, 2023 жыл.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Шілде	Дене шынықтыру	- негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау; - жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; - салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. **Қимылды ойындар.** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). **Спорттық жаттығулар.** ***Велосипед тебу:*** үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. **Дербес қимыл белсенділігі.**

		Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.** Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.
	Сөйлеуді дамыту	- көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту; - дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту; - пассивті және белсенді сөздік қорды байыту; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. **Сөздік қорды қалыптастыру.** Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. **Байланыстырып сөйлеу.** Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
	Көркем әдебиет	- қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу; - кітаптарға қызығушылықты дамыту;

		- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.
	Сенсорика	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - түрлі сенсорлық әсерлермен байыту; - қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту; - түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту; - заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауды пысықтау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	- қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу; - аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу; - өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу; - отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; - әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру; - табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту; - өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету; - табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау). - құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау. **Бала, оның отбасы, үйі.** Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал етуді пысықтау. **Заттық әлем.** Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулуды пысықтау. **Көлік.** Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыруды пысықтау. **Еңбекке баулу.** Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі,

		сүлгілерді ауыстырады) үйретуді пысықтау. **Адамгершілік тәрбиесі.** Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулуды пысықтау. **Табиғат әлемі.** Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасауды пысықтау.
	Құрастыру	- заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру; - құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауды пысықтау.
	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасауды пысықтау.
	Мүсіндеу	- материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табуды пысықтау.
	Жапсыру	- желімсіз жапсыру техникасын игеру. Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыруды пысықтау.
	Музыка	- музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; - балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; - көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу. Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулуды пысықтау. **Музыка тыңдау.**

		Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтауды пысықтау. **Ән айту.** Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізуді пысықтау. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналауды пысықтау.

2023 жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Мағжан» бөбекжайы
Топ: «Көжек» кіші жас топ
Балалардың жасы: 2 жастан.
Жоспардың құрылу кезеңі: тамыз айы, 2023 жыл.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Тамыз	Дене шынықтыру	- негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау; - жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; - салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). **Қимылды ойындар.** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға

		ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). **Спорттық жаттығулар.** ***Велосипед тебу:*** үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. **Дербес қимыл белсенділігі.** Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.** Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.
	Сөйлеуді дамыту	- көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту; - дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту; - пассивті және белсенді сөздік қорды байыту; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. **Сөздік қорды қалыптастыру.** Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. **Байланыстырып сөйлеу.**

		Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
	Көркем әдебиет	- қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу; - кітаптарға қызығушылықты дамыту; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамытуды пысықтау.
	Сенсорика	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - түрлі сенсорлық әсерлермен байыту; - қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту; - түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту; - заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беруді пысықтау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	- қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу; - аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу; - өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу; - отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; - әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру; - табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту; - өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету; - табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау). - құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау.

		Бала, оның отбасы, үйі. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету. **Заттық әлем.** Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану. **Көлік.** Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. **Еңбекке баулу.** Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) пысықтау. **Адамгершілік тәрбиесі.** Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. **Табиғат әлемі.** Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерін қайталау.
	Құрастыру	- заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру; - құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.
	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
	Мүсіндеу	- материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға пысықтау.
	Жапсыру	- желімсіз жапсыру техникасын игеру. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген

		бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) пысықтау.
	Музыка	- музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; - балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; - көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу. Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. **Музыка тыңдау.** Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарын тануды пысықтау. **Ән айту.** Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.

«Мағжан» бөбекжайы МКҚК

2022-2023 жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің циклограммасы

«Көжек» кіші топ

Тәрбиешілер: Бердибекова П. Умбетова Л

2022-2023жж

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы				
Топ/сынып	**Кіші топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Көжек» кіші				
Балалардың жасы	**2 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Бердибекова П. Умбетова Л.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**29.05 - 02.06.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
				01.06.23ж	02.06.23ж
Күн тәртібі					
Балаларды	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы				

қабылдау 8.00-8.35	алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 8.00-8.35	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8.00-8.35				**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: "Шешіну бөлмесіндегі шкаф ішіндегі тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірлесіп)** Мақсат-міндеттер: балаларды әркімнің жеке өз киім шкафын ұқыпты, таза ұстауға үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сүрту және қайтадан киім - кешекті ұқыптап бүктеп, тиісті орындарына орналастыру. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, өсімдіктердің топырағының қалпына көңіл аударту, егер топырағы құрғап кетсе, суқұйғышпен өсімдіктерді суару.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**
				Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген	**"Балабақша қалайық" құрастыру ойыны.** Мақсат-міндеттер: текшелер, кірпіштер, призмалар арқылы "балабақша"

				сенімділікті арттыру. Көмекшілер көп менде, Күнде еңбектенеді. Тыным таппай күніге, Маған көмектеседі. Бір, екі, үш, төрт, бес, Демалайық, отыр тез. Әрлі - берлі қозғалды, Тырсылдатты жан - жақты. Бір, екі, үш, төрт, бес, Жұмысқа кіріс тез. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**	ғимаратын салуға ынталандыру; жазықтықты, кеңістікті бағдарлау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Балалар құрылыс материалдардан "балабақша" құрастырады. **(құрастыру, сенсорика)**
Таңертеңгі жаттығу 8.35-8.45	**Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығуы.** Оянайық, тұрайық, Жаттығу орындайық. Терезені ашайық, Таза ауа жұтайық. Ауыртпайды ағзаны, Таза ауа пайдалы! **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас 8.45-9.00	**"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту. **Көркем сөз.** Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! Тусипжанова-Шагирова А. Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыруын сұрайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 9.00-9.10				**Балабақшадағы дұрыс мінез-құлық ережелері туралы әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: қауіпсіздік, тазалық, әдептілік ережелерін есте сақтауға бейімдеу. Шашылған ойыншықтар біреудің құлауына, жарақат алуына себеп болуы мүмкін. Топтағы тәртіп тек тазалық үшін ғана емес, сонымен бірге қауіпсіздік үшін де қажет! Терезеге, үстелге және шкафтарға өрмелеуге, үстіне шығуға болмайды. Егер бірдеңені ала алмай, қолың жетпей жатса, тәрбиешіге өтініш білдір! Топта, жатын бөлмеде және қабылдау бөлмесінде жүгіру өте қауіпті: жиһаздың өткір, үшкір бұрыштары жарақат алуға әкелуі	**Балабақшадағы дұрыс мінез-құлық ережелері туралы әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: балабақша ережелеріне бейімдеу; ережелерді қажет ретінде қабылдауға баулу. Шашылған ойыншықтар біреудің құлауына, жарақат алуына себеп болуы мүмкін. Топтағы тәртіп тек тазалық үшін ғана емес, сонымен бірге қауіпсіздік үшін де қажет! Терезеге, үстелге және шкафтарға өрмелеуге, үстіне шығуға болмайды. Егер бірдеңені ала алмай, қолың жетпей жатса, тәрбиешіге өтініш білдір! Топта, жатын бөлмеде және қабылдау бөлмесінде жүгіру өте қауіпті: жиһаздың өткір, үшкір бұрыштары

				мүмкін, басқа баламен соқтығысып, қатты жарақат алу қауіпі бар! Кішкентай ойыншықтарды ауызға салуға болмайтынын айту. **(сөйлеуді дамыту)**	жарақат алуға әкелуі мүмкін, басқа баламен соқтығысып, қатты жарақат алу қаупі бар! Кішкентай ойыншықтарды ауызға салуға болмайды - оларды байқамай жұтып, қақалып қалуға болады! Орындықта тербетіліп отыруға болмайды! Тепе-теңдікті сақтай алмай, құлап, соққы аласыңдар! Сумен ойнағанда, еденге су төгіліп кетпеуін қадағала. Дымқыл еден өте тайғақ болады, сондықтан сен үшін өте қауіпті! Тамақтану кезінде сөйлесуге болмайды, тамақты мұқият шайнау қажет! Аяқ киім әрқашан тағулы және ыңғайлы, ұзын бауларсыз болуы керек!

					Қайғылы оқиғаны болдырмау үшін балабақшаға сағыз әкелуге тыйым салынады! **(сөйлеуді дамыту)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.10-10.15				**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Түрлі-түсті көпір" Мақсат-міндеттер: Балаларда гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығу дағдыларын дамыту; өз беттерімен бір-бірлеп өрмелеу арқылы қайтадан түсе білу дағдысын жетілдіру; гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, ептілік қабілеттерін дамыту; оқу қызметінде белсенділіктерін арттыру. **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** ""Түлкі мен ешкі" ертегісі" Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін мінез-құлқын айту барысындағы дауыс екпіннің құбылуын дұрыс қабылдай білуге; ертегінің мазмұнын түсініп, тыңдай білуге үйрету; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру; тілін, сөздік қорларын дамыту; шығарманың мағынасын түсіну, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасы негізінде адамгершілікке тәрбиелеу.

				"Айжанға гүл шоғын жинауға көмектес" Мақсат-міндеттер: Гүлге деген танымдық қызығушылықты қалыптастыру; гүлдердің атауын атай отырып, балалардың зейінін, сөйлеу қабілетін дамытуды жалғастыру; гүлге деген құрмет сезімін тәрбиелеу; адамгершілік қасиеттер - қайырымдылық, шыдамдылық.	**Музыкадан ойын-жаттығу "Қош келдің, жаз!"** Мақсат-міндеттер: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір-бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу.
Серуенге дайындық 10.15-10.25	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.25-11.00				**Ағаштар мен бұталарды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: сырт келбетіне қарап, жапырақ құрылымына қарап ағаштар мен бұталарды ажырата білуге үйрету, өмірдегі сұлулықты	**Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: жазғы табиғаттың жай-күйі туралы түсінік қалыптастыру. Маусымдық киім-кешек атауларын бекіту. Негізгі мазмұны: Жаз мезгілінде күннің

				көре білу және табиғатқа тамсана алу қабілеттерін қалыптастыру. **Дидактикалық тапсырма:** өсімдіктің бұтағы: жапырағы, гүлі, діңі/ қайда екенін көрсетші. Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің бөліктерін ажырата білуге, түстерін ажырата алуға үйрету. **Дене шынықтырудан жеке жұмыс.** Мақсат-міндеттер: балаларды көлбеу тақтада жүруге, бастың артынан лақтыруға жаттықтыру, балаларды батылдыққа және ептілікке тәрбиелеу. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** құмды бір жерге үйіп, жинап, шелекке салып құмсалғышқа әкелу. Мақсат-міндеттер:	қаттырақ қыздыратынына назар аудартып, сол себептен балалар жеңіл киініп жүретінін түсіндіру. Күнге қарау оңай ма деген сұрақ қою. Неге? Ол жарық, сары, көзді аштыртпайды. Жазда көп адамдар күннен қорғайтын көзәйнек киеді, себебі күннің көзі қатты түскенде көздері ауырмас үшін. Көркем сөз. Күн күлімдеп қарайды терезеге, Нұрын шашты жарқыратып бөлмеге. Күнге мәз боп қуанамыз бәріміз, Қуаныштан алақанды соғамыз. Күн ыстықта жеңіл киім киеміз, Күн өтпеске қалпақ киіп жүреміз. Суға түсіп, қыздырынып, демалып,

				балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу. **"Карусель" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бірінің артынан әртүрлі қарқында жүгіруге, қимылдарын ойын мәтінімен үйлестіріп орындауға үйрету. "Аққайың ау, жасылсың да, бұйрасың" шеңберде тұрып ойнайтын ойыны. Мақсат-міндеттер: әдемі әуенді тыңдап, әнге қосылып, қарапайым би қимылдарын орындауға деген құлшынысын арттыру.	Тату ойнап, дос боп өмір сүреміз! Тусипжанова-Шагирова А. **"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша қимылдауға, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап жүріп жаттығу орындау қабілеттерін дамыту.
Серуеннен оралу 11.15-11.35	Балаларды жүйелі түрде шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне қоюға, қолдарын жууға үйрету.				
Түскі ас 11.35-12.00	**Гигиеналық дағдылар** Ойын жаттығуы: Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетіңді жу"". Мақсаты: дұрыс жуыну дағдысын қалыптастыру, баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Көркем сөз.				

	Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Осы сөздерден кейін балалар таңғы ас ішуді бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруын сұрау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы 12.00-14.50	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 14.50-15.15	Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру. «Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, мөлдір суға бетіңді жу» ойын жаттығулары. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.15-15.45	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8.00-8.35				**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: "Шешіну бөлмесіндегі шкаф ішіндегі тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірлесіп)** Мақсат-міндеттер: балаларды әркімнің жеке өз киім шкафын ұқыпты, таза ұстауға үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сүрту және қайтадан киім - кешекті ұқыптап бүктеп, тиісті орындарына орналастыру. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, өсімдіктердің топырағының қалпына көңіл аударту, егер топырағы құрғап кетсе, суқұйғышпен өсімдіктерді суару.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**
				Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген	**"Балабақша қалайық" құрастыру ойыны.** Мақсат-міндеттер: текшелер, кірпіштер, призмалар арқылы "балабақша"

				сенімділікті арттыру. Көмекшілер көп менде, Күнде еңбектенеді. Тыным таппай күніге, Маған көмектеседі. Бір, екі, үш, төрт, бес, Демалайық, отыр тез. Әрлі - берлі қозғалды, Тырсылдатты жан - жақты. Бір, екі, үш, төрт, бес, Жұмысқа кіріс тез. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**	ғимаратын салуға ынталандыру; жазықтықты, кеңістікті бағдарлау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Балалар құрылыс материалдардан "балабақша" құрастырады. **(құрастыру, сенсорика)**
Таңертеңгі жаттығу 8.35-8.45	**Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығуы.** Оянайық, тұрайық, Жаттығу орындайық. Терезені ашайық, Таза ауа жұтайық. Ауыртпайды ағзаны, Таза ауа пайдалы! **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас 8.45-9.00	**"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту. **Көркем сөз.** Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! Тусипжанова-Шагирова А. Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыруын сұрайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 9.00-9.10				**Балабақшадағы дұрыс мінез-құлық ережелері туралы әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: қауіпсіздік, тазалық, әдептілік ережелерін есте сақтауға бейімдеу. Шашылған ойыншықтар біреудің құлауына, жарақат алуына себеп болуы мүмкін. Топтағы тәртіп тек тазалық үшін ғана емес, сонымен бірге қауіпсіздік үшін де қажет! Терезеге, үстелге және шкафтарға өрмелеуге, үстіне шығуға болмайды. Егер бірдеңені ала алмай, қолың жетпей жатса, тәрбиешіге өтініш білдір! Топта, жатын бөлмеде және қабылдау бөлмесінде жүгіру өте қауіпті: жиһаздың өткір, үшкір бұрыштары жарақат алуға әкелуі	**Балабақшадағы дұрыс мінез-құлық ережелері туралы әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: балабақша ережелеріне бейімдеу; ережелерді қажет ретінде қабылдауға баулу. Шашылған ойыншықтар біреудің құлауына, жарақат алуына себеп болуы мүмкін. Топтағы тәртіп тек тазалық үшін ғана емес, сонымен бірге қауіпсіздік үшін де қажет! Терезеге, үстелге және шкафтарға өрмелеуге, үстіне шығуға болмайды. Егер бірдеңені ала алмай, қолың жетпей жатса, тәрбиешіге өтініш білдір! Топта, жатын бөлмеде және қабылдау бөлмесінде жүгіру өте қауіпті: жиһаздың өткір, үшкір бұрыштары

				мүмкін, басқа баламен соқтығысып, қатты жарақат алу қауіпі бар! Кішкентай ойыншықтарды ауызға салуға болмайтынын айту. **(сөйлеуді дамыту)**	жарақат алуға әкелуі мүмкін, басқа баламен соқтығысып, қатты жарақат алу қаупі бар! Кішкентай ойыншықтарды ауызға салуға болмайды - оларды байқамай жұтып, қақалып қалуға болады! Орындықта тербетіліп отыруға болмайды! Тепе-теңдікті сақтай алмай, құлап, соққы аласыңдар! Сумен ойнағанда, еденге су төгіліп кетпеуін қадағала. Дымқыл еден өте тайғақ болады, сондықтан сен үшін өте қауіпті! Тамақтану кезінде сөйлесуге болмайды, тамақты мұқият шайнау қажет! Аяқ киім әрқашан тағулы және ыңғайлы, ұзын бауларсыз болуы керек!

					Қайғылы оқиғаны болдырмау үшін балабақшаға сағыз әкелуге тыйым салынады! **(сөйлеуді дамыту)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.10-10.15				**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Түрлі-түсті көпір" Мақсат-міндеттер: Балаларда гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығу дағдыларын дамыту; өз беттерімен бір-бірлеп өрмелеу арқылы қайтадан түсе білу дағдысын жетілдіру; гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, ептілік қабілеттерін дамыту; оқу қызметінде белсенділіктерін арттыру. **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** ""Түлкі мен ешкі" ертегісі" Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін мінез-құлқын айту барысындағы дауыс екпіннің құбылуын дұрыс қабылдай білуге; ертегінің мазмұнын түсініп, тыңдай білуге үйрету; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру; тілін, сөздік қорларын дамыту; шығарманың мағынасын түсіну, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасы негізінде адамгершілікке тәрбиелеу.

				"Айжанға гүл шоғын жинауға көмектес" Мақсат-міндеттер: Гүлге деген танымдық қызығушылықты қалыптастыру; гүлдердің атауын атай отырып, балалардың зейінін, сөйлеу қабілетін дамытуды жалғастыру; гүлге деген құрмет сезімін тәрбиелеу; адамгершілік қасиеттер - қайырымдылық, шыдамдылық.	**Музыкадан ойын-жаттығу "Қош келдің, жаз!"** Мақсат-міндеттер: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір-бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу.
Серуенге дайындық 10.15-10.25	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.25-11.00				**Ағаштар мен бұталарды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: сырт келбетіне қарап, жапырақ құрылымына қарап ағаштар мен бұталарды ажырата білуге үйрету, өмірдегі сұлулықты	**Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: жазғы табиғаттың жай-күйі туралы түсінік қалыптастыру. Маусымдық киім-кешек атауларын бекіту. Негізгі мазмұны: Жаз мезгілінде күннің

				көре білу және табиғатқа тамсана алу қабілеттерін қалыптастыру. **Дидактикалық тапсырма:** өсімдіктің бұтағы: жапырағы, гүлі, діңі/ қайда екенін көрсетші. Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің бөліктерін ажырата білуге, түстерін ажырата алуға үйрету. **Дене шынықтырудан жеке жұмыс.** Мақсат-міндеттер: балаларды көлбеу тақтада жүруге, бастың артынан лақтыруға жаттықтыру, балаларды батылдыққа және ептілікке тәрбиелеу. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** құмды бір жерге үйіп, жинап, шелекке салып құмсалғышқа әкелу. Мақсат-міндеттер:	қаттырақ қыздыратынына назар аудартып, сол себептен балалар жеңіл киініп жүретінін түсіндіру. Күнге қарау оңай ма деген сұрақ қою. Неге? Ол жарық, сары, көзді аштыртпайды. Жазда көп адамдар күннен қорғайтын көзәйнек киеді, себебі күннің көзі қатты түскенде көздері ауырмас үшін. Көркем сөз. Күн күлімдеп қарайды терезеге, Нұрын шашты жарқыратып бөлмеге. Күнге мәз боп қуанамыз бәріміз, Қуаныштан алақанды соғамыз. Күн ыстықта жеңіл киім киеміз, Күн өтпеске қалпақ киіп жүреміз. Суға түсіп, қыздырынып, демалып,

				балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу. **"Карусель" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бірінің артынан әртүрлі қарқында жүгіруге, қимылдарын ойын мәтінімен үйлестіріп орындауға үйрету. "Аққайың ау, жасылсың да, бұйрасың" шеңберде тұрып ойнайтын ойыны. Мақсат-міндеттер: әдемі әуенді тыңдап, әнге қосылып, қарапайым би қимылдарын орындауға деген құлшынысын арттыру.	Тату ойнап, дос боп өмір сүреміз! Тусипжанова-Шагирова А. **"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша қимылдауға, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап жүріп жаттығу орындау қабілеттерін дамыту.
Серуеннен оралу 11.15-11.35	Балаларды жүйелі түрде шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне қоюға, қолдарын жууға үйрету.				
Түскі ас 11.35-12.00	**Гигиеналық дағдылар** Ойын жаттығуы: Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетіңді жу"". Мақсаты: дұрыс жуыну дағдысын қалыптастыру, баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Көркем сөз.				

	Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Осы сөздерден кейін балалар таңғы ас ішуді бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруын сұрау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы 12.00-14.50	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 14.50-15.15	Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру. «Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, мөлдір суға бетіңді жу» ойын жаттығулары. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.15-15.45	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 15.45-16.50				**Жүк машинасы ойыншығымен ойнаймыз.** Мақсат-міндеттер: балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне жағдай жасау; ойлауды, зейінді дамыту. Ойланбастан мысықты, Көлікке сап сырғыттық. Ыршып түсіп, төңкерді, Мысығымыз көлікті.	**Баулармен ойнатылатын ойындар** Мақсат-міндеттер: балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне жағдай жасау; бау тағып үйрету; ойлау қабілетін, ұсақ саусақ моторикасын дамыту. Құрал-жабдықтар: түрлі түсті баулар Бауларды қолға аламыз, Әдемілеп тағамыз.

				Үйренбеген көлікке, Жануарды үркіттік. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	Бауларды қолға алайық, Жаңа ойынды бастайық! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**
Балалармен жеке жұмыс 16.50-17.10				**"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: ойыншық атауларымен сөздік қорларын толықтыру. **(сөйлеуді дамыту)**	**"Отбасы" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойында отбасылық өмірді шығармашылықпен сомдауға шақыру, екі кейіпкермен (анасы-қызы) сюжеттерде өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру. Бір-бірімен өзара әрекеттесу және тіл табысу қабілетін дамыту. Педагог ойынға белсенді, кейіпкер ретінде қатысады. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**
Серуенге дайындық 17.10-17.20	**Жеке және ұжымдық қауіпсіздік сақтау туралы әңгімелері** (сөйлеу әрекетін дамыту үшін). **"Киімді бүктеуге үйрету" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: киімді дұрыс бүктеу қабілетін қалыптастыру. Балаларды өз киімдерін тануға, киімдерін атауға, оларды бірте-біртелік жүйесі бойынша киюге, шкафты белгісі (сурет) арқылы табуға, заттарды шкафқа ұқыпты жинауға үйрету.				
Серуен 17.20-18.00	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				

Серуеннен оралу 18.00-18.10	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 18.10-18.25	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.30**				Ата-аналарға арналған кеңестер. "Бала белсенділігі - оның денсаулығының кепілі."	"Жайдары жазғы күндер" фото көрмесі.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы				
Топ/сынып	**Кіші топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Құлыншақ»				
Балалардың жасы	**2 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Бекеева А. Байметова Н				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**05.06. - 09.06.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	05.06.23ж	06.06.23ж	07.06.23ж	08.06.23ж	09.06.23ж
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				

8.00-8.35	**(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 8.00-8.35	"Күн тәртібі және оның бала өміріндегі маңызы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8.00-8.35	**Ұйымдастырылған іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындау.** Мақсат-міндеттер: берілген тапсырмаға көңіл аударуға бейімдеу, оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты орналастыруға үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**Табиғат бұрышындағы бақылау.** Мақсат-міндеттер: табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесінде тұрғанына назар аударыңыз; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екенін; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аударту. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: құрастырмақтардың бөліктерін қорапқа ұқыптап жинату.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Құрастырмақтардың қорапқа жиналуына назар аударту; бөлшектер шашырап жатса, қорапқа сыймайтынын түсіндіру. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: "Ойнап болғаннан кейін топ ішін жиыстыру".** Мақсат-міндеттер: балаларда саналы түрде тәртіпке деген ұмтылысты, ойыннан кейін ойыншықтарды жинау әдетін қалыптастыру, жұмыс жоспарын құра білу, алдағы іс-әрекетке қажетті материалдарды таңдай білуге үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**Бөлме өсімдіктерін бақылау.** Бөлме өсімдіктері отырғызылған ыдыстардағы топырақтың құрғақ екендігіне назар аударту, сол себептен өсімдіктерді су құйғышты пайдаланып суару керек. Мақсат-міндеттер: бақылағыштыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**
	"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көркем сөз арқылы балаларды жуыну тәртібімен таныстыру; жағымды эмоцияларын тудыру. Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,	**"Салғыш ойыншықтармен" ойындар.** Мақсат-міндеттер: салғыш ойыншықтағы ойықтардың пішіндеріне сай ұсақ бөлшектерді салуға дағдыландыру; ойын, зейінін, қабылдауын,	**"Ойыншық мысықпен ойындар".** Мақсат-міндеттер: балаларды көркем сөйлеуді тыңдауға, мысықтың мінез-құлқын бақылауға, педагогтің қимылына еліктеуге және өлеңге эмоционалды жауап	**"Қалашық құрастырамыз" ойын атрибуттары.** Мақсат-міндеттер: арнайы "лего" құрылыс бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды қалауға баулу; ұсақ қол моторикасын,	**"Үй құрастырамыз" құрастыру ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың қиялын, зейінін, отбасына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: "Лего" немесе ағаштан жасалынған

	Мөлдір суға бетіңді жу. Жусаң таза болады, Беті - қолың, маңдайың. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	ұсақ қол моторикасын дамыту. Әр ойыққа кескіні бойынша сәйкес суреттерін тауып салу. Балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қол моторикасын дамыту. Не боп қалды? Не боп қалды? Пішіндер шашылып қалды! Қане, жылдам достарым, Орнына орналастыр! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	беруге тәрбиелеу. Мысық, мысық, мысығым, Жолға отырма, пысығым. "Тәй-тәй" басқан бөпешім, Жолдан өтем демесін. Сенен аттай алмайды, Құлап қалып жүрмесін! Тусипжанова-Шагирова А. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. "Лего" немесе ағаштан жасалынған құрылыс ойыншықтары. Педагог әр балаға өз үйлерін құрастырып, ортақ құрылыстарды біріктіруге ұсыныс жасайды. **(құрастыру)**	құрылыс ойыншықтары. Педагог әр балаға өз үйін құрастыруды ұсынады. **(сөйлеуді дамыту)**
Таңертеңгі жаттығу 8.35-8.45	**Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар.** Оянайық, тұрайық, Жаттығу орындайық. Терезені ашайық, Таза ауа жұтайық. Ауыртпайды ағзаны, Таза ауа пайдалы! **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас 8.45-9.00	**Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру.** **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын!				

	Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Мақсат-міндеттер: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету; ас-су ішкенде сөйлемеуге шақыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 9.00-9.10	**"Менің қалам" тақырыбындағы иллюстрациялық суреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың туған мекені жайындағы ұғымдарын қалыптастыру; көрікті жерлерді есте сақтауға ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту)**	**"Не артық?" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: белгілі топтамаға жатпайтын затты байқап, атауға бейімдеу; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Құралдар: ойыншық-заттар немесе заттардың суреттері (құмсалғыш, қалақша, құм салатын пішін, алма, су құйғыш) **(сөйлеуді дамыту)**	**Мнемотехнике бойынша қала туралы тақпақ жаттау.** Мақсат-міндеттер: зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тақпақты картотека мазмұнынан (қала, ауыл, өлке туралы) алу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**"Менің қалам" тақырыбындағы иллюстрациялық суреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың туған мекені жайындағы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; көрікті жерлерді есте сақтауға ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**Туған жер, ел, қала туралы мақал - мәтелдер жаттау.** Мақсат-міндеттер: туған жеріне деген қызығушылықты, сүйіспеншілікті қалыптастыру; байланыстырып сөйлеу негіздерін салу. Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық. Туған жердің тасы да таныс. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.10-10.15	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Аулада доппен ойнаймыз" Мақсат-міндеттер: Балаларға допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** ""Құмсалғышта" атты сурет бойынша әңгіме құрастыру" Мақсат-міндеттер: Жыл мезгілдерінің ауысуы, жаз және оның белгілері	**Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Күн сәулесіне саяхат" Мақсат-міндеттер: «Тар», «кең», «ұзын», «қысқа» ұғымдарын нығайту; кеңістіктегі ойлау мен	**Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Өзен үстіндегі әдемі көпір" Мақсат-міндеттер: Кесек саз балшықты кішкентай бөліктерге бөліп алып, екі алақанның тура	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Менің қалам" Мақсат-міндеттер: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен

	жаттығуларын жасау кезіндегі іскерліктерін жетілдіру; допты тура көздеп, бір бағытқа домалата білу дағдысын дамыту; қол мен саусақ бұлшықеттерін дамыта отырып, жаттығуларды ынтамен жасауға қызығушылық қабілеттерін арттыру; бір-біріне деген сенімділік сезіміне тәрбиелеу.	туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөздік қорын сөздік ойындар мен жаттығулар арқылы байыту, қалыптастыру, кеңейту және нақтылау (шелек, қалып, қалақша, тиегіш, торт, үй, терезе, есік, бақбақ, күн; қызыл, сары, жасыл, көк, үлкен, кішкентай; көп, азырақ; құю, салу, жасау , тасымалдау; жылы); «Құмсалғышта» картинасы туралы тұтас қабылдауды қамтамасыз ету; "Қарым-қатынас дағдыларын, диалогтық сөйлеуді дамыту (сурет бойынша сұрақтарға жауап беру қабілеттерін қалыптастыру); табиғатқа деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу.	бағдарлауды дамыту.	қозғалысымен жаюды дамыту; балалардың мүсіндеуге қызығушылығын арттыру; ойын негізінде, пластикалық материалдардан, саз балшықтан, көпірдің қарапайым жобасын жасау; саз балшықтың қасиеттерімен таныстыру (жұмсақ, икемді); балалардың бойында қайырымдылықты, ілтипаттылықты дамыту; мүсіндеу барысында саз балшықты ұқыпты пайдалануға үйрету.	таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық**				

10.15-10.25	**дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен **10.25-11.00**	**Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: "жел" деген түсінікті қайталау, ағаштардың арасындағы байланысты ашу, желді күні ағаштардың жағдайы туралы түсіндіру. Негізгі мазмұны: ағаштардың қозғалып, майысқаның, иілгенін бақылау, ағаштардың бұлай істеуінің себебі не екенін сұрау. Қандай жел соғып тұр: суық, жылы? Жылдың төрт мезгілінде болатын желдің түрлерін еске түсіру. Көркем сөз. Тентек желді көріп ем, Бізге қыдырып келген! Терезеден гу етіп, Есіктері сарт етті. Қалпағыммен	**Жаңбырды бақылау (ауа-райына байланысты). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: жазғы маусымдық белгілерді, жансыз табиғатта болып жатқан өзгерістерді бекіту, жаңбыр сияқты құбылыспен таныстыруды жалғастыру. Негізгі мазмұны. Бірінші жазғы жаңбырды бақылау. Жаңбыр тамшылары үлкен және жиі болатындығына назар аударту. Терезелерге тамшылап тұрған тамшыларды тыңдату, судың тамшылап ағып жатқанына қарау. Асфальттағы көлшіктер қандай? Көркем сөз. Жаңбыр, жаңбыр, жау-жау, Бақшамызға жау-жау!	**Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: бұталар мен ағаштар туралы білімдерін бекіту, ағаштар мен бұталар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету, ағаштар мен бұталарға ұқыпты, қамқорлықпен қарауға үйрету. Негізгі мазмұны: балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар мен бұталар өсетіндігін сұрау. Ағаштың бұтадан айырмашылығын сұрау. Ағаштың бір діңі бар, бұтаның діңі жоқ. Ағаш бұтадан биік. Көркем сөз. Ағаштарға қамқорлық жасайық, Жапырақ пен	**Аспан мен бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: "бұлт" түсінігін ұғындыру, ауа-райының бұлттармен байланысы. Негізгі мазмұны. Бұлтты күні балалардан аспаннан не көріп тұрғандарын сұрау. Бұлттардың үнемі қозғалыс үстінде болатынына назар аударту: кейде қалықтайды, кейде баяу қозғалады, кейде, тез қозғалады. Олар қандай? Аспанда бұлттар пайда болған кезде, олар Күннің бетін жауып, күн соншалықты ыстық болмайды. Энциклопедиялық мәліметтер: Бұлттар пішіндеріне қарай негізгі үш түрге бөлінеді:	**Гүлдеп тұрған өсімдіктерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды кейбір гүлдейтін шөптесін өсімдіктермен таныстыру. Гүлдердің пайдасы туралы айтып, олардың құрылымымен танысу. Өсімдіктерге күтім жасауды үйрету. Негізгі мазмұны. Өсімдіктерді қарастыру, түстері мен пішіні қандай екенін сұрап, гүлден басқа қандай бөліктері бар екенін анықтау. Гүлдерге қамқорлық етуге, жұлмауға, басып кетпеуге үйрету. Жұмбақ жасыру. Жапырағын ұстасаң, Асты суық, Жылы үсті, Дәрі жасар бұл гүлден,

	ойнады, Ойынға бір тоймады. Шаршап қалды кенеттен, Байқамай ұйықтап қалды. **"Трамвай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың қозғалысын басқа ойыншылардың қимылдарымен үйлестіре отырып, жұппен қозғалу қабілетін дамыту; түстерді тануға және оларға сәйкес қимыл-қозғалыстарын өзгертуге үйрету. **"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.** Мақсат-мінлдеттер: балаларда нысанаға дәлдеп атай білу,ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері. Далаға алып шығатын	Шөптер де шөл қандырсын, Табиғат шаңнан арылсын! Жаңбыр, жаңбыр, жауа бер, Кемпірқосақ ала кел! Көлшіктерден аттайық, Асыр салып ойнайық! Тусипжанова-Шагирова А. **"Төбешіктен төбешікке" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда алға жылжып екі аяқпен секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа және биіктікке секіруге, тез жүгіруге жаттықтыру. Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері. Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер,	бұталарын жұлмайық. Жыл сайын ағаш егіп, көбейтейік. Туған елді осылайша көркейтейік! Тусипжанова-Шагирова А. **"Жалаушаға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша ғана әрекет етуге үйрету, зейінін, түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту. Жүру және жүгіруде жаттықтыру. **"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен	Будақ бұлт – үйіліп жатқан жүн, не мақтаға ұқсап келетін сұрғылт түсті бұлттар. Олар тұтаса келе түнеріп, будақ бұлтқа айналып, жазда, нөсер жаңбыр, қыста, жапалақтап қар болып келеді. Қабат бұлт – тұманға ұқсас, сұрғылт қабатты бұлттар. Қабат бұлттар аспанды түгел торласа, ұзаққа созылатын ақ жауын жауады. Шарбы бұлт – жауын-шашын әкелмейтін ақ түсті бұлттар. Бұлттарға қарап та күн райын болжауға болатындықтан, бұлттардың бұрынғы өткен бабалардан қалған атауларымен таныс болғанның еш артықшылығы болмас.Олай болса: Ақша бұлт – ашық аспанда қалқып жүретін ақ бұлттар. Ала бұлт – ақ, қара,	Емдер күйік, тынысты. (Түймедақ) **"Өз түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, негізгі түстерді ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру. **"Төбешіктен төбешікке" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда алға жылжып екі аяқпен секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа және биіктікке секіруге, тез жүгіруге жаттықтыру. Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері. Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер,

	материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар. **Еңбек тапсырмасы:** серуеннен кейін ойыншықтарды жуу. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу.	қалыптар, қарындаштар. Еңбек тапсырмасы: серуеннен кейін ойыншықтарды жуу. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. **"Нүктелер" түрлі түсті борлармен ойын. (** Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Педагог асфальтқа бормен көптеген нүктелер қояды, ал бала оларды тұтас сызықтармен байланыстырады. Барлық нүктелер байланыстырылғаннан кейін, қандай да бір пішін пайда болады, оның неге ұқсайтынын бірге ойланып, қиялдап табу керек.	ойындар. Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету. Алып шығатын материалдар: күректер, сыпырғыштар, қалақшалар, қалыптар,зембілдер, қарындаштар мен қағаз парақтары. **Кинетикалық құммен танысу.** Құмды зерттеу үрдісінің өзі бірнеше сағатқа созылуы мүмкін. Кинетикалық құм қолға түскен кезде ең бірінші - пакетті ашып, оны құм жәшігіне немесе үстелге төгу керек, жай ғана қолмен ұстап көру. Сыртқы түрі бойынша кинетикалық құм дымқыл құмға өте ұқсас, бірақ құрғақ болады. Құмнан ең қарапайым пішінді	қошқыл түсті бұлттардың шоғырынан құралған бұлттар. Шумақ-шумақ, лек-легімен шұбырған бұлттар – будақ бұлт. Көркем сөз. - Балалар, мен бүгін сендерге Ескен Елубаев аталарыңның "Ұшақтан жылдам бұлттар" өлеңін оқып бергім келіп тұр. "Ұшақтан жылдам бұлттар". Таңертең күн ашық, Тұр енді нұр шашып. Аспанда бұлт жоқ: "Ендеше күдік жоқ. Ойладым дәл бүгін Жаумайды жаңбырың" Шықтым мен үйімнен. Жейдешең киіммен. Әурелер жолда құр, Алғам жоқ қол шатыр, Кенеттен аспанда Бұлт торлай бастады. Ұшақтан жылдам ба?! Жетсе ол тез бұл маңға.	қалыптар, қарындаштар. **Еңбек тапсырмасы:** серуеннен кейін ойыншықтарды жуу. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. **Кинетикалық құмнан тұрғызылған "Құм қалашығы". (шығармашылық дағдылар)** Мақсат-міндеттер: түйсік-сезімді, ұсақ қол моторикасын дамыту. Кинетикалық құмның барлық кереметтілігін сөзбен немесе фотосуреттермен жеткізу мүмкін емес, оны тек құмды қолыңызбен ұстап көріп қана сезіне аласыз! Кинетикалық құммен қалыптарды қолданып пішіндер мүсіндеуге өте ыңғайлы.

			мүсіндеп көріңіз, мысалы, кішкене доп, пішіндердің қаншалықты тығыз екенін сезіп, содан кейін жай ғана пішінді саусағыңызбен басып, пішіннің қалай жайылып бұзылғанын бақылаңыз. Құмды саусақтарыңыздың арасынан өткізіп көріңіз, ол ағып жатқан сияқты. Бұл қарапайым кинетикалық құм әрекеттері балалардың демалуына, жүйке жүйесінің тынышталуына жақсы көмектеседі. Енді құмның таңғажайып қасиеттерімен таныс болғаннан кейін, ойнауға болады. **"Дәрігерде" сюжетті-рөлдік ойыны. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	Шаңдатып көшені, Басталды нөсері. Өстіп бұлт жаңбырлы Міне таң қалдырды! Жоқ мотор, Қанаты, Бұл бұлттар қалайша Тез жете қалады?.. Өлең бойынша балалармен әңгімелесу, балаларға таныс емес сөздермен сөздік жұмысын жүргізу. **«Масаны ұстап ал» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда қозғалыстарын визуалды белгімен үйлестіру қабілетін дамыту, балаларды секіруге жаттықтыру (бір орнында секіру). **"Торғайлар мен мысық" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір-бірімен	

			Мақсат-міндеттер: балаларды дәрігердің қызметімен таныстыру, медициналық құралдардың аттарын бекіту. Балаларға ойын жоспарын жүзеге асыруға үйрету. Екі кейіпкермен (дәрігер - науқас) өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру; алмастыратын ойыншықтармен дербес ойын кезінде өзі үшін де, ойыншық үшін де рөлін сомдау.	қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріп келе жатып секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен дербес ойындар. Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету. Алып шығатын материалдар: күрек, сыпырғыш, қалақшалар, қалыптар.	
Серуеннен оралу 11.15-11.35	Балаларды жүйелі түрде шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне қоюға, қолдарын жууға үйрету.				
Түскі ас 11.35-12.00	**Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру.** **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Мақсат-міндеттер: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету; ас-су ішкенде сөйлемеуге шақыру.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
Күндізгі ұйқы 12.00-14.50	Мақсат-міндеттер: дәретханаға бару, жуыну, киімдерін бүктеу, тыныш ұйықтау сияқты белгілі бір рәсімдерді сақтай отырып, ұйқыға өзін-өзі дайындау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Ұйықтар алдында шешінгенде, орындықтың арқалығына көйлек немесе жейделерін ілгізіп, ал орындықтың өзіне шалбарын, етектерін бүктеп қойғызу. **"Әлди - әлди" әні.** Көзімнің ағы-қарасы, Жүрегімнің парасы, Уайым-қайғы ойлатпас, Көңілімнің сапасы. Айналайын, шырағым! Көлге біткен құрағым! Маңдайдағы құндызым, Аспандағы жұлдызым. **(көркем әдебиет)**
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 14.50-15.15	**Оятпақ. Төсекте жатып керіліп-созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау.** Балалар әуезді музыка әуенімен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығу орындайды. Басты оңға, солға бұру. Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау. Екі аяқтың тізесін бүгіп, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету. **"Көңілді аяқтар" жаттығуы.** Аяқтарды биік көтер, міне былай, Топ, топ, топ! Көңілдірек! Биігірек! Міне былай: Хоп, хоп, хоп! Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр, Қатты-қатты , сылдыр-сыңғыр! Шап жүйрігім, шап-шап, Тпру - ру -у, тұлпарым: Тоқтат! Тоқтат! Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртіну. Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту.**

	"Сылдыр, сылды, сылдыр су" ойын жаттығуы. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас **15.15-15.45**	Қасықты оң қолға ұстау, ерінмен жайлап тамақтану, ересектердің көмегімен тамақтану дағдыларын қалыптастыру. «Аю анасы қонжықты қалай дұрыс тамақтануға үйретті» ойын жағдаяттары. «Алақай, алақай», «Катя біздің ақылды» тақпақ-жаттамақтары.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 15.45-16.50	**"Қала саламыз" құрылыс материалдарымен кілемде ойнайтын ойындар** Мақсат-міндеттер: құрастыру іскерліктерін дамыту, бірге ойнау. **(сөйлеуді дамыту)** **"Көлік жүргізушілері" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыру. Балаларды ойын арқылы қарым-қатынас орнатуға үйрету. Екі кейіпкермен өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру (жүргізуші - жолаушы). Балаларды белгілі бір рөл үшін	**"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі ғимараттар құрылысына қатысатын мамандар туралы білімдерін бекіту, кеңейту; өнімді қарым-қатынасқа, жауапкершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Құрал-жабдықтар: ұрылыс материалдары, қағаз парақтары, қара қарандаштар, сызбалар, ойыншық жүк көлігі, құрылысқа қажетті ойыншық құрал-саймандар (балға, бұрағыш, тістеуік, және т. б.). **(сөйлеуді дамыту,**	**"Шалқан үлкен болып өсіпті» театрландырылған ойын.** Орыс халық ертегісі. Мақсат-міндеттер: ертегілер әлеміне деген қызығушылықты арттыру; сөйлеу қабілеттерін дамыту. Балаларға ертегі оқу. Көрнекі бейнені пайдаланып, әңгіме тыңдауға жаттықтыру. Паннода немесе үстел бетінде ертегіні сахналау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Біздің аулада" ойын жағдаяты.** Мақсат-міндеттер: балаларда жағымды эмоциялар тудыру; әсерлерін байыту; ойынға деген	**"Дәм татқызу" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын жоспарын жүзеге асыру қабілетін дамыту. Балалардың белгілі бір рөлге арналған атрибуттарды өз бетімен таңдау әрекеттерін қолдау; ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**"Мәреге жақында" ойыны.** Мақсат-міндеттер: зейінді, есте сақтауды және бақылауды дамыту. Балалар сапқа тұрады. Олардан 10-15 қадам жерде педагог мәре сызығын сызып, оның қасында тұрып дауыстап санайды. Балалар мәре сызығына адымдап бара бастайды. Егер педагог үнсіз болса, олар тоқтайды, аяғын қояды. Тоқтамай, қосымша қадам жасап қойған ойыншы сызықтың соңына қарай қайтады. Зейін қойып тыңдай отырып, балалар мәре сызығына қарай жүре береді. Барлық қашықтықты өтіп

	өз атрибуттарын табуға талпындыру. Еңбек тапсырмасы: ойын сөресіне заттарды жинастырып, қалпына келтіру. Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**қоршаған ортамен таныстыру)**	қызығушылықтарын арттырып, ересек адамның дауыс интонациясына еліктеуге ұмтылуға жетелеу. "БИ-БА-БО" қуыршақ театры және фланелеграфты қолданады. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**		болғаннан кейін, педагог ең зейінді және жинақы балаларды мақтайды. Ескерту. Ойнауды үйрену кезінде балалар қол ұстасып ойнай алады. **(дене шынықтыру)**
Балалармен жеке жұмыс 16.50-17.10	**"Қуыршақтар" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: әр түрлі ыдыс-аяқ түрлері туралы білімдерін бекіту, ыдыс-аяқты мақсатына сай пайдалану дағдысын қалыптастыру. Тамақтану кезінде өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**Тақпақ.** Балабақшаға келеміз, Түрлі ойыншықтар көреміз. Паровоз, кеме, қуыршақ, Балаларды күтіп тұрады. "Радио" дидактикалық ойыны. Мақсаты: зейінді болу, ең маңызды белгілерді есте сақтау қабілетін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**"Түстер мен пішіндер" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: заттардың геометриялық пішіндері мен көлемі, түсі туралы түсініктерін бекіту. Құралдары: түрлі түсті геометриялық пішіндер; ойыншықтар. **(сенсорика)**	**"Шаршылардан мұнара құрастыру" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: көлемі, түсін ажырату, кеңістікті, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту. Көркем сөз. Гүл бөлеп, хош иіске атырабын, Ағаштар жайып салды жапырағын. Самал жел сыбырласа, сыр ұрласа, - Өзенде мың бұралып жатыр ағын. Фариза Оңғарсынова	**"Кім шақырды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: есту зейінін дамыту, құрдастарына деген достық қатынасты, бірге ойнауға деген ықыласқа тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту)**

				(сөйлеуді дамыту)	
Серуенге дайындық 17.10-17.20	Мақсат-міндеттер: жапсырмасы бар қапсырмалы аяқ киімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру. Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру.				
Серуен 17.20-18.00	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу 18.00-18.10	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 18.10-18.25	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.30**	"Менің үйім - менің отбасым" атты тақырыпта ата - аналармен әңгімелесу.	"Отбасындағы еңбек тәрбиесі" атты тақырыпта ата-аналармен әңгімелесу.	Кеңес: "Күн тәртібі және оның бала өміріндегі маңызы".	"Бала демалысын дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес.	"Жайдарлы жазғы күндер" фото көрмесі.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы				
Топ/сынып	**Кіші топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Құлыншақ»кіші				
Балалардың жасы	**2 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Бекеева А. Байметова Н				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**12.06. - 16.06.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	12.06.23ж	13.06.23ж	14.06.23ж	15.06.23ж	16.06.23ж
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.35	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				

әңгімелесу, кеңес беру 8.00-8.35					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8.00-8.35	**Табиғат бұрышындағы бақылау:** табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесі түсетін жерде тұратындығына ; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екендігіне; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аударту. Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: жапырақтарды шүберекпен сүрту. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар: "Біз дымқыл шүберекпен топ бөлмесіндегі және жатын бөлмесіндегі терезелердің алдарын сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңшелерді киіп, матаны сулап, құрғатып сығу, егер кір болса, оны сумен шаюға. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: "Орындықтарды орындарына қоямыз".** Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы тез, дәл орындау. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: құмды бір жерге үйіп, құмсалғышқа апарып салғызу.** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жүзеге асырумен таныстыру. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: орындықтардың бетін дымқыл шүберекпен шаңнан сүрту.** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттеріне баулу. **(еңбек дағдылары)**
	Тақпақ жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.	**"Балабақшаға келе жатқанда мен не көрдім?" тақырыбындағы бақылау.** Мақсат-міндеттер: тақырып бойынша	**"Жаңбыр" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: сөздердің айтылу жылдамдығын ажырата білуге үйрету, "тырс-	**Тақпақ жаттау жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.	**"Кәмпитті орамға орап көрейік" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының дәлдігін, зейінді дамыту.

	Алақай, алақай, Құймақ пісті балақай! Терезеге қояйық, Тезірек суытайық. Торғайлар ұшып келді, Құймақтан шоқып жеді. Қатты қағып қанатты, Бастарына қоныпты! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Қалашық салу" ойыны.** Мақсат-міндеттер: арнайы "лего" немесе ағаш материалдарынан құрылыс бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды қалауға баулу; ұсақ қол моторикасын, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. "Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйін салуды ұсынады (өткен аптаның	сөздік қорларын белсендіру. Педагог балалардан балабақшаға келе жатқан жолдарында не көргендерін айтуды сұрайды (көп көліктер, балалар, автобустар, бағдаршам және т.б.). **(сөйлеуді дамыту)** **"Шарды қалқып ал" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың қосымша заттармен белгілі әрекеттер жасауға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын, ұқыптылықты,ептілікті дамыту. Сумен ойын әрекеттерін ұйымдастыру үшін поролон ысқыштар мен суқұйғыштарды, пластикалық шыныаяқтар, қақпақтар, стакандар, екі тегене, алжапқыштар, сүлгілер дайындау. Кішкентай	тырс-тырс" деген сөздерді айтқызу, сонымен қатар әр түрлі қарқынмен: баяу, орташа, тез айтуға болады. Төбеге тамшылар тамып жатыр. ("Тырс-тырс-тырс" деген дыбыстарды орташа ырғақта айтып, дыбыстайды.) Балалар қайталайды. Жаңбыр жаңадан жауа басталған кезде оның тамшылары сирек тамып, басқаша тырсылдатады. ("Тырс-тырс-тырс" деген дыбыстарды баяу, созылыңқы ырғақта, кідірістермен айтып, дыбыстайды). Балалар қайталайды. Егер жаңбыр қатты жауып тұрса, онда тамшылар төбені осылай қағып кетеді (тез қарқынмен айтылады). Балалар айтылу жылдамдығын ажырата білуге	Сылдыр - сылдыр - сылдыр су, Су шүмектен ағып тұр. Жарқылдайды, жылтырап, Жуынуға бұйырат! **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **"Қуыршаққа киім таңдап берейік!" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды киім-кешектерді атауға, ұлдар мен қыздарға арналған киімдерді ажырата білуге, қуыршақты бірте-бірте жүйе бойынша киінуге үйрету.	Құрал-жабдықтар: кішкентай текшелер, цилиндрлер, шарлар, қағаз. Балаларға бір кішкентай текше, кішкене цилиндр және доп ұсынылады. Сіз «кәмпит» жасау үшін оларды қағаз бөліктеріне орауыңыз керек. Текшені ирис сияқты барлық жағынан орауға болады. Балалар өздері бастамашы бола алады: «кәмпиттерді» қалағанынша орап алады. Сіз кәмпиттер орамасының бірнеше суретін көрсете аласыз немесе үстелге шынайы кәмпиттер қоя аласыз. **(сенсорика)**

	тақырыбын еске түсірейік) және оны ортақ құрылысқа біріктіру. **(құрастыру)**	пластикалық шарларды су құйылған ыдысқа салып қояды. Балаға сабы бар сүзгі беріледі және шарларды сүзіп, қалқып алуды өтінеді. Балалар сүзіп алған шарларын қоятын екінші бос ыдысты дайындау. **(дене шынықтыру)**	және осы дыбыстық тіркесті берілген қарқынмен айтуға үйренсе, педагог оларды жаңбырдың қандай болатынын құлақпен есту арқылы анықтауды ұсынады және "тырс-тырс" дыбысын әртүрлі қарқынмен айтқызады. 3-4 рет қайталанады. Педагог балалардың зейінді болуын және дыбыс тіркесімін айту жылдамдығын құлақпен есту арқылы дәл анықтап, оны берілген қарқынмен дұрыс айтуын қадағалайды.		
Таңертеңгі жаттығу 8.35-8.45	**Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар.** Тобымызда күн сайын, Жаттығу орындайық. Тәртіп бойынша ғана, Жаттығу орындалады: Барлығымыз отырып, Барлығымыз тұрамыз. Оңға - солға бас бұрып, Керіліп, айналамыз. Бір - біріңе жымиып,				

	Күлімсіреп қараңдар! Ешқашан қабақ түйіп, Достарға қарамаңдар! Тусипжанова-Шагирова А. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **8.45-9.00**	**"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту. Тамақ ішу мәдениетімен таныстыру. Қасықты, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Тамақтанғанда, шай-су ішкенде сөйлемеу. Тамақ ішкеннен кейін қолды және бетті жуғызу. Көркем сөз. Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуам мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап - таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Тусипжанова-Шагирова А. Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты іше бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруды сұрау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық **9.00-9.10**	**"Мен демалыс күндерімді қалай өткіздім".** Мақсаты: тақырып бойынша сөздік қорларын белсендіру (демалыс күндері, көңілді, тату, қызықты); қойылған сұрақтарға жауап беруге бейімдеу.	**"Айналамыздағы су" тақырыбында әңгімелесу.** Мақсаты: балаларды "су" жалпы түсінігімен таныстырып, Жер бетінде судың қандай күйлерде кездесетіні жайлы жалпы түсінік беру. Әңгімелесу кезінде	**Таңғы сәлемдесу.** Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Сәлем саған,	**Апта тақырыбы бойынша жұмбақ шешу.** Мақсаты: су туралы түсініктерін қалыптастыру; ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Ағады, қайнайды, Буланады, ойнайды. Тіпті аспанға да	**"Әдемі есімдер" ойыны.** Мақсаты: зейінін, ерік-жігерін жұмылдыру; ырғақ сезімін дамыту. Балалар шеңберге тұрады немесе отырады. Педагог бір баяулау темпте шапалақ ұрып, "бір,

		глобусты көрнекі құрал ретінде қолдануға болады. Балаға біздің ғаламшарымыз құрлықтан қарағанда, көп бөлігі судан тұратынын көрсету. Өзен - көлдердің суы тұщы, дәмсіз, ал теңіздердің суы тұзды болатынын түсіндіру. Сондай-ақ, осы әңгіме кезінде балаға судың қайдан келетінін түсіндірген жөн. Сумен тәжірибені көрсету: су мөлдір, дәмі жоқ, иісі жоқ; су боялады; су ағады, тамшылайды. Құралдар: ыдысқақұйылған таза ас суы; молдір шыны ыдыстар; төсеніштер; түтікшелер, акварель бояуы; сүлгілер; шәйнек, қасық.	Аспаным! Сәлем саған, алтын Күн! (Қолдарын көтеру) Сәлем саған, туған Жер! (Қолдарымен жоғарыда үлкен шеңбер салу) Сәлем, бүкіл Жер шарым! (Қолдарын кілемге баяу түсіру) Сәлем, үлкен отбасым! Сәлем берді балашың! Төбелерінде үлкен шеңбер шығатындай етіп, барлық балалар қол ұстасып қолдарын жоғары көтереді.	ұшады, Байқамасаң, төгіліп қалады. Ұшып жүріп жалықса, Жерге қайта жауады. Әлемнің бар жерінде кездеседі, Бұл не екенін кім біледі? - Иә. Бұл су. Дұрыс айтасыңдар. Құралдар: су, бу, жаңбыр, қар, өзен, теңіз салынған суреттер.	екі, үш, төрт" деп санап тұрады. Ал балалар үздіксіз ұрылған шапалақ дауысының ырғағына дәлдеп кезек-кезек өз есімдерін атайды. Ойын әр бала өз есімінің ырғағын өткізіп алмай, өз есімінің ырғағын дұрыс анықтап, тауып айтып отырған жағдайда ғана қызықты болып өтеді. Балалар дағдыланып қалған кезде, педагог ырғақты жылдамдата түседі. Әуелде шеңбер бойымен бір бағытта, сосын қарама қарсы бағыт бойынша жүріп ойнату. Шеңбердегі есімдердің барлығы аталып болған кезде ойын аяқталады. Ойынды мейлінше түрлендіруге болады. Есімдердің орнына бояуларды (қызыл, сары т.б.) немесе жануарлардың атауларын ататуға

					болады.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.10-10.15	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Сылдыр аққан су" Мақсат-міндеттер: Балаларды екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру іскерліктерін жетілдіру; жүру икемділігін дамыта отырып, дене және аяқ бұлшықеттерін дамыту; өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; балаларды жаттығу кезінде дәлдікке, оқу қызметіне белсенді қатысу қабілетіне тәрбиелеу.	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Жалқау мысық" Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегіні мазмұнынын түсініп, әрекеттердің дамуын қадағалауға үйрету; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру; еңбексүйгіштікке, ұқыптылықты тәрбиелеу.	**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Сиқыршы су" Мақсат-міндеттер: Судың қасиеттері туралы түсініктерді бекіту: мөлдір, тұнық емес, түрлі-түсті; суық, ыстық, жылы болуы мүмкін; су сұйық , ағады, құйылады; суды әртүрлі түстермен қалай бояуға болатындығы туралы түсінік беру; сөздік қорын байыту, зейінін, есте сақтау қабілетін, тәжірибе жасау қабілетін дамыту; балалардың педагогты тыңдау қабілетін дамыту.	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Сиқырлы тамшылар" Мақсат-міндеттер: Мақта таяқшаларымен жаңбырдың суретін салуды, оның ерекшелігін бере отырып (қатты жаңбыр – көп тамшылар; себелеген жаңбыр – бірнеше тамшы) бүкіл парақ бетінде орналастырып, нүкте «түрту» әдісі арқылы салуды үйрету; көк, көгілдір түстері жайлы қарапайым ақпарат беру; негізгі түстер туралы білімдерін бекіту; ұқыптылыққа,өзара көмекке тәрбиелеу.	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Күн, ауа және су" Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу.
Серуенге дайындық 10.15-10.25	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.25-11.00	**Гүлзардағы гүлдерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: гүлзардағы гүлдерді	**Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды	**Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер:	**Балабақша маңынан өтіп бара жатқан адамдардың, балалардың жазғы киім киістерін бақылау. (қоршаған**	**Судың қасиеттерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері

	қарастыру барысында өсімдіктерге деген қамқорлық , жанашырлық сезімдеріне баулу. **"Өз үйіңді тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: гүлдердің түсін ажырата білуге үйрету, шашырап жүгіру дағдыларын бекіту. **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар.** Гүлдерді суғару. Мақсат-міндеттер: гүлдерге ересектермен бірге күтім жасауға деген ниетке баулу. Түзу жол бойымен (ені 20 см, ұзындығы 2-3 м) жүруге жаттықтыру. **Құм-су ойындары** - құрғақ және дымқыл құмның қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыруға жағдай туғызу. **"Қуыршақ Данаға түскі ас әзірлейміз"**	маусымдық құбылыстардың бірі - жаңбырмен таныстыруды жалғастыру. Жаңбырдың өсімдіктердің өсуіне ықпалы жайында түсіндіріп, айтып өту. Далаға шығып бара жатып, бүгінгі ауа-райы қандай (жаңбырлы, бұлтты) екеніне назар аударту. Жаздың жылы жаңбыры барлық өсімдіктерді суғаратынын айту. Өсімдіктердің жапырақтары ылғалданып, жаңбыр тамшылары күнге шағылысады. **Көркем сөз.** Алғашқы найзағай ойнап аспанда, Дайындалып жаңбырға, Жиналды бұлттар да. Жаңбыр жауып қандырды, Шөптердің шөлін. Жайқалып, құлпырды,	бұталар мен ағаштар туралы білімдерін бекіту, ағаштар мен бұталар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету, ағаштар мен бұталарға ұқыпты, қамқорлықпен қарауға үйрету. Негізгі мазмұны. Балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар мен бұталар өсетіндігін сұрау.Ағаштың бұтадан айырмашылығын сұрау. Ағаштың бір діңі бар, бұтаның діңі жоқ. Ағаш бұтадан биік. **Көркем сөз.** Ағаштарға қамқорлық жасайық, Жапырақ пен бұталарын жұлмайық. Жыл сайын ағаш егіп, көбейтейік. Туған елді осылайша көркейтейік! **"Жалаушаға қарай жүгір" қимыл-**	**ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың киім туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; балалардың сөздік қорларын белсендіру (көйлек, сарафан, шұлық, баскиім т.б.); киім түстерін сенсорлық тұрғыда қабылдауын дамыту (Қуаныш сары майка киген, Айымның көйлегі қызыл) **"Көпіршік" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға, оны кеңейтуге, содан кейін тарылтуға, олардың қимылын айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету. Үрлен, үрлен көпіршік, Үлкен болып үрленші. Үлкен болып үрлен де,	жайындағы түсініктерін жетілдіру; ойлау қабілеттерін дамыту. Су күннің көзінде тұрып, жылынады. Сумен өсімдіктерді суғарады, құстар көлшіктерден су ішеді. Су тап-таза, мөлдір болады. Су құйылады, суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құюға болады. **"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: белгі бойынша бір бағытта жүгіруге дағдыландыру; ойын желісіндегі айталатын сөздерді мұқият тыңдауға баулу. Жүргізуші қасқыр таңдалады, алаңның ортасында тұрады. Балалар қасқырдан 5-10 қадам қашықтықта бір қатарға тұрып өлең оқиды: «Қаздар-

	сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды бірге ойнауға үйрету.	Мен еккен гүлім! **"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру. **"Торғайлар мен мысық" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір - бірімен қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріп келе жатып секіруге жаттықтыру. **Далаға алып шығатын материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттер:	**қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша ғана әрекет етуге үйрету, зейінін, түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту. Жүру және жүгіруде жаттықтыру. **"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру. **Далаға алып шығатын материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету. Алып шығатын материалдар:	Жарылмашы, түрленші. **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар.** Үлескені сыпырып, орындықтарды сүрту. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **"Сарқырамалар" атты сумен ойындар.** Мақсат-міндеттер: зияткерлік қабілеттері негіздерін қалыптастыру. Үлкен тегенеге су құйып, балалардың қолдарына суқұйғыштар, пластик ыдыстар, стакандар сияқты кез келген балаларға ыңғайлы бір ыдыстан бір ыдысқа су құюға болатын ыдыстар беру. Балаларға бір тостағаннан екіншісіне су құю әдісін көрсетіп, биіктігін өзгерте отырып, көңілді және	қаздар, ға ға ға, қарның аш па? Иә, иә, иә! Онда, үйге ұшыңдар. Тау астында сұр қасқыр, тіс қайрап, су ішуде, бізді өткізбейді үйге. Ұшар кезде байқаңдар, қасқырға ұсталып қалмаңдар!» Осы сөздерден кейін барлық балалар екінші жағына қарай жүгіреді, ал қасқыр ұстап алуға тырысады. Ұсталған қасқырға айналады. **"Екі көңілді қаз" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: еліктеу қимылдарын орындау біліктіліктерін қалыптастыру; үй қаздары жайындағы ұғымдарды тиянақтау. **"Екі көңілді қаз". (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)** Екі қаздай жүрейік,

		балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету. Алып шығатын материалдар: күрек, сыпырғыш, қалақшалар, қалыптар.	күректер, сыпырғыштар, қалақшалар, қалыптар, зембілдер, қарындаштар мен қағаз парақтары. **"Көлшік" сумен ойналатын ойындар. (шығармашылық дағдылар)** Сумен ойын әрекетін ұйымдастыру үшін поролоннан жасалынған ысқыштар (губка), суқұйғыштар, пластик тегештер, қақпақтар, шыныаяқтар, алжапқыштар, сүлгілер дайындау. Бұл әрекет үшін ысқыш қажет, біреуі сумен, екіншісі бос екі тегеш. Педагог балаларды ысқышты (губканы) суға батырып, содан кейін бос тегенеге сығып алуға шақырады. Бұл әрекетті суы бар тегештің суы таусылғанға дейін жасайды. Соңында	шулы сарқырама жасау;	Мойындарды созайық. (Бірінен бірі соң бір бағанда, мойынды созып жүру, екі қолды көтеріп, түсіріп, екі санның жағына соққылау) Қаздар дейді: Ға-ға-ға! Барайық біз базарға! (Сөздерді қайталап жүру) Базарға баруға болмайды, Шығыңдар көгалға! (Бағаннан шығып, алаңға шашырап жүгіру, шоқайып отыру, қолдармен тізені соққылау) Ахметова Д. **Еңбек тапсырмасы:** далаға алып шыққан ойыншықтарды жуу. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойындары.**

			балалар өздігінен көлшікті құрғатып, алып тастағандай болады. Көлшік туралы өлең жолдарын тауып, әрекет үстінде балаларға оқып беруге болады.		
Серуеннен оралу 11.15-11.35	**"Өз шкафыңды тап" дидактикалық жаттығуы.** Киімге арналған шкафтың не үшін керектігі, қалдай қолдану керектігі жайында айтып, таныстыру; заттық кеңістікті бағдарлай алу қабілетін қалыптастыру; шкаф, есік, сөре, ашу, жабу, қою, бүктеу, ілу сөздері арқылы балалардың сөздік қорын байыту және белсендіру.				
Түскі ас 11.35-12.00	**"Қасықты дұрыс ұстап үйренеміз".** Балаларға қасық ұстап үйрету жұмысын жалғастыру. **Ғажайып сәт.** Қуыршақ Дана топқа қонаққа келеді, ол көжені аузына шашыратпай апара алмайтындығына байланысты көйлегін үнемі былғатып алады екен. Балалар қонаққа "Алақай" деген балабақша өлеңін айтып "тыныштандырады". Содан кейін педагог балаларға сиқырлы қасықтарын алып, Данаға көжені қалай ішуге болатындығын көрсетуді ұсынады. Соңында Дана балаларға сабақ үшін алғыс айтады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы 12.00-14.50	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 14.50-15.15	**"Қоян" тақпақ-оятпағы.** Қоян, қоян, тұршы, Беті-қолыңды жушы. Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы. Әдемі көйлек киші, Бізге қонаққа келші. Содан кейін балалар аяқ киімдерін киіп, педагогпен бірге су қабылдау шаралары қабылдауға барады: "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетіңді жу.				

	Жуса таза болады, Беті-қолың, маңдайың". Тақпақ-оятпақтың ырғағы баяу, жайлы. **Шынықтыру шаралары.** Дымқыл сүлгімен сүртіну. Түрлі дәстүрден тыс кедергілері бар денсаулық жолдарымен жалаңаяқ жүру. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас **15.15-15.45**	Қасықты оң қолға ұстау, ерінмен жайлап тамақтану, ересектердің көмегімен тамақтану дағдыларын қалыптастыру. «Аю анасы қонжықты қалай дұрыс тамақтануға үйретті» ойын жағдаяттары. «Алақай, алақай», «Катя біздің ақылды» тақпақ-жаттамақтары.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 15.45-16.50	**"Қуыршақ" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: ыдыс-аяқ түрлерінің атаулары туралы білімдерін бекіту, ыдыстарды мақсатты түрде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Тамақ ішу мәдениетіне баулу. Киім атаулары туралы білімдерін бекіту. Балаларда дұрыс шешіну алгоритмі мен киімдерді дұрыс, ұқыпты бүктеу машықтарын бекіту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**"Кір-қожалақ бала туралы" еретегіні мәнерлеп әңгімелеп беру.** Шығарма сюжетімен таныстырып, мәдени-гигиеналық іс-шаралардың маңыздылығы жайында түсіндіру, бейтаныс сөздерді есте сақтауға көмектесу. **Тақпақ-жаттамақ.** Суым-құрбым, Барлығының қолын жудың: Мадина мен Еңлікке, Қарлығаш пен Ерлікке. Қолдарымыз әдемі, тап - таза енді, Риза болып балалар,	**Сумен тәжірибелер. Судың қасиеттері.** Мақсат-міндеттер: судың өміріміздегі маңызы туралы айту, судың қай жерде, қандай күйде болатындығын көрсету, су күйінің әртүрлілігі туралы айту. Су өте әртүрлі болады. Ол, сықыршы сияқты, жаңбырға, шыққа, мұзға, қарға айнала алады. Су бұл - өзендер, көлдер, теңіздер. - Бірінші стақанда не бар? - Су. - Екінші стақанда не бар?	**"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: дәрігер еңбегі жайында ойын арқылы ұғымдарды қалыптастыру, жетілдіру; коммуникативті қабілеттерді дамыту. Рөлдерді бөлу, алмастырғыш заттарды қолдана білу, ойынның логикалық қорытындысына жету. Құралдары: ойынға қажетті ойын құралдары, киімдер. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен**	**"Тышқанға қонаққа барамыз" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың құм және судың қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Негізгі түстерді танып, атай білу қабілеттерін қалыптастыру. Жалпы және ұсақ қол моторикаларын дамыту. Қарапайым зерттеу қызметіне деген оң көзқарастарын қалыптастыру. Құрал-жабдықтары: құм-су, кілемше, қозғалмалы тышқан, бала саны бойынша кішкентай тышқандар, түрлі

		қуанып келді. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**	- Сүт. Суы мен сүті бар стақанда қасықтар бар. Қасық қай стақанда көрінеді, ал қайсысында көрінбейді? - Суы бар стақанда қасықты көре аламыз, ал сүттен көре алмаймыз. - Неге? Су қандай? - Сүт қандай түсті? - Енді сиқыршы су бізге судың түсін анықтауға көмектеседі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**таныстыру)** **"Сиқыршы су туралы" әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: судың өміріміздегі маңызы туралы айту, судың қай жерде, қандай күйде болатындығын көрсету, су күйінің әртүрлілігі туралы айту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	түсті қорапшалар, салғыштары бар бөшкешелер, өріктің сүйектері, ақ және қызыл асбұршақтың дәндері, үрме бұршақ, күнбағыс дәндері (пістелер), кішкентай тәрелкелер, қызыл және көк тегештер. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**
Балалармен жеке жұмыс 16.50-17.10	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығулары.** Мақсат-міндеттер: балалардың көркем сөз үлгілерін мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту. Көркем сөз. Су жайында білесің бе?	**"Бұлт пен жаңбыр" тақырыбында сурет салу.** Мақсат-міндеттер: балаларға қарындашты дұрыс ұстауға, қиғаш және түзу сызықтар (жаңбыр) салуға үйретуді жалғастыру; кескіннің сыртына шығармай, ұқыпты бояуға үйрету. **(сурет салу)**	**"Мен және достарым" атты жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балаларды достықтың жағымды белгілерін, достарының ерекшеліктерін бөліп көрсетуге үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**	**«Әуе шарлары» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері: ұсақ саусақ, қол моторикаларын дамыту: балаларға қарындашты қағаздан көтермей шеңбер салуға, қарындашты дұрыс ұстауға үйретуді жалғастыру. **(сурет салу)**	**Жұмбақтар шешкізу.** Жұмбақ. Аяғы жоқ жүреді, Сылқ-сылқ күледі. (Су) Жылт-жылт еткен, Жырадан өткен. (Су) **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

	Су болады барлық жерде! Көлшіктерде, теңізде, Мұхиттар мен көлдерде, Тіпті, өз үйімізде, Су ағатын шүмекте! Шатырдан ағып мұз болар, Тұман боп жер бетін басар. Шәйнек қайнап кеткенде, Бу болып одан шығар. Су болмаса шөлдейміз, Тамақ ішіп, жемейміз. Денемізді жуа алмай, Кір - кір болып жүреміз. Сусыз өмір жоқ мүлде, Соны достым білдің бе?! Тусипжанова-Шагирова А. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуенге дайындық 17.10-17.20	Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяққиімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру. Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру.				

Серуен 17.20-18.00	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу 18.00-18.10	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 18.10-18.25	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.30**	"Менің достарым" тақырыбында әңгімелесу.	"Балабақша ережелері", "Достарының арасында өз-өзін қалай ұстау керек? " тақырыбында балалармен әңгімелесу.	Ата-аналармен балалардың бүгінгі әрекеттері, өткен күндері, жетістіктері жайында әңгімелесу.	Ата-аналармен балалардың тазалығы жайында әңгімелесу.	«Жазғы жайсаң күндер» фото көрме.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы				
	Кіші топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Құлыншақ» кіші				
Балалардың жасы	**2 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Бекеева А. Байметова Н.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**19.06. - 23.06.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	19.06.23ж	20.06.23ж	21.06.23ж	22.06.23ж	23.06.23ж
Күн тәртібі					
Балаларды	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы				

қабылдау 8.00-8.35	алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 8.00-8.35	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8.00-8.35	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** "Пульверизатордан бөлме өсімдіктеріне су бүрку". Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын қалыптастыру; өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдеріне баулу. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** ойын бұрышында өз орнында тұрмаған ойыншықтарға назар аудартып, аттарын атап орнына қою. Мақсат-міндеттер: : балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**Оқу іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындаймыз.** Мақсат-міндеттер: берілген тапсырмаға жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды дұрыс, ұқыпты орналастыруға үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** құмды бір жерге үйіп, құмсалғышқа апарып, салу. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу. **(еңбек дағдылары)**	**Табиғат бұрышындағы бақылау:** табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесі түсетін жерде тұратындығына ; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екендігіне; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аударту.
	"Құстардың дауысы" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға құстардың дыбыстары жайындағы түсініктерді беру, құстардың дыбыстарын еліктеуіш сөздер арқылы айтқызып,	**"Әр құстың өз орыны бар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды әр құс түрінің бір өкілі туралы қысқаша әңгімелерден алынған мәліметтерді қолдана отырып жыртқыш, суда жүзетін, батпақты көлдерде	**"Қолда балапанды жасырайық" тренинг-ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды елестетуге, нұсқауларға еруге, көңілді көңіл-күйге бөленуге бейімдеу. Қолдарында кішкентай, әрі дәрменсіз балапан бар деп елестетіп көріңдер.	**"Шұп-шұбар тауығым" ойыны.** Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс айтып, еліктеуге жаттықтыру. Барысы. Балалардың арасынан "Шұбар тауық" таңдалынып, басына маска-тақиясы кигізіледі. Жүргізушінің белгісі бойынша диалог	**Үй құстары мен олардың балапандары бейнеленген иллюстрациялық суреттерді көрсету.** - Бұл не? - Бұл құстар қайда мекендейді? - Оларға кім қамқорлық жасайды? - Үй құстары ұша алады ма?

	артикуляциясын жетілдіру. Балалар ересек адамның сұрақтарына сәйкес құстардың дауысына еліктеп, аталған құстың дауысын салып жауап береді. - Қарға қалай дыбыстайды? (Қарға қарқылдайды. "Қар - қар - қар" - дейді!) - Бұлбұл құс қалай дыбыстайды? (Бұлбұл сайрайды. "Тёх -Тёх" - деген дыбыс шығарады.) - Торғай қандай дыбыс шығарады? (Торғай шырылдайды. "Шиық-шиық!" - дейді.) - Көкек қалай дыбыстайды? (Көкек: "Көкек-көкек" - дейді.) **(сөйлеуді дамыту, музыка)**	өмір сүретін құстардың бейнелері бар суреттерді дұрыс таңдауға жаттықтыру. Барысы. Педагог кестеде бейнеленген құстар туралы шағын әңгімелер тыңдауға ұсыныс білдіреді. Құстардың тұмсығының, аяқтарының құрылымын және қылықтарын сипаттағанда мұқият назар аударуларын сұрайды. Тұмсықтың құстардың өмірінде маңызды рөл атқаратынын айту. **"Ботқаны суытамыз" тыныс алу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың тыныс алу мүшелерін жетілдіру; әдептілікке тәрбиелеу. Тыныс алу жаттығуы кезінде құстардың мамығын үрлеп жарыстырып көреді. **(дене шынықтыру)**	Қолдарыңды алға созып, алақандарымызды жоғары көтереміз. Енді шынтақтарыңды бүгіп, өздеріңе жақындатыңдар. Біртіндеп бір-бір саусақтан алақандарыңды жәймен бүгіңдер, балапанды алақанның ішіне жасырыңдар, енді ақырын балапанға бірқалыпты және баяу тыныс алып, балапанды жылы демдеріңмен жылытыңдар. Енді алақандарыңды ашыңдар, сонда сендер балапанның қуанып ұшып кеткенін көресіңдер. Оған өкінбей, мұқаймай, күлімсіреп қарап қоя беріңдер. Себебі ол сендердің мейірімді қолдарыңа әлі де ұшып келеді. **(дене шынықтыру)**	басталады: - Шүп-шұбар тауығым, қай жаққа барасың? - Мен өзенге барамын. - Шүп-шұбар тауығым, онда неге барасың? - Су алуға барамын. - Шүп-шұбар тауығым, суды не қыласың? - Балапандарға беремін. Олар әбден шөлдеді. Шиқылдап, су іздеді. Бүкіл көше естиді: - Шиық - шиық - шиық - шиық! "Бүкіл көше естиді: Шиық - шиық - шиық - шиық!" , - деген сөздерден кейін балапан болып тағайындалған балалар тауықтан қашып, шиқылдайды (Шиық - шиық - шиық - шиық!). Ал, ұстап алынған балаға қолын тигізіп, тауық былай дейді: "Құдыққа кеп, судан	- Адамдар үй құстарын не үшін ұстайды? **"Ненің балапандары?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: үй құстарының балапандары, олардың дыбыстауы жайында алған білімдерін бекіту; үй құстарының аналықтары мен балапандарын сәйкестендіре алуға жаттықтыру. **(сөйлеуді дамыту)**

				іш!". Ұсталынып қалған балалар ойыннан шығып отырады. Ойынды жаңа тауық таңдап, қайтадан қайталауға болады. **(сөйлеуді дамыту, музыка)**	
Таңертеңгі жаттығу **8.35-8.45**	**Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар. (ата-аналарымен өткізуге кеңес беріледі)** - Амансыңдар ма, менің кішкентай балапандарым! Ұйқыларыңнан ояндыңдар ма? (Оянып жатқан қимыл-қозғалыстар келтіреді.) Керіліп, созылдыңдар ма? (Аяқтарының ұштарына тұрып, керіліп, созылады.) Жуындыңдар ма? (Иә.) Қалай жуындыңдар? (Беті-қолдарын, құлақтарын жуғандай қимыл көрсетеді). Қандай тап-тазасыңдар! Қандай әдемісіңдер! Қарасаң көз тоймайды! Мен, сарышымшық анамын, сендердей тамаша балапандарды көргенімен қуанамын! Балапандар, өз ата-аналарың жүгіріп барыңдар, құшақтасып, жаттығу жасауға шақырыңдар! Аналар да, Әкелер де өз балапандарының денсаулықтары жақсы, мықты болғанын қалайды! Ата-аналар балалардың қолдарынан ұстап, әуенмен ілесіп, адымдап жүредеді. Шымшықтарым, шымшықтарым, Тату, адал құстарым. Балалармен адымдайды, Денсаулықты сақтайды. Құстар былай өседі, Аяқ ұшымен жүреді. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **8.45-9.00**	**Гигиеналық дағдылар** Мақсаты: балаларды ас қабылдау кезінде қолдайтын, эмоционалды жағымды орта туғызу. Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас!				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 9.00-9.10	**Қуаныш шеңбері.** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аударып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Қане, достар қуанайық. Қуанайық құстарға да, Күнге де, (Балалар қолдарын жоғары көтереді) Қуанайық жымың қаққан көздерге. (Бір - біріне қарап жымияды) Бүкіл әлем қуансын бізбен бірге, (Қолдарын екі жаққа қарай ашады) "Қайырлы таң!" деп, айтамыз біздер Сізге! (Барлығы қол ұстасады) "Қайырлы таң!" ата-анамыз, Сіздерге! "Қайырлы таң!"	**"Дәрумендер дегеніміз не?" әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: дәрумендердің адам ағзасына тигізер пайдасы туралы білім беру; "денсаулық", "дәрумендер" деген түсініктермен таныстыру; көкөністер мен жеміс - жидектер туралы білімдерін бекіту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**Таңғы сәлемдесу.** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын! Мейірім мен жылулыққа орта толсын! Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық, Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық! Тусипжанова-Шагирова А. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**Құстар туралы тақпақтар.** Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың жаздағы тіршілігі жайындағы түсініктерін нығайту; құстарға аяушылықпен қарауға баулу. Келіп көктем құстары, Бау-бақшада ән салды. Оларды жас достары Ұя жасап қарсы алды. Құс ұясын бұзбаңдар, Балапанын алмаңдар. Құстар біздің досымыз, Обалына қалмаңдар. Таспен атып торғайды Ұя бұзған оңбайды Құс өкпелеп кетеді Бақшамызға қонбайды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**"Қимылдарға қарап, нені көрсеткенімді айт?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға ым-ишара арқылы іс-қимылды түсіне білуге машықтандыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

	қалады тағы бізбенен! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.10-10.15	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Ақ мамықтай балапан" Мақсат-міндеттер: Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; еңбектеу техникасының тәсілдерін дамыту; құрсаулармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау; судың қасиеттері туралы білімдерін толықтыру.	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Құстар біздің досымыз" Мақсат-міндеттер: Жалпы құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы мағлұмат беру;б алалардың белсенділігін, қызығушылығын, сөздік қорын, ой – өрісін дамыту; құстарды қорғауға, қамқоршы болуға, табиғатты сүюге тәрбиелеу.	**Жапсырудан ойын-жаттығу** "Құстарға жем салайық" Мақсат-міндеттер: Құстар туралы түсініктерді дамыту; желімді қылқаламмен алып, дайын пішіндерге желімді жағу, сүлгіні қолдана білу қабілетін қалыптастыру; балаларды дайын пішіндерден құс бейнесін құрастырып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету (сопақша, дөңгелек, үшбұрыш, тіктөртбұрыш); қолдың ұсақ моторикасын, құстардың әнін тыңдау және есту қабілеттерін дамыту; табиғат пен құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу.	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Құс үйі" Мақсат-міндеттер: Сипаттама бойынша затты табуды үйрету,сөйлеу және тыңдау қабілеттерін дамыту,үйді құрылыс материалынан тұрғыза білу,қоршаған әлемге құрметпен қарауды тәрбиелеу.	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Орманда" Мақсат-міндеттер: Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту.
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық**				

10.15-10.25	**дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен **10.25-11.00**	**Үлескеге ұшып келген құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: құстардың қимыл-қозғалыстарына назар аударту: жүреді, секіреді, ұшады. Шалшық сулардан қалай су ішіп, қалай жем шоқитындарын бақылау. **"Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір - бірімен қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту; белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріп келе жатып секіруге жаттықтыру. **“Бедерлі жолдармен” ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: асфальтта сызылған	**Құмсалғышта ойнаймыз. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсаты: балалардың қоршаған әлем туралы түсініктерін қалыптастыру. Құмның қасиеттерімен таныстыру. Ойын барысында құрдастарымен тіл табыса білуге тәрбиелеу (ойыншықтармен бөлісу, кезектесіп ойнау, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу). **Әңгімелесу.** Біздің құмсалғышымыз қандай керемет! Ондағы құм сары, таза. Кім құмсалғышта ойнағанды ұнатады? Егер күн қатты ысыса, онда құм құрғақ болады.	**Масалармен танысу. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсаты: балаларды жәндіктермен (маса) таныстыруды жалғастыру; байқағыштық қасиеттерін дамыту; қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. **Әңгімелесу.** Балалар, сендерді масалар шағып көрді ме? Масалар қандай болады? Педагог балаларды масалар туралы әңгімелесуге, оларды сипаттауға шақырады. Сөйлемдерді дұрыс құрауына үлкен мән беру маңызды. Бақалар мен қарлығаштар масалармен қоректенеді. Олар бізді масадан құтқарады.	**Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсаты: жаңбыр және найзағай сияқты құбылыстарды түсіндіру. Найзағай фотосуретін көрсету. Қатты жауын болған кезде, найзағайдың алдында аспанды ауыр бұлт жауып, қатты жел соғады. Жел ағаштарды қатты шайқайды. Айналаның бәрі біртіндеп түнеріп кетеді. Құстар айқайлап ұшып, жасырынып қалуға тырысады. Күн күркіреп, найзағай жарқылдайды. **Жұмбақ.** Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр, Дабылдап дабылын ол қағып тұр. (Найзағай) Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр,	**Құстарды бақылау (қарғалар, торғайлар, көгершіндер) (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсаты: құстар туралы жалпы түсінік қалыптастыру**.** **Көркем сөз.** Тереземнің алдына, Түрлі құстар кеп қонды. Ақырын жақын келіп ем, Пыр етті де жоқ болды. **"Торғайлар мен машина" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүруге және жүгіруге ынталандыру; құстардың қимылдарына елкітеуге бейімдеу; бірлесіп ойнауға машықтандыру. **Дене шынықтырудан**

	бедерлі сызықтармен жүруді жаттықтыру. Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері. Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар. **Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Дербес ойын әрекеті.** Мақсат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.	Мұндай құмды құюға болады (педагог құмның пластмас диірменшеден қалай айналдыратынын көрсетеді) немесе құмды илеуіштен илей аласыңдар (Көрсетеді.). Сендер құмды мөлдір пластик бөтелкеге құю аласыңдар (көрсетеді). Құрғақ құмның үстінде жалаңаяқ жүгірген жақсы. Бірақ бір-бірлеріңе құм лақтыруға болмайды. Себебі, біреудің көзіне кіріп кетуі мүмкін! Егер біз күрек алып, құмды қаза бастасақ, біраз қазғаннан кейін қою қоңырқай құм шығады. Ол дымқыл болғандықтан сондай болады. Мұндай құмды төге алмайсыңдар. Қараңдаршы. Ол кішкентай кесек - кесек болып түседі. Мұндай құмнан біз	Егер мүмкіндік болса, далада балаларға масалар мен басқа да жәндіктердің суретін салуға қағаз бен бояулар (қарындаштар, балауыз қарындаштар) тарата аласыз. Масалардың суретін салу. **"Құпияшалар" құмсалғышта ойнайтын ойындар.** Ойын күрделендіріліп ойнатылады. Бірнеше балаға түрлі - түсті текшелерді құпия түрде жасырып қою ұсынылады. Қалған балалар мұқият іздеп, тауып алулары керек. **"Қуыспақ" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды белгі бойынша, қуғыншыдан қашып жүгіруге бейімдеу; күш-жүгерін, кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту. Балалар қуыспақ ойнағанды өте жақсы	Дабылдатып дабылын ол қағып тұр. От жағып, дабыл қағып тұрғанында, Сабалап төмен қарай су ағып тұр. (Жаңбыр, найзағай) **"Аюдың орманында" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. **"Сабалақ күшік" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балалалардың ойын мәтініне сәйкес қимылдау, қозғалыс бағытын тез өзгерте алу, ұстап алушының қолына түсіп қалмай, бір - бірін итермей жүгіре алу қабілеттерін дамыту. **Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.** Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер,	**жеке дербес жұмыстар.** Мақсаты: балаларды көлбеу тақтайдың бетімен жүруге, бастың арт жағынан лақтыруға жаттықтыру, балаларды батылдық пен ептілікке тәрбиелеу. **Еңбек тапсырмалары:** құмдарды бір жерге үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа әкеліп төгу. Мақсаты: қарапайым еңбек тапсырмаларын орындай алуға үйретіп баулу.

		түрлі қалыптардың көмегімен торттар, қалыптар, пироженыйлар жасай аламыз (қалыптардың көмегімен педагог көрсетеді). Енді өзіміз түрлі пішінді қалыптарды алып, мүсіндеп көрейікші! **"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды түрлі бағытта жүгіруге жаттықтыру, тәрбиеші белгісін ести білу, кеңістікті бағдарлай білу біліктіліктерін дамыту. **"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.** Мақсаты: балаларда нысанаға дәлдеп ата білу,ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту; **Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.** Далаға алып шығатын	көреді. Ойын ойнатылмас бұрын ересек адам алдын-ала жұмыс жүргізу керек: ойын шартын түсіндіріп, жүгіруге арналған аймақты белгілеп беруі керек. Негізгі қимыл - қозғалыс түрлері бойынша жеке жұмыстар. **"Сол жақ", "Оң жақ" түсініктері туралы білімдерін бекіту.** Ересек адам былай дейді: - Масалар оң жақ құлақтың түбінде! Алақанмен ұстап ал. Хоп! Масалар сол жақ иық тұсында! Алақанмен ұстап ал. Хоп! Масалар оң жақ иық тұсында! Алақанмен ұстап ал. Хоп! **"Масаны ұстап ал!" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен	қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар. **Еңбек тапсырмасы – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.** Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу.	

		материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар. **Еңбек тапсырмасы** – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу.	үйлестіре алуын дамытып, балаларды секіруге жаттықтыру, бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру. . **Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.** Далаға алып шығатын материалдар: күректер, сыпырғыштар, зеңбілдер, қалыптар, қағаздар мен қарындаштар.. **Еңбек тапсырмасы – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.** Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу.		
Серуеннен оралу 11.15-11.35	**"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" ойын жағдаяты. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" тақпақ-жаттамағын оқу.** Мақсаты: сабынды ыдысынан алуға үйрету, үлкендердің көмегімен, қолдарын сабындап, сабынды орнына қою, алақандарыңды бір-біріне ысқылап, сабынды шайып тастау, сүлгілерінің орнын білу. Ересек адамның көмегімен қолдарын құрғатады.				
Түскі ас 11.35-12.00	Дастархандағы тағамға назар аударту; үстел басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін енгізуге бағытталған жеке жұмыстар; этикет ережелері. **Көркем сөз.**				

	Қолға қасық, нан алайық, Түскі асты тауысайық. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы 12.00-14.50	Балалардың тыныш ұйқыға жатып, тәтті ұйықтауына жағымды жағдай туғызу. Көркем сөз оқу**: "**Бесік жыры" (халық ауыз әдебиеті). **(көркем әдебиет)**				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 14.50-15.15	**Тақпақ-оятпақ: "Қанаттарымызды күнге жылытайық".** Балалар шалқасынан жатады, қолдары жандарында; қолдарын жоғары көтеріп, "жылынайық" деп айтады да, қайта түсіреді. **"Аяқтарыңды жасыр" жаттығуы.** Балалар шалқасынан жатады, аяқтарын жоғары көтеріп, "аяқтарыңды жасыр" деп, аяқтарын қайтадан кереуетке жайлап түсіреді. **Кереуеттерінің жандарынан жүру.** Алтын айдарлы әтеш, Адымдап келе жатыр. Балапандарын қуып, Қораға қамап жатыр. Қос аяқпен бір орында және алға қарай жылжып секіру. Қолдар еркін. **Шынықтыру іс-шаралары.** Дымқыл шүберекпен сүртіну, ысқылау. Дәстүрден тыс әр түрлі кедергілері бар денсаулық жолдарымен жүру. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.15-15.45	Балалардың назарын алдарындағы асқа аудару; дастархан басында отыру және тамақтану мәдениетін тәрбиелеу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 15.45-16.50	**"Қуыршақ Данаға суық тиіп қалды" дидактикалық ойыны. Тақпақ-жаттамақ.** Қол орамал қалтады, Мұрын сүртіп алуға. Балалардың мұрындары, Қайта таза болуға.	**"Құстар" тақырыбында презентация (интербелсенді тақтада).** Мақсаты: балалардың құстар туралы түсініктерін жалпылау, нақтылау: барлық құстардың тұмсығы бар, денесі	**"Құс" қыстырғыштармен ойыны.** Мақсаты: балаларды қысқыштармен жұмыс жасауға бейімдеу, ұсақ қол моторикасын, ой-қиялын дамыту. Құсқа	**"Біздің әтеш шақырмайды" ойын-жаттығуы.** Мақсаты: театр өнері арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Міндеттері: кейіпкердің эмоционалды	**"Үйшік" ертегісі (ертегі терапиясы технологиясы).** Мақсаты: балаларға таныс ертегінің мазмұнын еске салу, қиялын және ерікті зейінін дамыту. Балалардың ішкі әлемін байыту,

	Балаларға жөтеліп,түшкірген кезде ауыздарын қолорамалмен жабуға үйрету, алдында біреу тұрса, теріс қарау керек. Балалардың қолорамалды немесе бір реттік орамалдарды қолдана алу дағдыларын тәрбиелеу. **"Құс" тақырыбында қағаздан құрастыру.** Құстарыңның бастарының екі жағынан қара ермексаздан бір-бір көзден жапсырып қойыңдар. Сосын құстың денесінің екі жағынан бір-бір қанаттан жапсырыңдар. Жұмыс соңынан кейін жасаған бұйымдарымен ойын ойнап, құстың атынан сөйлеп, құсты таныстырады.	қауырсынмен қапталған, екі қанаты, екі аяғы бар, жұмыртқадан балапандары шығады. **"Бөліктерден бүтін жұмыртқа жина" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: ұсақ төрт бөліктен тұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру; ойлау, қабылдау, зейін, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Бұл жұмыртқа шағылған. Оның ішінен балапан шыққан. Өсіп, жетілген соң жұмыртқаны жарып, шықты. Қане, жұмыртқаның бөліктерін біріктіріп, жинап көрейікші. Бөліктерден бүтін жұмыртқа жинап көрейікші.	қыстырғыштардан тұмсық, аяқтары мен әдемі құйрық шығатындай етіп қыстырып берейік. **"Шағала" көзге арналған жаттығуы.** Мақсаты: көздің көру қабілеттерін жетілдіру, босаңсыту мүмкіндіктерін ашу. Қараңдар, бұл теңіз құсы шағала ғой! Ол қалай ұшатынын көзімізбен ғана қарап отырайық. Шағала жоғары ұшты. Шағала солға ұшты. Шағала төмен қарай ұшты. Енді оңға ұшты. Толқындардың үстімен айнала ұшты.	жағдайын мимика, ым-ишара арқылы беру қабілетін қалыптастыру; сөздік қорын байыту; қарым-қатынас дағдыларына тәрбиелеу. Алдын-ала жұмыс: ертегі ойлап табу, өлеңдер мен әндерді қосу, іс-әрекеттердің кезектілігін талқылау. Материалдар: Әтеш, Үйрек, Ешкі, Қыздың костюмдері. Ойыншық құрт (жіп), бір бума құрғақ шөп, шелек, шайнек, кесе, кептірілген итмұрын жемісінің шай қорапшасы.	балалардың қарым-қатынасындағы кедергілерді жеңу бойынша жұмыс жасау. «Үйшік» ертегісін оқу, ертегіге байланысты иллюстрацияларды қарау, балаларға ертегі көрсету (қуыршақ театры), ертегі кейіпкерлерімен ойнау, жабайы аңдар, олардың тіршілік ету ортасы туралы әңгімелеу. Құрал-жабдықтар: "Үйшік" қуыршақ театры, аңдардың тұрғылықты мекен жайы бейнеленген суреттер, резинадан жасалынған ойыншық аңдар, жануарлардың санына сәйкес әр түрлі түсті геометриялық пішіндер, қағазға жапсырылған шаршы және үшбұрыш, желім, аудиожазбалар.

Балалармен жеке жұмыс 16.50-17.10	**Артикуляциялық жаттығу. "Не қалай дыбыстайды?"** Мақсаты: үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсініктерін қалыптастыру, дауыстарын ажырата алу. Құралдары: үй жануарларының суреттері.	**"Көлік жүргізушілері" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыру. Балаларды ойын арқылы қарым-қатынас орнатуға үйрету. Екі кейіпкермен өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру (жүргізуші - жолаушы). Балаларды белгілі бір рөл үшін өз атрибуттарын табуға талпындыру. Еңбек тапсырмасы: ойын сөресіне заттарды жинастырып, қалпына келтіру - еңбек дағдыларын тәрбиелеу.	**"Бір және көп" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйлестіруге машықтандыру. Ұзақ - ұзақтар - ұзақтарды. Құс - құстар - құстарды. Тырна - тырналар - тырналарды. Қараторғай - қараторғайлар - қараторғайларды. Қаз - қаздар - қаздарды. Үйрек - үйректер - үйректерді. Қарлығаш - қарлығаштар - қарлығаштарды. Аққу - аққулар - аққуларды. Көкек - көкектер - көкектерді. Ұя - ұялар - ұяларды. Жұмыртқа - жұмыртқалар - жұмыртқаларды. Балапан - балапандар - балапандарды.	**Артикуляциялық жаттығу. "Әтештер".** Мақсаты: етістіктің мағынасын білдіретін іс-әрекетпен байланыстыру. Ойын барысы. Ересек адам өлең оқиды, ал балалар өлеңде айтылған әтештерді бейнелейді. Әтештер айбарланды, Төбелеспей, ойланды. Айбарланса қаттырақ, Қауырсыннан айрылмақ. Қауырсыннан айрылса, Қайтіп айбар шақырмақ? (В. Берестов. Петушки. Өлеңін аударған: Тусипжанова-Шагирова А.	**"Ұялардағы жұмыртқалар" дидактикалық жаттығуы**. Мақсаты: балалардың көзбен қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. - Балалар, міне, сендердің алдарыңда ұялар. Оларды санайықшы. - Суретте қанша ұя бар? Екі ұя. - Ал ұялар бірдей ме, әлде әртүрлі ме? Әртүрлі. - Бір ұя үлкен, екіншісі кішкентай. Үлкен ұяны көрсет. Кішкентай ұяны көрсет. - Бір санын бір жұмыртқа салынған ұяның астына қоямыз, ал екі санын қай ұяның астына қоямыз? - Екі жұмыртқа салынған. Дұрыс. Құралдары: жұмыртқалардың суреттері, сандар.

Серуенге дайындық 17.10-17.20	Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяққиімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру. Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру.				
Серуен 17.20-18.00	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу 18.00-18.10	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 18.10-18.25	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.30**	"Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы" тақырыбындағы кеңес..	"Балабақшаның күндізгі режимі сияқты үйде де баланың жағдайын жасау" тақырыбында ата-аналарға кеңес.	"Баланы қалай дұрыс сөйлеп үйретуге болады?" тақырыбында ата-аналарға кеңес..	"Денсаулықты сақтау өмір салтын сақтауға бағытталған отбасылық дәстүрлерә сұрақ-жауаптар.	Көрмелер: "Құстар күні", "Құстар - біздің досымыз" жылжымалы папкалар.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы				
Топ/сынып	**Кіші топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Құлыншақ»				
Балалардың жасы	**2 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Бекеева А. Байметова Н				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**26.06. - 30.06.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	26.06.23ж	27.06.23ж	28.06.23ж	29.06.23ж	30.06.23ж
Күн тәртібі					
Балаларды	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы				

қабылдау 8.00-8.35	алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 8.00-8.35	Кеңес: "Алғашқы мәдени дағдылар мен әдеттерін тәрбиелеу".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8.00-8.35	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** дымқыл шүберекпен орындықтың шаңын сүрту. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекетін орындауға араластыру.	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: топ алаңқайын сыпыру.** Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. **Асхана бойынша еңбек тапсырмалары.** Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету.		**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** табиғат бұрышындағы, бөлме өсімдіктерінің жапырақтарын сүрту. Мақсаты: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, өсімдіктерге күтім жасау.	**Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру:** ойын бұрышындағы өз орнында тұрмаған ойыншықтарға назар аудару, оларды атап, орындарына жинау. Мақсаты: балаларды еңбекке баулу; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.
	Таңғы сәлемдесу. Жарқырап күн де ашылды, Айналаға гүл шашылды. Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз! Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Мақсат-міндеттер: сәлемдесу рәсіміне дағдыландыру; дағымды эмоцияларды дамыту. **Дербес ойын әрекеті.** Мақсат-міндеттер: балаларды	**Саусақ жаттығуы. "Жаз".** Мақсат-міндеттер: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Нұр тұнып құлпырып, Айнала жайнады. Тұр күнге ұмтылып, Алма ағаш сайдағы. Өзен жай ағады, Балауса жағасы. Көбелек қағады, Қанатын жалауша. Көгалда ойнадық, Асыр сап күн ұзақ. Гүл тердік,ойнадық,		**"Бір-екі белгі" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін дамыту. Балалар қатарға тұрады. Тәрбиеші бір белгі береді (ысқырық немесе шапалақ), ойыншылар бір қолдарын жоғары көтереді, екі рет белгі бергенде — бірден екі қолдарын көтереді. Белгіні аралас береді: бір белгіні бірнеше	**Ойын "Пирамиданы құраймыз".** Мақсат-міндеттер: балалардың позитивті көңіл-күйі болуына жағдай жасау; ұсақ қол моторикасын, қабылдауды, ойлауды дамыту. Түрлі-түсті шеңберлерден, Пирамида құраймын, Ең үстіңгі түсті алып, Қайта кілемге шашамын. **(сенсорика, сөйлеуді дамыту)**

	ойыншықтармен бөлісіп, тату ойнауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	Жарқын жаз қызық-ақ. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**		рет беруге болады, ал кейін екі белгіні. Ойын соңында тәрбиеші ең зейінді балаларды атайды.	
Таңертеңгі жаттығу 8.35-8.45	**Тыныс алу, релаксация, дыбыстау артикуляциясына жаттығу, ойындық ұқалау элементтерімен таңғы жаттығу.** Күн сәулесін шашады, бізді серуенге шақырады. Қандай жақсы, нұрлы күнде доспен бірге жүруге. **Тәрбиешінің артынан жүру 10 сек.** Күн алыста, биікте Күнге қарай созылып, жүгіреміз біз бірге. Тәрбиешінің артынан жүгіру 8 сек. **Шынықтыру және дамыту жаттығулары «Күнмен ойнаймыз».** **1. «Алақанымызды жылытамыз»** Күн сәулесін шашады, Алақанымызды жылытады. Б.қ. – Қолды алдыға, алақанды жоғары – б.қ. – 4 рет. **2. «Күн сәулесін іздейміз»** Күн сәулесі көрінді-айнала жарыққа толды, Күн сәулесі көрінді-айнала көңілді болды. Б.қ. – аяқты алшақ қою, қол белде. Оңға бұрылу – б.қ, солға бұрылу – б.қ. – 2 рет **3. «Күнге қуанамыз»** Күнге бәрі қуанады. 5 рет Б.қ. – Бір орында екі аяқпен секіру. Міне ойын аяқталды! Ал енді таңғы асқа барайық. Тәрбиешінің артынан жүру. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас 8.45-9.00	**Гигиеналық дағдылар** Балаларды ас қабылдау кезінде қолдайтын, эмоционалды жағымды орта туғызу. Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сықырлы, Тауысады тағамды.				

	Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық **9.00-9.10**	**Қуаныш шеңбері.** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге, топтастарға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Қане, достар қуанайық. Қуанайық құстарға да, Күнге де, (Балалар қолдарын жоғары көтереді) Қуанайық жымың қаққан көздерге. (Бір-біріне қарап жымияды)	**Қуаныш шеңбері.** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу. - Қайырлы таң, көздерім (Қабақты сипау) - Сендер ояңдыңдар ма? (Үлкен және сұқ саусақтан "дүрбі" жасау) - Қайырлы таң құлағым! (Алақанмен құлақты сипау) - Сендер ояңдыңдар ма? (Саусақтарды кең ашып, құлаққа тигізу) - Қайырлы таң, қолдарым! (Екі қолды	**"Көбелек қай гүлге қонды?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың гүлдер туралы түсініктерін пысықтау; гүлдерді атауға дағдыландыру. Құралдар: қызғалдақ, бақбақ, түймедақ, көбелектің суреттері. Балалар гүлдер жайлы айтады. - Мынау қандай гүлдер алаңқайы? (Түймедақ), - Ал алаңқай ше? (Қызғалдақ). - Балалар, басқа алаңқайға барайық. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**Сәлемдесу ойыны: "Менің көмекшілерім".** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу. Мынау – менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған, Мынау – басым ақылды. Бәрін осы басқарған. Мынау – менің оң қолым, Мынау – менің сол қолым. Барлық істі атқарған. **(сөйлеуді дамыту,**	**"Бақ-бақ" тыныс алу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың артикуляциясын, тыныс алу мүшелерін дамыту. - Бақбаққа, оның үлпілдек күлтешілерін қозғау үшін үрлеңдерші, бірақ ұрттарына ауа толтырып алмауға тырысыңдар. **(дене шынықтыру)**

	Бүкіл әлем қуансын бізбен бірге, (Қолдарын екі жаққа қарай ашады) "Қайырлы таң!" деп, айтамыз біздер Сізге! (Барлығы қолұстасады) "Қайырлы таң!" ата-анамыз, Сіздерге! "Қайырлы таң!" қалады тағы бізбенен! **(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**	кезек-кезек сипау) - Сендер ояңдыңдар ма? (Қол шапалақтау) - Қайырлы таң, күн! (Қолды жоғары созу) - Мен ояңдым! (Басты жоғары көтеру) **(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар, дене шынықтыру)**		**әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.10-10.15	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Жазғы гүлдер тамаша!" Мақсат-міндеттер: Балаларды тура және айналма текшелерді айналып жүгіру жаттығуларын жасауды үйрету; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылап, қайталап көрсетуге машықтандыру; тура және айналма жолмен	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Жылқы мен бұғы" ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегіні әңгімелеп беру, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі мазмұнын өз ойларымен толық жеткізе білуге; үй жануарлары мен жабайы аңдарды ажырата алу дағдыларын дамыту; сөздік қорын молайту,	**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Гүл шалғыны" Мақсат-міндеттер: Дала гүлдері туралы ойларын жинақтау; гүлдердің әсемдігіне назарларын аудару; есте сақтау қабілетін, сөйлеу қабілетін дамыту; табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Көгалда гүлдер жайқалды…" Мақсат-міндеттер: Гүлдің бейнесін, алақандарын қолданып құрылымы мен пішінің беруді үйрету; балалардың алақанмен сурет салуға қызығушылықтарын ояту; негізгі түстер жайлы білімдерін бекіту; ұсақ қол моторикасын дамыту; зейіндерін, есте	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Гүлдер мерекесі" Мақсат-міндеттер: Балалардың педагогпен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы

	жүгіру барысында жылдамдық,ептілік дағдыларын дамыта отырып, балаларда жағымды эмоциялық көңіл-күй туындату.	байланыстыра сөйлеу іскерліктерін жетілдіру; өз құрбыларымен тату, достарына адал болуға тәрбиелеу.		сақтау қабілеттерін дамыту; сурет салу кезінде бояуларды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу; айналадағы табиғатты танып білуге деген қызығушылықтарын ояту.	және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.
Серуенге дайындық 10.15-10.25	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.25-11.00	**Гүлдеп тұрған өсімдіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балаларды кейбір гүлдейтін өсімдіктермен таныстыру. Олардың құрылымын талдау, гүлінің пайдасы жайлы айту. Гүлдерді аялауға тәрбиелеу. Өсімдікті қарастыру, гүлдің түсін, пішінің, гүлдерінен басқа оларда не бар екенін сұрау. Балаларды гүлдерді аялауға, баспауға, үлкен гүл шоғын жұлмауға	**Түймедақты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балаларды кейбір гүлдейтін өсімдіктер: түймедақпен таныстыру. Олардың құрылымын талдау, гүлінің пайдасы жайлы айту. Гүлдерді аялауға тәрбиелеу. Негізгі мазмұны: Балаларға түймедекты қарастыруды ұсыну. Түймедақтың түсіне назар аудару: күлтешелері ақ, ортасы сары. Сабағы биік, жапырақтары	**Жолжелкен мен қалақайды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балаларды кейбір гүлді өсімдіктермен таныстыру; гүлдерді аялауға тәрбиелеу. Олардың құрылымын талдау, гүлінің пайдасы жайлы айту. Жол бойында өсіп тұрған өсімдіктермен таныстыру. Олардың көбі емдік өсімдіктер: қалақай, жолжелкен. - Балалар, жолжелкен деп неге атайды? **Жұмбақ.** Жап-жасыл жапырақ,	**Гүлзардағы гүлдерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балаларда гүлдер жайлы түсініктерін кеңейту; өсімдіктерге деген қызығушылығын арттыру. Гүлдер әдемі, нәзік, хош иісті, түрлі-түсті, үлкен және кішкентай. Гүлдерден гүл шоғын жасауға болады. **"Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалас ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер:	**Бақбақты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балаларда гүлдеп тұрған бақбақ жайлы қарапайым түсінікті дамыту; өсімдіктер әлеміне деген қызығушылықты арттыру. Балаларды гүлдеп тұрған бақбақты танып, атауға жетелеу. Сөздік қорларын сын есімдермен молайту (сары, күн сияқты алтын түстес) өсімдіктерді аялауға тәрбиелеу.

	үйрету. **Көркем сөз.** Ерте тұрып күнде, Су құямын гүлге. Жайнайды гүлім, Құлпыртып түрін. **"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды сигнал бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: таратпалы маскалар: гүлдер мен аралар. **"Аттап өт" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда алға жылжып екі аяқпен секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа және биіктікке секіруге, тез жүгіруге жаттықтыру. Балалардың шығарылған материалмен дербес	ұзыншақ келген. **Көркем сөз.** Гүлге айналып құлпырып, Түрлі-түсті бояулар. Киіп сары көйлегін, Бақбақ гүлі оянар. Қалықтайды ұлпасы, Ақ періште сияқты. Нәзік желмен ұшып жүр, Таңғажайып гүл басы. (Д. Қ Бұланбаева) **"Тауық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойынды. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда қимыл-қозғалысты белгі бойынша орындау біліктілігін дамыту; әртүрлі бағытта жүгіру мен еңбектеуді жаттықтыру. **"Көлшіктен өт" қимыл жаттығу. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда тепе-теңдікті,ептілікті,	Ұстасаң шағып алады. (Қалақай) Өзіне шап шақ, Киген қалпағы аппақ, Үлпілдектер тұр қаптап. (Бақбақ) **"Масаны ұста" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда қимыл-қозғалыстарын көру белгісімен үйлестіру біліктілігін дамыту. Балаларды секіруге жаттықтыру (бір орында секіру). **"Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікте қозғала білу, ұжыммен бір-біріне соғылмай қимылдау біліктіліктерін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, тереңдікке, орыннан ұзындыққа секіруге, жылдам жүгіруге жаттықтыру.	балаларда кеңістікте қозғала білу, ұжыммен бір-біріне соғылмай қимылдау біліктіліктерін дамыту; белгі бойынша әрекет ету, тереңдікке, орыннан ұзындыққа секіруге, жылдам жүгіруге жаттықтыру. **"Құрылысшылар" сюжетті-рөлдік ойыны.** Шығарылатын материал, балаларды алмастыру заттарын қолдануды, құмнан құрылыс нысанын жасап, оны ойнауды үйрету. **Жеке жұмыс: "Ұқсас гүлді немесе күлтешені тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: гүлдерді ажырата, атай білу қабеліттерн нығайту. (Түймедақ, бақбақ, раушан-гүл). **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескені тастардан**	Үлбіреген бақ-бақ, Үлпілдеген аппақ. "Уф", - десем, бақ-бақ, Ұшасың ғой қаптап. **“Әженің қозысы болыпты” қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жүруге, жүгіруге, еңбектеп жүруге жаттықтыру. Балалар шеңбер құрып тұрады, тәрбиеші айтады: ”Әженің қозысы болыпты. Оның аяғы мынандай болыпты (аяқтарын алға шығарады), тұяқтары мына жерде болды (отырып көрсетеді) т.с.с (мүйізі, құйрығы). Қозының серуендегісі келіп, ол тауды, тасты аралайды (төрт яқтап тұрып, бүкіл алаңқайда жүреді). Әже қозыны үйге шақырады: ”Кел, қозы үйге кір, әйтпесе қасқыр жеп кетеді”.

	ойын әрекеті. Шығарылатын материал: күрекшелер, сыпырғыштар, қырғыштар, қалыптар. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. .	көзбен мөлшерлеуді дамыту. **Еңбек әрекеті: жерге түскен жапырақтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.** Шығарылатын материал: күрекшелер, шелектер, қалыптар, жыл мезгілдеріне сәйкес киінген қуыршақтар, машинкалар.	**Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.** Шығарылатын материал: күрекшелер, сыпырғыш, зембілдер, қалыптар, қарындаштар, қағаз беттері.	**тазарту.** Мақсат-міндеттер: тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Еркін ойындар: балалардың шығарылған материалмен ойындары.** Құмды құрылыс және табиғи материалмен үйлесіре білу, қызықты және қиын құрылыс нысандарын тұрғызуға жол береді.	Тәрбиеші қасқырды келтіреді де, одан қашып кетуді ұсынады. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** ойын жабындысын сыпыру. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру, тазалыққа тәрбиелеу. **Дербес ойын әрекеті.** Құмнан тоқаш жасауды үйрету, таяқшамен құмда сурет салу, доп ойнау. Балаларды тек өз үлескелерінде серуендеуді, ойнауды үйрету. Олардың қозғалыс белсенділігін байқау.
Серуеннен оралу 11.15-11.35	**"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" ойын жағдаяты.** "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" тақпақ-жаттамағын оқу. Мақсат-міндеттер: сабынды ыдысынан алуға үйрету, үлкендердің көмегімен, қолдарын сабындап, сабынды орнына қою, алақандарыңды бір-біріне ысқылап, сабынды шайып тастау, сүлгілерінің орнын білу. Ересек адамның көмегімен қолдарын құрғатады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас 11.35-12.00	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: балаларды қасықты дұрыс ұстауды үйрету бойынша жұмысты жалғастыру. **Көркем сөз:** Қомағай қоңыр аю, Нанды шашып жеп отыр.				

	Түсінбедік бір сөзін, Аузы нанға толып тұр. Сөйлемей іш тамақты, тарсылдатпа табақты. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы 12.00-14.50	Мақсат-міндеттер: балалардың жайлы ұйқысына жағдай тудыру. **"Әлди-әлди" әні.** Көзімнің ағы-қарасы, Жүрегімнің парасы, Уайым-қайғы ойлатпас, Көңілімнің сапасы. Айналайын, шырағым! Көлге біткен құрағым! Маңдайдағы құндызым, Аспандағы жұлдызым. **(көркем әдебиет)**				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 14.50-15.15	**Оятпақ жаттығулары.** "Көңілді аяқтар" Аяқтарды биік көтер, міне былай, Топ, топ, топ! Көңілдірек! Биігірек! Міне былай: Хоп, хоп, хоп! Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр, Қатты-қатты, сылдыр-сыңғыр! Шап жүйрігім, шап-шап, Тпру - ру -у, тұлпарым: Тоқтат! Тоқтат! Мәдени–гигиеналық дағдылар жайлы білімдерін бекіту. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.15-15.45	Міне қасық, міне ас, Тамақтантан ешнәрсе қалмас. Тамақты тауысқаннан кейін, үстелден тұру, орындықты жылжыту, алғыс айту. **(мәдени-гигеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес	**"Гүл шоғын жина"**	**"Шөптегі бақбақ"**	**"Отбасы" сюжетті-**	**"Ұмытшақ сатып**	**"Гүлдер"**

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 15.45-16.50	**ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұсақ бөлшектерден тұтас бейнені құрастыруға тарту. Әр баланың алдында — құмырадағы гүлдердің сұлбасы жатады, жаңында түрлі-түсті гүлдердің сұлбалары жатады, олардың арасынан құмырадағы гүлдердің түстеріне ұқсастарын таңдап алып, гүл шоғын жинау керек. Тәрбиеші мен балалар гүл шоғын қарастырады, олардың түсін айтады. Ой, жарайсыңдар, барлықтарын маған көмектестіңдер. Менің әрқайсыларына сыйлықтарым бар. **(қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика)**	**түрту әдісімен сурет салу.** Мақсат-міндеттер: балалардың тәстүрден тыс сурет салу техникасын игеру мүмкіндіктерін жетілдіру; бақбақ туралы түсініктерін нығайту. Сурет салу барысында балалар бақбақтың суретін сары бояумен қылқаламды күрт тигізіп, оны бірден көтеріп алу арқылы салады. **(сурет салу)**	**рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды отбасының өмірін шығармашылық түрде көрсетуге жетелеу. Сюжеттегі екі кейіпкердің (анасы, қызы) өзара әрекеттесу іскерліктерін қалыптастыру. Өзара әрекеттесу және бір-бірімен тіл табысу біліктіліктерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, сенсорика)**	**алушы" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың гүл туралы түсініктерін тиянақтау; сөйлеу қабілеттерін дамыту. Сатып алушыға гүл сатып алу қажет, бірақ ол гүлдің атын ұмытып қалыпты. Ол сол гүлді сипаттайды, ал сатушы сипаттамасы бойынша танып, суретін көрсету керек. Барлығын бірге тексереміз - Раушан – бақшада өседі, сабағында тікендері бар, ол қызыл, ақ, сары болады. - Бәйшешек – көктемгі алғашқы ақ түсті гүл, Қызыл кітапқа енгізілген және т.с.с. Құралдары: гүлдердің суреттері. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**музыкалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды мызука ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; эстетикалық сезімдерін дамыту. **(музыка)**
Балалармен жеке жұмыс 16.50-17.10	**"Гүлдерді тізбекке сал" ойын-**	**"Жазғы гүлдер" тақырыбына**	**Суды бақылау.** Мақсат-міндеттер: су	**"Гүлдер" саусақ жаттығуы.**	**Аула құстарын бақылау.**

	жаттығуы. Мақсат-міндеттер: гүлдер туралы білімдерін тиянақтау; ойлау, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. - Балалар, бұзық жел гүлдің күлтешелерін жұлып, барлығын шатастырып тастаған екен. - Қане, гүлге күлтешелерін тауып берейік. - Балалар гүлдерді көлемдеріне, құрылымдарына сай, кезектестіріп отырып, тізбек құрайды. *Көркем сөз.* Қызыл, сары, көк гүлді, Құшағыма жинадым. Кімге сыйласам екен, Бұл әдемі гүл шоғын? Ортада бір бала тұрады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: гүлдер туралы білімдерін жетілдіру. - Балалар, сезесіңдер ме, айналада қандай жағымды иіс? - Бұл ненің аңқыған иісі екен? **Жұмбақ:** Түсті-түсті, иісі аңқыған, Араларға нәр сыйлаған. (Гүлдер). Әңгімелесуге арналған сұрақтар: - Гүлдер не үшін керек? - Бақша гүлдері қайда өседі? - Бақша гүлдерін атаңдар. - Дала, орман гүлдері қайда өседі? - Дала және орман гүлдерін атаңдаршы. - Бақтағы гүлдерге кім күтім жасайды? - Біз гүлдерге қалай күтім жасаймыз? - Гүлдердің қандай пайдасы бар? - Ал біздің топта дала немесе орман гүлдері	құйғыштан аққан судың жерге сіңіп, жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; судың бұлтта бар екендігіне, жаңбыр болып, жерге тиетініне көз жеткізу; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **"Гүлдің сабағы" таяқшалармен жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: гүлдер туралы білімдерді тиянақтау; ұсақ қол моторикасын дамыту; көзбен көру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. - Балалар, таяқшаларды гүл сабағының орнына орналастырыңдар. Біркелкі гүлдерді тауып, көрсетіңдер.	Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; сөйлеу мәнерін, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Біз гүлдерше өсеміз (Саусақтарды жұдырыққа тию) Жапырағы жайқалған, (Алақанды ашу) Сабақтары салалы, (Алақанды ашып, жабу) Желмен бірге ырғалған. (Саусақтарды ары-бері қимылдату) **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сенсорика)**	Мақсат-міндеттер: аулада ұшып-қонып жүрген құстарды сыртқы келбетінің ерекшеліктері, қимылдары, дыбыстары арқылы ажыратуға баулу (торғай, қарға, сауысқан, көгершін, т.б.); бақылағыштыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Барельеф тәсілі бойынша мүсіндеу «Әдемі гүлдер».** Ермексаздан бөліктер бөліп алыңдар, оларды суретке бастырып, ермексаздың үстіне гүлді қойып, саусағыңызбен мықтап басыңыз. **(мүсіндеу)**

		өседі ме? - Олар неге солай аталады? **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**		
Серуенге дайындық 17.10-17.20	Мақсат-міндеттер: шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету. Жазғы серуен кезіндегі ережелер: - серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу; - ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлеске төбелдірігінде); - күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін; - серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады;	**"Біз серуенге қалай киінеміз".** Мақсат-міндеттер: киім-кешек, аяқ киім, бас киім атауларын және қолданысын нақтылау. **“Бедерлі жолдармен” ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: асфальтта сызылған бедерлі сызықтармен жүруді жаттықтыру.	**"Киіну, шешіну".** Мақсат-міндеттер: түймені тағу және ағыту, жапсырғыш тағындыларды ашып, жабу біліктіліктерін бекіту, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, киіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды, қажет жағдайда көмек сұрауды, сыпайы сөздерді қолдануды үйретуді жалғастыру.	**Ойын алаңында қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу барысында:** - ойын шартын мұқият тыңда; - ойынды тәрбиешінің белгісі бойынша баста; - белгіленген жерде ғана ойна; - лақтыру кезінде жолдасына қарай дәлдеме; - белгіден кейін ғана допты лақтырып артынан жүгір; - ойын кезінде бір-бірінді итерме. Мақсат-міндеттер: балаларды ойындар барысында ережелерді сақтауға бейімдеу.	**"Тілалғыш түймелер мен баулар".** Мақсат-міндеттер: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).

	- серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп.				
Серуен 17.20-18.00	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу 18.00-18.10	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 18.10-18.25	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.30**	"Бала үшін қандай спорт пайдалы?" тақырыбына әңгімелесу.	Жеке кеңес: "Сіздің балаңыздың тамақтану мінезі".	"Егер сіздің балаңыз ұяң болса" тақырыбына әңгімелесу.	Әңгімелесу: "Баланың отбасындағы еңбек тәрбиесі".	Кеңес: "Саябаққа (орманға) ұйымдасқан саяхат кезіндегі табиғатқа деген қызығушылықтарын тәрбиелеу".

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы				
Топ/сынып	**Кіші топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Құлыншақ» кіші				
Балалардың жасы	**2 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Бекеева А. Байметова Н.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**31.07. - 04.08.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***

	31.07.23ж	01.08.23ж	02.08.23ж	03.08.23ж	04.08.23ж
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.35	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 8.00-8.35	Ата-аналармен "Балаларға ертегі оқу" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8.00-8.35	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: конструктор бөлшектерін қорапқа жинау.** Конструктордың қорапқа салынғанына назар аудару; егер олар шашылып жатса, бөлшектері қорапқа симайтынын белгілеу. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктерінің жапырақтарын сүрту. Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, өсімдіктерді аялауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** "Ойнап болғаннан кейін топ ішін жиыстыру". Мақсат-міндеттер: балаларда саналы түрде тәртіпке деген ұмтылысты, ойыннан кейін ойыншықтарды жинау әдетін қалыптастыру, жұмыс жоспарын құра білу, алдағы іс-әрекетке қажетті материалдарды таңдай білуге үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** үлескедегі бұтақтарды жинаймыз. Мақсат-міндеттер: қарапайым тапсырмаларды орындауды үйрету; еңбек дағдыларын қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** серуен алдынды ойыншықтарды жинау. Жапырақтарды, бұтақтарды, тастарды шелекке жинап салу, белгіленген орынға апару. Құмды құмсалғышқа салу. Құмды құлсалғыш қақпағынан сыпыру. Мақсат-міндеттер: қарапайым тапсырмаларды орындауды үйрету; еңбек дағдыларын қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)**
	Көркем сөз. Ертегілер өте көп, Үнемі айтып жүреміз. Кімнің көп білетінін, Қазір сұрап, білеміз.	**"Бауырсақ" ертегісін фланелеграфта көрсетіп отырып, айту.**	**"Ертегі кейіпкерлерін бейнеле" музыкалық ойыны.** Мақсат-міндеттер:	**Тақпақ мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеу	**""Шұбар тауық" ертегісін рет-ретімен құрастыр" дидактикалық ойыны.**

	Балалар, сендер қандай ертегілерді білесіңдер? Танымал ертегілерді атау: "Үйшік", "Шұбар тауық", "Бауырсақ", "Аққу-қаздар", "Маша мен аю", "Үш аю" және т.б. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** **Қиынды суреттермен ойындар: "Ертегі кейіпкерлерін құра".** Мақсат-міндеттер: балаларды ұсақ бөліктерден (2-4) тұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру; жазықты бағдарлау, ойлау, қабылдау қабілеттерін дамыту. Балаларды, ертегі кейіпкерінің суреті құрастырылғаннан кейін, оны атауға шақыру. **(сурет салу)** **Логоырғақты**	Мақсат-міндеттер: балаларды ертегі мазмұнын мұқият тыңдап, желісін есте сақтауға мүмкіндіктер жасау; ертегі әлеміне деген қызығушылықты қалыптастыру. Мазмұндау элементтерімен ертегі желісі бойынша әңгімелеу. Құралдары: фланелеграф, ертегі кейіпкерлерінің кескіндері. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	балалардың эмоционалды дамуына жағымды ықпал ету; коммуникативтік қабілеттерді дамыту; ертегілер әлеміне деген қызығушылықты тудыру. - Балалар, ертегі кейіпкерлеріне айналғыларың келе ме? - Мен ертегі кейіпкерлері жайлы өлең оқимын, ал сендер, балалар, ортаға шығып өлеңде айтылған жан-жануарды қимылмен көрсетесіңдер. Тәрбиеші жан-жануарды сипаттайтын қысқа өлең оқиды, балалар қимылдарын келтіреді. Түлкі деген қу ғой, Жүрген жері шу ғой. Жатып алып жағада, Іздегені ду ғой. Қорбаң-қорбаң,	қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: әтештің суреті. **Көркем сөз.** Айдарлы әтеш, Таң атпай тұрыпты, Ойқастап жүріпті. Жан-жағына қарапты, Айдарын тарапты. **-** Балалар, әтеш адасып, қандай ертегіден келгенін ұмытып қалыпты. Қане оған ертегіні табуға көмектесейікші: - Ертегінің шымылдығы ашылсын, Балаларды әлеміне шақырсын! **(көркем әдебиет)** **Кітаптар көрмесі.** Мақсат-міндеттер: балаларға кітаптарды қарауға деген қызығушылығын, әдептілікке, көркем сөзге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру. - Балалар, әтешті	Мақсат-міндеттер: балаларды бірнеше суреттерден "Шұбар тауық" ертегісінің желісін құрастыруға машықтандыру; есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. - Балалар, алдарыңда жатқан бірнеше суреттерге қарап, олардың "Шұбар тауық" атты ертегінің желісі бойынша бір ретке тізіп алайық. - Карточкаларда қандай ертегі бейнеленген? Қандай суретті біз бірінші орналастырамыз? Онда не бейнеленген? Ата мен әженің үйінде не өмір сүрді? Енді қандай суретті қою керек? Тауық не істеді? Керек суретті тап? Одан кейін не болды? Жұмыртқаны бірінші кім жарып көрді, ата ма, әлде әже ме? Одан кейін не болды? Қай суретті ең соңында қоямыз? Тауық ата мен әжені

	жаттығу: **"Бауырсақ" және музыкамен жүгіру.** Мақсат-міндеттер: Бауырсақ кейіпкерінің сөздерін жатқа ырғаққа сай айтуға машықтандыру; ертегі әлеміне деген қызығушылықты арттыру. Мен Бауырсақпын, Бауырсақ. Менің бетім домалақ. Қалған ұннан илендім, Ыстық майға піскенмін. Бауырсақпын, домалақпын, Домалап келем жолақпен. **(сөйлеуді дамыту, музыка)**		қорбаңбаймын, Омартаны аралаймын, Аяқ-қолды жаралаймын, Бал ұрлауға арланбаймын. Ұзын құлақ, сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды, Ойлы-қырлы жерлерден, Ытқып-ытқып секірді. Бақа, бақа, балпақ, Көзі оның тостақ. Қырдан алыс көп қарап, Көзі содан тостақ. Қасқыр орманда жортады, Аяздан ол қорқады, Аспанға қарап ұлиды, Ауылда малдыториды. Біз Тышқанбыз, Тышқанбыз, Дән тереміз тыстан біз. Жол бойынан ін	қандай ертегілерді кездестіруге болады? ("Қоянның үйшігі", "Аңдардың қыстауы", "Мысық, әтеш және түлкі", "Тауық пен әтеш".) - Дұрыс, жарайсыңдар! Қане, есімізге түсірейікші «Қоянның үйшігі» ертегісінде әтеш қандай? (Батыл, ержүрек, батыр.) - Дұрыс, ал "Мысық, әтеш және түлкі" ертегісінде әтеш қандай? (Тілазар.) - Дұрыс, жарайсыңдар! Әтеш "Тауық пен әтеш" ертегісінде қандай? (Қыңыр, тілазар.) Балалар бірден жауап бермей жатса, педагог өзі айтып, балаларға қайталатады. Құралдар: белгілі ертегілер кітапшалары, кітап сөрелері. **(көркем әдебиет)**	қалай жұбатты? (Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап бере отырып, карточкаларды орналастырады.) Тауық көп жұмыртқа тапты, бірақ алтын емес, жай жұмыртқалар. Олардан балапан басып шықты. Қане, сендер балапан болыңдаршы. **(**

			қазып, Жинап жүрміз күнде азық. **(көркем әдебиет, музыка)**		
Таңертеңгі жаттығу **8.35-8.45**	Балалар біз сендермен, сиқырлы орманға саяхатқа барамыз. Орманда серуендеп, құстардың әнін тыңдап, гүлдер мен ағаштарды бақылайық. Құстар әнінің дыбысы естіледі: балалар топ ішінде баяу жүреді, тоқтайды. Жалпы дамыту жаттығулары Орманда таң атты, күн шықты. Қолдарынды жоғары созыңдар, күн сәулесі жылытсын. 1 – қолды көтеріп, керілеміз. 2 – б. қ. ораламыз. 3 – қолды көтеріп, керілеміз. 4 – б. қ. ораламыз. Көгалда гүлдер ашылды 1 - қолды көтеру. 2 – екі жаққа бұлғау. 3 - қолды көтеру. 4 – екі жаққа бұлғау. Көбелектер оянып, гүлден-гүлге қона бастады. Баяу қарқында отырып жүгіру. Бір кезде жел соғып, бұтақтар қозғала бастады. Қолды көтеріп, денені екі жаққа еңкейту. Жапырақтар шулай бастады. Қолды көтеру, еркін қозғалыстар. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **8.45-9.00**	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: балаларды жақсы тәбетпен, әдеппен тамақтануға бейімдеу. *Көркем сөз* Денсаулыққа пайдалы, Ботқа жейік келіңдер. Өзі жұмсақ, тәп-тәтті, Дәмін татып көріңдер. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 9.00-9.10	**Психологиялық дайындау сәті.** Мақсат-міндеттер: балалардың ертегілер әлеміне деген қызығушылығын арттыру. Мен сендерді бір ғажайып әлемге, ертегілер еліне саяхатқа баруға шақырамын. Ал сендер ертегілерді жақсы көресіңдер ме? - Олай болса, жолға шығайық. Ал ертегі дегенім не? Ертегілерде қарапайым өмірде болмайтын нәрсе болады. Аңдар, жан-жануарлар сөйлей алады, адамдар сиқырлы заттарды пайдаланады. Сендер қандай сиқырлы заттарды білесіңдер? (Балалардың жауаптары) Мыстан кемпірдің сыпырғышы, сиқырлы жіп орамы, сиқырлы таяқша, ұшатын кілем т. б..	**"Менің сүйікті ертегілерім әңгімелеуі.** Мақсат-міндеттер: балалардың апта тақырыбы бойынша сөздік қорларын белсендету және дамыту үшін жағдай тудыру. Орталықтарда суреттер мен үстел-үсті ойындарын орналастыру. Құралдар: балаларға таныс ертегі сюжеттері салынған суреттері. **(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)**	**Миға шабуыл.** Мақсат-міндеттер: балалардың ертегілер туралы білімдерін пысықтау; байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. - Балалар, мен де сендермен ертегіге барғым келеді. Аламын да әжеге айналамын! (Тәрбиеші басына орамал тағады.) - Балалар, қандай ертегілерде әже тұрады? (Балалар атайды: "Шалқан", "Бауырсақ", "Шұбар тауық"). **(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** **"Дәмінен ажырат" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың түйсік-сезімдерін жетілдіру. - Мен атаға арнап бауырсақ пісіргім келеді, бірақ ұнның және қанттың қайда екенін ұмытып	**"Әтеш пен бұршақ дәні" ертегісін айту. Фланелеграфтағы театр.** Мақсат-міндеттер: балалардың ертегілер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; ертегі желісін есте сақтауға мүмкіндіктер жасау. Құралдары: ертегі кейіпкерлерінің кескіндері, фланелеграф. **(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)**	**Шаттық шеңбері** Мақсат-міндеттер: балалардың қимыл қабілеттерін, ырғаққа сай қимылдау қабілетін дамыту. Ну орманда бір үй тұр (Балалар бір орында адымдайды.) Алға емес, артқа қарап тұр. (Балалар бұрылады) Сол үйшікте кемпір бар. (Сұқ саусақты шошайту.) Мыстан кемпір деген тұрғын бар. (Екінші қолдарын шошайту.) Мұрны ілмек, (Саусақпен көрсету.) Көзі үлкен, (Көрсету.) Отша лаулап, жанады. (Бастарын шайқау) Oh, өзі сондай ашулы! (Бір орында жүгіру) Шаштарымыз тікірейді. (Қолды жоғары көтеру). **(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар, дене**

	(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)		қалдым. Балалар, маған оларды ажыратуға көмектесіңдерші. (Үстел үстінде екі ыдыс тұрады: біреуінде қант, ал екіншісінде ұн. Балалар ыдысқа саусақтарын салып, қайсысында қант, ал қайсысында ұн екенін дәмі .) - Ал сендер қант екенін қайдан білдіңдер? (Балалардың жауаптары - ол тәтті.) **(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)**		**шынықтыру)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.10-10.15	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Орман дәрігері" Мақсат-міндеттер: Балаларды допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыру іскерліктерін жетілдіру; балаларды лақтыру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене,	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Арыстан мен түлкі" Мақсат-міндеттер: Ертегіні оқу, мазмұнын түсіндіру. Ертегінің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту,сөздік қорларын молайту, тілдерін дамытып,	**Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Сиқырлы домалақ" Мақсат-міндеттер: Балалардың сенсорлық қабылдауларын дамыту, геометриялық фигуралар туралы білімдерін бекіту.	**Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Бауырсақ" Мақсат-міндеттер: Балаларға екі алақанның ортасымен дөңгелек жасауды үйрету; бұйымды қосымша материалдардың көмегімен, керекті бейнеге жеткізу. Ертегінің мазмұнын түсіну. Сөйлеу және	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Ертегілер әлемі" Мақсат-міндеттер: «Ертегілер елінде» әуен ырғағы туралы ұғым беру. Балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Музыкалық әуен арқылы балаларды ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.

	қол және саусақ бұлшық еттерін дамыту; допты бастан жоғары лақтыру техникасын меңгерту және лақтыру қабілеттерін кеңейту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларына тәрбиелеу.	байланыстырып сөйлеуге үйрету; қоршаған әлемдегі жануарларды ажыратып тануға деген түсініктерін кеңейту. Олардың тіршілік мекенін білуге үйрету. Балалардың артикуляциялық аппаратын, сөйлеу тынысын және диалогтық сөйлеуін, есте сақтау, есту және көру зейіндерін дамыту.; қайырымдылық, жанашырлық сезіміге тәрбиелеу.		ойлау дағдыларын дамыту.	
Серуенге дайындық 10.15-10.25	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.25-11.00	**Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: аулашының еңбегі жайындағы түсініктерін тиянақтау;	**Құм мен топырақтың қасиетін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: құм мен топырақтың қасиетін, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын	**Аспан мен бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Жаз туралы түсініктерін бекіту. Аспандағы өзгерістерге назар аудару. Аспан қандай: көгілдір, бұлт пайда	**Құмырсқаны бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балаларды жиі кездестіретін жәндікпен, олардың тіршілігімен, өмір сүрулері үшін маңызды	**Бақылау: "Ыстық жаз!" (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балаларды жаз тән ерекшеліктермен таныстыру. Сөздік қорларын кеңейту. Өздері өмір сүретін елді мақтан тұтуға

	байқағыштыққа, ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Аула сыпырушының көгалды (газон) тазалайтынына назар аудару. Аула сыпырушыда қандай еңбек құралдары бар екеніне назар аудару. **Жеке жұмыс: өлең жаттату.** Ерте тұрып бұл ағай, Сыпырады ауланы. Тап-тұйнақтай етеді, Ойнайтын бар алаңды. **"Тауық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, түрлі бағытта жүгіру мен еңбектеуге жаттықтыру. **"Көбелекті гүлге қондыр" ойыны. (дене шынықтыру)**	анықтау. Құрғақ және дымқыл құмның түсін бақылау. Дымқыл (ылғалды) құмнан түрлі пішіндер мүсіндеуге болады, ал құрғақ құм шашылып, пішінді сақтай алмайды. Балаларға құмнан пішіндер мүсіндеп, айырмашылығына бірге көз жеткізуді ұсыну. **Көркем сөз.** Елден алғыс алатын Өскен кезде ер болам. Сәнді үйлер салатын Құрылысшы мен болам. **"Жалауға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуді үйрету. Балалардың зейіндерін, түстерді ажырату біліктіліктерін дамыту. Жүру мен жүгіруді жаттықтыру.	болды. **"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер:: балаларды түрлі бағытта жүгіруге жаттықтыру, тәрбиеші белгісін ести білу, кеңістікті бағдарлай білу біліктіліктерін дамыту. **“Бедерлі жолдармен” ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: асфальтта сызылған бедерлі сызықтармен жүруді жаттықтыру. **"Көлік" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға машықтандыру; ойын желісін түсініп, көлік жүргізушісі ретінде белгі бойынша бір бағытта, ешкімге соғылмай, жүгіруге бейімдеу. Шығарылған	жағдайлармен таныстыру. Құмырсқамен таныстыру. Құмырсқа илеуін қарастыру. Ол неден тұрады? Шыбықтар, ағаш қабығы, топырақ – бұлардың барлығын кішкентай еңбекқор - құмырсқалар әкелген. Кішкентай тесіктер-бұл кіру жолы. Құмырсқалар ешкімге зиянын тигізбейді. **Өлең жаттау.** Еңбексүйгіш құмырсқа, Ерте тұрып жұмысқа. Күнде астық тасиды, Толтырады ас үйді. **"Өз түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлау, спектрдің негізгі түстерін ажырату біліктіліктерін қалыптастыру; белгі бойынша бір бағытта жүгіре білу қабілетін	тәрбиелеу. **Әңгімелеу.** - Жаз келді. Күн бар күшін салып жер бетін қыздыруға тырысады. Ағаштар, шөптер мен гүлдер қуануда. Құстар қуанышпен, жазға арнап, арнап ән салуда. Мысық күнге қыздырынуға шықты. Күн көзіне бүйірін төсейді. Балалар да күнмен ойнауды жақсы көреді. Жазда шомылуға, күнге қыздырынуға, велосипед пен ролик тебуге болады. Жазда батпырауық ұшыруға болады. Ал барлық балалар құмда ойнағанды ұнатады. - Егер ыстықтан шаршасаңдар, онда ағаш көлеңкесіне жасырынуға болады. Қайынның немесе жөке ағашының көлеңкесі үнемі салқын болады. - Күн сәулесінен қорғану үшін үнемі

	Мақсат-міндеттер: сигнал бойынша алаңда жайылып жатқан гүлдердің кескіндеріне бір көбелектің бейнесін түстеріне сай қондыруға дағдыландыру; түстерді қабылдау, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Құралдар: негізгі түстерге боялған көбелектер мен гүлдердің қағаздан кескіндері. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескедегі тастар мен шыбықтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Еркін ойындар: түрлі-түсті борлармен асфальтта сурет салу.**	**"Жидекті теріп алайық" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды алдын-ала алаңға таратылып жайылған жидектердің кескіндерін сигнал бойынша қорапшаға жинауға тарту; зейінді, кеңістікті бағдарлау, бір-біріне бөгет болмай қимылдауға бейімдеу. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: серуеннен қайту алдында ойыншықтарды реттеу.** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек тапсырмаларын орындауға үйрету. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. Шығарылатын материал: күрекшелер, шелек, қалыптар,	материал: рөлдер, жол жүру белгілері. Жолда жүру ережелерін еске түсіру. **Жеке жұмыс: құмда таяқшамен бұлттың суретін салу. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескедегі ойыншықтарды реттеу.** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Балалардың шығарылған материалмен ойындары.**	жетілдіру. **"Кім жылдам?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: допты қағып алуға жаттықтыру. **Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.** Шығарылатын материал: күрекшелер, шелектер, қалыптар, жыл мезгілдеріне сәйкес киінген қуыршақтар, машиналар. **Еңбек тапсырмасы: гүлзарда өскен гүлдерді суару.** Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	бас киіп, жиі су ішу керек. Жазғы ойын-сауықтар туралы суреттерді көрсетуге болады. **"Біз жолдармен жүреміз" ойыны-эстафетасы. (дене шынықтыру)** Балалар екі аяқпен алғы жылжып отырып, жол бойымен секіреді (жолдың ұзындық мөлшері 2-3 м). Жолдың соңында әрқайсысы қораптан доп алып, қайтар бағытта домалатып, артынан жүгіреді. Егер бала тапсырманы орындауға қиналса, онда міндетті түрде жолдың аяғына дейін секіріп өтуді, талап етудің қажеті жоқ. Жолды белгілеу үшін түрлі-түсті бауларды, гимнастикалық таяқтарды қолдануға болады.

		қарындаштар.			
Серуеннен оралу 11.15-11.35	**"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" ойын жағдаяты.** "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" тақпақ-жаттамағын оқу. Мақсат-міндеттер: сабынды ыдысынан алуға үйрету, үлкендердің көмегімен, қолдарын сабындап, сабынды орнына қою, алақандарыңды бір-біріне ысқылап, сабынды шайып тастау, сүлгілерінің орнын білу. Ересек адамның көмегімен қолдарын құрғатады. **(мәдени-гигиеналық дағдыалар)**				
Түскі ас 11.35-12.00	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: балаларды жақсы тәбетпен, әдеппен тамақтануға бейімдеу. *Көркем сөз* Денсаулыққа пайдалы, Ботқа жейік келіңдер. Өзі жұмсақ, тәп-тәтті, Дәмін татып көріңдер. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы 12.00-14.50	**"Көңілді шеңбер" аз қимыл-қозғалыс ойыны.** Балалар бір-бірінің қолынан ұстап шеңбер құрады. Тәрбиеші балалармен бірге шеңбер бойымен айналып, өлеңді бірге оқи бастайды. Қол ұстасып қанеки, Айнала кеп тұрайық. Тазаланып жуынып, Түскі асқа барайық. Көже, сусын салатың, Дастарханда дайын тұр. Демалсын деп бір мезгіл, Жұмсақ төсек күтіп тұр. **"Жұмсақ төсек" сөздерінен кейін, балалар тоқтап, қолдарын беттеріне қойып — "ұйықтайды".** **(дене шынықтыру, көркем әдебиет)**				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 14.50-15.15	**Ұйқыдан кейінгі шынығу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өз денелеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Күннің екінші жартысына күш-қуат беру. МГД: өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын бекіту (киімдерді жүйелі кию). **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	Міне қасық, міне ас,				

15.15-15.45	Тамақтантан ешнәрсе қалмас. Тамақты тауысқаннан кейін, үстелден тұру, орындықты жылжыту, алғыс айту. **(мәдени-гигеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 15.45-16.50	**"Дәрігерде" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: балаларды дәрігер қызметімен таныстыру, медициналық құрал-жабдықтардың атауларын бекіту; ойын мақсатын жүзеге асыруға үйрету. Сюжеттегі екі кейіпкердің өзара әрекеттесу (дәрігер — науқас), алмастырғыш ойыншықтармен жеке ойында ойыншық пен өз рөлін қатар алып жүру іскерліктерін қалыптастыру. Ертегі аудиотаспаларын тыңдау. Құралдары: ойында қолданылатын құрал-заттар, дәрігердің киімі.	**"Үйшік" үстел-үсті театры.** Мақсаты: балалардың ертегілер әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру. - Балалар, ертегілер басталды! Театрға келіңдер! Балалар орындықтарға отырады. - Бүгін біз сендермен театрға келдік. Жайғасып жайлы орынға, Тамашалап көріңдер. Құралдары: үстел үсті театрына, "Үйшік" ертегісіне, қатысты бейнелер мен кейіпкерлердің кескіндері, тіреушелер.	**"Үйшік" ертегісі бойынша жұмбақтар шешу.** Мақсаты: балалардың "Үйшік" ертегісіндегі кейіпкерлерді білуге деген қызығушылықтарын арттыру. Құралдары: "Үйшік" ертегісі кейіпкерлерінің суреттері. Бір, екі, үш, деп санаймыз, Ертегілер еліне тап боламыз! (Балалар музыкамен бір орында айналады) Міне біз сиқырлы әлемге келдік. Ішін аралап көрейік. (Тәрбиеші балаларды өз артынан, шеңбер бойымен ертеді). - Балалар, қараңдаршы, біз сендермен сиқырлы көгалға келіп қалдық, айналамыз қандай әдемі!	**""Шалқан" ертегісін рет-ретімен қой" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: "Шалқан" ертегісі желісін пысықтау; ойлау, қабылдау, сөйлеу қабілетін дамыту. - Балалар, алдарыңда бірнеше сурет бар. Бұл суреттерде қай ертегі кейіпкерлері салынған? - Иә. Бұл "Шалқан" ертегісінің кейіпкерлері. - Олай болса, ертегінің желісін еске түсіріп көрейік. Суреттерді рет-ретімен қойып көрейік. - Шалқанды тартып шығаруға кім бірінші келді? Кім бірінші келді — әже ме, әлде немере қызы ма? Содан кейін не келді? Шалқанды тартуға, ең соңғы не келді?	**"Шұбар тауық" ертегісін тыңдау.** Мақсаты: "Шұбар тауық" ертегісі желісін пысықтау, кейіпкерлерді айтуға белсендіру; ойлау, қабылдау, сөйлеу қабілетін дамыту. Ертегі тыңдап болғаннан кейін сұрақтар қою: - Ертегі қалай аталады? (Шұбар тауық.) - Ертегіде кімдер жылады? (Ата мен әже.) - Жұмыртқаны не сындырды? (Тышқан.) - Ал тышқан қалай дыбыстайды? (Пи-пи-пи.)

			- Ой, қараңдаршы, көгалда қандай әдемі қап жатыр. – Балалар, қызық, қапта не бар екен? Кәне, отырып, көрейік! Бұл жұмбақтар екен, оларды мұқият тыңдап, шешуін табыңдар. (Балалар жұмбақтарды шешеді) **Жұмбақтар:** Сылдырдан қорқады, Шошынып жортады. (Қоян) Таңдайлары тақылдап, Шулайтын бақылдап. (Бақа) Итке ұқсас пішіні, Ұнатпайды кісіні. (Қасқыр) Сайқымазақ қулығы бар, Барған жерде ұрлығы бар. (Түлкі) Жазда қыдырады, Қыста тынығады. (Аю) Үй ішін аралап, Түнде көп жортады. Қаптарды жарып,	- Суреттер бойынша алдымен не болғанын, содан кейін не болғанын айтып беріңдерші? Тапсырма қайталанады. **Мүсіндеу: "Шалқан".** Мақсаты: "Шалқан" ертегісінің желісін еске түсіру, екі қолмен дөңгелектеу қимылдары арқылы шалқанның денесін мүсіндеп шығаруға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту. Құралдары: тақтайшалар, ермексаз бөліктері.	

			Мысықтан қорқады. (Тышқан) - Балалар, бұл қай ертегі кейіпкерлері? - Дұрыс, "Үйшік" ертегісі!		
Балалармен жеке жұмыс 16.50-17.10	**"Шалқан" (рөлдерге бөлініп ойнау).** Мақсат-міндеттер: балалардың "Шалқан" ертегісі желісін білу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру; көркем сөзге, мәнерлеп сөйлеуге қызығушылықты арттыру. Бір қызықты бастайық. Балаларға ұнайтын, Ертегіні бастайық. Ерте-ерте, ертеде, Болыпты екі қария. Немересі тағы бар, Ақылына көркі сай. Күшігі мен мысығы, Пысықтың ең пысығы. Тышқан жатыр інінде, Бітпейді оның ісі де.	**""Бауырсақ" ертегісін рет-ретімен қой" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың "Бауырсақ" ертегісі желісін білу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. - Балалар, қараңдаршы, карточкаларда қандай ертегі бейнеленген? - Алдымен не болғаны, одан кейін не болғаны бойынша карточкаларды рет-ретімен орналастырыңдар. - Алдымен қай карточканы қоямыз? Одан кейін не болды? - Бауырсақ нені бірінші кездестірді қоянды ма, әлде қасқырды ма?	**"Жұбын тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды ортақ қасиеттері бойынша топтастыру амалдарына бейімдеу; ойлау қабілетін дамыту. Құралдары: әрқалай үстелде жатқан түрлі топтарға жататын заттардың суреттер. Суреттердің арасында жұптар бар. Мысалы: қасық пен шаңышқы, доп пен пирамида, көйлек пен шалбар, шәйнек пен кесе, шкаф пен орындық, т.б.. **(сенсорика)**	**"Не екенін көрсет" музыкалық - дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда музыкамен ертегі кейіпкерлерін сәйкестендіре білу, қимыл-қозғалыстарын келтіре білу біліктілігін қалыптастыру. **(музыка)** **Ойын жағдаяты: "Түлкі мен қояндар".** Мақсат-міндеттер: қимыл белсенділігіне ықпал ету, импульсивтілікті басу, ойын барысында ойын дағдылары мен тәртіп сақтау ережелерін дамыту. **(дене шынықтыру)**	**"Қиял-ғажайып ертегілер мен жан-жануарлар жайлы ертегілерді тап?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ертегілерге деген қызығушылықтарын арттыру; есте сақтау, елестету, ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. - Балалар, сиқыр жайлы айтылатын ертегілер қалай аталатынын, айтшы? - Ал жан-жануарлар жайлы айтылатын ертегілер қалай аталады? - Қане, біз қай ертегі қиял-ғайып ертегіге, ал қайсысы жан-жануарлар жайлы ертегіге жататынын анықтайық.

	Ата шалқан салыпты, Жақсы өнім алыпты. Жинайтын кез келгенде, Көмекке бәрі барыпты. Осылайша ертегі... Жалғасыпты жайымен, Бөлісіпті балалар, Соңында өз ойымен. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	(Балалар карточкаларды орналастырады.) - Қандай карточканы бірінші қоямыз? Одан кейін не болды? Құралдары: "Бауырсақ" ертегісі желісінің суреттері. Кітап, альбом, ашық хаттар қарастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**			Иллюстрация нұсқалары: "Күлшекыз", "Ақшақар", "Үш аю", "Қолғап", "Қасқыр мен жеті лақ", "Қар ханшайымы". **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**
Серуенге дайындық 17.10-17.20	**"Тілалғыш түймелер мен баулар".** Мақсат-міндеттер: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).	**Ойын жаттығуы: "Киімді бүктеп үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: киімді дұрыс бүктеу біліктіліктерін қалыптастыру. балаларды өз киімдерін танып, атауға, өз шкафын белгіленуі (суреті) бойынша табуды үйрету.	**Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау.** Мақсат-міндеттер: балаларды жылдамдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту дағдыларын жетілдіру. Жапсырғыш тағындыларды тағу, ағыту дағдыларын қалыптастыру, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру. Аяқ киімді кию дағдысын қалыптастыру, ересектердің көмегімен түймені тағу, киімді шкафқа ілу. Шешіну бөлмесінде әдептілік	Мақсат-міндеттер: шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету. Жазғы серуен кезіндегі ережелер: - серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу;

				ережелерін сақтауды үйретуді жалғастыру.	
Серуен 17.20-18.00	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу 18.00-18.10	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 18.10-18.25	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.30**	"Жанұядағы кітап. Отбасылық оқу" тақырыбына кеңес.	"Баланы бейнелеу өнеріне баулимыз" тақырыбына кеңес.	"Тәрбиелеуге көмектесетін жақсы мультфильмдер" тақырыбына кеңес.	"Сіздің балаңыз өз дегенін істетеді" тақырыбына кеңес.	"Ересектердің зиянды әдеттері және олардың балалардың салауатты өмір салтына әсері" тақырыбына кеңес.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы				
Топ/сынып	**Кіші топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Құлыншақ» кіші				
Балалардың жасы	**2 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Бекеева А. Байметова Н.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**07.08. - 11.08.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	07.08.23ж	08.08.23ж	09.08.23ж	10.08.23ж	11.08.23ж

Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау 8.00-8.35	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 8.00-8.35	Ата-аналармен "Жазғы спорттық ойындар мен таза ауадағы ойын-сауықтар" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8.00-8.35	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктерінің жапырақтарын сүрту. Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге қамқорлық сезімдеріне баулып, еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру. **(еңбек дағдылары)**	**Ойын жаттығуы: "Киімді бүктеп үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: киімді дұрыс бүктеу біліктіліктерін қалыптастыру; балаларды өз киімдерін танып, атауға, өз шкафын белгіленуі (суреті) бойынша табуды үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** серуенге шығар алдыңды ойыншықтарды жинау. Жапырақтарды, шыбықтарды,тастарды шелекке жинау, белгіленген орынға апару. Құмды құмсалғышқа салу. Құмсалғыштың жақтауындығы құмды сыпыру. Мақсат-міндеттер: қарапайым тапсырмаларды орындауды үйрету; еңбек дағдыларын қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)**	**Оқу іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындау.** Мақсат-міндеттер: берілген тапсырмаға деген жауапкершілік сезіміне баулу, балаларды оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты орналастыруға үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**Табиғат бұрышындағы бақылау.** Мақсат-міндеттер: табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесінде тұрғанына назар аударыңыз; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екенін; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аударту. Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: жапырақтарды шүберекпен сүрту. **(еңбек дағдылары)**
	Пирамидалармен дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттер: пирамиданы кемуі	**Тақпақ мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеу	**"Құмдағы жасырынбақ".** Мақсат-міндеттер: балалардың түйсік, ойлау, елестету	**Сәлемдесу ойыны: "Менің көмекшілерім".** Мақсат-міндеттер: балаларды өз дене	**"Ертегі шығарамыз".** Мақсат-міндеттер: мнемотехника тәсілін қолдана отырып,

	бойынша жинау іскерлігін қалыптастыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; ұсақ қол моторикасын жетілдіру. **(сенсорика)**	қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: күннің суреті. Күнім, күнім күлімде — Күнім сәтті өтсін де. Шуағынды шаша түс, Шыныңамыз өзінмен біз. "Егер саған ұнаса – былай жаса…" ырғақты биі. Мақсат-міндеттер: балалардың музыкалық, ырғақты есту, сөйлеу қабілеттерін, вестибуляр аппаратын жетілдіру; жағымды эмоцияларды дамыту. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	қабілеттерін дамыту; қоршаған заттар туралы ұғымдарын жетілдіру. Балалар, бір күлтешені таңдап алыңдар. Онда сендер табу керек зат бейнеленген. Егер сендер басқа затты тауып алсаңдар, онда оны құмға қайта жасыру керек. Өз заттарынды өздеріне аласыңдар. **()**	мүшелеріне қызығушылық тудырып, атауға баулу; жанындағы топтастардың да дене мүшелерін байқауға бейімдеу; жағымды эмоцияларды дамыту. Мынау – менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған, Мынау – басым ақылды. Бәрін осы басқарған. Мынау – менің оң қолым, Мынау – менің сол қолым. Барлық істі атқарған. **(сөйлеуді дамыту)**	реттілікті сақтап, кішігірім ертегі құрастыра білу біліктіліктерін қалыптастыру. "А", "у" дыбыстарын дұрыс дыбыстауды нақтылау және бекіту. Сөздік тыныс алуды дамыту. Ормандағы қауіпсіздік ережелерін сақтау әдебін тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**
Таңертеңгі жаттығу 8.35-8.45	Болсын десең-деңін сау, Болам десең әдемі. Таза ұста бойыңды, Жуынып жүр әуелі. Тара жиі шашыңды, Дұрыстап іш асыңды. Сонда азамат боласың, Бақшаңа қалмай барасың. **1. "Таза алақандар".** Б. қ.: қолды алшақ қою, қол белде. Бір қолды алға, алақанды жоғары бүгу. Б. қ оралу. Дәл солай екінші қолмен.				

	2 рет қайталау. **2. "Суды шашамыз".** Б.қ.: аяқты сәл алшақ қоямыз, қол белде. Қолды жоғары көтеру; білектерді шеңбер бойымен айналдыру — «суды қағу»; қолды белге. Еркін тыныстау. 3 – 4 рет қайталау. **3. "Аяқты жуамыз".** Б. қ.: аяқ алшақ, қолды арқаға қою. Алға еңкею, екі рет тізені ұру, «таза жуамыз» деу. Қолды арқаға қою. Тізені бүкпеу. 3 – 4 рет қайталау. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас **8.45-9.00**	**Гигиеналық дағдылар** Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл - күй тудыру. **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң, беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық **9.00-9.10**	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың көркем сөзге деген қызығушылығын арттыру; сөйлеу қабілеттерін дамыту. Нұр тұнып құлпырып, Айнала жайнады. Тұр күнге ұмтылып, Алма ағаш сайдағы. Өзен жай ағады,	**Сумен аттракциондар.** Мақсат-міндеттер: балаларды судың қасиеттерін тануға деген қызығушылығын арттыру; зияткерлік қабілеттері негіздерін қалыптастыру. «Сиқырлы су» — стақанның үштен бір бөлігіне су құйылып, түтікше салынған.	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың көркем сөзге деген қызығушылығын арттыру; сөйлеу қабілеттерін дамыту. Көбелек қағады, Қанатын жалауша. Көгалда ойнадық, Асыр сап күн ұзақ. Гүл тердік,ойнадық,	**"Көбелекті ұста" (қанқызды) ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың секіре білу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа тәрбиелеу. Таяқшаға байланған көбелек сұлбасына секіріп, қол тигізу керек. **(дене шынықтыру)**	**Қазақтың ұлттық ойыны: "Тақия тастамақ".** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарты бойынша қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Ойынға барлық бала қатысады. Балалар шеңбер жасап

	Балауса жағасы. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	Белгі бойынша балалар терең тыныстап, суда бүлкілдетеді. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	Жарқын жаз қызық-ақ. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**		отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп жүріп, біреуінің артына білдіртпей тақияны тастап кетеді. Егер біреу сезіп қойса, жүргізушіні қуып жетуі керек. Ал, жүргізуші қуған баланың орнына отыра қалуға тырысады. **Көркем сөз.** Шеңберді айнала бастаймын, Білдіртпей тақия тастаймын. **(дене шынықтыру)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.10-10.15	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Аулада ойнаймыз" Мақсат-міндеттер: Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту іскерліктерін жетілдіру; бір ізбен жүре отырып, кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын дамыту;	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Қайырымдылық" Мақсат-міндеттер: Балаларды Д. Данабековтың "Қайырымдылық" әңгімесімен таныстыру; адам жүріс - тұрысының ерекшеліктерін байқауға, бағалауға үйрету; адам бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту;	**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Алаңдағы ойындар" Мақсат-міндеттер: Балаларды таза ауада ойнайтын қимылды ойындармен таныстыру; таза ауада түрлі қимылды ойындарды ұйымдастыра отырып, қуанышты, көңілді көңіл-күй қалыптастыру;	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Менің көңілді добым" Мақсат-міндеттер: Шармен бастыру тәсілі арқылы доптың мәнерлі бейнесін жасауға үйрету; балаларға бояуды шарға жағу әдісі жайлы білім беру; бір-бірінен қашық аралықта бастырма жасау біліктіліктерін	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Денсаулық әуені" Мақсат-міндеттер: Балалардың мұғаліммен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Белсенділікке, ынтымақтастық

	балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту жаттығуының техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіре отырып, дене, аяқ бұлшықеттерін дамыту.	өзге адамдарға деген мейірімділікті, қамқорлық қатынасты білдіруге ниеттерін ояту.	төзімділікті, жылдамдықты, ептілікті дамыту; таза ауада ойналатын алаң ойындарына деген қызығушылықтарын арттыру, ойын ережелерін бұзбай орындауға тәрбиелеу.	дамыту; ой-өрістерін, ұсақ қол моторикасын дамыту; педагогпен және құрдастарымен бірлесіп жұмыс жасауға қызығушылықтарын тәрбиелеу.	қабілеттілікке, музыкалық және шығармашылық ойын шараларына белсенді қатысуға деген ұмтылысқа тәрбиелеу.
Серуенге дайындық 10.15-10.25	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.25-11.00	**Терезеден қолайсыз ауа-райын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: ауа-райында болып жатқан құбылыстарды байқауға машықтандыру; аспанды сұр бұлттардың жаулап алғаны - жаңбырлы күнге тән құбылыс екеніне көз жеткізу; бақылағыштыққа тәрбиелеу. Жаңбыр жауып тұр, серуенге шығуға	**Машинаны бақылау (жүк көлігі). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды қоршаған жылжымалы объектілерге, машиларға, деген қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға қозғалып бара жатқан машинаны бақылауды ұсыну. Машинаның өздігінен жүрмейтінін, оны	**Бақылау: "Көлікпен танысамыз". (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың көлік түрлері жайлы білімдерін бекіту; көлік түрлерін (жүк машинасы, мотоцикл, жеңіл машина) атауға бейімдеу. Балалардың назарын жақын маңда тұрған көліктерге аудару. Машина бөліктерінің атауларын бекіту. **"Жолда" қимыл-қозғалыс ойыны.**	**Өтіп бара жатқан жүргіншілердің киімін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды қоршаған объектілерге деген қызығушылығын арттыру; адамдар киген киімдерді байқап, атауға ынталандыру; зеректікке тәрбиелеу. Балалардың назарын жаз келгеніне, күн жылынғанына, адамдар жұқа киімдер: көйлек	**Құстарды бақылау (қарға, торғай, көгершін). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың аула құстарына деген қызығушылығын арттыру; құстарды атауға, тіршілігін тануға бейімдеу; қамқорлыққа тәрбиелеу. Күн жылынғанға қуанады. Көңілді ән салады,балапандар шығару үшін, жұмыртқа басады

	болмайды. Жаңбыр сулы, жерге, өсімдіктерге тамшылайды, жолдағы барлығы су. Адамдар қолшатыр ұстап келеді. **Жеке жұмыс: жаттамақ жаттау, "Жаңбыр".** Жаңбыр, жаңбыр төк-төк, Болсын егін көп-көп. **"Қоян қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді тыңдап, сөзіне сәйкес қимыл-қозғалыс жасауды дағдыландыру; секіруге ерекше көңіл бөлу. «Қоян, қоян тұршы, Беті, қолды жушы Айнаға қарашы Шашыңды тарашы!» **"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: белгі бойынша бір бағытта жүгіруге	жүргізуші жүргізетінін айту. Машинада дөңгелек, рөл, кузов, кабина бар. Бұл - үлкен машина, жүк көлігі, ол жүк тасиды, жолмен жүреді, ол гүрілдейді. **"Пойыз" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды кішігірім топтармен бір-бірінің артынан жүгіруді, жүруді дағдыландыру; алдымен қол ұстасып, содан кейін қолды жіберіп қозғалуға, белгі бойынша әрекет етуге машықтандыру. **"Мен - жүргізушімін" сюжетті-рөлдік ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: диалогтық сөйлеуді, есте сақтауды дамыту, ойынды басшылыққа алу, рөлдерге бөлінуге	**(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: сөз бен қимыл-қозғалыс координациясын, шығармашылық қиялдарын дамыту; кейбір дыбыстарды дұрыс дыбыстауды меңгерту. "Машиналар жолмен келеді. - Ш-ш-ш! **"Трамвай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың қозғалысын басқа ойыншылардың қимылдарымен үйлестіре отырып, жұппен қозғалу қабілетін дамыту; түстерді тануға және оларға сәйкес қимыл-қозғалыстарын өзгертуге үйрету. **"Көлшіктен өт" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда орнынан ұзындыққа секіруде	шолақ шалбар, шолақ жең кеудеше кигеніне аудару. Балаларға өздерінің киген киімдері жайлы айтуды ұсыну. **Жаттамақ жаттату**: Бас киімді киемін, Күннен қорғанып жүремін". **"Көпіршік" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге жиналып, шеңбер бойында тақпақ сөздерін айта жүріп, бірлесіп ойнауға машықтандыру. Мөп-мөлдір көпіршік, Қалықта аспанда. Жарылмай ұша бер, Ешкімнен жасқанба! **"Қуыспақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша, қуғыншыдан қашып жүгіруге бейімдеу; күш-жүгерін, кеңістікті бағдарлай	(қарғалар). Құрттарды жерден шоқып жейді. Құс денесінің құрылымын бақылау. **Жеке жұмыс:** балаларға құстарды тамақтандыруды ұсыну. **"Құстар ұшады" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Балаларды қимылды санау бойынша орындауды үйрету. "Құстың неше аяғы, көзі, қанаты бар". "Бір, құс! Екі құс! Бір, екі, үш, құстар ұшты!" **"Құрылысшылар" сюжетті-рөлдік ойыны.** Шығарылған материал, балаларды алмастырғыш заттарды қолдануды үйрету**. Дербес ойындар:** түрлі түсті борлармен асфальтқа сурет салу. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: д**ымқыл шүберекпен

	машықтандыру; балалардың бір-біріне соғылмай жүре білу қабілетін дамыту. Жүргізуші қасқыр таңдалады, алаңның ортасында тұрады. Балалар қасқырдан 5-10 қадам қашықтықта бір қатарға тұрып өлең оқиды: "Қаздар-қаздар, ға ға ға, қарның аш па? Иә, иә, иә! Онда, үйге ұшыңдар. Тау астында сұр қасқыр, тіс қайрап, су ішуде, бізді өткізбейді үйге. Ұшар кезде байқаңдар, қасқырға ұсталып қалмаңдар!". Осы сөздерден кейін барлық балалар екінші жағына қарай жүгіреді, ал қасқыр ұстап алуға тырысады. Ұсталған қасқырға айналады. **Балалардың шығарылған материалмен ойындары. Еңбекке баулуға арналған тапсырма:**	бейімдеу; коммуниктивтік қабілеттері қалыптастыру. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: ойын жабындысындағы қоқыстарды жинау.** Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу. **Шығарылған материалмен дербес ойындар.**	тепе-теңдік сақтап, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. **Шығарылған материалмен дербес ойындар. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескені қоқыстардан тазалау.** Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу.	білу қабілетін дамыту. Балалар қуыспақ ойнағанды өте жақсы көреді. Ойын ойнатылмас бұрын ересек адам алдын-ала жұмыс жүргізу керек: ойын шартын түсіндіріп, жүгіруге арналған аймақты белгілеп беруі керек. **Шығарылған материалмен дербес ойындар. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескені қоқыстардан тазалау.** Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	орындықтарды сүрту. Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу.

	үлескедегі ойыншықтарды жинау. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуеннен оралу 11.15-11.35	**«Өз шкафыңды тап» дидактикалық жаттығуы.** Киімге арналған шкафтың не үшін керектігі, қалдай қолдану керектігігі жайында айтып, таныстыру; заттық кеңістікті бағдарлай алу қабілетін қалыптастыру; шкаф, есік, сөре, ашу, жабу, қою, бүктеу, ілу сөздері арқылы балалардың сөздік қорын байыту және белсендіру.				
Түскі ас 11.35-12.00	**Гигиеналық дағдылар** Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл - күй тудыру. **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң, беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы 12.00-14.50	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 14.50-15.15	**Біртіндеп ұйқыдан ояну** Жұмып алып көздерін, Тышқан келді жасқана. Аяқ-қолын көтеріп, Жаттығуды бастады. (Екі аяқты қосып секіру). Буындары дірілдеп, Бір отырып, бір тұрды. Домаланып ішімен, Енді жолмен жүгірді. (Бір орында жүру, басты оңға, солға бұру) Ей, тышқандар, қанеки,				

	Қозға қолды, аяқты. Секіріңдер тағы да, Ұстап тұрып таяқты. **Денсаулық жолдарымен жүру: "Тышқандар, абайла!"** Енді үйге тарандар, Бір-біріне қараңдар. Оянбасың ақ мысық, Жеп қоймасын сақ күшік. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас **15.15-15.45**	Міне қасық, міне ас, Тамақтантан ешнәрсе қалмас. Тамақты тауысқаннан кейін, үстелден тұру, орындықты жылжыту, алғыс айту. **(мәдени-гигеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 15.45-16.50	**"Жаз туралы әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: балалардың жазғы құбылыстар, жәндіктер туралы түсініктерін тиянақтау; коммуникативтік, физикалық, ойлау қабілеттерін дамыту. **Көркем сөз.** Жаз жайдары, алақай, Жатыр жайнап даламыз. Жүр, қане, балақай, Шомылуға барамыз. - Аяқтарымыз қалай жүгіреді? Былай! (Екі аяқпен секіру).	**Сумен аттракциондар.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларын дамыту; судың қасиеттерін ойындар барысында тануға мүмкіндіктер жасау. «Су поштасы» — балалар топқа бөлініп тұрады, әр топта су құйылған бір шелек, екінші шелек — бос. Пластик стақандармен суды бос шелекке тасиды. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**"Балабақша" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балабақша туралы ұғымдарын тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді дамыту. - Балалар, балабақшаға баруды ұнатасыңдар ма? Неге? - Иә. Балабақшада біз көп ойнаймыз. - Қандай ойыншықтарды ойнауды ұнатасыңдар? - Олай болса, "Балабақша" ойынын ойнап көрейік.	**"Ойыншықтар дүкені" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға дүкеннің не үшін қажет екенін еске түсіру; дүкенде сатылатын заттарды атауға ынталандыру, коммуникативтік қабілеттерді дамыту. Балаларға ойыншық дүкенінде түнде не болатыны туралы әңгімелеу. Дүкен жабылған кезде, ойыншықтар күзетшіні оятып алмау үшін, ақырындап, дыбыстарын шығармай қозғала	**"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын барысында алмастыру заттарын қолдануды үйрету; диалогтік сөйлеуді дамыту; сатушы мен сатып алушының арақатынастары туралы түсініктерін нығайту. Құралдары: дүкен жазуы бар макет, сатушы мен сатып алушы қолданатын заттар мен құралдары; ойыншылар. **(қоршаған ортамен**

	Ал көбелектер қанаттарын қағып, қалай ұшады? Былай! (Қолдарды баяу қағу). Ал қоңыздар қалай дыбыстайды? Былай! (Қол алдыда, білекті айналдыру, "Ж-ж-ж"-деп дыбыстау). Ал гүлдер қалай ашылады? Былай! (Балалар көрсетеді). Сендерге гүлдер ұнай ма? Гүлдер тағыда көбелектерге, қоңыздарға да ұнайды. Біздің қыздар түймедақтар болады, ал ұлдар - қоңыздар болады. Жұптасып тұрып, би билейік! Балалар жұп құрып тұрады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**		- Бүгін ойыншықтарды, қуыршақтарды, қуыршақтарға үстел мен орындықтарды, ыдыстарды далаға алып барайық. Бала тәрбиеші болады. Ол балаларды серуенге апара алады, әдепсіздік танытса - олай болмайтынын айтады, тәрбиелейді, ертегі айтады. Педагог балаларға қуыршақтарды жуындырып, киіндіріп, тамақ беруге, ұйқыға жатқызуға мүмкіндік береді. - Балалар, ал енді қуыршақ, ойыншықтарға ертеге айтып берейік. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	бастайды екен. Енді өздерін кез-келген ойыншықты бейнелеп көріңдерші, мысалы қонжық. Бала не екенін табуға тырысып көрсін. Осылайша балалар кезекпен ойыншықтарды келтіріп, қалғандары не екенін табады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**таныстыру, сөйлеуді дамыту)**
Балалармен жеке жұмыс 16.50-17.10	**Мнемокесте бойынша өлең жаттау.** Мақсат-міндеттер: балаларды тақпақтың	**<u>"Машина қалай гүрілдейді?" дидактикалық ойыны.</u>** <u>Мақсат-міндеттер:</u>	**Құстар дауысын тыңдау.** Мақсат-міндеттер: құстардың дыбыстары туралы	**"Құмды тасы" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды ептілікке, зеректікке баулу.	**Жаз туралы өлең жаттау.** Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға

	мазмұнын мнекарталарға сүйеніп, жаттап алу амалдарына бейімдеу; достыққа тәрбиелеу. Достар, бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз Міне, біздер қандаймыз! Құралдары: тақпақ бойынша мнемокесте. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	балаларда дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауды бекіту; дауыс күшін, қарқынын пысықтау; артикуляцияны жетілдіру. Жаттығуды жасау алдында, bilimkids.kz "Жүргізуші атты мультфильмін қарап, мазмұнын әңгімелеуге болады.	түсініктерін тиянақтау, сөзбен дыбыстауды айтқызуға баулу. Құралдары: құстардың суреттері. - Суретке қараңдаршы — бұл қарға құсы. Оның дауысын тыңдаңдаршы. Өздерінде қарға сияқты "кар-р", - деп айтып көріңдерші. - Суретке қараңдаршы — бұл торғай құсы. Оның дауысын тыңдаңдаршы. Өздерінде торғай сияқты "чик-чирик", - деп айтып көріңдерші. - Суретке қараңдаршы — бұл көкек құсы. Оның дауысын тыңдаңдаршы. Өздерінде көкек сияқты "ку-ку", - деп айтып көріңдерші. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	Балалар кезектесіп, бір ыдыстан екінші ыдысқа қалақтың көмегімен құм тасиды. **(дене шынықтыру)** **"Кегльді қағып ал" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. **(дене шынықтыру)**	машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту. Жаз келді далама, Түсті кілем төседі Бақшамызда, аулада, Гүлдер жайнап өседі. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

Серуенге дайындық 17.10-17.20	Мақсат-міндеттер: шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету. Жазғы серуен кезіндегі ережелер: - серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу; - ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлеске төбелдірігінде); - күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін; - серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады; - серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және	**Ойын алаңында қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу барысында:** - ойын шартын мұқият тыңда; - ойынды тәрбиешінің белгісі бойынша баста; - белгіленген жерде ғана ойна; - лақтыру кезінде жолдасына қарай дәлдеме; - белгіден кейін ғана допты лақтырып артынан жүгір; - ойын кезінде бір-бірінді итерме. Мақсат-міндеттер: балаларды ойындар барысында ережелерді сақтауға бейімдеу.	**"Тілалғыш түймелер мен баулар".** Мақсат-міндеттер: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).	**"Біз серуенге қалай киінеміз".** Мақсат-міндеттер: киім-кешек, аяқ киім, бас киім атауларын және қолданысын нақтылау.	Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту дағдыларын жетілдіру. Жапсырғыш тағындыларды тағу, ағыту дағдыларын қалыптастыру, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру. Аяқ киімді кию дағдысын қалыптастыру, ересектердің көмегімен түймені тағу, киімді шкафқа ілу. Шешіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды үйретуді жалғастыру.

	оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп.				
Серуен 17.20-18.00	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу 18.00-18.10	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 18.10-18.25	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.30**	"Балалардың далада және үйде қимыл белсенділігін ұйымдастыру" тақырыбына кеңес.	"Баламен бірге қимыл-қозғалыс ойындарды ойнайық" кеңесі.	"Егер баланы ара шағып алса" тақырыбына кеңес.	"Ойын кезіндегі достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу" тақырыбына кеңес.	"Балаларға жолда жүру ережелерін меңгеруге қалай көмектесуге болады" тақырыбына кеңес.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы				
Топ/сынып	**Кіші топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Құлыншақ» кіші				
Балалардың жасы	**2 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Бекеева А. Байметова Н.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**14.08. - 18.08.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	14.08.23ж	15.08.23ж	16.08.23ж	17.08.23ж	18.08.23ж
Күн тәртібі					
Балаларды	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы				

қабылдау 8.00-8.35	алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 8.00-8.35	Ата-аналармен "Үй жануарлары" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8.00-8.35	**Серуен алдында "Алдымен не кию керек, одан кейін не?" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өзіне-өзі қызметі көрсету дағдыларын дамыту; киімдерді ретімен киіп, шкафта тазалықы сақтауға бейімдеу. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: ойын жабындысын сыпыру.** Асханадағы еңбек тапсырмалары. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын орындауды үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: "Пульверизатордан бөлме өсімдіктеріне су бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын қалыптастыру; өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдеріне баулу. **(еңбек дағдылары)**	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** ойын алаңын, ойын бөлмесін ретке келтіру. Мақсат-міндеттер: бөлме, алаңда ретсіздікті байқап, тазалықты орнатуға бейімдеу. Балықтарға жем шашу. Мақсаты: балықтарға күтім жасауға араласу ниеттерін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**Ойын алаңында қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу барысында:** -ойын шартын мұқият тыңда; -ойынды тәрбиешінің белгісі бойынша баста; -белгіленген жерде ғана ойна; -лақтыру кезінде жолдасына қарай дәлдеме; -белгіден кейін ғана допты лақтырып артынан жүгір; -ойын кезінде бір-бірінді итерме. **(еңбек дағдылары)**
	Қазақтың халық ауыз әдебиетінен "Төрт түлік" жайлы өлеңдерін оқу. Мақсат-міндеттер: балалардың қазақ халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын	**Трафареттармен жұмыс: "Жан-жануарлар" (бастыру, бояу).** Мақсат-міндеттер: жануарлар туралы ұғымдарды тиянақтау, ұсақ қол моторикасын,	**Боямақтармен жаттығулар.** Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, қабылдау, елестету қабілетін дамыту. Түрлі-түсті қарындаштармен	**Лото: "Жан-жануарлар мен төлдері".** Мақсат-міндеттер: балаларда үй жануарлары мен төлдері туралы ұғымдарды жетілдіру; ойлау,	**"Шұбар тауық" ертегісі бойынша саусақ театры.** Мақсат-міндеттер: "Шұбар тауық" ертегісі желісін балалармен бірге еске түсіру, кейіпкерлердің

	ояту; қабылдау, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Құралдар: төрт түлік малдың суреттері. **(көркем әдебиет)** **Үй жануарлар салынған сюжетті иллюстрацияларды қарастыру.** Мақсат-міндеттер: балаларда үй жануарлары туралы ұғымдарды, оларға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, қамқорлық туралы түсінік беру. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	қабылдау қабілетін дамыту. **(сурет салу)** **Құрастыру: "Марғауға арналған үйшік".** Мақсат-міндеттер: құрылыс материалдарының бөлшектерімен тәжірибе жасауды ынталандыру. **(құрастыру)**	жан-жануарлардың контурларын бояу. Берілген заттың бейнесіне сәйкес келетін түстерді дұрыс таңдалуына назар аудару. **(сурет салу)**	коммуникативті қабілеттерін дамыту. Құралдар: жануарлар мен олардың төлдері салынған сурет-карточкалар. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	сөздерін мәнерлеп айтуға тарту; ертегілер әлеміне деген қызығушылықты арттыру, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: ертегі кейіпкерлерінің саусаққа тағылатын бейнелері. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** **Үй құстарының суреттерін қарастыру.** Мақсат-міндеттер: құстардың атауларын есте сақтауға, қайда мекендейтінін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. **(сурет салу)**
Таңертеңгі жаттығу 8.35-8.45	**"Төрт түлік" кешені (музыкалық сүйемелдеумен).** Бұзау басымен шайқайды. (Баспен оң-солға еңкейту) Ботақан қуанып теңселеді. (Екі аяқ арасын алшақ, қолдар төмен, оң-солға денемен теңселу) Қозы аяқпенен топылдатады. (Бір орында, тізені жоғары көтеріп, қадам басу) Құлыншақ шабады. (Бір орында жүгіру) **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас 8.45-9.00	**Ойын жаттығу: "Таза қолдар".** Мақсат-міндеттер: балаларда ересектердің бақылауымен қол жуу, жеке бас орамалдарымен мұқият сүрту біліліктіліктерін қалыптастыру.				

	Көркем сөз. Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 9.00-9.10	**"Менде қандай үй жануары бар" әңгімелесуі.** Мақсат-міндеттер: үй жануарлары туралы түсініктерін нығайту, коммуникативті қабілеттерді дамыту. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың көркем сөзге деген қызығушылығын арттыру; сөйлеу қабілеттерін дамыту. Сақ төбетім, Жолдыаяқ, Саңқылдайды қоймай-ақ. Бөріге қой бермейді, Ұрыға бой бермейді **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	**"Бөтен итті неге ұстауға болмайды" әңгімелесуі.** Абдрахман Асылбектің "Қаңғыбас иттер" мазмұны бойынша әңгімелеу. Мақсат-міндеттер: қабылдау, зейін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін, диалогтық сөйлеуді жетілдіру. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	**"Мысық" арнау өлеңі.** Мақсат-міндеттер: таныс өлең жолдарын оқу кезінде қуаныш сезіміне бөленуге мүмкіндіктер жасау; өлеңнің сөздерін анық дыбыстау дағдыларын қалыптастыру. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	**Материалдар мен бұйымдармен тәжірибе: "Марғауға арналған жіп орамдары".** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, түстерді қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. **(сенсорика)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.10-10.15	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Дана қонаққа келді" Мақсат-міндеттер: Балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру; жүру кезінде	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Үй жануары" Мақсат-міндеттер: Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін тереңдету; олардың түрлерін бір- біріннен	**Жапсырудан ойын-жаттығу** "Күшікке арналған үйшік" Мақсат-міндеттер: Дайын пішіндерден жапсыру дағдыларын қалыптастыру; балаларға күшікке	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Иттің үйшігі" Мақсат-міндеттер: Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту, геометриялық фигуралардың	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Аңдар әлеміне саяхат" Мақсат-міндеттер: Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы

	алға қарап және қолдарын еркін ұстап, дене тепе-теңдігін сақтай білу дағдыларын жетілдіру; балалардың еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру икемділіктерін, қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін сақтау ептілігін дамыту.	ажырата білуге, зейін қойып тыңдауға үйрету; Педагогтың көмегімен үй жануарлары туралы қысқа әңгіме құрастыруды, жануарлардың төлдерінің аттарын жекеше, көпше түрде атауды үйрету (бота, ботақандар, құлыншақ, құлыншақтар, т.б); сұрақ-жауап арқылы балалардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту; олардың бізге тигізер пайдасын айту және оларды күтіп баптауға, қорғап қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	арналған үйшіктің бөліктерін бөліп көрсетуге, олардың пішінін анықтауға үйрету; геометриялық пішіндердің атауларын бекіту: шеңбер, шаршы, үшбұрыш; үй жануарлары туралы білімдерін тиянақтау; иттің дене мүшелері туралы білімдерін бекіту (бас, құлақ, төрт аяғы, құйрық); балаларды жануарларға қамқорлық жасауға тәрбилеу.	аттарын (текше,шаршы,призма) бекіту, конструктордың бөліктерін белгілі бір ретпен орналастырды үйрету.	балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу.
Серуенге дайындық 10.15-10.25	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен 10.25-11.00	**Мысықты бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: мысықтың үй жануары екендігіне көз жеткізу; мысықтың дене	**Итті бақылау (көршінің ауласындағы итті). (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: иттің үй жануары екендігіне көз	**Марғауды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: марғаудың мысықтың төлі екендігін дене бітімдерін салыстырып (үлкен -	**"Көңілді жан-жануарлар" музыкалық ойыны. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың жабайы аңдар жайлы	**Тауық пен балапандарын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: үй құстарының тіршілігі жайында түсініктерді тиянақтау; балапан

	мүшелерін көріп, атауға бейімдеу; жан-жануарларға деген қызығушылықты арттыру. Мысық мейірімді, сабырлы. Мысық "Мияу-мияу" - деген дыбыстар шығарады. Тәрбиешімен бірге мысықта не барын көрсетіп атау: мысықтың құлағы, аяғы, басы, құйрығы және жүні бар. Мысық ұйықтайды, жуынады, сүт ішеді. Тәрбиешінің ұсынысы бойынша мысық туралы ойынды ойнайды. **“Мысық пен торғайлар” қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ойын шарты, белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; ойын кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге деген	жеткізу; иттің дене мүшелерін көріп, атауға бейімдеу; жан-жануарларға деген қызығушылықты арттыру. Үй жануары: ит оның сыртқы келбеті, мінез-құлқы жайлы түсінік беру. **"Сабалақ күшік (ит)" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жүгіруге дағдыландыру; ойын кейіпкерінің қимылдарын байқауға үйрету; қозғалыс бағытын жылдам өзгерту біліктіліктерін қалыптастыру: зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Педагог жүргізушіні таңдауға ықпалын етеді: тақпақтағы соңғы сөздерден кейін ғана жүгіре білетін бала болу	кішкентай), айтырмашылығын байқап айтуға машықтандыру; марғаудың дене мүшелерін көріп, атауға бейімдеу; жануар төлдеріне деген сүйіспеншілікті арттыру. **"Біз – марғаулармыз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: марғаулардың әрекетіне сәйкес ерекшеліктерін көрсете білу біліктіліктерін қалыптастыру. **"Құлыншақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жаққа сигнал бойынша шашырап секіріп, жүгіріп жүруге ынталандыру; нұскуларға зейінді болуға бейімдеу.	білімдерін толықтыру; балалардың қосылып тұрған музыканың ауысуына сәйкес қимыл-қозғалыс мінезін ауыстыру дағдыларын қалыптастыру; балалардың сөздік қорларын молайту; музыкаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **"Отарда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: шығармашылық қиялдары мен еліктеуді, негізгі қимылдарды дамыту. Балалар педагогтің белгі сөзі бойынша қимылдарды өзгертіп, орындап жүреді: ит - жүгіру, ат - секіріп жүріру, ешкі - орында секіру, мысық - баяу жүру. **"Марғаумен ойнайық" ойын жағдаяты.** Мақсат-міндеттер:	мен тауықты негізгі айырмашылығын байқауға бейімдеу; қамқорлыққа тәрбиелеу. Үй құстарының суреттері мен ойыншықтарын қарастыру. Суреттегі үй құсын атау, оның дауысымен дыбыстауға жаттықтыру: "қытқыт-қыт", "ко-ко-ко", "пи-пи-пи". **"Екі көңілді қаз" қимыл-қозғалыс ойыны (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: еліктеу қимылдарын орындау біліктіліктерін қалыптастыру; үй қаздары жайындағы ұғымдарды тиянақтау. **"Екі көңілді қаз".** Екі қаздай жүрейік, Мойындарды созайық. (Бірінен бірі соң бір бағанда, мойынды созып жүру,

	қызығушылықты тудыру. Құмда шеңбер сызу. Шеңбер ортасында мысық. Балалар торғайлар. Торғайлар шеңбер сыртында секіріп, мазақтап, мысық көрмей тұрған кезде шеңберге ұшып кіреді де, мысыққа ұстатпауға тырысады. Мысық үш торғайды ұстаған кезде, мысық рөлі басқа балаға беріледі.	тиіс. **"Тигізбей өт" ойын жаттығуы** Мақсат-міндеттер: балаларды жүру барысында заттарды айналып өтіп, жүруге жаттықтыру. **Еңбек тапсырмасы:** гүлзарда өскен гүлдерді суару. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. **Балалардың шығарылған материалмен ойындары.**	**"Шелектегі шарларды түсі бойынша жина" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: түстерді қабылдау қабілеттерін дамыту. **Еңбек тапсырмасы:** құрап түскен жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. **Балалардың шығарылған материалмен ойындары.**	балаларды көлемі әртүрлі заттармен әрекеттер жасауға машықтандыру. Шарларды зерттеу, шарлармен тапсырмаларды орындау. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** құмның бетін қоқыс бұтақтардан жинау. Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың шығарылған материалмен ойындары.**	екі қолды көтеріп, түсіріп, екі санның жағына соққылау) Қаздар дейді: Ға-ға-ға! Барайық біз базарға! (Сөздерді қайталап жүру) Базарға баруға болмайды, Шығыңдар көгалға! (Бағаннан шығып, алаңға шашырап жүгіру, шоқайып отыру, қолдармен тізені соққылау) Ахметова Д.
Серуеннен оралу **11.15-11.35**	**«Өз шкафыңды тап» дидактикалық жаттығуы.** Киімге арналған шкафтың не үшін керектігі, қалдай қолдану керектігігі жайында айтып, таныстыру; заттық кеңістікті бағдарлай алу қабілетін қалыптастыру; шкаф, есік, сөре, ашу, жабу, қою, бүктеу, ілу сөздері арқылы балалардың сөздік қорын байыту және белсендіру.				
Түскі ас **11.35-12.00**	**Ойын жаттығу: "Таза қолдар".** Мақсат-міндеттер: балаларда ересектердің бақылауымен қол жуу, жеке бас орамалдарымен мұқият сүрту біліліктіліктерін қалыптастыру. **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас,				

	Қасық түк те қалдырмас! **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы 12.00-14.50	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 14.50-15.15	**Тақпақ-оятпақ: "Әтеш".** Жата ғой, жата ғой, Демалып, ұйықтай ғой. Төсекте: Әтеш ұйықтайды" – б.қ. арқада жатып, қолды бастан жоғары созу, аяқ бірге. Бір қолды жоғары, созылу, әтеш оянды. 3р. Әтеш бидай іздейді" – б.қ. отырып, аяқты айқастыру, қол белде, басты солға, алдыға, солға еңкейту. 3р. Әтеш су ішеді" – б.қ өкшеде отырып, қол түсірулі, тізерлеп тұру, қол жоғары, алдыға және астыға қол созып еңкею, б.қ. оралу. Әтеш секіреді" – б.қ. аяқ бірге, қол белде. 20с. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас 15.15-15.45	Міне қасық, міне ас, Тамақтантан ешнәрсе қалмас. Тамақты тауысқаннан кейін, үстелден тұру, орындықты жылжыту, алғыс айту. **(мәдени-гигеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 15.45-16.50	**"Марғаумен ойнайық" (пәндік әрекет пен құрама және динамикалық ойыншықтармен ойындар).** Мақсат-міндеттер: марғау туралы (дене бітімі, шығаратын дыбысы, қимылы жайында) нақтылылау; ойынға ілесу қабілеттерін арттыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**"Марғау қайда жасырынды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды сөйлеуде үстеуді қолдануды жаттықтыру, сөйлеудің грамматикалық құрылымын қалыптастыру. Педагог марғау ойыншығын белгілі жерлерде жасырып жатады да, марғаудың	**"Арғымақтар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың тұяқтар дүбірі мен жылқылар шығаратын дыбыстарға, қозғалыстарға еліктеу біліктіліктерін қалыптастыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**Дидактикалық ойын: "Енесін тап" (шағын топтармен).** Мақсат-міндеттер: балалардың үй жануарларымен олардың төлдері жайлы білімдерін бекіту. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**Дидактикалық ойын: "Сиыр сүт береді" (жеке топтармен).** Мақсат-міндеттер: дауыс мәнері арқылы өтініш білдіру іскерліктерін қалыптастыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**

	"Біз – марғаулармыз" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: марғаулар мінез-құлқына сай әрекеттерді көрсете білу біліктіліктерін қалыптастыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	қайда жасырынғаны сұрайды. Балалар: марғау үстелдің астында, орындықтың үстінде, шкафтың атында, теледидар алдында, екі баланың арасында жасырынды - деп жауап айтады. **(қоршаған ортамен таныстыру)**			
Балалармен жеке жұмыс 16.50-17.10	**"Үй жануарлары" салынбалы жақтаулары бар ойын тапсырмасы.** Мақсат-міндеттер:: үй жануарларын сәйкес жақтауға орналастыру іскерліктерін қалыптастыру; ұсақ қол моторикасын, ойлау қабілетін дамыту. **(сенсорика)**	**"Не қалай дыбыстайды?" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды үй жануарларының дыбысына еліктеуге жаттықтыру; "дыбыстау мәнерін", артикуляцияны жетілдіру. Құралдары: үй жануарларының суреттері. Күрделендіру амалы: еліктеу сөзін айтып болғаннан кейін етістік сөзбен айтуға шақыру. Мысалы, ат кісінейді, қой маңырайды, сиыр мөңірейді, ит үреді,	**Қ. Баянбаевтің "Арғымақ" өлеңін оқу.** Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту. **(көркем әдебиет)** **"Естиміз-істейміз" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалысты таныс өлеңдердің сөзіне сәйкес орындауды үйрету. **(дене шынықтыру)**	**"Әженнің ауласының тұрғындары" ойын-жағдаяты.** Мақсат-міндеттер: балаларды үй жануарларының тіршілігі жайында көп білуге ынталандыру; қабылдау, зейін, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Құралдары: үй жануарлырының тіршілігі жайындағы сюжетті сурет. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**Ертегі мағынасын қабылдау: "Шұбар тауық балаларда қонақта".** Мақсат-міндеттер: "Шұбар тауық" ертегісі желісіне деген қызығушылықты арттыру; мәнерлеп сөйлеу үлгісін қабылдауға бейімдеу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

		мысық мияулайды. **(сөйлеуді дамыту)**			
Серуенге дайындық 17.10-17.20	**Ойын алаңында қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу барысында:** - ойын шартын мұқият тыңда; - ойынды тәрбиешінің белгісі бойынша баста; - белгіленген жерде ғана ойна; - лақтыру кезінде жолдасына қарай дәлдеме; - белгіден кейін ғана допты лақтырып артынан жүгір; - ойын кезінде бір-бірінді итерме. Мақсат-міндеттер: балаларды ойындар барысында ережелерді сақтауға бейімдеу.				
Серуен 17.20-18.00	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу 18.00-18.10	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 18.10-18.25	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) **18.30**	"Үй жануарын үйде ұстау керек пе?" тақырыбына кеңес.	"Баланы үй жануарына деген сүйіспеншілікке баулу қажет пе?" тақырыбына кеңес.	"Үй жануарлары туралы ертегілерді оқып берейік" тақырыбына кеңес.	"Қамқоршы баланы тәрбиелеу" тақырыбына кеңес.	"Менің досым" атты үй жануарлары туралы фото көрме.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Мағжан» бөбекжайы				
Топ/сынып	**Кіші топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Құлыншақ» кіші				
Балалардың жасы	**2 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Бекеева А. Байметова Н.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**21.08. - 25.08.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	21.08.23ж	22.08.23ж	23.,08.23ж	24.08.23ж	25.08.23ж
Күн тәртібі					

Балаларды қабылдау 8.00-8.35	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 8.00-8.35	Ата-аналармен "Досың жанында болғанда көңіл-күйін қандай болады?" тақырыбында әңгімелесу.				
